



**ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ МОҢҒОЛ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**II
ТОМ**




МӘДЕНИ МҰРА

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ**

**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ:**

Тасмағамбетов И. Н. (бас редактор)
Тәжин М. М. (бас редактордың орынбасары)
Тәуекел С. Т. (жауапты хатшы)
Әбділдин Ж. М.
Әбусейітова М. Қ.
Әуезов М. М.
Байпақов К. М.
Зиманов С. З.
Кәлетаев Д. А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М. Б.
Қасқабасов С. А.
Қойгелдиев М. Қ.
Қосыбаев Е. М.
Құл-Мұхаммед М. А.
Мағауин М. М.
Мәмбеев С. А.
Нұрпейісов Ә. К.
Нысанбаев Ә. Н.
Рахмадиев Е. Р.
Сұлтанов Қ. С.
Сүлейменов О. О.
Хұсайынов К. Ш.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ



МӘДЕНИ МҰРА

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ТУРАЛЫ МОҢҒОЛ
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**II
ТОМ**

**ЛУБСАНДАНЗАН.
ЕЖЕЛГІ ХАНДАР НЕГІЗІН
САЛҒАН ТӨРЕЛІК
ЖОСЫҒЫНЫҢ ТУЫҢДЫЛАРЫН
ҚҰРАСТЫРЫП, ТҮЙІНДЕГЕН
АЛТЫН ТОБЧЫ
(АЛТЫН ТҮЙІН) ДЕМЕК-ДҮР**

Алматы
“Дайк-Пресс” 2005



**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:**

**Әбусейітова М. Қ. (төрайым)
Момынов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

**Көне моңғол тілінде XVII ғасырда жазылып,
1926 жылы табылған түпнұсқадан
қазақ тіліне аударған және түсіндірмелерін жасаған
Ж. Хамай**

Ғылыми редакторы Н. Базылхан

© Хамай Ж., аударма, 2005
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2005

044

Ғылыми редактордан

Шығыстануда әсіресе оның түріктану және моңғолтану салаларын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, өйткені олардың тарихы ортақ, тілі төркіндес, этномәдениеті желілес, киіз туырлықты көшпелі болмысы бір. Демек, түрік-моңғол тектес этностардың тарихын ғылыми тұрғыдан зерттегенде бұл екі саланың зерттемелері бір арнаға келіп тоғысады.

Моңғол тілінде жазылған тарихи шығармаларды, құнды шежірелерді қазақ тіліне аударудың, соның негізінде салыстырмалы зерттеу жүргізудің тарихи-деректанулық зерттеулер үшін маңыздылығы зор. Моңғолдардың тарихи жазбаларында “Алтан товч” (Алтын тобчы) деп қысқартып атайтын бірнеше туынды бар:

- Qad-un ündüsün quriyangyui Altan tobči (Хаадын үндсэн хураангуй алтан товч — “Қағандардың негізгі қысқаша Алтын тобчы”¹ (1628-жылдары жазылған);

- Lubsangdanžan. Erten-ü qad-un ündüsüleksen törü yosun-u žokial-i tobčilan quriyausan Altan tobči kemekü oručibai (Лубсанданзан. “Эртний хаадын үндэслэсэн төр ёсны зохиолыг товчлон хураасан

¹ Qad-un ündüsün quriyangyui altan tobči // Monumenta Mongolica: tomus II. Эх бичгийн судалгаа. Тэргүүн дэвтэр. Галиглаж, үгийн хэлхээг үйлдэн, эх бичгийн судалгаа хийсэн Ш. Чоймаа. Улаанбаатар, 2002. 332, — 7 талд.

алтан товч хэмээх оршовой — Лубсанданзан. “Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып түйіндеген Алтын тобчы демек-дүр”² (XVII ғасырда жазылған);

• **Altan tobči** Мэргэн гэгээн Лувсандамбажалцан “Алтан товч” Мерген гегеннің³ “Алтын тобчы” (1765 ж. жазылған).

Осы орайда Лубсанданзанның “Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып түйіндеген Алтын тобчы демек-дүр” тарихи шығармасының Қазақстан тарихына қатысы туралы қысқаша айта кеткен жөн. Бұл еңбектің XIII—XVII ғасырлардағы Орталық Азиядағы байырғы көшпелілердің тарихи шежірелік дәстүрі бойынша Шыңғыс қағаннан бастап, Моңғол ұлысының Халқа, Жоңғария болып екіге бөлініп келгенге дейінгі тарихын толықтай қамтыған құнды шығарма екендігі даусыз. Онда Қазақстан мен Орталық Азияның тарихына байланысты мол деректер қамтылған, кей тұстарында “Моңғолдың құпия шежіресінде” және т. б. тарихи туындыларда кездесе бермейтін тың деректер де бар. Осыған қарап-ақ түрік-моңғол тектес тайпалардың ортақ болмысы мен жалпы ортақ тарихы жайында мағлұматтар мол екенін аңғаруға болады.

Осы тарихи шығарманы көне моңғол тіліндегі түпнұсқасының факсимилесі бойынша қазіргі қазақ тіліне аударып, оған түсіндірмелер берген — моңғолтанушы-аудармашы Жүкел Хамай. Оның бұдан бұрын да республикалық баспасөз беттерінде моңғол тілінде хатталынған бірнеше тарихи туындының аудармасын жариялаған тәжірибелі маман екендігі белгілі.

Жүкел Хамай аталмыш тарихи туындыны қазақ тіліне аударуда негізгі түпнұсқа ретінде 1990 жылы Моңғолияның Ұланбатыр қаласында басылып шығарылған “Лубсанданзан. “Эртний хаадын үндэслэсэн төр ёсны зохиолыг товчлон хураасан

² Ғылыми айналымда “Лу. Алтын тобчы” деп қысқартылып аталады.

³ Геген — діни атак, моңғолша “гэгээн” — сәуле, жарық. Буддалық діни кітаптарға жүйрік, білікті адамға беріледі. Бұл атау қазіргі қазақ тілінде жер атауы есебінде “Кеген” деп айтылады.

алтан товч хэмээх оршовой”, Улсын хэвлэлийн газар, Улаанбаатар, 1990 он, — 178 хуудас” атты басылымды негізге алған. Өйткені, бұл осы кітаптың Моңғолияда табылған түпнұсқасының бірден-бір фотокөшірмесі. Көне моңғол әрпімен жазылған аталмыш түпнұсқаны аудармашы зерделеп, ой елегінен өткізе отырып, көңілге қонымды аудармасын жасаған.

Түпнұсқадағы әр бет сайын кездесетін буддалық діни, тарихи, этномәдени және т. б. күрделі есім атауларының түсіндірмелерін толық аударып берген. Мұның өзі оқырмандарға шығарманың кейбір түсініксіз тұстарын ұғынуға мүмкіндік береді.

“Лу. Алтын тобчының” түпнұсқасының мәтіні қарасөзбен, өлең, шумақ, мақал-мәтелдер, өсиеттер секілді әдеби тілмен, тарихи оқиғаларды баяндайтын тұстары ықшам сөйлемдермен өрнектелген. Аудармашы түпнұсқаның осындай ерекшелік сипаттарын қазақ оқырманына мән-мағыналық бояу-реңкін жоғалтпай жеткізуге көп күш салған. Аударма сәтті жасалған, туындының түпнұсқасынан оқығандай әсер аласыз, өйткені, аударма тарих қойнауындағы сол дәуірдің тіршілік-тынысын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, сөйлеу мәнерін жеткізе білген.

Аталмыш тарихи туындының аудармасы ғылыми, әрі танымдық талаптарға сай келеді, оның тарихи-лингвистикалық қыр-сыры толық ескерілген, көне моңғол тіліндегі мәтіннің тілдік ерекшелігі мен мағыналық мәнін қазақ тілінде ұғынықты етіп жеткізумен бірге ғылыми негіздеріне айырықша мән берілгендігін атап өткен жөн.

Н. Базылхан

Аудармашыдан

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында бұл тарихи туындыны көне моңғол тілінен қазақ тіліне аудару көзделген еді. Кітапта XIII—XVII ғасырларда Орталық Азияда өмір сүрген түрік, моңғол тектес көшпелі тайпалар жайында құнды деректер мол.

Туындының толық аталуы: Lubsangdanžan. “Erten-ú qad-un úndúsúlegsen törú yosun-u žokial-i tobčilan quriyaγsan Altan tobči kemekú oγučibai” (Лубсанданзан. “Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (алтын түйін) демек-дүр”). Қолжазбаның мәтіні 354 бет, 177 парақтан тұрады. Мәтін көне моңғол тілінде хатталынған. Қолжазба көне моңғол жазуымен қытай қағазына қара сиямен біркелкі түрде анық жазылған.

Аталмыш қолжазбаны 1926 жылы Моңғол Халық Республикасының “Ұлыстың дәстүр (шежіре) жазбасы қоғамының” (Улсын Судар бичгийн хүрээлэн) алғашқы басшысы Жамьян гүң⁴ қазіргі Моңғолия, Дорнод аймағының иеншебү руының тәйжісі⁵ Дарь деген адамның жеке мұрағатынан тауып алады. Дарь тәйжінің ата-бабалары XVII ғасырдың қиын-қыстау кезеңінде Цахардан (қазіргі ҚХР, Ішкі Моңғолия) Халқаға (Моңғолияға) қоныс аударған екен. Жамьян гүң жылнамаларды жинақтаушы есебінде көне жылнамалардың құндылығын жақсы білген. Сөйтіп, ол Дарь тәйжіні осы жылнаманы Моңғолия ғылым

⁴ Гүң — Манжұр-Цин үкіметінің ең жоғарғы төрт лауазымның төртіншісі.

⁵ Тәйжі — моң.: тайж — Моңғолияда Шыңғыс қаған ұрпақтарын осылай атаған.

комитетінің кітап қорына өткізуге көндірген. Жамьян гүң бұл туындыны 1937 жылы көне моңғол жазуымен екі кітапша етіп, Ұланбатыр қаласында тұңғыш рет жарыққа шығарған⁶.

Зерттеуші ғалымдар бұл туындының атауын қысқартып “Лу. Алтын тобчы” дейді. Өйткені, бұдан басқа да бірнеше көне нұсқалар бар. Олар: “Хураангуй Алтан товч” (Қысқартылған алтын тобчы), “Мэргэн гэгэний алтан товч” (Білгір гегеннің алтын тобчысы).

“Лу. Алтын тобчының” өте сирек кездесетін туынды екенін және ғылыми құндылығын Б. Я. Владимирцов, П. Пеллио, Ц. Жамцарано, С. А. Козин секілді әйгілі моңғолтанушы ғалымдар жоғары бағалап, оны зерттеу ісінің негізін қалады.

Бұлардың қатарында академик Б. Ринчен 1934 жылы “Лу. Алтын тобчының” өлеңдерін топтап, “Моңғолдың тіл-әдебиетін жақсарту бағдарының әңгімесі” журналының жетінші санына шығарады. Бұл ескерткіш мұраны көптеген елдердің моңғолтанушы ғалымдары зерттеп, өз тілдеріне аударып, ғылыми түсіндірмелерін жасады⁷.

“Лу. Алтын тобчы” туындысын ғылыми зерттеу жұмыстарының ішіндегі ең қомақтысы орыс ғалымы Н. П. Шастинаның ғылыми

⁶ П. Пеллиоға Жамьян гүң өз қолымен көшірмесін жасап, Парижге жіберген. Ол көшірме қазірде Парижде Ұлттық кітапхананың Моңғол қорында (№ 131) сақтаулы. Осыдан кейін тағы бірнеше фотокөшірмесі жасалынды. Оның біреуі Ресей Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінде. Осылайша ұзақ уақыт бойы Цахар ақсүйектерінің қолында сақталған тарихи туынды — “Лу. Алтын тобчы” жылнамасы ғылыми айналымға енген еді.

⁷ Жамцарано Ц. Монгольские летописи XVII в. М.-Л., 1936. С. 79—120; Mostaert A. Critical introduction. Ном: Cleaves W. Altan Tobči. A Brief History of the Mongols by Lob Zan Tan-jin Cambridge Massachusetts, 1952; Heissing W. Die Familien und Kirchengeschichtsschreibung ber Mongolen. Т. I. Wiesbaden 1959. С. 50—75; Шастина Н. П. Летопись XVII в. Алтан тобчи / Лубсанданзан. Алтан тобчи (“Золотое сказание”). Перевод с монгольского, введение, комментарии и приложения Н. П. Шестиной. М., 1973. С. 11—46; Бира Ш. Монгольская историография XIII—XVII вв. М., 1978. С. 226—241; Цойж. Удиртгал. Алтан товч (көне моңғол әрпімен жазылған). Хөх хот, 1984; Лубсанданзан “Эртен-ү кад-үн үндэслүгсән төрү йосун-ұ жокиол-і тобчилон құрийагсан Алтан тобчы көмәкү оршыбай” УБ, 1990 (Түпнұсқаның фотокөшірмесі, алғы сөзін жазған Ш. Бира); Лубсанданзан “Алтан товч”, УБ, 1990 (кириллицамен басылған, көлемі 191 бет. Қазіргі моңғол тіліне аударып, соңғы сөзін жазған Ц. Шагдар).

аудармасы мен зерттеулері болып табылады. Ол 1937 жылы Ұланбатыр қаласында басылған “Лу. Алтын тобчының” алғашқы басылымы мен түпнұсқаның фотокөшірмесін салыстыра зерттеп, Ұланбатыр басылымындағы қателіктерді анықтады, түпнұсқаны фотокөшірме арқылы орыс тіліне толық аударып, алғы сөз, түсіндірмелері мен жер-су, адам аттарының жеке тізімін жасап, 1973 жылы Мәскеуде жарыққа шығарды.

Сонымен қатар М. Н. Орловская “Лу. Алтын тобчыны” лексикологиялық тұрғыдан арнайы зерттеп, 1984 жылы Мәскеуден “Язык Алтан тобчи” деген жеке монография шығарды.

АҚШ-тың Гарвард университеті Ұланбатырда басылған алғашқы басылымнан фотокөшірме жасап, 1952 жылы қайтадан басып шығарды. Сондай-ақ, Ішкі Моңғолияның “Халық” баспасы “Лу. Алтын тобчыны” 1984 жылы Гарвард басылымын негіз етіп, Хөх-хот қаласында жарыққа шығарды. Аталмыш басылымның алғы сөзін жазған ғалым Цойж: “Ұланбатыр басылымында сөз, әріп қателіктері ұшырасады. Дегенмен, мемлекеттің өз ішінде және шет елдерде бұл басылым “Лу. Алтын тобчының” бірден-бір нұсқасы ретінде пайдаланылып келеді. Мұнда баспа қателігі көп болса да, оны көрген сайын дүние жүзінің моңғолтанушы ғалымдары “Лу. Алтын тобчының” негізгі нұсқасы — Жамьян гүнің тауып алып келген “Лу. Алтын тобчысы” қандай болды екен деген ойға қалады” деген тұжырым айтады.

1937 жылғы басылымдағы қателіктер түзетілгенімен, 1990 жылы жарық көрген Ұланбатыр басылымында да кейбір қателіктер қайталанғанына түпнұсқамен салыстыру барысында көз жеткіздік. Түпнұсқаға сөз қосқан, кейбір атаулар мен сөздерді, тіпті тұтастай сөйлемдерді қалдырып кеткен, адам аттарын өзгертіп жіберген, қысқаша айтқанда, осындай өрескел қателіктер 1990 жылғы басылымда жиі кездеседі.

Австрия ғалымы Игор де Рахевилз “Лу. Алтын тобчының” қол көшірмесін Ұланбатыр басылымымен салыстыра отырып, көптеген қателіктердің кеткенін, кейбір тұстарында сөз, сөйлемдердің бір-біріне ұқсамайтынын анықтаған.

Американың моңғолтанушы ғалымы Ф. Загчид-шешен “Моңғолдың құпия шежіресі” мен “Лу. Алтын тобчы” екеуін салыстыра зерттеген. Ол “Лу. Алтын тобчыдағы” “Құпия шежіремен” ұқсас тұстарының барлығы қытай әрпімен жазылған “Юань ча би ши”-дің көшірмесі дегенді жоққа шығарып, “Лу. Алтын тобчы” көне ұйғыр-моңғол жазуымен жазылған “Құпия шежірені” толықтырушы дара нұсқа деген дәлелді пікір айтқан. Сонымен қатар ол “Лу. Алтын тобчыны” қытай тіліне аударып, жарыққа шығарады.

С. А. Козин мен П. Пеллионың “Құпия шежірені” зерттеу, аудару жұмысына “Лу. Алтын тобчыда” мазмұндық тұрғыдан қайталанған тұстарын пайдаланып келгендігі және екі шығарманың ұқсастығын мұқият қадағалап, мән бергендігі тегін болмаса керек. Бұл жөнінде С. А. Козин “Құпия шежірені” аударған тәржімесінің алғы сөзінде жеке тоқталып, “Лу. Алтын тобчы” мен “Құпия шежіренің” ұқсас тұстарын латын әрпіне түсіріп, аударма жұмысының соңына қоса жариялаған⁸.

Ф. Загчид-шешен “Лу. Алтын тобчыдағы” “Құпия шежіреге” ұқсас тұстары көне ұйғыр-моңғол әрпіндегі нұсқадан алынған деген ұсыныс айтып, келешекте мұны арнайы зерттеу қажет деп атап көрсетеді.

Біз “Лу. Алтын тобчы” мен Қадырғали Жалайырдың “Жылнамалар жинағын” салыстыра қараған кезде “Құпия шежіреден” басқа соған ұқсас тағы бір кітаптың көне моңғол тілінде кең таралғандығын аңғардық. “Жылнамалар жинағындағы” көне моңғол атаулары мен сөз, сөз тіркестерінің және тарихи оқиға желісінің ұқсастығы осындай ойға жетелейді.

“Лу. Алтын тобчыда” “Құпия шежіренің” 12 тарауынан 6-шы тарауының соңы, 7, 8-тараулары толығымен қамтылған. Демек, “Құпия шежіреде” жоқ тарихи оқиғаларды толықтыратын қызықты деректер “Лу. Алтын тобчыда” аз кездеспейді. Мысалы, “Қоталаны хан болдырды”, “Қадағанды тәйжі болдырды” деген

⁸ Козин С. А. Сокровенное сказание. Параллельные тексты Altan tobči nova. М.-Л., 1941. С. 321–397.

деректердегі “Қадағанды тәйжі болдырды” деген тұсы “Құпия шежіреде” келтірілмейді⁹.

Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов және Әлкей Марғұланның қазақтың шығу тегі мен көне шежіресін таратқан тұста келтіретін дәйекті пікірлерінің дерегі аталмыш туындыда қамтылған.

Қазақ халқының құрамындағы жалайыр, керей, найман, уақ, қоңырат, меркіт, адай және т. б. ру-тайпалардың ортағасырлық тарихының жазба дерегін, сол тұстағы салт-дәстүр ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарын осы туынды арқылы саралай аламыз. “Лу. Алтын тобчының” өзге жазбалардан ерекшеленетін тағы бір артықшылығы көне түрік-моңғол сөздік қорының біршамасын сақтап қалғандығы деуге болады.

Айталық, осыдан төрт ғасыр бұрын жазылған бұл шығарманың тілі, сөз, сөз тіркестері ежелгі моңғол тіл ерекшеліктеріне сәйкес құрылғандықтан, қазіргі моңғол тілінің сөз бітімінен бөлек, тіпті қазақ тілінің сөз құрылымына бір табан жақын деуге әбден болады. Сондықтан кейбір көне сөздер, сөз тіркестері, жеке атаулар жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Түпнұсқа мәтінінде көне түрік тілдері мен қазіргі қазақ тілінің сөз қолданысындағы көптеген сөздер кезігетіні қызығушылық тудырады. Мысалы, “ұқұт, ұлы тақ, тәңір, ердене, тана, күлік, ақта, құла, құба, күрең, түсер, тарқы, шөке, кереге, құт, қасақ, бауыршы, жұлде, енші...” деген және басқа да көптеген сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Бұл сөздердің көбі қазіргі моңғол тілінде қолданылмайды. Ал, олар қазіргі қазақ тілінде өз мағынасымен сақталынған. Демек, бұл дәлелдер “Лу. Алтын тобчының” тілін қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеудің маңызы зор екендігін аңғартады.

Ж. Хамай

⁹ “Лу. Алтын тобчы”. УБ., 1990. 190—191-бб.

Қысқартулар тізімі

- **Т. Н.** — түпнұсқа: Эртний хаадын үндэслэсэн төр ёсны зохиолыг товчлон хураасан алтан товч хэмээх оршовой. Улсын хэвлэлийн газар. УБ., 1990. 178.

- **Қ. м. АТ** — қазіргі моңғол тіліндегі Алтан тобчы, толық атауы: Лубсанданзан. Алтан товч. Улсын хэвлэлийн газар, Улаанбаатар, 1990. 192. Хэвлэлд бэлтгэсэн Ц. Шагдар.

- **“Золотое сказание”** — Лубсан Данзан. Алтан тобчи (Золотое сказание). Перевод с монгольского, введение, комментарии и приложения Н. П. Шестиной. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1973. 438 с.

- **МҚШ–1990** — Монголын нууц товчоо, УБ., 1990. 255 (көне моңғол тілінен қазіргі моңғол тіліне аударған акад. Ц. Дамдинсүрэн).

- **МҚШ–2003** — Моңғолдың құпия шежіресі, толық атауы: “Монголын нууц товчоо” “Мөнхийн үсэг” ХХК-ний “Болор судар” хэвлэлийн газраас әрхлэн хэвлэв. УБ., 2003. 192 (көне моңғол тілінен қазіргі моңғол тіліне аударған Ц. Дамдинсүрэн).

- **Амар А. МТТ** — Амар А. Монголын товч түүх. Улсын хэвлэлийн газар, УБ., 1989.

- **Субашид** — Эрдэнийн сан субашид. Улсын Хэвлэлийн Газар. УБ., 1990.

- **Чаган шешен. Е. т.** — Чаган шешен. Ердени тобчы. УБ., 1927.

- **Гаадамба Ш. МНТСЗА** — толық атауы: Ш. Гаадамба Монголын нууц товчооны суддалын зарим асуудал. Улсын хэвлэлийн газар, УБ., 1990.

- *Қашқари М. ТС* — Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы: Хант, 1997.
- “Монгол бичгийн хадмал толь” — Чой. Лувсанжав, Го. Гантогтох, Боржигин. Дармабала, “Монгол бичгийн хадмал толь” Монгол бичиг хэвлэлийн хүрээ. УБ.: Анхны хэвлэл, 1992. 350.
- *Цойж. АТ* — Soyiji. Altan tobci. Koke qota, 1984. 672 (көне моңғол жазуымен).
- *Базылхан Б. Салыстырмалы-тарихи грамматика* — Базылхан Б. “Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы”. Алматы, 1999. 165 б.
- *Рашид-ад-Дин. Шежірелер жинағы* — Рашид-ад-Дин Сборник летописей. М.-Л., 1952. Т. I. Кн. 1.
- *Базылхан Б. МКТ* — Базылхан Б. Монгол — казах толь, УБ, 1984.
- *Владимирцов Б. Я. Общественный строй* — Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.
- *Козин С. А.* — Козин С. А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongyol — in Niyuca tobciyan Юань чао би ши. Монгольский обыденный изборник. Т. I. Введение в изучение памятника, перевод, текст, глоссарии. М.-Л., 1941.
- *Ковалевский О. М.* — Ковалевский О. М. Монгольско-русско-французский словарь. Т. I-III. Казань, 1844—1849.
- *Дулам С. МДЗД* — Дулам С. Монгол домог зүйн дүр., УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1989.
- *Жамцарано Ц. Культ Чингиса* — Жамцарано Ц. Культ Чингисов в Ордосе. М., 1961.
- *Я. Цэвэлдің сөздігі* — Цэвэл Я. Монгол хэлний товч тайлбар толь. УБ.: Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын Шинжлэх Ухааны Академи Хэл зохиолын Хүрээлэн, 1966.
- *Нацагдорж Ш. ЧХЦ* — Нацагдорж Ш. Чингис хааны цадиг. УБ., 1991.

• **МСЗА** — *Studia Mongolia*. “Монгол судлалын зарим асуудал”. УБ.: ШУАХ, 1965.

• **Марко Поло. Орчлонгийн элдэв сонин** — *Марко Поло. Орчлонгийн элдэв сонин (Аяны тэмдэглэл)*. УБ., 1987.

• **Қадырғали. Жылнамалар жинағы** — *Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның “Жылнамалар жинағы”*. Алматы: Қазақ университеті, 1991.

• **БНМАУ-н түүх, 1966** — Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын түүх. Т. I. II. III. УБ., 1966.

• **БНМАУ-ын түүх, 1972** — Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын түүх. УБ., 1972.

• **Пэрлээ Х.** — *Пэрлээ Х. Нууц товчоонд гардаг газар, зарим нэрийг хайж олсон нь*. УБ.: БНМАУ Шинжлэх Ухаан, Дээд Боловсролын Хүрээлэн, 1958.

• [] — аудармашыдан толықтыру ретінде берілген қосымша сөз.

• **Т. н. т.** — түпнұсқадағы түсіндірме (гlossa).

• **(1-а...)** — түпнұсқа беттерінің реті.

• **моң.** — моңғол тілінде


• **санскр.** — санскрит тілінде

• **тиб.** — тибет тілінде

Алтын денемді тынық етсем,
Алып төрім уыстан кетер.
Тұла бойымды тынық етсем,
Тұтас ұлысым сандалып кетер.

Алтын денем қажыса, қажысын
Алып төрім уыстан кетпесін!
Тұла бойым шалдықса, шалдықсын,
Тұтас ұлысым шашылып кетпесін!..

Шыңғыс қаған



(1-a)¹⁰

ЛУБСАНДАНЗАН

ЕЖЕЛГІ ХАНДАР НЕГІЗІН САЛҒАН ТӨРЕЛІК ЖОСЫҒЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫН ҚҰРАСТЫРЫП, ТҮЙІНДЕГЕН АЛТЫН ТОБЧЫ (АЛТЫН ТҮЙІН¹¹) ДЕМЕК-ДҮР

¹⁰ Түпнұсқа беттерінің ретін осылай белгілейтін боламыз. Сонымен қатар түсіндірме берілген сөздер көне моңғол тілінің түпнұсқа қалпында латын әріптерімен беріліп отыр.

¹¹ Altan tobči – “Алтын топшы”, “Алтын түйін”. Тобчы – топшы (сұңқардың топшысы, сұңқардың қанатының түйіні), “үгийн товч” – “сөздің түйіні” немесе “алтын сөздің асықтай түйіні” – “Алтын түйін” деген сөз.

(1-6) Уба субасди сиддам!¹²

Қайта жаратылған бодисун¹³ тектілер мен данагөй ұлы хандардың түп-тегі Үнді, Тибеттен¹⁴ негізделгенін азды-көпті жиып, әңгіме етейін! Бұл дүниедегі¹⁵ адамзат пен жан-жануарларды тұтастыра әрекет еттіру үшін Ори бұрқанның¹⁶ әмірімен Мақа Самадидің¹⁷ қалың жұртқа мәртебелі¹⁸ қаған деп әйгіленуі былай болыпты:

¹² Uva suvasti śiddam – санскр. діни дұға. Исламдағы “Бисми-л-лаһи” дегенмен ұқсас қолданыс. Ц. Шагдар мұны қазіргі моңғол тіліне “Эх болсон хамаг амьтан амгалан болтугай” – “Жаратылған барша жан-жануарлар тыныштықта болғай!” деген мағынада аударған (Қ. м. АТ, 7-б.).

¹³ Bodysun – санскр. “керемет жаратылыс иелерінің атаулары (“Золотое сказание”. С. 49.).

¹⁴ Tibet, tībūt – Махмұт Қашқаридің сөздігінде: “Түбүт түрік елінде тұратын бір қауым... Түбүттер Сәбит есімді бір адамның балалары. Бұл Иемендік бір адам, сол жерде біреуді өлтіріп, қорқып қашып, кемемен Шыңға жеткен. “Тибет” өлкесі оған ұнап, сол жерде мекендеп қалып қойған. Кейін ұрпағы көбейіп, түрік топырағынан мың бес жүз фарсах жер алған. Бұл жердің аумағы шығысында Шыңға, батысында Кашмирге, солтүстігінде Ұйғыр елдеріне, оңтүстігінде Үнді мұхитына шектескен. Олардың тілінде араб сөздері бар. Ананы – “ұма”, атаны – “аба” дейді” – деп жазылған (Қашқари М. ТС. 1-том. 412-б.).

Абай Құнанбайұлының “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деп аталатын еңбегінде: “...һәммаға мәлім, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі: бірі – Үндістан тарапынан, ол жақтан келген жұрттардың көбі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер...”, деп суреттеледі (Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Аудармалар мен қарасөздер. Алматы, 1986. 165 б.).

¹⁵ Orçilang – санскр. Бұл дүние, жалған дүние деген мағына береді. Orçilang – орыс тілінде “чувственный, материальный” деген мағыналы санскрит атауы. Sansara orçilan – “түгел ғаламның” деп те қолданылады.

¹⁶ Ori buṛṇa – санскр. Жаратушы Бурхан. Дара жаратушы, Жалғыз жаратушы. Орыс тіліндегі аудармада “Великий Будда” деп қолданған (“Золотое сказание”. С. 49.).

¹⁷ Mañju śid – санскр. Будда аңызындағы Үндістанның (жаратылыстың) ең алғашқы қағанның атауы. Ақыл-ойдың тәңірі деген мағына беретін атау (“Субашид”, 23-б.).

¹⁸ Olana örgüdegsen – көпке көтерілген, көпке көтерткен. Тура мағынасы “қалың ел хан көтерген” деген сөз.

Ерте сол шақта [дәуірде] жамбутивтің¹⁹ адамдары қайта жаратылатын²⁰, дианның²¹ тағамын жеген, денелерінен сәуле шашатын, риди²² құбылысымен аспанды шарлайтын, шексіз ұзақ жасайтын. Сол кезде солардың ішінен кейбір тәтті құмарлары жерден шыққан бал дәмді, ақ түсті, “Арасанның нәрі”²³ деп аталатын дәнді жеп денелеріндегі сәулелері өшіп, қараңғылық басқандықтан, жалпы жандылардың қалауына²⁴ тәңірдің ұлы — Ай мен Күн²⁵ ғарышта пайда болып, төрт құрлықты шуаққа бөлейді.

Содан кейін сол дәнді аз жегендер жақсы түсті, көп жегендер жаман түсті болып, “менің түсім жақсы, сенің түсім жаман!” деп бірін-бірі мазақ еткендіктен, сол дән де құрып кетеді.

¹⁹ Jambutiib — (моң. Jambutib, jambuling; тиб. санскр. Jambu dwipa) сөз түбірі санскрит тілінің “Jambudwipa” атауынан шыққан. “jambu” бидайдың дәні тектес үш бұрыш бейнелі құрлық деген мағынаны білдіреді. Әуелде Үндістан түбегінің атауы болған. Кейіннен будда діні мен философиялық шығармаларда ғалам деген мағына беретін болған (*Дулам С. МДЗД. 169-б.*)

²⁰ Kūmūn-anu qubilju tōgūiŕū — Буддизмнің наным бойынша адам баласы жасаған іс-әрекет, тағдырына байланысты қайтадан жаратылып, жақсы ниеттері жырғаулы ғұмыр кешіп, арам ниеттері тағдырдың қиындығын тартады (*Очирбатын Дашбалбар. Бурханы мэлмий. УБ., 1990. 30—45-бб.*)

²¹ Dian-a — санскр. Сенімі берік сопы. Қазақ тіліндегі “диуана” сөзіне ұқсас келеді.

²² Ridi — санскр. (діни) Аспан тәңірінің бір атауы. “Ragid tangiri” деген атау Абай Құнанбайұлының қарасөзінде де кездеседі (*Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Аудармалар мен қарасөздер. Алматы, 1986. 165-б.*)

²³ Raŕian ŕime — санскр. Жаратушы арасаны.

²⁴ Yegūnkei amitan-u jaiayabar — (діни) жалпы жаратылыстың тағдыр қалауы дегенді білдіреді. Ерекшелігі жанды жаратылысты “амитан” — “жануарлар” деп емес, “аминтан” — “жаны барлар” деп, жанды мен жансыздың аражігін ажыратып берген (*Чаган шешен. Е. т. 9-б.*) кітабында “йэрүнгкэй амитан-у үйнлэ-ийн ачи үрэ-бэр” (“жалпы жан-жануардың жазымымен”) деп буддалық сарында айтылған. Осы екеуін салғастырып, Ш. Гаадамба: қ. м. “Алтын тобчида” — “жайа” (тағдыр) деген сөздің қолданылуы оның “Құпия шежіренің” дәстүрінен алыстай қоймағанын көрсетеді деген тұжырым жасаған (*Гаадамба Ш. Дээр хөх тэнгэрээс заяат төрсөн гэдэг үгийн учир. ЦУА-ийн эмхэтгэл, 1964. 88—89-бб.*)

²⁵ Tengri köbegün pağan, sağan — тәңірдің ұлы, күн, ай. Буддизмнің аңыздарында күнді — тәңірдің ұлы, айды — тәңірдің қызы етіп суреттейді.

²⁵ Saĕar-un tosun — Жердің майы.

Содан кейін қызғылт түсті, дәмі балдай (2-а.) “Жердің майы”²⁶ деп аталатын дән пайда болып, сол дәнді жеп, ол да бұрынғы дәндей²⁷ жоқ болып кетті. Содан кейін “Ақылдың ойы”²⁸ деген дән пайда болып, ол да құрып кетеді. Содан кейін “Егілмеген салу”²⁹ деп аталатын тұтырқан³⁰ пайда болып, [адамдар] соны жей бастайды. Ол дән ылғалды, салқын текті болғандықтан дене ылғалы сыртқа шығатын саңылаулар мен аталық, аналық мүше пайда бола бастайды да, адамдар бір-біріне құмарланып, содан ерлі-зайыпты болу салты қалыптасады. Тіршілік иелерінің бір-бірінен сол тұтырқанды күшпен тартып алуына байланысты, ол да құрып кетеді.

Содан кейін бидай өсіретін тәсіл пайда болған кезде, адамдар бір-бірінің өнімін тартып алып, әлімжеттік жасай бастайды. Осы кезде адамдар татулық бітімге келіп, түсі жылы, пейілі кең біреуді нойан етуге келіседі. Сол нойан өзінің билігінде шындық пен жалғанды ажырата білді. Барлық адам оның даңқын көтеріп, құрметтеді. Үндінің тұңғыш Мақа Самади қағаны деген атпен оның даңқы кеңге тарады. Осылайша хандардың арғы тегі пайда болды.

Бұл қағанның ұлы Үжескүлең Герелті қаған³¹, оның ұлы Бұйант қаған³², оның ұлы Теткін Асырағчы Құтұқтұ қаған³³ еді. Оның ұлы Немей Көкү дейтін, төрт құрлықты билеген, Алтын күпшекті

²⁶ Gaĵar-un tosun – Жердің майы.

²⁷ Uridu iyosuĵar – “бұрынғы” деп тұспалдаған бұл дәнді Чаған шешеннің жазбасында: “Самад-ийн идеген анұ” – “Самадидің тағамындай” деп жазған (Чаған шешен. Е. т. 171-б.).

²⁸ Uqayap-u oi – ақыл орманы деп жазылған. Бұл қазақ тілінде “Ақыл-ой” деген ұғымды білдіреді.

²⁹ Salu – санскр. күріштің бір түрінің атауы. Буддизмнің аңыздарына байланысты қасиетті атауға айналған. Қазақ аңызындағы “күріш – пайғамбардың тісінің сынығы, содан пайда болған” дейтіні сияқты.

³⁰ Tutarga – түпнұсқада осылайша “тұтарға” деп жазылған. Махмұт Қашқаридің сөздігінде “тұтырқаны” “күріш” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 1-т. 576-б.).

³¹ Ūjeskūleng Gerel-tu qayap – “Әсемдік шуағы”

³² Buyantu qayap (т. а.) – “Рақымды қаған” деген мағынада.

³³ Tedkun asaragūĵi qutuĵ-tu qayap (т. а.) – “күзетуші құтқарушы тамаша қаған” деген мағынаны білдіреді.

қаған³⁴, оның ұлы Үжескүлең³⁵, үш құрлықты билеген, Күміс күпшекті қаған, оның ұлы Маши Үжескүлең³⁶, екі құрлықты билеген, Мыс күпшекті қаған, оның ұлы Сайын Үжескүлең³⁷ бір құрлықты билеуші, Темір күпшекті қаған, оның ұлы Төгіс Үжескүлең³⁸ қаған болды. Олар “бес чакраварди қаған”³⁹ атанып, даңқтары артты. Төгіс Үжескүлең қағанның ұлы Тәлбікчі қаған⁴⁰, оның ұлы Тәлбін Бәрікчі қаған⁴¹, оның ұлы Шегүни қаған⁴², оның ұлы Күчі қаған⁴³, оның ұлы Иеке Күчі-қаған⁴⁴, оның ұлы Сайын Үжегчи-қаған⁴⁵ болды.

Мақа Самадидің алтын ұрпағынан Гирги қаған⁴⁶ тараған. Оның ұлы Сайын Төрілті қаған⁴⁷. Сол қағаннан біртіндеп бөлініп шыққан қағандардың ең соңы Арслан Ұқұчиты қаған⁴⁸ еді.

³⁴ Altan kürdetü qaγan – Алтын Күртелі қаған. “Күрд ету” – қазіргі моңғол тілінде “Хүрд”. Сөздікте намаз күпшегі, дұға күпшегі деп аударған. Бұл жерде дұға күпшегі болса керек (Базылхан Б. Монгол Казах толь. 643-б. Бұдан әріде Базылхан Б. МКТ деп қысқартамыз).

³⁵ Üjesköleng – “Әсем” деген мағына береді.

³⁶ Maši üjesköleng – “Ерекше әсем” деген мағыналы атау.

³⁷ Sayin üjesköleng – қазақша мағынасы “әсем, көрікті”.

³⁸ Tegüs üjesköleng – “Төгіс әсем” деген мағынаны білдіреді.

³⁹ Śakravartī qaγan – санскр. Жалпы үнділердің билеушісі деген мағына беретін діни титул.

⁴⁰ Talbiüči qaγan – жұбататын, жұбандыратын, тыныштандыратын, басатын қаған деген мағына береді.

⁴¹ Talbin bariüči qaγan – “Тыныштықты ұстайтын қаған”. Ковалевский сөздігінде (1638a): “спокойный, кроткий”.

⁴² Šegüni qaγan – бұл атау “šigu-” деген түбірден шығуы мүмкін. Ол “қарау, шешу, соттау” деген мағынада болады, немесе “Дауды шешуші қаған” деген мағынада айтылуы мүмкін.

⁴³ Kūši qaγan – санскр. тіліндегі kusa “қасиетті” деген сөзбен ұқсас; gusi қытайдан кірген сөз, мағынасы “мемлекеттік қайраткер”.

⁴⁴ Ieke kūši qaγan – “Ұлы, қасиетті қаған”.

⁴⁵ Sayin üjegči qaγan – “Көзі қырағы қаған”.

⁴⁶ Girgi qaγan – моңғол ғалымдары бұны жеке адам аты деп білсе, батыс ғалымдары (Ч. Бауден) қосалқы атақ деп түсіндіреді. Моңғолдың ежелгі ауыз әдебиетінде жеке адам ретінде аталады.

⁴⁷ Sayin tögültü qaγan – “Жақсы тектен тараған қаған”.

⁴⁸ Arslan uüçitu qaγan – бұл атауды орыс тіліне “хаган с львиной челюстью” (“арыстан жақты қаған”) деп аударған. Біз бұл атауды “Арслан тау Қағаны” деп аудардық, “ухучиту” сөзі “челюсть” не моңғол тіліндегі “шана” емес, көне түрік тіліндегі тау атауының (“ухутағ”) өзгеріп жазылған түрі болар деп топшыладық.

Оның ұлдары Ариғұн Идегеті қаған⁴⁹, Чаған Идегеті қаған⁵⁰, Таңсық Идегеті қаған⁵¹, Арашан Идегеті қаған⁵² деп аталған осы төртеуі еді. Ариғұн Идегеті қағанның ұлдары Бұрқан бақшы⁵³, Үжескүлең Ненди⁵⁴ екеуі еді. Чаған Идегеті қағанның ұлдары Насына Төгілдір (3-а) Иалғұғчы⁵⁵ мен Төгіс Сайын⁵⁶ екеуі еді. Таңсық Идегеті қағанның ұлдары Насына Төгілдір Иеке мен Үл Доройтогчу⁵⁷ екеуі еді. Арашан Идегеті қағанның ұлдары Дивадад, Ананда екеуі еді. Шикемүннің⁵⁸ ұлы Рахули еді. Рахули тойн⁵⁹ болғандықтан Ариғұн Идегеті қағанның ұрпағы үзілген деседі. Көптеген шежірелерде үзілмеген деп дәріптейді.

Бұрқан нирвана⁶⁰ болғаннан кейін мыңнан астам жыл өткеннен соң Мақа Самади ханның алтын ұрпағы шығыстың қарлы өлкесінде⁶¹ қайта туылғаны туралы былай дейді: Үндінің Мегден

⁴⁹ Arigun Ydegetu qaγan – “Адал тағамды қаған”.

⁵⁰ Šagan Ydegetu qaγan – “Ақ тағамды қаған”.

⁵¹ Tansag Ydegetu qaγan – “Таңсық тағамды қаған”.

⁵² Rašan Ydege -tu qaγan – “Арасан тағамды қаған”.

⁵³ Burhan baγši, “Бұрқан ұстаз” – Будданы (Siddhodana) моңғол тілінде осылай атайды.

⁵⁴ Üjesküleᅅ Nendi – “Әсем Ненди”.

⁵⁵ Asuna Tögöldör ilayučı – қате жазылған, дұрысы Насына Төгілдір. “Ғұмырды жеңуші қаған”.

⁵⁶ Tegıs Sayın – “Төгіс жақсы”.

⁵⁷ Ülü Doroyitayučı – “Мұқалмас”.

⁵⁸ Šigemüni – XVI–XVII ғасырдағы моңғол жазбаларында “sačalal ügei čidayči erketü” – “теңдессіз күдірет иесі” деп аударған. (Хэл зохиол судлал цуврал УБ, 1969, VII боть, 5-р дэвтэр, 99, 102-66.). Бұл атауға Н. П. Шастина: “Сақиа тайпасынан шыққан данышпан” есімді Сақиа мунудың моңғол үлгісі” деген түсіндірме берген (“Золотое сказание”. С. 302.). “Бұрқан Шагжмүни” немесе “пагап-и садупа” – “күннің туысы” деп көрсеткен атаулары да кезігеді (Монгол данжуур. Т. 213. 2v–473 p).

⁵⁹ Тоуп – “Тірлік қызығынан бас тартқан діндар” ерлі-зайыптылық қатынастан бас тартқандар.

⁶⁰ Nirvana – санскр. діни атау. тиб. “thar pa”, моң. “tollilaqui” – “жөнеу” деп атайды. Будда ілімі бойынша адам баласы өз бойындағы нәпсі мен құмарын тыйып мәңгілік бейнеге айналып, бақиға жөнеу, ғарыштық байлауды үзіп, ақиқаттың шегіне жету деген ұғым береді (Дулам С. МДЗД. 1989. 141-б.).

⁶¹ Sasut, oγon – қарлы өлке, моң. “цастын орон”. Тибет жеріндегі қарлы өлкелерді моңғолдар осылай атайды.

Күшеле қағанының ұлы Сарба қағанның бес ұлының кенжесі туадан қарсақ жүнді, қол-аяғы жалпақ, көзі астынан үстіне қарай жұмылатын болған екен. Мұны әуелгі тумасына тартпаған⁶² деп, мыс кебежеге салып, Ганга дариясына ағызып жібереді⁶³. Балба⁶⁴ мен Тибет екеуінің арасында⁶⁵ Тибеттің бір қариясы, дария жағасынан кебежені тауып алып, ашып көрсе, [шінде] келбетті ұл жатыр екен. Он алты жасқа толғаннан кейін, Қарлы Самбо⁶⁶ тауын, төрт жат өлкені⁶⁷ тауып алып⁶⁸, сонда мекен еткелі келе жатқанда, Тибет адамы кез болып: “Қайдан келе жатқан адамсың?” — деп сұрайды. [Бала] жоғарыға нұсқайды.

(3-б) [Әлгі адам] “Бұл бала тәңірден бұйырған екен⁶⁹, біздің Тибет ұлысы қағансыз еді!” — деп, баланы мойнына мінгізіп алып келеді. Тибеттің ең әуелгі Күжүн Сандалиту қағаны⁷⁰ сол еді. Оның ұлы Күмүн Сандалиту қаған⁷¹, оның ұлы Қиа Жарбу

⁶² Буддизмнің наным бойынша өлген адам бұл дүниедегі жасаған жақсылық, жамандық әрекеттеріне қатысты әр түрлі бейнеде қайта туылады. Күнәсі көптер құрт-құмырсқа болып та туылады... (Зохист аялгуу. УБ., 1990. 5-б.).

⁶³ Ганга дариясына өлген адамның сүйегінің күлін ағызу, сиынған киелі бұйымдарын тастау діни ырымы буддалықтарда әлі күнге дейін жалғасып келеді.

⁶⁴ Balba – Непал елін моңғолдар осылай атайды.

⁶⁵ Jabšagai – жапсарында.

⁶⁶ časutu Sambo – Қазіргі Батыс Тибеттің Кайласа өлкесіндегі буддистер кие тұтатын таудың атауы.

⁶⁷ Төрт жат өлке, т. н-ың кейбір тұсында “төрт түсті ұлыс” деп атап, оны “ақ моңғол”, “сары моңғол”, “қызыл моңғол”, “қара моңғол” деп бөліп, олардың мекен ететін жер аумағын көрсетеді. Тағы бірде төрт құрлыққа байланыстырады. Негізінен Будда дінінің жазбаларынан пайда болған атау болса керек. М. Қашқари сөздігінде жалпылай “шыңлықтар” деп атаған.

⁶⁸ Оуаџи – т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “олж” — “тауып алып” деп түсіндірме берген. (Қ. м. АТ. 9-б.)

⁶⁹ Ene keiken tngi-deče jaуауату бууи – мына кішкене тәңіріден жаратылған екен. Бұл жердегі “кеукен” сөзі қазіргі моңғол тілінде қолданылмайды. Ойраттарда “кічкен” — “кішкентай”, “күйкен” — “қыз” деген сөздер бар. Ц. Шагдар бұл сөзді “хөвгүүн” — “ұл” деп аударған.

⁷⁰ Kūjūgūn sandali-tu qayan – “Мойын тақты қаған”, мойнына мінгізіп алып келгені үшін солай атаса керек.

⁷¹ Kūmūn sandali-tu qayan – “Кісі тақты қаған”.

Шибаргун Сандалигу қаған⁷², оның ұлы Найдулга Арбай Сандалигу қаған⁷³, оның ұлы Күри Күлік Гал болор Сандалигу қаған⁷⁴, оның ұлы Гүн Собин Морин Сандалигу қаған⁷⁵, оның ұлы Далай Собин Алтын Сандалигу қаған⁷⁶ еді. Бұлар “мәртебелі жеті Сандалигу қаған” атанып, әйгіленеді. Сол қағаннан тарап, он тоғыз буын⁷⁷ өткеннен кейін Лқа Тотори Нисабала сал⁷⁸ деген қағанның тұсында бурханның діні бастау алған екен⁷⁹. Сол қағаннан бес буын өткеннен кейін Соронжон Гомбо қаған⁸⁰ туылады. Сол қаған Қытайдың жерінен Жасыл дари бодисүн⁸¹, Зу шигмүни⁸² секілділерді, Балба жерінен Чаған дари бодисүн⁸³,

⁷² Kii jarbu šibayun sandali-tu qayan – “Қиа жарбу Құс тақты қаған”.

⁷³ Nayidulğa arbai sandali-tu qayan – “Найдұлға Арпа тақты қаған” немесе “Сенімді Арпа тақты қаған”.

⁷⁴ Kūri kūlūk ɣal bolor sandali-tu qayan – “Күри Күлік От Меруерт тақты қаған”.

⁷⁵ Gūn Sobin Morin sandali-tu qayan – “Гүн Собин Ат тақты қаған”.

⁷⁶ Dalai Sobin Altan Sandali-tu qayan – “Далай Собин Алтын тақты қаған”.

⁷⁷ Arban yesūn ūye, “он тоғыз буын”. Әрқалай айтылады. “Чихула хэрэглэгчи” деп аталатын көне жазбада “жиырма алты буыннан соң” деп жазылған.

⁷⁸ Lha Totory Nisvala Sal – санскр., моң. жазылуы. Б. з. д. IV ғасырда өмір сүрген Тибет ханы. Тарихи жазбаларда: Lha-totory isete sal, Lha-tho-tho-ri Nang-bcan деп жазылады.

⁷⁹ Ekin oluysan aju – “бастау тапқан еді”. Бұл жерде моңғол өлкесіне Будда діні тарай бастаған кезеңді айтып отыр.

⁸⁰ Sronjanyambo – Тибет ханы. Нағыз аты Чойжал Соронзонгомбо. VIII ғасырдың соңында өмір сүрген. Моңғол жазбаларында бұл туралы “Солтүстіктегі Моңғол, Ұйғырдан жазу үрдісін алған, алты уәзірінің бірі моңғол текті адам болған” деп жазады.

⁸¹ Nogon Dari Bodysun – “Жасыл Дари Бодисүн”, тиб. “Cgul-ma ljan-mo” деп атайтын әйел мүсіннің моңғолша атауы. “Ногоон дари эхэ” – “Жасыл Дари Ана” деп те атайды.

⁸² Zu šigmūni – тиб. атау. “Зу” – тиб. атау. “Зу” – мүсін деген сөз. “Шигмүни” – бұрқан деген атауға саяды. “Шигмүни Бұрқанның мүсіні” деген мағына береді.

⁸³ Čayan Dary Bodysun – тиб. “Cgol-ma Karma” деп аталатын әйел бейнесіндегі табынатын мүсіннің моңғолша атауы, қазіргі моңғол тілінде “Цагаан Дари Эхэ бурхан” – “Ақ дари ана бұрқан” деп те атайды. Бұл мүсін мен жоғарыда аталған “Ногоон дари” екі мүсінді де белгілі адамдардың – Соронжон Гомбо ханның қытай әйелі (цагаан дари), непал әйелінің (ногоон дари) мәңгілікке айналған бейнесі (табығы) деп айтады (Цагаан дарь эхийн тууж. УБ., 1989. 15-б.)

Зу агшуби бурхан⁸⁴ сияқты әрнені алдыртып, сүме⁸⁵, киди⁸⁶ салдырады. Томи Самбода⁸⁷ деген түшмедті⁸⁸ Үндіге жіберіп, ондағы жазбаларды алдыртып, Тибеттен Ананда бандида Томи Самбода деген аудармашыға кітаптарды аудартып (4-а) кітаби билік⁸⁹ ғұрпын жасап, [будда] жаңдандырады. Сол қағаннан кейін бес буын өткенде Тисронг Дебчан қаған⁹⁰ Амұрлұған Далай⁹¹ есімді ламаны, Бадма Самбаба бақшаны⁹² және Камалашила⁹³ бастаған бандидаларды⁹⁴ шақыртып алып, Иружана бастаған көптеген тәпсіршілерге [діни] кітаптарды аудартып, діни дәстүрді көркейтеді.

⁸⁴ Zu Agshubu Burhan – Бұрқанның бір мүсінінің атауы.

⁸⁵ Sūme – (діни мекеме), Будда дінінің шіркеуі (Базылхан Б. МКТ. 429-б.).

⁸⁶ Hiti – уағыз орны.

⁸⁷ Tomi Samboda – VII ғасырда өмір сүрген, тибеттің әуелгі алфавиті мен грамматикасын жасаған оқымысты ғалым (Гаадан А. Бурханы заң үйл // Зохист аялгуу. УБ. № 43).

⁸⁸ Tūšimed – Цин үкіметінің шен, дәреже атауы.

⁸⁹ Nomun tögü – моң. “кітаби билік” немесе “шарифат заңы, шарифат билігі” дегенді білдіреді. М. Қашқари сөздігінде: “nom – дін шарифат, тәңірі номы-тәңірдің діні, иә шарифаты деген сөз осыдан шыққан. Діннің бәрін nom дейді. Бұл шыңлықтардың сөзі” деп, “tögü” сөзін: жосын, жөн – жосық, el yalug tögü yalmac” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 3-т. 192–194, 301-бб.).

⁹⁰ Ti-srong-debčen qağan – толық аты Крисрован Дисран Дебзан. IX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Тибет қағаны. Моңғол жыл санауымен Шыңғыс қаған туылардан бұрынғы 364 жылы туылған деп есептейді (Амар А. МТТ. 26-б.).

⁹¹ Amurluysan dalai – қазіргі моңғол тілінде “Амарлисан далай” деп жазады. Моңғолға будда дінінің негізін салушы әуелгі далай лама (қ. м. АТ. 9-б.).

⁹² Badma sambao-a – моң. “Бадма лянхуа” – суғалдақ, бадам немесе бадам гүлі деп аталатын, сазды және сулы жерде өсетін су өсімдігінің атауымен әспеттелген атақты оқымысты. Тантристік буддизмді шебер игерген, уағыздаушылығы үшін “арши” – дәруіш атағына ие болған диуана. Көне дәуірде Мысыр мен Үнді жұрты бұл өсімдікті ерекше қадір тұтқан.

⁹³ Kamalašila – Шантиракшитаның шәкірті.

⁹⁴ Bandida – Будда ілімінің оқымыстыларына берілетін атақ. Үнді оқымыстысы моңғол тіліне “Tengsel ügei doluyan ayımaу silыaday”, тиб. “šadmadedün” деп аталатын діни философиялық кітапты жасаушы Бандиданың ілімін игергендер (“Silyada medel-ün teyin fayılburı-yin tayılburı” Т. 184. 2v. – 525r. УБ., ШУА-ын номын сан.).

Сол қаған билік еткеннен кейін арада үш буын өткен соң Үсүн Сандалиту қаған⁹⁵ Үндіден Мида⁹⁶ деген ламаны алдыртып, бұрынғы аударылған кітаптарды қайта түзеттіріп, аударылмаған кітаптарды аудартып, Бұрқан шажині⁹⁷ әрі қарай дамыта түседі. Сол шарапатты қағандардың арқасында Бұрқан шажині бүгінге дейін жалғасқан екен⁹⁸.

Бұрқан нирванаға айналып, үш мың екі жүз елуден астам жыл өткенде⁹⁹ солтүстік моңғол жерінде Боғда Шыңғыс қағанның¹⁰⁰ дүниеге келгені былай еді¹⁰¹.

Тибеттің ең әуелгі Күжүн Сандалиту қағанынан тараған Далай Собин Алтын Сандалиту қағанның үш ұлы болады. Үлкені Борочу, одан кейінгісі Шибаручи, кенжесі Бөрте Чинуа¹⁰² екен.

⁹⁵ Üsün Sandalitu қаған – “Жүн тақты қаған”. Тибет қағаны Ралпачананы (814–836) моңғолдар осылай атаған.

⁹⁶ Mida – Ралпачананың тұсында Тибетке келіп бір қатар діни кітаптардың аудармасын жасаған үнділік әйгілі оқымысты.

⁹⁷ Buryan šajin – Бұрқан діні, Будда ілімі.

⁹⁸ Бұл жерде Моңғолияға Будда дінінің қалай тарағаны жөнінде сөз болып отыр. Сол себепті будда діни атауларының көбісі моңғол тіліндегі атауымен берілген.

⁹⁹ Бұл жыл көрсетуі жазбаларда әр түрлі келеді. Чаған сечен: Будда нирванаға кеткеннен соң 3259 жылдан кейін Шыңғыс қаған дүниеге келген десе, “Шара тужи”-да – 3296 жылдан соң, “Чиқұла кереглегчі” кітабында – 3250 жылдан соң деп жазылған.

¹⁰⁰ Боғда Шыңғыс қаған – Боғда – білгір, білімді, ақылы өзгеден асқан адам дегенді білдіретін діни атау (*Базылхан Б. МҚТ. 76-б.*). Н. П. Шастина “августейший” деп қолданған. Алайда, бұл аударма Боғда атауының дәл мағынасын айқындай алмайды. Боғда атауы моңғол тіліне Будда діні арқылы келген жан-жақты, көптеген күрделі мағына беретін діни термин. Оның бір мағынасы жаратушыға қатысты болса, келесі мағынасы сол жаратушының әмірімен бұл дүниеге жақсылық нұрын тарату үшін ұлы әмірмен жаратылған, қарапайым адамдардан жаратылысы өзгеше, ақыл-ойынан керемет құдіреттердің бәрі келетін, Будда ілімі бойынша Чаграварди болып туылғандарға берілетін атақ. Бұл атауды және осыған ұқсас мағына беретін “Бұрқан”, “Ежен”, “Құтұқтұ”... сияқты атауларды қазақ оқымыстылары ежелден өзгертпей қолданып келген. (*Бөкейханов Ә. Шығармалар жинағы. Алматы, 1991*).

¹⁰¹ Осы тұстан бастап түпнұсқа “Моңғолдың құпия шежіресіне” және өзге де жазбаларға сәйкес келеді.

¹⁰² Börte Činu-a – Шыңғыс қағанның жиырмамыншы бабасы болып саналады.

[Олар] өзара араздасып, Бөрте Чинуа солтүстік тарапқа мұхит, теңізден өтіп¹⁰³, жат жерге¹⁰⁴ келіп, ері жоқ¹⁰⁵ (4-б) Қоға Марал есімді қызды алып¹⁰⁶, жаттың жерін мекендеп, Моңғол әулеті атанады.

Жоғарыдағы тәңірдің жазуымен¹⁰⁷ мұхит пен теңізден өтіп келген Бөрте Чинуа Қоға Маралмен бірге Бұрқан Қалдұнды¹⁰⁸

“Шыңғыс қағаннан бұрынғы 1609 жыл шамасында Байкал көлінің маңында өмір сүрген десе, енді бір жазбаларда 1063 жыл шамасында болған, Шыңғыс қағанның жиырма екінші атасы деген түспал қате, одан кейін болуы қисынға саяды” деп жазады (Амар А. МТТ. 89-б.).

¹⁰³ Umaга жүг tenggis dalaі getüljü – солтүстік тараптағы теңіз бен мұхитты кешіп. Бұл жерде “жүг” — “тарап” деген сөзге септік жалғауы қолданылмаған.

¹⁰⁴ Jad-un yaǵar-a – (т. а) жаттың жеріне, қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Жадын газар” деп жазып, “харийн” — “бөгденің” деп түсіндірген. “Жад” сөзі түріктің “жат” сөзінен пайда болғанын ғалым Б. Я. Владимирцов дәлелдеген (Владимирцов Б. Я. Общественный строй. С. 6.). Біз “жат” деп қолдандық.

¹⁰⁵ Eгü ügüi – с.с. ері жоқ. Күйеуге шықпаған деген мағынада.

¹⁰⁶ Eг-e ügei Gou-a Maral peretü ökin-i abcu – ері жоқ Қоға Марал есімді қызды алып.

¹⁰⁷ Der tangir – “жоғарғы тәңір”, “көк аспанға” сиыну — тәңірліктің көрінісі. Бұл шығармада буддизммен қатар жүреді. Демек, бастау деректің тәңірлік сарынмен жазылғаны байқалады.

¹⁰⁸ Buryan yaldun – т. н-да осылай жазылған. Тарихшылар қазіргі Онан өзенінің бас сағасы деп түспалдайды. (Шагдар Ц. Чингис хааны цадиг. 1991. 21-б.). Қ. м. АТ-да “Бурхан Халдун” деп жазылған. Академик Б. Ринчен: “көне моңғол жазбасында “ү”, қазіргі моңғол тілінде қолданылатын “х” дыбысын көне моңғол тілінде көмекеймен айтып, қазіргі түрік текті қазақ тіліндегі “қара сақал, ақ сақал” дегендегі дыбыспен бірдей қолданған дұрыс екенін дәлелдеген” (Ринчен Б. Краткий обзор монгольского стихосложения... ШУАХ, 1967. С. 41.) десе, филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Базылхан: “қазіргі қазақ, моңғол тілдеріне ортақ “ғ” дыбысы қатысқан сөздерді салыстырып пайымдағанда, қазіргі моңғол тілінде бірқатар сөздердің орта шеніндегі “г” дыбысы — көне моңғол тіліндегі қатаң “к”, “қ” дыбысынан ұяңдап қалыптасқаны байқалады. Бұл “қ”, “к” дыбысы — қазақ тілінде қатаң күйінде көне табиғатын сақтап қалған. Бұл құбылыстан да біз қазақтың байырғы тілі Алтайлық төркіндес тілдер жіктеле бастаған, өте ерте заманда қалыптасқанын аңғарамыз” деп нақты тұжырым жасаған (Базылхан Б. Салыстырмалы-тарихи грамматика. 105—106-бб.).

Сондықтан көне моңғол тіліндегі “бұрған”, “ғалдун” деген осы тектес үлгідегі сөздерді қазіргі моңғол тілінің ережесімен “бурган”, “ғалдун”, “бурхан”, “халдун” деп емес, қазіргі қазақ тілінің ережесімен “бұрқан”, “қалдун” деп жазған дұрыс деп ойлаймыз.

мекен еткен екен. Сол екеуінен Бата чаған¹⁰⁹ дүниеге келеді. Бата чағанның ұлы Тамачин¹¹⁰ есімді еді. Тамачиннің ұлы Қоричар Мерген, Қоричар Мергеннің ұлы Ұғұчим Бұғұрұл¹¹¹ еді. Ұғұчим Бұғұрұлдың ұлы Сали Қалчақұ¹¹² еді. Сали Қалчақұның ұлы Иеке Нидүн¹¹³ есімді еді. Иеке Нидүннің ұлы Сем Сочи¹¹⁴ есімді еді. Сем Сочидың ұлы Қарачұс¹¹⁵ есімді еді.

Қарачұстың ұлы — Бұрқан Қалдұнның қойнау жағында ағатын Бұтақан-Боқұрчидің¹¹⁶ басында туған Борчығыдай мергеннің¹¹⁷ Моңғолчин Қоға¹¹⁸ деген әйелі бар еді. Моңғолчин Қоғадан туған

¹⁰⁹ Bata čaγan – т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да Батцагаан деп жазылған.

¹¹⁰ Tamaciñ – т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да Тамача деп жазылып, “нэрэтү бұлүгэ” — “есімді еді” деген сөз қалып қойған.

¹¹¹ Uγiçim Buγural – қ. м. тілінде “Уужим буурал” деп жазылады. “Кең бурыл”. Осылай өзгеру себебін ғалымдар: ‘УУ’ дыбысы көне моңғол тілінде созылыңқы дауысты болмаған, моңғол тілін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше: екі дауысты дыбыстың ортасындағы “ғ, г, й” дыбыстары айтылмай ығысып түсіп қалуы нәтижесінде созылыңқы дауысты қалыптасты дейді. Моңғол тіліндегі созылыңқы “уу” дыбысы сөздің барлық шенінде кездеседі. Бұл дыбыстың айтылуы — қазақ тіліндегі “у” секілді деп түсіндіреді (Базылхан Б. Салыстырмалы-тарихи грамматика. 57-б.).

¹¹² Saly Qalšaqı – Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Сали халжау”, академик Ц. Дамдинсүрэннің аудармасымен Ұланбатырдан 2004 жылы жарық көрген “Моңғолдың құпия шежіресінде” (бұдан былай — МҚШ, 2004 деп қысқартамыз) “Саль-хачау” деп жазылған.

¹¹³ Yeke Nidun – “Үлкен көзді”. Адам аты емес, оның сипатына берілген атау болуы мүмкін.

¹¹⁴ Sem Soçi – Қ. м. АТ-да Сэмсочи, МҚШ-да Шинсочи.

¹¹⁵ Qaraçūs – Қ. м. АТ-да Харачус, МҚШ-да Харчу деп жазылған.

¹¹⁶ Butaγan Boγurçin – “Бұталы хан, ханның бұтасы” деген ежелгі атау. Ханның қонысы дегенді білдірсе керек-ті. “Бағурчи, Боғұрчи, Буурчи” дегендер өзгертіліп жазылған бір ғана атау сөздер.

¹¹⁷ Boγjiγıdai Mergen – МҚШ-да “Боржидай”. Сөз түбірі “бор, бөр, бұр” деп басталған атаулар көптеп кезігеді. Бұны ғалымдар Шыңғыс қағанның тегімен байланыстырады.

¹¹⁸ Moγuoljin – көнеден сақталып қалған атау. “Моңғол” атауына “жин” жұрнағы жалғануы арқылы әйел есімі пайда болған. Моңғол бегім дегенге келеді. Осы қасиетін ескере келіп Н. П. Шастина: “Возможно, что этот суффикс указывает на период главенства материнского рода” деген түйін жасаған (“Золотое сказание”. С. 305.).

Торғолчин Байанның¹¹⁹ Борықчын Қоға атты әйелі, Боралдай, Құбылай [деген] жеткіншектері,¹²⁰ жауыр¹²¹, боз екі күлік аты болды. Борықчын Қоғадан туғандар Дұба соқыр¹²², Добу мерген¹²³ екеуі еді. Дұба соқыр маңдайының¹²⁴ ортасында жалғыз көзі бола тұра, үш негүри¹²⁵ жерді көреді екен.

(5-а) Бір күні ағалы-інілі екеуі киік¹²⁶ аулап жүріп Бұрқан Қалдүн тауының басына шықса, түйрен үйінен¹²⁷ Түңкілек бұлағына¹²⁸ қарай бір топ адам¹²⁹ көшіп келе жатқанын ағасы Дұба соқыр көріп, бүй дейді: “Анау Түңкілек бұлағына қарай келе

¹¹⁹ Torgyoljin Baian – Қ. м. АТ-да Торғолжин баян “Торғолжин бай” деп берілген.

¹²⁰ Boraldai, Qubilai jalaqu-tu – Боралдай, Құбылай жеткіншекті. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Хөвгүүнт” – “ұлды” деп түсіндірме берген.

¹²¹ Daig – бұл да бүгінгі қазақ тілінің сөз қолданылысындағы “жауыр” сөзінің өзгертілген түрі.

¹²² Duba Soqog – “соқыр” сөзі қазіргі қазақ, моңғол тілдерінде бірдей мағына береді.

¹²³ Dobu Mergen – МҚШ-да Dobun Mergen деп жазылған. “Мерген” сөзі моңғол тілінде екі мағына береді. 1. көне моңғолша: мерген хүн – мерген адам. 2. мерген хүн – ақылгөй, шешен адам.

¹²⁴ Manlai – т. н-да осылай жазылған, “маңлай – мағнай – маңдай” атауы қазіргі қазақ, моңғол тілдерінде бірдей.

¹²⁵ Negügi – (көне өлшем атауы), МҚШ-да Ц. Дамдинсүрэн “нүүдлийн” – “көштік” деп аударған. Н. П. Шастина “negügi” – “кочевка” negüdel деген көнерген (архаизм) сөз, бірақ мағынасы өзгермеген деген. Осы үлгідегі “гі” жалғауымен аяқталатын сөздер П. Пеллиода да кездеседі: Qubčigi ~ qubčig et qubčig'ur ~ qubčig деп түсіндірген (“Золотое сказание”. С. 305.).

¹²⁶ Gögölögödy – аулап деген мағыналы көне сөз, қазіргі моңғол тілінде “гөрөөлөх” (аң аулау) деп қолданылады.

¹²⁷ Tüiren gerü teče – Ц. Шагдар “тойрон гэрээс” деп оқып, “ой шугуйн гэрээс” “орман үйінен” деп түсіндірме берген. Н. П. Шастина да осылай “toyigan – тойрон” деп оқыған. Бірақ, ешқайсысы да “тойран” сөзі “түн-е” деген орманның көне атауына қалай мағыналас келетінін түсіндірмеген. МҚШ-да “tüiren gerü teče” – “түйрен үйінен” деген бұл сөздер жазылмаған.

¹²⁸ Tünggilek qoqoqan – Түңкілек бұлағы. Керүлен өзенінің бір саласы (Historie des campagnes. De Gengis-khan. 386-б.).

¹²⁹ Irgen – қазіргі моңғол тілінде азамат деген мағынада қолданылады, т. н-да тұрғын халықты да, елді де, жеке әулет, жеке адамдарды да осылай атаған.

жатқан адамдардың арасында, бір қарқұтай арбаның¹³⁰ күймесінде¹³¹ отырған қыздың келбетінен шашылған шуақ осы жерден көрінеді. [Басқа] адамға айттырмаса, інім, саған қалайын!” — деп, Добу мергенді көріп келуге жібереді. [Ол] әлгі адамдарға [таман] барса, шынымен өзгеге атастырылмаған, хас сұлу, аты әйгілі Алұң Қоға¹³² есімді қыз екен. Ол адам, барғучин түмедтің иесі — Қорылтай мергеннің Барғучин Қоғасынан туған Алұң Қоға деген осы екен. Қорылтай мерген түмедтің¹³³ жерінде бұлғын, тиін, аң¹³⁴ [сияқты аңдарды] аулауды қорып¹³⁵, өзара араздасып, Қорылар руы¹³⁶ болады. Бұрқан Қалдұнның аң-құсы мол деп, Бұрқан Қалдұннан Бұрқан ұранқай Шингшинг байанға¹³⁷ көшіп келген

¹³⁰ qarqutai tergen — МҚШ-да “qara'tai tergen” қарақұтай арба. Ц. Шагдар “қарқұтай” сөзін “мухлагтай” деп аударған. “Мухалаг” — сөзі қазіргі моңғол тілінде “дүңгіршек” деген мағына беретін, моңғол тіліне сырттан кірген сөз. “Дэлгүүр мухалаг” — “дүкен дүңгіршек” деп сөз тіркесі есебінде қолданылады. Біздіңше “қарқұтай” көне түркі сөзі болса керек. Оған себеп — “Көшпелілер арбаға қара киіз жауып жүреді. Одан су өтпейді” (Марко Поло. Орчлонгийн элдэв сонин. УБ, 1987. 302-б.) деген деректердің сақталғанына қарағанда, бұл атау да ерте дәуірде “қара киіз” деген сөз тіркесінен шыққан болуы мүмкін.

¹³¹ Öjigede — т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “суудалд” — “орындығында” деп түсіндірген. Н. П. Шастина “передняя часть” деген (Dawden Altan tobci. 114-б.) аударманы негіз етіп, қытай сөзі болуы мүмкін, бұл көне сөз “küdegei aral — tur” дегенмен бірдей (“Золотое сказание”. С. 306.) деген ұсыныс айтқан.

¹³² Alung Qo'ua — Алұң Қоға.

¹³³ Tümed, baγuicin tümed, qoγi tümed — ру атауы. Ц. Дамдинсүрэн “хорь түмэдтти” — “хорь буриад” деп түсіндірген (МҚШ, 8-бап).

¹³⁴ Gögügli — т. н-да осылай жазылған. Н. П. Шастина бұл сөзді “gögügsün” деп оқып, “дикие звери”, деп аударған (“Золотое сказание”. С. 52.). Ц. Шагдар “булгад хэрэм гөрөө” — “бұлғын, тиін, аң”. Б. Базылхан “гөрөө” сөзін: аң, аң құс, айыр тұяқты аң, деп түсіндірген (Базылхан Б. МҚТ. 138-б.).

¹³⁵ Gaγad qoγilaγu qoγilaldaγu — (көне сөз тіркесі), Ц. Дамдинсүрэн “агнахаа хориглон булаалдаж, харилцан муудалцаж” — “аулауды қорып таласып, қарсы араздасып”, деп аударған. (МҚШ. 9-бап). Ц. Шагдар “хорилож хориллодж”, деп жазып, “эсрэг-тэсрэг” — “ерсілі-қарсылы” деп түсіндірме берген (қ. м. АТ. 10-б.).

¹³⁶ Gogilar — аңшылар деген мағыналы.

¹³⁷ Burγan uγuianγuai Singsing bayan-tur — Бурған ұранқай Шингшинг байанға. Ғалым Ш. Гаадамба “Шингшинг баян” атауын ежелгі дарқадтардың нанымындағы “Чинчит хан” немесе “орман тоғайдың қыз тәңірі” дегенге сайып,

екен. Қори түмедтің Қорылтай мергенінің қызы, Арық суында¹³⁸ туылған Алұң Қоғаны Добу мергеннің алған жайы осылай екен.

(5-6) Алұң Қоға Добу мергенге қосылған соң Белкүнүтей, [Бекүнүтей] есімді екі ұл туады¹³⁹. Дұба соқырдың төрт ұлы бар еді. Сөйте тұра, Дұба соқыр ғайып болған соң төрт ұлы немере ағалары Добу мергенді туысқа¹⁴⁰ санамай, мазақ етіп, бөлініп көшіп, Дөрбен аталығы [пайда] болады¹⁴¹. Дөрбеннің¹⁴² ата-бабалары солар еді.

Содан кейін Добу мерген бір күні дөңес биікте¹⁴³ аң аулауға барып жүрсе, орманның ішінде бір адам чөке бұғы¹⁴⁴ өлтіріп, [етін] бұзып, әдіп қабырғасын¹⁴⁵ қақтап отыр екен. Добу мерген қасына барып: “нөкер сыралғыда¹⁴⁶” — деп сұрап, “не қылған адамсың,

бұл атау “қара ағаштың қыз тәңірі” және бұл адам Бұрған Ғалидүн тауының иесі, әйел адам болуы да ғажап емес деген ұсыныс айтады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 1990. 76–77-б.).

¹³⁸ Агік ус – арық суы. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да бұл жерді “Қор түмедтердің (бұраттардың) атамекені” деп түсіндірген.

¹³⁹ Т. н-да бір адам — Белкүнтей есімі ғана жазылған.

¹⁴⁰ Угуу-а – ұрық, ұрпақ.

¹⁴¹ Бұл жерде де ру дегенді “омог” (аталық) деп жазған.

¹⁴² Dürben – сөзі қазіргі моңғол тілінде де “дүрбэх” босу деген ұғымды білдіреді. Дүрбет руы қазіргі Ойрат моңғолдың құрамына кіреді.

¹⁴³ Dovosog önder – “дөңес биікке”. Тәңірлік нанымға байланысты моңғол тілінің сөз қолданысында тауларды “өндөр” — “биік”, “Хан тэнгэр” — “Хан тәңірі”, т. б. теңеп айту қазірге дейін бар.

¹⁴⁴ Сөй – (көне сөз) т. н-да Сау, Сөй деп жазылған. АТ-ның 1937 жылғы басылымында “Чао” деп жазып, “чөкү” деген қосымша сілтеме жасалған, 1990 жылғы басылымда “Чэу” деп жазып “гунжин” — “құнажын” деген түсіндірме берген. “Чөкү” сөзі “құнажын” яғни, жас жануар атауы екені рас болса, қазіргі қазақ тіліндегі ешкі тектес малды шақырғанда қолданатын “чөке” сөзінің мағынасы айқындала түседі. М. Қашқари сөздігінде: “Egen uzuf šöke turdu, Bašu bojnun šöke furdu...” деген өлең жолдары келтірілген. Қазіргі қазақ тіліне “шөке” деп аударған (Қашқари М. ТС. 3-т. 312-б.).

¹⁴⁵ Abid habıgı-a – (көне атау). Ц. Дамдинсүрэн “абид” сөзін “богино” — “қысқа, шолақ” деп аударып, “богино хавирга” — (шолақ қабырға, бұғана қабырға) деп қолданған. Біз бұны “әдіп қабырға” деген көне атау деп есептейміз.

¹⁴⁶ Nöker sigolıa-da – бұл көне сөз тіркесі жөнінде көптеген мақалалар жазылған. Моңғол ғалымы Ш. Гаадамбаның “Нөхөр широлго — доо гэдэг үгийн

сен?!” — десе, әлгі адам айтты: “Мен ұранқайдың адамымын!” — деп, өкпе жүлдесі¹⁴⁷ мен терісін өзі алып, тұтас етін Добу мергенге береді. Добу мерген сол етті алып қайтып келе жатса, жолай бір жадаңқы¹⁴⁸ адам кішкентай ұлын ертіп келеді екен. Добу мерген: “Сен не қылған адамсың?” — деп сұрайды. Әлгі адам бұй дейді: “Мен Мақалық Байағұдайдың адамымын¹⁴⁹. [Мен әбден шаршап] шалдығып келемін. Мына ұлымды саған берейін. Мына етіңнен

учир” (“Нөкер широлго- до деген сөздің себебі”) деген мақаласында қызықты мәліметтер кездеседі. Ш. Гаадамба: Австрия ғалымы П. Пеллионың 1944 жылы “Дунг бао” журналында жарық көрген “Широлга — ширалга ма?” деген мақаласына тоқталып: “Профессор Пеллио широлга сөзін “шарах” (моң. қақтау) сөзіне қатыстыра түсіндіріп, Ж. Цэвээн ағайдың “шор” (моң. істік) деген сөзінен таратып түсіндіргенін күмәнді, нақты дүние емес, “лга” (лгэ) жалғауы негізінен етістіктің түбіріне жалғанатын жалғау болғандықтан, “шор” деген атау сөзге жалғанбау керек дейді... Бұл сөз шағатай түрік тілінде “ширалга” деген тұрғыда кездеседі. “Широлга” деген “шира-” (ет қақта) деген мағыналы етістіктен пайда болған сөздің өзгерген түрі болуы мүмкін. “Сиролга, шоролга” деген аулаған аңды отқа үлкен сырыққа іліп қақтап, көппен бөлісіп жейтін көне ерте заманның “аңның олжасы”, “аң олжасынан тиетін үлес” деген сөзден шыққан деп Ж. Цэвээн ағайдың айтып, Мостарт ағайдың қолдаған ұсыныстары орынды екен”, — деген ұсыныс айтқан. Және “хэлэху олан йеке олжа-йи, сиролган-дур учархулагчи” (айтуға мол олжаны сиролғанда жолықтырушы...), деген тәңірлік сарындағы көне өлең жолдарын келтіре келіп, бұл сөз көне мәтел, сөз саптау тәсілі...” деген де ұсыныс айтады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 1990. 19–20-б.). Біз аударма барысында, қатысты кітап-жазбаларды саралай келіп, бұл сөздің төркіні — “нөкер сыралғыдан” немесе “нөкер сыралғыда”, “нөкердің жақсысы сыралғыда”, “дос жақсысы сыралғыда” деген көне мәтел емес пе деген ұсынысты және бүгінгі қазақ әдебиетінде “Сыралғы дос” (Қалихан Ысқақ. Күреңсе. Алматы, 2001. 352-б.) деген сөз тіркесі көне қалпында қолданылып жүргенін айтқымыз келді.

¹⁴⁷ *Jūlde* — т. н-да осылай жазылған. Қазіргі моңғол тілінде “зүлдэ” деп жазылады. Сөздікте “зүлдээ”: 1. жүлде, бас өкпе тұтасы (малдың өңеш, кеңірдек, өкпе, жүрегін баспен тұтасқан күйінде сойып алуы); зүлд авах — бас өкпе тұтасын алу; 2. (нәрсенің) негізі, өзегі, арнасы; гол зүлд — басты өзек — деп түсіндірген (Базылхан Б. МКТ. 1987. 268-б.).

¹⁴⁸ *Jadaŋyū* — т. н-да осылай жазылған. Қазіргі моңғол тілінде “яданги” деп жазылып, қолданылады. Қазақ тілінде “жадаңқы, жадау” қалпында сақталған.

¹⁴⁹ *Maŋaliŋ Baŋaŋudai-yin kütün bui* — Мақалық Байағұдайдың кісісімін. Бұл сөйлем МҚШ-да “bi Ma 'alik ba'udai yudaju yadumu — “Мен Мәлік Байғұдай жадап жүрмін” деп басқаша жазылған.

маған бересің бе, сен?” — дейді. Добу мерген әлгі чөке бұғының сыңар санын [кесіп] үзіп¹⁵⁰ (6-а) беріп, сол ұлды алып, үйінің ішіне¹⁵¹ қызметші қылады. Сөйтіп жүргенде, Добу мерген ғайып болады¹⁵². Добу мерген ғайып болғаннан кейін Алұң Қоға ерсіз жүріп, Бұқұ Қатығы, Бұқұчи Салчи¹⁵³, Боданчар Мұнқақ¹⁵⁴ есімді¹⁵⁵ үш ұл туады. Белкүнүтей, Бекүнүтей екі ұлы шешелерін мына ұлдарды [қалай] туды деп, жасырын әңгіме етіп:

“Ағайын-туыстарда өзі тұрғылас адам жоқ. [Сонда] бұл ұлдар кімдікі болды? Мына Мақалық Байағұдай адамы үйге басшылық етеді. Соныкі шығар?!” — деп [шүйіркелескенін] Алұң Қоға сезіп, көктемнің бір күні сүрленген¹⁵⁶ қойдың етін асып, бес ұлын шақырып¹⁵⁷, қатарластыра отырғызып, бір-бір жебе¹⁵⁸ ұстатып, “ұлдарым, [осы жебені] сындырыңдар!” — дейді. Ұлдары сындырып тастайды. Және тағы да жебені біріктіріп ұстатқанда, оны ешқайсысы сындыра алмайды. Сонда, шешесі Алұң Қоға бүй дейді: “Екі ұлым, сендер мына туған үш ұлды кімнің балалары

¹⁵⁰ Hugulju — “сындырып” деген сөз. Біз “үзіп” деп қолдандық.

¹⁵¹ Gere dotur’a — үйінің ішіне. Бұл жерде үйдің ішіне деп атап, ерекшелегеніне қарағанда сол кезде жай бір адамды орда ішіне ұстамайтын ерекше салт болғанын аңғартып тұрған сияқты.

¹⁵² Ügüi bolabai — жоқ болды, ғайып болады, т. н-да адам қайтыс болды дегенді көбінде осылай, ғайып болды, жоқ болды деп қолданады.

¹⁵³ Buhuci Salji — т. н-да осылай жазылған. МҚШ-да “Бұқату салжи” деп жазған.


¹⁵⁴ Budančar Mungqay — “мунхаг” сөзі қазіргі моңғол тілінде “мылқау” дегенді білдіреді. М. Қашқари сөздігінде “Мұнған” деп жазылған (Қашқари М. ТС. 1-т. 535-6.).

¹⁵⁵ Aratan — жыртқыш, т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “нәрт” — “есімді”, Ц. Дамдинсүрэн “гэдэг нэртэй” — “деген есімді” деп аударған. Аратан сөзі қазіргі моңғол тілінде 1. “жыртқыш (аң)”, 2. азулы деген мағына береді. Біз бұл сөзді қазіргі қазақ тіліндегі “жарандар” сөзінің көне түрі “аран, арандар” деген мағынасына саямыз.

¹⁵⁶ Kögšmel — 1. кәрілеу; ескілеу 2. (нәрсені) сүрілеу, солғындату. Ц. Дамдинсүрэн “хатсан” (“қатырған, сүрлеген”) деп аударған.

¹⁵⁷ Tabun köbegüd-iуen qigiaju — бес ұлын құрастырып.

¹⁵⁸ Möс — (көне атау). Ц. Дамдинсүрэн “сум буюу нарийн мод” — “оқ немесе жіңішке ағаш” деп түсіндірген.



болды деп¹⁵⁹ күдіктенесіңдер! Күдіктенгендерің дұрыс! Әр түн сайын сары шегір адам келіп, құрсағымды сипалап үйге түңілік, маңдайшадан сәуледей еніп, күн мен ай жарқырап шығар шақта сары ит болып¹⁶⁰, жаланып-жұқтанып шығып кететін еді. Соған қарап, [мен бұларды] тәңірдің ұлдары ма деп ойлаймын! Қараша адамға теңеп, сөз етпей-ақ қойыңдар! Күндердің күнінде қиырдың қағаны¹⁶¹, ұлыстың иесі болған тұста, сонда ұғасыңдар, сендер! Қара басты кісілер емес¹⁶². Әйтеуір, сен екеуіңнің көлеңке-нөкерлерің¹⁶³ болсын!” — дейді. Екі ұлы үн қатпайды. Алұң Қоға тағы да ұлдарына өсиет етіп:

“Сен — бес ұлым бір құрсақтан тудыңдар.

Сен бесеуің тату болмасаңдар —

Жаңағы жалғыз жебедей оңай жеңілесіңдер.

Жаңағы біріккен жебедей бірлікті болсаңдар —

Сендерді кім жеңе алар еді!” — дейді.

Содан кешікпей Алұң Қоға ғайып болады¹⁶⁴. Шешелері ғайып болғаннан кейін ағалы-інілілер жылқыларын бөліседі. Белкүнүтей, Бекүнүтей, Бұқұ Қатағы, Бұқұчи Салчи төрт ағалары үлес алысады. [Олар] алғашқы бауыры¹⁶⁵ Боданчар Мұнқақты әлжуаз¹⁶⁶ деп, ұрпақ санатына қоспай, үлестен қалдырады. Үлестен қағылған Боданчар: “Енді қайтіп күн көремін!” — деп, арқасы жауыр, шолақ құйрық, оруқ шымқұланы¹⁶⁷ мініп: “Өлмек

¹⁵⁹ Ken-ü yaγun-u köbegün bui kemeṗ — кімнің, неткен ұлы болды, деп.

¹⁶⁰ Šira poqai — Сары ит (мифологиялық аң.).

¹⁶¹ Qari-yin qat — (т. а.) Қиырдың — жаттың ханы.

¹⁶² Qara fergütü kümün busu bui j-a — қара басты адам емес болар.

¹⁶³ Nökür-següder — “нөкер көлеңкең” деген тұрақты сөз тіркесі.

¹⁶⁴ Ügüi bolobai — жоқ болды.

¹⁶⁵ Anqni dügü-ueṗ — алғашқы бауыры. Бұл да көне сөз қолданысы.

¹⁶⁶ Biadangu — қазіргі моңғол тілінде “яданги” деп қолданады. 1. Әлжуаз, әлсіз, жадаңқы, жарлы. 2. “Эвий, яданги амьтан” (“Ой-бу! әлсіз байғұсты-ау!”) д. с. қолданылады.

¹⁶⁷ Šinγula — көне сөз. “Шым құла”, “шын құла” деген қазақ сөзіне өте ұқсас. Қазіргі моңғол өлең сөзінде: “Чин сэтгэлт амрагтаа...” (“шын көңілді жарыма...” деп қолданылады (Цэдэндамба Ц. Шилдэг яруу найргийн түүвэр. УБ., 1990.)

болсам, жазымым білсін!”¹⁶⁸ деп, Онан (7-а) дариясына қарай [аттанып] кетеді. [Содан] Онанның Балчира аралына¹⁶⁹ жетіп, шөп күрке жасап, сонда тұрақтайды. Сол тұрақтаған тұмсықта¹⁷⁰ бір күні боз қаршыға қарақұрды ұстап жегенін көріп, арқасы жауыр, шолақ құйрық орұқ *шымқұланың* құйрығының қылынан тұзақ құрып, оны ұстап, асырайды. Содан жеуге тамағы жоқ, бөрте қасқырдың қу жылғасын қоралаған¹⁷¹ киіктерді аңдып¹⁷² атып, өзі жеп, қаршығасын да асырап, сол жылдан аман шығады. Келесі жыл келіп, көктем шыққанда, қаз-үйректер оралғанда, қаршығасын баптап, құсқа салып;

Түбір сайын қан-жын ғып¹⁷³,
Тамыр сайын иістенгенше үйіп,
Үйрек-қазды ұстатып,

Азық етіп жүрген тұста, *түйрен* үйлерінен Түңкілек бұлағына қарай бір топ адам көшіп келе жатқанын көрген Боданчар, қаршығасын ұстап, сол адамдарға барады, [оларға] күндіз ұстаған үйрегін беріп, қымыз-сусын ішіп, түнде күркесіне келіп қонады. Әлгі адамдар Боданчардан қаршығасын сұраса, бермейді. Әлгі

¹⁶⁸ Ükübesü abasu jayayan mihu medetügei – “Өлсем де, қалсам да, жазымым білсін”.

¹⁶⁹ baiçiga aral – т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да “Балчар арал” деп жазып, “Балжигун арал” деп түсіндірген (Қ. м. АТ. 1990. 12-б.).

¹⁷⁰ Aysan üjügüg-e – тұрған тұмсықта. Ц. Шагдар “газрын өндөрт” “жердің биігінде” деп түсіндірген, “агсан” сөзі қазіргі моңғол тілінде “болған, өткен” деген мағына береді. Біздіңше, бұл “тұрақтаған (болған) тұмсықта” деген сөз тіркесі.

¹⁷¹ Hurgulugsan – “қораланған” немесе “құралған”, “паналаған”. Ц. Шагдар “хураасан” – “жинаған” деп аударған.

¹⁷² Magaiaju – “сығалап”, “аңдып” дегенге келетін, сирек қолданылатын сөз.

¹⁷³ Нонсиу-ип – т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “хоёр гурван” “екі-үш” деп түсіндірген. МҚШ-да Ц. Дамдинсүрэн “Мөчир бүрээс, мөч гуя өлгөж. Хожуул бүрээс, хоёр гурван шувуу өлгөсөн нь ялзрахад хүрчээ” “Бұта сайын, мүше сан іліп. Түбір сайын ілген екі-үш құсы шіруге тақапты” деп аударған. “Хончугун” сөзі “хоер гурван” – “екі-үш” деген сөзге түбірімен сәйкеспейді. Бұл – қазіргі қазақ тіліндегі “қан-жын” сөзі, соған етістік жұрнағы жалғанған, “қан-жын ғып” немесе “қан-жын үйіп”, “қан-жын төгіп” деген сөздерге өте жақын.

адамдар Боданчардан “кімнің адамысың, қайдан жүрсің” деп сұрамайды. Боданчар да олардан “не қылған адамсыңдар” деп сұрамайды. Сол кезде Бұқұ (7-б) Қатағы ағасы: “Бауырым Боданчар мына дарияны бойлап кетіп еді, есен-сау жүр ме екен, әлде, өліп қалды ма?!” деп [артынан] іздеп шығып, әлгі Түңкілек бұлағындағы адамдарға келіп: “Сондай бір адам, сондай аты бар” — деп сұраса, әлгі адамдар бүй дейді: “Аты, адамы сенің сұрағаныңа ұқсас, сондай бір адам бар. Күн сайын бізге келіп, үйрегінен беріп, қымыз-сусын ішіп кетеді. Түнде қайда қонады [білмейміз], бір қаршығасы бар, оң мен солдан жел тұрса, сол қаршығаға ұстатқан үйрек-қаздың қауырсыны бораған қардай бұрқырап ұшып келеді. Біз қаршығасын сұрап едік, бермеді¹⁷⁴. Келетін шағы болды, сәл күте тұр!” — дейді. Сол сәтте Түңкілек бұлағына қарай бір адам келгені — Боданчардың дәл өзі екен. Ағасы Бұқұ Қатағы інісі Боданчарды бірден танығанымен, тіл қатпастан бұрылып кете барады. Боданчар ағасының соңынан ере жүріп: “Денеде бас болғаны, киімде жаға болғаны жақсы!” — дейді. Ағасы тіл қатпайды. Тағы да, біраз жүріп, әлгі сөзін қайталап айтады. Үн қатпайды. Тағы да, сол сөзін айтқанда, ағасы: (8-а) “Тұғағардан¹⁷⁵ нендей сөз айтасың?” — дейді. Боданчар [оған]: “Сендер — ағалар үлестеріңді алып, мені [одан] құр қалдырғандарыңды қалай түсінемін. Мына сөзді де еш түсінбедім, Тұғағардың елінде үлкен, кіші жоқ. [Қол] бастар басшысы жоқ, оңай екен. Біз соларды бағындырып алайық!” — дейді. Бұқұ Қатағы бүй дейді: “Бұл туралы ағалармен, бауырлармен ақылдасайық!” — деп, үйлеріне барады, ағалар, бауырлар ақыл қосып, Боданчарға жол көрсеттіріп, сол елді

¹⁷⁴ Bi – ber qarǵayai inu yuybasu ese ügbe – “Мен қаршығасын сұрап едім, бермеді”.

¹⁷⁵ Tūyayar-asa – Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “туғаарын” деп жазып, “саяын” — “жаңағы” деп түсіндірме берген. Қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ сөз. Негізінен “туқағар, түнқағар” сөздерінің көне бір түрі болар деп топшылаймыз.

жаулап алған тұста, Боданчар бір орта құрсақты¹⁷⁶ әйелді ұстап алып: “Неғып жүрген кісісің?” деп сұрайды. Сонда әлгі әйел: “Анқаны жеңген¹⁷⁷ жарчықұт ұранқайдың кісісімін!” дейді. Сол орта құрсақты әйел Боданчарға келіп, ұл туады. Жат¹⁷⁸ елдікі деп, [оны] Жарчыдай деп атайды¹⁷⁹. Сол Жарчыдайдың ұлы Түкүтей есімді еді, Түкүтейдің ұлы Бұрұбұлшықы, Бұрұбұлшықының ұлы Қарақадаған есімді еді. [Бұлар] Жачирад¹⁸⁰ руы атанады. Жачирадтың ата-бабалары солар болады. Кейін Боданчардан бір ұл туады¹⁸¹. Оны ұстап алған әйелден туған ұл деп, Бағаридай¹⁸² деп атайды. Бағаридайдың ұлы Жидықұл¹⁸³ есімді болатын. Оның ұлы мақа¹⁸⁴ сияқты туады. (8-б) Мақа Бағарин руы болады. Бағариннің аталары сол еді.

¹⁷⁶ Dumda gegelitei – “орта құрсақты”. “Күні толмаған екіқабат” деген мағынаны білдіреді.

¹⁷⁷ Angqan-u pengdegsen jarčyut uriangqai-yin kǔmǔn bui – бұл сөз тіркесі мен тұтас сөйлемді ғалымдар әрқалай түсінген, оқыған. Ц. Дамдинсүрэн “Би жарчиуд аданхан урианхайн хүн” – “Мен жарчүт адаңқан ұранқайдың адамымын”, Ц. Шагдар “анхны нэндэгсэн жарчигуд урианхай” – “Алғаш көбейген, (жетілген) жарчықұт ұранқай” деп аударған. Қазіргі моңғол тілінің заңдылығы бойынша тікелей аударғанда “Алғаш іліккен жарчықұт Ұранқайдың кісісі едім” немесе “Алғаш біріккен жарчықұт Ұранқайдың кісісімін” деген мағыналы бүкпе сөйлем болады. Біздіңше, “анқаны жеңген”, “арандылардың аңқасын басқан” деген сөз тіркесі деп түсінеміз.

¹⁷⁸ Jada – т. н-да осылай жазылған. МҚШ-да Ц. Дамдинсүрэн “харь” – “бөгде, жат” деп аударған. Бұл сөз қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ. Қазак тілінде “жат” қалпында сақталған.

¹⁷⁹ Чаған шешеннің “Ерден-ү тобчи” кітабында: “...tere bogol čingcǐtǔ yatǔn-ǔ kebeli dahi köbegǔn inǔ jaǰiradaǐ kemeged jaǰaraiyd obogton boljuu”, “...Ол құл тектес Бодан қатынның құрсағындағы ұлын Жәжіридай деп, жажарайд руы деп атандырды” деген қызықты сөйлем бар (Чаған шешен. Е. т. 1. 76).

¹⁸⁰ Jačigan – т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “Зажран”, МҚШ-да “Жадаран”. Жалайыр тайпасының бір атауы.

¹⁸¹ Qoyina Bodančar-ača köbegǔn tögǔbei – Кейін Боданчардан ұл туады. МҚШ-да сәл толықтырылып: “Tere eme basa Bodančar-ača niken kö’ün töge’ǔlbi” – “Сол әйел тағы да Боданчардан бір ұл туады” деп жазылған. МҚШ. 18-бап.

¹⁸² Baǰaridai – т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Бааридай”, МҚШ-да “Баарьдай”.

¹⁸³ Jiduhul – т. н-да осылай. МҚШ-да “Зүтгэлбөх” деп жазылған.

¹⁸⁴ Maqa – “ет”. Ц. Шагдар “махан” (ет) деп аударған. Ц. Дамдинсүрэн “manan” – “тұман” деп аударған.

Добу мергеннің Бекүнтейінің ұрпағы¹⁸⁵ Бекүнүт руы делінеді. Белкүнтейдің ұлдары Белкүнүт руы болады. Бұқұ Қатағының ұлы Қатағын руы¹⁸⁶ делінеді. Қатағынның аталары солар еді. Бұқұчи Салқиқұттың ұлы Салқиқұт¹⁸⁷ руы болады. Салқиқұттың аталары сол еді.

Боданчардың алғашқы әйелінен туған Бәрім Шікіреті Қабичи баһадүр¹⁸⁸ есімді еді. Борчігін¹⁸⁹ руы [сол] болады. Борчігіннің аталары сол еді.

Бәрім Шікіреті Қабичи баһадүрдің шешесімен келген енші әйелді¹⁹⁰ Боданчар тартып¹⁹¹ еді. Сол еншіден туғанды Жегүредей деп атаған. Боданчардың барында құрбан шалуға қатысатын¹⁹². Боданчар өлгеннен кейін ұранқай адамы¹⁹³ үйдің басшысы

¹⁸⁵ Begün-tei – yin uqu – Бегүнтейдің ұрұқ (ұрығы, ұрқы, ұрпағы). Б. Я. Владимирцов көнерген сөз деген ұсыныс айтып, “родственник, сородич” деп түсіндірген (Владимирцов Б. Я. Общественный строй. С. 59). Қазіргі қазақ тілінде мағынасын жоймаған.

¹⁸⁶ Qatagin omu- taп – Қатағын руы. Бұл руды Ц. Дамдинсүрэн қазіргі бұрат нәсіліне жатқызады (МҚШ. 2004, 17-б.).

¹⁸⁷ Saljiyüt – т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Салжиуд”, МҚШ-да “Салжи” деген. Және де, МҚШ-да “Бұқату салжи, салжид овогтон болов” – “Бұқату салжи, салжид руы болды”.

¹⁸⁸ Аудармашы Ж. Қамай бұл сөзді түпнұсқадағыға сәйкес “баһадүр” деп алуды ұсынған еді (Ред.).

¹⁸⁹ Borčigin – Борчігін. Бөріден шыққан, бөрітегін немесе бөрі тектілер. Бор – қазіргі моңғол тілінде “боохой (борохой)” – “итқұс (бөрі)” мағынасында қолданылады. “Чігін” – “тегін (тегі)” атауының өзгерген түрі болса керек.

¹⁹⁰ Inči eme – енші әйел. Ежелгі көшпелілерде ұзатылған қызға қызметші әйел қосып ұзататын салт болған. Бұл жерде сондай әйелді – қыз төркінінен келген әйелді айтса керек.

¹⁹¹ Tataj bülige – “тартқан еді”, “тартатын еді”. Бүгінгі қазақ тіліндегі “қызға бару”, “қыздың көрпесінен тартып ояту” деген сөз тіркестерімен бір мағыналы, киіз туырлықты халықтарға тән, солардың түсінігіне саятын ұғым, салт. Қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында да осы мағынада айтылады.

¹⁹² Jügelі-dür bölige – Құрбан шалуға қатысатын деген мағынадағы көне сөз тіркесі.

¹⁹³ Engdegsen uriangqai – бұл атаудың нақты дәлелді мағынасы әлі ашылмаған. 177-інші түсіндірмеде айтылған “peng-degsen” сөзі “engdegsen” болып қате жазылуы мүмкін; “энгдэгсэн – эндэгдсэн” сөзі қ. м. тілінде “жаңылу, жаңылдырылған” деген мағына беретіндіктен бұл жерде сөйлемге үйлеспейді. Егер қ. м. тіліндегі

болатын. Соның баласы болар деп, құрбандыққа қатыстырмайды. Ол Жегүредей руы болады. Жегүредейдің аталары сол еді. Бәрім Шікіреті Қабичи баһадүрдің ұлы — Бекір баһадүрдің баласын Мақа Тұтұн¹⁹⁴ дейтін еді. Мақа Тұтұнның әйелі Номалұннан¹⁹⁵ жеті ұл туады. Тұңғышы — Қачи Күлік, Қачин, Қачиқу, Қачила, Қаралтай, Қачиқұн, Начын баһадүр есімді осы жетеуі еді.

(9-а). Қачи Күліктің ұлы Қайду есімді еді. Қыңыр мінезді¹⁹⁶ болғандықтан Үйекін руы атанады. Үйекіннің аталары сол еді. Қачиқудың ұлы Барылтай есімді еді. Тамақ қалдырмайтын¹⁹⁷ болғандықтан, Барлақ¹⁹⁸ руы атанады. Қачиланың ұлы тамақ қалдырмайтын алып денелі болғандықтан, Иеке Барұла¹⁹⁹ деп атайды. Барұласқу²⁰⁰ руы болады. Ердемті Барла, Төдөген бастағандар Барұластың аталары сол еді. Қаралдайдың ұлдары бұйдадай²⁰¹ араласқан, бас-аяқсыз болғандықтан, Бұдағұн руы болады. Бұдағұнның аталары солар еді.

“эндүүлэх, эндүүрүүлэх” — “жаңылту, жаңылдыру” болса, онда бұл жерде “адастырылған — атастырылған Ұранқай адамы” болады да, жоғарыдағы түсіндірмеде келтірілген “angqan-u pengdegsen jarčyul oγiangda’i” деген де “алғашқы атастырылған жарчғұт Ұранқай адамы” деген сөйлем болар еді.

¹⁹⁴ Мақа Tudun — т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “Мэнэн Тудан”, МҚШ-да “Манан тудун”, Рашид ад-Динде “Менен тудун”.

¹⁹⁵ Nomalun Togūn — МҚШ-да Манан Тудунның шешесі Номалун-еке.

¹⁹⁶ Ömüšig abugi-tu — өктем мінезді болғандықтан, қ. м. АТ-да “Нойан шиг авиртын тул” — “Нойан сияқты мінезді болғандықтан” деп өзгертілген.

¹⁹⁷ Idegenig baγuun — тамақ тауысатын, қоймайтын. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “ховдог” (“қомағай”) деген сөзді қосқан.

¹⁹⁸ Barlay — т. н-да осылай, қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Барулас” деп өзгерткен.

¹⁹⁹ Ieke Baγula — т. н-да осылай жазылған. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Их Барулас” — “Үлкен Барулас” деп өзгерткен. МҚШ-да “Баруладай” деп жазған. Рашид ад-Динде “Urdamci Baγula” деп жазылған (I т. 2, 29).

²⁰⁰ Baγulasqu — т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Барулас” деп өзгертілген.

²⁰¹ Budaγa — т. н-да осылай. Б. Базылхан бұл сөзді боғұдай (көне моңғол тілі), буудай (қазіргі моңғол тілі), қазіргі қазақ тіліндегі атауына (бұйда) салыстыра келе, “боғұдай” сөзінің қалыптасуы — түркі тілдерінен болуы ықтимал. Мәселен, “боғұдан-боғұдай-буудай” сөзіндегі “боғұ” — дән. Моңғол тілінде бұл мағына жоқ” деген болжам айтады (Базылхан Б. Салыстырмалы-тарихи грамматика. 57–58-бб.).

Қашиқұнның ұлы Адарқыдай есімді еді. Ағайын-туыс арасына жік түсіретін, мінезі шәлкес болғандықтан, руы арасында адуын көрінетін. Мұқыр Сағурын бастағандар Адарқын²⁰² руы атанады. Адарқынның аталары сол еді.

Начын баһадүрдің ұлдары Ұрқұтай, Маңқұтай²⁰³ есімді еді. Ұрқұтайдың ұлы Ұрқұт еді, Маңқұтайдың ұлы Маңқұт руы атанды. Ұрқұт, Маңқұттың аталары сол еді. Начын баһадүрдің алған әйелінен²⁰⁴ туғандар Шішіқұтай, Тұқұлқұдай екеуі еді. Шішіқұт, Тұқұлқұт руы атанды. Солардың аталары осылар еді. (9-6). Қайдудың ұлдары Байшыңқор Доқшынын, Чырақай Лиңкуа, Чаучин Өртекей үшеуі еді. Байшыңқор Доқшынның ұлы Тұмбағай сечен есімді еді. Чырақай Лиңкуаның ұлы Сенкүм Білге есімді еді. Сенкүм Білгенің ұлдары Иселей қаған бастағандар Тайчығұт руы болды. Тайчығұттардың аталары солар еді.

Чырақай Лиңкуаның ұлынан туғанның аты Бесүт²⁰⁵ еді. Бесүт руы атанды. Бесүттің аталары солар еді. Чаучын Өртекейдің ұлдары Оронар, Қонқотан, Арүлдү, Сүнід, Қабтұрқат, Кенит Кергестің аталары солар еді. Тұмбағай сеченнің ұлдары Қамқачұла²⁰⁶ мен Қабұл қаған екеуі еді. Қамқачұланың ұлы Бұлтачу баһадүр есімді еді. Бұлтачу баһадүрдің ұлы Мерген сечен еді.

Қабұл сеченнің жеті ұлының алғашқы ағасы — Өкін-барақ²⁰⁷, Бартан баһадүр, Құтұқтұ Мөнкүр, Құтұла қаған, Құлан баһадүр, Төдеген, Қадаған, осы жетеуі еді. Өкін-барақтың ұлы Жүректү Жүрке²⁰⁸ есімді еді. Ұлы Сечен беки, Тайчу екеуі еді. Жүркен руы атанды. Жүркендердің аталары солар еді.

²⁰² Adarqin – адуындар, адуындықтар.

²⁰³ Urqud, manqut – МҚШ-да “Uqu’ut Mangqut oboytan tede bolba”, “Ұрғұт, Маңғұт руы солар болды” деп жазылған.

²⁰⁴ Т. н-да — Abalun gergei — алған келіншегі.

²⁰⁵ Besüt – МҚШ-да “Бесүтей” деп жазылған.

²⁰⁶ Qam qaçula, Kem keçüle – қ. м. АТ-да Сесечүле деп қате көшірілген.

²⁰⁷ Ökin barağ – қ. м. АТ-да Охинбархаг деп жазылған.

²⁰⁸ Jürke – жүрек. Қазіргі моңғол тілінде “зүрх” деп жазылады.

Бартан баһадүрдің ұлы Есүкей баһадүр, Некүн тәйжі, Меңгіті қиа, Мерген Иекетей, Таритай отчығын²⁰⁹ (10-а) осы бесеуі еді. [Бұлар] Сөчікіл үчиннен²¹⁰ туған. Сөчікіл үчин Моңғол тарғучин тарчиғұжин²¹¹ Иесүтейдің қызы екен. Құтұқтұ Мөнкүрдің ұлы Бүри бөке Онанның түнегінде²¹² жүркендермен тойлағанда Белкүтей нойанның иығын шауып тастаған сол еді²¹³.

Құтұла қағанның ұлы Жүчи, Кермиқұ, Алтын үшеуі еді. Үйегет руы болады. Құлан баһадүрдің ұлы Иеке Черен еді. Батай, Кішілік екеуі тарқұттың нойаны сол еді. Қадаған мен Төдеген екеуінде ұрпақ болмаған.

Қамұқ Моңғолды²¹⁴ Қабұл қаған билеп жүрді. Қабұл қағаннан кейін, Қабұл қағанның өсиетімен жеті ұлы бола тұра, тайчығұт Сенкүм Білгенің ұлы Амағар қаған²¹⁵ билік алады. Бұйыр нағұр²¹⁶ мен Күлен нағұр екеуінің арасындағы Ұрұсқұ дарияны²¹⁷ мекендеген ұрық нойан Бұйрағұд²¹⁸ татардың еліне Амағар²¹⁹ қаған

²⁰⁹ Otčiyin – отчүгүн, отчығын, отчигин деп оқылады. Отчығын деген сүрде де түбірі “от, отшы” екендігі дәлелденеді. Ғалымдардың дені “от иесі”, “ошақ иесі” деген мағына беретініне тоқталған (Владимирцов Б. Я. Общественный строй. С. 49, 54.).

²¹⁰ Üçin – Ц. Дамдинсүрэн “фужин деп қытайша қатынды айтады” деп түсіндіреді (МҚШ. 55-бап)

²¹¹ Tarğučin, tarčiyučin. МҚШ-да бұл атау кезікпейді. Н. П. Шастина “туыстық атау болуы мүмкін” деп топшылаған.

²¹² Tüne – “Түн, түнек” қараңғы, қара орман деген мағынаны беретін көне атау.

²¹³ Tere bölüge – бұл оқиға жөнінде кейіннен толық суреттеледі.

²¹⁴ Qamuč Monggol-ig – Қамұқ Моңғолды. XI ғасырдың орта тұсында құрылған Моңғол ұлысының атауы (БНМАУ-ын түүх. 105-б.) Qamuč kiši tuğ ermes: Қамұқ кісі ермес (Қашқари М. ТС. 3-т. 435-б.).

²¹⁵ Амағар қаған – т. н-да осы жерде және осыдан кейін бірнеше жерде “Амағар” деп, содан кейінгілерінде “Амағай” деп жазылған.

²¹⁶ Buiyug nağur – нағұр сөзі қазіргі моңғол тілінде нуур деп жазылып, “Бұйыр көлі” деген мағына береді.

²¹⁷ Ügüsüy. Orusyu – МҚШ-де “Оршуун мөрөн”, “Золотое сказаниде” – “Орусху” деп, дария атауымен, қ. м. АТ-да “урсадаг” – “ағатын” деп жазылған.

²¹⁸ Buiğūy – Ц. Шагдар “Буйргуд” деп жазып, “овгийн” – “руының” деп түсіндірме берген.

²¹⁹ Амағар – т. н-да осылай деп жазылған.

қызын беріп, өзі ұзатып барғанда, татар адамы Чүйдің елі²²⁰ қиат Амағар қағанды ұстап алып, қытайдың Алтын қағанына апарады. Амағар қаған бесүтей Балқачи есімді елшісіне былай деп айтып, жібереді: “Қабұл қағанның жеті ұлының ішінде Құтұлаға айт, менің он ұлымның ішінде Қадаған тәйжіге айт!” — деп, (10-б) бүй дейді: “Қамұқтың қағаны, ұлыстың иесі бола тұра, қызымды шығарып барып, Амағар атыммен татар адамдарына ұсталдым.

Бес саусақтың тырнағы таусылғанша²²¹,

Он саусақтың тырнағы кетілгенше²²²

Кегімді қайтарып, құтқарыңдар”, — деп жібереді.

Сол кезде Бартан баһадүрдің ұлы Есүкей баһадүр Онан дариясында құс салып жүріп, оққұнұт²²³ елінен қалыңдық алып, сауық құрып келе жатқан меркіттің Иеке Чіледүіне жолығады. Арбаға үңіліп қараса, жүзі сұлу қызды²²⁴ көреді. Үйіне келіп, ағасы Некүн тайчы мен інісі Таритай отчығынды бастап, қуып жеткенде, Чіледү қорқып, жүйрік құбасының санына осып, көбелеп²²⁵, алысқа қаша жөнеледі. Соңынан үшеуі шұбыра²²⁶ қуғанда, Чіледү тұмсықты айналып, арбасына қайта келеді. Өгелен үшін бүй дейді: “Тұғағардың үш кісісін көрдің бе, сен?! Ол

²²⁰ Сүй-үй ирген – т. н.-да осылай жазылған. МҚШ-да “айргууд, буйргууд овгийн (айргұт, бүйргұт руының)” делінген.

²²¹ Tabun qıruıud-iyan kimül tatutala, arbun qıruıud-iyan kimül qadudtala – (көне мәтел). Дәлме-дәл аудармасын кездестіре алмадық. Ц. Дамдинсүрэннің аудармасы түпнұсқаға бір табан жақын (МҚШ. 52-бап), біз де соны негіз еттік. “Қадудтала” (шабылғанша) дегенді “барагдтал” (таусылғанша) деп аудару (Ц. Шагдар) күмән туғызады.

²²² Baıatır – т. н.-да осылай. Бағатүр, бақатүр, бағатар деп әрқалай оқылады.

²²³ Olqunut – Әлкей Марғұлан бұл атауды қазіргі қазақтың Уақ руының көне атауы деп түсіндіреді (Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазулары // Жұлдыз. 1984. № 1. 184-б.).

²²⁴ Okın qatın – қыз, қатүн (қатын) деп оқылады. Ханым, ханша деген мағынадағы көне сөз тіркесі.

²²⁵ Qobogı alus – т. н.-да осылай жазылған, с.с. көбере, кенере, алысқа.

²²⁶ Otagaridi-in – т. н.-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “цувалдан” — “шұбырып” деп аударған.

кісілердің түстері адам шошырлық екен. Жаныңа қас қылатын, ессіз кісілер екен. Есен-сау қалсаң, қараға²²⁷ сайын қатындар, күйме сайын қыздар бар. Мен сияқты өңдісін табарсың. Есімі басқа кісі кезіксе, Өгелен деп ата! Сен жаныңды қорғап қаш. Құр иісімді иіскеп (11-а) жүр!” деп көйлегін береді, оны ат үстінен еңкейіп алғанша, арт жағынан ағайынды үшеуі тұмсықты айналып келіп қалады, Чіледү қорқып жүйрік құбасын қамшылап, Онан дариясын өрлеп қашып кетеді. Соңынан жеті бел асқанша қуып, жете алмай, қайтып келіп, Есүкей баһадүр Өгелен үчиннің делбесін²²⁸ ұстап, ағасы Некүн тайчы бастап, інісі Таритай отчығын түйені көс-көстеп²²⁹ келе жатқан тұста, үчин-еке²³⁰ қатты дауыстап жылап айтқаны:

“Ағам менің²³¹ — Чіледү,
Жел өтіне кекілін²³² желбіретіп,
Құла түзде кенезесін кептіріп жүр-ау,
Енді қайтейін, мен!” —

деп, қалталы²³³ қос бұрымын бірде арқасына, бірде кеудесіне тастап, “қалай қалдырып кетейін?!” — деп,

Онан дариясын толқыта,
Орман-тоғайды шулата

²²⁷ Qarağa – көне сөз. Ц. Шагдар “өлжиг”(күйме) деп аударған. Моңғолдың халық әнінде: “Харалдайхан тэргэн ээ, айлынхан дунд аа...” — Қаралдайлы арба ей, ауылыңның ортасында деп айтылады.

²²⁸ Delbege – көне сөз, қ. м. АТ-да “цулбуур” (шылбыр) деп түсіндірме берген. Қазақта ат арба тізгінін делбе дейді.

²²⁹ gilejü – қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында “гийлэх” (малды дауыстап айдау). Бұл жерде “гилж” дегені түйені жетелеудегі “көс-көстеу” немесе “шөк-шөк, жылан жатыр шөк!”, деп бұлардың қия жерде келе жатқанын білдірген сияқты. МҚШ-да бұл сөз айтылмаған.

²³⁰ Üçin yeke – Үчин шеше, Бегім шеше.

²³¹ Aqa mını – с.с ақа менің, ағам менің. Ақатайым, ағатайым.

²³² Kekül – с.с. кекіл.

²³³ Šibelere – бұрым қалта, әйелдердің қос бұрымын өріп салатын безендірген қалта. Дархад, өөлд, захчин, ховог рулары қазір де қолданады.

қатты дауыстап жылап келе жатқанда, даритай отчығын қатарласа келіп, бүй дейді:

“Тебінгенің — кезең асу көп астық,
Жылағаның — өзен-судан көп өттік.
Жыласаң естімес,
Қарасаң көрінбес,
Жым бол²³⁴ енді!” —

деп жұбатады. Өгелен үчинді Есүкей баһадүрдің алған жайы осылай еді.

(11-б) Амағар қаған Қадаған, Құтұла екеуінің атын атағандықтан, Қамұқ Моңғол тайчығұт Онанның Қорқоқ жібүрінде²³⁵ Құтұланы қаған етеді. Қадағанды тәйжі болдырады. Моңғолдарды тізелері жерге тигенше тепкілетеді²³⁶. “Амағар қағанның өшін алайық!” деп Құтұла қаған мен Қадаған тәйжі екеуі татар еліне шерік²³⁷ алып аттанып, татардың Көйтен Барқа баһадүр²³⁸, Төмүчиндер²³⁹ мен Қорыбұға, Жарибұғай бастаған татарлармен он үш мәрте шайқасып, “Амағай²⁴⁰ қағанның өшін өштеп, кегін кектеп ала алмадық!” — дегенде, Күдей сечен бүй дейді:

“Амағай қағанның он ұлы тыңдаңдар!
Адырлы таудан ауларсыңдар, сендер
Арқар, құлжаны өлтірерсіңдер, сендер

²³⁴ Sem bol — с.с. сем бол, жім бол — жым бол. Екі тілде де бірдей.

²³⁵ Qorqoq jigür-e — Қорқоқ қанатында немесе Қорқоқ қапталында. Ц. Дамдинсүрэн “Хорхунагийн хөндий — Қорқунақтың ойпаты”, Ц. Шағдар “Хорхоног жибүүрт — Қорқоноқ жибүрде” — деп қолданған.

²³⁶ Ebüdüg-eşe ölekü boltala debsebei — тізелерінен артық болғанша тепкіледі. Бұл “тізелері талғанша биледі, тойлады” деген мағынаны білдіреді.

²³⁷ Ğirig — шіріг, шерік. әскер.

²³⁸ Köiten Barqa baatur — т. н-да осылай. МҚШ-да “Kötön-Varaqa” деп жазылған.

²³⁹ Tömücin — т.н.-да осылай, жазба деректерде: Төмүчин, Темучин, Төмүчин, Темужин деп әр түрлі жазылады.

²⁴⁰ Amaqai qayan — Амақай қаған, т. н-да осылай жазылған.

Арқар, құлжаның етін
 Бұзып, бөліспес бұрын
 Қырылысып²⁴¹, қырқысып, кетерсіңдер, сендер.
 Бұлыңғыр таудан ауларсыңдар, сендер
 Бұғы, марал өлтірерсіңдер, сендер
 Бұғы етін
 Бұзып, бөліспес бұрын
 Бытырап, қырқысып кетерсіңдер, сендер.
 Тастақ, шөлдерден ауларсыңдар, сендер
 Құлақты жирен өлтірерсіңдер, сендер
 Құлақты жиреннің етін
 Бұзып, бөліспес бұрын
 Шабысып, атысып кетерсіңдер, сендер!

Анау, Қабұл қағанның жеті ұлының мінез-құлқы былай еді:

Қырқа жоннан аулайды, олар
 Қашаған елікті өлтіреді, олар
 Қашаған еліктің етін
 (12-а). Бұзып, бөлісіп аларда
 Тойлап, ізет қылайық десіп;
 Құт береке тілеп, тарқасады, олар.
 Мұнарлы таудан аулайды, олар
 Күдір киікті өлтіреді, олар
 Күдір киіктің етін
 Бұзып, бөлісіп аларда,
 Қадірмен ас қылайық, десіп,
 Қалаулы жақсы сөздер айтып,
 Тарқасады олар.
 Толқынды өзеннен аулайды, олар
 Қоян, қырғауылды өлтіреді, олар
 Қоян, қырғауылдың етін
 Бұзып, бөлісіп аларда

²⁴¹ Alaldun – өлісіп, өлтірісіп, қырылысып.

Сиынып, қадір тілесіп,
 Татымды жақсы сөздер айтып,
 Тарқасады, олар.
 Сендер — Амағай қағанның он ұлы
 Құлық, мінездерің жаман
 Құл қараша боларсыңдар, сендер!
 Ан-ау Қабұл қағанның жеті ұлы
 Татулықтың қуатында
 Қамұқ елдің қағаны
 Ұлыстың иесі болады.
 Сендер мені — жаман
 Алжыған қарияны, сөйледі деп,
 Жек көрмеңдер!
 Сендер — ағалар, бауырлар
 Амырақ²⁴² болып тату жүріңдер!” —

деп айтқан екен.

Есүкей баһадүр Татардың Төмүчин, Қорыбұға бастаған татарларын жеңіп келген сол тұста Өгелен үчиннің аяғы ауыр болған екен. Онанның Делігүн Болдығында²⁴³ отырғанда, қара жылқы жылының²⁴⁴ жаздың алғашқы айының он алтысында кері қызыл күні, (12-б) күндізгі жалын шақта²⁴⁵ Шыңғыс²⁴⁶ қаған туады. Туылғанда оң қолына асықтай ұйыған қара қанды шеңгелдеп туған деседі²⁴⁷. Шашу тойында²⁴⁸ татардың Төмүчинін алып

²⁴² Амгау — Амрақ, М. Қашқари сөздігінде “Сүйген дос. Амрақ көңүл — сүйген көңіл, сүйген жүрек дегенді білдіреді” деп жазылған (Қашқари М. ТС. 1-т. 131-б.).

²⁴³ Deligün Boldūy, Doloγan boltoγ-ud — деп жазылады, Жеті төбелер немесе Дологон төбелер. Моңғолтанушылар “Жеті төбе” Төмүчиннің туған жері, Онанның сағасы деп түсіндіреді. Бұл қазіргі Хэнтій аймағының Дадал сұмынының жері (БНМАУ-ын түүх. 1972. 112-б.).

²⁴⁴ Qara moγin jil-un — 1162 жыл. Моңғол жыл санауымен үшінші жаранның су текті қара жылқы жылы (Амар А. МТТ. 101-б.).

²⁴⁵ Döli čayta — Жалын шақта (түс мезгілі).

²⁴⁶ Činggis — т.н.-да осылай жазылады.

²⁴⁷ Törüküi-dür-iyen barayun γar-tur-iyan sayai-yin tebüi qara pōjin-i atγun töröbe gebe — туғанда оң қолына асықтың көлеміндей қара ұйыған қан уыстап туды дейді.

²⁴⁸ Baiγar mīliyaγu-t — той тойлағанда, шілдехана.

келгенде туды деп, темір бесікке бөлеп, Төмүчин деп атаған жөні осы екен.

Шыңғыс қаған туып, жеті күн өткеннен кейін, мұхит аралының ішінде²⁴⁹ бір қаралтым құс, күр қара тастың²⁵⁰ үстінен күн бағытымен айналып, үш күн бойы шақырады. Есүкей баһадүр:

“Бұл бір нысаналы²⁵¹ құс болды-ау” — деп,
 Сол қара тасты шағып көрсе,
 Алтын таңба көрініп,
 Аспанға ұшып кетеді.
 Сол тас қайта бұрынғы қалпымен бітіп,
 Сол құс қайта бұрынғы қалпымен шақырады.
 Қайта шақса, күміс таңба көрініп,
 Мұхитқа түсіп кетеді.
 Сол тас қайта бітіп,
 Сол құс қайта шақырғанда,
 Есүкей баһадүр бүй деп:
 “Мына туған ұлда да,
 Мына қаралтым құста да
 Бір нысана бар-ау!” — деп,
 Сол тасты шағып көрсе,
 Ішінде қасбұға таңба²⁵² бар екен.
 Алып келіп, қастерлеп,
 Қылша, шырағдан жағып²⁵³ отырғанда,
 (13-а) Сол қаралтым құс түңлікке қонып,
 “Шыңғыс, Шыңғыс” деп шақырады.

²⁴⁹ Dalain qoiy dotor-a – Мұхит аралының ішінде.

²⁵⁰ Kūgū qara čilayun – Күр (күжір) қара тас. Бізден бұрынғы аудармалар, “жартас” деп аударылып, қалыптасқан. М. Қашқаридің сөздігінде “Күр ер” деген сөз тіркесіне берілген түсіндірмеде: “Kim kug bolsa kövez bolur” деген көне мақал келтірілген (Қашқари М. ТС. 3-т. 383-б.).

²⁵¹ Nigen belge-tū šibayun – бір белгілі құс, бір нысаналы құс, бір киелі құс.

²⁵² Qasbu’a – қасбұға таңба. Юань ұлысынан жалғасқан мемлекеттік таңба.

²⁵³ Kūji (діни) – сөздікте “қылша” деп аударған (Базылхан Б. ҚМС. 1977. 204-б.).

Сол құстың дауысы шыққан себептен,
Шыңғыс қаған деп атаған екен.

Дәл солай тоқайласқан лама Сақианың Ғұңға Ниамбуы болған. Сол ламаның жарлығымен Есреу атты қаланың сол жақ қақпасының тұсында екі лавар²⁵⁴ жерде Далай дағұрсақүй²⁵⁵ атты сүме тұрғызады²⁵⁶.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған²⁵⁷ қырық бес жасында хан тағына отырды²⁵⁸. Сол Шыңғыс қаған бес түсті, төрт жат ұлыстан бастап, жамбутивтің үш жүз алпыс бір әулеті, жеті жүз жиырма тілді ұлыстан алым-салық алып, қолы жерге, аяғы кеңге созылып, тыныштық құрып, Чакраварди қағандай даңқы артады.

Бұрқан нирванаға айналып, үш мың екі жүз елуден астам жыл өткеннен кейін данышпан Боғда Шыңғыс қағанды туылар тұста жамбутивтің әлемінде он екі сүмпайы қаған туылып, барша жан-жануар аса толқып қиналған тұста, құзырлы Шигмуни Бұрқанға чакраварди беріліп, жалынды Есрүн тәңірдің²⁵⁹ құбылған бейнесі — данышпан Боғда Шыңғыс қағанды мына жамбутивтің (13-б) жан-жануарларын басқартуға жібергенде, барша жұртты бейқам қалмасын деп, үш жыл бұрын Сақианың Ғұңға Ниамбу ламасы жарлық етіп: “Жоғарыдағы тәңірдің бұйрығымен шын жүректі, асыл текті²⁶⁰, Боғда Шыңғыс қаған туылады. Баршаның билеушісі

²⁵⁴ Labar – сөздікте: 1. балауыз ағаш, 2. әшекей шымылдық деп аударған. (Базылхан Б. МКТ. 289-б.).

²⁵⁵ Dalai dağurisaqui – “теңіздей даңқы өшпес” деген мағыналы атақ.

²⁵⁶ Süm-e bosagaba – Бұл сүменің қалай тұрғызылғаны жөнінде арнайы жазылған дерек “Шара туужда” айтылады. Л. Түдэвтің “Оройгүй сүм” кітабында кеңінен әңгіме етіледі.

²⁵⁷ Sutu boğqa Ğinggis qağan – орыс тіліне “обладающий величием” деп аударылған. Бұл “Суту Боғда” деген сөз тіркесінің толық мағынасын ашып бере алмайды. “Суту- суут- суутай” сөзі – “даңқты, даңқы асқан данышпан” деген мағына береді. “Боғда” сөзі – “Бог”, “Жаратушы-Ие” деген атаулар сияқты жан-жақты, терең мағынаны қамтыған діни атау.

²⁵⁸ 1206 ж.

²⁵⁹ Esüren tengir – аспан тәңірінің бірінің атауы.

²⁶⁰ Ğindamanı – асыл, ардақты деген ұғым береді.

сол болады!” деп, қытайдың Илишида Шигү, Би Ба есімді екі адамына Бұрқан Қалдунға қызыл тасқа бітік²⁶¹ жаздырады. Шыңғыс қағанға жоғарыда Шигмүни бұрқаннан Чибанкирид²⁶² беріліп, төменде Нанди уба Нанди лус-тың²⁶³ қағанынан қасбұға таңба шығарылып берілген себебі сол екен.

Есүкей банадүрдің Өгелен үчинінен туылғандар Төмүчин, Жүчи Қасыр, Қачигү, Төмүге отчығын осы төртеуі еді. Төмөлен есімді бір қыз болған екен. Төмүчин тоғыз жаста болғанда, Жүчи Қасыр жеті жаста екен. Қачигүн бес жаста болғанда, Төмүге отчығын үш жаста екен. Төмөлен бесікте екен. Есүкей банадүрдің тағы бір әйелі Сөчікіл енеден туылғандар Бектер, Белкетей екеуі еді.

Есүкей банадүр Төмүчинді тоғыз жасқа толғанда²⁶⁴, Өгелен үчиннің төркіні олқунұт елінен қыз сұрайын деп, Төмүчинді алып аттанады. Барып, Чекечер (14-а), Чиқүрү екеуінің арасында қоңыраттың²⁶⁵ Дей сеченіне жолығады. Дей сечен: “Есүкей құда²⁶⁶ қайда барасың, сен?” — дейді. Есүкей банадүр: “Мына ұлыма нағашылары олқунұт²⁶⁷ елінен қыз сұрайын деп келемін” — дейді. Дей сечен бүй дейді:

“Ұлың көзінде отты,
Бетінде шуақты ұл екен²⁶⁸.”

²⁶¹ Bidun-tur bičibeі – бітік жаздырды. т. н-да bidun-t-бітік сөзін “šavšau” — “шауып” деп түсіндірген.

²⁶² Čibaenggerid – Буддадан жалғасқан тәңірдің әмірі.

²⁶³ Lus – giyul – жер астында тұратын зұлым пері атауы.

²⁶⁴ 1171 жыл.

²⁶⁵ Qonggirat – т. н-да осылай жазылады. Ежелгі тайпа. Қоңырат тайпасының таңбасы “П” — босаға (Пэрлээ Х. Монголын түмний гарлыг тамгаар хайж судлах нь, Улаанбаатар, 1976, 192-б.).

²⁶⁶ Quda – т. н-да осылай “құда” деп жазылған. Қазіргі моңғол тілінде де осылай қолданылады. Шығармада осы тұста ғана Есүкейге қатысты қолданылған.

²⁶⁷ Naγaču-nar olūpid – нағашылары олқунұт. Егер Әлкей Марғұланның олқунұтты уақ деп түсіндірген дәлелі рас болса, мұндағы “нағашылары олқунұт” деген сөзде осы қисын бар.

²⁶⁸ Köbegün čin-u, Nidün-tur-iyen, qal-tu, Nigur-tur-iyen gerel-tü köün — көне мәтел. Ұлың көзінде отты, бетінде (жүзінде) шуақты ұл екен. МҚШ-да дәл

Есүкей құда мен түс көрдім. Өткен екі түн ақ сұңқар күн мен айды шеңгелдеп ұшып келіп қолыма қонды. Бұл түсімді адамға айтпаған едім. Мен күн мен айды көзбен көретін шығармын. Енді, мына сұңқар [шуақ] шеңгелдеп келіп, қолымды ақ нұрға толтырды. Не жақсылық көрмек екенмін?! Несі де болса, сұңқары — сіздің Қиат елінің киесінен келіп көрінген екен.

Біз — Қоңырат елі ежелден:
 Бөтен ұлыспен жауласпай
 Беті сұлу қызын
 Қаған болған сіздің
 Қасақ арба²⁶⁹ міндіріп,
 Қара бура жектіріп
 Желдірте барып
 Қатындардың тағына
 Қатар отырғызар еді.
 Ұлыс елмен жауласпай
 Өңі жақсы қызын
 Күймелі арбаға міндіріп
 Аш бура жектіріп
 Сауық құра барып, (14-б)
 Биік тақтың
 Бір шетіне отырғызар еді!
 Ерте күннен біздің Қоңырат елінің
 Жүзі сұлу қатындары²⁷⁰,
 Өңі жақсы қыздары болған.
 Жиендері түсті,
 Қыздары өңді болған.

осылай жазылған. Моңғолдың ауыз әдебиетінде көптеп кездеседі. Ш. Гаадамба бұл мәтел ауыз әдебиетінен МҚШ-ға енген деген ұсыныс айтады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 106-б.).

²⁶⁹ Qasaq terigen — қасақ арба. Аудармашы Ж. Хамай осылай “қасақ арба” деп берген. Көне моңғол тілінде “qasaq” деген ошақтың құрсау темірі, қарын темірі. Демек “qasaq terigen” дегеніміз құрсау темірлі арба дегенге саяды (Ғылыми редактор).

²⁷⁰ Qaṣar you-a qatad-tai — беті сұлу қатынды.

Ұл баламыз елін күзеткен,
Қыз баламыз жүзін көрсеткен²⁷¹!

Есүкей баһадүр құда, қызым кішкентай еді, үйіме барып көріңіз!” — деп үйіне түсіреді.

Қызын көрсе,
Көзінде отты,
Бетінде шуақты.
Қызды көріп,
Көкейіне қондырды²⁷².

Төмүчиннен бір жас үлкен әпеке²⁷³, он жаста екен. Бөрте есімді екен. Түнде қонып, ертеңінде қалап еді, Дей сечен бүй деді:

“Көбірек қалатып берсе,
Қадірлі болар,
Азырақ қалатып берсе,
Мазаққа қалар!

Қыз баланың тағдыры — туған есігінде қартаю емес²⁷⁴ екен. Мен қызымды берейін. Ұлыңды — күйеу баламды тастап кет!” дегенде, “Жә!” десіп құда болады.

Есүкей баһадүр: “ұлымды күйеу жұртына²⁷⁵ тастап кетейін. Ұлымның иттен шошитыны²⁷⁶ бар. Шошытпа!” — деп, жетек атын тартуға беріп, Төмүчинді күйеулікке тастап кетеді.

²⁷¹ Nugun köüd manu puntuy yara-iyu, ökin köün manu öngge üjügüliüy — Бұл мәтел аталық дәуірдің жат рудан әйел алатын салтын сақтаған аталық сөз. Рудың барлық ұлдары жат қыз алып үйленетіндіктен, ата-бабасының жұртын қарап (күзетіп) елінде қалады екен (*Гаадамба Ш. МНТСЗА. 108-б.*).

²⁷² Oindo ogugulju — “көкейіне кіргізді” деген сөз тіркесі. Бұл сөз тіркесі шығармада көп қайталанады. Біз “көкейіне қондырды” деп қолданамыз.

²⁷³ Negen nasun eke eceqen — бір жас үлкен, әпеке.

²⁷⁴ Ökin gümün-ü jaiayan töreksen egüden-tür ötölkü ügei — Монғолдың көне салтына негізделген көне мәтел. Көне монғолдарда ұлтабардың ұшын қыз балаға берсе, босағада отырып қалады деген ырым болған. Жоғарыдағы мәтел осы негізде айтылған (*Гаадамба Ш. МНТСЗА. 109-б.*).

²⁷⁵ Köbegüd-iyn kürged-ta — ұлымды күйеу жұртына.

²⁷⁶ Köbegüd-minu poqai-aşa — Бұл жерде “аруақты адамға ит өш болады-мыс” деген наным айтылған.

(15-а) Есүкей баһадүр қайтып келе жатқан тұста Чекчердің Шира кегерінде²⁷⁷ қатты шөліккеп, татар әулетінің тойына түссе, олар ертеден бергі жаулары екен. “Есүкей қонон²⁷⁸ келді!” деп ертеде жеңілгендерін кектене еске түсіріп, өштікпен сусынына у қосып береді.

Жол бойы ауырып, үш күн жүріп, үйіне келіп, қатты сырқаттанған Есүкей баһадүр бұй дейді: “Менің ішім жаман [ауырып] тұр. Жақын маңымда кім бар?” — дегенде, Қоңқотанның Чирқа ебүгенінің²⁷⁹ ұлы Менілік: “[Мен] жақын тұрмын!” — дейді. Есүкей баһадүр оны шақырып алып: “Чағам²⁸⁰ менің Менілік, ұлым кішкентай еді. Мен ұлымды — Төмүчинді күйеулікке қалдырып, қайтып келе жатқанда, жол бойында татар адамдары тойлатып жатыр екен. Шөліккеп [сусын ішейін деп], түсіп едім. Өштелдім. Ішім жаман ауырып тұр. Қаршадай қалған бауырларыңды, жесір жеңгелеріңді қалай асырауды сен біл. Ұлым Төмүчинді тез барып алып кел. Чағам менің, Менілік!” — деп, демі бітеді. Есүкей баһадүрдің сөзін жерге тастамаған Менілік аттанып, барып Дей сеченге: “Есүкей ағай Төмүчинді қатты сағынып, өзегі талды. Төмүчинді алып кеткелі келдім, мен!” — дейді. Дей сечен: “Құда ұлын сағынған болса, барсын. Тез көріп, тез қайтсын!” — дейді. Менілік Төмүчинді алып келсе, Есүкей баһадүр тәңір болыпты²⁸¹. Төмүчин жерге етбетінен құлап жатып, қатты қайғырғанда, Қоңқотанның Чирқасы жұбатып, бұй дейді:

²⁷⁷ Kegerge — түзде, далада, керіде, кері далада.

²⁷⁸ Qiuyan — т. н-да “өштес” деп түсіндірме берген, қазіргі моңғол тілінің қолданысында жоқ. Қалқа аңыз ертегілерінде осыған ұқсас “Ердене Қауан Союо” деген дастанда айтылады. “Қақпан”, “қақпан — жауыз” дегеннен пайда болуы мүмкін. Немесе, Абайдың өлеңіндегі “қиядан шауып” дегенге ұқсас.

²⁷⁹ Ebügen — Ебүген — моңғолша övgön “өвгөн” — “қария” сөзінің көне түрі. Шығарманың кей тұстарында атақ-дәреже тұрғыда қолданған. Сондай тұстарын біз аудармай қолдандық.

²⁸⁰ Саға — балам. Қазақ тілінде бала-шағам деген үлгіде сақталған. Қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ.

²⁸¹ Tengri bolugsan-tur — өліпті, өлді дегенді осылай — “тәңір болыпты” деген. Қазіргі кезде де моңғолдар өлімді осылай: “э, хөөрхий тэнгэр болж дээ” — “е, байгүс-ай тәңір болыпты-ау” деп астарлап айта береді. Бұл тым көнеден жалғасқан сөз тіркесі болса керек.

“Табан балық сықылды, неліктен
Табансыз қайғырасың, сен
Тұғұрға шерікті бекітейік²⁸² деп,
Келіскеніміз қайда?!
Теңбіл балық сықылды, неліктен
Діңкеңді құртып қайғырасың, сен
Нармай ұлысты²⁸³ құрайық деп,
Келіскеніміз қайда?!” —

деп айтып еді, қайғырып жылағанын тоқтатты.

Сол көктемде Амағай қағанның қатыны Өрбей²⁸⁴, Қоғатай²⁸⁵ екі қатын ұлы аураққа²⁸⁶ жиналған тұста²⁸⁷, Өгелен үшін кешігіп

²⁸² Tugurg-a šerig-yügen bekiley-e – тұғырлы шерікті бекітейік, тулы шерікті нығайтайық. МҚШ-да Ц. Дамдинсүрэн “торгон цэрэг-ээ” — “торғын (ханның) шерігін” деп түсіндірген. Біздің ойымызша, бұл сөз көне түрік тіліндегі “түрүг” — “бекініс, қорғаныс” сөзінің “туырлық” — “қалқа, бас қалқа, қорғаныс қалқа”, болып өзгерген аталымы — “туырлық шерік, қорған шерікті құрайық” деген сөз тіркесі. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “туурга цэргээ” — “туырлық шерікті” деп жазған. Шерік сөзінің де көне бір мағынасы — “бекініс” болғаны Махмұт Қашқари сөздігінде бар (М. Қашқари. ТС. 1-т.).

²⁸³ Narmai ulus – Ежелгі моңғол мемлекетінің атауы. “Нармай” деген моңғол тілінде “ұлы, еңселі” деген мағына береді.

²⁸⁴ Örbei – т. н-да осылай жазылған. Қ. м. АТ-да “Үрбэй”, МҚШ-да “Орбай”.

²⁸⁵ Qogatai – т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да “Сукадай”, МҚШ-да “Сохатай” деп жазылған.

²⁸⁶ Yeke igayu – бұл сөзді Ц. Дамдинсүрэн “Их Ауруг” — “Ұлы аурақ” деп жазып, оны моңғол хандығының ұлы ордасы болған жер деп түсіндіріп, сол орданың қазіргі жұрты жөнінде “... Тосон көлінен шығыс оңтүстікке қарай 5 шақырым жерде, “Аваргын гол” (“Аварга өзені”) дейтін бұлақ батыс оңтүстікке қарай беттеп, Тоно тауының теріскейімен ағады. Аваргын өзенінің жағасында Хэнтэй аймағының Дэлгэрхан сұмын орталығы бар. Дэлгэрхан сұмыны орталығының батыс оңтүстігінде “Аваргын рашаан” (“Аварганың арасыны”) деген ащы сулы бұлақ бар. Осы арасан бұлақтың сыртындағы (солтүстігіндегі) дөңесте ежелгі қаланың орны бар. Осыларды 1951 жылы аралап көріп мен Аварга деген атау 13-ші ғасырда болған Моңғолдың ордасы “Аураг” деген ұсыныс жасаған едім. “Аураг” деген сөз ескіріп, моңғолдың ауызекі тілінде өзгеріске ұшырап, “Ұлы” деген ұғым беретін “аварга” деген сөз болып өзгеріпті” деп жазады (Монголын нууц товчоо. УБ., 2004. 16-б.).

²⁸⁷ Yeke igayu qarju aqiu-tur – “Ұлы аураққа қарап (күзетіп) тұста” деген мағынасыз сөйлем пайда болады. Себебі: мұндағы “харжу” — “қарап” деген сөз

барып, Өрбей, Қоғатай шығарған астан қағылады. Өгелен үшін Өрбей, Қоғатай екеуіне: “Есүкейімді өлді деп, ұлдарымды үлкенге елемей²⁸⁸, ұлылардың несібе сарқытынан²⁸⁹ неліктен қалдырдыңдар, сендер. Көріп кетіп, ескертпей, тастап көшетін болдыңдар!” — дейді. Ол сөзге Өрбей, Қоғатай екі қатын бүй дейді: “Амағайды өлді деп, Өгеленнен осындай [сөз] еститін болдық:

Шақырып бермес жол сенікі,
Кезіксе жейтін жөн сенікі, (16-а)
Жеткізіп бермес жол сенікі,
Жетсе, жейтін жөн сенікі,

Мына шеше мен ұлдарын жұртқа тастап, көшейік, біреуін де алып жүрмеңдер!” — деп, келесі күннен тайчығұт²⁹⁰ Онан дариясына қарай [қозғалып], Тарқұтай Кірілтұқ, Төдеген Кертелер үйлерін алып, Өгелен үшін шеше мен ұлдарын жұртқа тастап көшеді. Қоңқотанның Чирқа ебүгені²⁹¹ барып азғыру айтқанда, Төдеген Кертесі:

“Шалқар су тартылды,
[Шақпақ] тас жарылды²⁹²” — деп,
Чирқа ебүген сен “қалай-қалай азғырасың!” —

деп, арт жағынан қолтық тұсына найза тығып алады. Чирқа ебүген жарақат²⁹³ алып, үйіне келіп, қатты қиналып жатқанда, Төмүчин

т. н-да қате жазылған. Дұрысы “хүрүжу” — “жиналып” болса керек. Сонда ғана “Ұлы аураққа жиналып жатқан тұста” деген мағыналы сөйлем пайда болады.

²⁸⁸ Үеке үлү болқи-аға — Үлкендерге қоспай деген мағынадағы көне сөз тіркесі.

²⁸⁹ Sarqad, сархад — бұл сөз қазақ тілінде көне мағынасымен, моңғол тілінде екі мағынада сақталған: 1. сархад — шарап, сусын. 2. хишиг сархад — нәсіп, үлес.

²⁹⁰ Тайчиғут — т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “Тайчууд” — “тайчудтар” деп жазылған.

²⁹¹ Ebügen — қария, ақсақал. Бұл атау құрмет білдіру мағынасында беріліп, өзге тілдердегі жазбаларда өзгертілмей қолданылатындықтан, біз де аудармадық.

²⁹² Şegel usan şeyüen nidirliуа, şilayın şarlıуа — көне мәтел. Шалқар су тартылды, шақпақ тас (Гаадамба Ш.) жарылды. Қазақтың жыраулық дастандарындағы “Еділ тасып, емен жарылды!..” дегеніне ұқсас.

²⁹³ Jarat — т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “шархтай” — “жаралы” деп қазіргі моңғол тіліне аударған. Алайда түпнұсқада “жара” — “жара”, “жарат” — “жарақат” деп қазақ тіліне жақын жазылған.

көргелі келеді. Сонда Чирқа ебүген: “Жақсы әкеңнің құраған Бида²⁹⁴ түгел ұлысын, тайчығұт аға-бауырың [бүлдіріп] көшкенде, тоқтау айтуға барып, өстіп қалдым, мен!” — дейді. Бұл сөзге Төмүчин жылап шығып кетеді. Сонан Өгелен үшін адамдарын алып, көшкендердің соңынан барып, кейбір елді азғырып тоқтатқанымен, ел тұрақтамай, тайчығұттардың соңынан көшіп кетеді. (16-б). Тайчығұт ағайын туыстары Өгелен үшін жесірді, кішкентай жетім ұлдарды жұртқа тастап, көшіп кеткенде:

Мерген²⁹⁵ боп туған, Өгелен үшін
 Жетім ұлдарын асырап,
 Тарта буынып, тастай түйініп²⁹⁶
 Онан дариясына қарай ерте жүгіріп,
 Бүлдірген, мойыл теріп,
 Күндіз-түні тамағын асырады.
 Сүлдерлі²⁹⁷ туған Өгелен шеше,
 Даңқты ұлдарын асырап,
 Қайқы істік ұстап,
 Қышан, сөде қазып,
 Күні мен түнін өткізді.
 Қатын туған үшін шеше,
 Қаған ұлдарын асырап,
 Шегіршін істік ұстап,
 Қалдунға қарай жүгіріп,
 Шегіршін, жауқазын қазып,
 Қанғанша, тойғанша жегізіп асырады.
 Әдепті туған үшін шеше,
 Нәсіпті туған ұлдарын асырап,
 Сай, суды қалдырмай,

²⁹⁴ Bida – Бег “Бида ұлысы” дегенді А. Амар: Моңғол ұлысының көне атауы деп түсіндіреді (Амар А. МТГ. 46–59-бб.).

²⁹⁵ Mergen – бұл жерде ақылды, данышпан деген мағынада қолданылған.

²⁹⁶ Örnitele boytalaǵu, pögçitele büseleǵü – көне мәтел. “Тарта боқталап, тастай буынып”. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “дээлийн хормой шуун бүсэлж” — “шапанның етегін қайыра буынып” деп аударған.

²⁹⁷ Süldertei – т.н.-да осылай жазылған, с.с.- сүлдерлі.

Жатқас²⁹⁸, бек қазып,
 Әдеппен ұлдарын асырады.
 Қоға туған Өгелен үшін шешей
 Құтты туған ұлдарын асырап,
 Өзен, тасты қалдырмай,
 Қойжуа, жауқазынмен асырады.
 Қоға үшін шешейдің,
 Қойжуа, жауқазынмен асыраған ұлдары,
 Құтұқтү²⁹⁹ сәйт болып өсті.
 Қатын үшін шешенің,
 Шегершін, жауқазынмен асыраған ұлдары,
 Қаған, сәйт болып өсті.
 (17-а) Сүтті үчиннің
 Сөде, қышанмен асыраған ұлдары,
 Сұлделі сечендер болып өсті.
 Әдепті туған үшін шешенің
 Жатқас, бекпен асыраған ұлдары,
 Затты сәйт болып өсті.
 Ер сәйт болып жетіліп,
 Қасиетті сусынды³⁰⁰ іздейік десіп,
 Шеше мейірімін қайтарып,
 Ілгек қармақ ұстап,
 Ана-Онанның жағасына отырып,
 Ұсақ-түйек балық қармақтап,
 Инемен ілдіріп,
 Балдыр ішіндегіні
 Ұмтыла қармақтап,
 Көлкек ау байлап,

²⁹⁸ Šatgasun – т. н-да осылай. Қазіргі моңғол тілінде “затгас” деп жазылады. А. Амар МҚТ-да “затгасун” сөзіне “чанасан” — “қайнатқан” деп түсіндірме берген. Соған қарағанда бұл жерде кәді жатқас болуы мүмкін.

²⁹⁹ Qutug-xutaгt – 1. бақты, құтты, бағы бар. 2. (діни) әулие, киелі, қасиетті, ардақты (Базылхан Б. МҚТ. 633-б.).

³⁰⁰ Erkün undan – эрхэм уаңдаан — (дни) мәңгілік су, қасиет суы.

Ұсақ шабақты сүзіп,
Жіче³⁰¹ шешесін әлпештеп асырады.

Бір күні Төмүчин, Қасыр, Бектер, Белгетей³⁰² төртеуі қатар отырып қармақ салғанда, қармаққа бір мөлдір айбалық түседі. Оны Төмүчин [мен] Қасыр екеуінен Бектер, Белгетей тартып алады. Төмүчин, Қасыр екеуі үйіне келіп, Үчин шешеге бұй дейді: “Кеше бірде торғай қадағанымызда³⁰³ тағы тартып алып еді. Енді тағы да қармақ қапқан мөлдір айбалықты аға-бауырлар Бектер [мен] Белгетей тартып алды. Қандай ағаттық қылдық, біз?!” — дейді. Ол сөзге Үчин шеше бұй дейді: [Қарсы] “Ештеңе қылмаңдар. Ағалар, бауырлар³⁰⁴, неге солай (17-б) айтысасыңдар,

Көленкеден өзге нөкер жоқ,
Құйрықтан өзге шаншар³⁰⁵ жоқ.

Анау тайчығұт — аға-бауырлардың қайғысы қинап тұрғанда, кім құтқарады³⁰⁶. Ертедегі Алұң Қоғаның бес ұлы сияқты неліктен бірліктерің өзгерді?! Олай қылмаңдар!³⁰⁷ — дейді. Ұлдары еш үн қатпайды. Есікті тарс жауып шығып кетеді. Бектер ұлқұн³⁰⁸ үстінде сары ақталы³⁰⁹ тоғыз атын қарап отырған екен. Төмүчин

³⁰¹ Jiçe — т. н-да осылай жасылған, Ц. Шагдар “заяат” — “бұйыртқан” деп өзгерткен. Бұл қазіргі ойрат моңғолдың қошуыт руының сөз қолданысында “жиче” — “шеше” деген мағынада. Қарақалпақстан қазақтарының күнделікті сөз қолданысында “жише” деп, жас ана, жеңгелерді атау әлі күнге дейін сақталған.

³⁰² Belgetei — т. н-да осылай әрқалай жазылған. Қ. м. АТ-да “Бэлгүтэй”, МҚШ-да “Бэлгүтэй”.

³⁰³ qodalidju — ойрат моңғолдары сапқымен қадап атқанды осылай атайды. “Хадмалдах” — “қадау”.

³⁰⁴ Aq-a-nar degü-nar — ағалар, бауырлар деген көне сөз тіркесі.

³⁰⁵ Şegüder-eşe busu pökög ügüi, segül-eşe öbere cüçige ügüi — көне мәтел, “көленкеден өзге нөкер жоқ, құйрықтан өзге шаншар жоқ”.

³⁰⁶ Qen abaryad qemejü bülüg-e — кім құтқарады деп едіңдер. Ц. Шагдар қ. м. АТ-да “Хэн өшөөгөө авах вэ” — “Кім өшін алады” деп аударған.

³⁰⁷ Та бүтүге — т. н-да “teimü büüiled” — “Олай істемендер” деп түсіндірме жазған. Қ. м. АТ-да “Дэмий битгий маргалд” — “Босқа таласпаңдар” деген.

³⁰⁸ ulqun — тау, төбешік деген көне сөз т. н-да осылай айтылған.

³⁰⁹ Şira ayta-tan — сары ақталы.

солдан, Қасыр оңнан келіп, оқтарын кезеп тұрғандарын көріп, Бектер бүй дейді:

“Ағайын туыспен өліскенде нөкер,
Өзгелермен жұлысқанда,
Нөкер-сүдер болайық.
Көлеңкеден өзге нөкер жоқ,
Құйрықтан өзге шаншар жоқ қой,
Нөкер адамның қайғысы қиын емес пе?!
Енді неліктен сендер мені,
Ауыздың — құсығы,
Көздің — кірпігі болдырасыңдар³¹⁰.
Мен қандай ағаттық қылдым?!
Қоламтамды өшірмеңдер³¹¹,
Тек Белкүтейімді өлтірмеңдер!” —

деп, тізерлеп жалбарынады. Төмүчин, Қасыр екеуі алды, артынан [қатар оқ кезеп] атып³¹², кетіп қалады. Үйіне қайтып келгенде, Үчин шеше ұлдарының сұсын сезіп, бүй дейді:

“Қосағын құртқандар
Қасарланып отыр!
Ыстығымды³¹³
(18-а) Жарып шыққанда,
Қара қанды қолына
Уыстап туған еді.
Қабырғадан қапқан ит сияқты,
Қыратқа ұмтылған самұрық сияқты,

³¹⁰ Amap-u qoyusun, nidün-ü sortmusun bolıatıoi — көне мәтел: ауыздың құсығы, көздің кірпігі немесе ауызға құсық, көзге кірпік болдырасыңдар. Т. н-да “qoyusun” сөзінің алдына “kiletēsün” деген түсіндірме жазған.

³¹¹ Qolomta-yiq-minu bü bürlegedkün — қоламтамды бүлдірмеңдер.

³¹² Talaju — т. н-да осылай талау, өлтіру. Ц. Шагдар “харван алж” (“атып өлтірді”) деп сілтеме берген.

³¹³ Qalın-ig — ыстығымды, “ыстық құрсағымды” деген сөзді осылай атаған. Қазіргі қалқа моңғол тілінде малдың ішкі құрылысынан жасаған тағамды “таван халуун” — “бес ыстық” деп атайды.

Ашуын баса алмаған арыстан сияқты,
 Тіріні жұтқан айдаһар сияқты,
 Көлеңкесіне ұмтылған сұңқар сияқты,
 Қылғыта жұтатын шортан сияқты,
 Ботасын шайнаған бура сияқты,
 Жаңбырлы күні жортқан қасқыр сияқты,
 Балапанын ерте алмай,
 Жұлып жеген сарала қаз сияқты,
 Жатынын қозғаса, қорғайтын шибөрі сияқты,
 Қарпымай тынбайтын жолбарыс сияқты,
 Қанға ұмтылған барақ сияқты, құртасыңдар!
 Көлеңкеден өзге нөкер жоқ,
 Құйрықтан өзге шаншар жоқ!

Тайчығұт бауырлардың қайғысы сейілмей жатқан кезде, неліктен мұндай іс қылдыңдар, сендер?!” — деп, ұлдарына

Бабалар сөзін сұрыптап,
 Көне сөзді сақтап³¹⁴,
 Қатты сөгіп ұрысты.

Сөйткен тұста, тайчығұттың Тарқұтай Кірілтұқ³¹⁵ торқасқаларын³¹⁶ бастап келіп:

“Құлағы күстенді,
 Жілігі жетілді³¹⁷” — дейді.

Сөйткенде, Өгелен үшін шеше, ұлдар, ағалар, бауырлар [бұлардан] қорқып, Онанның жыныс орманына сүңгіп [барып] Белгетей³¹⁸ ағаштарды түбірімен жұлып, (18-б) қорғаныс құрады.

³¹⁴ Qayučin üges qatayulun — ескі сөздерді сақтап.

³¹⁵ Toqutai Kirelüd — т. н-да осылай жазылған.

³¹⁶ torayas-ud-iyan — торқасқаларын. Ц. Дамдинсүрэн “шадар нөхедөө” — “жақтас нөкерлерін” деп аударған.

³¹⁷ Qulayun quciji, šilügen šiberčigü — Құлағы (күстенді) қабықтанды, жілігі жетілді. МҚШ-да “qorugad goojiju šilüged Siberijüü” деп жазылғанын Ц. Дамдинсүрэн: “Хурганы үс гуужив, төлөгний бие төлжив”, “қозы жүні түсті. тоқтының еті жетілді” деп аударған.

³¹⁸ Belgetei — т. н-да осылай жазылған.

Қасыр атысып, Қачиғун, Төмүге, Төмүлүн үшеуін жебе арасында³¹⁹ жасырып, атысып жүргенде, тайчығұттар дауыстап: “Ағаларың Төмүчинді жіберіңдер. Өзгелерің керек емес!” — деген тұста, Төмүчинді аттандырып, жасырын бұлтарып³²⁰, орманға қашырып жібергенін тайчығұттар көріп қуады. [Төмүчин] Тегүне өндөр³²¹ жынысына кіріп кетеді. Тайчығұттар [оған] кіре алмай, жыныс орманның айналасын күзетеді. Төмүчин жыныс ішінде үш [күн] түнеп шығайын деп, атын жетектеп келе жатқанда атының ері сыпырылып қалады. Қараса, өмілдірігі салулы³²², айылы тартулы қалпында сыпырылып қалыпты. Сонан іштей: “Айыл ағытылмағанда, өмілдірік қалай сыпырылып қалады?! Тәңірім жазғырып тұр ма екен” деп ойлап, ерін ерттеп, [жынысқа] кіріп, тағы да үш қонады. Тағы да, қайтайын деп, келе жатса, жүктей³²³ ақ жартас жыныстың ауызын көлденең бітеп тастапты. “Тәңірім жазғырып тұр ма!” — деп, тағы да үш қонады. Тоғыз күн бойы дәм татпайды. “Бүйтіп, атымды өшіріп, өлгенше³²⁴, шығайын!” — деп, әлгі жүктей ақ жартастың маңындағы еңкейіп (19-а) өтуге бөгет³²⁵ болатын ағаштарды жебе³²⁶ пышағымен кесіп, атын жетектеп, тайғанақтата шықса, тайчығұттар аңдып отыр екен.

³¹⁹ jеbe juуга – жебе арасында, жебе жапсарында.

³²⁰ Burutyan – қ. м. т. “айыптап” деген мағына береді. МҚШ-да “оргуулан” — “қашырып” деп аударған.

³²¹ Tегүne öndör – МҚШ-да “Тэргүүн өндрийн”, А. Амардың кітабында (Амар А. МТТ) “Тэргүүний хэмээх уулын” — “Тэргүүний дейтін таудың” деп жазылған. Моңғолдың ежелгі әдебиетінде тауды — “хайрхан”, “хан” деп тергеп атау немесе “өндөр” — “биік” деп атау жиі кездеседі. Қ. м. АТ-да “түүний” — “соның” деп жазылған.

³²² kömüldereg-e – “көмілдірік” сөзі моңғол тілінде қазір де осылай айтылады.

³²³ Qošilgo – жүк, жиған жүк, жүктей деген сөз. МҚШ-да gegiip сiпе “гэрийн чинээ” — “үйдей” деп жазылған.

³²⁴ Nere ügü-ber ker üyüü bui – атымды өшіріп, қалай өлейін. Бұл жерде “атсыз өлгенше, алысып өлейін” деген мағынада айтылған.

³²⁵ Bökü – берік, бұл жерде қате жазылғанға ұқсайды. МҚШ-да “бөглөн” — “бітеп” деп жазылған.

³²⁶ Sumci – оқшы, оқ пышағы.

Ұстап алып, Тарқұтай Кірілтұқтың ұлыс-еліне апарып, жаза келісіп, Төмүчинді үй басына бір қондырып, кездіріп жүргенде, жаздың алғашқы айының он алтысында кері қызыл күні³²⁷ тайчығұттар Онанның жағасына тойлап, күн батқанда тарқайды³²⁸. Сол тойда Төмүчинді әлсіз³²⁹ балаң адамға күзеттірген екен. Той қызығы тарқасымен, [Төмүчин] әлгі әлсіз балаң адамды шынжыр бұғауымен³³⁰ бастан салып жіберіп, жүгірген бойда Онанның түнегіне кіріп кетеді. [Орманға] кіріп, көрініп қалудан қорқып, судың жиегіне шалқалай жатып, бұғауын суға қарай ағызып, бетін [судан] шығарып жатады. Әлгі айырылып қалған адам зор дауыспен: “Байлаудағы адамнан айырылып қалдым!” — деп, айқайлаған тұста, тараған тайчығұттар жиналып келіп, айдың күндей жарығында, Онанның түнегін тінтеді. Тінткенде, судың жиегінде шалқалап жатқан [жерінде] сүлдүтейдің Торқан Ширасы³³¹ тура тап болып, көріп, бүй дейді:

“Суда жалам жоқ,
Аспанда із жоқ қайда кетті?!”

(19-6) деп, аға-бауырың азу тісін қайрап келеді. Дұрыс жатыпсың. Мұндай айлаңның барына,

Көзің отты,
Бетің шуақты³³² болғаныңа қызығады.

³²⁷ Uлауан tergel edür — қызыл кері күн. Бұл — көшпелілер жұлдызнамасындағы қасиетті күндердің бірі, еуропалық жыл санаумен маусым айының он бес- он алтысына дөп келеді. Осы күні бие байлап, жүйрік ұстап, көктеуден жайлауға қарай бет алып, ұлан-асыр той тойлайды. Төмүчиннің туылған күні нәм аталмыш тарихтарда ұдайы кері қызыл күннің болатыны сондықтан.

³²⁸ Tarqabai — тарқады

³²⁹ Qialbar — хялбар — оңай, ыңғайлы, оңтайлы. Бұл жерде Төмүчинге ыңғайлы деген мағынада.

³³⁰ Kincī baуи — шынжыр бұғау. Бұғау сөзі қазақ тілінде сақталған. Қазіргі моңғол тілінде “дөнгө” дейді.

³³¹ Torqan šira — қ. м МҚШ-да Сорхан-шар.

³³² Nidün — dur-iуan үal-tu, Niуur-dur-iуan gere-tu bui — көзің де отты, бетің де шуақты болуың.

Сен осылай жат. Мен көрсетіп бермейін!” — деп, кетіп қалады. Тайчығұттар тінтіп таба алмай, қайтып сол ізімен жер қалдырмай, “қайтара тінтіп қайтайық!” десіп, [келген] іздерімен қайта тінтіп келе жатқан тұста, тағы да Торқан Шира бұй дейді: “Тайчығұт нойандары — біздер, ашық ақ күнде³³³ тұла бойлы адамнан айырылды. Қараңғы түнде қалай табамыз біз! Ізімізбен жүріп, жер қалдырмай тінтіп тарап, ертең күндіз жиналып, іздесек қайда кетеді дейсің” — дейді. Солай келісіп, тінтіп келе жатқан тұста, Торқан Шира қайта келіп: “Қазір тінтуді қойып, ертең тінтейік” деп, тарасты. Мені көргеніңді еш адамға айтпа, қазір бізді тараған соң шеше, бауырларыңды іздеуге кет!” — деп қайтып кетеді. Соларды таратып³³⁴ іштей ойланып: “Кішкентай ауыл кездіріп жүргенде³³⁵, Торқан Шираның үйіне қонғанымда, Чымбай, Чылағұн екі ұлы өзек жүрегін³³⁶ ауыртып, түнде шынжыр бұғауымды босатып, қондырған еді. Енді, тағы да, Торқан Шира мені көре тұра, көрсетпей кетті. Менің жанымды тап солар (20-а) құтқарады!”, — деп Торқан Шираның үйін іздеп, Онан дариясын өрлеп кетеді. Үйінің белгісі — биенің сүтін толтырған қымыз сабасын түн ортасы ауғанша пісетін еді. Сол белгісімен қайта-қайта тың-тыңдап, байқастап барып, үйіне кіргенде, Торқан Шира: “Шеше, бауырларыңды іздеп кет деп айтпадым ба, мен. Мұнда неге келдің?!” — дегенде, Чымбай, Чылағұн екі ұлы бұй дейді:

“Торғай құс
Тұрымтайға қуылып³³⁷,
Бұтаға қорғаласа,

³³³ Kegen şagan edür — ашық-жарық ақ күнде. “Ай мен күннің аманында” дегенге ұқсас мәтел. Ш. Гаадамба бұны да ел ауызынан МҚШ-ға енген көне мәтелге жатқызады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. “Гэгээн цагаан өдөр” гэдэг өвөрмөц хэллэгийн тухай).

³³⁴ Taragulad — тарқатып, таратып.

³³⁵ Bidgülden asraуulaqu-tur — тентіретте асырап жүргенде

³³⁶ Örü jirüke-ben — өзек жүрегінен.

³³⁷ Şibayuyan toroqun-a turumtai-a üldегdeşü budan-tur qorqalabasu butabar abaraiyu — Құс торғай тұрымтайға қуылып, бұтаға қорғаласа, бұталар құтқарады. М. Қашқари сөздігінде: “turumtai — жыртқыш құстардың бірінің атауы” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 3-т. 327-б.).

Бұталар құтқарады.
Тәуекелге келген адамға
Қалай айтасың, сен!” —

деп, әкелерін жақтырмай, шынжыр бұғауын шешіп, отқа жағып, сырттағы жүн салған қара арбаға жасырып, адамға айтпастан, Қадаған есімді қарындасына асыратады. Үшінші күні тайчығұттар келіп:

“Бұл бұғаулы адам қайда кетеді.
Біздің арамызда [жүрген] болар.
Нөкер арасында болар.
Нөкер арасын тінтейік!” —

деп, әрбір үйді тінтіп, Торқан Шираның үйін, арбасын, ісерінің³³⁸ астына дейін [тінтіп] еш таба алмай, әлгі жүнді қара арбаға барып, аузындағы жүнді тартқылап, [Төмүчиннің] аяғына (20-б) жете бергенде, Торқан Шира бұй дейді: “Сірә, мұндай ыстықта жүннің арасына жатқан адам өлмей ме?! Көңілдерің орныққанша іздеңдер!” дегенде, әлгі тінтуші [арбадан] түседі. Сол тінтушілер кеткеннен кейін Торқан Шира бұй дейді: “Мені күліммен ұшыра жаздадың, сен. Енді шапшаң шешең мен бауырларыңды іздеп кет!” — деп, ақ ауыз бедеу құла бие мінгізіп, тел енелі қозыны³³⁹ пісіріп, торсық, қоржынын толтырып, шақпақ тас беріп, бір садақ, екі жебе беріп, қоя береді. Төмүчин әлгі тоғайдағы қорған салған жеріне барып, шөптің жымын қуып, Онан дариясын өрлей іздеп, оңтүстіктен Қимұрға суатына³⁴⁰ бойлап келеді. Содан өрлей із қуып, Қимұрға суатының Бедер тұмсығындағы Қорчақұр Болдағада отырған [шеше, бауырларымен] жолығады. Сол жерде қауышып, сол жерден кетіп, Бұрқан Қалдұнның қойнауы Күрелкү ішіндегі, Сенкүр бұлағындағы Қара Жірукеннің Көке нағұрын³⁴¹ мекендеп, суыр, күшіген³⁴² аулап жеп, күнелтеді.

³³⁸ Iser-ün – бізден бұрынғы аудармаларда бұл көне атауды “төсек” деп аударған. Біз оларға келіспедік. Оның себебі кейінгі түсіндірмеде айтылады.

³³⁹ Tel eke-tü qıgaуа – тел енелі қозы. Қ. м. АТ-да “тэлээ хургыг” — “тел қозыны” деп қолданып, “эхэд” — “енелі” деген сөзді қалдырып кеткен.

³⁴⁰ Кемұрға суаты. Онан дарияға батыстан құятын суат (Амар А. МТТ. 105-б.).

³⁴¹ Көке пауиг – қ. м АТ-да “Хөх нуур” — “Көк көл”.

³⁴² Күсүгене – күшіген. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “зурам” — “тараққұйрық” деп қате аударған.

Бір күні сары ақта, сегіз ат³⁴³ үйдің қасында тұрғанда, тонаушылар (21-а) көпе-көрнеу тонап, алып кетеді. Жаяу [оны] көріп қала береді. Белкүтей шолақ құйрық, тарқы³⁴⁴ құласұрын мініп, суыр аулауға кеткен екен. Кешқұрым, күн батқаннан кейін, Белкүтей тарқы құласұрыға суыр артып, ентіктіріп жаяу жетелеп келеді. [Төмүчин]: “Біздің сары ақтаны бопсалап, алып кетті!” дегенде, Белкүтей: “Мен қуайын!” дейді. Қасыр: “Сен шыдамайсың, мен қуайын!” дейді. Төмүчин: “Сен екеуің шыдамайсың, мен қуайын!” — деп, тарқы құласұрыны мініп, сары ақталыны шөптің жымымен қуып, үш күн жүріп, ертеңінде ерте бір қалың үйір жылқы ішінде, бие сауып отырған жас ұлға кезігіп, сары ақталыны сұраса, әлгі ұл адам³⁴⁵ бүй дейді: “Бүгін таң атар алдында, күн шықпас бұрын, сары ақталы, сегіз атты осы жермен қуып өтті. Ізін мен көрсетіп берейін!” — деп шолақ тарқы құласұрыны жібертіп, ор шынқұланы³⁴⁶ Төмүчинге мінгізеді. Өзі құба несін³⁴⁷ мініп, үйіне бармастан, әке-шешесіне айтпастан, торсық³⁴⁸ шелегін далаға тастап: “Нөкерім сен (21-б) мұңайып келеді екенсің. Ерлердің іздегені бір³⁴⁹ емес пе! Мен сенімен бітейін³⁵⁰. Әкемнің аты Нақу Байан. Мен жалғыз ұлымын, атым Боғұрчи³⁵¹” — деп, сары ақталыны ізімен қуып, үш қонып,

³⁴³ Şirü-a ayta, naiman mörid – сары ақта, сегіз ат.

³⁴⁴ Tarqi – тарқы. Қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ сөз. Т. н-да екі бөлек мағынада қолданған. Қ. м. АТ-да “тэрхэй” деп жазылған. Тарқы — арба аты мен арба өгізіне қолданылатын атау (қараңыз: Қалихан Ысқақ. Күреңсе. 217-б.).

³⁴⁵ Köbegün kütün – ұл адам, көне сөз тіркесі.

³⁴⁶ Orog Sinqula – Орог шинқұла-ор құла. Ежелгі көшпенділердің қастерлеген түсі. “Кері құла атты Кендебай” т. б. деген секілді.

³⁴⁷ Quba iуuan – құба несін. Ц. Шагдар “ухаа-құла” деп қолданған.

³⁴⁸ Namaу-a – т. н-да “хубуга” деп түсіндірме берген. Бұл екі атау да қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ. МҚШ-да Ц. Дамдинсүрэн “хөхүүр” — “торсық” деп аударған.

³⁴⁹ Eril-ele bügesünigen, Ц. Шагдар “эрэл нэгэн” — “іздегені бір” деп қолданған. “Ерлердің арманы егіз емес пе” деген мағыналы.

³⁵⁰ Nögücesü – бітейін, бірге өлейін, өлгенше дос болайын деген мағынада. Қазіргі қазақ тілінде “біте қайнасқан” деген сөз тіркесімен мағыналас, “нөкер” сөзімен түбірлес.

³⁵¹ Buуurçi – бұл жерде т. н-да осылай “Бүғұрчи” деп жазылған.

кешқұрым күн таласып бара жатқанда, бір үлкен күрен³⁵² елге келсе, сары ақтасы сол күреннің шетінде шөп жеп³⁵³ тұрғанын көріп, Төмүчин бүй дейді: “Нөкер, сен осында тұра тұр. Сары ақтам әне тұр, мен кіріп, қуып шығайын!” — дейді. Боғұрчи бүй дейді: “Бітісейін деп келдім, мен. Енді мұнда қалай тұрамын!” — деп, бірге шауып кіріп, сары ақтаны қуып шығады. Арттарынан ұбырып-шұбырып қуғыншылар түсіп, бір шынқұла атты, қызыл шапанды адам құрығын ұстап жалғыз қуып таяп қалады. Боғұрчи Төмүчинге: “Нөкерім садақ жебенді маған бер. Мен атысайын!” — дейді. Төмүчин: “Нөкерім, мен үшін сен мерт болма, мен атысайын!” — деп, атысады. Әлгі ақ атты, қызыл шапанды адам құрығын қоқандатып қала береді. Артқы серіктері ұбырып-шұбырып қуып жеткенше, күн (22-а) таласа, батып кетеді. Қараңғы түсіп³⁵⁴, соңғы серіктері қарасынан адасып³⁵⁵ қалып қояды. Сол түні түнімен³⁵⁶, үш күн [үш] түн түнделетіп, үйге таяған тұста, Төмүчин: “Нөкер, мен сенсіз, аттарымды қалай алар едім. Мен қаншасын алайын. Сен қаншасын аласың?” — дейді. Боғұрчи бүй дейді: “Жақсы нөкер мұнайып келеді деп, көмек болайын деп келдім, мен. Олжаласып алсам³⁵⁷ десем, әкем Нақу Байанның жиғаны жалғыз ұлы — маған түгел жетеді³⁵⁸. Көмек болғаным қайда қалады?!” — деп, ештеңе алмайды.

Нақу Байанның үйіне жетеді. Нақу Байан ұлы Боғұрчиға қайғырып маңқа, жасын бұлап отырғанда, кенет Боғұрчи³⁵⁹ келеді. Нақу Байан біресе ұрсып, біресе күледі: “Ұлым Боғұрчи айт кәне,

³⁵² Kügen — мың көлеміндегі ел саны.

³⁵³ Ebesün ideçu — шөп жеп.

³⁵⁴ Tüyüşin — т. н-да осылай жазылып, “bügüi-қараңғы” деп түсіндірме жазған.

³⁵⁵ Bultaju baiju — бұлтарып барып, т. н-да осылай жазылған. Ц. Шағдар “алдаж — айырылып” деп қолданған.

³⁵⁶ Tüliged — түнделетіп, Ц. Шағдар “дөл явж” — “түн жалынымен, түн отымен”, “түнделете, түн жамыла” деп қолданған.

³⁵⁷ Oljilalsaju absu — олжаласып алсам. Қазіргі қазақ тілінің сөз қолданысына өте жақын жазылған. Ц. Шағдар “олз эрсэнгүй — олжа іздемедім” деп қолданған.

³⁵⁸ Tügetele bui — Ц. Шағдар “баршгүй” — “түгесімес” деп қолданған.

³⁵⁹ Buügci — т. н-да осылай.

не болды?” — дейді, Боғұрчи³⁶⁰ бұй дейді: “Мына, кімнің, жақсы нөкер мұңайып келеді екен. Бірге кеттім, мен. Енді келдім!” — деп, барып далаға қойған торсық, шелегін алып келеді. Төмүчинге тел емген қозыны³⁶¹ сойып, азыққа беріп, торсық, қоржынын толтырып береді. Нақу Байан бұй дейді: “Екеуің де жігітсіңдер, бітісіңдер. (23-а) Ілгері-кейінде ренжіспеңдер!” — дейді. Төмүчин солай аттанып, үш түн, [үш] күн жүріп, Сенкүр бұлағындағы үйіне келеді. Өгелен шеше, Қасыры бар бауырлары іздеп отыр екен. [Төмүчинді] көріп, қуанып қалады.

Содан, Төмүчин мен Белкүтей екеуі Дей сеченнің қызы Бөрте үчинді тоғыз жасында көріп келгеннен кейін, көз жазып қалған еді. Керүлен³⁶² дариясын беттеп, іздеп шығады. Чекчер, Чықұркү екеуінің арасында Дей сечен [мен] қоңыраттар болған еді. Дей сечен Төмүчинді көріп, қуанып бұй дейді: “Тайчығұт ағайындар саған қарсы болғанын біліп, көп іздеп шаршап едім,

Күнді көрдім
Мен сенен!” — деп,

Бөрте үчинді қосып, сауық құрып ұзатады. Сауық құрып келе жатқанда, Дей сечен Керүленнен Жол ұқұтқа келгенде [аптап] ыстыққа шыдамай, Керүленге қарай қайтып кетеді. Бөрте үчиннің шешесін Жотан дейтін еді. Қызын ұзатып, [Төмүчиннің ауылы] Күрелкү³⁶³ ішіндегі Сенкүр бұлағында отырғанда жеткізіп салады.

Жотанды қайтарып, Белкүтейді жіберіп, Бұғұрчиді³⁶⁴ бітімге шақырады. Белкүтей барысымен Бұғұрчи әкесіне айтпастан, бүкір сұрқұланы мініп, сұр өрме жамылғысын³⁶⁵ бөктеріп, Белкүтеймен бірге келеді. (23-а) Сол жолғы бітискен жөні солай екен.

³⁶⁰ Воуигсі — т. н-да осылай “Боғұрчи” және “Бұғұрчи” болып ауысып жазылады. Бұл жерде Воуигсі деп жазылған. Қ. м. АТ-да “Во’огсі” — “Боорчи”, “Золотое сказаниеде” “Богурчи” деп жазылған..

³⁶¹ Tel qıgaу-a — тел қозы.

³⁶² Kегülen — т. н-да осылай, деректерде: Херүлен, Хэрлэн, Керүлен деп, әр түрлі жазылады.

³⁶³ Kürlekü — т. н-да осылай жазылған. Кейінгі басылымдарда “kügelkü”.

³⁶⁴ Воуигсі — мұнда да екі жерде осылай жазылған.

³⁶⁵ Ötmögön jengcın-iуап, jengcın-iуап — сөздіктерде кездеспейді. Ц. Дамдинсүрэн “нөмрөг” — “жамылғы” деген.

Содан [Төмүчиндер] Сенкүр бұлағынан көшіп, Керулен дариясының басы, Бүрге жағасына барып мекендейді. Жотан шеше киіт³⁶⁶ деп, қара бұлғын ішік жапқан екен. Сол бұлғын ішікті Төмүчин, Қасыр, Белкүтей үшеуі алып барып: “Ерте күнде біздің қаған әкемізбен Керейттер³⁶⁷ елінің Уаң қағаны анда дескен еді. Әкемізбен анда дескендіктен, әкемізбен бірдей емес пе?! Уаң қаған қайырым етер!” — деп Торғұланың³⁶⁸ Қара түнегінде³⁶⁹ отырғанда барып, Уаң қағанға Төмүчин ұл бүй дейді: “Ерте күнде әкемізбен анда дескен едіңіз. Әкелі-балалымыз деп, келін түсіріп келдім. Киітке жапқан қара бұлғын ішікті алып келдім!” — дейді. Уаң қаған қатты қуанып:

“Қара бұлғын ішігіңнің қаруы —
 Қақыраған ұлысыңды
 Құрастырып берейін.
 Бұлғын ішігіңнің қаруы —
 Бытыраған ұлысыңды
 Біріктіріп берейін.
 Бүйрегін бүйіріне
 Көкірегін кеудесіне,
 Салып берейін³⁷⁰”, — дейді.

³⁶⁶ Ömsgöl — “өмсгөл” — “киіт”.

³⁶⁷ Kereid — т. н-да осылай жазылған. Көне моңғол тілінде “-т, -д” жұрнақтары көптік мағынада, көпті меңзейтін ұғымда қолданылады. Демек Керей-т, маңғы+т, тайчұы+т, олқунұ-д т. б. тұлғасында айтылған. Бұл қазіргі қазақ тілінде “Керей, керейт” тұлғасында қатар сақталынған. Керейлердің ата қонысы Орхон өзені алқабы болған. Олар күнбатыста найман аймағымен, түстікте “ой аймағы” — орман аймағымен көршілес отырған. Көшпелі салтты ұстанған олар найман, ұйғырлармен тығыз байланыста болды. Сондықтан да тұғырлы төр мемлекетін орнату тұсында көптеген керей бітікшілері аса зор үлес қосқан (көне түрікше “бітікші”, моң. “бичээч”, қазақша “жазбашы”). (БНМАУ-ын түүх. 1972. 34—6-бб.).

³⁶⁸ Тогула — т. н-да осылай жазылған. Қазіргі Моңғолия астанасы Ұланбатыр қаласының іргесін көмкеріп тұрған Туул деп аталатын өзен. Төменде “Тогула” деп те жазылған.

³⁶⁹ Qara tune — Ц. Шагдар “хар шугуй” — “қара орман” деп жазған.

³⁷⁰ Būger-e-in bögsen-tur, Čigere-in čegeč-in-tur atugai kemebe — т. н-да осылай. Ц. Дамдинсүрэн “цэрий нь цээжинд” — “қақырығын кеудесіне”, “бөөрий нь бөгсөнд” — “бүйрегін бөксесіне” деп аударған.

Содан қайтып келіп, осы сөздерді шешелеріне айтып, бәрі қуанады.

Керүленнің Бүрге жағасында отырғанда, ұранқай адамы Жаршығұдай (23-б) ебүген көрігін арқалап, Желме есімді ұлын ертіп келіп, бұй дейді:

“Бас Онанның
 Делігүн Болдұғында отырғанда,
 Төмүчин сені туғанда.
 Бұлғын бесік бергенмін, мен.
 Мына ұлым Желмені бергенмін, мен,
 Кішкентай деп, алып кеткенмін, мен,
 Енді Желмеге
 Еріңді ерттет,
 Есіңді көтерт!³⁷¹” — деп береді.

Тағы да, сол Керүленнің басында, Бүрге жағасында отырғанда, бір таңда, ерте сәуле сарғая³⁷² бастаған тұста, Өгелен шешенің үй ішіндегі күні³⁷³ Қонұқчин кемпір³⁷⁴ атып тұрып:

“Шеше, шеше!
 Тез тұр, тұр!
 Жер жарылардай,
 Дүбір естіледі.
 Жауыз тайчығұттар
 Келе жатыр,
 Шеше, тұр,
 Тез тұр!” — дегенде,

³⁷¹ Emegel – iyen toguyl, edügen – iyen segegül – еріңді ерттет, есіңді көтерт.

³⁷² Nigen manayar erde gerel širal edür gein – т. н-да “бір таңертең ерте сәуле сарғайып, күн жарқырап” деп жазып, “ger-e širge ür” — “сәуле сары таң” деп түсіндірме берген.

³⁷³ Küdelgüi – т. н-да “jaquai” деп түсіндірген. МҚШ-да “гэрт зарцлагдах — үй жалшысы”, қ. м. АТ-да “гэр дотор хөдлөхүй — үй ішінде қозғалушы” деп аударған.

³⁷⁴ Qonoyšip emegen – “қонақ, қонақшы, қонушы” немесе қонақ кемпір, қонақ күтуші кемпір дегенге келеді.

“Ұлдарды оят!” — деп,
 Өгелен шеше атып тұрады.
 Төмүчині бар ұлдар
 Тездете тұрып,
 Аттарын ұстап,
 Төмүчин бір ат мінеді.
 Өгелен шеше бір ат мінеді.
 Қасыр бір ат мінеді.
 Қачиғұн бір ат мінеді.
 Белкүтей бір ат мінеді.
 Боғұрчи бір ат мінеді.
 Желме бір ат мінеді.

Төмүленді Өгелен шеше алдына мінгізеді. Бір атты жетекке алады³⁷⁵. Бөрте үчинге мінетін ат жетпей қалады.

(24-а) Төмүчин ағайындарымен [бірге] ертелетіп Бұрқан Қалдун [тауына] шығады. Қонұқчин кемпір Бөрте үчинді қарғұдай арбаға отырғызып, дүние-мүлкін тиеп, ала бүйір сиырды арбаға жегіп, тауға беттеп, елең-алаңда [жолға шығады]. Түңкелек³⁷⁶ бұлағына жете бергенде, таң қараңғылығы да сейіле бастаған еді, осы кезде қарсы алдарынан шерік арад³⁷⁷ тап болады: “Сен қайдан жүрген адамсың. Кімнің адамысың?” деп сұрайды. Қонұқчин кемпір: “Мен Төмүчиннің адамы едім. Үлкен үйге қой қырыққалы келгенмін³⁷⁸. Енді жүнді тиеп, үйге қайтып барамын!” деп жауап береді, сонда әлгі шерік: “Төмүчин үйінде бар ма, жоқ па! Үйі қаншалықты жерде?” — дейді. Қонұқчин кемпір бүй дейді: “Үйі жақында, Төмүчиннің барын-жоғын

³⁷⁵ Nigen mögin qötelbe — бір ат жетектеді. Т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “бұйым артып” деген сөзді МҚШ-дан сілтеме беріп қосқан.

³⁷⁶ Tüngkölge — т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да “Түнхэлэг”.

³⁷⁷ Šerik arad — қ. м. тілінде “ард” сөзі “халық” деген ұғым береді.

³⁷⁸ Iyeke ger-tur qonin qirgara igelüge bi — үлкен үйге қой қырыққалы келдім. Iyeke ger-tur — үлкен үй. Палладий Кафаров “по богатим домам”, Э. Хэниш “Haupt jurte” — “ортанғы үй, үлкен үй”, П. Пеллио “a la grande tente”, “үлкен үйге” деп аударған.

білмедім, мен. Арттан тұрып келемін, мен³⁷⁹!” — деген соң, әлгі шеріктер [ат басын бұрып] желе жөнеледі. Қонұқчин кемпір ала бүйір сиырын қайта-қайта осқылап, тезірек қашып кетпек болған кезде, арбаның білігі сынып кетеді. Білігі сынған соң, [арбасын тастап] жаяулап қашып орманға кіре бергенде жаңағы [келген] шеріктер Белкүтейдің шешесін екі аяғын салақтатып [артына] мінгестіріп (24-б) қайтып келіп: “Мына арбаның ішінде не бар?” дейді. Қонұқчин кемпір: “Жүн тиеп келемін!” деп жауап береді. Әлгі шеріктердің ағасы³⁸⁰: “Інілер, ұлдар, түсіп көріңдер!” — дегенде інілері, ұлдары түсіп, арбаның есігін ашса, ішінде [бір] қатын отыр екен. Арбадан [оны] сүйреп түсіріп, Қонұқчин кемпір екеуін мінгестіріп алып, Төмүчиннің соңынан қуып, Бұрқан Қалдұнды үш бүркеп³⁸¹ іздесе де, таба алмайды.

Батып кететін балшықты³⁸²,
Қиын орман,
Тоқ жылан сүңги алмас
Қиын жыныс екен.

³⁷⁹ Qoin-asa bosugad igelüge bi – арттан тұрып келдім мен. Э. Хэниш “мен үйдің артынан аттанғанмын” (ich bin hinter der Jurte autgestiegen), П. Пеллио “мен арт жақтан келдім” (Je suis venue en partant de derriere), Н. П. Шастина “Мен олар тұрып қойғаннан кейін келдім” (Я пришла уже после того, как все встали) деп аударған. Ш. Гаадамба: “Ухаагчин (Қонұқчин) кемпір “Их гэр” — “Үлкен үй” деп “Эзний гэр” — “Еженнің (иенің) үйі” деген мағынада айтқандықтан Э. Хэниш (“Төв гол гэр” — “орталық негізгі үй”), П. Пеллио (“Их гэр” — “Үлкен үй”) аудармалары негізінен дұрыс екен... “Муу л бол хойд захын хар овоохой” — “жамандық болса арттағы қара күркеден” деген мәтел қазір де моңғолда бар. Бұл мақалдың шешімін қазіргі күні моңғолдың екінің бірі біле бермейді. Ерте дәуірде қарашалар иелерінің үйінің арт жағына қара қос тігіп отыратын салт болған. Қонұқчин кемпір меркіттерді алдап, адастыру үшін иесінің үйіне қой қырқуға келіп (үлкен үй), артқы үйден (қара қостан) — тұрып келемін деген сөзді әдейі қолданған” деген қызықты ой айтқан (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 115–118-бб.).

³⁸⁰ Ақа — т. н-да осылай “ақай — ағай”, шен немесе құрметтеу (ұлықтау) ретінде қолданылады.

³⁸¹ Gurban-tan qoçi-qolju — үш рет (қаптап) бүркеп. Т. н. т-де “dobtolju” — шауып деген түсіндірме берген. Ц. Шагдар “тойрон” — “айналып” деп қолданған. Дұрысы “хочи” — “хучиху” — “бүркеу” — “қаптау” деген сөз.

³⁸² Balçaqasu — т. н-да “балшықты” сөзі осылай жазылған.

Соңынан еріп,
Таба алмапты.

Сол үш меркіт — Ұдүйт меркіттің Тоқтаға, Ұнақ меркіттің Дайр Ұсун, Асағун (24-б) меркіттің Қағатай Дармаласы болған. Осы үш меркіт ертеде Өгелен шешені Иеке Чіледүден тартып алды деп, енді сол өштерін алуға келген екен. Сол меркіттер бүй дейді:

“Өгеленді құтқарып,
Енді жанын,
Аталар, әкелер кегін алдық!³⁸³” —

деп, Бұрқан Қалдуннан түсіп, үйлеріне қайтады. Олар Бөрте үчинді Чіледүдің інісі Чілегер бөкеге асыратады³⁸⁴.

(25-а) Төмүчин: “Әлгі үшеуі меркіттер ме екен, үйлеріне қайтты ма екен!” деп, олардың соңынан үш күн бойы Белкүтей, Боғұрчи, Желме үшеуін қуғызады. [Содан] Төмүчин Бұрқан Қалдунның [тауының] басынан түсіп, төсін түйгілеп, бүй дейді:

“Қонұқчин шешені
Сасық күзен болып, естуі үшін,
Ақтышқан болып, көруі үшін³⁸⁵,
Бүтін денемді бұлтарып,
Өшкін ізді бұғының ізін боспалап,
Тал үйді паналап,
Бұрқан Қалдун басына шықтым, мен.
Жалғыз жанымды аялап,
Қара ізді бұланның ізін боспалап,
Қабық үйді паналап,
Қалдун басына шықтым, мен.

³⁸³ Edüge ami – iug anu ebüges ešiges – ün aši-iug abubai — енді жанын, аталар, әкелер кегін алдық. Қ. м. АТ-да: “Эмсий нь булааж авав” — “әйелдерін тартып алдық” деген. Т. н-дағы “ami” — “жан” дегенді “emi” — “әйел” деп оқыған.

³⁸⁴ Asaragulba – асыратады.

³⁸⁵ Solongga bolcu – “сасық күзен болып” деген атаулар ерте дәуірдегі моңғол нанымындағы аңыз ертегілілерден қалыптасқан. Бұл аңыз моңғолдың бірқатар көне әдеби жазбаларында айтылады.

Бұрқан Қалдұнда
 Биттей жанымды бұлтардым³⁸⁶
 Қалдұн Бұрқанда
 Қарлығаштай жанымды
 Қалқаладым, мен!

Енді Бұрқан Қалдұнға әр таң сайын садақа шығарып³⁸⁷, әр кеш сайын сиынуды менің ұрпағымның ұрпақтары жадына сақтасын!” — деп, күнге қарсы [қарап тұрып] белбеуін мойнына салып, малақайын қарына іліп алып, [екі] алақанын тізесіне қойып, Қалдұн жаққа тоғыз рет иіліп тағзым етіп, шашу шашты³⁸⁸.

Солай келісіп, Төмүчин, Қасыр, Белкүтей [үшеуі өзара ақылдасып] Тұғұлан дариясының қара түнегінде³⁸⁹ отырғанда Керейттің Уаң қағанына барып, бүй дейді: “Алаңсыз жатқан кезімізде үш меркіт келіп, әйел, балаларымызды жаулап алып (25-6) кетті. Қаған әке, [сізге] әйел, балаларымды құтқарып,

³⁸⁶ Bulčiguldaba — қазіргі моңғол тіліндегі “бултах”, қазақ тіліндегі “бұлтару” деген сөздердің көне түрі. Ц. Шагдар “бөөцийлөв” — “күйттедім” деп қолданған.

³⁸⁷ Maniya'sun — т. н-да осылай жазылған. Бұл сөз табиғатқа қатысты аңыздар пайда бола бастаған тұстағы табиғат құбылыстары мен жаратылыстарын жанды етіп сезіну — тотемдік танымынан жалғасқан түсінікке ұқсайды. Бұрқан Қалдұн атауы моңғолға Будда діні тарамас бұрын пайда болғанын, “Бұрқан” атауы — “Бұта ағаштың иесі” (Дулам С.) деген атау екендігін дәлелдегендей. Етүкен ананың иесіне ақ құйып, қан шығару, соған арнап ас-су әзірлеу тотемдік салты мұнда сақталған. XIII ғасырда моңғолдар аспан, жер екеуін қоса айтып, оларға сиыну салтын ұстанғаны аталмыш шығарманың МҚШ-дан алынған тұстарында көбірек байқалады. “Садақа шығару” деген де сол көнеден жалғасқан болса керек-ті.

³⁸⁸ Šašali šašuba — шашу шашты. Қазіргі моңғолдар таңда аспан, жер-суға ақ шашып, алғашқы қайнатылған шайының алдын төрт құбылаға, киелі тау-тас, жер-судың атын атап шашады.

³⁸⁹ Qara tūng — қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында “қара ши” деген мағына береді. Бұл жерде “ши” емес, түнек немесе қара тоғай. Моңғол тіліндегі “Бұрған-Бұрқан” атаулары да осы “түнек” — қара түнек жыныс-бұта дегеннен шыққан. Я. Цэвэл моңғол тілінің түсіндірме сөздігінде: “бур” сөзінің түбірін “замаг” — “балдыр”, “харанхуй” — “қаранғы” дегенмен түсіндіреді. Демек, “бут — бургас” — “жыныс тал” иелерін Бұта иесі — Бұрқан деп атаған (Дулам С. Монгол домог зүйн дүр. УБ, 1989. 50—55-66.).

көшіріп³⁹⁰ әкеліп беріңіз деп, [өтініп] келдім!” дегенде, бұл сөзге жауап берген Тоғорыл³⁹¹ Уаң қаған бұй дейді: “Бұлғын ішік алып келіп, әкемнің тұсында анда дескен әкем едіңіз деп киіт кигізгенде, мен саған бұдан бұрын айтпап па едім, сонда мен былай дегенмін:

“Бұлғын ішігіңнің қаруы³⁹² —
 Бытыраған ұлысыңды
 Құрап берейін.
 Қара бұлғын ішігіңнің қаруы —
 Қақыраған ұлысыңды
 Біріктіріп берейін, деп
 Көкірегін кеудесіне
 Бүйрегін бүйіріне,
 Салып берейін деп, айтқан едім, мен!
 Енді сол сөзіме жетіп,
 Бұлғын ішігіңнің қаруы —
 Түгел меркітті
 Таусылта қырып,
 Бөрте үчиніңді
 Алдыртып берейін.
 Қара бұлғын ішігіңнің қаруы —
 Барша меркітті шауып,
 Қатын Бөртеңді
 Қайтарып алып келейік, біз.
 Сен Жамұқа бауырға өзің айт!
 Жамұқа бауыр Қорқоқ Жібүрде болар.

³⁹⁰ Аварси — МҚШ-да “аварч” — “құтқарып” деп түсіндірме берілген.

³⁹¹ Тоғорул — Махмұт Қашқари: “1. Тоғорыл — жыртқыш құс. Мың қазды өлтіріп, ішінен біреуін ғана жейді. Бұл ер адамның есімі болып та кездеседі. 2. Тоғорыл — ет пен дәм-татымдылықтар тығылған ішек. Кенжекше” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 1-т. 541-б.).

³⁹² qarū — с.с. қару, қаруы, қайтарымы, қарымта.

Мен осы жерден екі түмен болып, сол қолдан [қанаттан] аттанайын³⁹³. Жамұқа бауыр сол жерден екі түмен болып, оң қолдан [қанаттан] аттансын. Біздің кездесуімізге³⁹⁴ Жамұқа бауырдан тіл [хабар] күтейік!” дейді. Сонан Төмүчин, Қасыр, Тоғорыл (26-а) қағаннан қайта оралып, үйлеріне келгеннен кейін, Төмүчин Жамұқаға Қасыр, Белкүтей екеуін жіберіп, “Жамұқа андаға барып былай деп айт!” — деп, бұй дейді:

“Үш меркіт келіп,
Төс-жүрегімді бүлдірді³⁹⁵.
Тірегіміз бір емес пе, біздің,
Өшімізді қалай өштейміз³⁹⁶, біз?!
Қойнымды бүлдірттім, мен.
Бауыр ұрпақ³⁹⁷ емеспіз бе, біз!
Қарымта қалай аламыз, біз?” — дейді.

Және Керейттің Тоғорыл Уаң қағанының айтқан сөзін Жамұқаға [қоса] жеткізеді: “Ерте кезде оның Есүкей қаған әкесінің жақсы қайырым істегені есімде, мен екі түмен болып, оң қолға аттанамын. Жамұқа бауырға айтарсың, Жамұқа бауыр екі түменмен сол қолға аттансын. Кезігу уәдесі Жамұқа бауырдан болсын деді!” — дегенде, бұл сөздерді соңына дейін тыңдаған Жамұқа бұй дейді:

“Төмүчин анданың
Төс-жүрегі бүлінді дегенді біліп,

³⁹³ Jėgün gar bolun togılasu — Сол қол болып аттанайын. “Зүүн гар” атауы қазақ тарихында “Жоңғар” болып қалыптасқан. Қазіргі моңғолдың сайыс салтында “Зүүн гар” ең керемет қастерлісі, кемеліне келген палуандардың сайысқа шығатын қанаты. Демек бұл жерде де Тоғорыл қағанның кемеліне жеткен қарулы қолдың басшысы болғанын аңғартады.

³⁹⁴ Bıden-ü bolşaya — біздің кездесу. МҚШ-да “учрах болзоо” — “кездесу уәде” деген.

³⁹⁵ Ögüb-en oytarqu, bolba bi — т. н-да осылай жазып, “Ebedkün” деп түсіндірген. МҚШ-да “Өрий минь өвтөв — төс-жүрегімді ауыртты” деп аударған. Мағынасы “Өзегімді өртеді” дегенге келеді.

³⁹⁶ Ösül — iyan ker ösüü — bida — өшті қалай өштейміз біз.

³⁹⁷ Neligen uray — Бауыр ұрпақ, бауырлас ұрпақ, бауыры бір ұрпақ.

Төс-жүрегім ауырды.
 Қойны бүлінді дегенді біліп,
 Ет-бауырым ауырды.
 Өшін өштеп,
 Ұдүйт, Ұнақ меркітті құртып,
 Үчин Бөртені құтқарайық!
 Қамұқ Асағұн меркітті өртеп,
 Қатын Бөрте үчинді
 Қайтарып алайық.
 Өштескен өшін жояйық!
 (26-6) Тебінгі қаққанда,
 Даңғыраның дауысы болдыратын,
 Жүгірмек Тоқтаға
 Бағура кегеріде болар.
 Құйын тұрғанда
 Қашатын Дайр Ұсұн
 Ұсұн Ірін³⁹⁸ Селенке екеуінің арасында,
 Шиғатұ Тұлұн³⁹⁹ аралында болар.
 Қоқыс — қаңбақ⁴⁰⁰ ұшқанда,
 Қара орманға ұмтылатын
 Қағатай Дармала қазір
 Қаражу кегеріде болар
 Енді біз төтелеп,
 Шілгі⁴⁰¹ дарияға барайық!

³⁹⁸ Usun Igin – т. н-да осылай жазылған. Ірін суы немесе Ұсұн ірін, Н. П. Шастина “Орхон” деп толықтыру берген (“Золотое сказание”. С. 88.), қ. м. АТ-да “Орхон” деп өзгертілген.

³⁹⁹ Šiyatu tulun – aral, т. н-да шиғату тулун аралында (с.с. — шиғату дала аралы) деп сілтеме жасалған.

⁴⁰⁰ Qamaγayulsun – т. н-да осылай жазылған. “Қоқыс-қаңбақ” сөздерінің қосылып жазылуына ұқсайды. Аудармада А. Мостарт, О. М. Ковалевскийлердің тәржімелеріне сүйеніп, “qamquul” — “қаңбақ” деп қолданған.

⁴⁰¹ Šilyu – т. н-да осылай жазылған. МҚШ-да “Хилго”, “Золотое сказаниеде” “Хилок”, қ. м. АТ-да “Хилгу” деп жазылған.

Сабалағы мол дейді
 Сал байлап түсейік.
 Сол жүгірмек Тоқтағаның
 Түңілігінің үстінен⁴⁰² кіріп,
 Табынған киесін талқандап,
 Қатын-баласын
 Тартып алайық!
 Құтты киесін
 Күйрете талқандап,
 Түгел ұлысын
 Түк қалдырмай қырайық!” — дейді,

Жамұқаның “Төмүчин андаға, Тоғорыл қаған ағайға айт” деп тапсырғаны:

“Қаралы⁴⁰³ туымды шаштым⁴⁰⁴, мен.
 Қара бұқаның терісімен қаптаған,
 Күңіренген дауысты
 Күркіреуікті қақтым, мен.
 Қара жүйрікті міндім, мен.
 Қатты тонымды⁴⁰⁵ кидім, мен.
 Құрыш найзамды алдым, мен.
 Қандауыр жебемді үкіледім⁴⁰⁶, мен.
 Қалағұн меркіттерге⁴⁰⁷
 Қақтығысуға аттанайық, енді барлығымыз деп, айт!

⁴⁰² Eḡkīn eke-te – түңілігінің басынан. “От ана”, “ошақ ана” деген сияқты “түңлік ене” деген көне сөз тіркесі болуы да мүмкін. “Еке” сөзі “ене” дегенді де білдіреді.

⁴⁰³ Qaḡaḡ-a-tu – қ. м. “А. т” — да “хараат” — “қарасты”, МҚШ-да “хараа ихт” — “қарасы мол” деп жазылған.

⁴⁰⁴ Šašuba – шаштым. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “тахив” — “тіктім, киелендірдім” деген мағынада аударған.

⁴⁰⁵ Qataḡu degel-iyaḡ – қатты шапан, МҚШ-да “халх хуягт” — “қалқан құяқты” деп аударған. Мағынасы — темір сауыт.

⁴⁰⁶ Qabḡur-a-tu sumu-ben öbülebe – “Ұшты оғымды үкіледім мен”. Ц. Дамдинсүрэн “Хатгах зэвт сумаа онилж” — “Қадалар жебелі оғымды көздеп” деп аударған. Ұшты жебемді үкіледім дегенге келеді.

⁴⁰⁷ Qalaḡun merged-dur – қ. м. АТ-да “Хаан мәргид” — “Хан меркіт”, МҚШ-да “Хаад мәргид” — “Хандар меркіт” деп қолданған.

Қарасы мол ұзын туымды шаштым, мен.
 Өгіз⁴⁰⁸ терісімен қаптаған,
 (27-а) Өр дауысты күркіреуікті қақтым, мен.
 Ор жүйрігімді міндім, мен.
 Торлы құяғымды⁴⁰⁹ кидім, мен.
 Қу семсерді⁴¹⁰ алдым, мен.
 Серперлі жебе тарттым, мен.
 Ұдүйт меркіттермен
 Өлісейік біз, деп айт!

Тоғорыл қаған ағай Бұрқан Қалдұнның күнгейімен аттанып, Онан дарияның басы, Бұтақан Боқұрчиде Төмүчин андамен жолықсын, уәделі жер сол болсын. Мен осы жерден Онан дарияны өрлеп, Бұтақан Боқұрчидегі уәделі жерге жетейін!” деп айтып жібереді.

Жамұқаның бұл сөзін Қасыр, Белкүтей екеуі Төмүчинге айтып, Тоғорыл Уаң қағанға тіл [хабаршы] жеткізеді. Тоғорыл қаған Жамұқаның бұл сөзін естіген соң, екі түмен қолмен [жорыққа] аттанады. Тоғорыл қаған Бұрқан Қалдұнның қойнауымен аттанып Керүленнің Бүрге жағасына қарай келіп, Төмүчинді сол Бүрге жағасында, жол үстінде болар деп, бұрылып кетеді.

Төмүчин Түңкілекке қарай бет алып, Бұрқан Қалдұнның қойнауымен Тақ бұлағына келіп, сол жерде шерігін жасақтап, әрі қарай жүрген кезде Тоғорыл қағанның Жиқа Кембүі⁴¹¹ бір түмен, Тоғорыл қаған өзі бір түмен шерікпен Қимұрға бұлағына қатар түсіп жатқан тұста кездеседі.

⁴⁰⁸ Üker-un – сиырдың.

⁴⁰⁹ Üdegesütü – жөрмеген, торлаған, МҚШ-да “Үргэлж хэлхээ гуягаа өмсч” – “Тұтастыра жөрмеген құяғымды киіп” деген.

⁴¹⁰ Ögertü ildü – қу, қуарған семсерді. “Золотое сказаниде” ükertü ildü (өгіз семсер). МҚШ-да önggitu ildü – өңделген, [егелген] семсер, қ. м. АТ-да “үзүүрт илдээ” – “үшты семсерімді” деп аударған. Т. н-да öger-tu ildu – қуарған семсер. “Өгер-тү илд-ээ” дегені “қу семсерімді” – “қанды семсерімді” деген мағынада.

⁴¹¹ Jiya Kembu – Тоғорыл қағанның інісі, қ. м. АТ-да “Жаха Хамбо”, МҚШ-да “Жақа Қамбу”.

(27-6) Төмүчин, Тоғорыл қаған, Жиқа Кембү үшеуі бірігіп, сол жерден қозғалып, Онанның басы Бұтақан Боқұрчиға келсе, Жамұқа уәделі жерге үш күн бұрын келген екен. Жамұқа сол жерде Төмүчин, Тоғорыл қаған, Жиқа Кембүлердің шеріктерін көріп, Жамұқа екі түмен шерігін жасап⁴¹² тұрыпты. Сол жерде Төмүчин, Тоғорыл, Жиқа Кембүлер шеріктерін жасақтап келіп бірігіп, танысқаннан кейін, Жамұқа бұй дейді:

“Жаңбырлы болса да,
Уәдені бұзбайық.
Жауынды болса да,
Құрылтайдан⁴¹³ қалмайық, деп
Келіскеніміз жоқ па!
Моңғолдық қайда⁴¹⁴?!
Ант бұзып, кешіккенді
Шенінен шығарайық дегеніміз жоқ па?!” — дейді.

Жамұқаның бұл сөзіне Тоғорыл қаған бұй деп жауап береді: “Уәделескен жерге үш күн кешіккен қателікті айыптауды⁴¹⁵ Жамұқа бауыр өзі шешсін!” — дейді. Уәде бітімі⁴¹⁶ туралы осылай кеңес қылып, Бұтақан Боқұрчидан қозғалып, Қилғу⁴¹⁷ дариясына барып, сал байлап судан өтіп, Бұғұра кегеріде:

Тоқтаға бекидің
Түңілігінің үстінен

⁴¹² Jasaŋu – жасап, жасақтау деген мағынада.

⁴¹³ Qural-tur – Құрылтайдан. Қазіргі моңғол тілінде “Хурал”, қазақ тілінде көне мағынасын өзгертпеген.

⁴¹⁴ Nayilalduŋu – жайласып, жайланып.

⁴¹⁵ Qotuŋulqu-iŋg ŋimarlaqu-iŋg – бұл сөз тіркесі қазіргі моңғол тілінде қолданылмайды. Т. н. т-де “буруушахыг” — “айыптауды” деп түсіндірме жазған.

⁴¹⁶ Bolŋaŋal ŋimar edüi bolŋan – т. н-да осылай жазылып, “bolŋiŋan-u ŋim-e” “уәде — жымын” деп түсіндірме жазған, қ. м. АТ-да “Болзооны тухай ийн” — “Уәде туралы осылай”, МҚШ-да “Болзоо хожимдсоны тухай ийм” — “Уәде кешіккені туралы осылай” деп жазған. Мұндағы “ŋimar” сөзі қазіргі қазақ тіліндегі “шымыр” — “шымырлау” — “сөзді шымырлау” дегенге келеді.

⁴¹⁷ Qilŋu – т. н-да осылай жазылған.

Еркін екетінін⁴¹⁸
 Күйрете таптап,
 Әйел баласын
 Иемденіп алады.
 Құтты екетінін⁴¹⁹
 Қаңырата шауып,
 Қалың ұлысын
 Типыл қылады.

Тоқтаға бекиді [төсегінде] жатқан жерінде барып [қолға түсіретін] еді. Қилғұ (28-а) дариясының жағасындағы балықшы, құндызшы, аңшылар⁴²⁰, әр түрлі адамдар түн ішінде оған хабар беріп қояды, Ұдұйт меркіттің Тоқтаға бекиі мен Ұнақ меркіттің Дайр Ұсұн екеуі бірігіп, Киленгеге⁴²¹ қарай аз топпен қашып кетеді. Меркіт ұлысы Келкейге⁴²² қарай түнделете босып бара жатқанда, біздің шеріктер босқан меркіттерге түнделете шабуыл жасайды. Төмүчин дүрбелеңге түскен жұрттың арасында “Бөрте, Бөрте!” — деп, дауыстай жүреді. Бөрте үшін сол дүрбелеңдегі елдің арасынан Төмүчиннің дауысын естіп, танып, арбадан түсіп, Бөрте үшін, Қонұқчин екеуі жүгіріп келіп, Төмүчиннің тізгін, шылбырынан ұстай алады. Ай жарығында Бөрте үчинді танып, қауышады.

Төмүчин содан кейін Тоғорыл қаған мен Жамұқа екеуіне сол түні: “Іздеген адамымды таптым, мен. Түнде шабуылдағанды қойып, осы жерге түсейік, біз!” — деп, елші жібереді. Дүрбелеңге түскен меркіт ұлысы, түнімен үркіп, жолай сол маңға [жүктерін] түсіріп қонады. [Төмүчин] Бөрте үчинмен табысып, оны меркіттен осылай [қайтарып] алған екен.

⁴¹⁸ Erkin eke-de-inu – еркін ене (жер ене), ошақ ене, от иесі. Отын өшіріп, ошағын күйретіп деген мағынада.

⁴¹⁹ Qutuу eke-te-iHu – құт ене — адам, жануардың денесіндегі жан-сүлдері, “su, sū” деген сөзден шыққан жанды су (Дулам С. МДЗД. 179-б.) деген нанымдық атау. Жанды киелерін өлтіре қырып деген мағынада қолданған.

⁴²⁰ Бұл атаулар т. н-ның кейбір түсында ру атаулары есебінде де айтылады.

⁴²¹ Qilen-ge – МҚШ-да Селенге, қазір де Селенге деп аталады.

⁴²² Kelgei – т. н-да осылай деп жазылған.

(28-б) Ұдүйт меркіт Тоқтаға беки, Ұнақ меркіті⁴²³ Дайр ұсун, Асағун меркіт⁴²⁴ Қағатай Дармала осы аталған үш меркіт алғы шепті бастап, үш жүз жаран⁴²⁵ “[ерте] күнде⁴²⁶, Тоқтағаның інісі Иеке Чіледүден Есүкей баһадүр Өгеленді тартып алғаны⁴²⁷” үшін, соның өшін алуға⁴²⁸ барып, Төмүчинді Бұрқан Қалдұнда үш мәрте іздеп таппай ерегесіп⁴²⁹, Бөрте үчинді ұстап алып, Чіледүдің інісі Чілгер бөкеге асыратқан⁴³⁰ екен. Сол асыраған бойда, Чілгер бөке қашып шығып, бүй дейді:

“Қара қарға
 Қалдық жемтік жейтін жөні бола тұра
 Қаз, тырнаны жеймін деп, аңсайды екен.
 Қыңыр жаман Чілгер
 Қатын үчинге қақтықпақ болып⁴³¹,
 Қалың меркітті кінәлі қылдым.
 Қараша жаман Чілгер [менің]
 Қара басыма тиетін болды.
 Жалғыз жанды қорғап шығып,
 Қапшалға тығылдым⁴³².
 Қалқан, қорғансыз қалдым.
 Күлтелі жаман торғай құс,

⁴²³ Unay merkid – қ. м. АТ-да “Увас мэргид”, МҚШ-да (көне) “Uwas – merkid”.

⁴²⁴ Asayun – қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “хан” деп жазған.

⁴²⁵ Aran – т. н-да “kütün” – “адам” деп түсіндірме жазған. Жаран немесе ер адам.

⁴²⁶ Edür-iyeg – күнде. Алдында сөз қалып қойған немесе қате жазылған. “Ерте күнде”, “жарық күнде – тал түсте” болуы мүмкін, қ. м. МҚШ-да “урьд” – “бұрын” деп жазылған.

⁴²⁷ Buliyuduju abdalai – қаралықпен алдырдық. Т. н-да “buliyaју abubai” – “тартып алды” деп сілтеме берген.

⁴²⁸ Öcil aсigan – өшін сақтап, т. н. т-да “ösiye abur-a” – “өшін алуға” деп түсіндірме жазған.

⁴²⁹ Ögösçü – таласып-ерегісіп, қ. м. АТ-да “харин” – “бірақ” деп өзгертілген.

⁴³⁰ Asarayuu’san – асыратқан, қаратқан деген мағынада.

⁴³¹ Qalayu bolon – қ. м. АТ-да “халдаж, қақтығып”.

⁴³² Qabçila çigusu – “қапшалға тығылайын”, Ц. Шагдар “хавцал хаданд” – “қапшал жартасқа” деп, “хаданд” – “жартасқа” деген сөз қосқан.

Күшіген тышқан жеуге жөні⁴³³ бола тұра,
 Аққу тырнаны жеймін деп, аңсайды екен.
 Қуарған жаман Чілгер мен
 Құтұқтұ дана Үчинге құмарланып,
 Дүйім меркітті кінәлі қылдым.
 Қырсық жаман Чілгер менің
 Қу толағайыма⁴³⁴ тиетін болды.
 (29-а) Құр жаным құритын болды.
 Қараңғы қапшалға тығылдым.
 Құр жанымды
 Қоярға жер жоқ болды” —

деп, қашып кетеді. Қағатай Дармаланы ұстап [алып], сірімен қапталған бұғау кигізіп, тентіретіп жібереді. Белкүтей шешесін алуға барып үйдің оң жақ есігінен кіргенде, үстінде жырттық тоны бар шешесі сол жақ есіктен шығып кетеді, [Шешей] бөтен адамдарға бүй дейді: “Ұлдарым қаған болды. Мен мұнда жаман⁴³⁵ адаммен тұрып жатырмын. Ұлдарымның бетін енді қайтіп көремін?!” деп жүгіріп, жыныс орманға кіріп кетеді. Содан із-түзсіз жоғалады. Белкүтей нойан кездескен меркіт адамына: “Шешемді алып кел!” деп, оларды қадап ата береді⁴³⁶.

Бұрқан Қалдұнды жапқан үш жүз меркітті
 Ұрпақтан-ұрпағына дейін
 Күлімен ұшырып қырады.
 Қалған әйел, балаларын
 Қойынға алуға лайығын
 Қойынға алады.
 Есікке отыруға лайығын
 Есігіне алады.

⁴³³ Jaiyayatu – жазымды, жарамды, жаралған.

⁴³⁴ Qokimai toloyai – Қуарған толағай, қу толағай, қуарған бас.

⁴³⁵ Бұл жерде “қарашамен” деген мағынада.

⁴³⁶ Qotaludqu – қадау, қадасу сөзі қате жазылған. Мағынасы: садақ, сабқымен қадап, түйреп ату. Бұл атауды ховог-торғауыттар қазір де қолданады.

Тоғорыл қаған, Жамұқа екеуіне риза болған Төмүчин бұй дейді: “Қаған әкем мен Жамұқа анда екеуі біріккенде, аспан мен жерден күш-қуат алғандай:

Ерікті тәңірге жебеліп,
 Етүкен анаға көрбеп⁴³⁷,
 Ер атаулы меркіттің
 Қойнын құр еттік.
 Барын қираттық,
 Төстігін қаңқа⁴³⁸ еттік.
 Ұрық-жұрағат пен
 Адамын қырдық, біз!
 Қалғанын жинап,
 Тұтқынға алдық, біз!
 Меркіт әулетін өстіп,
 Талқандап, қайттық, біз!” — дейді.

Ұдүйт меркіттер үдере көшкенде, солардың жұртынан құндыз тымақты, маралдың терісінен [тіккен] етікті, су кәмшатымен жұрындаған тері жарғағы⁴³⁹ бар, бес жасар Күчі есімді, көзінде оты бар ұл баланы біздің шеріктер жұртта қалған [жерінде] тауып алып, Өгелен шешеге тамақтандыр⁴⁴⁰ деп береді.

Төмүчин, Тоғорыл қаған, Жамұқа үшеуі бірігіп
 Меркіттің шұрған үйін шоқ қылып⁴⁴¹,
 Қатын-баласын олжа қылып,
 Шиқағұ Талқұн аралынан⁴⁴²

⁴³⁷ Eke etügene kögbeñü – Етүкен анаға көрбеп (аунап) немесе аспан мен жер тәңірінің қуатына бөлену. Екі тілде де бірдей мағынаны білдіреді.

⁴³⁸ Ogtañu – шолақ еттік, тұл еттік деген мағыналы.

⁴³⁹ Ĵargag – жарғақ, т. н-да осылай.

⁴⁴⁰ Satya – с. с. жарғақ, қ. м. АТ-да “тәжәэ” — “асыра”, МҚШ-да “бәләг болгон” — “тарту етіп” деп жазған.

⁴⁴¹ ĵurğan gerge ĵoyuñilañu ĵoq – “сырғауыл үйін шоғырымен шоқ” деген сөйлем. Ц. Шагдар “гэр орныг эвдэлж” — “үй орнын бұзып”, Ц. Дамдинсүрэн “оцгор гэрийг эвдэж” — “шошақ үйін бұзып” деп аударған.

⁴⁴² Šiyatu talqun aral – т. н-да осылай жазылған. Н. П. Шастина “tal-a kúdege — равнина, степь” деп Көдөгеге аралымен байланыстырған (“Золотое сказание”. С. 94.).

Орқун, Селенкеге қайтады. Төмүчин, Жамұқа екеуі Қорқоқ Жібүрге⁴⁴³ қарай бірге кетеді. Тоғорыл қаған аттанып, Бұрқан Қалдұнды керіп⁴⁴⁴, Үкерті Жібүрді, Қоқұрату Ұлиаты қапшалы арқылы [жолдай] киік аулап Тұғұланың⁴⁴⁵ Қара түнегіне қарай қайтады⁴⁴⁶. Төмүчин [мен] Жамұқа екеуі Қорқоқ Жібүрге келіп, ертедегі анда болғандарын еске алып, андалық анттарын жаңғыртып, достасады⁴⁴⁷.

(30-а) Олар алғаш рет анда болған кезде, Төмүчин он бір жаста еді. Жамұқа құралтұқ сақасын⁴⁴⁸ Төмүчинге беріп, Төмүчин шенгелді⁴⁴⁹ сақасын беріп [өзара] анда болысып, Онанның мұзында асық ойнап жүріп, сол жерде андаласқан екен. [Содан], келесі көктемде қарағай садақпен⁴⁵⁰ атысып жүргенде, бұғының мүйізінен жасаған дабысты садағын⁴⁵¹ Төмүчинге беріп, Төмүчин арша ұшты оқырашығын⁴⁵² айырбастап, анда болысады. Сол жолы анда болысқан жөні осылай екен. Бұрынғы қариялардың андалық сөзін тыңдап:

⁴⁴³ Qorqoq jibur – МҚШ-да Хорхонаг Жибүр, өзге де моңғол жазбаларында Хорхог Жибүр.

⁴⁴⁴ Kerebei – “керді”, керіп өтті деген мағынада.

⁴⁴⁵ Tugula – қазіргі атауы Туул.

⁴⁴⁶ Tugula-in qara tün jögin – т. н-да осылай, “Тұғұланың қара түнегін беттеп” деп жазылған. МҚШ-да “Талқун аралынан қозғалып, Төмүчин, Жамұқа екеуі Қорқоноқ Жібүрді беттеп кетті. Тоғорыл қаған Бұрқан Қалдұнның қырқасымен, Гацуурт (Гацууртай) Сүвчит, Улиат (Улиастай) деген жерді басып, аң аулай жүріп, Туул өзенінің Қара тоғайына қайтты” деп жазылған.

⁴⁴⁷ Amraldbai – т. н-да осылай жазылған. Бұл сөздің түбірі – “амраг” – “амрақ” сөзі М. Қашқаридің сөздігінде: “Амрақ: Сүйген дос. Амрақ көңүл – сүйген көңіл, сүйген жүрек дегенді білдіреді” деп жазылған (Қашқари М. ТС. 1-т. 131-б.).

⁴⁴⁸ Quraltuq sayai – құралтұқ (құрұлтұқ) сақа, қ. м. АТ-да “гурын шагай” – “құралайдың асығы” деп аударған, “Золотое сказаниде” “крепкую бабку (налиток)” деп аударған. “Құрылтұқ” атауы М. Қашқари сөздігінде “жеңіл” деген ұғымды білдіреді: “Qurultuq er” – жеңіл ер, жеңілтек ер” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 1-т. 542-б.).

⁴⁴⁹ Šinggel – dūr – tū sayai – шенгелдіреткен сақасы болуы мүмкін.

⁴⁵⁰ Alanggir nomu – А. Амар МТТ-да “бага модон нум” – “кіші ағаш садақ” деген.

⁴⁵¹ Jor-iyan – т. н-да осылай жазылған, “num – садақ” деп түсіндірме берген.

⁴⁵² Godil – оқырашық, жебенің ұшына орналастыратын құйма (Базылхан Б. МКТ. 130-б.).

“Анда адамның жаны бір,
Ешқашан ажыраспай,
Жанға араша⁴⁵³ болайық!” —

деп, татулық құрған жөні солай екен. Енді тағы да “Андалықты жаңғыртып, татулық құрайық!” десіп, Төмүчин Тоқтағадан олжалап⁴⁵⁴ алған алтын белбеуін Жамұқаның беліне буып, Тоқтағаның некей⁴⁵⁵ құла атын мінгізеді. Жамұқа қаруына Ұнақ меркіттің Дайр Ұсұннан олжалап алған алтын белбеуді Төмүчиннің беліне буады. Дайр Ұсұнның мүйізді түлкі бозын Төмүчинге мінгізеді.

Қорқоқ Жібүр өзенінде,
Екер Құну қойнында⁴⁵⁶,
Сағалғар ағаштың⁴⁵⁷ [ығында]
Анда десіп, татулық құрып,
Той тойлап, қызыққа батып,
(30-б) Түнде көрпеде бір жатады.

Төмүчин, Жамұқа екеуі татулық құрып, бір жыл өтіп, келесі жылдың жартысына дейін жұптарын жазбайды⁴⁵⁸. Сөйткен жұрттан бір күні “көшейік!” десіп, жаздың алғашқы айының он алтысының кері қызыл күні⁴⁵⁹ көшеді. Төмүчин, Жамұқа екеуі арбаның алдында бірге келе жатқанда, Жамұқа бүй дейді:

⁴⁵³ Араша – араша, т. н-да осылай жазылған.

⁴⁵⁴ Arbilaju – арбау – әрбілеу – жәбірлеу, қ. м. АТ-да “олзолж авсан” — “олжалап алған” деп аударған.

⁴⁵⁵ Nekei – МҚШ-да “эсгэл” — “асау, алып қашпа” деп түсіндірген.

⁴⁵⁶ Qorqoq jibur-un go'ol-ta Eker qunu ebür-e – МҚШ-да “Qoldaqar”, “Золотое сказание” түсіндірмесінде “Qol-da-eger” деп өзгертілген. Қ. м. АТ-да “Хорхог жибүрийн голд, ихэр хуны өвөрт” — “Қорқоқ Жібүрдің өзенінде, егіз құдың қойнында” деп жазылған.

⁴⁵⁷ Saglagar modun – Моңғол аңызында жиһан ағашы. Кей тұста жиһандағы түгел ағаштың ханы “Илэ салата сала модон” — “Қисапсыз салалы сал ағаш” (Б. Ринчен) болып шығады. Бұл ағаштың әсері моңғол салтына терең тамыр жайған. Қамұқ Моңғол Құтұланы хан көтергенде де осы ағаштың саясында жер қайысқанша тойлатады (Дулам С. МДЗД. 174-б.).

⁴⁵⁸ Amuralduju – амырақтасып.

⁴⁵⁹ Ulayan tergel edür – Моңғол жұлдызнамасындағы ең қасиетті күн. Түпнұсқада көп қайталанады.

“Төмүчин анда
 Тауға тақап түсейік
 Жылқышыға біздің
 От шоғы жетсін⁴⁶⁰.
 Әй, дұрыс па?!
 Өзенге тақап түсейік
 Қойшы, қозышыға біздің
 Тамақ, төсек жетсін⁴⁶¹.
 Қарсылық жоқ қой!⁴⁶²” — дейді.

Төмүчин Жамұқаның бұл айтқан сөзін түсіне алмай, [онысын] білдіртпей [кейіндеп] қалып отырып, көш ортасындағы арбасы келген кезде, Өгелен шешеге бүй дейді:

“Жамұқа анда былай деді:
 Тауға тақап түсейік
 Жылқышыға біздің
 От шоғы жетсін.
 Әй, дұрыс па?!
 Өзенге тақап түсейік
 Қойшы, қозышыға біздің
 Тамақ, төсек жетсін.
 Қарсылық жоқ қой! —

⁴⁶⁰ Gal-šoq kürtügei — с. с. от шоқ жетсін, — т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “Адуучинд гэр болтугай” — “жылқышының үйі болсын” деп өзгертілген.

⁴⁶¹ Ноол ог hurtugei — Тамақ, төсегі жеткілікті болсын. Қ. м. АТ-да “ор” — “төсек” сөзі жазылмай қалып қойған.

⁴⁶² Жамұқаның осы өлең сөзіне ғалымдар ерекше мән береді. Л. Гумилев: “Жамұқаның көштегі жұмбағын” зерттеушілер ол соғыс әрекетін бастауға желеу болған деседі. Бірақ, оны әрқайсысы әр түрлі аударды. Қытайшадан П. Кафаровтың аудармасында: “Жамұқа былай дейді: Егер біз бүгін тауға қонсақ, онда жылқышылар үйін тігеді. Егер өзенге жанай қонсақ, қойшы мен қозышы да тоғайып қалады” (Палладий. Көне моңғол аңызы..., 59-б). С. А. Козинде: “Тау жағалай көшейік — жылқышыларымызға күрке дайын. Өзенді бойлай көшейік — қойшыларымызға тамақ дайын” (МҚШ. 118-б.). Осы жайттан кейін “Жамұқаның көштегі жұмбағынан” Моңғол ұлысын құру себептерін іздеп табу ниетінен бас тартуға болады” деген ой айтады (Гумилев Л. Н. Қиял патшалығын іздеу. Алматы, 1992. 160-беттегі түсіндірме).

деп айтты. Мен осы сөзді түсіне алмай, еш жауап айтпадым. Шешейден сұрайын деп келдім!” дегенде, Өгелен шеше сөйлемес бұрын, Бөрте үшін бұй дейді: “Жамұқа анданы тез айнығыш дейтін еді. Енді бізден айнитын кезі болды. (31-а) *Тұғар-да*⁴⁶³ Жамұқа анданың айтқан тілі⁴⁶⁴ бізге жиіркенішті [естілетін] сөз екен. Біз мұнда түспейік. Ілгері жүрген қалпымызда тура бөлініп, түнделете жүрейік!” дейді. Бөрте үшіннің сөзін жөптеп, түнделете жүріп келе жатқан жолда тайшықұттардың үстіне тап келеді. Тайшықұттар [олардан] қорқып, сол түні Жамұқаның жағына қарай ығысып кетеді. Тайшықұт Бесүттің жұртында қалған бір кішкентай Көкечү есімді ұлды біздің адамдар алып келіп, Өгелен шешеге береді. Өгелен шеше [оны] өз үйінде асырайды. Сол түнді өткізіп, ертеңінде күн шыққанда қараса, жалайырдың Қачиғұн *тоқұрағұн*⁴⁶⁵, Қарақай *тоқұрағұн* осы үш ағалар, бауырлар түнімен көшіп еріп келген екен. Және дарқаттан Қадағана, Далдұрқан ағалар, бауырлар бес дарқат келген екен. Және Меңгетү *қианың*⁴⁶⁶ ұлы Үңгүрүтен чаншиғұт, байағұттар келген екен. Барұластан Құбылай, Құтұқ ағалар, бауырлар келді. Маңқұттан Жадай, Тұғұлқу *черби*⁴⁶⁷ аға, бауыр екеуі келеді. Бұғұрчидің бауыры Екүле *черби* арулаттан бөлініп, ағасы Боғұрчиға бірігіп (31-б) келеді.

⁴⁶³ Тұғар — т. н-да үш жерде осы атау аталады. Бұл сөз моңғол тілінің сөз қолданысына алыстау. Біз бұл атауды, “тұғар”, “тұғыр”, “тұрақ” — “тұғыр” — “жеке мемлекеттің адамы” деген атау ма деп топшылаймыз. Демек, Шыңғыс қағаннан бұрын ел болған елдің азаматтары.

⁴⁶⁴ Kelelegsen kelen, “Хэлэх үг хэлмэрчийн аманд буй” — “Айтар тіл [сөз] жеткізушінің аузында” деген көне моңғол сөз тіркесінде үлкен сыр бар. Соны зерттеп, зерделеп анық-қанығына жетсең екен!” деген ұсынысты әйгілі ғалым Владимирцов моңғол академигі Б. Ринчен Ленинград қаласында Шығыстану институтында дәріс алып жүрген кезінде айтқан екен. Кейіннен Б. Ринчен Моңғолияның батыс өлкесінде жүріп өлд руының бір қариясының аузынан осы құпия сөз тіркесінің мән-жайын сұрап білген. Сөз Шыңғыс қаған дәуірінен жеткен (Ринчен Б. “Гүнчи” тарихи шығарма). Бұл жерде де сондай сыр бар. “Тіл (сөз) тілдің ұшында” деген мағынада айтылған.

⁴⁶⁵ Тоқұрағұн — атақ, лауазым. Қазірге қазақ тіліндегі “жаушы” дегенге ұқсайды.

⁴⁶⁶ Mengetü qia — Менгет қиа, МҚШ-да “Мөнхөт хия” деп жазылған.

⁴⁶⁷ Čerbi — бас нойан деген лауазым.

Желменің бауыры Чұрған Сүбекетей⁴⁶⁸ банадүр ұранқайдан бөлініп, Желмеге бірігіп келді. Бесүттен Тақай, Күчікір ағалы-інілі екеуі келді. Сүлдүстен Чілкүтей, Тағай, тайчығұттан ағалар, бауырлар келді. Жалайырдың Шира Домақ⁴⁶⁹, Арқай Қасыр, Бала ұлдарымен келді. Қоңқотаннан Сүйкетү черби⁴⁷⁰ келді. Сүкегеннен Жекей, Құндағардың ұлы Сүкей Жекүн келді. Некүтейден Чаған Қоға келді.

Олқұнұттан Қыңкетеп⁴⁷¹, форұластан Сечі Көүр, дүрбеннен⁴⁷² Мөчі, Бітікендер келді. Икерістен Бүтү, күрген⁴⁷³ Иабак-сабар келді. Үйегеннен⁴⁷⁴ Иүнеге келді. Оруғардан Жұрғақан келді. Барлықтан Қоға сечен, Қарачар балаларымен келді. Және Қорчи Үсүн ебүген, Көкечөс мақа бастаған бағариндер келді.

Қорчи келіп, бүй дейді: “Боданчар Боғданың⁴⁷⁵ алған әйелінен туған, Жамұқамен құрсағы бір жалғыз едім. Мен Жамұқадан еш ажыраспаймын. Жағарин⁴⁷⁶ келіп, маған аян берді: “Бір қоңыр сиыр келіп, Жамұқаны айналып жүріп⁴⁷⁷, үй арбасын (32-а) сүзгілеп, Жамұқаны да сүзіп, бір мүйізін сындырып алды, сыңар мүйізбен қалып, “мүйізімді бер!”, деп Жамұқаға қарай [жерді] сүзгілеп, топырақты шашып тұр екен. Қуаң⁴⁷⁸ сиыр үлкен үйдің

⁴⁶⁸ Čorǵan Sübegedei – қ. м. АТ-да “Цурхан Сүбээдэй”, МҚШ-да “Ča’urǵan Sübegedei – baγadur” деп жазылған.

⁴⁶⁹ Šhira domoγe, МҚШ-да “Seče – domaγ”.

⁴⁷⁰ Süike-tü čerbi – т. н-да “tügü noγan” – “бас нойан” деп түсіндірме берген.

⁴⁷¹ Kingge-tei, көне моңғол тіліндегі МҚШ-да “kinggiyadaı”, қазіргі моңғол тіліндегі МҚШ-да “Хингиадай” деп жазылған.

⁴⁷² Dürben – (ру атауы), т. н-да: Дүрбен, дөрбөн деп әрқалай жазылған. МҚШ-да “Дүрвэд”.

⁴⁷³ Kūriget – т. н-да “Kūgūgelen” деп түсіндірме берген қазіргі мағынасы күйеу.

⁴⁷⁴ Üyegen – қ. м. АТ-да “Үеген”, “Золотое сказаниде” – “нойакин”.

⁴⁷⁵ Buda-iγan – т. н-да осылай жазылған. Қ. м. АТ-да “Боғда”, “Золотое сказание” бұл сөзді қалдырып кеткен.

⁴⁷⁶ Ĵaγaγin – (діни) тәңір атауы. МҚШ-да “Заарин”.

⁴⁷⁷ Ogčiju yaγuju – тұрып, жүріп. Т. н-да “ogčin toγuγin”, “айналасында жүріп” деп түсіндірме жасаған.

⁴⁷⁸ Quqa – қуқа (қуаң).

[жүгі тиелген арбаға] жегілген екен. Төмүчиннің соңынан еріп, үлкен жолға⁴⁷⁹ түсіп, мөңіреген күйі [ілгері] ұмтылып:

“Аспан, жер бірігіп⁴⁸⁰,
Төмүчинді ұлыстың иесі
Болсын деген соң
Ұлысты тиеп келемін!” — дейді.

Жагарин [мұның бәрін] көзіме елестетіп, маған [аян] білдірді. Төмүчин, сен [өзің] ұлыстың иесі болсаң, [алдын ала] білдіргенім үшін мені қалай жарылқар едің?!” — дейді. Төмүчин: “Шынында [маған] солай ұлыс басқартса сені, түменнің нойаны етер едім!” дейді. [Сонда Қорчи]: “Саған төрді нұсқаған адам деп мені түменнің нойаны етуден артық қандай [керемет] жарылқау болар еді! Түменнің нойаны болғаннан соң, маған ұлыстың сұлу қыздарынан таңдап, отыз әйел алып бер. Және айтқанымды тыңдап жүр!” дейді.

Құған⁴⁸¹ бастаған бір күрен кенигес келеді. Және Даритай отчығын бір күренмен келеді. Жадараннан⁴⁸² Мұқұли Қоға⁴⁸³ келеді. Үчин Сақурин⁴⁸⁴ бір күрен келеді.

Жамұқадан бөлініп көшіп, Қимұрға бұлағына ауыл қаралас⁴⁸⁵ қонып жатқан тұста, Сечен беки, Тайчу екеуі бір күрен және Тәйшидің⁴⁸⁶ ұлы Алтын Құчир беки бір күрен және Құтұла қағанның ұлы Алтын отчығын бір күрен, (32-б) Жамұқадан бөлініп көшіп, Төмүчинді Қимұрға бұлағында ауыл қаралас қонып жатқан тұста, бірге қонады.

⁴⁷⁹ Tergegür – МҚШ-да “тэргүүр” деп жазылған. Ц. Дамдинсүрэн “зам” — “жол” деп түсіндірген.

⁴⁸⁰ Tengri gaĵar peilejü – Аспан мен жер бірігіп.

⁴⁸¹ Hugaŋ – түпнұсқаны біз осылай “Хуган” деп оқыдық.” Ц. Шагдар “Хугас” деп, Ц. Дамдинсүрэн “Хунан” деп оқыған.

⁴⁸² Ĵadaraŋ – бұл атауды да “Жажиран”, “Зажиран”, “Зэндэрэн” деп әрқалай жазған.

⁴⁸³ Muquli you-a – т. н-да осылай жазылған.

⁴⁸⁴ Üjin saqurin – көне моңғол тілінде МҚШ-да Ünjün Sa – qayit.

⁴⁸⁵ Ayıl qaraĵa – ауыл қарайлас, ауыл қоралас т. н. т-де “üsel”.

⁴⁸⁶ Taishi – т. н-да осылай. МҚШ-да “Нэгүн тайж”.

Сол жерден көшіп, Күрелкү ішіндегі Сенкүр бұлағының Қара Жіругенінің Көке нағұрына келіп қонады. Алтын⁴⁸⁷, Құчир, Сечен беки барлығы келісіп, Төмүчинге бұй дейді: “Сені қаған болдырайық!”

Сені қаған болдырып,
 Қалың жауды⁴⁸⁸
 Жорта жаулап⁴⁸⁹,
 Өңі жақсы қыздарын,
 Еңселі орда үйін,
 Бөтен елдің
 Беті сұлу қатынын
 Аршыны жақсы ақтасын,
 Желдірте әкеліп берейік.
 Қашаған киікті ауласаң,
 Қайырып берейік.
 Орман киігін іздесең,
 Қопарып шығарып берейік.
 Қыр даланың киігін
 Құрсағын біріккенше,
 Сығып берейік.
 Қуалай аулаған саятта⁴⁹⁰,
 Қалдырмай қуып берейік.
 Жылғалардың киігін,
 Санын біріккенше
 Сығып берейік.
 Белестердің киігін
 Түрткілеп шығарып берейік.

⁴⁸⁷ Altan – МҚШ-да “Алтын Отчигин” деп жазған.

⁴⁸⁸ Olon daind – “Қалың соғыста”. Түпнұсқада “дайн” – “соғыс” сөзін “жау” деген мағынамен де қолданған.

⁴⁸⁹ Dayin-dur ayalaŋu – соғыста ағалап.

⁴⁹⁰ Qebŋeg ŋaqa – үлкен саят, хан саятының көне атауы. Мұндағы “хэвцэг” сөзі, “хэвтэш” – “жатын шахаа” – “қысу, қыспаққа алу, қуалау” дегенді білдіреді.

Қақтығысқан кезінде
 (33-а) Қалқаның болмасақ,
 Жат пұшпағына⁴⁹¹ адастырып,
 Қара басымызды,
 Түзге тастап кет!
 Жай күнде
 Тыныштығыңды бұзсақ,
 Қара жаран⁴⁹²,
 Қатын-баламыздан айырып,
 Иен түзге тастап кет!”

Осылай сөз байласып, осылай ант берісіп, Жоғарыдағы мәңгі тәңірге⁴⁹³ шашу шашып, тоғыз тұғырлы шашақты ақ туын⁴⁹⁴ тұғырына қондырып, көтереді.

Төмүчин дүниеге келгенде Лустың қағаны⁴⁹⁵ қасбұға таңба шығарып бергенде, қаралтым құс түңлікке қонып: “Шыңғыс,

⁴⁹¹ Qaqa ğigi-eġe – жат пұшпақтан деген сөз. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “хол ойроос” – “алыс жақыннан” деп түсіндірме берген.

⁴⁹² Iǵan qaqa – (aǵan, сөзі қате жазылған), МҚШ-да “eges qaqa” – “ер қара”, “qaqa” сөзі ер адам деген де мағына береді. “Хар хун” – “күйеуі”. Бұл жерде қара жаран – қара халық деген болуы мүмкін.

⁴⁹³ Degree möngg teggi – Жоғарыдағы мәңгі тәңір. “Мөнх хөх тэнгэр, Хөх мөнх тэнгэр” – “Мәңгі көк тәңір, Көк мәңгі тәңір” деп те айтады. Аспан ғарышты теңестіргенде жер ананың иесі – Етүкен анамен бірге болған. Ежелгі моңғол аңызындағы еркек-әйел жұп тәңірдің бірі, адам баласын жаратушы. Кейіннен Моңғолдың біріккен төр ұлысы пайда болған тұста орталық төр билігінің қуатын анықтаушы өлшем болған (Дулам С. МДЗД. 171-б.).

⁴⁹⁴ Esön költü šayan tug – iуan – тоғыз сирақты ақ ту немесе “yeke šayan sülde” – “ұлы ақ сүлде (байрақ)”. Шыңғыс қағанның “ұлы ақ байрағы” тоғыз тұғырлы немесе esön költü šayan tug “тоғыз сирақты ақ байрақ” деп аталған. “Ақ” деп аталуының себебі – оны ақ айғырдың қылынан жасағанында болса керек. Мұның сыртында “қара ту” – “qara tug” немесе “qara sülde” болған. Оны қара айғырдың қылынан жасаған. Бейбіт кезде “ақ ту” желбіресе, соғыс кезінде “қара ту” желбіреген. Шыңғыс қағанның қара туының (qara sülde) гибадатханасы Ордоста сақталған. Ол МХР-да 1921 жылы жеңген төнкерістен кейін қазіргі Эрдэнэ Зу деп аталатын гибадатхананың қасындағы Баруун – Хүрэдэн табылған. Ол ту Моңғолияның Мемлекеттік мұражайына берілген, сонда сақтаулы (Жамцароно. Культ Чингиса в Ордосе, 1961).

⁴⁹⁵ Лустың қағаны – (діни) тәңір атауы.

Шыңғыс!” деп шақырыпты. Сол құстың шақырғанына байланысты оған Шыңғыс қаған⁴⁹⁶ деген ат беріп, қаған болдырады.

Қырық бес жасында бин барыс⁴⁹⁷ жылы Онан дарияның басында, тоғыз тұғырлы ақ туын көтеріп, [Шыңғыс] қаған ұлы таққа отырады⁴⁹⁸.

Тәңірдің ұлы⁴⁹⁹ Төмүчин — Шыңғыс қағанның дүние жүзін түгел біріктіріп, теңіз-мұхитқа дейінгі [елді] тең болдырып билік таққа қалай отырған жайын басынан бастап баян етейін.

Шыңғыс қаған сайланғанда⁵⁰⁰ Боғұрчидің бауыры Егүле-черби⁵⁰¹ садақ⁵⁰² асып, Қачиғұн тоғұрақұн қорамсақ асынды⁵⁰³ Енкүр, Сүкетү (33-б) черби, Қадаған Талтұраған үшеуі:

⁴⁹⁶ Činggis – моңғолтанушы ғалымдар бұл атауды да әрқалай түсіндіреді. Академик Ц. Дамдинсүрэн “Чингис қаған дегені Теңгис (Теңіз) қаған, Далайн (Мұхиттың) қағаны деген сөз секілді” деген (Монголын Нууц товчоо, УБ., 2004. 123-бап).

⁴⁹⁷ Bing baris – моңғол жыл санауында он екі жыл қайырып, жыл қайталанған (мүшел жыл) тұста оны “от, су, топырақ” деп бөліп, оны төрт түспен анықтайды. Bing baris — қызыл от барыс жылы деп түсіндіреді.

⁴⁹⁸ Qaγan iyeke oγu sagubai – Қаған ұлы таққа отырды. Шыңғыс қағанның ұлы таққа отырғаны жөнінде А. Амар: “Нағыз қаған болғаны қырық бес жасында, от (қызыл) барыс жылы. Бұл тұста ол қырық бес жасқа келмегендіктен, тек қана өзіне қарасты бір жеке аймақтың (тайпаның) халқына хан немесе басшы болып сайланған әрекет сияқты. Моңғолдың бір тарихында, Шыңғыс қаған жиырма сегіз жасында, топырақ тауық жылы хан тағына отырды дегені — осыны айтқанға ұқсайды” деген (Амар А. МТТ. 110-б.).

⁴⁹⁹ Tenggi-iyn köbegün, Тәңірдің ұлы — тәңірден жаратылған нұрдың ұлы.

⁵⁰⁰ Činggis qaγan bolugad – Шыңғыс қаған болып.

⁵⁰¹ Degüü Egüle – čerbi- Degüü сөзі баспада түсіп қалған, негізінде бұл — Ögülen – čerbi-дің аты.

⁵⁰² Ho'or aysaba – садақ асты.

⁵⁰³ Qačogun toγuragun qor aysaba – Қачоғұн тоғұрағұн садақ асты. МҚШ-да “Богурчидің інісі Үгәлән черби, Қачиүн Тоқұрауын және ағалы-інілі Жетей, Доголху төртеуіне қорамсағын асындырды” деп жазылған.

“Таңғы астан қалдырмайық”⁵⁰⁴.

Кешкі аста қатерге ұрындырмайық!” —

деп бағурчин⁵⁰⁵ болады.

Текей бүй дейді:

“Жас ісекті”⁵⁰⁶

Сорпа болдырып,

Таңда ағат етпейін.

Қонағада кешіктірмей.

Алалы қойды бағып,

Алқапты⁵⁰⁷ толтырайын.

Қоңырлы қойды бағып,

Қотанды толтырайын.

Тамақсау болған мен едім.

Қой жайып, көтенішек⁵⁰⁸ жейін!” — деп, қой бағады⁵⁰⁹.

Бауыры Күчүгүр бүй дейді⁵¹⁰:

“Тиекті арбаңды

Тозып, бұзылмас етіп,

Білікті арбаңды

Кедіргек жолда

Бөгеліп қалмас етіп берейін!” — деп, арбашы болады.

⁵⁰⁴ Megüdegülsügei – састырмайық, т. н-ға “dutagulsugai” — қалдырмайық деп түсіндірме берген.

⁵⁰⁵ Baуurçin – бауыршы. Дастарқан басында қызмет ететін адам, даяшы. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде бұл сөз қазіргі кезде де жиі қолданылады. Ц. Шагдар қ. м. АТ-да аспазшы деп аударған.

⁵⁰⁶ Şinegen irege – жас ісек, жас ісектің сорпасы.

⁵⁰⁷ Alam degürgesü – т. н-да “Alam” сөзі өткел, алқап деген екі мағынада қолданылады, қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “Тал дүүргәсү” — “Даланы толтырайын” деп өзгерткен.

⁵⁰⁸ Şaуap mіqa – көтенішек, “қой жайып, көтенішек жейін” деген сөз тіркесі қазақ тілінде әлі күнге дейін сақталған. Қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында айтылмайды.

⁵⁰⁹ Qonin aduуulabai – қой қоздатты.

⁵¹⁰ Degün-inü kücügur ögülegün – “бауыры Күчүгүр бүй дейді” деген сөзді т. н-ға қосып жазған.

Төдей⁵¹¹ черби: “Үй ішінде үй шаруасын тыңдырайын!” — дейді.
Құбылай, Чігүлкетей, Қарақай тоғұрақұн үшеуіне:

“Қасырмен бірігіп⁵¹²,
Күш көрсеткендердің
Кеңірдегін кесіндер⁵¹³.
Омыраулағандардың⁵¹⁴
Омыртқасын үзіндер!⁵¹⁵” — дейді.

Белкүтей, Қаралдай тоғұрақұн екеуіне:

“Ақта ұстаушы,
Ақташы болыңдар!⁵¹⁶” — дейді.

Тайчығұттың Құтұ, Мөріті⁵¹⁷, Бұлғалақу үшеуіне:

“Жылқы бағыңдар!⁵¹⁸” — дейді.

Арқай Қасыр⁵¹⁹, Тақай, Сүкей⁵²⁰, Чақұрақан⁵²¹ төртеуіне:

“Алыстың қонағы,
Жақынның отары болыңдар!⁵²²” — дейді.

⁵¹¹ Tüdei čerbi – МҚШ-да “Додай черби” деп жазылған.

⁵¹² Qasar luga neg bolon – Қасырмен бір болып.

⁵¹³ Kūjūgūn-ig-inu kekgektegūn – МҚШ-да “хүзүүг хянгардаж”.

⁵¹⁴ Omorgagati-ig – қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында “ашулы, адуын” деген мағынада қолданады. Сөзбе-сөз “омыраулап”, “төстеп, төс көтеріп” деген мағыналы. Қазақ тіліне жақын.

⁵¹⁵ Öngelčitgūn – деп жазылған. Ц. Шагдар “огтлогтун” — “бауыздандар” Ц. Дамдинсүрэн “огтлож ав” — “кесіп ал” деп аударған. Негізінен “тұлдандар” деген сөзбен мағыналас.

⁵¹⁶ Akta bariqu aktačin boltuγai – ақта ұстаушы ақташы болыңдар.

⁵¹⁷ Qutu morit-tu – Құтты аттылы деген мағынада.

⁵¹⁸ Aduγun aduγulatuyai – с.с. жылқы жықылатыңдар.

⁵¹⁹ Arqai Qasar – “Золотое сказаниеде” — “Аранай Хасар”, қ. м. АТ-да Архай Хасар деп жазған.

⁵²⁰ Sükei – қ. м. АТ-да Сүгей деп жазған. МҚШ-да Сүхэхэй деп жазылған.

⁵²¹ Čayurayap – қ. м. АТ-да — “Чаурхан”, “Золотое сказаниеде” — “Чахурхан”.

⁵²² Qola-iγun qoničay – oyıγa-iγun otıγa boltuγai – алыстың қонашағы, жақынның отары бол.

Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “хол ойрыг сурвалжлах газарч болтугай” — “алыс-жақынды жалғаушы жерші болыңдар” деп аударып, “алыс, жақынды тілдестіруші жерші (жолшы)” деп түсіндірген.

Сүбегедей баһадүр бүй дейді:

(34-а) “Тышқан болып,
Тасып берейін.
Қара қарға болып,
Қатты біткенді терейін.
Амырақ сауысқандай⁵²³
Татулықты жинайын.
Қарға, сауысқан⁵²⁴ болып,
Үйге қарай
Үйірсекті жинайын!” — дейді.

Содан Шыңғыс қаған хан сайланып, Боғұрчи, Желме екеуіне бүй дейді:

“Сен екеуің мені
Көлеңкеден өзге
Нөкер жоқта
Көлеңке болып,
Көңілімді жай еттіңдер,
Көңілімде сақтаулы.
Құйрықтан өзге
Шаншар жоқта⁵²⁵
Құйрық болып,
Жүрегімді тыныш еттіңдер,
Көкірегімде сақтаулы.

Сен екеуің [сол] бұрынғы қалыптарыңмен осының бәріне мән беріп еске алып, [өзгеден] артық ағалық жасайсыңдар!” — дейді.

Шыңғыс қаған тағы да жарлық етіп: “Аспан мен жердің зор қуатына бөленген сендер мені Жамұқа андадан артық көріп, нөкер

⁵²³ Amıruı’a šejegeı – Амырақ сауысқан, Адал сауысқан. Сауысқанды қастерлеу көне түрік-моңғолдың нанымында және буддизм сенімінде де кездеседі. Қазақ аңызына тым ұқсас келеді.

⁵²⁴ Šešegeı – т. н-да осылай “шешегей” ховог деп торғауытша жазып, “šaıaıai” деп қалқа моңғолша түсіндірме жазған.

⁵²⁵ Šıcięe – с. с. шаншар, қарақшы Ц. Дамдинсүрэн “шаншар, түртер” деп аударған. Ц. Шагдар қ. м. АТ-да “чүчигэ” қалпында жазған.

болуға келдіңдер, қариялар, қайырлы нөкерлер, [өздерің] ерекше жаратылғандықтан, Көктегі тәңірмен дос болдыңдар, халқым!⁵²⁶ дейді. Жан-жағынан сүйеу болды⁵²⁷.

Керейттің Тоғорыл қағанына “Шыңғыс қағанды хан сайладық” деп, Тақай, Сүкей екі елші жібереді. Тоғорыл қаған бұй дейді: “Төмүчин ұлымды қаған еткендерің дұрыс болған. Сендер — моңғолдар қағансыз қалай болады!

Бұл бітімді бұзбаңдар.

(34-б) Байлам түйінді⁵²⁸ шешпеңдер.

Ағайынды бүлдірмеңдер!”⁵²⁹ — деп қайтарыпты.

Арқай Қасыр⁵³⁰, Чақұрқан екеуін Жамұқаға елші етіп жібереді. Жамұқа бұй дейді: “Алтын Құчир мен Сечен беки екеуіне айт!” Алтын Құчир, Сечен беки сен екеуің Төмүчин анда екеуіміздің арамызды,

Сүбеден шымшып,

Қабырғадан шаншып⁵³¹.

Неліктен ажыраттыңдар, сендер?!

Анда екеуіміз бір-бірімізден айырылмай тұрғанда, анда Төмүчинді неге қаған етпедіңіздер, сендер?! Енді сендердің оны қаған еткендегі ойларың не?! Алтын Құчир, Сечен беки сен екеуің,

⁵²⁶ Degedü tedeger nöküçeldügsen arad-iyn kemejü — осы сөйлем қ. м. АТ-да жазылмай, қалып қойған, т. н-да “ард” — “халық” сөзіне “нәрд” — “атақты” деген түсіндірме жазылған.

⁵²⁷ Jüg jug-eçe tüshebei — тұс-тұстан демеді. “Жан-жақтан сүйеу болды, қолдады” деген осы мағыналы сөйлем т. н-да алдыңғы сөйлемге байланыссыз, жеке баяндалған. МҚШ-да “...Сендерге осылай лайықты шен-шекпен бердім!” деп алдыңғы сөйлемге үйлестірілген.

⁵²⁸ Ei-e jakiba — (жарасым) bii tailagtün, Ц. Дамдансүрэн “Эв зангиа таслахгүй” — “Бірлік байлауын үзбей” деп аударған.

⁵²⁹ Aya-ben taguludun — ағайынды таратпаңдар. Ц. Шагдар “Эх захаа бүү алдагун” — “бас аяқсыз кетпеңдер” деп аударған.

⁵³⁰ Ayaı Qasar — “Золотое сказаниеде” — “Арнай Хасар”, қ. м. АТ-да — “Архай Хасар”.

⁵³¹ Sübege seçijü, qabıgıya qadquju — Сүбеден түртіп, қабырғадан түйреп (көне мәтел). “Көзге түрткі, көпке күлкі ету” деген мағына береді.

Айтқан сөздеріңе жетіп,
 Андамның көңілін тыншытып,
 Андама адал болып жүріңдер!” — деп қайтарады.

Содан кейін Жамұқаның бауыры Тичар⁵³² Аламаның⁵³³ қойнауы, Өлгей бұлағында⁵³⁴ [қоныстап] отырған біздің⁵³⁵ Сағари кегерідегі⁵³⁶ Жүчи Тармаланың⁵³⁷ жылқысын тонауға барып, Тичар Жүчи Тармаланың жылқысын барымталап кетеді. Жылқысынан айырылған Жүчи Тармала, нөкерлерінің батылы жетпегесін, [қарақшыларды] өзі қуып, түнде жылқының шетіне жетеді, атының жалына бауырлай жатып барып, Тичардың ту сыртынан (35-а) атып өлтіреді де, жылқысын алып қайтады.

“Бауырым Тичарды өлтірді!” деген Жамұқа бастаған жажиран он үш жаттар⁵³⁸ бірігіп, үш түмен қолмен, Алағұт, Тұрқағұттан асып⁵³⁹, Шыңғыс қағанға аттанып келе жатыр!” — деген хабарды Күрелкүде отырған Шыңғыс қағанға Мүлеке Тотаға, Боралдай екеуі арқылы жеткізеді. Бұл тіл жеткізуші келген кезде Шыңғыс қаған он үш күрен екен. Үш түмен болып, Жамұқаға қарсы аттанып, Далан Балжұтта шайқас басталады, Шыңғыс қаған

⁵³² Tісар – т. н-да Тичар, Тичэр деп әрқалай жазылған, қ. м. АТ-да – Тичэр, МҚШ-да – Тайчар.

⁵³³ Alma-yin ebüg – Алманың қойыны, Алманың қойнауы, қ. м. АТ-да “Заламын өвөр” – “Заламның қойнауы”, МҚШ-да “Жалама уулын өвөр” – “Жалама тауының қойнауы” деп жазылған.

⁵³⁴ Ülgei bulay-a – МҚШ-да – Ölögei bulag, “Өлгий булаг”.

⁵³⁵ Қ. м. АТ-да бұл сөз алынып, оған “хэмээх газар нутаглаж байгаа” – “деген жерде мекендеп отырған” деген сөз қосқан. МҚШ-да “гэдэг газар байгаа манай” – “деген жерде болған біздің” деп жазған.

⁵³⁶ Sagari keger – қ. м. АТ-да Сайрхээр, МҚШ-да Саарь-хээр.

⁵³⁷ Joçi targala – МҚШ-да Жөчи-Дармала деп жазылған.

⁵³⁸ Arban qirban qagi – он үш жат. “Жат” сөзін “хари” деп жазып, қолданған. Өзге түстарда “жад”, “жадын”. Зардыхан Қинаятұлы: “Жат сөзі моңғол жазбаларында 17-ші ғасырдың басына дейін кездеседі. Соңынан бұл атау Тунгус тілінің әсерімен “харь” – жат мағынасына ауысты”, – деп жазады. Рашид-ад Дин “Жанжират” деп қолданған.

⁵³⁹ Alaγud toγaγud – iγan dabaγu – Алағұд, Торғағұттан асып, қ. м. АТ-да осылай жазылған. МҚШ-да “Алагууд, Турагууд уулыг давж” – “Алағұт, Тұрағұт тауын асып” деп жазылады. “Золотое сказаниеде” бұл екі атау тайпа атауы мағынасында жазылған “давж” – “асып” деген сөз.

Жамұқаға төтеп бере алмай, Онанның Шарған шатқалына [барып] тығылады⁵⁴⁰. Жамұқа бұй дейді: [Жау] “Онанның Шарған шатқалына тығылды. Біз [енді] бұрылып қайтайық!” — деп Чиностың⁵⁴¹ ұлдарын⁵⁴² жетпіс қазанға қайнатып⁵⁴³, Некүтей Чаған Қоғаның басын кесіп, ат құйрығына сүйреп әкетеді.

Жамұқа осылайша қайтқаннан соң, ұрағұттың Жорчытайы⁵⁴⁴ ұрағұттарын бастап, маңқұттың Құйларды маңқұттарын бастап Жамұқадан бөлініп, Шыңғыс қағанға келеді. Жамұқада болған Қоңқотанның Менгілік ечиге⁵⁴⁵ (35-б) жеті ұлымен келеді. Шыңғыс қаған өзіне ұлыс келді деп қуанып, Өгелен үшін, Қасыр, жүркеннің Сечен бекиі, Тайчұтан бәрі ақылдасып: “Онанның түнегіне тойлайық!” деп той тойлайды, [тойдың] алдында жүркеннің Сечен бекиі, Тайчұтан, Өгелен шеше бастап, Шыңғыс қағанды қошеметке шақырады.

“Туыс туған біздер
Бөлек емес, бір едік.
Жаман жаманымен
Жүреді емес пе?!⁵⁴⁶” —

деп, қошеметтегенде, Өгелен шеше жарлық етіп:

⁵⁴⁰ Čingges qaγan Jamuq-tan-iug kötelgegdeü Saγan qabčiyai-a qurabai — Шыңғыс қаған Жамұқаға жетектеліп, Шарған қапшалына [шатқалына] құралды. МҚШ-да: “Чингис хаан Жамухад шахагдаж Онан мөрий Зээрэн гэдэг хавцалд шургаж оров” — “Шыңғыс қаған Жамұқадан ығысып, Онан дариясының Зерен деген қапшалына (шатқалына) тығылды”.

⁵⁴¹ Činos — ру-тайпа атауы, “čino” қасқыр, бөрі. “Ежелгі Ғұн иесінің (шанью) бір қатыны егіз сұлу қыз табады. Шанью оларды біреуге әйел болмасын деп, иен далаға үй тігіп жеке ұстайды. Кіші қызы сол жерде қасқырмен ылығып, өсіп-өніп, бір тайпа ел болыпты. Чонос атауы содан қалса керек” (БНМАУ-ын түүх. 134-б.). Бұл жерде де аңыз текті әңгіме айтылған.

⁵⁴² Köbegüd — ұлдары, балалары.

⁵⁴³ Dalan toγan-dur bučalaču — Жетпіс қазанға қайнатып.

⁵⁴⁴ Ogugud-un jorčitai — қ. м. АТ-да Урудтың Зорчидой, МҚШ-да “Урууд аймгийн Жүрчидэй” — “Уруд аймағының Жүрчидэй”.

⁵⁴⁵ Ečige — әкей, атақ-шен негізінде қолданылады..

⁵⁴⁶ Жұмбақ теңеу. Бұлар (көшпелілер) қандай бір істі, өзара тіл алысуды бір үлгіде ұйқастырып, құпия жұмбақ тілмен айтады (Марко Поло). Бұл жерде де сондай бір жұмбақ сырлар айтылған (БНМАУ-ын түүх, 34—57-б.).

“Қастас жауды аз,
Улы жыланды
Жіңішке деп еш ойлама!
Сенім артпа, сақ бол!” — деп еді⁵⁴⁷,

Боғда Ежен жарлық етіп:

“Қабтү⁵⁴⁸ Қасыр, сен садаққа ие бол.
Бөке Белкүтей сен басқарушы бол.
Қачиғұн сен атқа ие бол.
Ойтүй⁵⁴⁹ — Отчығын сен
Менің қасымда отыр.
Бәріне дайын бол!” —

деп, жарлық етеді⁵⁵⁰. Жүркендер оларға жамандық ойлап, ор қазып, үстіне киіз⁵⁵¹ жауып қояды. Ежен киіздің ортасына отырмақ болғанда, Отчығын Еженнің [жеңінен] тартып, сырмақтың⁵⁵² шетіне отырғызады. Шыңғыс қаған, Өгелен үчин, Қасыр үшеуіне Сечен беки бір түсергі⁵⁵³ тартады⁵⁵⁴. Және Сечен бекидің кіші шешесі⁵⁵⁵ Ебекейге (36-а) өзгеден бұрын бір түсергі тартқанда, Қорижан қатын, Қоғұғчин қатын екеуі: “Бізге алдымен түсергі тартпады!” — деп Боғұрчи Шикүрчиді таяққа жығады. Боғұрчи Шикүрчи: “Есүкей баһадүр, Некүн тәйжі екеуінің жоқтығынан мен осындай айыпты болдым. Мен не істедім?!” — деп, бар дауысымен жылаған екен. Сол тойды біздің жақтан

⁵⁴⁷ Бұл өлеңдер МҚШ-да жоқ.

⁵⁴⁸ Qabtu — қарымды, айлалы. “Қабтү Қасар” — “Қарымды Қасар”.

⁵⁴⁹ Oitui — зейінді, зерек, ойлы. “Ойтүй отчығын” — “Ойлы кенже”.

⁵⁵⁰ Jarliu bolba — жарлық болды. Бұл жұмбақ өлең Шыңғыс қағанның оқиғаны алдын ала сезіп қойғанын аңғартады. Осы тектес жұмбақ өлең шығарманың бірнеше жерінде кездеседі.

⁵⁵¹ Esegei — киіз.

⁵⁵² Debisger-ün — сырмақтың.

⁵⁵³ Tüseri — Б. Базылханның “Монгол-Казах толь” сөздігінде “шараяқ” деп аударылған. “Түсері” сөзі қазақ тілінде бар екенін ескеріп, біз түпнұсқа атауын өзгертпедік.

⁵⁵⁴ Tüserci — түсергі түсіріпті деген көне сөз тіркесі.

⁵⁵⁵ Eke — шеше. МҚШ-да “бага эхнэр” — “кіші әйелі” деген.

Белкүтей, жүркендерден Бүри бөке басқарған екен. Шыңғыс қағанның ақтасын Қачигүн⁵⁵⁶ ұстап тұрған еді. Жүркеннің бір әйел адамы сылтып келіп⁵⁵⁷, оң жақ үзеңгісін кесіп алып кеткенін көріп қалған Белкүтей, әлгі кемпірдің аяғын жұлып тастайды. Бүри бөке әлгі ұрыны жақтап, Белкүтеймен алыса кетеді⁵⁵⁸. Белкүтей оң жақ жеңін шешіп, жалаңаштап жүрген екен. Бүри бөке сол жалаңаш иығын семсермен шауып жібереді. Белкүтей жарақатын елеместен, қанын сорғалатқан күйі алаңсыз жүре береді.

Тойда көлеңкеде отырған Шыңғыс қаған мұны көріп, оның қасына келіп: “Біз неге соншама айыпты болдық?!”⁵⁵⁹ дегенде Белкүтей (36-б): “Таңертеңгілік кезде шапқан болатын. Мен үшін⁵⁶⁰ ағайын-туыстар араздаспаңдар! Маған ештеңе бола қоймас. Болымсыз жара ғой!” — дейді. Белкүтейдің⁵⁶¹ бұл айтқан басуына көнбей⁵⁶²,

Ағаштың бұтағын
Жұлып алып,
Сусынның⁵⁶³ [сабаның] піспегін
Суырып алып, ұрысып,
Жүркенді жеңіп,
Қоғұғчин⁵⁶⁴ қатын,

⁵⁵⁶ Qaşıyın — қ. м. АТ-да “Хачигу” деп жазылған.

⁵⁵⁷ Togulju ireged — ақсаңдай келіп. Бұл жердегі “әйел адамы ақсаңдай келіп” деген сөздер МҚШ-да жоқ, “нэгэн хүн” — “бір адам” деп жазылған.

⁵⁵⁸ Abuldarın — алысты, жұлысты, ойраттарда “күресті, күш сынасты” деген мағынада қолданылады. Қ. м. АТ-да “ноцолдов — алысты”, МҚШ-да “хэрэлдэв — ерегесті” деп жазған.

⁵⁵⁹ Qer-inü kekten bölge bid — “Қалай осылай кектеніп едік, біз”. Қ. м. АТ-да “Хэнд ингэж цавчигдав” — “Кімге өстіп шаптырдың”.

⁵⁶⁰ Tusu — көмектесу, болысу деген мағыналы.

⁵⁶¹ Belgetei — т. н-да осылай жазылған, дұрысы Белкүтей.

⁵⁶² Belgetei tedüi idgabasu ülü bolun — Белкүтейдің айтқанына көнбей. МҚШ-да Белкүтеэй айтқан осы сөзден кейін “Ағайын туыстар енді ғана қосылып, татуласып жатқандықтан, мен үшін араздаспаңдар, сәл күтіндер” деген сөйлем бар.

⁵⁶³ Idegesün — ас-сусынның, қ. м. АТ-да “айргийн” — “қымыздың” деп жазылған.

⁵⁶⁴ Qoşuğcin — қ. м. АТ-да — “Хорижин”, МҚШ-да — “Хорижин”.

Қорижан⁵⁶⁵ қатын екеуін тартып алады⁵⁶⁶. Қасыр оқ санап [атып] тұрады⁵⁶⁷. Сол ұрыста Белкүтей қымыз күбі [көтеріп] ұрысып жүріп, Еженді қорчын⁵⁶⁸ Тоқтағудың бедеу боз биесіне сол қолымен мінгізеді, [Ежен] Тоқтағуды дарқан⁵⁶⁹ етеді. Содан дарқат руы атанады. Көре тұра үзеңгісін кестірді деп, Қачиғұнды “Жаман ара, ағаш үзеңгі⁵⁷⁰” — деп айыптады деседі.

Сол жолы тайшығұттар Белкүтейді⁵⁷¹ ұстап, қасаққа⁵⁷² [таңып] қояды. [Белкүтей ел] ұйықтағаннан кейін, қасақты көтерген қалпы, қайтып келеді. [Сөйткенде, Боғда Ежен⁵⁷³]: “Тайчығұттардың ұрысында Белкүтей мені елемегендей, сол қолымен мінгізді!” — деп кінә тағады⁵⁷⁴. Оған Қасыр, Белкүтей⁵⁷⁵ екеуі: “Мына Ежен жөнсіз жаза⁵⁷⁶ жарлық етті. Қасырдың қарымымен, Белкүтейдің (37-а) палуан күшімен⁵⁷⁷ бес түсті, төрт жат ұлы ұлысты қол астына кіргізді емес пе!” — деп айтып жүргенін Ежен біліп,

⁵⁶⁵ Qorigjan – т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Хууржин”, МҚШ-да “Хуурчин” деп жазылған.

⁵⁶⁶ Qoguyčın qatun, Qorigjan qatun qoyog-ig buliŋu abubai – Қоғұқчын қатын, Қоричан қатын екеуін тартып алды. Бұдан кейін МҚШ-да “Жүркендер татулық бітімге келейік деген соң, біздер (бида-бет болса керек-ті) қабылдап, Хоричин қатын, Хуурчин қатын екеуін қайтарып берді” деген сөйлем бар.

⁵⁶⁷ Qasar sumu togulaŋu baiba – Қасар оқ санап [атып] тұрды. МҚШ-да бұл сөйлем жоқ. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-ның кейінгі басылымында қ. м. АТ-дағы осы сөйлемді қосып кіргізіп, “Хасар харвах тутам нэг хүнийг унагаж байв” — “Қасыр атқан сайын бір адамды құлатып тұрды” деп жазған (МҚШ. 132-бап).

⁵⁶⁸ Qogčın – садақшы деген шен.

⁵⁶⁹ Darqalaba – (атақ) сетерледі, ерікті болдырды.

⁵⁷⁰ Maŋu küriye, modun döŋüge – “жазаның атауы”, “жаман ара, ағаш үзеңгі”.

⁵⁷¹ Belgetei – т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да Белгүтей деп түзеткен.

⁵⁷² Qasaq – қасақ (арба). Мұнда “қасаққа таңу” немесе “арбаға таңу” атауы айтылған.

⁵⁷³ Бұл сөйлемді т. н-ға түсіндірме есебінде қосқан.

⁵⁷⁴ Qoriglob – қорыды, тыйым салды деген мағыналы.

⁵⁷⁵ Belgütei – т. н-да осылай жазылған.

⁵⁷⁶ Jısaŋ – жасақ, жаза, “засаг өгөх — жазасын беру”.

⁵⁷⁷ Qasar-un qabu, Belgetei-iyn böke küčü-beg – Қасырдың айласы, Белгүтейдің палуан күшімен. Бұл сөз тіркестері қазіргі күнге дейін моңғолдардың ауызекі тілінде тұрақты мәтел есебінде қолданылады.

“Бұлардың өр кеудесін бастырайын!⁵⁷⁸” — деп, кедей шалдың кейіпіне кіріп, бір үртегчин⁵⁷⁹ сары садақ ұстаған күйі: “Сатамын!” деп [алушы] іздеп жүреді. Сол жерде Қасыр, Белкүтей⁵⁸⁰ екеуі: “Бұрын еш көрінбеген қайдан келген адамсың?!” — деп сұрайды. Әлгі шал: “Мен жадаңқы адаммын. Садақ сатып жүрмін!” — дейді. Сөйткенде, әлгі екеуі: “[Сен сонда] мына садақты ал дейсің бе?!” деп мазақ қылады. Сонда, әлгі шал: “Жаман болса да, білсе ғой!” — дейді. Сөйткенде, Белкүтей [садақты] алып, адырнасын сала алмайды. Әлгі шал адырналап, Қасырға береді. Қасыр кермек болып, көтере алмайды. Содан әлгі шал көк қасқа есек мінген бұрыл адам болып [өзгеріп], үртегчин сары садағына алтын тоғұна⁵⁸¹ [салып] сығалап, жартасқа қадалғанша тартып: “Боғда Еженнің қарымды Қасыры, бөке Белкүтейі деген інілері сен екеуің ғой! Көп сөйлегенше, көп жұтын!⁵⁸²” — деп ескертіп, кетіп қалады. Сөйткенде екі інісі үрейленіп: “Еженнің кие-рухы осы болар!” деп кеңеседі. Содан кейін олар әлгіндей сөзді айтпайтын болады.

(37-6) [Содан], Жүркен “оңаша жолығып, татуласайық⁵⁸³” — деп, Қоғұғчин қатын, Қорижан қатын екеуін қайтармақ⁵⁸⁴ болып, кеңес құрып, татуласып жатқан сол тұста, Қытай елінің⁵⁸⁵ Алтын

⁵⁷⁸ Eden-ig omoу-ig daruguluу'a kemeп – Бұлардың көкірегін басайын деп. “Сабасына түсіріп, сазайын тарттырайын” дегенге ұқсас мәтел.

⁵⁷⁹ Ürteгçin – сөздікте, қолданыста жоқ сөз. “Үртік”, “үртәс” сөздері қабықты, сөлекет деген мағынада қолданылады, “чин” жұрнақ екені белгілі. “Күртек” болуы да ғажап емес.

⁵⁸⁰ Belgetei – т. н-да осылай жазылған.

⁵⁸¹ Toguna – т. н-да бұл сөзге “сум” — “оқ” деген түсіндірме жазған. Қ. м. АТ-да “сум” деп жазып, “тоғұна” сөзін қалдырып кеткен.

⁵⁸² Ieke ügültele, ieke ütkü kele – “көп сөйлегенше, тіліңді көп жұтын” (көне мәтел). Қобда бойы қазақтары қазір де қолданады. Қ. м. АТ-да “Их өгүүлэхийн оронд их үйлчил” — “Көп сөйлегеннің орнына, көп қызмет қыл” деп аударған.

⁵⁸³ Jökilduy-a – жарасайық, жөптесейік.

⁵⁸⁴ Içükü – (қате жазылған) т. н-ға “дахиж” — “қайтып” деп түсіндірме жазған. Ц. Шагдар “буцааж” — “қайтарып” деп жазған.

⁵⁸⁵ Kitad-un irgen-u – Қытайдың азаматы деген мағынада, “иргән” сөзі қазіргі моңғол тілінде “азамат” деген ұғым береді. Хятад атауы XVII ғасырдан кейін

қағаны татардың Мегүчин Сүгүлтүін бітімге келмеді деп, Унгин Чинсанға: “Шерігіңді жасақтап, бөгелмей⁵⁸⁶ жет!” — деп, жібереді.

Унгин Чинсан Мегүчин Сүгүлтү бастаған татарларды шабуылдап, Ұлжаға⁵⁸⁷ қарай жылқы, азық-түлігін⁵⁸⁸ тықсырып келе жатыр деп естіледі. Осы тілді естісімен, Шыңғыс қаған: “Ерте күннен татар елі ата-бабамызды құртқан өштес-кектес ел еді. Енді осы қамауда қапсайық⁵⁸⁹, біз!” — деп Тоғорыл қағанға елші жіберіп: “Алтын қағанның Унгин Чинсаны татардың Мегүчин Сүгүлтүі бастаған соларды Ұлжаға қарай тықсырып келеді дейді. Ата-бабамызды құртқан татарларды осы қамауда қапсайық, біз!.. Тоғорыл қаған әке тез келсін!” — деп тіл жеткізгенде, Тоғорыл қаған: “Ұлым дұрыс айтып жіберіпті. Күш қапсайық біз!” — деп, үшінші күні шерігін (38-а) жинап, жасақтап, Тоғорыл қаған суыт жетеді. Шыңғыс қаған, Тоғорыл қаған екеуі жүркеннің Сечен беки, Тайчу бастаған жүркендерге келісім жіберіп: “Ерте күннен ата-бабамыз бен бізді құртқан татарды енді осы қамауда қапсайық! Бірге аттанайық!” — деп айттырып жібереді⁵⁹⁰.

Жүркендердің келуін алты күн күткен Шыңғыс қаған мен Тоғорыл қаған екеуі бірге шерік жасақтап, Ұлжаға қарай Унгин Чинсанға қарсы күш біріктіруге барса, Ұлжа Қошиғұты Шитүген, Нереті Шитүгенге⁵⁹¹ Мегүчин Сүгүлтү [бастаған] татарлар

барша қытайлықтар, “дүйім Қытай” дегенді білдірген. Түстіктегі Чин империясын моңғолдар “Алтын ұлыс” (1115—1215 жж.) деп атаған (Амар А.). Алтын ұлыс 1215 жылы моңғолдардың қолынан күйреген (БНМАУ-ын түүх. 1972. 114-б.).

⁵⁸⁶ Вүйі жауага – бөгелме, аялдама. Қ. м. АТ-да “даруй байлд” — “дереу соғыс” деп түсіндірме берген.

⁵⁸⁷ Ulja jogin – Ұлжаға беттеп. МҚШ-да “Улз гэдэг газар өөд” — “Улз деген жерге қарай” деп жазылған. Моңғолияның шығыс аймағында Улз деп аталтын өзен қазір де бар. Ц. Дамдинсүрэн ежелгі “Улз” өзені деген ұсыныс айтқан.

⁵⁸⁸ Aduyu idegen – жылқы, азығын. Бұл әскери мініс ат пен олардың азығына арналған малды айтқаны болса керек. Ц. Дамдинсүрэн “адуу малын хамт” — “жылқы малымен қоса” деп қолданған.

⁵⁸⁹ Qašaly-a-tur qabsai-a – қамауда қапсайық, қамауда құртайық.

⁵⁹⁰ Бұл соғыс 1196 жылы болған (Нацагдорж Ц. ЧХЦ. 69-б.).

⁵⁹¹ Qošiγud čitügen, Naratu čitügen – т. н-да осылай жазылған. МҚШ-да “Хусуту шитүгэн, Нарату шитүгэн”, қ. м. АТ-да Ц. Шагдар: “Улзын хошуунд Нэрт шитүгэнэ” — “Улжа түмсығындағы Нэрт (атақты) шитүгэнэ” деп жазған.

қорған⁵⁹² құрыпты. Шыңғыс қаған, Тоғорыл қаған екеуі қорғаныстағы Мегүчин Сүгүлтүді қорғаныстағы жерінде ұстап, Мегүчин Сүгүлтүді сол жерде өлтіріп, күміс бесік, тана⁵⁹³ көрпесін Шыңғыс қаған алады. Мегүчин Сүгүлтүді өлді деп, Шыңғыс қаған, Тоғорыл қаған екеуі Унгин Чинсанға қарсы кетеді. Унгин Чинсан Мегүчин Сүгүлтүдің өлтірілгенін біліп, қатты қуанып, Шыңғыс қағанға “Чагун Төрү⁵⁹⁴”, Керейттің Тоғорыл қағанына (38-б) “Уаң⁵⁹⁵” атақ береді. Унгин Чинсанның атауымен солай болды. Унгин Чинсан: “Мегүчин Сүгүлтүді қабсап, өлтіргендеріңді Алтын қағанға айтамын, мен! Бұдан да үлкен атақ даңқ беруді Алтын қаған біледі!” — дейді. Унгин Чинсан сол жерден, солай қуанышпен қайтады⁵⁹⁶.

Шыңғыс қаған, Уаң қаған екеуі сол жерден татарды бөліп алысып, үйлеріне қайтып, түседі⁵⁹⁷. Неретү Шитүгенге қонған жұртта, соғыстан кейін бір кішкентай ұл қалғанын біздің шеріктер жұрттан тауып алады. Алтын тоқымалы, төрт қырлы тәжі⁵⁹⁸, торғын құндызбен астарлаған кеудешелі⁵⁹⁹ ұлды алып келіп, Өгелен шешеге тойдыр⁶⁰⁰ деп береді. Өгелен шеше:

“Жақсы адамның ұлы шығар!

Нөкері жақсы адамның ұрпағы болар⁶⁰¹.

⁵⁹² Qoroga – қораны. МҚШ-да “хороо бэхлэлт” — “қора бекініс” деп жазған.

⁵⁹³ Тапа – тана, т. н-да осылай.

⁵⁹⁴ Чау-ун-төгү – т. н-да осылай жазылған. Рашид-ад-дин “Чаутхури, қытайша қайратты нойан деген сөз” деп түсіндірген (МҚТ. Түсіндірме).

⁵⁹⁵ Ong – (қыт.) Өлке басқарушысы.

⁵⁹⁶ Niçube, İcūbei – қайтты, жөнелді деген көне сөз. Т. н-да “qarıba” — “қайтты” деп түсіндірме берген, қ. м. АТ-да “харив” — “қайтты” деген.

⁵⁹⁷ Baıubai – түсті, аттан түсті, келді деген мағынамен қолданған.

⁵⁹⁸ Тасі – т. н-да осылай жазылған. Ц. Шагдар “таж”, Ц. Дамдинсүрэн “даж” деп жазған. “Төрт қырлы” деген анықтау тұрғандықтан біз “тәжі” дедік.

⁵⁹⁹ Elegebeçi – кеудеше.

⁶⁰⁰ Satga – тойдыр деген сөз. Қ. м. АТ-да “асар” — “асыра”, МҚШ-да “бэлэг” — “қолкәде” деп жазылған, “сақта” болуы да ғажап емес.

⁶⁰¹ Nökör sait kütnü-u игуу буі-а – “Нөкері жақсы адамның ұрпағы болар” дегенді қ. м. АТ-да “Язгуур сайт хүний ураг” — “Тегі жақсы адамның ұрпағы” деп түсіндірген. “Нөкер”, “ураг — ұрық” — “ұрық жұрағат — ұрпақ жұрағат” деген сөз, сөз тіркестері қазақ тілінде әуелгі мағынасын сақтаған.

Бес балама бауыр,
Алтыншы ұлым болдырып,
Шікиқұтұқ деп атайын!” — [деп], асырайды.

Шыңғыс қағанның ақурағы⁶⁰² Арғылты көлінде⁶⁰³ екен. Ақурақта қалған елу жаранды⁶⁰⁴ тұлдай тонапты. Он жаранды өлтіріпті⁶⁰⁵. “Жүркендер осылай жасады!” — деп біздің ақурақта қалғандар Шыңғыс қағанға жеткізгенде, (39-а) Шыңғыс қаған сол сөзді естіп, қаһарланып: “Олар неліктен бұлай жасайды?! Біз Онанның түнегінде тойлаған кезде, Белкүтейдің⁶⁰⁶ иығын тағы шапқан еді. [Өздері] “Татуласайық!” деген соң, Қоғұғчин қатын, Қорижан қатын екеуін қайтарып бердік. Біз содан кейін: “Ежелгі өштес — қастас, біздің әкеміз бен бабаларымызды құртқан татарға қапсап, аттанайық!” дегенде жүркендерді алты күн күттік, келмеді. Енді міне, жаумен бірге жау болған нағыз — жау ғой!” — деп, Шыңғыс қаған жүркенге аттанады. Жүркенді Керүленнің Көдеге аралының⁶⁰⁷ Долоған Болтұқтарда⁶⁰⁸ отырғанында шабады. Сечен беки, Тайчу екеуі аз адаммен қашып кетеді. Соңынан қуып, Талту аузында⁶⁰⁹ жетіп, Сечен беки, Тайчу екеуін ұстап алады. Шыңғыс

⁶⁰² Aquraу – Шыңғыс қағанның ұлы ордасы. Бұл орданың жұртын Ц. Дамдинсүрэн: “Моңғолияның Хэнтэй аймағының қазіргі Баян Улаан деп аталатын таудың маңы, Хар тал деген жердегі Аварга Тосон (Аруақ майы) көлінен он шақырым қашықтықта орналасқан” деп көрсетеді (МҚШ. 17-бап). Және бұл жөнінде “Богд баатар биеэр дайлсан тэмдэглэл” деген шығармада да айтылады.

⁶⁰³ Arǵalitu – пауғ – Арғалты немесе Арқарлы көл, МҚШ-да “Qariltu – па’ur”.

⁶⁰⁴ Aǵap-i – адам, адамдар деген сөзді т. н-да бірнеше жерде осылай жазады. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі “жаран” болса керек-ті, қ. м. АТ-да “ардығ” — “хальцты” деп өзгерткен.

⁶⁰⁵ Tabun – т. н-да “бес” адам деп жазылған. МҚШ-да “елу адамның киімін тонап, он адамды өлтіріпті” деп жазған. 10 адамды тонағанға қарағанда т. н-да “tabun” — “елу” сөзі қате жазылуы мүмкін.

⁶⁰⁶ Belgetei – т. н-да осылай жазылған.

⁶⁰⁷ Kerülen-ü Ködege aral-a – Керүленнің (өзен) Көдеге аралы, Шыңғыс қағанның туған мекені.

⁶⁰⁸ Doloyon Boltoу-ut – жеті бұлтықтар (төбелер). Т. н-да осылай жазылған.

⁶⁰⁹ Taltu amsar-a – Талту аузында, қ. м. АТ-да Талату амсарт, МҚШ-да Тэлэтү деп жазылған.

қаған Сечен беки, Тайчу екеуіне: “Өткенде біз не деп келісіп едік?” деп еді, Сечен беки, Тайчу екеуі бүй дейді: “Айтқан сөзіміз есте қалмапты! [Сол] сөзімізді еске түсіріп, демеп жіберші!” — дейді. Сөздерін естеріне түсіріп, айтқандарын орындап, сол жерде мерт қылады⁶¹⁰. Сечен беки, Тайчу екеуін өлтіріп⁶¹¹, қайтып, жүркен әулетін қозғалтқанда⁶¹², Жалайырдың Телегеті (39-б) Байанының ұлы Күмүн қоға⁶¹³, Чилағұн Қайчу, Жебеге солар жүркенде екен. Қоға Мұқали⁶¹⁴, Бұқа екеуі ұлдарын алып келіп, бүй дейді:

“Босағаңның⁶¹⁵
 Құлы болсын.
 Босағаңнан бұлжыса,
 Борбайын кес!
 Есігіңнің
 Енші құлы болсын.
 Есігіңнен жылжыса,
 Бауырын езіп кеткін⁶¹⁶!” — деп, береді.

Чилағұн Қайчу, Түке Қасыр екеуі де ұлдарын Шыңғыс қағанға алып келіп, бүй дейді:

“Алтын босағаңды
 Күзетіп тұрсын деп,

⁶¹⁰ Bütügeju mön tende kibeі — тындырып, сол жерде бітірді (өлтірді). Айтқандарын болдырып, сол жерде мерт қылды деген мағыналы.

⁶¹¹ Bütügeju — өлтіріп деген сөзді осылай “бітіріп, тындырып” деген мағынада берген. Осылай сөз астарлау тәсілі моңғолдың ерте дәуір әдебиетінде көп қолданылады.

⁶¹² Ködelküi-tog — қозғалғанда. МҚШ-да “küdülgöj irehed” — “хөдөлгөж ирэхэд” — “қозғалтып (көшіріп) келгенде”.

⁶¹³ Kümün you-a — Адам марал, т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Хүн гоо”, МҚШ-да “Гүн гоо” деп жазған. Қоға марал немесе марал ұрпағы дегенді білдіретін аңыздық атау болуы да мүмкін.

⁶¹⁴ you-a Muqali — т. н-да осылай жазылған..

⁶¹⁵ Bosuу-a — in śip-ü — т. н-да осылай “босағаңнан” деп жазылған. Қ. м. АТ-да “Босгын чинь” — “табалдырығыңның” деп өзгертілген.

⁶¹⁶ Eliget anu edgejü kitegün — т. н-да осылай жазылған. Бұны Ц. Дамдинсүрэн Elgin emtel “Элгийн әмтэл” — “Бауырын бұз” деп аударған. “Кетегүн”, “кеткін” — “өлтіргін” сөзі қалып қойған.

Бердім, мен
 Алтын босағаңнан
 Алыстап кетсе,
 Жанын үзіп кеткін.
 Есігіңді
 Көтеріп берсін деп,
 Бердім, мен.
 Кең есігіңнен
 Кері кетсе,
 Күре тамырын⁶¹⁷ үзіп кеткін” — дейді.

Жебегені Қасырға береді. Жүркеннің жұртында қалған Бороқұл есімді кішкентай ұлды Жебеге⁶¹⁸ алып келіп, Өгелен⁶¹⁹ шешеге береді. Меркіттің жұртынан тапқан Күчү есімді ұл, бесүттің⁶²⁰ жұртынан тапқан Көкечү есімді ұл, татардың жұртынан тапқан Шікиқутұқ есімді ұл, жүркеннің жұртынан тапқан Бороқұл есімді ұл, осы төртеуін үйге⁶²¹ ұстап, Өгелен шеше асырайды. (40-а)
 Ұлдарын:

Күндіз көретін көз,
 Түнде еститін құлақ

⁶¹⁷ Nidülcü – сой, сойып өлтір. Ц. Шагдар “Өрийн эмтэлж ал” — “төс-кеудесін жарып өлтір” деп аударған. “Нидүлэх, нядлах” сөздері қазіргі моңғол тілінде “мал сою, өлтіру” дегенді білдіреді. Бұлай өлтіруді бір сөзбен “өрүлэх”, деп атайды. М. Қашқаридің сөздігінде: “өрүледі — тік тұрғызып бауыздады. Ол қонұқ өруледі — Ол қойды өруледі” деп түсіндірген. “Қойды” дегенді қазіргі монғол тілінде “хоныг” деп жазады (Қашқари М. ТС. 1-т. 365-б.).

⁶¹⁸ Jebege – қ. м. АТ-да “Зэвгэ” деп жазған.

⁶¹⁹ Ögelen – “Өге” сөзі М. Қашқаридің сөздігінде, аса білікті, тәжірибелі, өмірден көрген-түйгені мол адамдарға айтылатын сөз. Өгеледі: үлкен, жоғары санады” деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 1-т. 37-б.). Шығарманың осы тұсынан бастап, Өгеленді ұлық етіп, жұртта қалған текті балаларды асыратуда текті руды пайда болдыру мақсаты көзделеді.

⁶²⁰ Besüt-ün – МҚШ-да “тайчудтың” деп жазылған.

⁶²¹ Ger dotur’a teßeуег-ün – Үй ішінде асырау. Осы тұстан Өгеленнің үйі ұлағатты үлкен киелі орда есебінде сипатталады. “Үйге ұстап” — “Ордаға ұстап” деген мағына білдіреді.

етейін деп, үйде асырайды. Бұл әулеттің сүйегі⁶²² Жүрке атанады⁶²³.

Қабұл қағанның жеті ұлының үлкені Өкін Барақ⁶²⁴ екен. Ұлдары Жүректі Жүрби⁶²⁵ дегендер екен. Қабұл қағанның ұлдарының үлкені деп, елінен таңдап,

Бауыры нiлдi,
Бармағы дәлді⁶²⁶,
Көкірегі толы жүректі⁶²⁷,
Ауызы толы тынысты.
Ерлері түгел ердемті⁶²⁸
Бiлектi палуандарды
Iрiктеп берiп,
Ашу кектi,
Адуын жүректі делiнген,
Талай-талай
Тайпалы елдi,
Ерлердiң ерi — Шыңғыс қаған,

⁶²² iasun – сүйек қ. м. тілінде қолданылмайды. Қазақ тілінде көне мағынада.

⁶²³ Jürken boluqun – Жүркен болды. Осы әулетті өзге әулеттен ерекшелейтін екі жағдайды шығармада астыртын айтады. Бірі – бұл балалардың барлығын Өгеленнің асырауы, тәрбиелеуі, екінші – әулетті өзгелердей “омог” демей, “яс” – “сүйек” деп атауы.

⁶²⁴ Ökin Baraq – МҚШ-да Өкін Барқақ.

⁶²⁵ Jögiytü jürbi – т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да – “Зоригт Жүрхи”, МҚШ-да – “Сорхату Жүрхи”.

⁶²⁶ Elige-tür sülsitü egeqei-tür onci-tun – бауырында өтті, бармағында мерген немесе адамның жүректілігі өтке байланысты, мерген болмағы бармаққа байланысты деген көне ұғымды білдіреді (Гаадамба Ш. “Элгэндээ цөцстэй, эрхийдээ оничтой” гэдэг үгийн учир. “Хэл Зохиол судлыын зорим асуудал” ШУАХ, 1974. 20-б.).

⁶²⁷ Ayusqi döğüreng jirügetü – Өкпесі толған жүректі.

⁶²⁸ Erdem-ten – ақылды, білімді, өнерлі деген мағына береді. М. Қашқаридің сөздігінде: “Ердем; әдеп, ақлиқат, тәрбие. Erdem baši til – әдеп басы – тіл (дұрысы өнер басы (алды) – тіл) деп түсіндірген (Қашқари М. ТС. 3-т. 137-б.). В. В. Радлов “erdem” сөзін “өнер, қасиет, даңқ” мағынасында түсіндіреді.

Туа сала тізе бүктірді.
 Жүркен тайпасын жоқ қылды⁶²⁹
 Сондай ұлысты
 Шыңғыс қаған өзіне еншілі ел етті.

Бір күні Бүри бөкені шақырып алып, Белкүтей екеуін алыстырайық⁶³⁰ дейді. Бүри бөке жүркен еді. Бұрын Белкүтейді сыңар қолымен ұстап, сыңар аяғымен тобықтан⁶³¹ қағып, қозғалтпай жығатын. Бүри бөке, Белкүтей екеуін алыстырады. Жығылмайтын Бүри бөке жығылып қалады. Белкүтей⁶³² иықтап жүріп, әрең дегенде жығып, сағаридың⁶³³ үстіне шығып, Белкүтей Шыңғыс қағанға көз қиығымен қараса, (40-б) Шыңғыс қаған астыңғы ернін⁶³⁴ тістеп отыр екен. Белкүтей жығылып жатқан жерінде Бүри бөкенің екі аяғын айқастыра тартып, арқасын тізерлеп сындырып, өлтіреді. Бүри бөке арқасын сындыртып жатып, бұй дейді: “Белкүтейден жеңілмеуші едім, тек қағаннан қорыққанымнан айла жасап жығылып, жанымнан айырылдым, мен!” — деп, өліп кетеді. Белкүтей оның арқасын жұлқи тартып, біраз жерге сүйреп барып, тастап кетеді.

⁶²⁹ Ülitgebei – “өлтірді”, “ары қаратты”, “құртты” деген мағына береді, қ. м. АТ-да “доройтуулав” — “әлсіретті” деп өзгерткен.

⁶³⁰ Abulduliya – алыстырайық, ойрат моңғолдары қазір де күресу — барилдах деген сөзді осылай қолданады.

⁶³¹ Toyidju – тобықтап, тобықтан, тобықтан қағып деген мағынада айтылады.

⁶³² Belgetei деп жазылған. Бұдан ілгеріде төрт жерде Белгетей деп жазылған.

⁶³³ Saqari, saqari – сірі. Т. н-да “хөл” — “аяқ” деп түсіндірме жазған. О. М. Ковалевский (1297а) “твердая, жесткая кожа, мозоль”, Ц. Дамдинсүрэн “белбеуінің”, Н. П. Шастина “зада” деп әрқалай аударған. Біз “жағарын — жауырын” деген ұсыныс айтамыз. Себеп: аудармалардың қайсыбірі де түбір сөзге жанаспайды. М. Қашқари сөздігінде: “Сағрылады — сағрылады: сауырлады; сауыр жасады; ол көнүт сағрылады — ол көннен (!) сағры жасады. 1. сағры (сауры) — жылқының сауыр терісінен арнайы иленген көк түсті сақтиян былғары” делінген (Қашқари М. ТС. 3-т. 353-б. А. Егеубаевтың аудармасы, транскрипциясы). Бұл жерде де аудармашы “көнек” атауын “көн (тері)” атауы деп жаңылысқан.

⁶³⁴ İügei – жалақ немесе жалағын. С. А. Козин “нижняя губа” деп аударған, қ. м. АТ-да “бэвхий”, МҚШ-да “хөмхий”, “астыңғы ерін”.

Қабұл қағанның жеті ұлының үлкені Өкін Барақ еді. Одан кейінгісі Бартан баһадүр еді. Ұлы Есүкей баһадүр еді. Одан кейінгісі Құтұқты Мөнкүр еді. Ұлы Бүри бөке еді. Күрескенде Бартан баһадүрдің ұлдарынан алыс⁶³⁵, Барлақ руының ұлдарымен бірігетін. Бүри бөке ұлыстың палуаны бола тұра, Белкүтейге⁶³⁶ арқасын⁶³⁷ сындыртып [жұлынын үздіріп] өледі.

Содан кейін тауық жылы⁶³⁸ қатақан Бақу Чөркү, салжағұттан Іргедей баһадүр, дәрбөннен Қачиқұн беки, татардан Елчи татар⁶³⁹ Жали Бұқа, ікерестен Түке Мақа, қоңыраттан Терге Емел Алқұй, ғорулас Чиндан Чаған⁶⁴⁰, найманнан Бұйрық қаған, меркіттен Тоқтаға бекидің ұлы Құтұ (41-а), ойраттан Құтұға беки, тайчығұттан Тарғұтай Кірілтұқ, қотұн Үрчік, моңғол Нағачұ баһадүр бастаған осы бөтендер⁶⁴¹ бірігіп, Алқұй бұлағына кеңес құрып: “Жажирадай Жамұқаны хан көтерейік” деп, айғыр үйір бие бауыздап, сойып⁶⁴², сол жерден Ергүне дариясына қарай көшіп, Кенти дариясы⁶⁴³ Ергүнеге құятын Ширидің үңгір тауында⁶⁴⁴ Жамұқаға Көүр⁶⁴⁵ қаған атағын береді. Қаған сайлаған соң, “Біз Шыңғыс қаған мен Уаң қағанға аттанайық!” — деп келіседі. “Аттанайық!” дегендерін естіген ғорлустың Қоридайы Шыңғыс

⁶³⁵ Alus — т. н-да осылай жазылған, Ц. Шагдар “илүү бөгөөд” — “артық және” деп өзгерткен.

⁶³⁶ Belgedeie, Белгетейе т. н-да осылай жазылған.

⁶³⁷ Niguguna — “ниругуна” — “арқасын”.

⁶³⁸ 1201 ж.

⁶³⁹ Elci tatar — т. н-да осылай, қ. м. АТ-да “Алчи татар” деп өзгертілген.

⁶⁴⁰ Cindan çayan — қ. м. АТ-да “Чоёг” деп өзгерткен.

⁶⁴¹ Qaris — т. н-да осылай, қазіргі моңғол тілінің “бөтендер” деген сөзімен жазған.

⁶⁴² Şabçin alaju — шауып (бауыздап) өлтіріп. Малды шауып немесе бауыздап өлтіру қазіргі моңғол салтына жат көрініс.

⁶⁴³ Kenti — көне моңғол тіліндегі МҚШ-да — Кен. Ц. Дамдинсүрэн “Хан” деп өзгерткен.

⁶⁴⁴ Şigi-yin aui uqut — Шири-дің үңгір тауында немесе Шири тау үңгірінде Т. н-да “тау” деген атауды “uqutu” деген көне түрік тілінде жазып, “niyud'a” — “жайсаңда” деп түсіндірме берген.

⁶⁴⁵ Köüg — т. н-да осылай жазылған. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “Көүр” деп жазып, “бүхний хаан” — “баршаның қағаны” деп түсіндірген.

қаған Күрелкүде отырғанда осы тілді [сөзді] жеткізеді. Осы тіл келісімен, Шыңғыс қаған Уаң қағанға оны жеткізуге [тіл] жібереді. Уаң қаған тіл жетісімен, шерік⁶⁴⁶ жасақтап, суыт аттанып, Шыңғыс қағанға келеді. Уаң қаған келісімен, Шыңғыс қаған Уаң қаған екеуі бірігіп, “Жамұқаға қарсы аттанайық!” десіп, Керүлен дариясына қарай қозғалады. Шыңғыс қаған Алтын, Құчар, Даритай үшеуін маңдай [алғы] шепке шығарады. Уаң қаған Сенкүм, Жақа Кембу, Білге беки үшеуін маңдайға [алғы шепке] жүргізеді. Осы маңдайдың алдына тағы қарауыл (41-б) жіберіп, Күйлдүтіге бір топ қарауыл қояды. Оның арғы жағына Чегечерге бір топ қарауыл қояды. Оның арғы жағына Чүқүрғұға⁶⁴⁷ бір топ қарауыл қояды. Біздің маңдай шеп — Алтын, Құчар, Сенкүмдер осылар: “Едүкүйге⁶⁴⁸ жетіп, түсейік!” — десе бергенде, Чүқүрғұға қойған адам сөйлескелі келіп, “Жау келеді!”⁶⁴⁹ — деп, тіл жеткізеді. Сол тіл келгендіктен, [әлгі жерге] түспей, қайта тіл алуға адам жіберіп, кімдер екенін анықтаса, Жамұқаның маңдай алды болып, моңғолдан Нағачү банадүр, найманның Бұйрық қағаны, меркіттің Тоқтаға бекинің ұлы Құтү, ойраттың Құдұға осы төртеуі Жамұқаның маңдайында [алғы шебінде] келеді [екен]. Біздің маңдай шептегілер олармен сөйлесіп: “Кейін қайтып⁶⁵⁰, ертең соғысайық!” — деп, қайтып өзенге келіп, бірге түнейді. Ертеңінде [қайта] қозғалып барып,

Шабыса ұрысып⁶⁵¹,

Асты-үстіге

Түсісіп жүрсе,

⁶⁴⁶ Šerik — қазіргі қазақ тілінде “серік” немесе “шерік”.

⁶⁴⁷ Čuuyıǵu-d — Чүқүрғұға.

⁶⁴⁸ Edüküi — т. н-да осылай. Ц. Шагдар қ. м. АТ-да “эдүхүнд” — “әнеу жерге” деп жазған.

⁶⁴⁹ Dain aisui — соғыс келеді.

⁶⁵⁰ jilda bultaşu — т. н-да осылай жазып, “nigen kügi’e bolçu” — “бір күрен болып” деп түсіндірме берген. “Жолдан тайқып” дегенге жақын.

⁶⁵¹ Iyabuguiju qırelceju güildün bailduçu — Шыңғыс қағанның соғыс тактикасының бір түрінің атауы болуы мүмкін. Қашып барып, қайта қайырылу (Марко Поло. Орчлонгийн элдэв сонин. 170—217-бб.).

Бұйрық қаған, Құтұға екеуі жады⁶⁵² біледі екен. Жады ойнатқанда жады адасып, өздерінің үстінен түсіп, қозғала алмай, “Тәңір ұрпаққа ұнамадық, біз!” — деп, тарап кетеді.

(42-а) Найманның Бұйрық қағаны Алтайдың күнгеіндегі Ұлұқ таққа⁶⁵³ қарай бөлініп қозғалады.

Меркіт Тоқтаға бекидің ұлы Құтұ Селенкеге қарай кетеді. Ойраттың Құтұға бекиі орман шарлап, Шікшікке қарай кетеді. Тайчығұт Нағачұ баһадүр Онан дариясына қарай кетеді. Жамұқа өзін Көүр-се⁶⁵⁴ көтерген елді толағайлап⁶⁵⁵ Ергүнекке⁶⁵⁶ қарай қайтуға беттейді. Уаң қаған Ергүнекке қарай Жамұқаны қуады. Шыңғыс қаған Онан бағытына тайчығұт Нағачұ баһадүрді қуады. Нағачұ баһадүр ұлысына барып, ұлыс-елін дүрліктіріп, Нағачұ баһадүр мен Қодұқ өгеті⁶⁵⁷ тайчығұт екеуі Онанның арғы бетіндегі Ұлғұт Түрүқта⁶⁵⁸ шеріктерін жасақтап шайқасқа дайындалып жатқан екен. Шыңғыс қаған барған бетте, тайчығұттармен шайқас бастайды. Қатты шайқасып, кешкісін қораланып⁶⁵⁹ шайқас алаңына түнейді. Ұлысымен босып жүргендер де сол жерге шеріктермен күрен қонады. Шыңғыс қаған сол шайқаста (42-б) мойнынан жараланып, қаны тоқтамай, жүрген қалпы, күн батқан соң қосынға түнейді. Ұйыған қанды Желме сора-сора аузын қандап, кісіге сенбей, [өзі] күзетіп, түн ортасына дейін ұйыған қанға аузын толтырып, төккенін төгіп, жұтқанын жұтып түн ортасы ауғанда, Шыңғыс қаған есін жиып: “[Таңдайым] қан татып, қатты шөліккеп тұрмын” дейді. Сөйткенде, Желме малақай, етік, шапан,

⁶⁵² Jada – жады, жадылау. Жады ұстау, жай ойнату.

⁶⁵³ Uluy taqr – Ұлы тақ, Ұлы тау деген көне түрік атауы деп білеміз.

⁶⁵⁴ Gūr-se – т. н. т-де “қауап” деген түсіндірме жазған.

⁶⁵⁵ Toliyad – т. н. т-де осылай деп жазылған, “dayayul-un” деп түсіндірме берген.

⁶⁵⁶ Ergunegе – Ежелгі түріктердің тұрағы.

⁶⁵⁷ Qoduy öge-de – жарылқады.

⁶⁵⁸ Ulıut Turıy – т. н. т-де осылай жазылған. “Тау тұрақ” деген көне сөз тіркесі болуы да мүмкін. “Түрүқ” атауы М. Қашғари сөздігінде де кездеседі.

⁶⁵⁹ Jilda bultaşı – т. н-да “Күрә татаж”, “қораланып” деп түсіндірме жазған, “bultaşı” — бұлтару, жалтару дегенді білдіреді. Бұл сөздің мағынасы: “жолдан жалтарып” болуы мүмкін немесе соғыс тәсілінің бір түрі.

киімін түгел шешіп, ішкі киімімен жалаңаш қалпында, қосын жатқан жаудың арасынан жүгіріп, арғы жағында қораланып жатқан адамдардың арбасына өрмелеп, қымыз іздеп таппайды. Дүрбелеңдегілер биелерін саумай, қоя берген екен. Бір үлкен сабадағы айранды арбадан алып, көтеріп келеді. Жолай ешбір адамның көзіне түспейді. Тәңірі қолдады!⁶⁶⁰

Желме сабадағы айранды алып келіп, қайта барып, су іздеп тауып, айранды сұйылтып, қағанға ішкізеді. Үш рет демін алып, ішкен соң қаған: “Ішім, көзім ашылды⁶⁶¹!” — деп, басын көтеріп отырғанда, таң атады. Отырған жерінің айналасына Желменің сорып ұрттап құсқан⁶⁶² (43-а) қаны саз болып қалған екен. Шыңғыс қаған оны көріп, “Мынау не болған, алысқа неге төкпегенсің?!” — дейді.

Желме:

“Сені жанталасып жатқанда

Алыстап кетсем,

Алжатудан⁶⁶³ қорқып,

Асығып жұтқанын жұтып,

Төккенін төгіп,

Сасқалақтадым, ішіме тағы қаншасы кетті екен?!” — дейді.

Шыңғыс қаған бұй дейді: “Мені осылай қиналып жатқанда неліктен жалаңаш жүгіріп кеттің, сен! Ұсталсаң мені осылай жатыр деп көрсетіп беретін бе едің, сен⁶⁶⁴?!”

Желме бұй дейді: “Мен былай ойлаған едім. Жалаңаш жүріп ұсталсам — мен сізге қайтып келуді ойлағаным. Мені ұстап алып, өлтірейін деп, киімімнің бәрін шешіндіріп, жалғыз іш киімім

⁶⁶⁰ Tengri-kü üjegtеbeі – Тәңірі көрінді, қорғады.

⁶⁶¹ Dotura minu nidun іebe – Ішім жайнады, сарайым ашылды деген мағыналы.

⁶⁶² Jelme-iyn bögelčigsen čisun asyaуsan ogčin gajar'a ama-bar bögelčigsen-ig – Желменің құсқан қаны төккен жер маңын аузымен құсқанын. Ц. Шагдар қ. м. АТ-да “құсқан” сөзін “асгасан” — “төккен” деп өзгерткен.

⁶⁶³ Aljaqa-ača aiуju – алжаудан, алжатудан қорқып.

⁶⁶⁴ Jaуayu būlūkei-uči – көрсетіп беретін бе едің сен! Ц. Шагдар қ. м. АТ-да “хэлэх” — “айтатын” деп өзгерткен.

қалғанда, қыбын тауып қашып шықтым демек едім. Олар менің [сөзімді] шын көріп, киім беріп, асырайтын еді. Мен атына мінсем, лезде қашып келмес пе едім?! Мен солай ойлап, қағанның шөлін басайын деп, көрнеу⁶⁶⁵ кеттім!”

Шыңғыс қаған бұй дейді: “Енді не дейін! Ертеде үш (43-б) меркіт келіп, Бұрқан Қалдұнды үш мәрте қоршағанда жанымды бір рет алып шығып едің сен. Енді міне ағып жатқан қанымды ауызыңмен сорып, жанымды алып қалдың, сен. Және шөлдеп, әлсіреп жатқанда ештеңеден тайынбай жаудың ішіне кіріп, сусын алып келіп, жанымды кіргіздің⁶⁶⁶. Мұндай үш жақсылығыңды ешқашан ұмытпаспын!” — деп, жарлық етеді.

Күн шыққан соң қараса, жиынға қонған шеріктер түнде түгел бытырап кетіпті. Күрен құрған ел жеңіл қозғала алмайтындықтан, қораланған жерінен қозғала қоймапты. Шыңғыс қаған дүрбелеңге түскен елді қайтарып келмек болып, қонған жерінен аттанып, елді қайтарып жүргенде, кезең үстінде бір қызыл шапанды әйел адамның “Төмүчин!” — деп айқайлап, жылап-еңіреп тұрғанын естиді.

“Не қылған әйел бұл еңіреп жылап тұрған. Барып біліп кел!” деп [адам] жібереді. Әлгі әйел бұй дейді: “Торқан Шираның қызымын, есімім Қадаған. Ер жігітімді мына шеріктер ұстап алып, өлтіргелі жатыр. Төмүчинге ерімді құтқарсыншы деп, жалбарына жылап (44-а) тұрмын!” дейді. Әлгі адам Шыңғыс қағанға оның айтқан сөзін жеткізеді. Шыңғыс қаған осы сөзді ести сала желдірте барып, [аттан] түсіп, құшақтап қауышады. “Ерін [жігітін] біздің шеріктер өлтіріп тастамасын!” деп, әлгі адамды жіберіп, құтқарып алады. Елді⁶⁶⁷ бағындырып алып, Шыңғыс қаған қалың қолымен бірге сол жерге қайта түнейді. Қадағанның ерін шақыртып, қасына алады.

Ертеңінде күндіз тайчығұт Түдүгенің жағында болған Торқан Шира, Жебе екеуі бірге келеді. Шыңғыс қаған Торқан Шираға бұй дейді:

⁶⁶⁵ Nidun qara – көз қара, көз алдында, көрінеу деген мағыналы. Ц. Шағдар қ. м. АТ-да “нүд үзтэл” — “көз көрінеу” деп өзгерткен.

⁶⁶⁶ Aminig in-ü oğulbai – жанымды кіргіздің. Ц. Шағдар қ. м. АТ-да “аминд минь оров” — “жанымды қорғадың” деп өзгерткен.

⁶⁶⁷ Aqan – бұл жерде “ел” деген мағынада қолданылған.

“Желкемдегі
 Ауыр ағашты
 Иен түзге тастатқан,
 Жағамдағы
 Жік ағашты
 Алысқа тастатқан.
 Сендер —
 Әке, ұлдардың,
 Қайыры мол еді.
 Неліктен кешіктіңдер, сендер?!” — дейді.

Торқан Шира бүй дейді: “Мен іштей сенген едім. Несіне асығайын! Асығыс келсем, тайчығұттың нойандары менің қалған әйел-баламды, жылқым мен азығымды тартып алып күлімді көкке ұшырар⁶⁶⁸ деп, ойлап асықпай, қағаным бірігуге келгенім осы!” деп еді [Шыңғыс қаған]: “Жөн!” дейді. (44-б)

Шыңғыс қаған бүй дейді:

“Жүгіре соғысып,
 Қоралана кеңес құрған тұста
 Анау қырқадан оқ қадап,
 Жебелі⁶⁶⁹ ақ ауыз құламның
 Ауыз омыртқасын⁶⁷⁰ жұла атқан кім?”

Сол сөзге Жебе жауап қайтарып:

“Таудың басынан
 Садақ тартқан
 Мен едім!
 Қағаным мені өлтірсең,
 Қарыс жерде өліп қалармын!
 Кешірсе,

⁶⁶⁸ Ünesü-ber keisgeküi – Үнэсээр хийсгэх, “күлімен ұшыру”, қазіргі моңғол, қазақ екі тілде де қолданылатын тұрақты сөз тіркесі.

⁶⁶⁹ Jеbelekü – жебелеу. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “байлдааны” — “соғыстың” деп түсіндірген.

⁶⁷⁰ Атап пігууи – ауыз омыртқасын. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “хүзүүгий нь” — “мойнын” деп аударған.

Қағанымның алдында:
 Шалқар суды тартылғанша,
 Шағыл тасты жарылғанша⁶⁷¹
 Шауып берер едім.
 Жет деген жерінде,
 Көк тасты айырып,
 Шап деген жерінде,
 Қара тасты қайырып,
 Талқандап берер едім!” — дейді.
 Шыңғыс қаған бұй дейді:
 “Жау болмақ адам
 Атқанын жасырып,
 Жауыздығынан жалтарып,
 Жалған айтады.
 Барын айтып,
 Ат өлтіргенін жасырмай,
 Жауыздығынан жалтармағаны
 Жуық адам болғаны!
 Жұрғағадай атыңды өзгертіп,
 Жібелі ақ ауыз құламның
 Ауыз омыртқасынан атқаның үшін
 Жебе деп атап,
 Жібелейін, сені
 Қасымнан қалмай жүр!” — деп жарлық қылады.

Жебенің Тайчығұттан келген жөні осылай екен.

Шыңғыс қаған сонан (45-а) Тайчығұттарды ұрпақтан-ұрпағына дейін күлін көкке ұшырып, талқандап, қырып салды. Ұлыс елін көшіртіп алған Шыңғыс қаған Құбақайға қыстайды.

⁶⁷¹ Cegel usun-ig niduru šeißen čilagin-ig čogu — Цээл усыг нидару, Цэгээн чулуут цуу (көне мәтел). Дәл аударған аударма жоқ. Ш. Гаадамба: “šeißen čilaga”-дың “Цахиур чулуу” — “шақпақ тас” деп шешіп, бұл көнеден жеткен мәтел деген ұсыныс айтады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 113-б.). Қазақтың “Самарқанның көк тасы еріді” деген мәтелін еске салады.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған шет жұртта⁶⁷² мекендеп жүргенде, ішкі тоғыз сәйтін⁶⁷³ алып, із торып, жол қарап жүрген тұста Ежен жарлық етіп: “Жау қай бағыттан да келуі мүмкін⁶⁷⁴. Тоғыз сәйтім, сендер үш топқа бөлініңдер!” деп жарлық береді. Еженнің жарлығымен Желме, Чу мерген, Шікиқұтұқ үшеуі бір топ болады. Боғұрчи, Боғұрұл, Мұқұлидай⁶⁷⁵ үшеуі бір топ болады. Сұлдұртай Торқан Шира, бесүт Жебе, ойрат Қара Киру үшеуі бір топ болып, үйде қалады. Сонан Ежен алты сәйтін алып, із торып, жол қарап, Сақарай-ханның сыртымен, Желмен-ханның қойнауымен өтіп бара жатқанда, Еженнің астынан ортеке тұрып қаша жөнеледі.

Ежен теңбіл көк атымен
Сырттай орап, қуып жетіп,
Құлаштап тартып,
Алтын жебесімен⁶⁷⁶ бүгілте түйреп, өлтіреді.

Содан алты сәйт аттарынан түсіп, олжаны қанжығаға байламақ болғанда, Ежен жарлық етіп: “Сендер (45-б) мұны тез іреп,

⁶⁷² *Jada nutuу* – жат жұрт, шет жұрт. Бұл жерде “Үш жүз тайчығұтты жеңген аңыз” деп аталатын аңыз басталады. Бұл аңыз МҚШ-да жартылай, “Чингис хааны цадиг”, Инжинаштың “Хөх судары”, Әбілғазының “Шежірелер жинағында”, авторы белгісіз “Алтан тобчида”... т. б. моңғолдың әдеби жазбаларында кезігеді. Аңызды орыс ғалымдары Б. Я. Владимирцов, Н. П. Шастина, неміс ғалымы В. Хайссиг, моңғол ғалымдары Ж. Цэвээн, Ц. Дамдинсүрэн, Ш. Гаадамба қатарлы көптеген ғалымдар зерттеген. Аңызда 1200 жылы қыста Далан Немүргеде, 1202 жылы Күйтенде болған шайқас уақиғалары баяндалады. Ц. Дамдинсүрэн “XIII ғасырдағы тарихи уақиға желісінде XIV ғасырда жазылған, Шыңғыс қаған тайчығұттарды жеңгені турасындағы аңыз” деп дәлелдеген (Монголын уран зохиолын тойм. 1957. 79–80-б.; Гаадамба Ш. МНТСЗА. 166–167-бб.)

⁶⁷³ *Said-iуап* – шен атауы, атақ дәреже. Қазір де “уәзір”, “министр” деген шен қолданады. “Ерөнхий сайд” – “Премьер-министр” деген сияқты.

⁶⁷⁴ *Medegüi büi* – хабарсыз, белгісіз. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “ирэх магадгүй” – “келуі мүмкін” деп анықтама берген.

⁶⁷⁵ *Muqulitai* – т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да – “Мұқұлай”.

⁶⁷⁶ *Topoljog* – қазіргі моңғол тілінің сөз қолданысында жоқ сөз. Ц. Дамдинсүрэн МҚШ-да “сумаар” – “оғымен” деп аударған.

қақтай беріңдер. Мен анау тепсең⁶⁷⁷ үстіне шығып, қарауыл қарайын!” деп сары тепсеңге⁶⁷⁸ шығып жол қарап тұрғанда Еженнің ұйқысы келіп, теңбіл көк атының жалына қамшысын тіреп, қалғып кетеді. Қалғып тұрып, түс көреді. Сонан [тепсеңнен] қайтып түсіп келіп, әлгі түсін алты сәйтiне жарлық етіп:

“Бұл түсімде
 Боз жүрегім
 Бүлк-бүлк етті.
 Бұғана қабырғам
 Шырт-шырт етті.
 Үш белден арғы
 Сары тепсеңде,
 Үш қара туы бар
 Үш жүз жау кезікті.
 Оның маңдайында —
 Жирен қасқа аты бар,
 Құймалы берік жүгені бар⁶⁷⁹,
 Көкшулан шашағы бар,
 Жастау ер адам —
 Бітеу қара сақалы бар,
 Шымқай қызыл сауыты бар,
 Сондай адам кезікті.
 Алыстан оның қарасы
 Инедей жылтылдап,
 Жіптей алаулап көрінді.

Бұл түсім шын болса, алты сәйтiм сендер қайтер едіңдер?!” — деп сұрағанда, Шікиқұтұқ айтты:

⁶⁷⁷ *Tebšing* — тепсең. Ц. Шагдар “дэвцэг” — “дөңес”, Н. П. Шастина “*tabsang*”, “тапшан” деп оқыған.

⁶⁷⁸ *Šira tebsing* — сары тепсең.

⁶⁷⁹ *Ĵemegelgen qašiyartai* — ер-тоқым, жүгенімен.

“Мен алысты көруші едім,
 Моңғол болса,
 Болжап берейін.
 Меркіт болса,
 Біліп берейін. (46-а)
 Тайчығұт па екен,
 Танып берейін!” — дейді.

Желме айтты:

“Өлетін жан,
 Өшетін малды,
 Далаға теңгермейін!
 Көлденең семсер ұстап,
 Кірейін!
 Жолай кезіккенін,
 Жол қылып шабайын!
 Үш қара ту ұстаған адамның,
 Біреуін шауып өлтіріп,
 Туын тартып алып,
 Тура биікке шығайын!
 Тудың басын тұқырта шаншып,
 Мұхиттай кең
 Шеңбер құрып берейін, мен!” — дейді.

Чу мерген айтты:

“Мен жасқаншақ едім,
 Қорқып қашып кетсем,
 Сіз мені зекіп, ұрсып,
 Шақырыңыз!
 Мен қайтып келіп,
 Еженнің көрсеткен алаңынан
 Айырылмайын!” — дейді.

Бұғұрчи айтты:

“Алдыдан келетін жауды бөгейін.
 Қорқатын жанға көмек берейін.

Еженнің алтын тізгіні қалай бұрылса,
Айырылмайын!” — дейді.

Боғұрұл⁶⁸⁰ айтты:

“Атқан оққа
Қалқан болайын.
Ысқырып келген оққа
Сөре болайын.
Еженімнің алтын тәніне
Еш оқ дарытпайын!” — дейді.

Мұқұлидай⁶⁸¹ айтты:

“Жауыңды шабысайын,
Олжаңды алысайын,
Ат құйрығына,
Тұман тарттырып,
Жалына күн шыққанша,
Жаудың ізін адастырып,
Бұлтармай жүріп,
Күшімді берейін,” — дейді.

Ежен алты сәйтінің сөзін (46-б) тыңдап⁶⁸², қақтаған текенің етінен асығыс жеп, *шіңқұң*⁶⁸³ сарғы⁶⁸⁴ атын Шікиқұтұққа түсіп беріп:

“Түсімнің уәделі жері
Үш белден арғы
Сары тепсеңде еді.
Болжап кел!” — деп жіберді.
Шікиқұтұқ *шіңқұң* сарғы атты мініп,

⁶⁸⁰ Boqurul – қ. м. АТ-да Бороқұл деп жазған.

⁶⁸¹ Muqulidai – т. н-да осылай берілген.

⁶⁸² Üge-yi inu abcu – сөзін алып.

⁶⁸³ Šingqun – тұрақты бір мағыналы аудармасын кезіктіре алмадық. Сөздіктерде жоқ. Қазақ тіліндегі “шымқай” сөзімен мағыналас қолданылады.

⁶⁸⁴ Šigyl – сары, сарғыл. “Жылнамалар жинағында” — сарғы.

Тегіс жерден көсілтіп,
 Тоғайлы жерден бүгілтіп,
 Тура барып,
 Сары тепсеңге суыт шыға келсе,
 Үш қара туы бар жау
 Қапыда жолығып,
 Шікиқұтұқты Еженнің тұрған жеріне дейін қуып келеді.

Ежен: “Шікиқұтұқ не болды?” — деп сұрайды. Шікиқұтұқ айтады: “Сары тепсеңге суыт шыға келгенде, үш жүз қаралы жау жолығып, мені қуды,

Тайчығұт болды ма,
 Тани алмадым.
 Меркіт болды ма,
 Біле алмадым.
 Моңғол болды ма,
 Болжай алмадым.

Артыма бұрылып бір қарағанда байқағаным, менің Еженімнің түсінде көргендердің өзі сияқты көрінді.

Меркіт болса,
 Жансыз батыр еді.
 Моңғол болса,
 Мұқалмас батыр еді.
 Тайчығұт сияқты көрінді.
 Тарап, келеді екен!” дейді.

Сөйтіп, алты сәйт аттарынан түсіп, тоқымдарын⁶⁸⁵ алып буынып жатқанда, алыстағы (47-а) жау тақап келіп қалады. Боқұрчи сұры сарғыл⁶⁸⁶ атын мініп, алдынан тосып барып, жөн сұрайды:

⁶⁸⁵ Тоқим-уд-іуап — тоқымдарын. т. н. т-де “хояг бамбайгаа” — “құйақ қалқанын” деп берген. “Тоқым” — сауыттың көне атауы.

⁶⁸⁶ Sur šayaral — сұры сарғыл.

“Сендер не қылған адамсыңдар!⁶⁸⁷
 Біз жосынды⁶⁸⁸ иелеріңбіз.
 Жосынды адам болсаңдар,
 Жосындарыңды айтыңдар.
 Атты адам болсаңдар,
 Аттарыңды айтыңдар!” — деп еді,

[Әлгі адамдар]: “Бізде қандай жақсы ат болушы еді. Тез соғысайық!⁶⁸⁹” дейді. Сөйткенде, Боғұрчи:

“Ол сөз сізге жараспайды ғой.
 Қандай ойын бар!
 Күннің барында
 Ойнап қалайық!” —

деп ашулана дауыстайды. Сөйткенде, әлгі адам:

“Бізде қандай жақсы ат болушы еді,
 Балықшы, суыршымыз!⁶⁹⁰” — дейді.

Сонда Шікиқұтұқ:

“Одан қандай жақсы сөз сұрайсың?!
 Таныған тайчығұттар⁶⁹¹ екен
 Тартынбай кірейік!” — дейді.
 Желме,
 Семсерін көлденең ұстап
 Жауға кіріп.
 Жолай кезіккенін
 Жол қылып шауып,
 Тушыға ұмтылып,

⁶⁸⁷ Irged — ел. Бұл жерде адамсыңдар деген мағынада.

⁶⁸⁸ Iyo'sutu — жосынды, заңды, салт.

⁶⁸⁹ Oguldunam — жыртысайық т. н-да “байлдъя” — “соғысайық” деп түсіндірме берген.

⁶⁹⁰ Jiγasuçin, tarbaγaçin — “балықшы, суыршы (сарышұнақ)”. Бұл жерде ру, тайпа есебінде айтылады.

⁶⁹¹ Taniγsan taiγuçud — “таныған тайчығұт”.

Үш қара ту ұстаған
 Адамның біреуін
 Шауып өлтіріп,
 Туын тартып алып,
 Тура биікке шығып,
 Тудың басын
 Тұқырта шаншып,
 Мұхиттай кең
 Шеңбер құрып тұрады.

Чу мерген қашады. Боғұрчи алдына келген жауды жапыра жүріп, (47-б) артына жалт қараған тұста, көріп қалып: “Үй, Чу мерген тоқта! Еженнің алдында өстіп күш бере ме екен?! Іннен шыққан қосаяқтай секіре қашқаның не?!” — деп [шақырады]. Чу мерген қайта айналып келіп, [Қарағанға]: “Еженім, мен жебе қадамаған⁶⁹² едім, жебеңнен берші?” дейді. Ежен алтын қорамсағынан қызғылт сенгелі⁶⁹³ жебесін суырып береді.

Чу мерген,
 Көсілте шауып,
 Құлаштай тартып,
 Еженнің көрсеткен
 Алаңынан айрылмай,
 Еңселі⁶⁹⁴ кісінің
 Тоқұғұр-н көлбете,
 Жақсы кісінің⁶⁹⁵
 Сағалдырығын
 Сетілте атып, өлтіріп⁶⁹⁶,
 Жирен қасқа атты қуып жетіп,

⁶⁹² Qatayatui – қадамаған.

⁶⁹³ Šingqutu – жосалы. Н. П. Шастина “киноварь” деп аударған. Шунхлах — жоса бояу (Базылхан Б. МҚС. 755-б.). “Қызыл түсті минерал, сол минералдан істеген бояу” (Русско-казахский словарь. М., 1954. С. 273.).

⁶⁹⁴ Gegen, kımın – 1. (Діни атақ) халфе. 2. Жарық нұрлы (Базылхан Б. МКТ. 153-б.). Бұл жерде “еңселі ер, білікті ер” деген мағынада.

⁶⁹⁵ Tuuyur körbete – тұғырына көлбегенше.

⁶⁹⁶ Sayaldury’a-in senteretele – сағалдырығы сетілгенше.

Алып шығып, Еженге мінгізеді.
 Ежен мінгенде ұшқандай,
 Ескендей болады⁶⁹⁷.
 Ежен күліп жүреді.
 Қозғалған жау
 Азайып қалады.
 Қақтығысқан жау
 Жартылап қалады.

Сөйтіп жүргенде, Бороқұлдың басынан оқ тиеді. Құлап тұрып, есенгіреп, садағының жақ сұғындысына сүйене теңселіп, тоқымынан⁶⁹⁸ айырылмай, қалқалап ұстап тұрғанда⁶⁹⁹, [ұрыс салып жүрген] Боғұрчи оны көріп қалып: “Үй, (48-а) Бороқұл! Ер адам бір оққа жығыла ма екен?! Мүйізін қақтырған лақ сияқты делден етіп жығылғаның не! Еженнің алдында өстіп қайрат ете ме екен?!” — дегенде, Бороқұл атының қамшылар жағынан қарғып мініп, қалқанын ұстап, ұрысқа кіреді. Осы кезде, қарсылас жау жағы өлген адамының сүйегін⁷⁰⁰ алып, кері кетеді. Сонда, Ежен жарлық етіп: “Теріс айналған жауды қайтпексің?!” — дейді.

Боғұрчи бүй дейді:

“Бұрқан болған⁷⁰¹ сәйтті
 Жақсылықпен қайтар деген.
 Бұлтарған жауды
 Қару-жарақпен қайтар деген.
 Қуайын!” — дейді.

[Қаған] бұл сөзге көніп, [Боғұрчи] жауды қуады. Чайтудың ақ даласында⁷⁰² қуып жетіп, қалың қойға тиген қасқыр сияқты

⁶⁹⁷ Niskū keiskū – ұшқандай, ескендей.

⁶⁹⁸ Toqum-ig aldal-ūgūi – тоқымынан айырылмай, қалқанынан айырылмай.

⁶⁹⁹ Qalayabci bariju – қалқалағыш ұстап.

⁷⁰⁰ Iya'sun-ig – сүйегін.

⁷⁰¹ Burqan bologsan – Бұрқан болған, бұрқан болып өлген, қайтыс болған.

⁷⁰² Čaitu-gin čayan talatu – Чайтудың ақ даласында.

шетінен шауып, бір жүз кісіні өлтіреді, ал екі жүз кісі бас сауғалап қашып кетеді. Жүз ат, елу құйақ⁷⁰³ олжалайды.

Мұқұлидай,
 Жауды таптасып,
 Олжаны алысып,
 Атының жалына
 Күн шығарып,
 Құйрығына
 Тұман тарттырып,
 Жаудың ізін адастырып,
 Бұлтармай жүріп,
 Күш береді.
 Үзік жіп, сынық шықинақ⁷⁰⁴
 (48-б) Тастамай алып,
 Есен-аман⁷⁰⁵
 Үйіне қарай беттегенде,

Ежен: “Жоғарыдағы тәңір әкеге⁷⁰⁶ сиынайық!” деп биік дөңеске шығып, тоқымын жайып⁷⁰⁷, белбеуін мойынына іліп, Ежен жалбарына бүй дейді:

“Ерлігімнен
 Ежен болмадым, мен.
 Әке-тәңірдің
 Бұйрығымен болдым, мен.
 Кереметтігімнен
 Қаған болмадым, мен.
 Хан-тәңір әкенің

⁷⁰³ Quiuay – құйақ-сауыт.

⁷⁰⁴ Šiqineg – Ц. Дамдинсүрэн “тэвнэ” – “тебен” деп аударған.

⁷⁰⁵ Esen mendü – есен-аман. “Есен” сөзі екі тілде де бірдей мағына береді.

⁷⁰⁶ Tengri ešige – тәңір әкеге. Жоғарғы (аспан) құрлықты билеуші шексіз күштің иесі (Цэвэл Я. Монгол хэлний тайлбар толь. 1966. 576-б.).

⁷⁰⁷ Toqum-iyan delgeju – тоқымын жайып.

Бұйрығымен болдым, мен.
Жат жауымды
Жапырып берді!” — деп сиынады.

Аттанып жүре бергенде, Ежен алты сәйтін мақтап, өлеңдетеді.
Алдымен Шікиқұтұқты атап:

“Меркітті біліп,
Моңғолды болжап,
Тайчығұтты танып берген
Татардың жақсысы — Шікиқұтұғым!” —

деп мақтады.

Желмені мақтағанда:

“Қашаған киікке
Қамау болған.
Кеуделеген⁷⁰⁸ жауға
Маңдай алды барған⁷⁰⁹.
Мінер ат жоқ жүргенде
Ат алып кеп берген.
Шөліркеген кезде
Шалап алып кеп берген⁷¹⁰.
Ұйқыға берік,
Сертке адал,
Ұлыстан бұрын
Күш берген,

⁷⁰⁸ Orongqatan — көне сөз. Ц. Дамдинсүрэн “омогт” — “адуын”. Н. П. Шастина “горделивый”, Ц. Шагдар “оронготон” — “тағы мінезді, адуын мінезді” деп аударып қолданған.

⁷⁰⁹ Qoŋiŋu ċini boluysan — ұшы (бастау) алды болған.

⁷¹⁰ Unuqu morin-üŋüi iyabuqui-tur, morin abċu irejü öyŋüysen; umdagasqui ċay-tur umdan taray adċu irejü öyŋüysen — “Мінер ат жоқ жүргенде, ат алып келіп берген, шөліркеген кезде шалап алып келіп берген” деген осы өлең жолдарын ғалым Ш. Гаадамба: “Шыңғыс қаран осы ұрыста қатты жарақаттанып, жолай түнде далаға түнеп нөкерлері (Рашид ад-Динде: Боғұрчи мен Бороқұл), (Раштуанцагта: Желме) жауған қардан тондарымен қалқалап, ұйыған қанын ауыздарымен сорып, аман алып қалды-мыс деген нақты оқиғаның астарлы түрде берілуі” деп жазады (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 143-б.).

Ұранқайдың⁷¹¹ жақсысы — Желмем менің!” — деп мақтады.

(49-а) Чу мергенді мақтады:

“Жарлық еткен
Жерден айырылмай,
Еңселі кісінің ерінінен⁷¹²,
Жақсы кісінің сағалдырығынан,
Састыра атып,
Жирен қасқа атты
Іліп алып келген.
Айқасқан жауды
Азайтып берген
Шабысқан жауды
Жарты етіп берген
Жүршіттің Чу мергенім, менің!”

Бороқұлды мақтағанда:

“Тартқан оққа
Қалқан болған
Суылдаған оққа
Сөре болған
Басына оқ тигенде
Саспай, қамықпай
Тоқымын ұстап тұрған
Күшіннің⁷¹³ Бороқұлым, менің!” —

деп мақтады.

Мүқұлидайды мақтағанда:

“Жауды жеңісіп,
Олжаны кіргізіп⁷¹⁴,

⁷¹¹ Уранқап — т. н-да осылай жазылған.

⁷¹² Көмөкей-бер — көмекей. “Gegen kümün-i kömükei-ber, sayın kümün-i sayaldury-a-bar” (көне мәтел). Еңселі кісінің көмекейінен, жақсы кісінің (текті адам, ұлық адам) сағалдырығынан.

⁷¹³ Күшін-ү — т. н-да осылай жазып “tübšin” деп түсіндірме берген, қ. м. АТ-да — “Гүшин”.

⁷¹⁴ Оғуулулсаһсан — кіргізіскен.

Ат жалына
 Күн шығарып,
 Құйрығына
 Тұман тарттырып,
 Жаудың ізін адастырып,
 Есен-сау алып келген
 Жалайырдың жақсысы — Мұқұлидайым, менің!” —

деп мақтады.

Боғұрчиды мақтағанда:

“Сегіз сары атты қуғанда
 Күн шығар шақта кезігіп,
 Ғұмыр бойы күшін берген
 Нақу байанның ұлы —
 Жақсы күлік Боғұрчиым, менің!
 Ауыл арасында жүргенде
 Ала тайыншадай мінездім
 Өлісер жауға
 Жанын-тәнін
 (49-б) Аямаған,
 Күлік Боғұрчиым, менің!
 Серіктесіп жүрген шақта
 Саяқ қара тайыншадай⁷¹⁵ мінездім,
 Жат жауға
 Қаршыға құстай ұмтылып кіретін
 Күлік Боғұрчиым, менің!
 Күліп жүрген шақта
 Егіз қара тайыншадай мінездім
 Жауыз жауға
 Ителгі⁷¹⁶ құстай ұмтылып келетін

⁷¹⁵ Idam qara biraуu — әлсіз саяқ қара тайынша. Н. П. Шастина “idam” сөзін “гений, хранитель” деп түсініп, “idam biraуu” дегенді “годовалый телок” деп қолданған. Ц. Шагдар мен Ц. Дамдинсүрэн “ижал бяруу” — “егіз тайынша” деп қолданған.

⁷¹⁶ Itelkü — ителгі. Ц. Шагдар қ. м АТ-да “эрэмгий шувуу” — “қыран құстай” деп өзгерткен.

Күлік Боғұрчиым, менің!
 Ойнап-күліп жүрген шақта
 Жас құлындай мінезді
 Алыс-жақынмен шабысқанда
 Лашын сұңқардай жайпап, шауып кіретін
 Күлік Боғұрчиым, менің!
 Қатты жаудан
 Қайтпай қамықпай жүріп,
 Қаған иесінің қасынан
 Қарыс ұзап кетпейтін,
 Айласы жақсы
 Күлік Боғұрчиым, менің!” —

деп, Ежен алты сәйтін мақтап болып, аттанып жүре берген тұста, Боғұрчи Еженнің алдында сусыл сары атын мініп, сеңгелі жебесін асынып, борт-борт желе жүріп, Еженді мақтап өлеңдетеді:

“Есүкей баһадүр әкелі,
 Өгелен қатын шешелі,
 Тоғыз Өрлік тіректі⁷¹⁷
 Жалпы бес түсті,
 Төрт жат ұлысты
 Қолына алған⁷¹⁸.
 Данышпан Шыңғыс
 Қаған ием, менің! (50-а)
 Өгелен қатын шешелі,
 Өгедей, Тұлұй
 Құбылған⁷¹⁹ ұлдары
 Өштескен жауды

⁷¹⁷ Örlüg tüşimel, “örlüg” – “ер жүрек, қайтпас” деген мағыналы атақ, “tüşimel”: түш — тіре деген түбірден пайда болған түших — сүйеу, түшимэл — сүйеуші, тіреуші деген сөз. “Түшимэл” — “сүйеуші-көмекші” шен.

⁷¹⁸ Erke-dur-iyan oquuluysan – еркіне кіргізген, қол астына алған.

⁷¹⁹ Qubilyan – (діни атау). Сиқыр, сиқырлық (Базылхан Б. МКТ. 620:б.).

Табанына таптаған.
 Даңқты қағаным тұрғанда
 Неден қаймығар едім?!
 Қатар жүргенде
 Жат жаудан
 Несіне қорқар едім?!
 Аққудың көгілдіріндей⁷²⁰,
 Босаң болмайын.
 Өтрікші, жаман адамның
 Сөзіне араласпайын.
 Қақтығысқан жаудан
 Жанымды аямайын.
 Сары ала қаздың балапанындай⁷²¹,
 Қорқақ болмайын.
 Қылжақ жаман адамның сөзіне
 Қашанда араласпайын.
 Өлісер жаудан
 Жан-тәнімді аямайын!” —

деп Күлік Боғұрчидың айтқан өлеңі осы еді.

Даньшпан Боғда Шыңғыс қаған түске дейін жүріп, үш жүз тайчығұттарды⁷²² жайпап, есен-аман үйіне келіп, тыныстайды.

Даньшпан Боғда Шыңғыс қаған, Нақу Байанның ұлы Күлік Боғұрчи екеуі Тибет жерінің ар жағында, Үнді жерінен беріректе⁷²³ жер қарап жүргенде Жіл есімді нойан жолығып, оған

⁷²⁰ Qun-u juljayan – қудың балапанындай.

⁷²¹ Anggir – сары ала қаз. Бурят аңызында “Далита Ангир бұрқан (Қанатты сары ала қаз бұрқан) теңіздің астына сүңгіп барып, жер жүзін жарататын топырақ ұрығын алып шыққан” деген аңыз бар. Сары ала қазды адам кейпінде суреттеу моңғолдардың көнеден жалғасқан нанымы (Дулам С. МДЗД. 47-б.).

⁷²² Taiçut – т. н-да осылай.

⁷²³ Tūbetün yaǵar-yin te tarda enetkeg-ün yaǵar yin nada – Ц. Шагдар “Төвд газрын тэртээ, Энэтхэг газрын энтээ...”, Н. П. Шастина “Нада в индийской земле, кочевье Тарда в Тибетской земле” деп оқыған. Т. н-да “tertege”, “эріректе” сөзі “tarda” деп жазылғанға ұқсайды.

құла қасқа ат, тиін ішік, Үлүкчі⁷²⁴ құлындыны [биені] қосып, осы үш тартуды береді. Осы алған үш тартудан Боғұрчиға бермей, үйден (50-б) қарсы алуға барған Үле Жанданға⁷²⁵ береді. Боғұрчи сөйтіп үйіне [құр қол] қайтып келеді. Қаған Ежен Очир сеченді Боғұрчидың үйіне тыңшылыққа жібереді. Очир сечен солай барып, үйдің жабығынан тың тыңдайды. Боғұрчидың әйелі сұрайды: “Еженге ерген Боғұрчидың сый-сыяпаты не екен?” — дейді. Боғұрчи бүй дейді: “Жіл есімді нойан құла қасқа ат, тиін ішік, Үлүкчі құлындыны қосып, осы үш тарту тартты. Сол үш тартудан маған бермей, Үле Жанданға берді” дейді. Боғұрчидың бұл сөзін естіп, әйелі бүй дейді:

“Құбылып кетер Үле Жанданға
 Құла қасқа атты бергені несі?!
 Қорғап⁷²⁶ ерген Боғұрчиым
 Қандай ағат жіберді?!
 Құтұқтұ Шыңғыс қағанның
 Құйтырқы мінезі сол емес пе?!
 Күйреп қалар⁷²⁷ Үле Жанданға
 Тиін ішік бергені несі?!
 Қашаннан⁷²⁸ ерген Боғұрчиым
 Қандай ағат жіберді?
 Қайыр таратар⁷²⁹ Шыңғыс қағанның
 Құйтырқы мінезі осы емес пе?!”

⁷²⁴ Ülügçi gekün unayatai – Үлүкчі деген құлындыны қ. м. АТ-да “Ülügçi gekün” сөзін қалдырып, “унагатай гүү” — “құлынды бие” деп жазған. “Үлүкчі” сөзі қазіргі моңғол тілінде қолданылмайды. Бұл қазақ тіліндегі “үлек” сөзіне мағыналас ескі атау болуы мүмкін.

⁷²⁵ Üle Jandan – алғашқы басылымдарда “noyan vandan” деп жазылғанын Н. П. Шастина анықтаған (“Золотое сказание”. С. 126.).

⁷²⁶ Qoray-uip – Ц. Шагдар “хояглан”, “құйақ киіп — сауыт киіп”, Н. П. Шастина “всюду — барлық жерде” деп аударған. “Қорғап” немесе “құрттайдан” дегенге саяды.

⁷²⁷ Kemkeregjü qoşoggu – күйреп қалар, шағылып қалар.

⁷²⁸ Keb keçi’ie – қашанда.

⁷²⁹ Kişig tügen – тарту, үлестіру.

Қуарып қалар Үле Жанданға
 Үлүкчі құлындыны бергені несі?!
 (51-а) Жастайдан ерген Боғұрчим
 Қандай ағат жіберді?!
 Құт таратар Шыңғыс қағанның
 Құйтырқы мінезі осы емес пе?!” — дейді.

Боғұрчи бұл сөздің жауабы етіп әйеліне бұй дейді:

“Шапаны ұзын
 Ақылы шолақ⁷³⁰
 Әйел деген
 Осы екен!
 Құбылып кетер Үле Жанданға
 Құла қасқа ат бергенін қой,
 Құтұқтұ Шыңғыс қағанымның
 Алтын арқаны берік болғай⁷³¹!
 Құбылмай еріп жүрсем,
 Үлес тартуын бір берер!
 Күйреп қалар Үле Жанданға
 Тиін ішік бергенін қой
 Қайырлы Шыңғыс қағанымның
 Алтын арқаны берік болғай!
 Қашанда қалмай еріп жүрсем,
 Қайырлы тартуын бір берер.
 Қуарып қалар Үле Жанданға
 Үлүкчі құлындыны бергенін қой
 Құтты Шыңғыс қағанның
 Алтын арқаны берік болғай!
 Мәңгі еріп жүрсем, мен
 Таралғы тартуын бір берер!” — дейді⁷³².

⁷³⁰ Urtu degel-tu, ülten sanayatu — Ұзын шапанды, шолақ ойлы (көне мәтел),
 Ц. Шагдар “Урт дээлт, нойтон санаат”, “ұзын шапанды, шала мінезді” деп аударған.

⁷³¹ Altan oyusurni beki boltuγai — алтын арқаны берік болғай.

⁷³² Боғұрчи мен әйелінің арасында болған бұл аңыздың сәл өзгелеу бір түрі
 “Шара тужи”-де айтылады.

Бұл сөзді Очир сечен естіп алып, қаған Еженге барып айтады. Қаған Ежен содан кейін Боғұрчиды өмір-бақи қастерлейді. Ежен жарлық етіп: “Әйел адамның жаман сөзі мен ер адамның үлгілі сөзін ажырата білуші — Очир сечен!” — деп [марапаттайды].

(51-6) Содан кейін жалаңаш Бағаринның Шірегетү ебүгені Алаға, Найаға ұлдарымен тайчығұттың нойаны Тарқұтай Кірілтұқты орманда қашып жүрген жерінен, “өшті адам” деп ұстап алып, атқа міне алмайтындықтан, Тарқұтайды арбаға отырғызып, Бағарин Шірегетү ебүген Алаға, Найаға [есімді] ұлын ертіп келе жатқан тұста, Тарқұтай Кірілтұқтың ұлдары мен бауырлары оны құтқарып алмақ болып, қуып келеді. Ұлдары мен бауырлары жетіп келе бергенде, Шірегетү ебүген тұра алмайтын Тарқұтайды арбаның үстінде шалқалатып алып, кеудесіне мініп, пышағын кезеп бүй дейді: “Ұлдарың мен бауырларың сені тартып алуға келді. Сені өлтірмесем де, қағанына қастасқан деп, мені өлтіреді. Өлтірсем де, көрерім — өлім! Өлсем енді жастығымды ала кетейін!⁷³³” деп бауыздағалы, тамағына пышағын тақай бергенде, Тарқұтай Кірілтұқ бар дауысымен балаларына айқайлап бүй дейді: “Шірегетү мені өлтіргелі жатыр. Өлтіріп тастаса, өлген жансыз денемді алып кетіп, не (52-а) қыласыңдар, сендер! Мені өлтірмей тұрғанда тез қайтыңдар! Төмүчин мені өлтірмейді. Төмүчин кішкентай кезінде,

Көзінде отты,
Бетінде шуақты еді.

Иесіз жұртта қалғаныңда құтқарып, қолыма алып, баулып⁷³⁴, икемін білген соң, ет бауырымдай көріп, ертіп жүрдім. Өлтірейін десем, мен сонда өлтіріп тастайтын едім. Енді сол есіне түсіп, көзі жетіп, “анда” деп жүр. Төмүчин мені әсте өлтірмейді. Ұлдарым,

⁷³³ Ele ūküküi tur – iyan dere aban öküsi – Енді өлерімде жастығымды ала кетейін”. Ш. Гаадамба: “Өлмей тұрып, өлтіріп тастайын” деген мағынадағы көне мәтел деп түсіндіреді.

⁷³⁴ Surγabasu – баулығанда.

бауырларым тез қайтыңдар! Шірегетү мені өлтіретін болды!⁷³⁵ деп айқай салады. Ұлдары мен бауырлары бүй дейді: “Әкеміздің жанын құтқарайық деп келдік, біз! Шірегетү ебүген әкемізді өлтіріп тастаса, құр жансыз денені не қыламыз, біз?! Енді⁷³⁶ өлтірмей тұрғанда тезірек қайтайық!” деп, қайтып кетеді.

Олар кете бере Алаға, Найаға келеді. Ол екеуі келісімен қозғалып, Сайсуырдың⁷³⁷ Құдүқұл нұғұтқа⁷³⁸ жеткен тұста Алаға, Найаға бүй дейді: “Біз мына Тарқұтайды ұстап алып барсақ, Шыңғыс қаған бізді өз қағандарына (52-б) арамдық ойлаған, сенімсіз адамдар деп, [күмәнданып] қарамағына алмайды. Өз қағанына⁷³⁹ қастандық еткен адамдарды өлтіру⁷⁴⁰ керек деп, бізді өлтіріп тастайды. Сол үшін біз Тарқұтайды босатып, Шыңғыс қағанды қолдағалы келдік. Тарқұтайды ұстап алып келе жатқанбыз, [бірақ] өз қағанымызды көре тұра қалай өлтіртеміз деп қоя беріп, біз сізге күш қосқалы келдік деп айтайық!” дейді. Найағаның бұл сөзін әке мен ұлдар құптап, Тарқұтайды Құдүқұл тауынан қоя береді де, Шірегетү ебүген, Алаға, Найаға ұлдарын ертіп өзі келеді. Келіп Шірегетү ебүген Шыңғыс қаған: “Тарқұтай Кірілтұқты ұстап алған едік. Көре тұра өз қағанымызды қалай өлтіртеміз деп, дәтіміз жетпей, қоя беріп, Шыңғыс қағанға [сізге] күш қосайық деп келдік!” — дейді. Бұған Шыңғыс қаған бүй дейді: “Өз қағандарыңды — Тарқұтай Кірілтұқты арамдықпен алып келсеңдер, өз қағанына жамандық ойлаған жарандарды қалай кешірер едік?! Сендерді ұрық-жұрағаттарыңмен құртатын

⁷³⁵ Alju üterejeküi — т. н. т. “alaqui üyirtübe” өлтіруге таяды деп түсіндірген. Ц. Шағдар: “алуузай — өлтіріп тастамасын” деп аударған.

⁷³⁶ Munda — Ц. Шағдар “Едүгээ — енді” деп аударған.

⁷³⁷ Saisur-un — т. н. т. “ireküi” “келгенде” деп түсіндірме жазған, қ. м. АТ-да бұл сөз жазылмай қалған. “Сайсурын” — “Сайсурдың” деген жер атауы болуы мүмкін.

⁷³⁸ Qudyl uytа — т. н. т. “nyud” деп түзеген, қ. м. АТ-да “угут”, “Золотое сказаниеде” — “хутхул — нугуту”.

⁷³⁹ Tus qaуana — мына қаған, осы қаған. Мағыналы мына (өз) қағанымыз.

⁷⁴⁰ Arap-ig mögöriğülütкуп — жаранды тұлдаңдар, басын жұлыңдар.

едік. Сіздің өз қағаныңызды өлтіре алмағаныңыз — көңіліңіздің (53-а) дұрыс болғаны!” деп Найағаны кешіреді.

Содан кейін Керейттің Жиқа Қамбуы дарқаттардан бөлініп, Шыңғыс қағанға нөкерлесуге келеді. Меркіттер оның бұл кеткенінен өш алу үшін соғыс бастайды, бірақ Шыңғыс қаған мен Жиқа Қамбу екеуі [олармен] соғысып, жеңеді. Содан кейін түмен түбеген олон тоғойт, бытыраған керейт елі⁷⁴¹ Шыңғыс қағанға келіп қосылады. Керейттің Уаң қағаны бұрыннан Есүкей баһадүрмен керемет жұптасып, Есүкей баһадүрмен анда десетін. Анда болысқан жөні былай еді: Уаң қаған әкесі Құрчақұс Бұйрық қаған [мен] бауырларын өлтірмекке немере ағасы Күр қағанмен⁷⁴² соғысып⁷⁴³, Қарғұна қапшалына тығылып, жүз адаммен [қалып], Есүкей баһадүрға келеді. Есүкей баһадүр: “Мені өзіне [жақын] тарта келді!” — деп шерік аттандырып, Күр қағанды Қашин бағытына қуып, елі мен дүние-мүлкін Уаң қағанға алып беріп, сол жерде анда болған екен. Содан кейін Уаң қағанның інісі Ерке Қара ағасын өлтіреді деп қорқып қашып, найманның Инача қағанына (53-б) барады. Инача шерік жібергенде, Уаң қаған қашып, үш қаладан өтіп⁷⁴⁴, қара қытайдың Күр қағанына барады. Сол жерде жанжал туып, ұйғырлар мен таңғұттардың қалаларын басып өтіп, бес ешкі сауып, түйенің қанын сорып ішіп, арып-ашып, Күсекүй көліне келгенде, Шыңғыс қаған бұрын Есүкей баһадүрмен анда дескені үшін Текей баһадүр, Сүкей Некүн екеуін елшіге жіберіп, Керүленнің басында Шыңғыс қаған өзі қарсы⁷⁴⁵ барып, арып-ашып келді деп, салық жинап, Уаң қағанды күренінің ішіне кіргізіп асырайды. Сол қыста бірге көшіп-қонып, Құбықайды қыстайды.

⁷⁴¹ Kereit irgen — керейт халқы деген мағынада.

⁷⁴² Gūr qaγan — МҚШ-да “Gūr — qaγan”, қ. м. АТ-да “Күр хан”.

⁷⁴³ Buldai — жанжал.

⁷⁴⁴ Gurban balatun bidun jorigju — “үш қаладан тентіреп өтіп”.

⁷⁴⁵ Ersu — ерсі, қарсы.

Сол тұста Уаң қағанның нойан бауырлары бүй деседі: “Мына қаған ағаның бізге пиғылы жаман тәрізді! Аға-бауырларын құртып тынды. Қара қытайға кірді. Ұлысқа қасірет әкелді. Мұны қайтпекпіз?! Баяғы кезін айтсақ⁷⁴⁶, жеті жасында меркіттер тонап, қара ала лақтың терісінен тон кигізіп, Селенкенің Боғура кегерінде жүргенде, меркіттерге шабуылдаған Құрчақұс Бұйрық қаған әкей өз баласындай көріп, сол жерден тауып әкелген (54-а) еді. Содан кейін татардың Ажай қағаны он үш жасында шешесімен бірге ұстап алып, [еліне] апарып, түйесін бақтырып қойғанда, Ажай қағанның қойшысы әкеліп берген еді. Содан кейін тағы да, найманнан қорқып қашып, Сартауылдың жері Чүй дариясында, қара қытайдың Күр қағанына барды. Сол жерде бір жыл болмай, қашып көшіп, Ұйғырдың, Таңғұттың жерін кезіп, арып-ашып, бес ешкі сауып, түйенің қанын сорып ішіп, жалғыз соқыр сұрқұла атпен жадап Төмүчинге келгенде, Төмүчин салық жинап асырады. Енді сөйткен күнін ұмытып, Төмүчин ұлға жамандық ойлап жүр. Енді қайтпекпіз?!” деседі. Осылай айтылған сөздерді Алтын Есүк Уаң қағанға жеткізіп, Алтын Есүк⁷⁴⁷ бүй дейді: “Мен осы жиында болдым. Олар қаған өзіңді өлтіре алмадық, деп кеңесті!” деп Уаң қағанға Илғабури, Әлін тайши бар⁷⁴⁸ бауырларын інілерін⁷⁴⁹ ұстатады. Інілерінің ішінен тек Жиқа Қамбу қашып шығып, наймандарға барып паналайды. Уаң қаған інілерін бір үйге түгел кіргізіп⁷⁵⁰, бүй дейді: (54-б) “Ұйғыр⁷⁵¹, Таңғұт жерінде жүргенімде сендер не деп айттыңдар?! Сендер, жаман-жақсы қандай ой түйдіңдер?!” деп беттеріне түкіріп, байлаудан шештіреді. “Қағанға түкіртті” — деп үйде отырған барлық жаран⁷⁵² орындарынан тұрып түкіреді.

⁷⁴⁶ Kemebsu – бұл сөз қ. м. АТ-да жазылмай, түсіп қалған.

⁷⁴⁷ Altan Esüg – МҚШ-да “Altan Asuq”.

⁷⁴⁸ Ylyaburi, Alin-taişi – МҚШ-да “Al-Qutur, Qulbari, Alin-taiši”.

⁷⁴⁹ Noıun – ұлдарын.

⁷⁵⁰ Ц. Шагдар “Баригдсан дүү нараа нэг гэрт оруулж” — “Ұсталған бауырларын бір үйге кіргізіп” деген.

⁷⁵¹ Uıun – т. н-да осылай жазылған.

⁷⁵² Aran – т. н-да осылай жазылған.

Сол қысты қыстап шығады. Ит жылының күзінде⁷⁵³ Чаған татар, Елчи татар, Тұтағит⁷⁵⁴ татар және Аруқай татар қолдарымен Далан Немүргеде шайқас алдында Шыңғыс қаған жасақ [жарлық]⁷⁵⁵ бұйырып бүй дейді: “Жауды өлтірген соң, олжаға бөгелмеңдер! Қырып тастаған соң, ол олжа — біздікі. Бөлісеміз! Біздің нөкерлер жаудан жеңілсе, алғашқы шабуылдаған жерге қайта оралатын болсын! Алғашқы шабуылдаған жерге келмеген адамның басын алайық^{756!}” деп жарлық⁷⁵⁷ етеді. Шыңғыс қаған Далан Немүргедегі шайқаста жауды жеңіп Ұлқұй Шилгегечитте қалғандарын ұлысына қосып бағындырып алады⁷⁵⁸. Чаған татар, Елчи татар, Тұтағит татар, Аруқай татардың еңселі елін сол жерде тізе бүктіреді. Алтын, Құчыр, Таритай үшеуі жарлық еткен сертті бұзып, олжаға бөгеліп қалады. “Сөзге⁷⁵⁹ (55-а) тұрмады!” — деп Жебе, Құбылай екеуін аттандырып, олжалаған жылқы, өзге де алған [дүниелерін] түгел әкелтеді. Татарды әлсіретіп, тұтастай бағындырып: “Ұлыс-елін қайту керек?!” деп Шыңғыс қаған ұлы бітімге⁷⁶⁰ ұрық-жұрағатын [жинап] жеке үйге кіріп, кеңес құрады:

“Ерте күннен⁷⁶¹ татар елі ата-бабаларымызды құртқан еді.

Ата-бабалардың
Өшін — өштеп,
Кегін — кектеп⁷⁶²,

⁷⁵³ 1202 жылдың күзі.

⁷⁵⁴ Totayad — т. н-да осылай жазылған.

⁷⁵⁵ Jasay — т. н-да осылай. Осы жерден бастап Шыңғыс қағанның иаса — жаса, жарғы заңы айтылады.

⁷⁵⁶ Mökorigül-ie

⁷⁵⁷ Jasalaltubai — жасақ етті.

⁷⁵⁸ Dayulibai — қаратты, ертті.

⁷⁵⁹ Ügen-tur-iyan — сөзінде.

⁷⁶⁰ Iyeke ey'e — ұлы бітім. т. н-да “iyeke ey'e” — “ұлы бітім” моңғол тілінде “Әе” деген сөз ыңғай, орай, үйлесім, бірлік, бітім... мағынасын береді. Бұл жерде “Ұлы бітім” деген мағынада.

⁷⁶¹ Erte edür — еңе — ерте күннен.

⁷⁶² Öşin öşijü, kisel kisejü — өшін өштеп, кегін кектеп.

Білікпен өлшеп,
 Қырып құртайық.
 Қалғанын құл етіп,
 Жан-жаққа таратайық⁷⁶³ —

деп бітім байласып, үйден шыққанда, татардың Иеке Черүі⁷⁶⁴ Белкүтейден: “Қандай бітім келістіңдер?” — деп сұрайды. Белкүтей: “Сенің барлығыңды білікпен өлшеп, қырайық деп келістік!” — дейді. Белкүтейдің бұл сөзінен [кейін] Иеке Черү татарларына жария тастап⁷⁶⁵, қорған құрады.

Қорған құрған татарларға Бет⁷⁶⁶ шеріктері ерлікпен шабуылдап, шексіз шығынға ұшырайды. Татардың қорғанын қиындықпен бұзып, білікпен өлшеп, артық шыққандарын қыра бастаған тұста, татарлар өзара келісіп: “Кісі басы жең ішіне пышақ жасырып, жастығымызды ала өлейік!”⁷⁶⁷ — деседі. Шексіз көп шығын болады.

Солай татарларды білікпен өлшеп, қырып біткен соң, (55-6) Шыңғыс қаған жарлық етіп: “Біз ұрық-жұрағатымызбен ұлы бітім байласқанымызды⁷⁶⁸ Белкүтейдің айтып қойғанынан біздің шеріктер шексіз көп шығынға ұшырады. Бұдан кейін ұлы бітімге Белкүтей кірмесін! Бітім байласқан кезде сырттағы істі басқарсын. Жасақтың айтысын⁷⁶⁹, ұры-қарының қылмысын шешсін. Бітім байласқанда ас ішіп болған соң, Белкүтей бастағандар сонда кірсін!” — деп жарлық⁷⁷⁰ етеді.

⁷⁶³ Eу'e enduldubel – бітімге келістіріңдер!

⁷⁶⁴ Iyeke čerü – МҚШ-да “Iyeke čeren”, қ. м. АТ-да “Их – цэрү”.

⁷⁶⁵ Tungqay talbiju – жария (үндеу) тастап (жариялап).

⁷⁶⁶ Bida – Ежелгі Моңғол ұлысын осылай да атаған (Амар А. МТГ), (Инжинаш. Хөх судар. Монгол роман, 1992).

⁷⁶⁷ Derge abun üqüü'e – ежелгі көшпелілер салтында ұлық адамдарды жерлегенде, мәйттен жастық қойып жерлейтін. Тайсүн қағанды жерлегенде, онымен бірге өлген Ақболат, Бақболат екі інісін Мөнді өрлік деген адам Тайсүн қағанның сүйегімен қоса жерлеген (Чіңгіс қаған-ү чедік. Бежін, 1925. 77-б.). Және өлген ұлықтың жақсы көретін құлын жастық қып қойып немесе ұлық адаммен бірге өлгендердің мәйтін бас-аяғына жастық қып қоятын салт болған (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 128-б.).

⁷⁶⁸ Eу'e barilduysan-ig – бітім байласқанымызды.

⁷⁶⁹ Jasaу – жасақ тартысы, жаза кесу.

⁷⁷⁰ Jarliу – жарлық.

Сол жерде, татардың Иеке Черүінің қызы Есүкен қатынды Шыңғыс қаған алады. Тақалға-тарұн⁷⁷¹ Есүкен қатын бүй дейді: “Менің Есүй есімді әпкем менен сұлу, қаған адамға сол лайық. Жаңа ғана күйеу бала келіп [қалыңдық ойнап] жүр. Қазір мына ойранда оның қалай кеткенін білмедім” — дейді. Бұл сөзге Шыңғыс қаған бүй дейді: “Әпкең сенен жақсы болса, іздетіп алдыртайын. Әпкең келген соң, сен орныңды босатып бересің бе?” дейді. Есүкен қатын: “Қаған бұйырса, әпекемді көре сала, әпекеме орын берейін” дейді. Бұл сөзге Шыңғыс қаған жарлық жария етіп, іздеттірсе, ұзаттырылған күйеуімен орманда жүргенде біздің шеріктер жолығады. [Ері] қашып кетіпті. Есүй қатынды алып (56-а) келеді. Есүкен қатын әпкесін көріп, бұрынғы айтқан сөзіне жетіп, отырған тағына отырғызып, өзі төменге отырады. Есүкен қатынның айтқан сөзі рас екен. Шыңғыс қағанға ол ұнап, Есүй қатынды алып, қасына отырғызады.

Татар елін бағындырып алғаннан кейін, бір күні Шыңғыс қаған сыртқа ауқат жайдырып, Есүй қатын мен Есүкен қатынның ортасында отырады. Ауқаттанып отырып, Есүй қатын терең күрсінеді. Содан Шыңғыс қаған іштей күдіктеніп, Боғұрчи мен Мүқұлидай нойандарды шақыртып алып: “Сендер мұнда жиналған адамдарды өз-өзінің аймақ-аймағына топтастырып, бөтен аймақтың адамын жеке бөліңдер!”⁷⁷² — деп жарлық етеді. Солайша, аймақ-аймағымен жіктегенде, бір жас күрмеле кісі⁷⁷³ жеке қалады. “Сен не қылған кісісің?” — деп сұраса, әлгі кісі бүй дейді: “Татардың Иеке Черүінің Есүй есімді қызын алған күйеуі едім мен. Жауға шаптырып, қорқып, сауғалап жүрген едім. Енді тынышталған соң, көп жаранның ішінен тани (56-б) қоймас деп жүргенім” дейді. Бұл сөзді Шыңғыс қағанға айтқанда, қаған жарлық

⁷⁷¹ Таулауа-тар-ип — осылай жазылған. Қ. м. АТ-да түсіп қалған. Н. П. Шастина “так, как обращались с любовью” деп аударған.

⁷⁷² Tegüsgegtegün — түгесіңдер, құртыңдар.

⁷⁷³ Kügmele kütün — Ц. Шагдар “Хүрмэл хүн”, С. А. Козин — “благородный”, Н. П. Шастина “заплетенной косы” деп алған. “Хүрмэл” — “кірме” немесе “Күргән” — “күйеу” болуы да мүмкін.

етіп: “Сондай жауыздық ойлап, бөлектеніп жүріп, енді неге келе қалды?! Мұндайларды білікпен [білікке өлшеп] алыстат! Не қылған түлеме?!⁷⁷⁴ Көзден таса қылыңдар!” деп дереу өлтіртеді.

Содан кейін тағы да ит жылы⁷⁷⁵ Шыңғыс қаған татар еліне аттанғанда, Уаң қаған меркіт еліне аттанып, Тоқтаға бекиді Барғучин түкүмге⁷⁷⁶ қарай қуып, Тоқтағаның үлкен ұлы Төгіс бекиді жеңіп, Тоқтағаның Қатұқтай, Чағлалұн деген екі ханымын⁷⁷⁷ алып, Құтұ, Чылағұн есімді екі ұлын, өзге де адамдары мен дүниесін тонап, Шыңғыс қағанға ештеңе бермейді. Содан кейін Шыңғыс қаған мен Уаң қаған екеуі Найманның Күчікүдінің Бұйрық қағанына аттанып, Ұлұқ тастың Құсық⁷⁷⁸ суында отырғанында барып шабуылдайды. Бұйрық қаған соғыса алмай, Алтай асып кетеді. Құсық суынан Бұйрық қағанды қуып, Алтай асыртып, Құмчигер Өреңгіге қарай қуалап бара жатқанда, Житай Табалұқ есімді нойаны қарауыл қарап жүріп, біздің қарауылға қуылып, тауға қарай (57-а) қашпақ болғанда, айылы үзіліп, сол жерде ұсталады. Өреңгіге қарай Қошалбаши көлінде қуып жетіп, Бұйрық қағанды сол жерде өлтіреді⁷⁷⁹.

Сол жерден Шыңғыс қаған мен Уаң қаған екеуі қайтып келе жатқанда найманның ұрыскері⁷⁸⁰ Күнсекү Сабрақ Байдарақ белчерінде шерік жасақтап, ұрысқалы тұрған екен. Шыңғыс қаған, Уаң қаған екеуі ұрыспақ болып, күрен құрып⁷⁸¹ соғысты ертеңге

⁷⁷⁴ Saγaratoi – бұл сөз қайталанып отыр. Біз “түлеме” дедік.

⁷⁷⁵ 1202 ж. (БНМАУ-ын түүх. 1 боть. УБ., 1966. 209-б.).

⁷⁷⁶ Tüküm – төркін. Төркін-жұрағаттың адамы.

⁷⁷⁷ Qatıγ-ai – ханым. Н. П. Шастина “жена” – “әйелі”, Ц. Шагдар “хоер хатныг” – “екі қатынын” деп қате оқыған. Ц. Дамдинсүрэн қ. м. МҚШ-да “хоер охин ба хатдыг олзлож” – “екі қызы және ханымдарын олжалап” деп аударған.

⁷⁷⁸ Ulıγ – tas-un Qosoγ-usun – Ұлұқ тастың Құсық (суы). “Ханның тұрақ тасы” дегеннен айтылған болуы мүмкін.

⁷⁷⁹ Moγutγaba – басын алды, иығын доғалдады деген мағынада айтылады. Т. н. т-де “eçulgebe” – “жөнелтті” деп түсіндірме келтірген.

⁷⁸⁰ Qatγulduγci – соғыскер, ұрыскер, найзагер деген мағынада.

⁷⁸¹ Jilda bultaçu – жолдан қайтып (тайқып). Т. н. т-де “küren tataçu” – “күрен тартып” деген түсіндірме келтірген.

қалдырып, шерігін түзеп, түнейді. Уаң қаған түскен жұртына от жақтырып, түнделетіп Қара Сегүлге қарай қозғалып кетеді. Сөйткенде Жамұқа да Уаң қағанмен бірге қозғалады.

Уаң қағанға Жамұқа бүй дейді: “Төмүчин аңдам бұрыннан найманда елшілі екен⁷⁸².”

Енді де келмеді.
 Қаған қағандардың
 Қайырханы⁷⁸³ емес пе?!
 Қайырлы
 Аңдам емес пе?!
 Найманға кетіп қалмасын!
 Кірме болып, қалып қоймасын⁷⁸⁴!” —

дейді. [Сонда] Жамұқаның бұл сөзін [естіген] Ұру Чічітай Күрес баһадүр: “Неліктен [өзгеге] жағымпазданып, адал ағайын арасын айыратындай сөзді айтасың, сен!” — дейді.

Шыңғыс қаған түнде сол жерге түнеп, (57-б) күн шыққан соң соғыспақ болып қараса, Уаң қаған түнеген жұртына от қалдырмастан⁷⁸⁵, бұлтарып⁷⁸⁶ кетіпті. “Бұлар от қойып мені әдейі алдаған екен!” деп сол жерден ілгері жүріп, Адыр — Алтайдың торабымен⁷⁸⁷ Сағар кегеріге келіп жетеді. Сол жерде Шыңғыс қаған мен Қасыр екеуі найман тобының айласына түспей

⁷⁸² Elçi-tu bülüge — елшілі екен, елші (ұстайды) екен.

⁷⁸³ Qaigugan — Қайырқан немесе Қара үлек хан. Моңғол аңыздарының түйісі — көне түріктің Үлек тәңірінің аңызынан пайда болған атау. Барша ғалам, аспан жер, адамзатты жаратушы — Тәңірдің атауы (Дулам С. МДЗД. 177-б.).

⁷⁸⁴ Uguu bolun quugbai — (қате жазылған) “quugbai” — “сынбағай, үзілмегей”, “кірік болып бөлінбегей” — “жолай үзіліп қалып бөтенге кірік болмасын” деген мағынадағы көне сөз тіркесі.

⁷⁸⁵ Gal ügüi — отсыз, от жоқ (қалу). Отқа табыну дәуірінде пайда болған сөз тіркесі. Отты өшірмеу үшін шоқ арқалап жүретін. “Гал алдах” — “оттан айырылу” деген сөз тіркесі сол кезде пайда болған (Ринчен Б. Заан Залуудай. Балар эртний роман, тэргүүн дэвтэр. УБ., 1966).

⁷⁸⁶ Bultaŋu — бұлтару, бұлтарып.

⁷⁸⁷ Atar Altai-iyn belcer-iyer — Адыр Алтайдың торабымен.

кеткендіктен⁷⁸⁸ Күңсекү Сабрақ⁷⁸⁹ Уаң қағанның артынан қуып, Сенкүмнің әйел-баласын, туыс-жұрағатын тартып алып, Уаң қағанды Делкеті [сайының] ауызында отырған жерінен жарты жылқысын, ас-суын тонап, қайтып кетеді. Сол аралықта Меркіт Тоқтағаның Қуту, Чылағун [деген] екі ұлы сол жердегі адамдарды алып, бөлініп, әкесіне қосылып, Селенкеге қарай қозғалады. Күңсеку Сабрақтан жеңілген Уаң қаған Шыңғыс қағанға елші жіберіп: “Найманға ел-жұрт, от-ошақ балаларымды алдыртып айырылдым. Мен ұлдарым арқылы төрт күлігіңді⁷⁹⁰ көмекке сұраттырып отырмын. Ел-жұртымды құтқарып берсін!” деп айттырады. Шыңғыс қаған содан Боғұрчи, Мұқұли⁷⁹¹, Бороқұл, Чылағун баһадүр осы төрт күліктеріне шерік жасақтап беріп, аттандырады. Осы төрт (58-а) күлік келердің алдында Ұлаған Қутыда Сенкүм соғысып жүріп, атынан жығылып, жаудың қолына түсуге шақ қалған екен. Осы төрт күлік [жетіп] келіп құтқарып, қарасты ел-жұрты мен әйел, бала-шағасын түгел қайтарып береді. Сонда Уаң қаған бұй дейді: “Ертеде жақсы әкесі қолды болған ұлысымды осылай құтқарып берген еді. Енді, міне, [оның] ұлы теңдессіз төрт күлігін жіберіп, [жау қолынан] ұлысымды тағы да құтқарып берді.

Жақсылығын қайтаруды —

Аспан мен жердің жарылқауы білсін!” — дей [келіп],

Уаң қаған бұй дейді: “Есүкей баһадүр аңдам қолды болған ұлысымды бір құтқарып берген еді. Төмүчин ұлым енді қолды болған ұлысымды тағы құтқарып берді. Осы әке мен ұлы екеуі қолды болған ұлысымды маған жинап берді. Кімнің пайдасына [түгел ұлысты] құрастырамын деп шаршаймын?! Мен енді

⁷⁸⁸ Tobun-uyan — (Тобун Ұқан болуы да мүмкін). Ағыа есе тоуолуысан-і; тобунуған айласына еш торымай.

⁷⁸⁹ Küngsekü Sabraq — т. н-да осылай жазылған.

⁷⁹⁰ Dögbön külük, üd-ig — төрт күліктерді: Боғұрчи, Мұқлидай, Бороқұл, Чылағун төртеуі, “төрт төбет” деп те атайды.

⁷⁹¹ Muquli — т. н-да осылай жазылған.

қартайдым! Мен қартайып, тас үйге⁷⁹² кетсем, қамұқ ұлысымды кім басқарады?! Бауырларымның мінезі жаман. Жалғыз ұлым болғанымен, оған серік бола қоятын адамы жоқ, жалғыз! [Ендігі жерде] Төмүчин ұлды Сенкүмге аға етіп, екі ұлды болып, тыныш отырайын!” — деген Уаң қаған Шыңғыс қағанмен Тұғұланың қара түнегінде бас қосып, әкелі-балалы (58-б) болысады. Әкелі-балалы болу жөні: бұрын ерте күнде Есүкей баһадүр әкейі мен Уаң қаған аңда дескен жолымен, әкелі-балалы болу салтын ұстап, бүй деседі:

“Аңдысқан жауға бірге шабайық!
Қашаған киікті аулағанда
Қатар тұрып атайық!” — деседі.

Тағы да Шыңғыс қаған, Уаң қаған екеуі бүй деседі:

“Біз екеуіміз тыныш кезде
Тісті жылан арбаса,
Арбауына көнбейік!
Тіспен, ауызбен⁷⁹³
Табысып, сенейік.
Айлалы жылан сүс көрсетсе,
Сұсына көнбейік!
Ауызбен, тіспен
Табысып, сенейік!” —

деп, сөз байласып амырақтасып [бітімге келіп], өзара татулық құрады.

Содан кейін “Татулықтың үстіне қабат татулық құрайық!” деп ойлаған Шыңғыс қаған Жүчиға Сенкүмнің қарындасы Чақұр бекиге құда түсіп, Сенкүмнің ұлы Тұсаққа өзінің қызы Құчин бекиді бермек болып [елші жібереді]. [Сөйткенде] Сенкүм өзін [Шыңғыс қағаннан] артық санап, бүй дейді:

⁷⁹² Qatut-ta Үағбас-у, Ц. Шагдар “Хаданд гарваас” — “Жартасқа шықсам” деп т. н-ны өзгертпеген. Тас үйіме қайтсам, Тау тәңіріме барсам деген мағынадағы көне нанымнан қалыптасқан сөз тіркесі.

⁷⁹³ “Тістенген тістей қатаң, жұмған ауыздай сөзге берік болайын” деген мағыналы көне мәтел.

‘Біздің ұрпақ оларға барса,
 Алыс тұрып,
 (59-а) Ұдайы төрге қарайтын болар.
 Олардың ұрпағы бізге келсе,
 Төрде отырып,
 Алысты көздейтін болар”, —

деп тәкаппарланып, бізді [Шыңғыс қағанды] мазақ етіп, Чақұр бекиді бермей қояды. Бұл сөзге Шыңғыс қаған іштей наразы болып, Ниалқа Сенкүмге көңілі қатты қалады.

Шыңғыс қағанның оған көңілі қалғанын сезген Жамұқа, доңыз жылының көктемінде Алтын, Құчыр, Кіртақұбай, Ебүгечин онгин⁷⁹⁴, нойақын Сүкегетей, Тоғорыл, Қачиқұн бекилермен жақтасып, бірге көшіп, Жіжігер биігінің қырқасындағы Берке Алұндағы Ниалқа Сенкүмге барады. Жамұқа оны алдап, бүй дейді: “Төмүчин андам найманның Тайан қағанына тілді, елшілі екен. Ауызбен “әке, бала” деп тұрғанымен, түпкі ойы бөлек екен. Сіз соған сенесіз бе?! Оны түсінбесеңіз сіздің не болғаныңыз?! Төмүчин андаға аттансаңыз, мен көлденеңнен кірісейін!” — дейді. Сөйткенде, Алтын, Құчыр екеуі:

“Біз Өгелен шешенің
 Ұлдарының ағасын өлтіріп,
 Бауырын қолды етейік!” — дейді.
 Ебүгечин онгин Кіртақұбай:
 “Қолын қол,
 Санын сан
 Қылып берейік!” — дейді.
 Тоғорыл бүй дейді:
 “Айласын тауып барып,
 Төмүчиннің ұлысын алайық!

⁷⁹⁴ Ебүгеһин онгин – Ата кие (Қыдыр ата, Қамбар ата... т. б.). “Онгин” — “кие, рух”. Киеге (тәңірге) тағзым ету үшін құрбан шалу, шашу шашу (май тамызу, ақ күйю... т. б.) сияқты рәсім жасалады. Бұл біріншіде: бақсылық кие, сұлделік (жан) кие; екіншіде: аталық (ебүгеһин) кие; үшіншіде: аталарға шалған (бағыштаған) сусын, тағам” (Дулам С. МДЗД. 172-б.).

Ұлысынан айырылса,
Ұлысы жоқ адам не істейді?!” — дейді.

Қачигұн беки бүй дейді(59-б): “Ниалқа Сенкүм ұлым саған қалай ойласам да⁷⁹⁵

Ұзынның ұшына,
Тереңнің түбіне жетейін⁷⁹⁶!” — дейді.

Ниалқа Сенкүм әкесі Уаң қағанға [естіген] сол сөздерді Сайқан Төдүгерден айтқызып жібереді. Бұл сөздерді естіген Уаң қаған бүй дейді: “Ұлым Төмүчин туралы неге солай жаман ойлайды екен?! Біз Тәңірге ұнамай қалармыз! Жамұқаның тілі жүйрік еді⁷⁹⁷. Оның сөзінің дұрыс-бұрысын анықтап алайық!” — деп жаратпағандығын [осылай] білдіреді.

Сөйткенде Сенкүм де Уаң қағанға: “Тілді, ауызды⁷⁹⁸ адам айтып отырғанда, неліктен сенбейді?!” деп арнайы адам жібереді. [Ақыры] болмаған соң өзі барып бүй дейді: “Сенің көзің [тірі] тұрғанда, бізді мүлдем елемей отыр, егер қаған әке, сені ертең аққа орап, қараға бүркесек⁷⁹⁹, Құрчақұс Бұйрық қаған әкеңнің қиналып жүріп, осылай құрған ұлысын бізге қалай басқартпақ?!” дейді. Ол сөзге Уаң қаған: “Шағам — ұлымды құрттырып, әке туыс мұндай жат болып, жаман ойласам, қалай жараспақ?! Тәңірге ұнамаймыз, біз!” — дейді.

Бұл сөзіне ұлы Ниалқа Сенкүм ренжіп, (60-а) [есікті] лақтырып тастап шығып кетеді. Жалғыз ұлы Сенкүмнің көңілін аяп, шақыртып алып, Уаң қаған бүй дейді: “Тәңіріге біз ұнаймыз ба? Біз ұлымызды қалай құртамыз? — дегенім еді. — Сендер шамаларың жетсе, өздерің біліп істеңдер!” дейді. Сөйткенде,

⁷⁹⁵ Iyaγun setgi besü — қалай ойласаң да, қ. м. АТ-да “чамайг юу сэтгэвэс”, “сен нені ойласаң да” деген.

⁷⁹⁶ Urtu-in üjügür-e, gún-ü-iguyar-a, kürelsesü — (көне мәтел). Ұзынның ұшына, тереңнің түбіне жетемін.

⁷⁹⁷ Yıabuday keletü — жүйрік тілді, шапшаң ауызды.

⁷⁹⁸ Amatu keletu — ауызды, тілді.

⁷⁹⁹ Čaγan-a čačabasu, qara-ta qaγabasu — (көне мәтел). Аққа шашсақ, қараға жапсақ.

Сенкүм: “Өздері біздің Чақұр бекиді сұрап отыр. “Бауыздау жеуге⁸⁰⁰ келіңдер!” — деп күндіз келісіп, шақыртып алып, сол жерде қолға түсірейік!” дейді.

Осы сөзге “Жә” деп, келісіп: “Чақұр бекиді берейік, бауыздау жеуге келіңдер!” деп кісі жібереді. Шақырылған Шыңғыс қаған он адаммен келе жатқан жолда, Менілік әкейдің⁸⁰¹ үйіне қонады. Сол жерде Менілік әкей бүй дейді: “Чақұр бекиді сұрағанымызда, бізді мазақ етіп, бермеген еді. Енді неліктен, “бауыздау жеңдер!” — деп шақыра қалды екен?! [Әуелі] өздерін [бізден] биік санамады ма?! [Енді неліктен қыздарын бермек бола қалды]. Алдап шақырғаны болар! [Мұның астарында] Дұрыс та, бұрыс та ой жатқан секілді! Ұлым ойланып [алып] барғаның жөн! Көктем уақыты. Біздің жылқылар арық⁸⁰² еді, жылқыларымызды тойындырып алайық деген сылтау айту керек!” дегенге келісіп, Бұқатай, Кішіқұтай екеуін: “Бауыздау жеңдер!” деп аттандырып, Шыңғыс қағанның өзі Менілік әкейдің үйінен кері қайтып кетеді.

Кішіқұтай, Бұқатай екеуі (60-б) барысымен [олар] “Біз сездіріп алдық. Ертең ерте тұрып, ұстайық!” деп келіседі. Солай ерте тұрып, ұстайық деп сөз байласқанын Алтынның інісі Иеке Черү үйіне келіп, былай деп жеткізеді: “Ертең ерте Төмүчинді ұстайық деп келісті. Бұл сөзді Төмүчинге жеткізген адамды қайтер екен!” дейді. Солай дегенде, әйелі Алақұн бүй дейді: “Сенің бұл телім⁸⁰³ сөзің не болар екен. Жарандар⁸⁰⁴ сөзіңе сеніп қалмасын!” дегенін, сүт әкелген жылқышы Батай естіп қалады. Батай қайтып барып, жылқыдағы серігі Кішілікке Черүдің сөзін айтқанда, Кішілік: “Мен барып, анық-қанығын біліп келейін!” деп үйіне келеді.

⁸⁰⁰ Bugulčig ider-e — “бауыздау жеу”. Құдаласу салтының көне түрі. Моңғолдар малды бауыздап соймайтын болғаннан кейінгі тұста ұмытыла бастаған. Қазақтың “құйрық-бауыр жесуіне” жақын келеді.

⁸⁰¹ Ečige — әкей.

⁸⁰² Turayan — тұралаған.

⁸⁰³ Telem-e — телім, телінді.

⁸⁰⁴ Aran-ba — Жарандар.

Черүдің ұлы Нәрін Кеген сыртта жебесін сүртіп отырып: “Тұғар⁸⁰⁵ біз не деп келісіп ек?! Тілін тартып, аузын тыйса ғой!” дейді. Содан Нәрін Кеген жылқышы Кішілікке: “Меркіттің ақ ауызы⁸⁰⁶ мен ақшулан кері⁸⁰⁷ екеуін ұстап әкеп, байлап қой! Бүгін түнде ерте аттанамыз!” дейді. Кішілік қайтып келіп, Батайға бұй дейді: “Тұғарда айтқаның рас болды. Енді, екеуіміз Төмүчинге тіл жеткізуге барайық!” деп (60-б) сөз байласады.

Меркіттің ақ ауыз, ақшулан кері екі атын ұстап байлап, ымыртта қойға кіріп, бір қозыны сойып, ісерімен⁸⁰⁸ қайнатып, қағанға⁸⁰⁹ түнделете барып, үйінің сыртынан Батай, Кішілік екеуі: Иеке Черүдің айтқан сөзі мен [оның] ұлы Нәрін Кегеннің жебесін сүртіп отырып, айтқан сөзін, “меркіттің ақ ауыз, ақшулан кері екі ақтасын ұстап байла!” деген сөздердің бәрін айтып жеткізеді.

Батай, Кішілік екеуі тағы: “Шыңғыс қаған бұйыртса, сөзіміздің жалғаны жоқ. Алдап ұстайық деп сөз байласты!” дегенде, Шыңғыс қаған Батай, Кішілік екеуінің сөзіне сеніп, түнделетіп маңайындағы сенімді адамдарына тіл жіберіп, бала-шағасын тастап, түн жамылып салт атпен аттанып кетеді. Мағу биігінің⁸¹⁰ қыратына [қарай] қозғалып, Мағу биігінің қыратында Ұранқайдың Желмесін қарауылға тастап⁸¹¹, ары қарай тоқтамай суыт жүріп, ертеңінде күн ауғанда Қалғачин Алатқа⁸¹² жетіп, түстенеді.

⁸⁰⁵ Туғар – бұл жерде бағанағы, өткендегі деген мағынада қолданылған.

⁸⁰⁶ Сауан аман – ақ ауыз.

⁸⁰⁷ Сауан кегер – ақ кері, ақшулан.

⁸⁰⁸ Išigi-ber-iyau bolgoju – ісерімен болдырып (пісіріп) МҚШ-да “ороороо” (төсегімен). “Išigi” сөзін дұрыс аударылмаған деп білеміз. Жоғарыда (Торхан Шира) үйдің ішерін тінтті деп айтылса, бұл жерде ішерімен пісіді деп екі бөлек мағынада қолданылған. Демек бұл жиналған немесе өсіп тұрған отын ағашының бір түрінің көне атауы.

⁸⁰⁹ Qayan-a – т. н. т-де “Činggis” деген атауды қосқан.

⁸¹⁰ Maγu ündür – МҚШ-да “Mau – ündür”, Мағу биігі – Мағу тауы.

⁸¹¹ Čindayulsa boluysan qarayulči-yin – Н. П. Шастина “караульных, которые должны стать подслушивающими” деп түсіндірген (“Золотое сказание”. С. 142.).

⁸¹² Qalγačın alad-tu – жер атауы.

Түстеніп (61-б) жатқанда, Алчытайдың жылқысын бағушы Чикетей мен Чидар екеуі [келіп] бүй дейді: “Көк шалғынға ақтамызды қаптатып жүргенде, теріскейдегі Мағу биігінің қойнауынан Ұлаған Бұрақұнды⁸¹³ басып келе жатқан жаудың тозаңын көріп: “Жау келді!⁸¹⁴” деп айтқалы келдік!” дейді. [Шыңғыс қаған] қараса, Мағу биігінің қойнауынан Ұлаған Борақұнды басқан тозаң көрінеді.

Шыңғыс қаған “Әне, Уаң қаған, қуып келе жатыр!” деп, тозаңды көре [салысымен] ақтасын ұстатып, аттанып кетеді. Ол тозаңды осылай алдын ала көрмесе, қапыда қалатын еді. Келе жатқандар — Жамұқа мен Уаң қағанның біріккен қолы болатын. Солай [келе жатып], Уаң қаған Жамұқадан: “Төмүчин ұлда соғысқа жарайтын кімдер бар?” деп сұрайды.

Жамұқа бүй дейді:

“Ол жақта,
 Ұрқұт, Маңқұт дейтін ел бар⁸¹⁵
 Соғысатын ел солар!
 Айналған сайын
 Түп ұратын,
 Тірелген сайын
 Дөп ұратын⁸¹⁶,
 Қаршадайынан
 Семсер, найзаға
 Үйренген ел олар.
 Қаралы, алалы⁸¹⁷ туы бар.
 Солардан сақ болу керек!” — дейді.

⁸¹³ Ulayan burayun, boraysun — Жердің атауы. “Қызыл бұта, қызыл шілік” дегенге келеді.

⁸¹⁴ Dain kürbei — соғыс келді.

⁸¹⁵ Irgen bui — ел бар.

⁸¹⁶ Toyorigu tutum töb šokiqı tegelgü tutum dem šokiqı — “Айналған сайын түп ұратын, тірелген сайын, дөп ұратын”.

⁸¹⁷ Qarayıciyud alayıciyud — қаралтым, ақшулан. Т. н. т-де қара, алау, “қара, ала” деген.

Сол сөзді (62-а) тыңдап алған, Уаң қаған бұй дейді: “Олай болса, біз оларға Қаданға бастатып Жүркен бағатұдтарымен⁸¹⁸ шабуыл бастайық. Жүркен бағатұдтарының айдарына⁸¹⁹ Түмен түмбегеннің ұлы Начын Шірүнді шабуылдатайық. Начын Шірүннің айдарына, олон тонгойттың⁸²⁰ бағатұдтарын шабуылдатайық! Тонгойттың айдарына Уаң қағанның мың торғұттарын⁸²¹ [бастап] Қори Шыламұн тәйжі шабуылдасын! Мың Торғұттың айдарында біздің негізгі күш шабуылдасын!” — дейді. Уаң қаған тағы да: “Жамұқа інім, біздің шеріктерді сен жасақта⁸²²!” дейді. Сол сөзді естіп, Жамұқа көптен бөлек шығып, нөкерлеріне бұй дейді: “Уаң қаған мына шеріктерін маған жасақта деді. Андаммен соғысуға дәтім бармай жүргенде, мына шерікті маған жасақта деді! Уаң қаған әкей [өзі] қиналған тұста ғана дос екен! Андаға тіл жіберейік. Андам күш жинасын!” деп Жамұқа торғұн Шыңғыс қағанға кісі жібереді: “Уаң қаған менен: Төмүчин ұлда соғысқа жарамды кімдер бар, — деп сұрады. Мен: Ұрқұт, маңқұттардан сақ болу керек⁸²³ деп айттым. Менің сөзімнен кейін, Жүркен (62-б) бағадұттарын маңдайға жасақтады. Жүркеннің айдарына Түмен түмбегеннің ұлы Начын Шірүнді қойды. Түмбегеннің ұлы Начын Шірүннің айдарына қалың тоңгойтты қойды. Тоңгойттың айдарына Уаң қағанның мың торғұтынан Қори Шыламұн тәйжіні тағайындады. Оның айдарына Уаң қағанның негізгі күш шерігі орналасты. Уаң қаған тағы да: “Жамұқа інім, мына шерікті сен жасақта” деп, маған өзімсіне сөйледі. Бұнысына қарағанда [Уаң қаған] әлсіз⁸²⁴ нөкер екен. Шерігін жасақтай алмайды екен. Мен Төмүчин андамен бұрын соғысқан кезде жеңе алмайтын едім. Уаң қаған менен де әлсіз екен! Қорықпа, күшінді

⁸¹⁸ Bayatud — осыдан төменде бірнеше қайталап, осылай жазылған. Н. П. Шастина — “багатур”, Ц. Шагдар — “баатар” деп қолданған.

⁸¹⁹ Gejige — шашын.

⁸²⁰ Olon tongyoitu — қалың тоңгойт дегенге келетін ру атауы.

⁸²¹ Torgut — сұрыпталған сарбаздар.

⁸²² Jasa — жаса, жасақта.

⁸²³ Tumbilan — т. н. т-де “serel tei kemeu”, “сақтану керек” деп түсіндірген.

⁸²⁴ Šay-tu — шақты (шағын).

жина!” деп [айттырып] жібереді. Бұл тілді естіп⁸²⁵, Шыңғыс қаған: “Ұрқұттың Жұрчыдайы сен қалай ойлайсың?! Маңдай шепке сені жіберсем қалай болады?” дегенде, Жұрчыдайдан бұрын Құйлдұр: “Андам үшін мен соғысайын! Менің соңымда қалатын жетім балаларымды асыраңдар!⁸²⁶” дейді. Жұрчыдай: “Шыңғыс қаған үшін біз — ұрқұт, маңқұттар — соғысайық!” дейді. Сонан Жұрчыдай, Құйлдұр екеуі ұрқұт, маңқұт шеріктерін Шыңғыс қағанның (63-а) алдына [шығарып] жасақтайды. Сөйтіп тұрғанда, Жүркен бастаған⁸²⁷ [жау қолы] шабуыл жасайды. [Жау] келе бергенде ұрқұт, маңқұт оларға қарсы шауып, Жүркенді жеңеді. Осы кезде Түмен-түмбегеннің ұлы Начын Шірүн шабуыл бастайды. [Начын Шірүн шапқан бойында] Құйлдұрды қанатып⁸²⁸ [жаралап], жар тасқа құлатқанда, маңқұттар Құйлдұрдың қасына [келіп] жиналады. Жұрчыдай ұрқұттарымен Түмен-түмбегенді жеңіп, ары қарай қуа бергенде, олон тонғойт қарсы шабуылдайды. Жұрчыдай тонғойтты да жеңеді. Жеңіп, ары қарай ұмтыла бергенде, Қори Шыламұн тәйжі мың торғұтын бастап шабуылдайды. Жұрчыдай бұл Қори Шыламұн тәйжіні жеңген тұста, Уаң қағаннан бұйрықсыз, Ниалқа Сенкүм шабуылдап келіп, бетінен⁸²⁹ жарақаттанып құлайды. Сенкүмнің құлағанына керейттер түгелімен Сенкүмнің қасына жиналады. Оларды осылай жеңіп, батар күн көкжиекке енкейе берген тұста, біздің шеріктер қайта қайтып, Құйлдұрды құлаған жерінен алып келеді. Шыңғыс қаған Уаң қағанмен соғысқан жерден сол (63-б) кеште бөліне қозғалып, алыстап барып түнейді. Солай түнеп, ертеңінде, [адамдарын] түгендесе, Өгедей, Бороқұл, Боғұрчи үшеуі жоқ екен. Шыңғыс қаған бұй дейді: “Өгедейге сенімді Бороқұл, Боғұрчи екеуі қалып қойыпты. Олар өлсе де ажыраспайды!” дейді. Біздің [шеріктер] түнде ақталарын ұстап

⁸²⁵ Ene kelen iregülıged – бұл тілді (хабарды) келтіріп.

⁸²⁶ Asaraqıı-iyg medetügei – асырауды біліңдер.

⁸²⁷ Manglailaju – маңдайлап.

⁸²⁸ Qanatacu – қанатып.

⁸²⁹ Enggeske – бет әлпет.

түнейді. Шыңғыс қаған: “Біздің соңымыздан қуып келсе, соғысайық!” деп дайын тұрады⁸³⁰. Күндіз жарық болған соң қараса, арттан бір адам келеді екен. Таяп келгенде байқаса, Боғұрчи екен. Боғұрчиды келтіріп алып, Шыңғыс қаған: “Мәңгі тәңір білсін!” деп төсін ұрғылайды⁸³¹. Боғұрчи бүй дейді: “Шабуылдаған тұста атым жараланып құлап, жаяу жүгіріп жүрсем, керейттер Сенкүмге келіп үймелеп жатыр екен⁸³². Азық артқан ат жүгін сүйретіп, қалып қойыпты. Соны тауып, ұстап алып, жүгін қиып тастап, ыңыршаққа мініп⁸³³, біздің қайтқан ізді қуып келдім!” дейді. Сонан көп ұзамай, тағы бір адам келе жатыр екен. Қараса, [ат бауырына] аяғы салбырап келеді екен. (64-а) Таяп келгенде көрсе, Өгедейдің артына мінгескен Бороқұлдың езуінен қан сорғалап келеді екен. Өгедейдің мойнынан оқ тиіп, Бороқұл бөгелген қанды сорып, езуінен қан ағызып келіпті. Шыңғыс қаған [оны] көріп, көзіне жас алып, көңілі босап⁸³⁴, дереу от жағындар деп [от жақтырып] жарақатын қарып, Өгедейге сусын беріп, “Жау [қайта] келсе соғысайық!” дейді. Бороқұл: “Жаудың тозаңы алыстап, Мағу биігінің етегімен Ұлаған Борақұнға қарай тасаланып кетті!” дейді. Бороқұлдың сол сөзіне, “Жау келсе, соғысатын едік! Жау солай тайқып кеткен болса, біз шерікті жасақтап, қуайық!” деп қозғалады.

Ұлқұй Шілүгелжіге қарай қозғалып, Далан Немүргеге келеді. Соңынан Қатаған Далдұрқан бала-шағасын тастап келіп, Уаң қағанның сөзі деп бүй дейді: “Уаң қағанның ұлы Сенкүм бетінен жарақаттанып жығылып, түгелі келіп, үймелегенде,

Жеңілмейтін нәрседен жеңілді,
(64-б) Қадалтпайтын нәрсені қадалтты.
Қайран ұлымның бетіне шеге қағылды.

⁸³⁰ *Jasaču baiba* – жасақтап тұрды.

⁸³¹ *Möğülidbe* – “жұлды”, т. н-да осылай жазып, “*deledbe*” – “ұрғылады” деп түсіндірген.

⁸³² *Ekerčü bayın бүкіі qoуr* – т. н. т-де “*erkičeju*” – “қайта айналып келсін” деп түсіндірген.

⁸³³ *Inggerčay-tur* – ыңыршағына. Т. н. т-де “*qangyai*” – “қаңқа” деп түсіндірген.

Ц. Шагдар “янгиццаг дээр нь” – “ыңыршағына” деп қолданған.

⁸³⁴ *Duran inu aljuayad* – (сөздікте жоқ) қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “даруй сэтгэл зовон” – “дереу көңілі алаңдап” деп аударған.

Ұлымның жанын қайтару⁸³⁵ үшін соғысайық!” —
деп еді, Начын Шірүн бүй деді:

“Қағаным, байқап сөйле!
Барлық ұл кеудесін жасқа бояп,
Ой-бүй, қарақ-ай!⁸³⁶” деп мүсіркеуде.

Жарақаттанған ұл Сенкүмді емдейік. Моңғолдың көбісі Жамұқа, Алтын, Құчирларға еріп біздің жағымызда жүр. Төмүчинге еріп қашқан моңғол қайда кетеді дейсің?!

Олар — бұтаға ыққандар болды.
Оларды келмесе, [артынан] барып
Аттың тезегіндей
Етектеп алып келейік, біз!” —

деді. Начын Шірүннің бұл сөзіне, Уаң қаған: “Жә, олай болса, ұлым ағат кетпе! Ұлды әбіржітпей, асыраңдар!⁸³⁷” деп соғыс алаңынан қозғалып қайтып кетті.

Шыңғыс қаған Далан Немүргеден Қалқаға [өзеніне] қарай қозғалды. Шерігін санап көріп еді, екі мың алты жүз адам бар екен. Бір мың үш жүз адам Шыңғыс қағанмен Қалқаның батыс жағымен көшті. Бір мың үш жүз адам Қалқаның солтүстігімен⁸³⁸ үрқұт, маңқұтпен [бірге] көшті. Солай көшіп (65-а) бара жатқан тұста [жолай] киік аулайды. Құйдүр жарасы⁸³⁹ бітпей тұрып, Шыңғыс қағанның тоқтау айтқанына көнбей, киік қуып жүріп⁸⁴⁰, жарақаты асқынып, қайтыс болады. Сонан Шыңғыс қаған

⁸³⁵ Ilaytaqu metü-dür ilaytaba; qalqu metü-dür qalqu bolun; qayıran köbegün minü qaşar-tur qadayasun qataba — Жеңілмейтіндерден жеңілдік, қақтығыспайтындармен қақтығыспақ болып, қайран ұлымның бетіне шеге қағылды.

⁸³⁶ Ebür ba büi — қ. м. АТ-да “эвий халаг” — “ой-бүй, қарақ-ай”, Н. П. Шастина “рога и есть” деп аударған.

⁸³⁷ asrautun — с.с. асыраңдар. Бұл жерде қорғандар деген мағынада айтылған.

⁸³⁸ Jegün eteged — сол жағымен. МҚШ-да “doronaji eted” деп бөлекше жазылған.

⁸³⁹ Jagan-ıyan — жарасы.

⁸⁴⁰ Bobtulqu bolun — шаппақ, шабуылдамақ болып.

Қалқаның Ұрұғу-келтекей қадасына⁸⁴¹ Құйлдұрдың сүйегін қойдырады.

[Шыңғыс қаған]: “Қалқаның Бұйыр нағұрына құятын атырабында ор малды⁸⁴² Қоңыраттар бар!” деп ұрқұттарды Жұрчыдайға жібереді:

“[Мен] Жұрчыдайды биік таудың ықтасынындай көріп жүремін. Сол аттанған бойы, Балжұң көліне [барып] сусындағалы [аттан] түстік. Балжұң көліне барған соң Жұрчыдай, Арқай Қасыр⁸⁴³ екеуін елші етіп, Керейтке жіберген [едім]. Аспан мен жердің күші қосылып, керейттерді әлсіретіп, олжаға кенелдік⁸⁴⁴. Еркен ұлысы⁸⁴⁵ қырылысып керейттерді жеңіп жатқанда [оған] қарасты найман, меркіттің беті қайтып, соғыса алмай, бытырап жан-жаққа кетті.

Меркіт пен найман ыдырап жатқанда, керейттің Жиқа Қамбуы екі қызын сылтауратып⁸⁴⁶ өзіне қарасты елінде қалып қояды. Жұрчыдай Жиқа Қамбудың жұрттан бөлініп, бөлектенуінен күдіктеніп, сол жерде өлтіреді. Сол Жиқа Қамбудың (65-б) ұлысын жаулап, өз иелігіне алды. Жұрчыдайдың тағы бір көмегі осы еді деп,

Өлісетін күні
Жанын бергені үшін,

⁸⁴¹ *Urūyū keltekei qada* – тұрұғы келтиген жартас немесе келтек жартас деген тұрқы бейнеленген шоқы атауына ұқсайды.

⁸⁴² *Or Mal-tan* – Ц. Шагдар “ор малтай” – “малымен ғана” деп қолданған. “Ор” деген көне сөз – “нағыз, таза” деген ұғым берген. “Ор Монгол” – “нағыз Моңғол”, “таза Моңғол” (*Шагж. Монгол үсгийн дүрмийн толь. 123-б.*), (*Цэвэл Я. Монгол хэлний тайлбар толь. 1966. 419-б.*). Бұл жерде де “нағыз қоңыраттар немесе ата қоңыраттар малын қаптатып отыр” деген мағынада айтылса керек.

⁸⁴³ *Aqanai Qasar* – т. н-да осылай жазылған.

⁸⁴⁴ *Tolibai* – т. н-да “*oljilabai*” деп жазып, олжалады деп түсіндірген.

⁸⁴⁵ *Erken ulus ükülcitüjü* – т. н. т. *alaldūju*, “өлісіп” деп түсіндірген. Еркен ұлысымен өлісіп (қырылысып). Н. П. Шастина – “Могущественный народ”, Ц. Шагдар “Эрхэн Хэрэйд улсыг дарснаас” – “Еркен Керейт ұлысын тойтарып (жеңіп)” деп аударған. “*Erkip*” – “Ерікті, қуаты күшті тәңір”, “Жаратушы тәңір”, “Ерліктің тәңірі” деген мағына берген (қараңыз: *Дулам С. МДЗД. 183-б.*).

⁸⁴⁶ *Šiltayabar* – шалтығымен, сылтауымен.

Өлетін күні
Өжеттік еткені үшін,

Шыңғыс қаған Ибаға бекиді Жұрчыдайға тарту етіп береді.
Ибағаға өсиет қылып, бұй дейді:

“Сенің мінезінді менсінбей,
Сенің көркіңді кем деп,
Айтпадым мен.
Аяғыңды шуашты,
Теріңді сасық деп,
Айтпадым мен.
Қойныма, аяғыма кіріп⁸⁴⁷,
Қатарласа отырған сені
Жұрчыдайға тарту еттім
Ұлы төрді ойлап,
Қақтығысқан күні
Қалқан болғаны үшін,
Бүлінген елді
Біріктіргені үшін,
Бытыраған елді
Ел еткені үшін,
Төрелікті ойлап,
Сені бердім.

Менің келешек ұрпағым — біздің таққа отырушылар, сендерге айтарым, осындай қайырымды іс қылған төрелікті [атаған] ойлап, менің сөзімді жалған етпей, ұрпақтың ұрпағына дейін Ибағаның үлгісін еш үзбеңдер!” деп жарлық қылады.

Ибағаға тағы да бұй дейді: “Жиқа Қамбу әкең саған енші етіп Ашық Темір боғұрчи⁸⁴⁸, Алчыға қорчи⁸⁴⁹ екеуімен (66-а) қоса екі

⁸⁴⁷ Ebür-tur, köl-tur oroysan – қойныма, аяғыма кірген.

⁸⁴⁸ Boğurcı – “аспазшы” деген ұғым беретін көшпелілердің әскерлік құрылымының дәрежелік атауы.

⁸⁴⁹ Qoğcı – бұл да “садақшы” деген ұғым беретін әскерлік шен атауы.

жүз тоқсан⁸⁵⁰ адамды берген еді. Енді Алчығаны⁸⁵¹ жүз адамымен алып кетіп, жақсы иісіңнен маған енші қалдырып⁸⁵², Ашық Темір боғұрчиды жүз адамымен тастап кет!” дейді.

Және Шыңғыс қаған Жұрчыдайға бүй дейді: “Ибағаға жүз адам бердім. Бұрынғы төрт мың ұрқұтты өзің басқаратын бол!” деп жарлық етеді.

Құбылайға бүй дейді⁸⁵³:

“Күштіні желкеден,
Палуанды бөкседең бастың, сен!

Мынау Құбылай, Желме, Сүбегетей, Жебе сен — төрт тектіні ойлаған ісіме⁸⁵⁴ жұмсасам:

Жет дегенге [жетіп]
Жартас⁸⁵⁵ шағып,
Шап дегенге [жетіп]
Қыратты жарып,
Шағыл тасты талқандап,
Шалқар суды
Тартылып берер еді.

Сен Құбылай, Жебе, Желме, Сүбегетей төрт нойанымды диттеген жеріме жіберіп, Боғорчи⁸⁵⁶, Тұлүй, Бороқұл, Чилағұн баһадүр осы төрт Күліктерімді қасыма қалдырып, соғыса қалатын күн туса, Жұрчыдай мен Құйдүр екеуіне ұрқұт пен маңқұт шерігін басқартып, [жауға] аттандырсам, жаным да, тәнім де жай табар еді!” дейді.

⁸⁵⁰ Egen — тоқсан (“jagan”, “алпыс”) деп оқылады.

⁸⁵¹ Alšiyai — деп жазған.

⁸⁵² Üñür-un, sayın-iyen pada inçes eçegen — иісіңнің жақсысын(ан) маған енші тастап.

⁸⁵³ Осы тұстан Ұлы мемлекет жүйесін құру, баһадүр, сарбаздарын сұрыптау, қолбасшыларын тағайындау ісі басталады.

⁸⁵⁴ Sodaqan-iyan sedkigsen — т. н. т-де tögöl-iyan sanausan, “туысты ойлаған” деп түсіндірген. Ц. Шагдар: “дөрвөн содхоноо сэтгэсэндээ зарж” — “төрт тектіні ойлағанымға жұмсап” деп аударған.

⁸⁵⁵ Kūr — күр, күр шағып — тас шағып.

⁸⁵⁶ Boγogci — т. н-да осылай жазылған.

Құбылайға: “Шеріктің барлық ісін (66-б) басқаратын⁸⁵⁷ бол!” деп жарлық етіп: “Бітүгүн айтқанға аса көнбейтіндіктен мен оны мыңдықтың нойаны етпедім, ол сенімен бірігіп, бір мыңдықты басқарып жүрсін!” — дейді.

Содан тағы да: “Бұдан кейін Бітүгүннің қалай боларын келешек көрсетеді!” дейді.

Шыңғыс қаған Дегетей қоғаға бұй дейді: “Сендерге Боғұрчи, Мұқұлай бастаған нойандарды, Түдей, Тоғолқұ бастаған чербилерді,

Қара түнде
 Қасқырша аулап,
 Жарық күнде
 Қара қарға болып.
 Көшкенде,
 Көштен қалған
 Достасқанда,
 Достан қалған
 Алдамшы адам сияқты
 Ала бет көрсетпеген.
 Өштес адам сияқты
 Бөтен бет көрсетпеген.
 Қоға, Көкечос екеуіне
 Ақылдаспай еш нәрсеге бармаңдар!” —

деп жарлық етеді.

“Ұлдарымның ағасы Жүчи еді. Қоға⁸⁵⁸ кенигендерді басқарып, Жүчидың қол астында түменнің нойаны болсын!” — деп, жарлық қылады.

[Және] “Қоға, Көкечос, Теки, Үсүн ебүген осы төртеуі көргенін жасырмайтын, естігенін бүкпейтіндер еді” дейді.

Және Желмеге бұй дейді: “Жұрчыдай ебүген көрігін арқалап⁸⁵⁹, Желме есімді ұлын ертіп, Бұрқан Қалдуннан түсіп

⁸⁵⁷ Qayalǵu ülekü — т. н. т-де “iǵaǵu”, біліп (ылғап) басқар деп түсіндірген.

⁸⁵⁸ Qoǵa — т. н-да осылай жазылған. Қоға Мұқұлай болса керек-ті.

⁸⁵⁹ Köǵürge-ben üǵürǵı — көрігін көтеріп (арқалап).

келіп, Онанның Делүгүн Болдұғында (67-а) мені туғанда бұлғын бесік берген еді. Сол достығымен келіп:

Босағаның құлы,
Есіктің еншісі⁸⁶⁰ болған.
Желменің жәрдемі
Мол еді.
Туғандай туысқан,
Өскендей бірге өсіскен,
Бұлғын бесік тектілі⁸⁶¹,
Береке құтұқты⁸⁶² Желме
Тоғыз ағаттық жасағанша
Жазаға кесілмесін!” — деп жарлық етеді.

Тұлұйға бүй дейді: “Әкеден, ұлдардан бөлек, жеке мыңдықты басқаратын бол, сен! Ұлыс құралғанша әкеңнен жеке қанат болып,

Күш жұмсағаның үшін,
Ұлыстың құралғаны үшін,

черби атақ бердім. Енді өзіңнің тапқан, жинағаныңмен жеке мыңдық құрып, торғұттарға жұптасып, ағалық ет, сен!” деп жарлық етеді.

Және Үңкүр боғұрчиға жарлық етіп, бүй дейді: “Үш тоқарағұт, бес тарғұт, меңгіт⁸⁶³ қианың ұлы — Үңкүр сен чаншиғұт, байағұттарыңды алып, бір күрен құрып,

Үңкүр сен
Тұманда адаспадың, сен!
Жаушылықта бөлінбедің, сен!
Жауынға малтығып,
Суыққа тоңып жүрдің, сен!
Енді қандай сый аласың?” —

⁸⁶⁰ Енші — енші. Т. н. т-де жігітса, “жалшы” (жыршы) деп түсіндірген.

⁸⁶¹ Bulgan ölügei ijaуur-tu — бұл жерде Бұлғын бесікке жатқандығы айтылып тұр. Ақ сүйек тектілі, Хан тектілі.

⁸⁶² Öljі-tu qutuqt-u — бақ-береке, құтұқты.

⁸⁶³ Mengge-tu — т. н-да осылай.

дегенде, Үңкүр: “Сыйлық таңдатсаңыз, байағұт ағайын-туысым жат біткенде бытырап жүр. Бұйыртсаңыз, байағұт ағайындарымды (67-б) жинастырайын!” дейді. [Шыңғыс қаған]: “Жә, олай болса, ағайын-туысыңды жинап, мыңдықты сен биле!” дейді.

[Шыңғыс қаған] тағы да жарлық болдырып: “Үңкүр, Бороқұл екі боғұрчи оң мен сол екі жақтың екі боғұрчиы болып, ас-су үлестіріңдер! Оң жақта отырғандар мен жайғасқандарға, сол жақта қатарымен тізілгендерге жеткізе үлестіріп, сен екеуің осылайша табақ тартсаңдар, менің кеудем бітелмей⁸⁶⁴, көңілім тыныш табар еді. Енді Үңкүр, Бороқұл екеуің атқа мініп, қалың қауымға тарту тартыңдар!” деп жарлық етеді.

Таққа отырғанда⁸⁶⁵ үлкен түсіргенің⁸⁶⁶ оң мен сол жағында ас дайындап⁸⁶⁷, Тұлұй сияқты нық отырыңдар!” деп орын көрсетіп береді.

Бороқұлға бүй дейді: “Менің шешем Шікиқұтұқ, Бороқұл, Күчү, Көкечү сен төртеуіңді бөтеннің жұртынан,

Түзден тауып,
 Аяқтарыңнан тұрғызып⁸⁶⁸,
 Туған ұлындай асырағанда;
 Желкеден сүйреп,
 Адам қатарына жеткізіп,
 Иектен сүйреп,
 Ер қатарына жеткізіп,
 Ұлы маған
 Нөкер болдыруға асырады.
 (68-а) Асыраған ана қамқорлығын
 Сендер маған қайтардыңдар.
 Қақтығысқан соғыста

⁸⁶⁴ Qoγulai ūl qoçun – тамағым бітелмей, тынысым тарылмай.

⁸⁶⁵ Saγurı, saγurın – жауырын.

⁸⁶⁶ Tūsūrge – қ. м. МҚШ-да “сөн”. Б. Базылхан “шараяқ” деп аударған.

⁸⁶⁷ Bišilγan – (қайнату), т. н. т-де “синақ”, “(ет) асу” деп түсіндірген. Қ. м. АТ-да “бишилган” деп жазып, “бэлтгэх”, “дайындау” деп түсіндірген.

⁸⁶⁸ Költur-iγan tūrγıçu – (т. н-да аяқтарыңнан тұрғызып).

Құр қондырмадыңдар.
 Тістескен ұрыста
 Сорпасыз қондырмадыңдар, сендер!
 Және әкелерімізді құртқан,
 Өштес, кектес
 Татар әулетін әлсіретіп,
 Өш өштеп,
 Кек кектеп,
 Татар әулетін
 Білікке өлшеп қырғанда.

Алқадар татардың Қарғыл Ширасы жападан-жалғыз қашып шығып, арып-ашып, [үйге] кіріп келіп: “Шешейдің үйіне әзер жеттім, мен!” дегенде, “Әзер жеткен болсаң, сол жерде отыр!” деп, нұсқаған сол жақтағы төсектің шетінде⁸⁶⁹ отырған; сол кезде, бес жасар Тұлұй даладан келіп, қайта жүгіріп шыға бергенде, Қарғыл Шира атып тұрып, оны қолтығына қыса сыртқа ұмтылып, пышағын жонына қадаған [бойы], жүгіре жөнеледі. [Сол] сәтте шешейдің үйінде Бороқұлдың әйелі Ілтай болған екен. Шешей жылап: “Ұлды ұстап алып кетті!” деп дауыстағанда, шешейдің үйінен жүгіре шыққан Ілтай Қарғыл Шираның артынан қуып жетіп, шашынан жармасып⁸⁷⁰, бір қолымен оның пышақ (68-б) қадаған қолына жармасып, пышақты тартып алады. Үйдің оң жағында мұқыл қара сиырды жұлмалап, сойып жатқан⁸⁷¹ Жидай, Желме екеуі Ілтайдың дауысын естіп қалып, балта-пышақтарын ұстап, білектері қан-қан күйі жүгіріп келіп, татардың Қарғыл Ширасын балталап, пышақтап, сол жерде өлтіріп тастайды. Ілтай, Жидай, Желме үшеуі ұлдың жанын құтқарып қалғандары үшін [сыйға] жұлдеге⁸⁷² таласып, Жидай, Желме екеуі бүй дейді: “Біз жоқ болсақ, тез қуып жетіп, өлтірмесек, Ілтай әйел адам болғандықтан ұлдың жанын арашалап қалар ма еді?! [Сондықтан]

⁸⁶⁹ Iser-in üjügür-e – төсектің ұшында.

⁸⁷⁰ Šibelger inu barıju – шаш қалтасынан ұстап.

⁸⁷¹ Muqulcig qağa üker jimala alaju – Ц. Шағдар “Мухалзар хар үхар зулмалан алж”, “тоқал қара сиырды жұлмалап сойып” деп аударған.

⁸⁷² Jildu – жұлде, т. н. т-де “jöb”, “жөп (жөн)” деп түсіндірген.

жүлде біздікі болады!” дейді. Ілтай бұй дейді: “Менің дауысымды естімегенде, қалай көретін едіңдер?! Мен қуып жетіп, шашына жармасып, [баланың] жонына пышақ қадаған қолынан тартып, пышағын жұлып алмағанда, Жидай, Желме екеуі келіп жеткенше, ұлдың тірі қалуы қиын еді!” деп, уәж айтқанда, жүлде Ілтайға беріледі.

Бороқұлдың әйелі оған көмектесіп, Тұлұйдың жанын сөйтіп құтқарып қалған. Сондай-ақ, Бороқұл керейтке қарсы шалғайдағы Қалағлачитте⁸⁷³ соғысып жүргенде, Өгедейге оқ тиіп, (69-а) шалқасынан құлайды. Бороқұл оған тап болып, аққан қанын⁸⁷⁴ аузымен сорып, түнде қасынан кетпей, ертеңінде атына мінгізіп алады, бірақ жаралы Өгедей атқа отыра алмаған соң алдына алып, артынан құшақтап демейді, ұйыған қанды [аузымен] сорып, Өгедейдің жанын аман алып қалады. Шешемнің қиналып жүріп бағып-қаққан еңбегінің [пайдасы] екі ұлымның жанына сауға болды. Бороқұл менің нөкерім болып, суыр аулаған кезде де қасымнан қалмады. Бороқұл тоғыз мәрте қателік қылса да, айыпты саналмасын!”⁸⁷⁵ деп жарлық етеді. Және өзінің ұрпағынан [Бороқұлға] қыз тарту етеді.

Және Үсүн қарияға бұй деді: “Үсүн, Қоға, Көкічос, Дегей осы төртеуі көргенін жасырмайтын, естігенін бүкпейтіндер еді. Монғолдың төр жосығында нойаннан беки сайланады. Беки сайлану⁸⁷⁶ жолы — Бағарин ағайдың ұрпағы, біздің арамыздағы жолы үлкен — Үсүн ебүгенге бұйырсын! Бекиді сайлап, ақ ақтаға мінгізіп, ақ шапан кигізіп, таққа отырғызып, жоғарыдағы күн мен айға табынайық!” деп жарлық етеді.

Шыңғыс қаған (69-б) тағы да:

⁸⁷³ Qalaylaçid – қ. м. АТ-да “Хархалзан” деп жазған.

⁸⁷⁴ Ayusan çisun-ınu – аққан қанын.

⁸⁷⁵ Endel endebesü bü aldatuıai – “қалт кетсе, қателік болмасын” деп жазып, “Erigü – tur bü otutuıai” – “жазалау азабына түспесін” деп түсінік берген.

⁸⁷⁶ Beki tög – бек сайлау. Шыңғыс қаған монғолдарды біріктіргенге дейін қолданылып келген көне монғолдардың бек сайлау үрдісі.

“Құйлдур анда соғыста жанын пида еткені үшін және бұрын жасаған жақсылықтары үшін ұрпағынан-ұрпағына дейін жетімдердің алымын⁸⁷⁷ алатын болсын!” деп жарлық етті.

Және Чаған Қоғаның ұлы Нәрін Тоғорылға жарлық етіп:

“Әкең Чаған Қоға менің алдымда қайрат көрсетіп, Далан Балжығұтта болған соғыста Жамұқаның қолынан қаза тапты. Енді Тоғорыл әкеңнің жақсылығы үшін жетімдердің алымын алып жүр!” деп жарлық еткенде, Тоғорыл бұй дейді: “Рұқсат етсеңіз, Егүс⁸⁷⁸ ағайын-туысым жат жерде бытырап жүр. Егүс ағайын-туысымды жиыстырып алайын!” дейді. [Шыңғыс қаған] жарлық етіп: “Олай болса, сен егүс ағайын-туысыңды жиыстырып, ұрпақтан-ұрпаққа дейін мыңдықты басқар!” деп жарлық етеді. Және Торқан Шираға жарлық етіп:

“Мені жас кезімде, тайчығұт Тарғұтай Кірілтұқ [бастаған] ағайын-туыстар ұстап алғанда, сонда ағайын-туыстан жеңілмесін⁸⁷⁹ деп Торқан Шира [мені] Чылағұн, Чымбай [есімді] ұлдары мен *ториан*⁸⁸⁰ Қатаған есімді қызына бақтырып, құтқарып қалған еді! Сол жақсылық көмегіңізді (70-а) еске сақтап,

Қара түнде түсімнен,
Жарық күнде көкірегімнен
Шығармай сақтап жүремін!

Міне, тайчығұттардан кеш келдіңіз. Енді мен сізді жарылқайын. Қандай сыяпат қалайсыз?” — дейді. Торқан Шира, Чылағұн, Чымбай ұлдарымен бірге бұй дейді:

“Жерге иелік алайық
Меркіттің жері — Селенкені

⁸⁷⁷ Öñücid-ün abl’ya – жетімдердің алымы. Ц. Дамдинсүрэн қ. м. МҚШ-да “өнчдөд олгох өршөөл тусламж” — “жетімдерге берілетін қайырым, көмек” деп қолданған.

⁸⁷⁸ Egüs – МҚШ-да “Негүс”. Дарлекин-Монғол. Рашид ад-Дин бұл атауды Алұң Қоғаға дейінгі көне монғол тайпаларына байланыстырады (Судрын чуулган. 152-б.).

⁸⁷⁹ Naitaydamu – т. н. т-де idaydamu, “жеңілмесін” деп түсіндірген.

⁸⁸⁰ Torıyan Qataqan – т. н-да осылай жазылған.

Мекендеп, иелік етейік⁸⁸¹ —

деп, басқа сый-сыяпатты Қағанның жарлығы білсін!” — дейді.

Сөйткенде, Қаған жарлық болдырып:

“Меркіттің жері — Селенкені

Мекендеп, иелік құрып.

Ұрпақтан-ұрпаққа дейін,

Қорамсақ асып⁸⁸²,

Қауырсын шен тағып,⁸⁸³

иелік құрып, тоғыз мәрте қателік жасаса да, жазаға кесілмесін!” деп жарлық қылады.

[Қаған] тағы да [жарлық болдырып]: “Чылағұн, Чымбай екеуіңнің айтқан сөзіңді қалай ағат етейін. Чылағұн, Чымбай екеуің енді ойлағандарыңды айтыңдар!

Айтсаңдар,

Жетпегенін сұрасаңдар,

Жолай адамға⁸⁸⁴ айтқызбаңдар!

Өздерің келіп,

Өз ауыздарыңмен,

Өздерің маған

Ойлағандарыңды айтыңдар,

Жетпегенін

Өздерің сұраңдар!” — деп жарлық етеді.

⁸⁸¹ Utuq darqalasu — “жұрт алайық, жұртқа иелік етейік”, қ. м. АТ-да “нутаг дархалъя” — “мекенге иелік құрайық” деп аударған. 1. Эрх дарх — еркін ерік, еркін билік. 2. Дархад (Монғол тайпаларының бірі) дархад аялгуу — дархад диалектикасы. 3. Дархан, “Еріктілер, ықтиярлылар, азаттар (алым-салықтан азат болғандар); 4. Қорық (қорулы жер). 5. Дархан (шен, атақ) дархан ван-дархан уаң, дархан хил — ардақты шекара, қорулы шекара. 6. Дархан бялзуухай — құмырсқа торғай... (Базылхан Б. МКТ. 178—179-бб.).

⁸⁸² Qorçilayıju — қорамсақ асып (садақ асып), қ. м. АТ-да “хорчлуулж” — “садақ астырып”, “Қорчын” — “мерген садақшы.

⁸⁸³ Ötölgülju darqalaju — жұрттандырып (жұртты болдырып), қорық құрып, қ. м. АТ-да “үдәэлүүлж дархалж — жұрт түзеп, қорық құрып” деп аударған.

⁸⁸⁴ Jayıra kümüne — арадағы адамға.

Және: “Торқан Шира, Батай, Кішілік сен екеуіңе кезегін [берейін]” деп (70-б)

Қалың жауда,
Олжа тапсаңдар,
Тапқандарыңды алыңдар!
Қашаған киік ауласаңдар,
Атқандарыңды алыңдар!” — деп жарлық етеді.

Торқан Шира — тайчығұт Түдегенің адамы⁸⁸⁵. Батай, Кішілік екеуі Черүдің жылқышысы еді. Енді менімен тұрұқ⁸⁸⁶, қорамсақ асынып, қауырсын шен қадап, иелік етіп, қызығын көріңдер!” — деп жарлық етеді.

Және Найағаға бұй дейді: “Шірегетү ебүген Алаға, Найаға ұлдарымен Тарғұтай Кірілтұқты ұстап алып, бізге келе жатқан жолда, Қотқұл ұғұтқа жетіп, сол жерде, Найаға бұй деп: “Біз өз⁸⁸⁷ қағанымызды қалай ұстап апарымыз!” деп дәті жетпеген, батылы бармай, босатып жіберген; Шірегетү ебүген, Алаға, Найаға ұлдарымен келіп, сонда Найаға билдағұр⁸⁸⁸: “Өз қағанымыз Тарғұтай Кірілтұқты ұстап алып келе жатып, батылымыз жетпей қоя бердік, біз Шыңғыс қағанға күш қосқалы келдік. [Ал] өз қағанымызды ұстап алып келсек, өз қағанына тиіскен адамға ертелі-кеш қалай сенсін?!” — деген еді. “Қағанның жанын қиюға батпағаны — ұлық (71-а) салтты қастерлегені деп, айтқандарын құптап, бір ағаттықты кешіріп едім. Енді Найаға орталық түменді басқарсын!” деп жарлық етеді.

“Сегіз сары атты қуып келе жатқанда күн жалт етіп шығар кезде кезігіп, өмірлік қуат берді!” деп Боғұрчиға оң қолдың түменін басқартты.

⁸⁸⁵ Аған ажууи — араны (адамы) еді.

⁸⁸⁶ Тигуу — тұрық, Ц. Шагдар “шадар” — “көмекші” деп аударған. Қазіргі моңғол тілінде “Тураг мах” — “тұрық ет” — “тұтас (малдың) еті” деген мағына береді. Көне түрік тілінде “тұрұқ” сөзі: 1) таулардағы бекініс, тұрақ-жай; 2) ханның таңбасы, мөрі, жарлығы (оғызша) деген мағыналы (Қашқари М. ТС. 3-т. 522-б.).

⁸⁸⁷ Tus қауа-іуап — бұл жерде де “өз” деген сөз “түс” — “мына” деп айтылған. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде “өз” деген мағынаны толық береді.

⁸⁸⁸ Науақ-а билдағур — МҚШ-да “biliji’ur”. Н. П. Шастина: түрік тіліндедегі “bilge” — “мудрый” — “дана, данышпан” сөзімен байланыстырып түсіндіреді.

“Жауымды шабысып,
 Олжамды алысып,
 Ат жалына күн шығарып,
 Құйрығына тұман тарттырып,
 Жаудың ізін адастырып,
 Есен-аман әкелген,
 Жалайырдың жақсысы —
 Мұқұлидың⁸⁸⁹ берген күші
 Мол еді!” —

деп, Гүй уң чин сан тәйжі⁸⁹⁰ атағын беріп, “сол қолдағы түменді басқар!” — дейді.

“Жебе, Сүбегетей екеуі өздерінің тапқан, тасығандарымен мыңдық құрсын!” — дейді. Және Декейге: “Қойшыларды түгел жинап, мыңдық басқар!” — дейді. Күчкүр Мөчедейге адам жетпей қалып, “Мүлұқалқу екеуі бірігіп бір мыңдықты басқарып жүрсін!” — дейді.

Ұлыс орнатуға жарағандарды мыңдықтың нойандары етіп, мыңдықты басқартып, мыңдықтың нойандарына, жүздіктің нойандарына, оңдықтың нойандарына, түменнің (71-б) нойандарына жарылқауға лайықтыларын жарылқап, сыяпатқа лайықтыларын сыйлап, жарлық болдырып, бүй деді:

“Бұрын сексен кебтуіл⁸⁹¹, жетпіс торғұт⁸⁹² кішіктенім⁸⁹³ бар еді.

⁸⁸⁹ Moqali — т. н-да осылай жазылған.

⁸⁹⁰ Güi ong ċingsang tayişi — (қыт.) үш бірдей лауазымның жиынтығы: 1) Güi ong — ұлыс басшысы, 2) ċingsang — уәзір (министр). Бұл атақты Мұқұлай 1217 жылы күздің ортанғы айында алған. Алтын ұлысын толық бағындыру үшін Шыңғыс қаған жоғарғы қолбасшылықты өз жарлығымен сеніп тапсырғанда, осы атақпен қоса, Мұқұлайдың қолына алтын таңба ұстатқан (Дай Юань ұлысының жазбасы. Дү Дан Өлзийт Соном аудармасы. Ішкі Моңғолдың мәдениет баспаханасы, 1987. 57-б.; *Нацагдорж Ш. ЧХЦ. 136-б.*).

⁸⁹¹ Kebtegül — түнгі қарауыл. “Хэвтүүл” — “түнгі күзет” (*Базылхан Б. МҚТ. 650-б.*). П. Пеллио шағатай тілінде: “Ĵataŷ” — “түнгі қарауыл”. “Ĵat” — “жат” деген сөз түбірінен шыққан деп түсіндірген (*Pelliot P. Notes sur le “Turkestan”. 31-б.*).

⁸⁹² Turqas-ud, turγaud — МҚШ-да “turqa’ut”. Күндізгі күзетші. Itur — “түр” деген сөздің түбірінен шыққан.

⁸⁹³ Kešigten — “хишиг” — “кезек”, “хишигтэн” — “кезекші” (*Базылхан Б. МҚТ. 584-б.*). Кішіктен-кезекші. Күніне төрт кезекпен құрылған. Олар Шыңғыс қағанға тікелей бағынған (*Нацагдорж Ш. ЧХЦ. 179-б.*).

Енді, Мәңгі тәңірдің қуатында, Аспан мен Жердің ұлы күшіне бөленіп, Күр Ұлыспен⁸⁹⁴ жарылқанып, [алып елді] бір тізгінге бағындырғаным үшін енді маған кішіктен торғұтты, мыңдықтан іріктеп жасақтаңдар! Кебтуіл, қорчын⁸⁹⁵, торғұтты жасақтағанда түменге толтырып жасақтаңдар!” — деп жарлық етті.

Және кішіктен жасақтауды жарлық етіп: “Мыңдықтарды тағайындағанда, бізге кішіктендерді іріктегенде; түмендік, мыңдық, жүздіктің нойандарының ұлдарынан, төр адамдарының⁸⁹⁶ ұлдарынан білікті, еңсесі биік, біздің маңымызда жүруге лайықтыларын іріктеп кіргізіңдер! Мыңдық нойандарының ұлдары он жолдасы мен бір інісін ертіп келсін! Жүздіктің нойандарының ұлдары кірсе, бес жолдасы мен бір інісін ертіп келсін! Ондықтың нойандарының ұлдары, жеке адамдардың ұлдары кіргенде үш жолдас, (72-а) бір інісін ертіп, бағынышты мыңдықтың қауымына күш қосуға келсін! Біздің маңымызда жүрушілерді мыңдықтың нойандарының ұлдарынан, он жолдастарынан, текті жүздіктерден сұрыптап, таңдап беріңдер! Әкеден берілген мұрасы, өз қолдарымен тапқан ереуіл ақтасы⁸⁹⁷, мүлкі қанша болса да қосып, [өз] еншілерінен тыс, біздің тұспалдаған тұспал бойынша шамалап жасақтап, жүздіктің нойандарының ұлдарын он жолдасымен болдырып, ондықтың нойандарының ұлдарын, жеке [қараша] адамдардың ұлдарын үш жолдасымен қоса осы жарғыға сай қосып, өз еншілерінен сыртында солай жасақтап беріңдер!” деп жарлық болдырды.

Мыңдықтың, жүздіктің, ондықтың нойандары біздің осы жарлықты қалың қауымға жеткізіп, тыңдатсын! Жарлыққа қарсы болған адам айыпталып, жазалансын!

⁸⁹⁴ Күг – тас, “Күр чулуу мэт” — “күр жар тастай”, “Хүр улс” — “тастай берік (мығым) ұлыс”.

⁸⁹⁵ Qorçin – садақшы, садақ асынушы күзетші, қару-жарақ күзетуші.

⁸⁹⁶ Төгі-уип китип – (төр) ұлыс адамы, Б. Я. Владимирцов “dur-yin” — “пейіл” (жақсы көңілмен) деп оқып түсіндірген.

⁸⁹⁷ Egeüil aŭta – ақталған (пішілген) айғыр.

Біздің кішіктенге кірген адам айнып, көнбей, біздің қасымызда жүруді қиынсынса, өзге адамды кіргізіп, сол адамды жазалап, көзден таса, аулақ жерге жөнелтейік!”⁸⁹⁸ — деп жарлық қылады.

Жуықтасып, бізге жақын жүріп, үйренейік деп келген адамдарға тосқауыл қоймаңдар!” — дейді.

Қаған жарлық еткен соң, мыңдықтың, жүздіктің, ондықтың нойандарының ұлдарынан сол жарлық бойынша сұрыптап, сексен кебтуіл болдырды. Оны сегіз жүзге толтырды. [Қаған]: “Сегізді мыңға толтырыңдар, кебтуілге кіретіндерді кешіктірмеңдер!” — деп жарлық етті.

“Кебтуілді Иеке Негүрін ағалап, мыңдықты басқарсын!” — деп жарлық етті.

Бұрынғы төрт жүз қорчынды іріктеді. Іріктеп: “Желменің ұлы Есүтүге ағалап, Түдегейдің ұлы Бөкетеймен бірігіп басқарсын!” — деп жарлық етті.

“Торғұт пен қорчын бір топ болып, Есүтүге бір топ қорчынды ағалап кірсін! Ұраттар бір топ қорчынды ағалап кірсін! Албалап бір топ қорчынды ағалап кірсін! Садақ асқан торғұт жеке-жеке Қорчынды солай ағалап кірсін! Қорчынды мыңға толтырып, Есүтүге ағалайтын болсын!” — деп жарлық етті.

“Бұрын Егүле чербидің [қарамағында] болған торғұтты мыңға толтырып, Боғұрчидың ұрпағынан Егүле черби басқарсын!” — деді.

“Тағы бір топ торғұт пен мыңдықты Мұқұлайдың ұрпағынан Бұқа басқарсын!” — деді.

“Ілүкейдің ұрпағынан (73-а) Алчытай бір мың торғұтты басқарсын!” — деді.

“Бір мың торғұтты Түдей черби басқарсын!” — деді.

“Бір мың торғұтты Тоғұлқұ черби басқарсын!” — деді.

“Бір мың торғұтты Жұрчыдайдың ұрпағынан Чанай басқарсын!

Бір мың торғұтты Елчінің ұрпағынан Ақұдай басқарсын!” — деді.

⁸⁹⁸ Көзден таса — өлтірейік деген де мағына береді. Көзден таса өлтіріп, о дүниеге жөнелтейік деген ұғым, соның тұспалы.

“Бір мың торғұтты, бір мың жеңімпаз баһадүрлерді Арқай Қасыр басқарып,

Ұзақ күнде
Қамал болып,
Алтын тәнімді қорғасын!
Қақтығысқан күнде
Қол бастап,
Қайтпай қылыштассын!” — деп, жарлық етті.

Бұл мыңдық мыңдықтардан сұрыптала келгенде [саны] сегіз мың торғұт болды. Кебтуіл, қорчын бірігіп екі мың болды. Кішіктен түмен болды.

[Қаған] тағы да, жарлық етіп: “Бізден арғы түмен кішіктен құрыштай құрсанып, негізгі ұлы күшке айналсын!” деп жарлық етті.

Тағы да: “Торғұттарды төрт жақтың тұрағын негіз етіп, Бұқай бір топ кішіктенді жасақтап кірсін! Алчытай бір топ кішіктенді басқарып кірсін! Түдей черби бір топ кішіктенді жасақтап, басқарып кірсін! Доғылқұ черби бір топ кішіктенді жасақтап, басқарып кірсін!” — деп жарлық етті.

(73-а) “Кішіктеннің нойаны күзетке кіргенде, өзіне қарасты кішіктендерді түгендеп, күзетте үш күн болып, алмассын! Күзеттегі кішіктен күзет үзсе, күзет үзген адамды үш рет дүрелеңдер! Сол кішіктен қайталап күзет үзсе, жеті рет дүрелеңдер! Сол адам денесі сау болса, кішіктен нойандарымен тіл табыса алмаса, сондай-ақ үш рет күзет үзсе, отыз жеті рет дүре соғу керек, бізбен жүруді қиынсынғаны үшін көзден таса, алыс жерге жөнелтіңдер!” — деп жарлық болдырады.

“Кішіктеннің нойандары, ебүгендер⁸⁹⁹ келесі Кішіктенге осы жарлықты айтып жеткізетін болсын! [Ал, оны] айтып жеткізбесе, кішіктеннің қариялары ағаттық жібергенін білсін!

Жарлықты ести тұра мойындамау, жарлықта көрсеткен күзетті үзу кішіктеннің қателігі саналсын!

⁸⁹⁹ Ebügen – қария. Сарбаздардың тіс қаққан қариялары.

Кішіктеннің қариялары қателік жіберсе, бұрын кірген менің кішіктендерімді менің бұйрығымсыз жасақтамасын!

Жаса бұзыла қалса, маған айтып білдіріңдер! Өлтіру қажет болса, біз оны өлтірейік! Дүрелеу қажет десеңдер, жатқызып (74-а) қойып, дүрелеңдер! “Албай!⁹⁰⁰” деген кезде, кішіктеніме өз аяқ, қолын өзіне тигізіп, біреуді асаласа⁹⁰¹ (таяқтаса), асаның қаруын асамен, жұдырықпен ұрса, жұдырықтың қаруын жұдырықпен қайтарыңдар!” — деп жарлық болдырды.

Және тағы жарлық етіп: “Сыртқы мыңдықтың нойандарынан да менің кішіктеніме алу керек! Сыртқы жүздіктің, ондықтың нойандары менің кішіктенімнің көтешісіне⁹⁰² қосылсын! Сыртқы мыңдықтар кішіктенмен дәреже теңестіріп, талас шығарып, менің кішіктеніммен ұрысса, мыңдықтың адамы жазалансын!” деп жарлық болдырды.

Және тағы жарлық етіп, кішіктеннің нойандарына бұйырып: “Кішікке кірген Қорчи, торғұт күндізгі қызметте тұс-тұста, жеке-жеке жүріп, күннің жарығында кебтуіл [орынынан] кетіп, сыртқа шығып түнесін! Бізді түнде кебтуіл күзетсін! Қорчи қару садағын, боғұрчи ыдыс-аяғын кебтуілге табыстап, қалдырып кетсін! Сыртқа түнеген қорчын, торғұт, тоғұрчилар бізді сорпа ішіп болғанға дейін іргеде⁹⁰³ тұрып, кебтуілге келгендерін айтуы тиіс, ас-сорпа ішіп болған соң [ішке кіріп], қорчинды күзетке қалдырған торғұтқа боғұрчилар ыдыс-аяқтарын табыс етсін! (74-б)

Барлық кішіктендер осы заңмен осылай [міндет] атқарсын!” деп жарлық етті.

“Кебтуіл күн батқаннан кейін, орданың алды-артынан бейсауат жүрген адамды ұстап алып, қондырып, ертеңінде кебтуіл оны тергеуге алсын!

⁹⁰⁰ Albai — т. н-да осылай жазылған. Оқыс қимыл, әрекетті білдіретін одағай сөз. Мағынасы “өлтірдіге” келеді.

⁹⁰¹ Asa — таяқ — аса таяқ.

⁹⁰² Kötесі — көтеші, атқосшы.

⁹⁰³ Qirege — т. н-да осылай жазылған. Қазіргі қазақ тіліндегі “керме” атауының көне түрі — кер ~ кереге ~ керме ~ кереге немесе іргеде болса керек, МҚШ-да “керме” деп түсіндірілген.

Кебтуіл кезек алмастырғанда адамдарын түгендеп, санап кірсін!

Кебтуіл түнде орданың жанына жататын болсын! Есік бекітілгеннен кейін кіруге беттеген адамды кебтуіл табанда басын шауып тастасын!

Шұғыл тіл әкелген адам келсе, кебтуілге келісіп, үйдің сыртында кебтуілмен қатар тұрып айтсын!” — деп жарлық етті.

“Кебтуілден жоғары төрге ешкім отырмасын!

Кебтуілдің рұқсатынсыз ешкім кетпесін!

Кебтуілдің қасына ешкім жоламасын!

Кебтуілдің арасымен ешкім жүрмесін!

Кебтуілдің санын ешкім сұрамасын!

Кебтуілге жақындап келген адамды кебтуіл ұстап алсын!

Оның санын білгісі келген адамның сол күнгі мінген ақтасын, ер-тұрманын, киген киім-мүлкін (75-а) кебтуіл алып қоятын болсын!” — деп жарлық болдырды.

Ілчегетей сенімді [адам] бола тұра кебтуілдің жанынан өткенде, кебтуіл оны ұстап алыпты. [Сол үшін] тағы жарлық болдырып:

“Бұлтты күні
Түңілікті үйімді
Торулап түнеп,
Төсекте тыныш ұйықтатып,
Қаған тағына жеткізген
Қария кебтуілдерім, менің!
Жұлдызды түні
Ордалы үйімнің
Төңірегіне түнеп,
Төсегімде
Тыныш ұйықтатқан
Қайырлы кебтуілдерім,
Биік таққа жеткізді!

Боранды жаңбыр,
Желпіткен тұста,
Нөсерлі жаңбыр
Селдеткен тұста,
Қабулы үйімнің сыртын
Қас қақпай күзетіп,
Жүрегімді тыныштаған,
Шынайы мінезділерім, менің!
Жырғаулы таққа жеткізді!
Үймелеген жау ішінде,
Түңілікті үйімнің маңын,
Кірпік ілмей күзеткен,
Сенімді кебтуілдерім, менің!
Істің уы,
Насырға шапса,
Бітімге тез келетін,
Бірлікшіл кебтуілдерім, менің!
Қалт еткен қимылды,
Қапысыз аңдыған,
Шалымды кебтуілдерім, менің!
Қайырлы кебтуілдерімді —
Қария кебтуіл деңдер!
Егүли чербиге ерген,
Жетпіс торғұтты —
Ұлық торғұт деңдер!
Арқайдың (75-б) баһадүрлерін —
Қарт баһадүрлер деңдер!
Есүтүге, Бөкетей қорчындарымды,
Ұлық қорчындар деңдер!” — деп жарлық берді.

“Ертелі-кеш менің тағыма отыратын ұлдарым мен ұрпақтарым, сендер тоқсан бес мыңдық ішінен менің өз жағыма таңдап алған, іріктеліп әкелген түмен кішіккенімді [ардақтап], осы кішіктендерді

аманаттай сақтап, оларға еш қиындық көрсетпей, асырап-сақтайтын болыңдар! Осы түмен Кішіктенімді ежелгі Құтұқтұлар деп, ерекше қадір тұтыңдар!” — деді.

Тағы да жарлық етіп: “Орданың чербилерінің қыздарын, үйдің ұлдарын, түйеші мен сиыршыны кебтуіл басқарып, орданы, үй-арбаны күзетіне алсын! Ыдыс-аяқты кебтуіл қорғасын!

Біздің [ішетін] ас-суымызды кебтуіл басқарып, дайындасын! Ас-етті кебтуіл басқарып, пісірсін! Ас-су жетпей қалса, оған [кезек] басқарған кебтуіл жауапты!” — деді. “Қорчыңдар ас-су үлестірген кезде, басқарушы кебтуілдің бұйрығынсыз үлестірмесін!” — деді.

“Ордаға кіріп, шығуды кебтуіл реттесін! Кебтуілдер есікте тұрып үйді күзетсін! Кебтуілдің екі адамы кіріп, күбі ұстасын! Кебтуілден отұғұчын⁹⁰⁴ шығып, орданы көшіріп, қондырсын!

Бізді құс салып (76-а), аң аулап жүргенде, бізбен бірге жүрсін! Бір тобы үй-арбаны күзетсін!” деп жарлық етті.

Тағы да жарлық етіп: “Біз шерікпен аттанбасақ, кебтуіл бізден тыс [бұйрықсыз] шерік аттандырмасын!” деді.

“Осы айтылғанды біле тұра, жарлықты [әдейі] бұзып, кебтуіл айтуымен шерік аттанса, шерік басқарған чербилер ағаттық қылған болсын!” деп жарлық берді.

“Кебтуілді шерікке [соғысқа] неліктен аттандырмайсың дейсіңдер ме, сендер?!

Кебтуіл менің
Алтын тәнімді сақтайды.
Құс салып,
Аң аулап жүргенде,
Шаршайды!
Орда, үйді сақтап.
Көшкенде,
Түңілікті үй,

⁹⁰⁴ Nutuуісіп — жұрт білетін, жер білетін адам. “Отұқ” — “ошақ” деген сөзден келіп “нүтұқ — нутаг (моң)” өзгерген, жер білетін жершіл адам деген ұғымда қазір де қолданылады. Бұл көне “ошақ” сөзінен шықса керек.

[Ордалы] арбаны қорғайды!
 Менің жанымды күзеткен оңай ма?!
 Ордалы арба,
 Ұлы аурақты күзеткен оңай ма?!

Қағанның сондай қыруар ісін атқаратын [олар] бізден тыс, өзге шеріктер [тобында] жүрмейтін болсын!” дейді.

[Қаған] тағы да жарлық болдырып: “Шікиқұтұқпен бірге кебтуілдер садақ, құйақ, жебелерді сақтап, үлестірсін! Ақталардан ұстап, бастыра артып жүрсін!

Кебтуілдер чербилермен бірге қойма-мүлікті үлестірсін!

Қорчын, торғұттар жұртына бет түзеген кезде, Есүтүге, Бөкетеі бастаған қорчын, Алчытай, Егүле, Ақұдай бастаған торғұт орданың оң жағында жүрсін! Бұқа (76-б) Түдей, Тоғұлқұ, Чанай бастаған чербилер орданың сол жағында жүрсін! Кебтуілдер орда, үйлі арбаның оң жақ, сол жағында жүрсін! Арқайдың баһадүрлері орданың алдында жүрсін!” дейді.

“Кебтуіл орда, үй-арбаны бақылап, орданың қасында оң жақ, сол жағында жүрсін!” дейді.

“Барлық кішіктен торғұт орда маңайында [жүріп], орда үйінің балаларын, жылқышы, түйеші, сиыршы және қойшыларды орда үйдің Түдей чербиі *ухачу* бақыласын!” деп, [міндет] жүктеп, Түдей черби орданың соңында қалған қоқысты жинап, тезек тұтатып⁹⁰⁵ жүрсін!” — деп жарлық болдырады.

Ерікті құрмысты тәңіріден⁹⁰⁶ Ежен Боғдаға ежелгі құт-береке күшімен⁹⁰⁷ ердене гауһар аяққа арасан-арақ толтырып, ұсынады.

⁹⁰⁵ Тезек тұтату — жұртты аластау. Тотемдік ырым. Қазірде де бар. Қазақта бесік аластайтын, адыраспан тұтатып аластайтын ырым секілді.

⁹⁰⁶ *Qurmusta tegri-ece* — хұрмысты тәңірінен, “хурмасты” (діни) отыз үш тәңірдің бірі, моңғол аңызында жақсылықты дарытушы 55 тәңірдің немесе 33, кей тұста барлық 99 тәңірдің қағаны. Сондықтан “Хан Хурмаст”, “Тэнгэр нэрийн Хан Хурмаст” — “Тәңір атаулының қан құрмыстысы” деп айтылады (Ринчен Б. Культ исторических персонажей в монгольском шаманстве / Сибирь, ЦВА в с. в. М., 1975. С. 24–36.).

⁹⁰⁷ *Erten-ü buiyan-u kücün-ber* — “Эртний буяны хүчнээр” — “Ежелгі құт — береке күші”.

Ежен Боғда үрейлене алып, ұрттап отырғанда, төрт бауыры [қағанға] тіл қатып, бұй дейді:

“Ағада он болса,
Ініге төртеу — деген!
Е, Еженім!
Көп ішпей қалдырып,
Бізге де таттырып,
Азғантайды беріп,
Несіпті бұйыртсаңыз болмас па!” — дегенде,

Ежен Боғда төрт бауырына жарлық болдырып⁹⁰⁸:

“Ертеде [мен] туғанда, (77-а) менің оң қолыма Лұстың⁹⁰⁹ мекенінен қасбұға таңба Бұрқанның әмірімен бұйырды. Енді міне, Ерікті құрмысты тәңіріден гауһар аяққа арасан-арақ толтырып ұсынды. Бұйыртқан ием бар-ау! — деп ойладым. Ішкілерің келсе, мінеки!” — деп ұсынады. Төрт бауыры алып, ұрттап еді, ауыздарына алғандарымен, тамақтарынан өтпей қойды. Сонда төрт бауыры Еженге бұй дейді:

“Бұйрығы күшті Еженмен
Бұйрықсыз біз
Бекер таластық!
Үйдегі істі басқарушы
Нойаның болайық?!”

Ежен ішіңіз!” деп бас иіп, тіл қатып, қайтара ұсынады. Ежен алып, тауыса ішеді. Сол арасанға Ежен Боғда қызып, жаңылыса жарлық етіп: “Ертеде [мен] туғанымда Бұрқанның жарлығымен

⁹⁰⁸ Осы жерден бастап “Шыңғыстың тоғыз өрлігіне жетім баланың шерткен дәстүрі” деген аңыз басталады. Бұл аңыз Рашпунцаг “Болор эрих”, “Чингис хааны цадиг” (1925 ж), “Чингис богдын дурсгалын түүвэр” (1923 ж), “Зуун билиг” (құр. Ц. Дамдинсүрэн) болып және А. М. Позднеев, В. Хайссиг (неміс тіліне аударған), Н. П. Шастина... т. б. ғалымдардың еңбегінде жарық көрген. Ш. Гаадамба бұл аңызды “XIII ғасырда жазылған, АТ-дағы аңыздардың ішінен XVII ғасыр шежірешілерінің сары діннің (буддизм) ықпалы аз кіріккен таза қалыптағы аңыз” деген (Гаадамба Ш. МНТСЗА. 176–177-бб.).

⁹⁰⁹ Lusun – лұстың, “лус” — “пері”.

Лұстың ханының таңбасы бұйырды. Енді міне, Ерікті құрмысты гауһар аяққа арасан арақ⁹¹⁰ толтырып ұсынды. Тәңіріден бұйрықты [нақты] Ежен мен болармын!” — дейді.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Шағатай [есімді] ұлынан: “Тойдың кереметі қандай той?” деп сұрайды. Шағатай:

“Ескі жыл бізден,
Алыстап кетті деп,
Жаңа жыл бізге,
Ауысып жетті деп,
Қайыр (77-б) береке тілеп,
Тойлаған той —
Тойдың ең кереметі!” —

дегенде, Шыңғыс қаған жарлық етіп:

“Ол емес!
Шаранадан шыққанға
Ат қоймаса,
Құрсақтан шыққанда
Жарық көрмесе,
Кімнің жаңасын
Тойлайсың, сен!
Кімнің атын
Атайсың, сен?!
Бұдан былай,
Әкеден пайда боп,
Шешеден туған
Күніңді тауып,
Сыйласа бас қоссаң,
Тойдың кереметі —
Сол емес пе!” — деп жарлық болдырады.

⁹¹⁰ Моңғол нанымында арақты арасан деп қастерлейді. Оны ақ тағамнан жасайтын болғандықтан, қымыздың қорын сақтайтын секілді, арнайы ыдысқа жылдап ұстап отыратын болған. Ислам дініне байланысты қазақта бұл көне ырым жойылған.

Өгедей қаған туған күнінің болатынын ұмытып кеткен екен. Боғда Шыңғыс қаған: “Әй, Өгедей! Ертең ерте кел!” — дейді. Өгедей ертелеп келе жатқанда жолай той кездесіп, [олар]: “Қағанның сарқыты бар еді, ауыз тиіп, татып кетіңіз!” деген соң, сонда түседі. Ас дайындатып қойған Боғда Шыңғыс қаған Өгедейдің кешіккеніне қатты алаңдайды. “Әй, Өгедей! Әкесі мен шешесі баласы үшін көңілі алаң болып отырғанын баласы есіне алса ғой!” — деп айтып отырғанда, кешқұрым [Өгедей] сарқыт, жылқының сыбаға жілігін алып келеді. [Оның келгенін] сезіп [Шыңғыс қаған]: “Сыртта тұрған кім?” деп дауыстағанда, Өгедей “Мен!” деп жауап қайтарады. “Кір!” деп бұйырады. Өгедей кіргеннен соң Қаған жарлық болдырып: “Әй, Өгедей! Мен саған ерте кел деп айтқаным қайда! Неге кешігіп келдің?” — дейді. Өгедей бұй дейді: “Мен ерте келетін едім! Жолай той кезігіп, кешігіп қалдым. Жасымда Қаған әкем айтатын: — Болған астан бұлтарсаң, бұта⁹¹¹ құшасың, дейтін. Солай кешігіп қалдым!” дейді. [Қаған] ашуланған түсін өзгертіп, жылқының оң жақ жамбас етінен жапырақтап, аузына салып, бұй дейді: “Менің Жаса жарлығымды жалғыз Өгедей ғана бұзды. Бұдан кейін мұндай қайталанбайтын болсын!” — деп жарлық етеді.

Сол тойда⁹¹² [Қаған] басты тоғыз Өрлік, бес тәйжі, бес түсті, төрт жат ұлысын жинап отырғанда, Сүлдүннің Торқан Ширасы:

“Мәртебелі Қаған ием бұйыртсаңыз!
Көппен ұлы құрылтайды құрғанда,
Сусын-шарап жоқ болса
Қараптан қалың жиналмай,
Құр босқа болмай ма?!” — дейді.

⁹¹¹ Buta — Бұл жердегі “бұта” сөзі тотемдік нанымда (өлесің, тәңіріңе барасың) деген мағынада айтылып тұр.

⁹¹² Осы тұстан бастап “Тоғыз Өрлік пен баланың шешендік дәстүрі” деген аңыз басталады. Бұл аңыз көптеген басылымдарда жеке шығарма есебінде енген.

Сонда Жалайырдың Қоға Мұқұлайы тосып алып, бүй дейді:

“Байласқан сөзіңді
Бекер етпей ме?!
Әулекі мінезді
Қоздырып кетпей ме?!
Кеңескен сөзіңді
Керексіз етпей ме?!
Кездескен көпті
Керістіріп кетпей ме?!
Әурелі жаман
Сусын-шарапты тыйсақ,
Сөзіміз берік,
Тұламыз нәзік болмай ма?!”

деп, шоқты туған Данышпан Боғдаға Қоға Мұқұлай⁹¹³ айтқан сәтте Жүршіттің Чу мергені тосып алып:

“Ойлаған ойыңды
Сездірмейтін бе еді?!
Жақсы мен жаманды
Білдірмейтін бе еді?!
Іштегі сөзіңді
Шығармайтын ба еді?!
Аласа мен биікті
Айырмайтын ба еді?!
Бұрыннан келген
Бұл дүниенің
Қызығы емес пе?!
Бұдан кейінгіге
Айтар аңыз емес пе?!
Бұны тыйсақ —
Бұл жиында

⁹¹³ Qo'ya Muqulai – т. н-да осылай жазылған. Мұқұлай, Мұқұлидай дегендер бір адамның есімі екендігін қайта естеріңізге саламыз.

Қызық болмас!
Бұдан өзге —
Шындық болмас!” —

деп [тәңірден] бұйрықты туған Боғдаға Чу мерген осылай дегенде, Арлұттың Күлік Боғұрчиі тосып алып, бұй дейді:

Ауызға кіргенде,
Алтын шіркей сияқты.
Ауыздан шыққанда,
Арыстан, пілге
Айналған сияқты.
Тілге тигенде,
Бүгелек сияқты,
Тілден шыққанда,
Кесірлі пілге
Айналған сияқты.
Ақыл-ойыңды
Ада етпейтін бе еді?!
Жиған-тергеніңді
Құр етпейтін бе еді?!
Сарқытқа⁹¹⁴ құмартпайық,
Жақсы мен жаманды,

⁹¹⁴ Sarqad – сарқыт, сархад деп оқылады. 1. Ақ тағамнан жасалған шарап. 2. Қазіргі қазақ тіліндегі сарқыт. Ханның сарқыты — ханның несібесі дегеннен пайда болса керек. Және де Шыңғыс қағанның алғашқы алтын жалатқан теңгесінде осы ұғымның нышаны бейнеленген. Бұл жөнінде арнайы зерттеу жүргізген Х. Чунт (Дунудговь): “Шыңғыстың ұстаған аяғы алтын болғанға ұқсайды. “Тірі адам алтын аяқтан су ішеді” деген осы ма екен. Моңғолдың тарап, бытырап кеткен қалың аймағын біріктіріп, Моңғол Ұлысын құрған Шыңғыс қаған үшін тірі адам алтын аяқтан су ішкенмен бірдей еді. Алтын — ғұмырды ұзартатын дуадайын тоғыз ердененің (асыл) бірі. Су — өмірге нәр беретін ердене (асыл) болғандықтан, алтын аяқ пен су екеуінің қатар жүріп, суды сарқытқа (ханның сарқытына) балап сарқыт ұстаған адам салтанатты жиынға қатынасатынның себебі осы екен” деген түйін айтқан (Чунт Х. Чингис хааны анханы алтан шармал зоос. Олон Улсын монголч эрдэмтний VI их хурал. УБ., 1992. Итгэлүүдийн эмтгэл, 56-р хуудас.).

Саралап алайық.
Араққа дәнiкпейiк,
Қуштарымызды
Қандырып тарқайық!” — дейдi.

Ұраңқайдың Желмесi тосып алып бүй дейдi:

“Боз шарапқа
Булан деген
Боғда Еженiмде
Жаса жоқ.
(79-а) Қара араққа
Қызын деген
Қаған Еженiмде
Жаса жоқ.
Сусын шарап құрайық⁹¹⁵,
Құлын-тайдай ойнайық,
Ертеден кешке мас болып,
Жығылып тұрып,
Iшiп жатайық.
Арақ-шарапты құрайық,
Қаз үйректей ойнайық,
Құмарымызды
Қандырып тарқайық!” — дейдi.

Бесүтгiң Жебесi iлiп алып, бүй дедi:

“Сусын-шарап жоқ болса,
Жұрағат жоқ емес пе?!
Кездескен бұл отырыста,
Қызық жоқ емес пе!
Арақ жоқ болса,
Амырақ жоқ емес пе?!
Амырақ бiздiң отырыста,
Қызық жоқ емес пе!

⁹¹⁵ Dug-iya — құрайық, жинайық.

Қара арақты тыяйық,
 Қаған Еженнің алдында,
 Хақ күш берейік!
 Қағанат ұлы төрдің,
 Қажетіне кеңес құрайық,
 Қастасқан жауға,
 Қарсы істі шешейік!” — дейді.

Қара Қируы бүй дейді:

“Жиылған түгел ішсе,
 Жырғау емес пе?!
 Алыс-жақын естісе,
 Арман емес пе?!
 Келте қайырған сөзіңе
 Көрік береді емес пе?!
 Өлісетін жауыңа
 Қайрат береді емес пе?!
 Боғда Еженнің несібі —
 Бұл боз шарапты
 Үлкен-кіші демей
 Түгел ішіп,
 Ұлы шаттықтың
 Қызығын көрейік!” — дейді.

Бороқұл тосып алып, бүй дейді:

“Амырақтан
 Алыстатады емес пе?!
 Қылжақ мінезді
 Жақындатады емес пе?!
 Қатар жүрген құрбыдан
 Ажыратады емес пе?!
 Тұрпайы қатыгез мінезді
 Тудырады емес пе?!
 Боз шараптың
 Өнері қиын!

Қателікке апарар
Жолы дүйім!” — дейді.

Шікиқұтұқ тосып алып, бүй дейді:

“Құтұқтұ туған
Боғда Еженнің бұл несібінде
Аққу-қаздай үн қосып,
Құлан, жирендей түс қосып,
Құралып түгел тойлайық!
Қайырлы туған
Қаған Еженнің бұл несібінде
Сары ала қаздай үн қосып,
Арқар, маралдай түс қосып,
Амырақ жақсы құрбыны
Алып тойлайық!” — дейді.

Тоғыз өрлік осылай сөз таластырып жатқанда, есік алдында отырған жетім ұл орнынан тұрып келіп, бүй дейді:

“Ұлықтардың қатарына кірсемші, мен
Түпкі сөзімді айтсамшы, мен
Сәйттің қатарына кірсемші, мен
Көңілдегі ойымды айтсамшы, мен!” — деп, қайта отырады.

Боғда Ежен оның сөзін естіп:

“Жетілмеген жас бала
Нені айтпақсың, сен?!” — дейді.

Әлгі бала сонда бүй дейді:

“Боғда Еженнің нұрлы жүзі айбарлы екен!
Бұндай жиын топта сөз сөйлеу қиын екен!
Қаған Еженнің нұрлы жүзі айбарлы екен!
Қалың жиында сөз сөйлеу қиын екен.
Көкейдегі көп сөзді
Тауып (80-а) айту
Қиын екен деймін мен?!” — дейді.

Боғда Ежен жарлық етіп:

“Сөзің болса, айтып
Қалжыңың болса, шалып,
Тұшындыра жақсы сөйле!” — дейді.

Боғда Еженнің бұл жарлығын естіп, бала қуанып кетеді.
Ақылының жеткенінше сусын-шараптың сырын айтып бұй дейді:

“Бейпіл ішсең,
Ауру осы емес пе!
Беріле ішсең,
Жетімдік осы емес пе?!
Құралып ішсең,
Қызық осы емес пе?!
Сотқарлана ішсең,
Сорақылық осы емес пе!
Ұдайы көп ішсең,
Жаңға қас емес пе?!
Жөнімен аз ішсең,
Жаңға қызық емес пе?!
Жөңсіз көп ішсең,
Жетесіздік емес пе?!
Аққу-қаздай құралса екен,
Жаманның сөзін елеп,
Масаттанбаса екен.
Құралған жұрт түгелімен,
Қызыққа батса екен.
Қылышты жауға,
Қыршын жанды бермесе екен.
Көгілдір құдай құралса екен.
Данышпан шешенді алып,
Қызыққа батса екен.
Қырт адамның сөзін елеп,
Масаттанбаса екен,
Құмары қанғанша

Қызыққа батса екен,
 Қанжарлы жауға,
 Қатарласа кірсе екен.
 Сарала қаздай үн қосса екен,
 Қылжақ жаманның сөзін елеп,
 Масаттанбаса екен.
 Құмары қанғанша,
 Қызыққа батса екен.
 Қырылысқан жауға
 Қатарын қалдырмаса екен.
 Қу көсеу сияқтанып,
 Құр сөзбен жұлыспаса екен.
 Қарттық пен жастықты ойлап,
 Құрала жырғаса екен,
 Ауру жаманның сөзін елеп,
 Масаттанбаса екен.
 Өштескен жауға,
 Өрлігі қайтпай кірсе екен!” — дейді.

Чадана сечен сөзқуар тосып алып, бүй дейді:

“Тоғыз өрліктің сөзін теріс деп,
 Тұрғысыз сөзді сөйлейсің, сен!
 Құралған топта шешен жоқ деп,
 Қағанға сөз сөйлейсің, сен!
 Қаршадай балада сөз болушы ма еді?!
 Көтерем атта жүріс болушы ма еді?!
 Үйрекке ұқсап, балдыр жалмасаңшы, сен!
 Итке ұқсап, сүйекке талассаңшы, сен!” — дейді.

Әлгі бала бүй дейді:

“Чадана сечен олай деме,
 Тексіз жаман көңіл ғой бұл!
 Тоғыз өрліктің сөзін
 Теріс дедім бе, мен,

Тексіз сөзімді дұрыс дедім бе, мен,
 Құралған көпте шешен жоқ дедім бе, мен,
 Қаған Еженнің жарлығынан,
 Аспай сөйледім, мен!
 Кішкентай адамды,
 Көтеріп аяса,
 Өспес дейсің бе?!
 Көтерем атқа,
 Көтеріп жем берсе,
 Семірмес дейсің бе?!” — дейді.

Чадана сечен сөзқуар шамданып, бүй дейді:

“Қосақтап сөйлейтін сөзің бар екен, сенің,
 Қоспақтап ойлайтын қалжыңың бар екен, сенің,
 Тышқан тәрізді тәніңді күйретемін, мен,
 Құралған топқа күлкі етемін, мен.
 Шақпақтай тәніңді (81-а) шағамын, мен,
 Шақырылған топқа күлкі етемін, мен.
 Жаман бала сөзіңді тарт,
 Жаман соққыға қаласың, сен,
 Қаршадай бала сөзіңді тарт,
 Қатты қиналып қаласың, сен!” — дейді.

[Сөйткенде әлгі бала бүй деп]:

“Чадана сечен саған айтпаған едім,
 Боғда Шыңғыс қағанға айтқан едім.
 Өсекші сечен сенің сөзіңді тартпап, едім,
 Өзіме арнап өз сөзімді айтқан, едім.
 Бұрыс пен дұрысты айырмайды екенсің, сен,
 Тұмансыз теңізді таңдайды екенсің, сен,
 Боғда Еженнің қайырын алады екенсің, сен,
 Болмаған баламен таласады екенсің, сен,
 Қайдағы бір сөзге ашуланады екенсің, сен,

Қаса үлкен теңізге таласады екенсің, сен.
Қаған Еженнің қайырын қайырады екенсің, сен,
Қауқары жоқ менімен сөз қоздырады екенсің, сен.
Онан дариясын қауғамен құртады екенсің, сен,
Аспан қосағын қолыңмен тартады екенсің, сен.
Едір дарияны құммен толтырады екенсің, сен,
Есіл ерді ыммен болдырады екенсің, сен,
Қуыс кеуденді толтырсаңшы,
Тура сөзге тоқтасаңшы,
Тойымсыз көңілді тыйсаңшы,
Теріс сөзімді жөнге бұрсаңшы!” — дейді.

Боғда Ежен бұл сөзге тоқтап, Чадана сеченге жарлық етеді:

“Құдықтың суын тазартсаң,
Қордаланып, толқындап,
Кенересінен аса алмас.
Қауғамен қарпып алсаң,
Қас қағымда суалып,
Қою батпағы,
Қауғаңнан арылмас.
Бұлақтың суы тасыса да,
Лайы көзге көрінбес,
Оны суалту қолдан келмес.
Тасқындаған ағысына,
Көзің тоймас.
Қаралтым құсты асырап,
Қаршыға құсқа салсаң,
Қайрылып содан қорқып,
Жерге қонып,
Тышқанның інін ториды.
Құзғын құсқа салсаң,
Қайта көтеріліп,
Құмай құсты ториды!” — деп жарлық етіп:

“Қайратты адал тәңірдің ұлы —
 Ежен Боғда,
 Қаршадай ұлды қасына алып,
 Балдай тәтті арасан кішігін⁹¹⁶ беріп,
 Шалқыған жүзімен қарап,
 Шаттана құзырына алды.
 Тоқсан тоғыз тәңірдің мекенінен келіп,
 Шексіз ұлы қуатпен шоқты туған,
 Жалпыны жалпағынан иелеген,
 (82-а) — Есүкейдің ұлы
 Данышпан Боғда Шыңғыс қаған.
 Ғарыштан түскен жалынды ақ тәңірдің —
 Теңдессіз ілімін толық⁹¹⁷ меңгерген,
 Көп тілді қалың жұрттың тізгінін ұстаған
 Өгелен үчиннен шыққан сол Боғдамыз
 Тәңірден бері жиырма бір буын өткен соң,
 Сол Боғда қайта құбылып туып⁹¹⁸,
 Тибет, Нанқиадтың⁹¹⁹ хан ордасын тартып алып,
 Бес өңді, төрт жат жұртты алдына келтіріп,
 Жасыл жасаң, түрлі гүлге көмкерілген,
 Керүленнің жағасында,
 Жаздың алғашқы айының шуақты күні биесін байлап,
 Жұлықты шашағын [туын] аспанға шашқан
 Қылша, жұпар жағып, тәңір әкеге сыйынып
 Нармай Ұлық ұлысын⁹²⁰ әр жерге жинап,
 Көлдей көсір той тойлаған.
 Ұлық, кішік демей,
 Көппен бірге қызыққа батқан Боғда Ежен

⁹¹⁶ Kešig-iуеп — сарқыт үлесін (ханның үлесі-сарқыты).

⁹¹⁷ “Gučin tabun erdem-ig — отыз бес ілімді. Н. П. Шастина көне монғолдардың ұлыс басқарудағы заңы немесе ережесі деп түсіндірген.

⁹¹⁸ Qubilcu túrúged — “хувилж төрөөд” (діни) — “қайта туып”.

⁹¹⁹ Nangkiуad-un — “нанхиад” — “нанкадтың жат тұрғыны”, Н. П. Шастина осылай түсіндірген.

⁹²⁰ Narmai iуeke ulus-iуап — Ұлы Моңғол ұлысының атауы.

Нақу Байанның ұлы Боғұрчиға жарлық етіп бүй деді:

“Қасыма жалықпай ерген күндізгі көлеңкем,
Соғысқанда қозғалмай қорғайтын қорған жартасым,
Байласқан сөзден қайтпайтын торғын шырмауым,
Қиын ауыр істерден қаймықпай кірісетін,
Қара өгіздей қауқарлы Боғұрчиім сен бір сөйле!” — деді.

Боғда Еженінің мұндай жарлығын естіп,
Боғұрчи қуанып, қайыра мадақтап, бүй дейді:

“Алуан асылмен сомдалған жиһан тауым⁹²¹,
Алыс-жақыннан талай дария құйылған анабад мұхитым.
Күндіз-түні ғаламшар жұлдыздармен
Қоршалған аспан кеңістігім,
Ерікті тәңірдің ұлы — данышпан Боғда Еженім!

деп мақтап, былай деді:

“Қаған адамның отыз бес ілімін толық игерген,
Хас ұлы төр мен діннен айырылмай қатар теңеген.
Жат жауынан қайсар жүрегі қайтып көрмеген,
Жақындарға бірлік әкелген,
Берекелі ісің емес пе ?!” — деді.

Адамзаттан асқан ерікті Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Гүй
Ұң Чынсаңға⁹²² жарлық етіп бүй деді:

“Өрттей қаулаған жауға,
Тайсалмай кіретін асау пілім,
Айбынды ту мен киемді,
Тапжылмай ұстайтын тас қорғаным.
Торқалы ұлы тойымды бастап,
Көпке жеткізетін, өрісі кең жомартым.
Қақтығысар соғыста (83-а)

⁹²¹ Sümber ayula — (діни) жиһан таз (Базылхан Б. МКТ. УБ., 1987).

⁹²² Güi ung čingsang — бұл жерде жалайыр Мұқұлайды дәрежесімен атаған

Мүз қаруымды ұстап үрей тудыратын,
Қоға Мұқұлайым сен бір сөйле!” — деді.

Шоқты туған даңқты Боғданың мұндай жарлығын естіп
Жалайырдың Қоға Мұқұлайы қуанып, қайыра мақтап, бүй деді:

“Дәмі үйірілген талай жеміс көктеген,
Галбирбарс⁹²³ ағашым,
Аса ұлы қуат тұнған,
Қарлы таудағы ақ арыстаным.
Амал мен білікті⁹²⁴ қатар берген,
Самұрық⁹²⁵ күліктім,
Даңқты туған,
Дана Боғда Еженім!” —

деп мадақтап, бүй дейді:

“Түпсіз ұлы мұхиттай,
Көңілді тыныштандырып,
Салмақты ұлы төрі мен дінін
Жоғарғы тәңіріден сұраған.
Адамға қастас жауды,
Қатаң жазамен аластап,
Күллі ұлыстың мейірін алып,
Кең пейілмен басқарған, ісің емес пе?!” — дейді.
Хан тәңірдің ұлы —

Дана Боғда Шыңғыс қаған Қадірлі Бороқұлына бұлай деп
жарлық етті:

⁹²³ Kalbaravagas — (діни) “амтат олон жимс дэлгэрсэн “галбирварс” мод” — “дәмі үйірілген талай жеміс көктеген “галбирварс” ағашы”. Н. П. Шастина “Үнді жұмағында өсетін сиқырлы ағаш. Көне наным-сенім бойынша бұл ағаш тілеген барлық тілегінді орындайды-мыс” деп түсіндірген (“Золотое сказание”. С. 352; Цэрэнсодном Д. Монгол данжуурын төгсгөлийн шүлгийн тайлбар. Т. 481. 116-6.).

⁹²⁴ Arga bilig — (діни) ақыл-ой мен ақыли білімді ұштастыру деген мағынадағы буддизмнің бір түйіні.

⁹²⁵ Gagudi — “Гарьд” — “самұрық”. Т. н-да — гарди-самұрық. Мифологиялық ұғым бойынша құстың ішіндегі ең үлкен әулиесі (Базылхан Б. МКТ. УБ., 1987).

“Бекіскен жерден бұлжымайтын қайсар қабаным,
 Бораған жау оғына қарсы тұрып,
 Шабысатын, долы Асуриім!⁹²⁶,
 Босып қашпайтын хас жүректі Боғұрчи күлігім,
 Бұлтартпайтын шалымды хас тұлпардай
 Бороқұлым сен бір сөйле!” — дейді.

Боғда Еженнің мұндай жарлығын естіп, Бороқұл қайыра мадақтап, бүй дейді:

“Өткелі жоқ толқыны күшті мапам⁹²⁷ теңізім,
 Түрлі алпыс қанатпен жаратылған самұрығым,
 Ырықсыз тоғыз құмарды басатын чандиманым⁹²⁸,
 Ердің ері боп туылған —
 Данышпан Боғда Еженім!” —

деп мадақтап, бүй дейді:

“Амал мен білікті,
 Асқан ұлы қуатына масаттанбаған.
 Түрлі әлсізді ақылмен қасына тартып,
 Келешекте естілер жақсы атыңды өшірмегенің ғой!” — дейді.

Тәңірдің ұлы Данышпан Боғда Шыңғыс қаған
 Татардың Шікиқұтұғына жарлық болдырып:

“Соғысқан кезде кернейімді қорықпай күңгірлететін ұлуым,
 Бекітіп байласқан сөзімізді
 Сыртқа күбірлемейтін бітеу лоңқам⁹²⁹,
 Балдақты қанжар бастаған
 Қаруымды қайрайтын тас қайрағым,
 Қилы жұртымды түзейтін Шікиқұтұғым,

⁹²⁶ Asugi — санскр. Арасан да емес, нәр де емес, сулы теңізді аспанмен қосып піскен тұста пайда болған зәмзәм суына таласқан, ежелгі Веда, Будда аңыздарынан жалғасқан сайтанға ұқсас бейне (Дулам С. МДЗД. 163-б.).

⁹²⁷ Marat dalaі — “мапам далай” — “Мапам теңізі”. Тибет теңіздерінің бірінің атауы. Бұл — Мапам немесе Манасаровар теңізі — киелі теңіз болып саналады (Ковалевский О. М.).

⁹²⁸ Дүниедегі бар асыл ердененің ердені.

⁹²⁹ Lonqa — бітеу, шыны ыдыс.

Сен бір сөйле” — дейді.

Данышпан Боғданың мұндай (84-а) жарлығын естіп,
Шікиқұтұқ қуанып, қайыра мадақтап, бүй дейді:

“Көпір салынбас кең жазира Керүлен дариям,
Күлікке асу бермес ұлы хас даса тауым⁹³⁰,
Жалпыны бірдей асыраушы алтын құрсақтының⁹³¹ ұлы,
Адамзатқа ерікті туылған Боғда Еженім!” — деп мадақтап,
бүй дейді:

“Аса қызыққа батып, босаңсып қалма,
Адал төр мен дініңнен жан-тәнді аяма,
Ұдайы күш берген нөкерлеріңді ұмытпа,
Болымсыз нәрсеге араласудан өзіңді тыйғайсың!” — дейді.
Ақылды туған Данышпан Боғда,
Ұранқайдың Желмесіне жарлық етіп, бүй дейді:

“Ұлыстың алдында барлаушы болған айлалы баһадүрім,
Мінерсіз қалғанда ат мінгізетін амалды бай жомартым.
Сусынсыз қалғанда айран ішкізетін дайын астым,
Ұштасқан Бөртгөлчинімді әкеп беретін,
Ұлы қамқоршым, сен бір сөйле” — дейді.

Шоқты туған Данышпан Боғданың мұндай жарлығын естіп,
Желме қуанып қайыра мадақтап, бүй дейді:

“Шілде аптабын басатын ырғайлы кең орманым,
Шалғайдан жауды шалатын шалқыған өрт-алауым,
Шексіз ұлы күші бар аса байсалды пілім
Тегіне қисынды атаумен туған,
Данышпан Боғдам, менің!” деп мадақтап бүй дейді:

⁹³⁰ Qas — шартарапқа берік деген мағына беретін көне діни шыраш белгі
(Баяылхан Б. МКТ. 575-б.).

⁹³¹ Altan ümei — “алтан умай” — “алтын ұмай” немесе “алтын құрсақ
(жатыр)”.

“Ерекше ойшыл, шешен біліктілерді маңайыңа жинап,
Қылмысты жаманды қатаң жасамен дереу аластап,
Қажетті істі қалыс кетірмей тыңдырып,
Кім кімді де алаламай қайыр көрсету ғанибет!” — дейді.

Қайратты тәңір — Ежен Боғда,

Бесүттің Жебесіне жарлық болдырып:

“Тастай бекінген жауға қайтпай кіретін атылған оғым,
Алыс жауды көрсе, жұлынып келетін бозғылт қаршығам,
Қиын іске салсаң, айырылмайтын темір қармағым,
Қалыңмен күрмеуге оңай келетін жібектей жұмсағым —
Жебе сен бір сөйле!” — дейді.

Қаған Еженінің сондай жарлығын естіп,

Бесүт Жебе қуанып, қайыра бүй дейді:

“Қалың ара шоғырланған балы мол суғалдақ гүлім,

Қатесіз жаңалыққа толған (85-а)

Шуағы мол адамдардың туысы,

Кеуделі жауды күл тозаңдай,

Ұшыратын алмас кездігім,

Ұлы күшпен жаратылған

Данышпан Боғда Еженім!” деп мадақтап бүй дейді:

“Құтұқтұ үш ерденді⁹³² игеріп,

Жоғарғы аспан мен күнге үнемі жалбарынып,

Екі тағдырға да⁹³³ қайырлы төрелік пен дінді

Айырылмай тең ұстап,

Қастас жауды алыс-жақын демей,

Ұдайы сақ тұрып,

Келешекке қағида болар

Жақсы атты ойлау керек шығар!” — дейді.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Сүлдүтінің Торқан Ширасына
жарлық болдырып:

⁹³² Qutuy-tu gurban erdeni – Құтұқтұ үш асылды. Асыл үш ілімді.

⁹³³ Мына фәни мен о дүние. Күнә жасамау деген мағынада қолданылады.

“Жүн мен жабағының арбасына жасырған ағатайым,
 Ұлыс Моңғолдың иесі болдырып,
 Хан тағына жеткізген аса қайырлым,
 Қас-қабағын өштіге жұмсартпайтын тас жүректім,
 Жауына да жамандық ойламайтын жұмсақ мінездім —
 Торқан Ширам сен бір сөйле!” — дейді.

Мәртебелі құбылған сол Боғданың жарлығын естіп, Торқан Шира былай деп мақтайды:

“Жартастан хас алдырған
 Иен құстай ағатайым,
 Хан тәңірі (85-б) алтын аяқпен
 Арасан түсірген,
 Ұлы шоқтым, менің,
 Жалпыны түгел еркіне жиған,
 Дес бермес алып қуаттым, менің,
 Ғажайып туылған,
 Данышпан Боғда Еженім, менің!” — деп мақтап, бұй дейді:

“Аса ауыр тәніңді,
 Ауырлыққа ойлама!
 Алып қуатыңды,
 Босатып қойма!
 Жалақор пәлені,
 Жаныңнан тез жоғалтып,
 Армандай асыл істен,
 Адаспау керек шығар!” — дейді.

Шоқты туған Боғда Ежен Чу мергенге жарлық болдырып:

“Тек жүргенде қашуды ойлайтын түлкім, менің,
 Тиіскен кезде, өштесе ұмтылатын,
 Құнан барысым, менің,
 Нұсқап бергенімді, айырылмай көздейтін
 Найзағайдай жасыным, менің,
 Іздеп келген жауды ойсырата қыратын,
 Чу мергенім, менің сен бір сөйле!” — дейді.

Жалынды туған сол Боғданың жарлығын естіп, Жүршіттің Чу мергені бүй дейді:

“Жиырма сегіз жамылғы⁹³⁴,
 Он ғаламшармен көмкерілген
 Тәңірлердің ғарышым менің,
 Алуан түрлі жеміс түгел өсетін,
 Галбирбарс ағашым, менің,
 Қастас жауды арпадай талқандаған,
 Алтын тиірменім, менің,
 (86-а) Текті, білікті туған
 Данышпан Боғда Еженім, менің!” — деп мадақтап, бүй дейді:

“Көңіл-кеудеңе бәрін сыйдыр,
 Қылмысты жаман адамды түзеп, жолға сал!
 Теңдессіз Ұлы ұлысыңның пейілін тауып,
 Қашан да бір шығатын, жақсы
 Атыңды сақтау керек шығар!” — дейді.

Мәңгі Хан тәңірдің ұлы Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Қара Қируға жарлық болдырып:

“Қастас жауды жарып өлтіретін қара аюым, менің.
 Кектіден қайтпайтын, айбынды өткір қаруым, менің.
 Ұдайы алысты ойлайтын, болат жүректім, менің.
 Адал күш жұмсаған,
 Қара Кируым менің, сен бір сөйле!” — дейді.

Нақты құбылған Боғданың бұл жарлығын естіп, Ойраттың Қара Қируы қуанып, бүй дейді:

“Жалпыны бірдей жарылқаушы бодисұным, менің,
 Дүниені түгендеп, басқарушы Құрмысты тәңірім⁹³⁵, менің,

⁹³⁴ Agadar – жамылғы. Т. н-да “аадар” — “аспан” деген сөздің баламасы, төбе қалқаны, төбе шатыры деген де мағына береді. Бұл жерде жамылғы, аспан жамылғысы деп аударылды.

⁹³⁵ Бұл атаудың пайда болуын ежелгі “Авеста” шежіресіндегі тәңір атауы —

Жалған мен шындықты
 Жаңылмай айырушы Ерлік нойаным⁹³⁶, менің,
 Мінсіз ұлы қуатты
 Данышпан Боғда Еженім, менің!” — деп мадақтап, бүй дейді:

“Қария үлкендерге қамқор болып,
 (86-б) Қаршадай жетімдерді аялап,
 Еншілеген ұлы ұлысыңның көңілін тапсаң,
 Мәңгі өшпес жақсы атыңды ойлағандық болар!” — дейді.

[Сөйткенде Шыңғыс қаған жарлық етіп]:

“Жаны жуық тоғыз өрліктің сөзі,
 Жалпы кейінгі келетіндерге арналды.
 Жақсылап толғап, кеңес етіңдер,
 Келер қаған, нойандар
 Естен шығармай жүріңдер!” — деп жарлық болдырғанда,
 Данышпан ойлы теңдессіз тоғыз өрліктің сөзін қарсы алып,
 Ат жалындағы өлең⁹³⁷ етті.

[Содан] тағы да, Құбылай нойанды Қарлұғұттарға қалың қолмен аттандырды⁹³⁸. Қарлұғұттың Арслан қағаны Құбылайдың қол астына кірді. Құбылай нойан Арслан қағанды алып келіп, Боғда Шыңғыс қағанмен жолықтырды. Бітімге келіп, жақтас болғаны үшін Арслан қағанды қошеметтеп, Алақа бекиді берді. Қарлұғұттың Арслан қағанына Алақа⁹³⁹ бекиді беріп ұзатарда⁹⁴⁰ Боғда Шыңғыс қаған қошеметпен жарлық болдырып:

Ахурамадамен байланыстырады, Даңқ көтеруші — билік етуші тәңірге балайды (Дулам С. МДЗД. 178-б.).

⁹³⁶ Erliγ-ūn noiyan — Жан алушы (діни).

⁹³⁷ Emegel-ūn daγuγ — ат жалындағы. Ат жалында өлең айту, ұран ету.

⁹³⁸ Čaγuγaγulbai — т. н. т-де čeriglegūlbei — шеріктендірді, шерік аттандырды деп түсіндірме берген.

⁹³⁹ Alaqa — осылай жазылған. Моңғол жазбаларында Aγa-beki, Alaqa-beki, Alaqa-i-beki (Рашид ад-Дин) деп әрқалай жазады. “Шыңғыс қағанның үшінші қызы” деп түсіндіреді.

⁹⁴⁰ Egūsgeki-i-tur — ұзатарда.

“Сыңар аяғым болып,
 Сырқатыма сиыныш⁹⁴¹,
 Сырғығанда таға болып,
 Күш беруге қайраттан сен!
 Мерт үзілер жан,
 Өшпес мәңгі атақ⁹⁴²,
 Өз ақылыңнан
 Асқан дос болмас!
 Ашу, ыза, арам пиғыл,
 Арсыз ниеттен,
 Артық қас болмас!
 Сенерің көп болса да,
 Өз сеніміңе жете алмас!
 Жақының көп болса да,
 Көңіліңдей жақын табылмас!
 Қимасың көп болса да,
 Жаныңнан жақын қимас жоқ!
 Адал жүру — мінезге пайда,
 Сергек жүру — жанға пайда,
 Қайратты жүру — ғұмырға пайда,
 Қайратты болғайсың, сен!” — деп өсиет айтады.

Және⁹⁴³ Сүбегетей баһадүр темір арбалы Меркіт Тоқтағаның Құтұ, Чылағұн бастаған ұлдарының соңынан аттанып, Чүй дариясында қуып жетіп, бағындырып⁹⁴⁴ алып келеді.

Және Жебе найманның Күлік қағанының соңынан қуып, Кіріс өзенінде қуып жетіп, Күлік қағанды бағындырып келеді.

⁹⁴¹ Qangyagıqu-iyp — қаңқа дене дегенді білдіреді.

⁹⁴² Udter nögсіkü beui-e, unı aıu ner-e — тұлаң мерт болса да, атағың мәңгі (көне мәтел).

⁹⁴³ Осы тұста — МҚШ-да еш өзгеріссіз қайталайды.

⁹⁴⁴ Moıudıaıu — әлсіретіп, т. н. т-де daıııu (басып, жеңіп) деп түсіндірген.

Ұйғұттың Идұғұты⁹⁴⁵ Боғда Шыңғыс қағанға елші жөнелтіп, Абырқа, Тарбай⁹⁴⁶ деген екі елшісі [арқылы] былай дейді:

“Бұлт арылып,
Жарық күнді қорғендей,
Мүз⁹⁴⁷ еріп,
Дария суды тапқандай,

Боғда Шыңғыс қағанның атақ-даңқын естіп, қатты қуандым.
Қаған қош көрсе,

Алтын белбеудің тоғасынан,
Ал [қызыл] шапанның үгіндісінен⁹⁴⁸ тауып,
Бесінші ұлың болып, күш (87-б) берейін!” —

деп айтқызады.

Бұл сөзді Шыңғыс қаған қош көріп:

“Сөзімді бердім,
Бесінші ұлым болсын!,

Алтын, күміс, меруерт, тана, торғын, қалың шыт⁹⁴⁹, жібек маталарды алып Идұғұт келсін!” — деп айтқызып жібереді. Идұғұт мұны естіп, қағанның құзырына кірдім деп қуанып, алтын, күміс, меруерт, тана, торғын, қалың шыт, жібек маталарды, қажетті бұйымдарды алып келіп, Шыңғыс қағанмен жолығады. Идұғұтты

⁹⁴⁵ Iduqut — МҚШ-да idu'ut — қ. м. АТ-да “Уйгуд”, “Идогууд”. Моңғолшадан аударғанда: ұйғырлардың қағанының шені (атағы).

⁹⁴⁶ Abiry-a, Darbai — елшілердің аты. МҚШ-да “Alikiraq, Darbai” деп берілген, қ. м. АТ-да Адхираг Тарбай. Рашид ад-Диннің жазбаларына сәйкес елшілердің аты Алпунук пен Дурбай және оларды елшілікке Шыңғыс қағанға емес, керісінше Шыңғыс қағанның өзі Идұғұтқа жіберген. Елшілердің Шыңғыс қағанның алдына келуі 1209 жылдың ақпан — наурыз айларына сәйкес келеді.

⁹⁴⁷ Moyilsun — деп қате жазылған. Ц. Шагдар “mūsūn” (мүз) деп түзеткен.

⁹⁴⁸ Altan büse-yin qorqis-eçe “Алтын белбеудің тоғасынан,
Al deqil-un ūrtesūn-eçe — Қызыл сауыттың үгіндісінен” болуы мүмкін.

⁹⁴⁹ Dardaу — сөздікте “қалың шыт” деп аударған.

жарылқап, Илғалтүн бекиді⁹⁵⁰ береді. Идүгүтқа Илғалтүн бекиді беріп ұзатып тұрып, Боғда Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Қатын адамның үш ері болады. Қай үш ер десең;
 Әуелгі ері — төр ұлысы,
 Одан кейінгі ері — атақ сойы,
 Одан кейінгі ері — тиген күйеуі. Үш ер деген осы!

Төр — ер берік болса, атақ — ері дайын тұрар. Дайын атақ — ерді бекітсе, алған ер алыс кетпес!” — деп, өсиет етеді.

Және қоян жылы⁹⁵¹ Жүчиді⁹⁵² оң қолдың шерігімен Орман еліне аттандырады. Бұқа жол көрсетуге ереді.

Ойраттың Құтұға (88-а) бекиі түмен ойратпен ұратқа⁹⁵³ бірігуге келеді.

[Ол] Жүчиді бастап, түмен ойраттың жолын көрсетіп, Шиншинге⁹⁵⁴ түсіреді. Жүчи ойрат, бұрат, барғы, убсус⁹⁵⁵, тұбасты⁹⁵⁶ бағындырып, түмен қырғыстарға⁹⁵⁷ барса, қырғыстың нойандары Жеди Инал, Алтай ер, Үрбеге Текіт бастап, түгел нойандар қол астына кіріп, ақ сұңқар, ақ ақта, қара бұлғын алып келіп Жүчиге жолығады. Чибір, кестем, байат, тұнқас, теліңгі, төгүлес тан бичигеден бергі Орман елін Жүчи өзіне қаратып алып,

⁹⁵⁰ Илғалтүн беки — қ. м. АТ-да Илалтун, МҚШ-да Алалтүн деп жазған. Рашид ад-Дин “Алталун” деп жазған, Шыңғыс қағанның бесінші қызы деп анықтама берген.

⁹⁵¹ Қоян жылы, 1207 ж.

⁹⁵² Jüci — Жүчи.

⁹⁵³ Tümen oïrad urad — қ. м. АТ-да “Түмән Ойрад урад”, “Золотое сказаниеде” “urad” атауды қосып қойған.

⁹⁵⁴ Šingšing — МҚШ-да айтылатын Šiücid сөзінің бұрмаланған түрі. Шигшит жері Енисей өзенінің құйылысында орналасқан. Бұл атауды Ш. Гаадамба “орманның қыз тәңірінің атауы” деп түсіндіреді (Гаадамба Ш. МНТСЗА). Моңғолияның қазіргі Хөвсгөл аймағына қарасты өлкеде осылай аталатын жер бар.

⁹⁵⁵ Ubsus — тайпалық атау МҚШ-да “Ursud”, Urs-aғу делінген. Қ. м. АТ-да Ц. Шагдар Увс көлінің маңын мекендеген тайпалар солай аталып кеткен деп түсіндірген.

⁹⁵⁶ Tubas — tuba-toba-ның көпше түрі. Түрік тектес ел.

⁹⁵⁷ Kirgisüd-ün — қырғыздардың.

Қырғыстың түмендік, мыңдық нойандарын және Орман елінің нойандарын алып, Боғда Шыңғыс қағанға ақ сұңқар, ақ ақта, қара бұлғынмен тарту тартып, жолығады. Ойраттың Құтұға бекиін қарсы алып, түмен ойратты бастап келді деп, жарлық беріп оның ұлы Иналчыға [өзінің қызы] Сечейкенді береді. Иналчының ағасы Төрөлчиге Жүчидің қызы Қалұйханды береді. [Сонан] Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Жүчиді жарылқап, бұй дейді: “Ұлдарымның ағасы Жүчи сенің үйден алғаш шыққандағы жолың болып, барған жеріңде ақтаңды зорықтырмай, (88-б) өзің шаршамай, қайыры мол Орман елін бағындырып келдің, сен! Осы елдерді саған берейін!” деп жарлық етеді.

Боғда Шыңғыс қаған Сечейкен ақайды ойраттың Иналчысына ұзатарда Боғұрчи нойанға “ақылыңды айт!”⁹⁵⁸ — деген екен, сонда Боғұрчи бұй дейді: “Сечейкен ақай тыңда! Қаған әкең сені қыз болып туғаның үшін Ойрат еліне табан тіреп, мекендетуге бұйырды.

Ерте тұрып, кеш жат!
 Үлкен, кіші қайын жұртыңды⁹⁵⁹,
 Ұдайы сырт қалдырма!
 Күндіз-түні бір мінезден айныма,
 Аузыңа ақыл білігіңді тоқтат!
 Арыңа дақ болар жаманды⁹⁶⁰,
 Осында қалдырып кет!
 Ұққан жақсыңды алып кет!
 Ойрат еліне береке, бірлік әкеп,
 Құт қондыр!” — деп ақыл бата береді.

Және Бороқұл нойанды Қор түметке аттандырады⁹⁶¹. Түмет елінің нойаны Тайдағұл Сақуридi өлгеннен кейін әйелі Ботұқұй

⁹⁵⁸ Soi-o — түсіндір, түйсігін аш.

⁹⁵⁹ Qadumud-i-yan — қайындарыңды, қайын жұртыңды.

⁹⁶⁰ Ese suraysan magu-iug ende talbiyu od — үйренбеген жаманыңды осында қалдырып кет. Жаман мінезіңді жұртыңа қалдырып кет.

⁹⁶¹ Čoqurlayulba — шоқырақтатты. Т. н. т-де čerig mordayulba, шерік аттандырды деп түсіндірген.

тарқұн түмет елін басқаратын болған екен. Бороқұл нойан барып, үш адаммен⁹⁶² қалың шеріктің алдына [озып] келе жатқанда, тал түсте орманның ішіндегі тар жолдан (88-б) кенет қарауылдар тап болып, Бороқұл нойанды ұстап өлтіреді

Түмет елінің Бороқұлды өлтіргенін естіген Боғда Шыңғыс қаған қатты қаһарланып, жорыққа өзі аттанбақшы болады, сол кезде Боғұрчи, Мұқұлай екеуі [оған] тоқтау салған соң, дүрбеттің Дүрбе түнешін жіберіп, шеріктерді мұздай қаруландырып, қайта жасақтап,

Мәңгі тәңірге жалбарынып,

Түметтерді түңілте қолға түсіріп ал! — деп жарлық береді.

Дүрбе шерігін жасақтап [алады да] алғы шеріктер жүретін жолды, қарауыл тұратын тұрақты, жымдарын Оқтарқұ Ибегелге барлау жасатып, Ұлаған Бұқаның жүрген жолымен шерігін бастайды. Тоғат адамы жүрексінетін болса, оны шықпырту үшін он шыбық жондырып, балта, шот, ара, сүкімен қару-жарақ дайындатып, Ұлаған Бұқаның жүрген жолындағы ағашты шаптырып, аралатып, жол салып, тауға көтеріліп, Түмет елінің түңілігінен ауыл-аймағымен⁹⁶³ тойлап жатқанда тұтқиылдан шабуылдайды. Осының алдында ғана Қорчи нойан, Құтұға беки екеуі түметтерге ұсталып, Ботұқұй тарқұнның қолында болатын. Қорчи былай ұсталып еді: “Түмет елінің сұлу қыздарынан отыз әйел ұстаңдар!” деп берілген жарлық бойынша Түмет елінен қыз алуға (88-б)⁹⁶⁴ барса, бұрын бағынған елі опасыздық жасап, Қорчи нойанды ұстап алыпты. Қорчидің түметтерге ұсталғанын Шыңғыс қаған біліп: “Орман елінің ісін Құтұға басқарсын!” деп елші жібереді. [Соған қарамастан] Құтұға бекиді ұстап алады. Түмет елін толық қоластына қаратып, Бороқұлдың сүйегінің құнына жүз түмет беріледі. Қорчиға отыз қыз береді. Құтұға

⁹⁶² Аған – аран, жаран, т. н-да осылай жазылған, біз оны адам деп өзгерттік.

⁹⁶³ dereде – керегесімен, үйлерімен, т.н-да осылай жазылған.

⁹⁶⁴ Түпнұсқаның осы беттері ауысып белгіленген.

бекиге Ботұқұй тарқұнды береді. Және Енкүттің Ұран чингүйі⁹⁶⁵ отыз бір әулетті⁹⁶⁶ [өзімен бірге] алып, “құлаған күннің⁹⁶⁷ сыртына барып, жат боламын!” — деп кетеді. [Оларды] Ежен, Қасыр екеуі қуып жетеді. Сөйткенде Еженнің жақсы самучинін⁹⁶⁸ Қасыр мініп, олармен қан-жирен болғанша жыртысып⁹⁶⁹, жеңіп алып қайтады. Қасыр Бұмбұлан есімді әйелді сыйға алады.

Содан кейін Ұран чингүй Құбылған сечен қағанға әйнек *суврага*⁹⁷⁰ жеткізіп берсе, Ал-Алтын есімді қызын ұзатады. Алтын-Ғұрғұлдай есімді қызын Солоңғыттың⁹⁷¹ Нәрін қағанына береді.

Боғда Еженнің төрт інісінің [есімі] Қасыр, Белкүтей, Очиқұ⁹⁷², Қачиқұ еді. Бөртгелчин Қоға қатыннан Жүчи, (89-а) Шағатай, Өгедей, Тұлұй деген төрт ұлды еді. Және Алақа беки, Илалтүн беки, Сечейкен деген үш гүнчиі бар еді. Құлан қатыннан Көлүте гүнчи, Есүй қатыннан Жүчибай гүнчи туған еді. Есүген қатыннан Қарачар, Қарқатұ, Чағұр үшеуі еді.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған жарлық етіп, шеше, ұлдарға, бауырларына⁹⁷³ бағындырған ұлыс елді еншілеп бермек болып бұй дейді:

“Ұлысты құраған шешем еді. Ұлдарымның ағасы Жүчи еді. Бауырларымның кішісі Отчығын еді!” деп, шешейге Отчығынның

⁹⁶⁵ Čingün – ежелгі Ғүн атағы.

⁹⁶⁶ Отоу – ошақ, әулет. (Чой Лувсанжав. Монгол бичгийн хадмал толь. УБ., 1992. 232-б.).

⁹⁶⁷ Унақи паран-и – құлаған күннің, батқан күннің.

⁹⁶⁸ Samuĵing – “самужинг” – “жақсы (таңдаулы) атын”.

⁹⁶⁹ Т. н-да “соғысып” деп жазған.

⁹⁷⁰ Šil subuγ’a – (діни) – күмбез деген мағыналы.

⁹⁷¹ Solonγud – Солонгот. Қазіргі моңғол тілінде Кореяны осылай атайды. Кемпірқосақтылар – кемпірқосақты ел деген мағыналы. Ал мұның айтылуы жөнінде ғалымдардың пікірі екі топқа бөлінеді. Бірі: “Бұл бүгінгі Корея – Солонготтор” десе, екінші бір пікір; “Сол кездегі моңғолдың ішкі өлкесіндегі ұсақ тайпалардың бірінің атауы. Таңертеңнен түске дейін ғана болған шайқаста Моңғол даласынан Кореяға барып келу мүмкін емес. Және де Шыңғыс қаған Кореяға шабуыл жасамаған...” (Дамдинсүрэн Ц., Гаадамба Ш., т. б.) деген пікір айтады.

⁹⁷² Осіқи – очиқұ, отчығын деген сөз бұрмаланған.

⁹⁷³ Әдетте, “шеше”, “ұлдар” деген атаулар осылай ерекшеленіп айтылады. Бұл ұлы қағанның кіндіктестерін ерекше әспеттегені болса керек.

үлесін қосып, түмен адамды береді. Шешей азырқанып үн қатпайды. Жүчиге тоғыз мың адам береді. Шағатайға сегіз мың адам береді. Өгедейге бес мың адам береді. Тұлұйға бес мың адам береді. Қасырға төрт мың адам береді. Алчытайға екі мың адам береді. Белкүтейге бір мың бес жүз адам береді.

“Таритайды керейттермен [бітім] байласқан [адам], көзден таса болдырайық!” деп еді, Боғұрчи, Мұқұлай, Шікиқұтұқ үшеуі ескертіп:

“Отын өшіргендей,
Ошағын бүлдіргендей,
Жақсы әкеңнің өзіндей,
Немересі қалып қойды.
Бұны қалай кешіресің!
Ақылыңнан жаңылып,
Жақсы әкеңнің
Жас жұртын,
Тоздырап алма!” —

деп шын ынта-ықыласымен қағанға сөз арнайды.

Қайран дегізген жақсы әкені ойлап, Боғұрчи, Мұқұлай, Шікиқұтұқ үшеуінің айтқанына көнеді.

Шешесі мен Отчығынға түмен адам беріп, нойандардан Күчү, Көкечу, Жұңқұр, Құрқасұт төртеуін тірек етті. Жүчиға Құнан, Мөнкүр, Кете үшеуін тірек етті. Шағатайға Қарачар, Мөңке, Индіқұтай үшеуін тірек етті. Және жарлық болдырып: “Шағатайдың мінезі қиын. Көкечүлер таңертең кешке қасында болып, ойлағанын айтып тұрсын!” деп жарлық етті. Өгедейге Ілүгей, Текей екеуін тірек етті. Қасырға Жебегені тірек етті. Алчытайға Чауырқайды тірек етті.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған төрт ұлына жарлық болдырып:

“Биік таудың асуына ұмтыл,
Алып мұхиттың өткеліне ұмтыл,
Алыс екен деп қайтпа,

(90-а) Жүрсең жетесің.
 Ауыр екен деп қайтпа,
 Алсаң көтересің.
 Ет жейтін тіс — ауызда болар,
 Адамды жеңетін⁹⁷⁴ тіс — көкіректе болар,
 Денең мықты болса, бірді жеңерсің,
 Көкірегің мықты болса, көпті жеңерсің!⁹⁷⁵ — дейді.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған төрт күлігіне жарлық етіп:

“Үш меркітке қуылып,
 Бұрқан Қалдұнға қашып шығып,
 Алдыдан ұмтылтып,
 Арттан қаптатып,
 Әрі-бері⁹⁷⁶ болғанда,
 Мәңгі тәңірге жебеліп,
 Тағдырдың жазығымен,
 Мұнша елді біріктіріп,
 Сонша ұзын тізгінді ұстасып,
 Есігімді ашысып,
 Екілі-бірлі адамды болдырып,
 Баршаның қағаны,
 Ұлыстың иесі болдырдыңдар!
 Менен кейін ертелі-кеш,
 Сен — ұрпақтарым!
 Қиналып тапқан,
 Қаған атымды
 Ардақтап қорғаңдар!
 Тұралап тапқан
 Тұғырлы төрімді,
 Теңселтпей ұстаңдар!” — деп өсиет қылды.

⁹⁷⁴ т. н-да “жейтін” деп жазылған.

⁹⁷⁵ “Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар” деген қазақ мәтеліне ұқсас көне мәтел.

⁹⁷⁶ Агу-бергі — әрі-бері деген сөз тіркесі.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған төрт ұлына жарлық етіп:

“Атардан батарға⁹⁷⁷ дейінгі,
 (90-б) Ұлыс елді құрастырып жүріп
 Мұндай көп жат бауырлардың,
 Бауырын біріктірдім⁹⁷⁸, мен!
 Талай бірікпес толағайлардың,
 Толағайын біріктірдім, мен!
 Жүрексіздер жалығып кетер,
 Ақылсыздар азып кетер.
 Ұрпақтарым — сендер,
 Ақылдан азбай,
 Жүректерің қайтпай,
 Қайратты болыңдар!” — деп өсиет етті.

Және інілері мен ұлдарына жарлық болдырып:

“Атардан батарға дейінгі түгел дүние
 Аспанның жебеуінде⁹⁷⁹ тұрғанына қарамастан,
 Інілерім мен ұлдарым туылып,
 Ұлысты нығайтуға күш салатын қария бұхұндар⁹⁸⁰ көбейіп,
 Барша төрге қазық, қалың ұлысқа арқан болдыңдар!
 Мен қазық болып төрді нығайтып,
 Арқан болып ұлысты ұстап қатайттым!
 Інілерім мен ұлдарым сендер,
 Тұқым тегімізді сақтап,
 Төр ұлыстың ісіне аянбай кірісіп,
 Қайраттаныңдар!

⁹⁷⁷ Шығыстан батысқа дейінгі (жерді) деген мағынада.

⁹⁷⁸ Қазіргі моңғол тілінің қолданысында “элэг нэстэй ахан дүр” — “бауыры бір аға бауыр (ет жақын туыстар)” деген тұрақты сөз тіркесі бар. Бұл жерде туыс еттім немесе “ұлыс еттім, ру еттім” деген мағынада айтылған.

⁹⁷⁹ Tengig kücip-tug — тәңірдің (аспанның) күшімен (жебеуімен) деген бұл сөз тіркесі көбінде Шыңғыс күдіретіне қатысты айтылады.

⁹⁸⁰ Воуун-ид — т. н-да осылай, сөздікте дәл мағынасы айтылмаған. Біз т.н-ы қолдандық.

Қария үлкендерім⁹⁸¹ сендер,
 Өздеріңді ойламай,
 Ұдайы Ұлыс қамын ойлап,
 Ақыл өсиет айтыңдар!
 Білімді, білікті адамды тапсаңдар,
 Өз жандарыңнан алыстатпаңдар!
 Егер білімді, білікті адамды тауып,
 Бағалы асыл бұйым беріп айылдап⁹⁸²,
 Көңілін тапсаң,
 (91-а) Оның да саған берер пайдасы мол.
 Хан тәңірдің қолдауымен,
 Қамұқ⁹⁸³ төр ұлысты толық құрдым, мен!

Сендер — ұлдарым мен ұрпақтарым, менен кейін қиындықпен
 құрған Төр-ұлысымды кеңейтіп, бастап құрғанымды сақтап,
 табанды түрде қорғап, нығайтыңдар!

Бар болдырып құрғаныңмен,
 [Оны] қорғауға шыдамың болмаса,
 Оңай бұзылар!
 Бастаған ісің мен
 төккен теріңнен пайда болмас!
 Бар жасаудан гөрі оны ұстап тұру қиын!⁹⁸⁴

Сендер — ұрпақтарым менің осы ойларымды естеріңе берік
 сақтаңдар! Иеке дұран⁹⁸⁵ ұстағанға дейін жақсылықпен
 нығайтыңдар:

Ауызға тығылған өкпеңді басып шыдасаң,
 Арыстанды жеңгеннен артық болар.
 Ауызға тығылған өкпеңді баса алмасаң,

⁹⁸¹ Қария үлкендер — қария кебтуілдерді айтқанға ұқсайды.

⁹⁸² Olumlan — айылдап.

⁹⁸³ Камуғ — барлық, түгел, бәрі.

⁹⁸⁴ т. н-да с.с. бар болдырудан қорғау қиын деп жазылған.

⁹⁸⁵ Iyeke duran — нәпсіңді. Л. Гумилев, Ц. Нацагдорж бұл сөзге дәрежелілік деген мән береді.

Ашу күшпен ешкімді жеңе алмассың!
 Алқымға тығылған өкпеңді басып шыдасаң,
 Күшті пілді жеңгеннен артық болар.
 Алқымға тығылған өкпеңді баса алмасаң,
 Ашу дұшпанмен ешкімді жеңе аламассың, ұрпағым!
 Таудай биік болам деме,
 Тау қанша биік болғанмен,
 Талайға бағынып басына шығарар!
 Теңіздей терең ақыл ойың болса,
 (91-б) Тең келіп ешкім жеңе алмас!
 Өзгелер қайталамас затың болса,
 Өмірге келудің білігі де сол болар!
 Айтар сөзің көп болғанмен,
 Алар ойың аз болса жаман.
 Әр салтты тең ұстап үйренген жөн!
 Әр шебердің өнері бір болғанмен,
 Ақылдының қашанда ісі артық.
 Түмен ойсыз адамнан,
 Төр салтын білетін бір адам артық!” — дей келіп;
 “Қара орманнан аң ауладым, мен,
 Қабанның мықтысын үйірімен ұстағанмын, мен.
 Қабанның тұқымын қолға үйрете алмасаң,
 Қара орманына жөңкіле қашып кетсе,
 Қарар тәніңе қайғы емес пе?!
 Биік таудан аң ауладым, мен.
 Өтекен⁹⁸⁶ аюдың қонжықтарын
 Қорылдата ұстап бердім, мен.
 Өтекеннің қонжықтарын
 Ауыздықтап ұстай алмасаң,
 Биік тауға қашып кетсе,
 Өз тәніңе қайғы емес пе?!

⁹⁸⁶ Өтеге-іун – өтекен, аюдың ұрғашысы.

Ескі шапан сетінеп жыртылса,
Қараған бұтада ілінер!
Жат пен жақын тіресіп, айырылса,
Хан мен қараша екеуі тең келер!
Жаңа шапан сетінеп, жыртылса,
Қурай бұтаға ілінер!
Жақын мен жат тіресіп айырылса,
Күң мен қатын екеуі тең келер!
(92-а) Ақыл мен білікті білмесе,
Ала ешкінің лағын
Сойып жеу қиын болар!
Ақыл білігі мықты болса,
Тауда жасырынып жүретін
Арқардың қозысын
Сойып жеу оңай болар!
Қас жауын менсінбей,
Қатындарды жылатқандар талай бар!
Алабұғаны әлсіз деп,
Алақанын тілдірген талайлар бар!
Көкірек күшті тарқатып,
Көпті ақылмен ұстаған,
Көптің иесі болар!
Қорым таста түлкі қиын
Қайың орманда қоян қиын
Мұрындығы берік [өгіз] қиын.
Қағаны жақсы болса,
Қараша өңді келер!
Қызылқаты көп жерде
Ешкі майы мол келер!
Қаған адам жырғаса,
Төр-ұлысының жақсылығынан жырғайды.
Қараша адам жырғаса,
Қағанның жақсылығынан жырғайды.

Есікті үйде отырған,
 Қатын адам жырғаса,
 Ерінің жақсылығынан жырғайды.
 Барша түгел жырғаса,
 Береке-бірлігінің жақсылығынан жырғайды.
 Қағанының жақсылығын
 Қараша еш білмейді.
 Қағанынан айырылғанда
 Қағанның жақсылығын сонда білер!
 Ерінің жақсылығын
 Әйелі еш білмейді.
 (92-б) Ерінен айырылғанда
 Ерінің жақсылығын сонда білер!
 Қаған адам
 Қараша адамның мінезін шығарса,
 Қалың ұлысынан айырылар!
 Қараша адам
 Қаған адамның мінезін шығарса,
 Қара басынан айырылар!
 Хан — тәңірге сиынсаң бітеді.
 Қарасуды қайнатсаң бітпейді.
 Қатын әйелге сенсең бітпейді” — деп өсиет етеді.

Және Сұңғыла Шыңғыс қаған Қасыр бастаған інілеріне арнап жарлық болдырып:

“Онан дарияның жағасын
 Ойып, шауып өткел болдырғанда
 Ұрпақтың ұрпағы үшін
 Ордалы үйім үшін
 Өткел болдырдым, мен!
 Керүлен дарияның жағасын
 Күйретіп, өткел болдырғанда,
 Керекті ұрпағым үшін
 Үйлі арбам үшін
 Өткел болдырдым, мен!

Бұдан кейін інілерім ұрпақты жалғап, менің қалдырған өткелімді⁹⁸⁷ бұзбаңдар! Көптің сөзіне көніп, кесіп бұзатын болсаңдар, ұлқұн сияқты өздеріңді кескілеңдер!⁹⁸⁸ Тәңірдің жарылқауымен салған ізімді аңдып тектемеңдер! Жат пиғылды біреулердің сөзіне еріп тінтер болса, менің жарлық, (93-а) жасаларыммен құртыңдар! Көзі кеткен ағайын-туыстан ұят болмасын!”

Боғда Шыңғыс қаған Менкетү сеченге сөйле деп жарлық берген еді, Менкетү сечен бұй деді: “Ертеде мың басты, жалғыз құйрықты жылан болыпты. Көп басы жан-жаққа тартысып жүргенде, арбаға басылып өліп қалыпты. Тағы бір мың құйрықты, жалғыз басты жылан болған екен. Құйрықтары бір бастың соңынан еріп, інге кіріп, арбаға басылмай, аман қалыпты. Осы сияқты мың құйрығыңның бірі болып, күш жұмсауға қайрат қылайын” дей келіп:

“Тойды бұзатын — у,
Аңды бұзатын — ор,
Торды бұзатын — түлкі,
Түсті бұзатын — жаман кезқұйрық!” — дейді⁹⁸⁹.

Боғда Шыңғыс қағанға Отчығын нойан айырылысарда сыйына бұй деп:

“Қаған ағама еріп жүріп;
Қорамсағына оқ болып,
Аудан⁹⁹⁰ қалмадым.
Жетек аты болып,
Ұрыста тартынбадым.

⁹⁸⁷ Orušiguluysan ulum-ig – minu – с.с. жасаған өткелімді немесе орнатқан дәстүрімді деген мағынада.

⁹⁸⁸ Ulqun metü beiyes-iyan oytaltugun-ta – олқұн сияқты денелеріңді кескілеңдер.

⁹⁸⁹ Jëgüdü-iug ebdeüci maуu eliy'e – түсті бұзатын — жаман кезқұйрық. Бұл жерде “Сайн номлолт Эрдний сан Субашидын тайлбар чандманын түлхүүр хэмээгдэх оршив” кітабында айтылатын аңыз келтірілген (Эрдний сан Субашид. УБ., 1990).

⁹⁹⁰ Ав, (саят) авлах – саят құру. Ханның саяты (Қашқари М. ТС). Қазіргі моңғол тілінде “агнах” — “аулау”, “ан агнах” — “аң аулау”, “гөрөөлөх” — “киік аулау” (Базылхан Б. ҚМС, МКТ сөздіктері).

Шабыс дегенде,
 Бірігіп шабыстым.
 Жалтас⁹⁹¹ дегенде,
 Бірге сусындастым.
 Қасқырдың үйегін кезгенде,
 Бірге кездім!
 Түлкі жақсысы күреңді ілгенде
 Бірге ілдім.
 Солай жүргеніме
 Түмен елге бастық (93-б) болдырды!” —

деп сыйына сөйлеген екен.

Боғда Шыңғыс қаған жоғарғы тәңірге сыйына жарлық болдырып:

“Өз төрелегіңмен
 Етүкеннің үстіне,
 Менен биік күштіні
 Пайда болдырмадың, сен!
 Менен биікте
 Малақайым ғана тұр!” —

деп малақайын шешіп алып, төрге қойып, бас иіп тәңірге сыйынып, сол күні әбден қызғанша шарап ішкен екен.

Данышпан Боғда Шыңғыс қағанның інілері мен ұлдарына ел бөліп беріп, ұлысты тыныштандарып, төрдің тиегін тиектеп берген жөні осылай екен.

Шыңғыс қағаннан бөлініп шыққаннан кейін Отчығын нойан Таңғұтай Қоға сеченнен: “Қаған ағамнан бөлек шықтым мен. Қаған болған адамның ұлысты ұстау жөні қалай болады?” — деп сұрайды. Сөйткенде, Қоға сечен: “Сен дұрыс сұрадың. Қаған болған адамның ұлысты ұстау жөні:

Күн сияқты еш нәрсені қалдырмайтын,
 Көл сияқты еш нәрсені аламайтын қажырлы болу!” — дейді.

⁹⁹¹ Jaltas – сөздікте жоқ.

Осы сөздің шешуін үш күн ойлап таба алмай, Отчығын нойан: (94-а) “Қоға ағай осы сөзіңді шеше алмадым. Қандай сөз еді бұл?” — деп сұрайды. Қоға сечен бүй дейді: “Қаған болған адам күн сияқты еш нәрсені қалдырмау дегенім, күн көтерілсе жақсы мен жаманға, өлі мен тіріге тегіс жылы шуағын жеткізеді. Қаған болған адам да сол сияқты тегіс ниетті болса, ұлы ұлыстың дұраны⁹⁹² қалай жоқ болады. Көл сияқты еш нәрсені алаламау дегенім, көлге жақсы да, жаман да суға түседі емес пе?! Жақсы, жаман хайуан біткен суға түсіп ластаса, көл солардың барлығын алаламай, өзіне сіңіре алады. Қаған болған адам осылайша ойлап, жақсы, жаман сөз естісе де, шын, өтірігі аралас сөз естісе де, сөздің қадалар тікенегіне мән бермей, тегістеп тігісін жатқыза тыңдап шыдаса, ұлы ұлысы қалай бүлінеді!” — дейді.

Отчығын нойанға Таңғұтай Қоға сечен бүй дейді:

“Су түбірмен
От көсесең,
Күркіреп⁹⁹³ тұрған
Отты өшірерсің.
Балаң халықты⁹⁹⁴
Іске⁹⁹⁵ салсаң,
Күллі ұлысты қинарсың.
Су түбірмен
От көсесең,
Гүлдеп тұрған
Отты өшірерсің.
Әлсіз халықты
Іске салсаң,
Ұлыс елді құртарсың!” — деп айтады.

(94-б) Қоңқотанның Менілік әкейінде жеті ұл болған еді. Жетеудің ортаншысы Көкечү Теб-теңгір еді. Жеті Қоңқотан

⁹⁹² Duran — бұл жерде ырысы деген мағынада.

⁹⁹³ Qırqerep — гүрілдеп. Қатты қызып (гүрілдеп) жанып тұрған от.

⁹⁹⁴ Ағап — т. н-да осылай жазылған.

⁹⁹⁵ Üile-tur — іске (қиындыққа, бейнетке).

бірігіп, Қасырды соққыға жығады. “Жеті Қоңқотаннан соққы алдым!” деп Қасыр Шыңғыс қағанға келіп жүгінеді. Боғда Шыңғыс қаған өзгелерге ашуланып, қаһарланып отырған еді. Қаған қатты ашумен Қасырға: “Сен ешкімнен жеңілмейтіндердің бірі емес пе едің! Қалай жеңілдің?!” дейді, сонда Қасыр көз жасын тыя алмай, орнынан тұрып кетеді, содан өкпелеп үш күн келмей қояды. Теб-тенгір мәңгі тәңірдің жарлығымен қаған болған Боғда Шыңғыс қағанға келіп: “Сіз біресе Төмүчин ұлыс ұстасын, енді біресе Қасыр ұлыс ұстасын дейсіз. Ойыңызды еш түсіне алмадым!” — дейді. Сонан Боғда Шыңғыс қаған түнделетіп барып Қасырды ұстауға аттанады. Сөйткенде Күчү, Көкечү екеуі шешейге: “Қасырды ұстағалы кетті!” деп хабар бергізеді. Шешей ести салысымен түнделетіп асығыс жолға шығады, ақ түйеге жектірген қарқұтай арбамен түнімен жүріп, күн шыға жетеді. Шешей келген кезде Боғда Шыңғыс қаған Қасырдың жеңін байлап, малақай, белбеуін шештіріп, сұрақ қойып, жауап алмақшы болып (95-а) жатыр екен. Боғда Шыңғыс қаған шешесін көргенде шошып кетеді. Шешей арбадан түсіп, Қасырдың жеңін өз қолымен шешіп, Қасырға малақай, белбеуін беріп, қатты ашуланып, ашуын баса алмаған күйі, малдасын құрып отырып, екі омырауын шығарып, тізесінің үстіне *бисағари құлжү*⁹⁹⁶ ұстап бүй дейді: “Өз көзіңмен көргің келсе, емген емшегің мынау⁹⁹⁷! Ет қабырғаңның үзігі Қасыр қандай қателік жасады? Төмүчин мына бір омырауымды тауысатын еді. Қачиғұн, Отчығын екеуі, екеу болып біреуін зорға тауысатын. Қасыр болса жалғыз өзі екі омырауымды бірдей тауыса сорып, көкірегімді ашатын. Тура мінезді Қасырымның қара күші білегінде болғандықтан,

Қарсы алдынан қадалғанды түйремей қоймайды,
Жон арқадан қадалғанды турамай тынбайды!

⁹⁹⁶ *Bisayari qulču* – көнерген, әзірге аудармасы жоқ сөз.

⁹⁹⁷ *Qöqegsed qöqed* – емген емшегің, т. н. т-де “*qöqügsen qöqü*” деп түсіндірме берген.

Енді жау болған адамды мұқалтты деп, Қасырды көре алмайсың ба, сен?!” — дейді. Шешейді сабасына келтіріп алып, Шыңғыс қаған: “Шешей ойда жоқта жетіп келгенде, қатты қорқып кеттім. Ұялғанда қатты ұялдым, мен. Енді қояйық біз!” дейді. Қасыр (95-б) адамдарын алып шешесіне білдіртпей, мың үш жүз адаммен қашып кетеді. Шешей мұны естіп, қатты қайғырады, уайыммен тез қартайып кеткен себебі содан екен. Қасыр ежен қашып кеткенде, оны қууға Ұлыстың Ежені жарлық етіп, ерте алаң-елеңде Сүбегетей баһадүрді аттандырып тұрып, бұй дейді:

“Ақтаның алды⁹⁹⁸
Шыға келгендей.
Маңылайдың айы,
Малақайдың қадайы⁹⁹⁹ болған,
Болаттай құйылып,
Тастай түйілген,
Алып нөкерлерім —
Айырылмас көлеңкелерім!
Қамыстай қатарласып,
Қаладай қоршалған,
Сарбаз шеріктерім, менің,
Тыңдаңдар!
Тек жүргенде,
Тоқ тайынша сияқты жүріңдер,
Таласқан ұрыста,
Ителгі құстай ұмтылыңдар!
Ойнап-күліп жүргенде,
Жас құлын сияқты жүріңдер,
Алыс-жақынмен шабысқанда,
Лашын құстай ұмтылыңдар!

⁹⁹⁸ Ақта-іун терігүн — ақтаның алды (бәйгенің алды).

⁹⁹⁹ Малауай-іун осіг — малақайдың қадайы — малақайға қадайтын алтын, алмас, күміс сияқты асыл бұйымдардан жасалған әшекей белгі.

Жайланып, жай жүргенде,
 Ала тайыншадай жүріңдер,
 Суыт қозғалған ұрысқа,
 Сұңқар құстай ұмтылыңдар!
 Қосылып, құралып жүргенде,
 Шабан тайыншадай жүріңдер,
 Қас жаумен ұрысқанда,
 Қаршыға құстай ұмтылыңдар!
 Ашыққан жолбарыс,
 Тышқансыраған бүркіт сияқты жүріңдер!
 Ашық күнде
 Айыпты қасқыр сияқты,
 Аңдап жүріңдер!
 Қараңғы түнде
 Қара қарға сияқты,
 Қайсар жүріңдер!
 Қызғаншақ қатын сияқты,
 Қасарысып жүріңдер!”

деп жарлық айтқанда, Сүбегетей баһадүр бүй дейді:

“Шама-шарқымша қуайын,
 Шамам жеткенше жортып көрейін.
 Еженімнің бейлі білсін!”

Ал Сүбегетей баһадүр Қасыр еженге қаратып былай деген екен:

“Кіндік жұрағаттан айырылған,
 Көлденең адамға жем болар.
 Ұрпақ-жұрағаттан айырылған,
 Ұлыс Моңғолға жем болар.
 Жетер туыстан айырылған,
 Жетім адамға жем болар.
 Қалың Ұлыс бүлінсе,
 Қаңғырғанға¹⁰⁰⁰ жем болар.
 Қыбырлар жан табылар,

¹⁰⁰⁰ Оғурғиг – қаңғырған.

Қарындас туыс табылмас.
 Ұлыс ел де табылар,
 Ұрпақ-жұрағат табылмас!” —

дейді. Бұл сөзді Қасыр жөн көреді. Осыдан кейін жалайырдың Жебегесі одан бөлініп, Барағұчын еліне қарай кетеді.

Содан кейін тоғыз тілділер¹⁰⁰¹ елі Теб-теңгірге¹⁰⁰² келіп қосылады. Шыңғыс қағанға қарасты бөлінген адамдар да Теб-теңгірге (96-б) қосылады. Сол бірігуде Темуге Отчығынға қарасты ел де Теб-теңгірге барып қосылыпты.

Отчығын нойан кеткен елін қайтаруды өтініп, Соқыр есімді елшісін жіберіпті. Теб-теңгір Соқыр елшіге: “Отчығын екеулерің сондай қайырымды болып кеткенсіңдер ме?!” — деп мазақ етіп, атының ерін арқалатып жаяу қайтарады. Соқыр елшісін қорлап, жаяу қайтарған күннің ертеңінде Отчығын Теб-теңгірге өзі барып, бұй дейді: “Соқыр елшімді жіберсем, оны қорлап, жаяу қайтарыпсың. Мен елімді сұрағалы келдім!” — деген Отчығынды жеті Қоңқотан тұс-тұстан қаумалап: “Соқыр елшіңді жібергенің не?!” — дейді. Олардың ұстауынан, тосқауыл жасауынан сақтанған¹⁰⁰³ Отчығын нойан: “Елші жібергенім қателік болған екен!” дейді. Жеті Қоңқотан: “Қателік екені рас болса, қатеңді мойындап, аяққа жығыл!” — деп Теб-теңгірге күшпен тізе бүктіреді. Отчығын елін қайтарып ала алмаған соң, ертеңінде ертемен Шыңғыс қағанға төсегінен әлі тұра қоймаған кезде барып, жылап-еңіреп, басын иіп, бұй дейді: “Тоғыз тілді елім Теб-теңгірге (97-а) қосылып келмеген соң, өзіме қарасты елімді Теб-теңгірден сұратуға, Соқыр есімді елшімді жіберген едім. Олар Соқыр елшімді қорлап, ерін арқалатып, жаяу қайтарып жіберіпті. Содан кейін мен өзім іздеп барып едім, жеті Қоңқотан тұс-

¹⁰⁰¹ Iyşun keleten – тоғыз тілділер, “Харь хэлтэнгүүд” — “жат тілділер” деген тұрақты сөз тіркесі.

¹⁰⁰² Teb tegri – Т. н. -да, tegri, tenggri, tengir... деп әрқалай жазылған.

¹⁰⁰³ Kigter-un – т. н. т-де “alagdaqun-aşa” — “өлтіртуден” деп түсіндірме берген.

тұсымнан қаумалап, [кінәмді] мойындатып, Теб-теңгірге тізе бүктірді!” дейді. Шыңғыс қаған тіл қатпас бұрын Бөрте үшін төсегінен басын көтеріп, көрпесінің шетімен төсін жауып, Отчығынның жылағанын көріп, көзінің жасын тыя алмаған күйі, бұй дейді: “Не деген Қоңқотандар өзі, соларды қорғаймын деп бұдан бұрын Қасырды таяққа жыққан еді. Енді, міне, тағы да Отчығынға тиісіп, оны не үшін тізе бүктіреді. Мұнысы несі. Бел сені¹⁰⁰⁴ осылай тұрғаныңның өзінде олар самырсындай самсаған¹⁰⁰⁵ інілеріңмен осылай өштесіп жатыр. Бұлай болғанда,

Кейін бұлттай тәнің көшіп кетсе,

Сенген Ұлысыңды кімге билетеді, олар?!¹⁰⁰⁶

Айнадай тәнің көлеңкесіз болып кетсе,

Ормандай¹⁰⁰⁶ Ұлысыңды кімге билетеді, олар?!¹⁰⁰⁶

(97-б) Үш кішкентай ұлыңа билікті қалай береді, олар?!¹⁰⁰⁶

Не деген Қоңқотандар еді [өзі]?!¹⁰⁰⁶

Бауырларыңды осылай соларға басындыртып қойып, қалай қарап отырасың!” — деп Бөрте үшін көзінің жасын көл қылады. Бөрте үшіннің бұл сөзін естіген соң Шыңғыс қаған Отчығынға: “Теб-теңгірдің өзі қазір келеді. Шамаңа қарап не істейтініңді өзің біл!” — дейді. Сонда Отчығын орнынан тұрып, көзінің жасын сүртіп, кетеді де, үш палуанды дайындап қояды. Сәлден соң Менілік әкей жеті ұлымен келіп, жетеуі де үйге кіреді. Күбінің оң жағына отыра берген Теб-теңгірді Отчығын шапанының жағасынан ала түсіп, есікке қарай сүйрелейді. Теб-теңгір де Отчығынның жағасына жармасып, екеуі алыса кетеді. Алысып-жұлысып жүргенде Теб-теңгірдің малақайы от басына түсіп қалады. Менілік

¹⁰⁰⁴ Bel čimaig-ig – бел сені, т. н-да осылай. Моңғол тіліндегі “бел” сөзі қазақ тілінде де дәл сондай мағына береді. “Белді адам” — “Бэлтэй хүн” т. т.

¹⁰⁰⁵ Čigüd – т. н-да “чигүд аран” — “самсаған, топтасқан жаран” деп жазылып, “чигүд” “самсаған” сөзі т. н. т-де “kübegüd” — “ұлдар” деп түсіндірілген.

¹⁰⁰⁶ Tün metü – түн сияқты. Бұл жерде “түндей қара”, “қара ормандай” деген мағынаны білдірсе керек.

әкей малақайды алып, [тәңірге] сыйынып, дұға қылған бойы¹⁰⁰⁷ қойнына тығады. Шыңғыс қаған: “Сыртқа шығып күштеріңді сынаңдар!” — дейді. Отчығын Теб-теңгірді сыртқа сүйреп, табалдырықтан аттай бергенде¹⁰⁰⁸ әдейі (98-а) дайындап қойған үш палуан тап береді де, Теб-теңгірді [дедектете] сүйреп шығарып, арқасын сындырып, сол жақтағы арбалардың жанына сүйреп апарып тастайды. Үйге қайта енген Отчығын бүй дейді: “Теб-теңгір мені аяққа жығылтқан еді. Күш сынасайық десем көнбей, сылтауратып жатып алды. Алдамшы¹⁰⁰⁹ нөкер екен!” — дегенде, Менілік әкей не болғанын сезіп, көзінің жасын төгіп бүй дейді:

“Тайр етүкенді
Томпақтай болған кезден,
Теңіз дариялары
Бұлақтай болған кезден,
Бірге қайнасқан едім!” —

дей бергенде, жеті Қоңқотанның ұлдары білектерін сыбанып, есік пен отты айнала тұра қалады. Сол сәтте Шыңғыс қаған сасқалақтап, тезірек қашып құтылайын деген [оймен] сыртқа шықса, қорчи, торғұттар оны қоршап алады. Теб-теңгірді арбаның жанына арқасын сындырып тастағанын көрген Шыңғыс қаған Теб-теңгірдің үстіне бір қосалқы үй әкелтіп¹⁰¹⁰ тіктіреді. “Дәл қазір көшейік!” деген ол бұл жерден көшіп кетеді. Теб-теңгірді қойған қара қостың түңілігін жаптырып, есігін бастыртып, аранға¹⁰¹¹ күзеттіреді. Келесі түні [таң] сарысында түңілік ашып¹⁰¹² [өліктің]

¹⁰⁰⁷ Ungšiču – оқып. Бұл жерде сыйынып деген мағынада берілген. Т. н. т-де “galyigudan” — “қайғырып” деп түсіндірме берген.

¹⁰⁰⁸ Edüqūiy-e – бұрын (бұрыннан), алдын ала.

¹⁰⁰⁹ Čag-tur – шақтық (сағаттық) — уақытша деген мағынада.

¹⁰¹⁰ Nigen bur-a qoşilig abčiraγulju – бір қоңыр жамылғы әкелдіріп. Бұл жерде қоңыр жамылғы емес, қоңыр қосты айтады.

¹⁰¹¹ Aran-iyag – арандар, т. н. т-де “kūmūp” — “адамдар” деп түсіндірме берілген.

¹⁰¹² Šira erūke pegejū – сары түңілігін ашып.

денесі көрініп қалыпты¹⁰¹³. “Теб-теңгірді [тәңірі] солай болдырды!” — деп ойлаған Шыңғыс қаған:

“Теб-теңгірдің аяғы інілеріме тигені үшін¹⁰¹⁴,
Інілерімнің арасына от жаққаны үшін¹⁰¹⁵,
Тәңірге ұнамай,
[Тәңір] жаны мен тәнін,
Сүлдесін де қалдырмай, алып кеткен екен-ау!” —

дейді. [Сонан] Шыңғыс қаған Менлік әкей мен шешейді сол жерде айыптай сөйлейді: “Ұлыңның мінезін жөнге салмай, тең боламыз деп, Теб-теңгірдің басына қастық жасадыңдар! Сендердің сондай қылықтарыңды білгенде, сендерді Жамұқа, Алтын, Құчарлардың жолын құштырар едім!” — дегенде Менлік әкей ашуланып:

“Таңда айтқанды кеште ұмытып,
Кеште айтқанды таңда ұмытқаның ұят емес пе?!
Жауырынмен бекіскен сөзіңе ие боп,
Жөнсіз мінезіңді тартып жүрсең,
Меңгілік әкейге теңесер кім бар?!” —

дейді. Қоңқотанның Теб-теңгірден айырылғаннан кейін еңсесі түсіп кетеді.

Данышпан Боғда Шыңғыс Еженге [арнап] бұраттың Оро Шігүшиі үлкен Байқалдан (99-а) лашын ұстап, Еженге сыйлайды. [Ежен] Оро Шігүшиге бұратты билетеді. Бірде [Ежен] лашын құсын Ұлқұй өзені бойымен өзендерге бойлата салып жүргенде, Жүршіттің Жаңжұң қағанын көріп қалады, шақырғанда келмей қашып кетеді. Ежен қайтып келген соң шерігін жасақтайды.

Ұлқұй өзені өткелсіз екен. Оған Қасырдың немересі Қаду Шира, Қалчықу Чин тәйжі түмен ақтаның құйрығын қосақтап,

¹⁰¹³ Өлікке күн сәулесін көрсетпейтін ырым көшпелілерде бүгінге дейін жалғасқан.

¹⁰¹⁴ Teb tegri degü-nar-tur-minu Ƴar köl qürgegsen-u tula — Теб-теңгір бауырларыма аяқ, қолын тигізгені үшін.

¹⁰¹⁵ Ogu ügüi jenggüdegsen-ü tula — орынсыз өсек тасығаны үшін.

ұрандап өтіп, қаланы қоршап алады, түмен қарлығаш, мың миғуды¹⁰¹⁶ қоса алады. Қарлығашқа мақта түтіп байлайды. Миғуға мақта байлап, от қояды.

Қарлығаш ұясына кіріп кетеді,
 Миғу тамның төбесіне шығып кетеді.
 Миғу, қарлығаш екеуінің отымен өртеп қолға түсіреді.
 Тегін миғу емес екен! — деп Жаңжұң қаған¹⁰¹⁷ қайран қалады.
 Боғда Ежен Жаңжұң қағанның қызы Жалиқай қатынды алады.

Шыңғыс қаған сол сапардан қайтқан жолда Алтайдың қырқасына түсіп, ұлдарына жарлық етіп:

“Келешекте сендер,
 Биік таудан асып,
 Кең (99-б) дариядан өтіп,
 Темір үзеңгілерің тесілгенше,
 Тебініп жүріп,
 Талай ұлысты аларсыңдар!
 Құр тәнін жиғанша,
 Көңіл пейілін жинаңдар.
 Көңіл пейілін алсаңдар,
 Құр тәні қайда кетпек!” — дейді.

Дана Боғда Шыңғыс қаған күн шығар түстіктегі Солонға ұлысына аттанады, сол кезде Үнеген дариясы тасып, Ежен мен қуатты шерігі сол жерде аялдайды. [Шыңғыс қаған] елші жіберді. [Елші] Солонғаның қағанына барып: “Ежен Боғдаға бағынып, салық төлейтініңді айтқалы келдім!” дейді. Еженнің сол сөзін естіп, Солонғаның қағаны Бұқа чаған өзінің Құлан есімді қызын тарту етіп, жолбарыс терісімен қапталған үй және екі отұқты Бұқа Солонғаның өзі қайықпен алып келеді. Соған орай, Ежен Боғда

¹⁰¹⁶ Miqūi — т. н-да осылай жазылған. Бұл “миғұр — муур” — “мысық” деген сөз болуы мүмкін.

¹⁰¹⁷ Jangjun — “Жаңжұң — Жанжин” — “көсем” деген мағынада.

Солонғаның Бұқа чаған қағаны мен сәйт нойандарына дария жағасында алғыс білдіріп, жарлық етеді. Содан кейін Ежен мен Құлан қатын екеуі жастықта бастары қосылмақ болғанда, сәйттердің бәрі бірдей:

“Түзде жастық біріктірудің жөні болмас,
Үйге барып қосылған жөн емес пе!” —

деген ұсыныс айтады. Бірақ ол (100-а) айтқан сөзге көнбеген Ежен түзде жастық қосады. Әрі сол Солонға елінде үш жыл бойы болады. Арқасұн қорчиға ұлысты басқар деп, орнына қалдырған екен. Үйдегілер¹⁰¹⁸ “Ежен Боғда неліктен кешікті!” деп Арқасұн қорчиді жібергенде, Арқасұн қорчи қосарлаған үш жиренді мініп, үш айшылық жерді үш күнде жүріп өтіп, “Еженім есен-сау ма?” деп сұрайды. “Есен-аман” деген сөзді уәзірлері айтады. Және де уәзірлерден: “Қатын, ұлдар, барша ұлыс түгелдей аман-есен бе?” — деп сұрайды. Сөйткенде, Қорчи бүй дейді:

“Қатын, ұлдарың аман-есен,
Қалың ұлысыңның мінез-құлығын түсінбедім.
Әйел-балаларың аман-есен,
Ен байтақ ұлысыңның мінез-құлқын түсінбедім.
Жырық езуіме қалдық-қабық тауып жедім,
Қалың ұлысыңның мінез-құлқын түсінбедім.
Шөліркеген таңдайыма тамшы қар тауып іштім,
Ұлыс Моңғолыңның мінез-құлқын түсінбедім!” —

дегенде, Ежен оны түсінбей [қалып], “қайталап айт!” — дейді. Арқасұн қорчи бүй дейді:

“Сал ағашқа¹⁰¹⁹,
Салбар құс,
Жұмыртқалапты¹⁰²⁰ дейді.

¹⁰¹⁸ Үйдегілер — т. н-да осылай жазылған. Бұл жерде “ордадағылар” деген мағынада.

¹⁰¹⁹ Sala modun — бұл ағаштың ботаникалық атауы анықталмаған.

¹⁰²⁰ Salbar šibayun öndegelebe — салбар құс жұмыртқалапты. Аңыздағы құстың атауы. Бұл жерде Шыңғыстың жолай үйленгенін жұмбақтап отыр.

Сол сал ағашқа,
 Сеніп отырып,
 Ителгі құсқа,
 Ұясын (101-а) бұздыртып,
 Жұмыртқа балапанын,
 Жегізіпті дейді.
 Қамысты көлге,
 Қаз аққу,
 Жұмыртқалапты дейді.
 Қызыл торғайға,
 Ұясын бұздыртып,
 Жұмыртқа балапанын,
 Жегізіпті дейді.
 Құтұқтұ Еженім,
 Ақылыңа сал!” —

дегенде Ежен уәзірлеріне “Қорчидың мына сөзін түсіндіңдер ме?” — деп сұрайды. Уәзірлері түсінбепті. Ежен өзі түсініп, бұй дейді:

“Сал ағаш дегені барша жолдастарым емес пе,
 Салбар құс дегені менің өзім емес пе?!
 Ителгі құс дегені Солонға ұлысы емес пе,
 Жұмыртқа балапан дегені қатын, ұлдарым емес пе?!
 Ұя дегені тыныш төрім емес пе,
 Қамысты көл дегені қалың ұлысым емес пе?!
 Қаз аққу дегені менің өзім емес пе,
 Жұмыртқа балапан дегені қатын, ұлдарым емес пе?!
 Ұя дегені тыныш төрім емес пе?!” —

деп жарлық етіп, алтын тізгінін [ұлысына қарай] бұрады.

Боғда Ежен жарлық етті: “Бөртгелчин қатыным жас шағымда қосылған қосағым еді. Жүзін көруге дәтім шыдар емес. Өз үйіңе еркін кіргенге не жетсін. Үйдегі адамның алдынан өтпесең, жат адамның ашуы келіп, үйіңде отырғаннан ұялады емес пе?! Тоғыз Өрліктерімнен біреуің барып, алдымен ақылдасып келгендерің дұрыс па деп ойлаймын!” дейді. Жалайырдың Мұқұлайы Еженнің

жарлығымен барып, Бөртгөлчин қатынның аяғына жығылады. Қатын жарлық етіп: “Ежен есен-сау ма? Сен неге [жалғыз] келдің?” — деп сұрайды.

[Мұқұлай бүй дейді]:

“Еженнің жарлығын естірткелі келдім.
Орнатқан төрдің дегені болмады,
Мықты төрдің дегенімен болды.
Ақылды сәйттің дегені болмады,
Жолбарыс үйдің сұлулығынан болып,
Боғда Ежен Құлан қатынмен,
Жастық қосты!” — дейді.

Бөртгөлчин қатын жарлық етіп:

“Қаған Еженімнің күші емес пе,
Қарымды Моңғолдың пейілі емес пе.
Ежен Боғданың күші емес пе,
Қалың қауымның пейілі емес пе.
Жағалау дарияда қаз, аққу мол дейді,
Бармағы талғанша атуды,
Еженім өзі білгей де.
Тыныш жатқан елде,
Қыз-келіншек мол дейді,
Таңдап алуды,
Еженім өзі білгей де.
Қамысты көлде,
Қаз, аққу мол дейді,
Саусағы талғанша атуды,
Еженім өзі білгей де.
Қайысқан қалың елде,
Қыз-келіншек мол (101-б) дейді,
Құтұқтұ Еженім,
Таңдауды өзі білгей де.
Бармақты мерген,
Қабақ пен қазды,

Қатар атады, дейді.
 Ер адам асық болса,
 Әпкелі-сіңліліні алады, дейді.
 Асау аттың арқасына,
 Ер тоқтасын, дейді екен.
 Сұлу әйелдің үстіне,
 Әйел алсын, дейді екен.
 Артық етсе жаман дей ме,
 Аздық етсе жақсы, дей ме?!
 Шапан қабат болса, тоңдырмас деген.
 Арқан қабат болса, үзілмес деген!” — дейді.

Боғда Ежен Құлан қатынды алып келгенде, Арқасұн қорчи араққа мас болып, алтын садақ пен алтын қорамсақты алып, жеке бөлініп түнегелі кетіп қалады. Ежен Боғда Арқасұн қорчиды садақты алып жеке кетті деп, Боғұрчи мен Мұқұлай екеуіне: “Арқасұн қорчиды сөзсіз жазалап, үнсіз құртыңдар!” — деп жібереді. Боғұрчи, Мұқұлай екеуі барып, Арқасұн қорчиға: “Сені араққа мас болып, алтын садақты алып кетіп, жеке түнеді. Сөзсіз жазалап, үнсіз өлтіріңдер деп жіберді!” — дегенде, Арқасұн қорчи: “Өлетін адам сөзін айтады. Еженге сөзімді айтайын!” — дейді. Сөйткенде, әлгі екі уәзір өлтірмей:

“Сұңғыланың сарқытын қолтығына,

Еріктінің сарқытын кеудесіне қыстыртып, [Арқасұн қорчиды] алып келсе, Ежен ұйқыда екен. Боғұрчи, Мұқұлай екеуі сырттан дауыстап:

“Шуақты ұлы ордаңа,
 Шуақ ене бастады.
 Үйдегі ұл-қыздарыңды оятсаңыз нетті,
 Айыпты, қылмысты жинала бастады,
 Айбынды ұлы жарлығыңды беріп, тарқатсаң нетті.
 Хас ұлы ордаңа,
 Шуақ кіре бастады,
 Жабық үйдің,

Есік, түңілігін ашсаң нетті.

Қайғы, қасіреттілер жинала бастады,

Қатаң жарлығыңды беріп, тарқатсаң нетті!” —

дегенде, Ежен үнсіз қалды. Арқасұн қорчиды алдыға салып, алып кірді. Ежен жарлық етпеді. Боғұрчи, Мұқұлай екеуі үн шығармады. Арқасұн қорчи өзі бүй деді:

“Жетпіс тілді шырылдақ¹⁰²¹,

Бәдіп шырылдағанда,

Шырашты мерген шапқылап жетіп келгенде,

Шыр етер дауысымды шығара алмай қалдым, деген!

Бақытты Еженімді кектене қарап отырғанда,

Су торғайдай дауысымды шығара алмай қалдым, мен!

Он сегіз жасымнан,

Алтын садағыңды сақтаған едім,

Ақыл білігіңді жаттаған едім,

Ақылсыз мінезді көрген емен, мен!

Араққа (102-б) шалыққаным рас!

Араққа шалығып,

Алтын садағыңды алып,

Алыс ой ойламадым, мен!

Жиырма жасымнан,

Қотан садағыңды сақтаған едім,

Қалжың білігіңді жаттаған едім,

Қылжақай жаман мінезді көрген емен, мен!

Қатты араққа шалыққаным рас!

Қатты араққа шалығып,

Қотан садағыңды алып,

Арам ой ойламадым, мен!” — деп еді,

[Шыңғыс қаған]:

¹⁰²¹ Dalan keletü çauçauai — “далан хэлтэй чагчахай” — “жетпіс тілді шақшақай (қараторғай)” (Ковалевский О. М. С. 1632.).

“Аузының жақсылығынан құтылған Арқасұным, менің!
Қалжыңының жақсылығынан құтылған Қорчим, менің!” —
деп өлтірмей, ұранды жарлығын айтып, таратады.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Ұлыс еліне келіп, Онанның басына тоғыз тұғырлы ақ туын орнатып¹⁰²², Жалайырдың Мұқұлайына Гүй Уаң Чинсан Тәйжі¹⁰²³ атағын бергенде, Таңғұттың Құйдұрының ұлы Мөңке Қалжағу:

“Гүй атағыңа салмақтанба,
Уаң атағыңа шертиме!
Чинсан атағыңа тояттанба,
Тәйжі атағыңды саудалама!
Шарапқа салынба,
Шамаң жеткенше күшіңді бер!” — дейді.

Шыңғыс қаған тұқым-жұрағатына арнап жарлық болдырып:

“Ағып жатқан дарияның балығы,
Ақыл-есінің жоқтығынан,
Аңдып¹⁰²⁴ салған қармаққа ілінер!
Ақылды сергек болса,
Тұрықты суда тұрығына кірер.
Ақылдыға сөз айтсаң,
Ақыл қосып, білікті етер.
Ақылсызға сөз айтсаң,
Артын тоспай, шығып кетер!
Айдын судың балығы,

¹⁰²² 1217 қоян жылы.

¹⁰²³ Kūi ung činqsang taiši — “Гүй уаң чинсан тәйжі” — 1217 жылдың 8-айында Жалайырдың Мұқұлайы үш атақ (шен) алған еді. Ең құрметті атағы: “Kūi ung” — “мемлекет ханзадасы”, екінші атағы: “taiši” — “ұлы мирасқор”, үшінші атағы: “čingsang” — “бірінші министр” (*Рашид ад-Дин. Шежірелер жинағы. 1-т., 2-кіт. 170-б.*).

¹⁰²⁴ Utgaju jetteju — қарпып кешіп. “Кешіп сүзгенде ілінер” деген мағына береді.

Ессіз аңқаулығынан,
 Айырға келіп ілінер,
 Сергек ақылды болса,
 Айдын суында тұрығына кірер¹⁰²⁵.
 Ойлыға сөз айтсаң,
 Түйсіне толғап, білікті етер.
 Ойсызға сөз айтсаң,
 Ойланбастан шығып кетер!
 Ойланып толғаңдар, бұларды!” —

деп жарлық болдырған екен.

Шыңғыс қаған Жамұқамен бірге келе жатса, Боғда Еженнің аты сүрініп кетеді де, Ежен атының басына қамшымен салып қалады. Жамұқа күліп жібереді. Сөйткенде, Ежен жарлық етіп: “Жамұқа сен де неге мәз болдың?” — дейді. Жамұқа бүй дейді:

“Қоңыр етүкен шешейдің қорғаны
 Бұрқан Қалдун емес пе!
 Барша ұлыстың иесі —
 Боғда сен емес пе!
 Аяқтың қателігін
 Бастан алады емес пе!
 Баланың қателігін
 Әкеден алады емес пе!
 Қоңыр етүкеннің қателігін
 Бұрқан Қалдуннан іздейді емес пе!
 Барша ұлыстың қателігін
 Боғда Еженнен іздейді емес пе!” —

дегенде Ежен мойындаған екен.

Шыңғыс қағанға Жамұқа арамдық ойлап, бұлтарып қашып кеткенінде, нөкерлері ұстап, Шыңғыс қағанға алып келеді. Сонда

¹⁰²⁵ Сегел усун-тур-іуап туғуу даған оғиуу — тұнық судың балдырына жасырынар.

Қаған жарлық етіп: “Жамұқа аңда сөйле!” — дейді. Жамұқа бүй дейді:

“Сечен аңда сен қателесетін бе едің!
 Қаралтым құс,
 Қарсы биікке ұшпақ болып,
 Қияда қанатын үздіреді екен.
 Қараша жаман құл,
 Қаған иесіне қарсы болып,
 Қара басын кестіреді екен!

Мен, Жамұқа, қателік жасап, нөкерлерім, міне, мені ұстап алып келді!

Бөлінбеген,
 Боз тырналар ұстап алды мені!
 Бөлініп жұлысса,
 Аққу тырнаны ұстайды емес пе?!
 Мені өлтір!
 Нөкерлерімді қалдыр!” —

дейді. Шыңғыс қаған жарлық етіп: “Бұл дұрыс, көптің жарғысы болдырайық. Бұдан былай ертелі-кеш мұндай қателік жасаған біздің нөкерлерімізге сабақ болсын!” деп нөкерлерін сонда қалдырып, Жамұқаны өлтірген екен.

Шыңғыс қаған төрт ұлымен (104-а) бірге шарап ішсе, өзгеден бұрын Жүчи мас болып, оның артынан Шағатай мас болып, оның артынан Тұлұй мас болыпты. Алғашқы күні Өгедей қағанмен соңына дейін бірге отырып, бірге қызысып тараған екен. Ертеңінде ерте қайта жиналып, кеше қалай мас болғандары жөнінде әңгімелесу үшін қаған жарлық болдырып: “Ұлдарым сендер мұнда отырып, кешегі бағмұрларыңды¹⁰²⁶ бір-бірлеріңе айтып беріңдер.

¹⁰²⁶ Ваутиг-йуан, сапаузан-йуан уагуаба — “багмураа”, “санасанаа” — “ойлағандарыңды” (“Золотое сказание”. С. 208.).

Мен ілгерілеу бөлек отырып, үлкендермен ұлыстың ісін кеңесейін!” дейді. Ілгеріге бөлек отырған соң, “сіз қайта беріңіз” деп, бір Шикүрчичи¹⁰²⁷ адамды жекелеп алып: “Ұлдарым нені кеңес қылып отырғанын біліп келіңіз!” деп жібереді. Ұлдары сөз қазбалап айтыса келе, қызықтың жақсысы не деп таласқан тұста, Жүчи: “Маған салса, қалың жылқыңды жақсылап бағып семіртіп, орда үйіңнің жұртын жаңартып, той тойлатып отыру қызықтың ең жақсысы — осы!” — дейді.

Шағатай бүй дейді:
 “Маған салса,
 Жауыңды таптап,
 Бұлғындысын өңгеріп,
 Боталысын боздатып,
 Боғдалысын (104-б) жылатып келсе,
 Қызықтың қызығы — осы емес пе!” — дейді.

Өгедей бүй дейді: “Маған салса, Қаған әкейдің біз үшін қиналып жүріп құрған ұлы ұлысын тыныштандырып,

Көл-көсір етіп,
 Тақымын кеңейтіп,
 Қолын ұзартып,
 Ұлыс елді
 Ордаға жинап,
 Байсалды төр құрып,
 Қария үлкендерді
 Қызыққа батырып,
 Өсер жастарды
 Көркейтіп отырса,
 Қызықтың қызығы — осы емес пе!” — дейді.

Тұлұй бүй дейді: “Маған салса,

¹⁰²⁷ Сікүгсі-сіпү — Шикүрчичи деген сөздің нақты мағынасын сөздіктерден таппадық.

Ұлдар күліктерін жаратып,
 Бәйге алып,
 Қыран қаршығасын
 Құсқа салса.
 Көкала үйректі
 Алдырса!
 Алалы күліктерін жаратып,
 Бәйге алып,
 Қызыл сұңқарын
 Құсқа салса.
 Тау бұлақты аралап,
 Алалы үйректі
 Алдырса!
 Қызықтың қызығы —
 Осы емес пе!” — дейді.

Бұл сөздерді естіген Шикүрчичи Шыңғыс қағанға келіп айтқанда, қаған жарлық етіп: “Жүчи қаршадайынан менімен жүріп, Ұлысты орнатуға қатысты. Ол солай айтқан екен. Тұлұй баланың (105-а) сөзін айтыпты. Өгедейдің сөзі өте жөн екен” дейді. Жоғарғы тәңірдің бұйрығымен туылған дана Боғда Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Екі мінезді адамды,
 Еркек демей, әйел де.
 Бір мінезді еркекті,
 Еркек демей, ердене де.
 Бір мінезді әйелді,
 Әйел демей, еркек де.
 Екі мінезді әйелді,
 Әйел демей, ит де.
 Ондайларға жуыма!” — дейді.

Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Қараша адам
 Қара шарап ішсе,
 Қалың қауымнан

Биікпін деп ойлайды.
 Қатты жазаға ілініп,
 Қамаққа түссе,
 Қара иттен де
 Бекер болады.
 Қара тышқан
 Қара арақтан ауыз тисе,
 Құз қыратпен
 Теңмін деп ойлайды.
 Қара тұмсықты түлкінің,
 Жортып келгенін көрсе,
 Қара інінің,
 Аузын [таппай] тырмалайды!” — дейді.

Шыңғыс қаған тағы да жарлық болдырып:

“Есіктен түскен қардан
 Қораның топырағы құтқарар.
 Қылышта өлісер жаудан
 Ескі туысың құтқарар.
 Алдан түскен қардан,
 Бесіктің¹⁰²⁸ топырағы құтқарар. (105-6)
 Өлісіп қылыштасқан жаудан,
 Кәрі-жас туысың құтқарар.
 Егеусіз найзаң егелген тұста,
 Ескі дауды айтпа!” — дейді.

Шыңғыс қаған Қоға сеченге “сөйле!” — дегенде, Қоға сечен бүй дейді:

“Қисыңды білігім,
 Тау қырына кетті.
 Сәулелі білігім,
 Иен түзге кетті.

¹⁰²⁸ Өлігеі — өлугей — өлгей — өлгий туған жер деген мағынада, “бесік” деп те айтылады. “Баян-өлгий” — “Бай-бесік” деген секілді.

Ақыл ойымда қазір,
 Ештеңе қалмады.
 Өткір болат мұқалса,
 Қайрақсыз өтпейді екен.
 Қарулы арыстан қартайса,
 Күшігеннің інін күзетеді екен.
 Күлік сәйт қартайса,
 Кісінің сөзін жөптейді екен!” —

дегенде, Шыңғыс қаған оның сөзін аса құптап, жарлық етеді. Шыңғыс қаған: “Тағы да сөйлеңіз!” — деп бұйырады. Сөйткенде, Қоға сечен бұй дейді:

“Шапанның жақсысы құйақ болса да,
 Тойға оны кимейді.
 Сөздің сарасы сан болса да,
 Шегіне оның жетпейді!” — дегенде,

Қаған жарлық етіп:

“Сөздің түбін түсіре айттың,
 Бұдан қалар сөз бар ма?!” — дейді.

Шыңғыс қағанға Таңғұттың Құйлдұр (106-а) сечені бұй дейді:

“Таудай алтын жинап,
 Сақтап отырғанша,
 Тарыдай білім жинап,
 Жаның шыққанша сақта!
 Келген келісті
 Жаннан кем түспес,
 Жүз сөз айтса,
 Жігін тауып бірін сақта!
 Түмен сөзді айтқанша,
 Түпкі бірін айт!
 Түмен сөздің,
 Түбі бір.

Жүз сөздің
Жігі бір!” — деген екен.

Шыңғыс қаған:

“Алтын тұламды¹⁰²⁹ тынық етсем,
Алып төрім уыстан кетер.
Тұла бойымды тынық етсем,
Тұтас ұлысым сандалып кетер.
Алтын тұлам қажыса, қажысын,
Алып төрім уыстан кетпесін!
Тұла бойым шалдықса, шалдықсын,
Тұтас ұлысым шашылып кетпесін!” —

деп жарлық еткен екен.

Шыңғыс қаған Құйлдұр сеченнен:

“Мына жанды дүниеде,
Арымайтын күлік не,
Алдырмайтын шешен не?” — деп сұрағанда,

Құйлдұр шешен бүй дейді:

“Арқардың жүрісіне шыдар
Жануарда күлік жоқ.
Өз мінезін өзі түзеп жүрсе,
Алдырмайтын шешен жоқ, дегені — сол!” — дейді.

Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Арамжа Сартағұл сен,
Жылмағай шабақ бол.
Ұранқай Желме сен,
Әйгілі қыран сұңқар бол.
Екеуің бір-біріңді сынап,
Шын сөз таластырып көріңдер!” — дейді.

Сөйткенде, Арамжа Сартағұл бүй дейді:

¹⁰²⁹ Altan bey'e — алтын тұламды. “Құпия шежіреде” “алд бие” — “құлаш дене” деп жазылған. Қ. М. АТ-да “алд бие” — “құлаш дене” деп өзгертілген.

“Теріскей өзенді шарлап жүріп,
 Теңбіл шілге жұтпа жем тастап,
 Алқызыл торғын шырғаны жайғанда,
 Әйгілі қыран сұңқар
 Теріскей өзенді шарлап келіп,
 Теңбіл шілді жемек болып,
 Алқызыл торғын шырғама шырмалып,
 Арамжа Сартағұлдың қолына түсті.
 Тірідей ұстап,
 Көзін томағалап,
 Тілерсегін тұсап,
 Ұзақ жұмсап,
 Құл етіп,
 Аямай қатты
 Қинадым!”

дегенде, Ұранқайдың Желмесі бүй дейді: —

“Ертеде бір теңіз бұлағында жылмағай шабақ болыпты. Түске таяу дегбірі қашып, арқа қанатым тіреліп қалар, ұлы теңізге түсіп, емін-еркін асыр салайын деп, бұлақты бойлай жүзіп кетеді. Жолай таяз тастақ өткелге тап болады, енді кері айналып ағынға қарсы жүзейін десе оған шамасы келмей, қайраңдап қалады, оны су алуға келген күң көреді де, талқымен басынан соғып өлтіріп, үйіне алып келеді, көрші-қолаң, әйел, ерлерімен бөлісіп, түйір қылтанағы мен талшық қабығын қалдырмай жеп қойған екен.

Арамжа Сартағұл атақты қыран сұңқарды көндіре алмай, барша жұрттың қағаны, ұлыстың еженіне (107-а) апарып берген екен. Қаған құндыз жеңіне қондырып, тұмсығынан сүйіп, қалың елді қайран қалдырып, көктемде шүрегей ұстатып, күзде үйрек, қаз, аққу, көгілдірге салып, сауық құрып, әйгілі қыран сұңқарды алтындап, ұзақ жыл асыраған екен.

Арамжа Сартағұл,
 Қарымта қайтармаққа,
 Танауын таңқитып,
 Сақалын ербитіп,

Күбісін кептіріп,
Атын болдыртып,
Басардың үстінен,
Ұшып жүрген екен!” — дегенде,

Шыңғыс қаған жарлық болдырып: “Ұранқайдың Желмесі саған жағурма билемүн¹⁰³⁰ бердім!” — дейді.

Шыңғыс қаған ұлдарына, інілеріне, тұқым-жұрағаттарына арнап:

“Тарқы күшті¹⁰³¹ алда тұрса да,
Тәрік күштіні алға жек.
Тарқы күштіні алға жексең,
Тәңірдің бір дауысына айдалып кетсе,
Тәрік тұқымға барып қалса,
Ертіп үйірін алып келсе —
Тәрік күштінің артықшылығы — сол!
Көтерер күшті алда тұрса да,
Тұқымы¹⁰³² тектісін алға жек!
Көтерер күштіні алға жексең,
Тәңірдің сызығымен қарға ұрынып,
Тұқым тәрікке барып қалса,
Мінер көлігіңді алып келсе,
Тұқымы күштінің артықшылығы — сол!” —

деп жарлық болдырады.

Ұқұртай Сараман қоналқы асты қалдырып қойған еді, Қаған әкей жарлық етпес бұрын, қалың қараша сөз айтпас бұрын, Шағатай ағай бүй дейді: “Сараманды өлтіріп, қалың елге үкім

¹⁰³⁰ *Ĵagurm'a bilemün* — шалымды мерген деген атақ.

¹⁰³¹ *Tarqu-iyn bŭke-iug* — тарқы палуанды. Бас палуанды. Орда тартатын өгіздерді мысал еткен. Тарху — көне атау. Тәрік — тәрік ету, қартайған көшбастар өгіз деген мағыналы. Өгіз, бұқаларды адам кейпінде мысал етіп, ежелгі түріктердің сайып палуандарын сайысқа салатын дәстүр бойынша әңгіме еткен. Моңғол тіліндегі басылымдарда “буху” — “бұқа” сөзі “бөхе” — “палуан” деп қате берілген.

¹⁰³² *uġu-yun* — (с.с.) ұрықтың, т. н-да осылай (Шыңғыс қағанның алтын ұрығы) деген мағынада жазылған. Біз “тұқымы” деп қолдандық.

етейік! Сараманды өлтіре алмасақ, қалың елді қалай жөнге саламыз?!” — дейді. Сөйткенде, Ұқыртай Сараман бүй дейді:

“Шағатай сені тумай тұрғанда,
Қалың қараша құралмай тұрғанда,
Қаған әкеңе күш бергенмін, мен!
Күртік қарды аяқпен теуіп,
Терлі тоқымды,
Құйымшақпен кептіріп,
Тіс қуысын төсек етіп,
Түкірікті [сілекейді] тамақ етіп,
Шаңытқан ұлы тойыңда¹⁰³³,
Шынтаққа дейін майланып,
Шулаған қалың ұлысыңа,
Шар табақты тартқанмын.
Қанды ұлы соғысыңда,
Қолтыққа дейін қанатып,
Қайыстай созылып,
Тобылғыдай қызарып,
Сүйек тәніңді,
Сүйеп, күшімді бергенмін!
Қаған әкең
Ұлықтарыма¹⁰³⁴,
Ақтасын міндіріп,
Айбалтасын ұсынып,
Алтындысын кидіріп,
Аузынан жырып,
Алыптарды (108-а) басқартып,
Аса бір қадірлеген!
Жеткіншекті жеткізіп,
Жетек атына міндіріп,

¹⁰³³ Tosudu iyeke toi-tur – тозаңды ұлы тойыңда, т. н. т-де “хурим” — “той” деп түсіндірме берген.

¹⁰³⁴ Iyukes-ig – бабаларымды деген мағынада.

Кекілімізден сипап,
 Кіндік ұлындай өсірген.
 Қаған әкең кедей туып,
 Кем ұлысты толтырды.
 Сен әкеңнен артық тусаң,
 Көпті жинап,
 Ордаңда ұста!
 Мені өлтір,
 Үнімді өшір!” — дейді.

Сонда Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Кімнің жиғанын,
 Кім тимек,
 Кімнің құрағанын,
 Кім шашпақ?!”

Сіз мені тас-үйге¹⁰³⁵ барғаннан кейін қинаңыз. Менің көзім тірісінде жинаған, іріктеп құраған Ұлысыма тимеңіз!” — дейді, Шағатай ағай шығып кеткеннен кейін Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Шағатайдікі дұрыс еді,
 Сараман сенікі теріс еді!
 Талай күш бергенің үшін,
 Бір қатеңді кешірдім —
 Талайы қарашаны,
 Үндемесе дегенім!” — дейді.

Шыңғыс қаған жарғыға шешім беретін адамды таңдап, жарлық болдырып:

“Қаған адамның төрі,
 Қараңғыда адаспас,
 Қанаттастан жеңілмес,

¹⁰³⁵ Qadun dedeg-e — (с.с) жартас үй. Қазіргі ойраттар да өлікті жартастың үстіне қояды. Бұл жерде “жартасүй” дегені сондай көне салтты меңзегені.

Бір мінезді (108-б) бол!
 Қалай бұрыларыңды болжа,
 Сырыңды алдырма,
 Сөзіңмен шақпа!
 Тойдан¹⁰³⁶ қалма,
 Айтқышты қоздырма,
 Шешенді оздырма!
 Етегіңе қоңырау тағып келме¹⁰³⁷,
 Ауыңа шырға байлап келме!” —

деп жарлық болдырады.

Шыңғыс қаған Қоға сеченнің ұлын сынамақ болып, тыңшылыққа жібереді. Қоға сеченнің ұлы жорыққа аттанған шеріктер жайлы азын-аулақ білетінін әңгімеге арқау етіп, әкесінен сөз тартпақ болғанда, әкесі бүй дейді:

“Әке өсиеті бітпейді,
 Көңілдегің бітеді.
 Шешенің [көңіл] дағы бітпейді,
 Шынашақ¹⁰³⁸ дағы бітеді, деп,
 Боғда Шыңғыс қағанның
 Олжаға тыңшы салғанын
 Құл Қоға сечен қалай білмеске, деп,
 Атақ деген тау қойнауы,
 Алыс та емес, жақын емес,
 Арыстанның күшігі өліп жетер,
 Сары ала қаз балапанын жұлып жетер,
 Аққу қанатын үзіп жетер,
 Құлан тұяғын тоздырып жетер,

¹⁰³⁶ Tüi-iyg bü kendülge – тойды жіберме (тойды құр жіберме, тойдан қалма).

¹⁰³⁷ Qormai-tur-iyan qongqa bü uy’a – етегіңе қоңырау байлап келме. Дау арқалап келме деген мағыналы.

¹⁰³⁸ Eǰige-iyn surgal ülü bütüm, ebǰigün-u setgil bütüm. Eke-iyn seb ülü bütüm, erkei-iyn seb bütüm – (көне мәтел), Әкенің өсиеті бітпейді, көңілдің дағы бітеді. Ананың дағы бітпейді, бармақтың дағы бітеді.

Күн ұзағын аш кезер,
Жер ұзағын жаяу кезер,
Сонда ғана жетер жер!
Байламың берік болса,
Барар жер,
Суы жоқ шөлейт жер, (109-а)
Жаяу шыққан адамның,
Тағасыз жортқан тұлпардың,
Тұяғын құртар тастақ жер!
Адам жақсысын
Тауып жүруге қиын жер!
Кешігіп баруға болмас жер,
Құралған топтан қалмас жер,
Кеңестен қалсаң болмас жер!
Ерте барсаң, ауқатты жер,
Кешігіп барсаң,
Қоғаның ұлы жолдан қайтыпты, дегізгеннен,
Жетіп өліпті дегізіп,
Даңқыңды көтерер жер!
Қаған Еженнен
Адамның санаттысын ал,
Аттың мықтысын ал.
Өзгенің сөзі шалыс болар,
Өз көргенің шындық болар,
Жақын жер алыс болар,
Төр билейтін жоқ болар.
Жейтін азық, шөп, суыңды қамдап ал,
Ер жақсысын жүре бара білерсің,
Ерденнің жақсысын тоза бере білерсің!” — дейді.

Шыңғыс қаған Уаң қаған екеуі әке мен бала болып, анттасып жүргенде, Керейттің Уаң қағанының Аймалчин кемпірі бүй деген екен:

“Аспанда екі күн шықса,
Құдықтың суы құриды.

Екі қаған таққа қонса,
Қалың елі құриды.
Бура атан болса (109-б)
Мұрынтығы жырылар,
Қараша құл нойан болса,
Өлімін ұмытар.
Су түбірмен отты өшірер.
Ақылсыздан елші салсаң,
Ұлыс еліңді тоздырар!
Жағалаудың құрағын,
Лақ, тоқты тоздырар,
Әкеден жалғасып келген,
Мыңдық нойандары, тыңдаңдар!
Қанды жау келгенде,
Шыңадай бүктеліп,
Тастай қатайған,
Түйіндей түйіліп,
Жаудан қайтпаған,
Жүздіктің нойандары, тыңдаңдар!
Атаулы иеден сорлы боп,
Туадан түйсігі жоқ болса,
Лақ пен құлынды айырмас!
Жат жатпен кекті болса,
Жатты жат құртар,
Туыс туыспен кекті болса,
Туысты туыс құртар.
Текенің мүйізін жұлам деп,
Ұлысты бүлдіріп алмаңдар.
Қошқардың мүйізін құртам деп,
дырып алмаңдар!
йізін жұлам деп,
меңдер!
сақалынан жұлмаңдар!

Жатқанның кекілінен тартпаңдар!
 Ауыл ішінде,
 Ала тайыншадан (110-а) момын жүріңдер!
 Қырылысатын күн туса,
 Қызыл лашыннан шалымды болыңдар!
 Ел ішінде,
 Егіз тайыншадан момын жүріңдер!
 Жауға аттанар күн туса,
 Жауыз құстан шалымды болыңдар!
 Ағайынның ішінде,
 Қара тайыншадан момын жүріңдер!
 Қақтығысар күн туса,
 Қара лашыннан шалымды болыңдар!
 Төрелікті ойлайтын жаман адам болса да,
 Табанды адал қызмет қылса,
 Түменнің нойаны болдырыңдар!
 Жақсылық көрмеген,
 Жарғақ тонды болса да,
 Айрықша адал қызмет қылса,
 Дәрежелі нойан болдырыңдар!” — деп, өсиет айтқан екен.

Данышпан Боғда Шыңғыс қағанның тұсында, ақылды шешендер мен данышпан білгірлердің толғап айтқан, ойлы сөздерін кейінгілерге аманат болсын деп, осылайша жазып қалдырдық.

Тағы да Данышпан Боғда Шыңғыс қаған қой жылы¹⁰³⁹ қытай еліне аттанды. Зожуды¹⁰⁴⁰ алып, Үнеген асуынан¹⁰⁴¹ асып, Сонжитуды¹⁰⁴² алып, Жебе мен Күйкүн батыр¹⁰⁴³ екеуін маңдай шепке жөнелтеді. Чабчалға жетіп, Чабчалдың асуына бекініс құрып, Жебе бұй дейді: “Жау бізді аңдып [жатыр], әбден таяған

¹⁰³⁹ 1211 жыл.

¹⁰⁴⁰ Joju – МҚШ-да Фу-чжоу деп жазылған.

¹⁰⁴¹ Üngen dabay-a – “үнэгэн даваа” — “түлкі асуы”. МҚШ-да Hünegen daba деп жазылған.

¹⁰⁴² Sunjitu – Қытайдың Сюаньчжоу қаласының моңғолша атауы (“Золотое сказание”. С. 366.).

¹⁰⁴³ Güyüging bator – МҚШ-де Güyigünek-bayatur деп жазылған.

кезде, (110-б) сол жерде тап бермек. Қытай шеріктері алдымен шегініп алып, сосын қайта шабуылдамақ болып, Чүке тауына қарай жөнкіліп келеді. Біз де олардан қаша соғысайық!” — дейді.

Жебе Сонжиту тауының тұмсығына жете бергенде, кейін қарай шегінеді, соңына түскен жауға тұтқиылдан қайта тап бергенде, олар сасқалақтап, абдырап қалады, сөйтіп жаудың қолын жеңеді. Шыңғыс қағанның шеріктері жеңіске жетіп, қытайды ығыстырып, қара қытай, жүршіт, жүйннің шеріктерін жеңіп, Чабчалға дейінгі жерді толық басып алады. Жебе Чабчалдың қақпасына кіріп, асуды қолға алған соң әрі қарай қозғалады.

Шыңғыс қаған Шира Дектерге¹⁰⁴⁴ келіп түседі. Сол жерде Жүндү¹⁰⁴⁵ қоршауға алынады, өзге үлкен қалалар мен көне қорғандарға шерік аттанып, олар бағындырылады. Жебе Түнжү қорғанына барып, айнала қоршағанымен қамалды ала алмай, кейін шегінеді, содан арада алты күн өткеннен кейін тұтқиылдан қайта шабуылдағанда жаудың қалың қолынан қаша жүріп, оларды айламен жеңеді, сөйтіп түнделетіп келіп алаңсыз жатқанда Түнжү қорғанын басып алады. Жебе Түнжү қорғанын алғаннан кейін қайта оралып, Шыңғыс қағанға келіп қосылады.

Жүндү қаласын қоршап соғып жатқанда Алтын қағанның аға нойаны Ұңгин Чинсан қағанына бұй дейді: “Тәңір мен жердің бізді мұқалтар шағы жетіпті. Моңғолдар орасан күшпен келіп, біздің ұлы қуатымыз атанған (111-а) қара қытай, жүршіт, жүйннің ер жүрек шеріктерін таптап өтіп, қырып салыпты. Енді біз шерік жасақтап шығар болсақ, моңғолдарға бәрібір жем боп, бас-басымызға бытырап, қайта құралуымыз екіталай. Алтын қаған, келісіміңізді берсеңіз, бұл жолы Моңғолдың қағанының айтқанына көніп, қол астына кірейік. Бітімге келіп, Моңғолдың қалың қолын қайтарып жіберсек, қалған істі солардан кейін ақылдаса жатармыз. Моңғолдың ерлері мен ақталары бұл жердің ыстығына көндіге алмай жатқан көрінеді. Қағанына қыз берейік, алтын, күміс сияқты

¹⁰⁴⁴ Şira dekter-e – Жүндү қаласы орналасқан жер.

¹⁰⁴⁵ Jündtü – Синнің орталық астанасы (1152–1215 жж.).

бұйымдарды шеріктеріне үлестірейік. Бұл бітімге келісетінін не келіспейтінін қалай білсек екен” дегенде Алтын қаған Ұңгин Чинсанның бұл сөзін құптап, солай болсын деп, Шыңғыс қағанға Гүнчи¹⁰⁴⁶ есімді қызды бермекші болып, алтын, күміс бұйымдарды шеріктердің көтергенінше Жүндүден шығарып, Шыңғыс қағанмен бітім жасасуға Ұңгин Чинсанның өзі келеді. Шыңғыс қаған сол жерде бітімге келіп, қалаларды (111-б) қоршап жатқан шеріктерін қайтарып алады.

Шыңғыс қаған қайтқан кезде Ұңгин Чинсан оны шығарып салып, Мажу, Жожу¹⁰⁴⁷ деген таудың тұмсығына дейін бірге келеді. Біздің шеріктер алтын күміс бұйымдарды көтергенінше артып, үлбірек торғынмен жүктерін тартып, ілгері қозғалады. Олар енді Шаншин¹⁰⁴⁸ еліне бет алады. Онда жеткен кезде Шаншин елінің Бұрқаны бірден бітімге келіп: “Оң қолың болып, күш берейін!” — деп, Чаға¹⁰⁴⁹ есімді қызын Шыңғыс қағанға ұзатады. Бұрқан бұй дейді: “Шыңғыс қағанның атақ-даңқын естігенде, қобалжып, қатты қорықтым. Енді, міне, айбарлы тұлғанды көзбен көргенде, айбарыңнан қалтырадым. Қорқыныш билеген Таңғұт елі оң қолың болып, күш қоссақ дейміз!” — дейді. “Күш қосқанда:

Жатын, жұртта отырған,
 Балшық үйге жиналған,
 Жедел көшуге қолайсыз,
 Жорық соғысқа ыңғайсыз,
 Қиын-қыстау күн туса,
 Қимылсыз қалатын елміз.
 Сойқан соғыс басталса,
 Суыт жүріске ілесе алмаспыз.
 Бұйыртсаңыз!
 Біз — Таңғұт елі,

¹⁰⁴⁶ Gūnji — әйел адамның атағы (шені).

¹⁰⁴⁷ Maǰu — ǰoǰu, moǰou, fūǰou деп те атаған.

¹⁰⁴⁸ Šanšin — МҚШ-да Qašin деп жазылған

¹⁰⁴⁹ Čaqa — “цагаан” — “ақ”. МҚШ-да Čaqa деп жазылған.

Биік шидің ығына,
 Өсірген қалың түйемізді
 Шығарып, [қағанға] қазына етіп берсек,
 Өрмек тоқып¹⁰⁵⁰,
 Бұйым етіп берсек,
 Тұқұрқай¹⁰⁵¹ құсты үйретіп
 Таңдап жақсысын жіберсек!” — деп уәде береді.

Осылай уәде етіп, сол уәдесіне (112-а) жетіп, Таңғұт елінен түйе жинап, үйіп-төгіп алып келіп береді. Шыңғыс қаған сол жорығында Қытай елінің Алтын қағанын бағындырып¹⁰⁵², талай асыл бұйымдарын алып, Шаншин елінің Бұрқанын бағындырып, көп түйе алып қайтқан екен.

Шыңғыс қаған қой жылғы жорығында Қытай елінің Ақұтай¹⁰⁵³ Алтын қағанын бағындырып, Таңғұт ұлысының Илақу Бұрқанын бағындырып, қайтып оралғасын Сағар кегерге түседі.

Бұдан кейін Чит Құнға¹⁰⁵⁴ бітім жасауға жіберген Чан Хан¹⁰⁵⁵ бастаған бір топ елшілері Қытай елінің Ақұтай Алтын қағанының қолынан өлтіріледі¹⁰⁵⁶. Даңқты Боғда Шыңғыс қаған ит жылы Қытай еліне қайта аттанады. “[Өздері маған] бағынышты бола тұра Чит Құнға жіберген елшілерімді қалай өлтіреді” деген Шыңғыс қаған Дүн-Гүйдің сайына¹⁰⁵⁷ қарай беттеп, Жебені Чабчалға қарай жібереді. Шыңғыс қаған Дүн-Гүй бекетін басып алды деген хабарды Алтын қаған ести салып, Іле, Қадақұ,

¹⁰⁵⁰ Örmegge pekeñi – өрмек тоқып.

¹⁰⁵¹ Tuqurqai – бейтарап жабайы құс.

¹⁰⁵² IIselgüñ – ілестіріп. Ц. Шагдар “эрхэндээ оруулж” — “бағындырып алып” деп аударған.

¹⁰⁵³ МҚШ-де Ахутай нэртэй, Ахутай есімді деп жазылған.

¹⁰⁵⁴ Jau-guand – Жау-гуанда деп түсіндірген.

¹⁰⁵⁵ т. н. т-де Jubqan деп түсіндірген.

¹⁰⁵⁶ Etgegdeje – өлтіртеді. Ц. Шагдар “баригджээ” — “ұсталыпты” деп түсіндірме берген.

¹⁰⁵⁷ Dun-guan boomt – Дун-гуан бекеті деп түсіндірген.

Бүгетүр¹⁰⁵⁸ үшеуінің қалың шерігін (112-б) жедел аттандырады. Дун-Гүй сайына жете бере, жерін қорғаған Қытай шеріктері бетпе-бет келеді. Шыңғыс қаған Іле, Қадақұ бастаған қолдарды кері шегінуге мәжбүр етеді. Чигү күрген мен Тұлұй екеуі бүйірден шабуылдап Ұлаған Дегеленді жеңіп, Іле мен Қадақұны бірге талқандап, қытайларды жаңқа етіп таптап тастайды. Алтын қаған Қытай шеріктері құрыды дегенді естіп, Жүндүден қашып шығып, Нан Жин¹⁰⁵⁹ қаласына келеді. Қалған шеріктері аштан өліп, тірі қалғандары жолай адам етін жепті. Шыңғыс қаған Тұлұй мен Чигү күрген екеуі жақсы соғысты деп, Тұлұй мен Чигү екеуін кереметтей марапаттайды.

Шыңғыс Ху Ши Уға¹⁰⁶⁰ келіп, тыныққаннан кейін, Шира кегерге [қарай] аттанады. Жебе Чабчалдың қақпасын бұзып, Чабчалда соғысқан шеріктерді жеңіп, Шыңғыс қағанға келеді. Алтын қаған Жүндүден қашқанда Қада есімді нойанына Лиошоу¹⁰⁶¹ деген атақ беріп, орнына қалдырған екен. Шыңғыс қаған Жүндүдің алтын, күміс бұйымдарын санатуға Үнкүр Боғұрчи, Арқай Қасыр, Шікиқұтұқ (113-а) үшеуін жібереді. Қада есімді нойан Жүндүден әдейілеп осы үшеуінің келе жатқанын естіп, олардың алдарынан шығып, алтынды асыл бұйымдарын тарту етеді. Шікиқұтұқ Қадаға жолығып: “Бұрын Жүндүдің байлығы Алтын қағандікі болатын. Енді бұл байлық Шыңғыс қағанға қарайды. Шыңғыс қағанның байлығын неге ұрлап тарту етесің, сен! Мен бұларыңды алмаймын!” деп оның тартуын алмай қояды. Үнкүр Боғұрчи мен Арқай Қасыр екеуі тартуды бөлісіп алады. Осылайша бұл үшеуі Жүндүдің алтын, күміс бұйымдарын түгендеп қайтады. Шыңғыс қаған Үнкүр, Арқай Қасыр, Шікиқұтұқ үшеуінен: “Қада сендерге не берді?” деп сұрайды.

¹⁰⁵⁸ Иле, Qadaqu, Būketūr – МҚШ-да Иле, Qada, Qöbögetūr деп жазылған.

¹⁰⁵⁹ Nangging – “Наньцзин”, “Оңтүстік астана” – Цин ұлысының “Оңтүстік астанасы”. Қазіргі Кайфэн.

¹⁰⁶⁰ Qoi-siyu – Пекин мен Тяньцзинь аралығындағы елді мекен.

¹⁰⁶¹ Liušiu – қытайша lu-shou. Патшалық Ресейде және басқа елдерде бір облысты қарамағына алып, өз әкімшілігін ерекше уәкілдік құқықпен жүргізуші.

дедім: “Бұрын мына Жүндүдің байлығы Алтын қағанның еншісі болатын. Енді Шыңғыс қағандікі болды. Сен, Қада Шыңғыс қағанның байлығын ұрлап алып, бізге бергенің қалай деп алмадым. Үнкүр, Арқай екеуі бергенін алды!” дейді. Шыңғыс қаған Үнкүр мен Арқай екеуіне қатты сөгіс береді. Шікиқұтұқты ұлы салтты сақтады деп, қатты құрметтеп,

“Көрерге көзім,
Естірге (113-б) құлағым болып,
Өзгеден артық болдыңдар!” деп жарлық етеді.

Алтын қаған Нәнжідке барып, Шыңғыс қағанға өзі бас иіп, тағзым етіп, Тенгір есімді ұлын жүз жолдасымен, “Торқасұт болсын!” деп береді. Шыңғыс қаған қайтып келе жатқанда жолда¹⁰⁶² Чабчалдан асқан кезде, Қасырға мынадай тапсырма береді: “Сен сол қолдың шеріктерін алып, теңіз жағалай жүріп, Бейдің¹⁰⁶³ көне қаласын бағындыр, содан ары қарай Жүршіттің Жұғақуын¹⁰⁶⁴ басып өтіп, Елсен, Орбас қалаларын аралап, Ұлаған, Нанудан арқылы өтіп, Тұқұр дариясына қарай бойлап, Ұлы аураққа¹⁰⁶⁵ келіп бірігіңдер!” деп жібереді. Қасырмен бірге Жорчитай, Алти, Төлөн черби үшеуін жібереді. Бейдің қорғанын бағындырып, жолай кезіккен қорғандарды да басып алған Қасыр Тұқұр дариясына өрлей келіп, Ұлы аураққа бірігеді.

Данышпан Боғда Шыңғыс қағанмен тағдырлас, сол сияқты ерекше бітімді адамның бірі лама Сақианың Ғұңға Ниамбуы еді. Сол ламаның айтуымен Есрү атты қаланың солтүстік қақпасына таяу жерде, екі лавар қашықтықта (114-а) Далай дурсахуй деп аталатын сүме тұрғызады.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған қайырымды ілімді¹⁰⁶⁶ бірден игеріп, мәңгілік мекені — Зу Шагжа Мүниге садақа жіберіп,

¹⁰⁶² Imada – қате жазылған.

¹⁰⁶³ Beiging – “Бэйцзин”, Цин ұлысының “солтүстік астанасы”, қазіргі Жэхэ қаласы (“Золотое сказание”. С. 222.).

¹⁰⁶⁴ Vuуақи, – Цин ұлысының императоры (“Золотое сказание”. С. 222.).

¹⁰⁶⁵ Үеке аурағу-туғ – Иеке аурақта (Шыңғыс қағанның) ұлы қонысы.

¹⁰⁶⁶ Бууап – “буиан” – “қайырым”.

Сақианың Манзшир ламасына “Менің ұрпағымнан біреуін бодисадваған құбылған етіп тудыра гөр!” деп жалбарынады. Сол кезде Манзшир шәкіртіне: “Алтын қобдишаның аузын ашпастан, Данышпан Боғда Шыңғыс қағанға апарып бер! Бодисадваған құбылғанның бір мәрте қайта туылатын киесі бұл. Бұл қобдишаның аузын той жасап, Сумандари¹⁰⁶⁷ есімді келініне аштырсын!” деп жібереді. Сол қобдишаны тауық жылы¹⁰⁶⁸ кері қызыл айдың он бесінде үлкен той жасап, Тұлұй еженнің Еши атты келініне аштырып көрсе, ішінде үш алтын шіркей бар екен. Сол шіркей Еши қатынның танауынан кіріп, алтын ұмайының¹⁰⁶⁹ ішінде он ай болғаннан кейін, Құрым қорғанында Чағрабарди Құбылған (114-б) сечен қаған¹⁰⁷⁰ мен Арик Бұқа ежен екеуі туады.

Бірде Боғда Ежен қатты науқастанып қалады, оған қосылып Тұлұй ежен де қатты ауырады. Көріпкелге көрсеткенде, ол: “Бұл екеуінің қай бірі сауығып, қай бірі қаза болады!” дейді. Сөйткенде, Тұлұй еженнің қатыны Чақұр беки¹⁰⁷¹:

“Қаған Ежен жоқ болса,
Қалың ұлысы жесір қалар.
Тұлұй ежен жоқ болса,
Мен жалғыз жесір қалармын!” —

деп тәңірге жалбарынады. Солай жалбарынғаны қабыл болып, Тұлұй ежен дүние салады. Боғда Ежен науқастан сауыққанына көңілі көтеріліп, келініне:

“Өз күйеуіңді ойламай,
Ұлы төрді ойлағаның үшін,

¹⁰⁶⁷ Sumandari – Сорқұқтан бекидің буддалық атауы (Шыңғыс қағанның келіндерінің бірі.)

¹⁰⁶⁸ 1213 жыл.

¹⁰⁶⁹ Altan umai-tur – Алтын ұмайында.

¹⁰⁷⁰ Qubilγan čakrabarti – (діни) Құбылай сечен қағанның құрметті атағы. Бұл жерде оны өлмес бейнеге теңеп отыр.

¹⁰⁷¹ Čoqur-beki – Сорқұқтан бекидің бұрмаланған аты.

Мен — Боғда Ежен
 Сені келін деп атамайын!
 Беки тайху¹⁰⁷² деп атайын.
 Шиу деп айтпайын,
 Сутай тайху¹⁰⁷³ деп атайын!” —

деп марапаттап, сегіз отұқ¹⁰⁷⁴ Сахар елін атап береді. Керейттің Уаң қағанының інісі Жиқа Қамбудың қызы Чақұр беки деген осы болатын. Және тағы да Сартағұл елі Ұқұна бастаған жүз елшіні мазақ етіп, өлтіргені үшін (115-а) Шыңғыс қаған жарлық болдырып: “Алтын арқанымды Сартағұл еліне үздіріп, қалай қарап отырамын!” — деп, Ұқұна бастаған жүз елшінің өшін өштеуге, кегін кектеуге, Сартағұл еліне қарсы аттанады. Шыңғыс қаған аттанарда Таңғұт елінің Бұрқанына елші жіберіп: “Оң қолың болайын деген едің, сен! Сартағұл еліне алтын арқанымды үздіріп алып, аттанып барамын. Оң қол болып аттан!” деп хабарлайды. Бұрқан сөзін бастамас бұрын Есен Қамбу: “Әліне қарамай, қаған болғаны несі!” деп шерік бермей, қояды, тіпті, Қағанға ғайбат сөздер де айтады. Соны естіген соң Шыңғыс қаған бұй дейді: “Есен Қамбудан мұндай сөзді қалай естідім екен. Әуелі алған бетімнен қайтпай, соғысқа кіргенім жөн болар. Басқа елге аттанып бара жатқанда, бағытымды өзгертпей, теңіз мұхит тәңірлерге жарылқанып, алтын тізгінді берік ұстап қайтсам, сол да жетер!” деп тәуекелге бел байлап, қоян жылы¹⁰⁷⁵ Сартағұл еліне аттанады. Қатындар ішінен Құлан қатынды [өзімен бірге] алады. Інілері арасынан Отчығын нойанды Ұлы аурақты басқартуға қалдырады. Жебеге (115-б) маңдай шепті басқартып аттандырады. Жебенің айдарына Сүбегетейді жібереді. Сүбегетейдің айдарына Тақұчарды жібереді. Бұл үшеуін жіберіп: “Біз бері жағынан барғанша, сендер Сұлтанның арғы бетіне [шығып бізбен] қатар

¹⁰⁷² Beki dayıqu — Беки ханша.

¹⁰⁷³ Suıutai dayıqu — даңқ иесі немесе даңқты ханша.

¹⁰⁷⁴ Otıu — шағын әкімшілік бөліс атауы (Базылхан Б. МКТ. 379-б.).

¹⁰⁷⁵ 1219 жыл.

шабуылдаңдар!” деп бұйрық етеді. Жебе сол жолы қаған Меликтің шет қалаларына тиіспей, сыртынан айналып өтіп кетеді. Оның соңынан жүрген Сүбегетей де солай өтіп кетеді. Оның соңынан жүрген Тақұчар қаған Меликтің шеткі қалаларын тонап, диханшыларын шауып кетеді. Қаған Мелик қала-қорғандарының тоналғанын естіп, жолынан тайқып, Жалаладдин¹⁰⁷⁶ сұлтанға барып қосылады. Сөйтіп қаған Мелик пен Жалаладдин сұлтан екеуі Шыңғыс қағанға қарсы [соғысуға] бірге аттанады. Шыңғыс қағанның алдында Шікиқұтұқтың қалың қолы келе жатқан болатын. Қаған Мелик пен Жалаладдин екеуі Шікиқұтұққа қарсы келіп шайқасып, Шікиқұтұқты жеңеді. Ол енді Шыңғыс қағанға қарай беттеген тұста Жебе, Сүбегетей, Тақұчар үшеуі Жалаладдин сұлтан мен қаған Мелик екеуінің соңына түсіп, Жалаладдинді жеңіп, Бұқар, Семисгеб, Үтегер қорғандарын шабуылдап, Шин дариясына¹⁰⁷⁷ дейінгі жерлерді басып алады. Сөйтіп, жауды Шин дариясына (116-а) ығыстырып, суға апарып тіреп, Сартағұлды жеңеді. Шыңғыс қаған Шин дариясын өрлеп, Бедкегсенді¹⁰⁷⁸ басып өтіп, Еке өзені мен Кекүн өзеніне барып, Баран кегерге тоқтайды. Сол жерден жалайырдың Баласын¹⁰⁷⁹ Жалаладдин сұлтан мен қаған Мелик екеуінің соңынан жіберіп, Жебе, Сүбегетей екеуіне: “Жебе сенің атың Жұрғадай еді, Тайчығұттан келіп, Жебе атандың!”, Тақұчар мен қаған Меликтің шет қорғандарын талқандап, Меликті тірідей ұстап алып кел” деп бұйырады. Сонан: “Жаса бойынша өлтірейік!”¹⁰⁸⁰ деген райынан қайтып, өлтірмей тірі қалдырып, қатты айыптап, шерік басқару еркінен айырады. Содан кейін Шыңғыс қаған оң қолдағы

¹⁰⁷⁶ *Jilacin soltan* – Жалаладдин Хорезм Шах (1220–1231 жж.) моңғол жазбаларында осылай жазылады.

¹⁰⁷⁷ *Sin mügen* – Үндінің Синд өзенінің бұрмаланған атауы.

¹⁰⁷⁸ *Bedkegsen* – МҚШ-да *Batkesen* деп жазылған. Бадақшан қаласының бұрмаланған атауы.

¹⁰⁷⁹ *Jalaygaday Bala* – Бала нойан.

¹⁰⁸⁰ *Mökorigülüye* – басын алайық. Осы тұста сөйлем қалып қойған болуы керек.

шеріктеріне: “Амұр¹⁰⁸¹ дариядан өтіп, Үргенчі¹⁰⁸² қорғанына түсіңдер!” деп бұйрық беріп, аттандырады. Шыңғыс қаған өзі Үтегер қорғанына түседі. Жүчи, Шағатай, Өгедей үш ұлы Шыңғыс қағанға елші жіберіп: “Шеріктеріміз түгелдей Үргенчі қорғанына келіп түсті. (116-б) Біз енді кімнің айтқанымен жүреміз!” деп сұрайды. Шыңғыс қаған бұған жарлық етіп: “Өгедейдің айтқанымен жүріңдер!” — деп бұйырады. Содан Шыңғыс қаған Үтегер қорғанынан қозғалып, Семисгеб қорғанынан өтіп, Баға¹⁰⁸³ қорғанына келеді. Сол жерде Шыңғыс қаған Баланы күтіп, тау қыратындағы Сұлтанның жайлауында Алтын өзенін жайлайды. Үргенчіден Жүчи, Шағатай, Өгедей үш ұл бірге қимылдап, бағындырған елдерін үшеуі өзара бөлісіп алады да, Шыңғыс қағанға үлес қалдырмай қояды. Үш ұлының осындай ағаттығын сезген Шыңғыс қаған Жүчи, Шағатай, Өгедей үш ұлының қателігін айыптап, үш күн бойы сөйлеспей қояды. Содан кейін Боғұрчи, Мұқұлай, Шікиқұтұқ үшеуі ақылдасып, бұй дейді: “Отырықшы Сартағұл елін жаулап, көне қала елдерін қолға алдық, біз.

Бөліске түскен Үргенчі қорғаны,
 Бөлісіп алған ұлдары,
 Бәрі де Қағанның өзінікі емес пе?!
 Тәңір мен жердің жебеуімен,
 Сартағұл елін осыншама әлсіреткеніңе,
 Қалың ұл мен қыздарың (117-а)
 Қуанышқа бөленіп келеді.
 Ұлдар қателігін мойындап келеді,
 Ұрпаққа үлгі болсын.
 Ұлдар аңдамай шалыс кетті,
 Кешірім етсең болмас па?!” —

деп Боғұрчи басу айтқанда, Шыңғыс қаған сабасына түсіп, Жүчи, Шағатай, Өгедей үш ұлы туралы әңгіме қозғайды. Сонда:

¹⁰⁸¹ Амұи түген – Әмудария

¹⁰⁸² Амұи-түген, Угунггеңе – Үргенчі қаласы.

¹⁰⁸³ Ваға – Бұхара.

Бабалардың сөзін өсиет етіп,
 Ескі сөзді негіз етіп,
 Тұрған жерлерінде тұра алмастай,
 Отырған жерлерінде отыра алмастай,
 Маңдайдан аққан терлерін сүрте алмастай етіп,
 Қалтырата ұрсып жатқанда,

Қонқор қорчи мен Қорирұн қорчи екеуі бұй дейді: “Қателік қайта түзелместей, ұлдар енді ғана соғысқа кіріп, енді ғана үйреніп жүргенде, оларға неге сонша ұрсасың?! Ұлдар қорқып, жасқанып қалмасын. Күнбатыстың түбіне дейінгі жерде қаптаған қалың жауың бар. Бізді түп тірегің етіп жіберсең, сол жерлерге біз барып, тәңір мен жердің қуатына бөленіп, алтын, күміс бұйымдарды елімен қоса алып келіп, сенің алдыңа тарту етейік. Қай елге жібересің? Батыста Бағдат елінің Халифаты деген бар көрінеді. Біз соған аттанайық!” (117-б) деп еді, Қаған бұлардың сөзін құп көріп, жарлық болдырып бұй дейді: “Қонқай, Қоқтұғай, Чыраған, сен үшеуің барыңдар. Адарқадай, Қориқай және Тодоғатай, Қонтұқай екеуі менің қасымда болсын!” деп Үтеген мен Чормағаны¹⁰⁸⁴ Бағдат ұлысының Халиф сұлтанына аттандырады. Және Идүн¹⁰⁸⁵ елі мен Бағдат елінің аралығындағы Ару Мөру Мадашири елінің Абаду қорғанына Дүрбеттің Дүрбей Догшунын жібереді. [Сондай-ақ] Сүбегетей баһадүрді солтүстіктегі Қаңғылы, Қыпшақ, Оросат, Санғұғұт, Асұт, Қасұт, Ширесұт, Басмир, Болор, Керел¹⁰⁸⁶ осы он бір аймақ жат еліне¹⁰⁸⁷ дейін Еділ¹⁰⁸⁸, Жайық¹⁰⁸⁹ сулы дариялардан өтіп, Қиуа¹⁰⁹⁰ мен саз қамалды қорғанына дейінгі елдерге аттандырады.

¹⁰⁸⁴ Çormağan – Иранды бағындырған әйгілі қолбасшы.

¹⁰⁸⁵ Idün – Үндістанды осылай жазған.

¹⁰⁸⁶ Kerel – моңғол шежірешілері “король” деген атауды осылай жазған.

¹⁰⁸⁷ Başmir – башқұрт, orosat – орыс, asut – иассы, serkesut – шеркестер, bular – Еділ болгарлары, sangqut – мажар.

¹⁰⁸⁸ İjil – Еділ.

¹⁰⁸⁹ İaiyk – Жайық.

¹⁰⁹⁰ Kibatön – Киев.

Және Сартағұл елін жаулап алғаннан кейін Шыңғыс қағанның жарлығымен қала-қорған біткенге бастық қойылған тұста Үргенчі қорғанынан Көрмегей тайпасының¹⁰⁹¹ сартағұл Иаламча¹⁰⁹², Масақұт¹⁰⁹³ деген әкелі-балалы екеуі келіп, қорғандардың көне салтын Шыңғыс қағанға баян етеді. Олар қалалық жердің салтын жақсы білетіндіктен, ұлы Көрмегей Масақұтты біздің басқарушымыз болдырсаңыз (118-а) деген ұсыныс айтады. Бұқар, Шимискен, Үргенчі, Ұдан, Шисегей, Ұриан, Күкендари¹⁰⁹⁴ бастаған қала-қорғандарды басқартуға жарлық етіп, әкесін Жағұннан алдыртып, Қытайдың Жүндү қорғанын басқартады. Сартағұл адамынан Иаламча, Масақұт екеуі қорған салтын жақсы білетіндіктен, Қытай елін қоса басқаруға жарлық береді. Сартағұл елінде жеті жыл жүріп, сол жерде жалайырдың Баласын күтіп отырғанда, Бала Шин дариясынан өтіп, Жалаладдин сұлтан, қаған Мелик екеуін Индүс жерінің орталығына дейін қуып барып, жете алмай қайтқан жолда Индүстің шет елдерін тонап, көптеген адамдары мен түйелерін айдап келеді. Сол жерден Шыңғыс қаған қайтқан жолда Ардисті¹⁰⁹⁵ жайлап, жетінші жылға қарағанда Шыңғыс қаған Сартағұл елін бағындырып, қайта оралады. Келе бере Ордаға елші жіберіп: “Қорқақтай ұлды алып келсін!” деп айтқызады. Ұдар асуынан асып бара жатқанда тағы [бір] елшіні жіберіп: “Оң қанаттың ұлдары тез келсін!” деп айтқызады. Жедел қозғалып, Шыңғыс қаған Қара Жайр деген жерде түсіп (118-б) жатқанда жетеді. Сол жерде Шыңғыс қаған ұлдарына тоғыз-тоғыздан дүние-мүлік бөліп беріп, оған қоса сартағұлдың ұлдары мен ақталы жылқыларын үлестіреді. Кеткен ұлдардан ең алдымен

¹⁰⁹¹ Qörmegei oboу – Хорезм тайпасынан.

¹⁰⁹² Ialamča – Иаламча, Иалича, Иахун-ача деп әрқалай жазылады.

¹⁰⁹³ Masaqut – Масасун.

¹⁰⁹⁴ Bulai, Šimisgen, Ürünggeče, Udan, Šišegei, Üriang, Qūken-dari – қала-қорғандардың атаулары.

¹⁰⁹⁵ Ardiš – МҚШ-да “Erdiš”, Ертіс өзені.

Құбылай келгендіктен, сартағұлдың олжасынан Құбылайға көбірек береді. Сол жерден қозғалып, тауық жылының күзінде¹⁰⁹⁶ Тұғұлдың¹⁰⁹⁷ жағасындағы ну қара орманның ішіндегі Ордаға келіп түседі.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған ұлы Жүчиге Қыпшақтардың жерін билетуге енші бөледі. Шағатайды Сартағчиннің¹⁰⁹⁸ жерін билетуге жібереді. Жүчи мен Шағатай екеуін бөліп жіберерде жарлық болдырып: “Мен сендерді жеке бөгде елге жіберіп жатқаным жоқ. Иеленген жерге ие болсын деп,

Уысқа түскенді шығармасын,
 Ұлтарақ жерді ұзартсын.
 Ұлы төрді нығайтсын! — деп,
 Сыңар үй,
 Сыңар жаным етіп,
 Жақсы ырыммен аттандырып, отырмын.
 Ауылдан ауыл бөліндік деп ойламаңдар,
 Ауылдың бараны алыс емес,
 Ақтаға қонсаңдар жетесіңдер!
 Үйірден үйір бөліндік деп,
 Содырланып кетпеңдер,
 Үйірдің қасиеті,
 Үйірсектігінде болады!
 Ұрпақтарым, ағайын туысқа ардақты болыңдар! — деп,
 Қия жартасқа қарсы аттанғанда,
 Қиқулатар ұранға берік болыңдар!(119-а)
 Мұхиттар кешіп өткенде,
 Дауысты ұрандарыңды үзбеңдер!

¹⁰⁹⁶ 1225 жыл.

¹⁰⁹⁷ Tuqula – Толы өзенінің көне атауларының бірі. Бұл өзеннің жағасында Ұланбатыр қаласы орналасқан.

¹⁰⁹⁸ Sartaycin – Моңғолдардың жорығының тұсында Орта Азия халықтарын осылай атаған.

Бар-барлаған дауыстарыңмен ұрандап,
 Дауысты ұранға ұмтылып,
 Қарсы келгенге бөгелмеңдер!
 Барул-барул¹⁰⁹⁹ деп
 Малақайларыңмен шақырысып,
 Қарар көз, қастарыңды қақпаңдар!
 Алысқа кезіп, шалдығып,
 Ағайын-туыстан қол үзіп қалмаңдар!
 Келіскен сөзге тастай қатып,
 Таулы алыста айтқан серттен қайтпаңдар!
 Ағалап, інілеп сыйласып, жүріңдер!
 Қалың ұлыс елді,
 Қалтқысыз адал басқарып,
 Артта қалар жақсы атты,
 Ардақ етіп жүріңдер!” — деп жарлық етеді.

Шыңғыс қаған Жүчи ақайды Қыпшаққа басшы етіп тағайындарда да, Боғұрчи нойанға өсиет айт дейді. [Сонда] Боғұрчи бұй дейді: “Жүчи ұл тыңда! Қаған әкең сенің өрісіңді кеңейтіп, жат елді басқартуға бөлек шығарып, аттандырды! Қайраттан!

Аса алмас асу барын естісең,
 Қалай асамын деп, ойлама,
 Асайын десең, асасың!
 Солай тәуекелмен ассаң,
 Сол асудың арғы бетінде,
 Ән-күй,
 Қызық-думан (119-б.)
 Қарсы алар!

¹⁰⁹⁹ Barol, barol – сөздіктерде тіркелмеген. Ц. Жамцараноның айтуынша bara! baro! Ағын бұраттарының жебені нысанаға дөп тигізіп, жеңіске жеткендегі айқайы (Моңғолдардың XII ғасырдағы шежіресі. 114-бет). Ц. Шагдар bar және barul деп оқыған.

Өткел бермес дария бар,
 Қалай өтермін деп, ойлама,
 Өтемін десең, өтесің!
 Солай өткенде,
 Қауіп-қатерден аман болсаң,
 Өтіп барған сол жағалауыңда,
 Арбалы үйің қарсы алар!” — дегенде,

Жүчи ақай:

Даңқты Еженнің бұйрығын,
 Мені өзі жетпеген жерге жетіп,
 Қалың елді жинасын,
 Жерін кеңейтіп,
 Өрісін молайтсын! дегені деп ұқтым, мен.
 Сен [Боғұрчи],
 Түгел елді басқарып,

Дайын асты таратқандай, болып сөз айтасың!” дейді. Бұл сөзге Шыңғыс қаған жарлық етіп: “Жүчи сен, балалығыңа басып, балалық қылып тұрсың!

Топ елді басқара алмасаң,
 Топ болып жарытпайсың!
 Ас үлестіріп үйренген,
 Аспазшы жиналған жұртты,
 Аш қалдырмас.
 Тойда табақтан құр тастамас!
 Өзіне де жеткізіп ішер.
 Ұлы ұлысты басқару —
 Піскен аспен бірдей!
 Боғұрчидың сөзі дұрыс!” — деп бұйырады.

Шыңғыс қаған тағы да жарлық болдырып: “Әке мен ұлдың бітімі — ұлды көз көрмес алысқа жіберу емес, иеленген жеріне иелік еткізіп (120-а), қиындықта қатайтып, Ордалы үй мен өз жанына серік ету үшін ошақ бөліп шығару!

Түбін ойлап,
 Толғана жүріп,

Тыныштықты бұзбай,
 Құралғанды құртпай,
 Көсерге көзім,
 Естірге құлағым болып жүрсең,
 Ұл болып туғаныңның пайдасы — сол!” —

деп өсиет етеді.

Шыңғыс қаған тағы да Қоқин нойанды¹¹⁰⁰ орыс, черкес жеріне аттандырғанда жарлық болдырып:

“Қоқин, сен!
 Тұманыма менің адаспадың, сен.
 Еңкейгенше маған күш бердің, сен.
 Сүңгі-қырауыма шөлдемедің, сен.
 Шашың ағарғанша маған күш бердің, сен.
 Жолы болғыш ағаның ұрпағысың
 Жүчидің иелігінің оң қанатын бөліп ал!
 Қабырғасын¹¹⁰¹ тіке атамын деп,
 Ойлама!
 Саған бағынбаса қиналмай,
 Артқы елге туырлығы болып,
 Аруақты үйде желбіреп,
 Қалың ұрыста,
 Қара жұртқа басшы болғайсың!” —

деп жарлық етеді.

Қоқин нойан бөлінерде, Шыңғыс қағанды ардақтап бұй дейді:
 “Қаған ағамның соңынан қалмай еріп жүргенім үшін,

Тұманды күнде адаспадың,
 Сусыз жерде (120-б) шөлдемедің, деп,

¹¹⁰⁰ Qukin поуап — Ц. Жамцарано “Хоин нойан”, Ц. Шагдар “Хохин найан” деп оқыған. Рашид ад-Динде “Хуку найан” деп жазып, қоңырат тайпасынан шыққан қоңырат қағаны Дей сеченнің ұлы, Бөрте үчиннің інісі делінген (Шежірелер жинағы. I т. 2-кіт. 271-бет). Сол қанаттың мыңбасы болған. Қоқин нойан — Қыпшақ даласын билеген тұңғыш көшпелілер билеушісі.

¹¹⁰¹ Абагауап — қабырғасын.

Ішер асымен ел берді,
 Жұтар сусынымен ұлыс берді!
 Сегіз мың адамды билетіп,
 Өрісімді кеңейтіп,
 Өзгені басқартуға бөлек етті, мені!
 Елдің асына шаттанып,
 Ұлыстың сусынына мас болып,
 Алтын көңілімді тынықтыратын болдым, мен!
 Қаған ағамның адал жолына серт!
 Қайраттанып, күшімді берейін, мен!” — дейді.

Сонан тағы да Шыңғыс қаған Мөңкетү баһадүрді¹¹⁰² бөлек шығарарда жарлық болдырып: “Арқалаған садағымдай болған бауырым Қоқин ірге бөлініп, кетер кетпесте:

Ағатайым мені кешіргей,
 Басым жастықтан көтертпей,
 Бауырым елжіреп бөлінердей,
 Жамбасым сырдақ болып қалғандай болдым!” —

деп айтқызып жіберіпті.

“Адал дұрыс күшіңді бер,
 Күлік қайырап құрығым —
 Мөңкетү сені жұмсадым, мен!
 Желкеге түсер малақайыңды,
 Таңдап киіп сен,
 Темір үзеңгіңді тіреніп,
 Аспан мен жерді жаңғырта
 Аттан!
 Тәңірден жолыңды берсе,
 Теңізді жарып өтерсің, сен,
 Дауысты ұраныңды тастама!
 Жартасты айырып өтерсің, сен,

¹¹⁰² Mǘngge-tǘ bayatur — сол қанаттың мыңдық нойаны. Қият тайпасының Қианының ұлы.

Айқай ұраныңды тастама!
 Етек-жеңімді
 Үзіп барасың, сен!
 Артқа кекті қанатыңды
 Самғат!” (121-а) деп жарлық болдырады.

Шыңғыс қаған оған тағы да:

“Жүчи ағатайымды ауырсынба!
 Сөзге біріккен шешен болар,
 Найзаға біріккен батыр болар,
 Соны данышпан деседі.
 Бір мінезді бол,
 Боз шарапқа салынба!
 Оң мен солым
 Толған жау деп ойласаң,
 Ойлағаның болар.
 Олай демесең,
 Көңілді берік ұстап жетсең,
 Кейінгі сөзді сонда айтармыз!” —

деп бұйырып аттандырған екен.

Және тағы да Данышпан Боғда Шыңғыс қаған Боғұрчи, Мұқұлай екеуіне бұйрық етіп: “Қытай елінен сендерге еш үлес бермедім. Қытайдың Жүйінің елін Боғұрчи, Мұқұлай екеуің тең бөліп алыңдар. Бөліп алып, жақсы ұлдарына құс ұстатып, ертіп жүріңдер. Жақсы қыздарын өсіріп, әйелдеріңе ертіп, етегін түзеттіріп жүріңдер. Қытайдың Алтын қағанының сүйіктілері сенімді моңғолдардың ата-бабасын құртқан Сартағчин Жүйдің елінен. Ендігі менің сөзі бір амырақтарым Боғұрчи, Мұқұлай екеуің Жүйдің елін сендер бөліп алыңдар!” — деп жарлық етеді.

Және тағы да Боғда Ежен Қытай ұлысын өзіне қаратып¹¹⁰³ (121-б), Алтын қағанның тағын алғанын Таңғұттың Шидүрғұ қағаны естіп қорыққанынан Байан Сардақарының ұлы Ер Дүрдүнды елшіге жіберіп: “Оң қолың болып, алым өтейін!” дейді.

¹¹⁰³ Erkedürrien ogoулju – еркіне кіргізіп.

Сол елші Еженге [қағанының] сөзін жеткізіп қайтқанда: “Боғда Еженді тәңірдің ұлы дегені рас екен. Біздің қатынның шуағынан түнде білте керек болмай қалады. Мөнгөлөн қоғаға ұқсамайды екен!” деп айтып барады. Боғда Ежен осы кезде Жамұқаның әйелі Мөнгөлөн қоғаны тартып жүреді¹¹⁰⁴ екен. Дұрдұнның сөзін Жамұқа естіп, Еженге: “Менің Мөнгөлөн қоға әйеліме қарағанда қытайдың Уангинан¹¹⁰⁵ зәңгісіне қарасты сечен Номтайдың қызы, Шидұрғұ қағанның Күрбелчин қоға қатынның шуағына түнде білте керек болмай қалады дейді. Соны алсаңыз етті!” деп жасырын сырмен сөз тастайды.

Боғда Ежен содан кейін Сартағұл ұлысына өзі бастап жорыққа аттанады. Шидұрғұ қағанға “Сен де аттан!” деп елші жібереді. Шидұрғұ қаған ол елшіден: “Баршаны ала алмай тұрып қаған боламын дегені қайткені?! Қаған адамға нөкердің не керегі бар!” деп, бірге соғысуға көнбейді. Осы сөзді естігеннен кейін Ежен: “Алтын жаным шыққанша, сені уыстан жібермеспін!” деп серт етеді.

“Сол жылы қыстап алып, Таңғұт еліне аттанайық!” деп бұйырып, жаңадан шеріктерінің санын алуға санақ жүргізеді. [Және:] “Таңғұттың Шидұрғұ қағанының қара тұмсық, сары қоңыр Күбелек дейтін итінің нысаны бар, нәрсені алдын ала сезгіш дейді” деп естіп, Боғда Ежен тұғырлы тоғыз ақ туын тіктіріп қойып, үш рет аттанып, үш рет қайта түседі. Сол ит, амандық, есендік, тыныштық, жырғаулық деп үрсе — “Жаушылық жоқ!”, ұлып үрсе — Соғыс болады!” дегені екен. Сол ит Еженнің аттанғанын біліп, үш жыл бойы ұлып үреді. Шидұрғұ қаған: “Итім қартайып, нысаны қайтып қалыпты!” деп ойлап, еш алаңсыз отыра береді.

Содан кейін ит жылы¹¹⁰⁶ күзде жаяу шеріктерді соғысқа аттандырып, Боғда Ежен Қасырға: “Тазқараның қауырсынын жібер¹¹⁰⁷!” деп әмір беріп, құл Мічінді жібереді. Қасыр: “Ол

¹¹⁰⁴ Tataju iyabuqu agsan aju — тарту, ояту, көрпесін тарту, жасырын бару.

¹¹⁰⁵ Vangginai jangginii — бұрмаланған қытай атақтары.

¹¹⁰⁶ 1226 жыл.

¹¹⁰⁷ Qajir tas; “tas” — Құмай, Тазқара.

баршаны билеуші қаған болса да, тазқараның қауырсынын алуға мен жақсымын!” — деп тазқараның қауырсынын береді. “Ұзақ сақталған екен!” деп алмай қояды. [Шыңғыс қаған]: “Қара қасқасын өлтіріп, таста!” деп құл Мічинді қайта жібереді. Қасыр қара қасқа құстың ұшып жүргенін көріп: “Шыр айналған мұны қай жерінен атайын?” (122-б) деп құл Мічиннен сұрайды. Құл Мічин: “Қара мен сарының жапсарынан ат!” дейді. Тұмсығын үзе атып түсіреді. “Қаған адамға лайығы құмай тазқараның қауырсыны еді. Мынауың ол емес, қара қасқа екен. Қаны тиді!” деп алмай қояды. Оған Ежен қарсы болды!

Доңыз жылы¹¹⁰⁸ Ежен Боғда Есүй қатынды ертіп, атты шеріктерді бастап өзі аттанды. Ежен Боғда Мұна¹¹⁰⁹ тұмсығын көріп жарлық болдырып:

“Бұзылған төр бас сауғалайтындай,
Тыныш төр мекен қылатындай,
Аю мен бұғы үйірін табатындай, [жер екен]!” —

деп жарлық етеді.

Ежен ағаш басында отырған тілі жаман байғызды көріп, Қасырға “Ат!” деп бұйырады. Қасыр атып қалады. Байғыз көтеріліп кеткенде, араға түскен сауысқан қанатын үздіреді. Ежен ашуланып, найзасын көтеріп тұрады. [Сонда] Еженге Өрлік нойан: “Жақсы тұтылып, жаман құтылды. Ежен өзі байқаса екен!” — дейді. Ежен үнсіз құптап, бас изейді.

Содан кейін құл Мічин көтеші: “Қасыр інің арақ ішіп отырып, Құлан қатынның қолынан ұстады!” деп Еженге (123-а) айтады. Оған Ежен қатты ашуланып: “Бұрын жеті Қоңқотандармен сөз байласып жүрді. Одан кейін тазқараның қауырсынын бермей, талай сөз айтып жіберді. Енді тағы да, жаман тілді байғызды ат десем, жақсы тілді сауысқанды өлтірді. Анығында арам ойлы болғаны ғой!” деп Қасырды төрт адамға аңдытып, енекенің етін беріп, қоршаулы құдыққа байлап қояды.

¹¹⁰⁸ 1227 жыл.

¹¹⁰⁹ Мұна — Ұрат жеріндегі тау қыраты.

Қаңғай ханда¹¹¹⁰ үлкен ау болатыны жария етіледі. [Сөйткенде Шыңғыс қаған]: “Бөрте чинуа, Қоға Марал ауға түсіп қалмасын, оларды өлтірмеңдер¹¹¹¹. Көк боз аты бар, бұйра шашты ер адам [ауға] кіруі мүмкін, тірідей ұстап алыңдар!” деп жарлық етеді. Бөрте чинуа, Қоға Марал екеуі ауға кіріп келеді, өлтірмей шығарып жібереді. Көк боз аты бар ер адамды ұстап алып: “Сен кімдікісің?” — деп сұрайды. Ол үн қатпайды. Еженге алып келеді. Еженнің сұрағына, ол: “Моңғолдың Боғда Ежені шерік аттандырды деп естіп, Шидүргү қаған қарауылға шығарған еді:

Тұяқты¹¹¹² атқа шалдырмайтын,
Күш Болаттың көк сұрысы осы еді,
Тұяқтыға шалдырды.
Қара бастыға алдырмайтын,
Қақ жаратын Қара Бодүн деген мен едім,
Қара (123-б) басты адамға алдырдым.
Қара басым құритын болды!” — дейді.

Боғда Ежен: “Қағаныңды құдіреті зор — құбылған¹¹¹³ дейді. Шынын айт!” — деп жарлық етеді. Бодүн: “Таңертең улы сары шұбар жылан болады. Ол кезде ұстауға болмайды. Түсте күрең шұбар барыс болады. Ол кезде ұстауға болмайды. Кешке сұлу қара ұл болып, қатынымен ойнап отырады. Сол кезде ұстап алуға болады!” — дейді.

Содан әлгі кісінің сөзіне көніп, сол жерден Боғда Ежен Таңғұт елінің шетіне келсе, Шидүргү қағанның Ранғас текті кемпірі Моңғолдың шеріктерінің алдынан шығып келіп, ерлер мен ақталарды қарғап өлтіреді. Сонда, Еженге Сүбегетей баһадүр:

¹¹¹⁰ Qanggai-qayan — Қаңғай тауы.

¹¹¹¹ Börte činu-a — Gua maral, Бұл жануарлар моңғолдардың ата-бабалары саналған. Сондықтан бұларды (аулауға) өлтіруге тыйым салынған.

¹¹¹² Kūl-tū mögin-tur — “аяқты атқа” деп жазылған, біз “тұяқты” деп қолдандық.

¹¹¹³ Құбылған (діни) — сиқырлық ілімін жете меңгерген адам деген мағынада айтылған.

“Мына кемпір ерлер мен ақталарды қарғап өлтірді. Қабты¹¹¹⁴ Қасырды жазадан шығарсаңыз!” дейді. Ежен мұны құптап, Қасырды өзінің қанатты құла атына мінгізіп, алып келіп [кемпірді] атқызады. Қасырдың денесі байлауда тұрып құрсауланып қалған екен, атқан оғы тізедегі тобықтың тұсынан барып тиеді. Әлгі кемпір жантайып құлап жатып өлерінде: “Қасырдың ұлдары (124-а) жарақаттан өлсін, қыздары байдан қайтсын!” деп қарғап өледі.

Шыңғыс қаған Алашаға беттеп барып, Есе Қамбумен соғысып, Есе Қамбуды қолға түсіріп, термелі үй¹¹¹⁵, түйелі жүкті елін күлімен ұшыра шабады. [Шыңғыс қаған]: “Өркөкірек сәйт Таңғұттарды өлтіріп, анау-мынау таңғұт адамы болса, шеріктер өз ұстағандарын алсын!” деп жарлық етеді.

Қарлы Тахирден қозғалып, Түрмегей¹¹¹⁶ қорғанын алып, Шидүрғү қағанды жылан болған шақта, Ежен самұрық болды. Барыс болған кезде, Ежен арыстан болды. Бала болған кезде, Ежен шал болып, ұстап алды. Шидүрғү қағанның Еженге айтқаны: “Мені өлтірме!

Шолпанды ұстап, жаусыз болдырайын,
 Үркерді ұстап, жұт-жұрқасыз болдырайын.
 Мені өлтірсең, жаныңа жаман болады.
 Өлтірмесең, ұрпағыңа жаман болады!” —

дейді. Ежен оның сөзіне көнбей, атса оқ өтпейді, шапса [қаруымен] кеспейді. Сонда, Шидүрғү қаған: “Денемді шауып та, атып та ештеңе істей алмадың! (124-б) Менің табанымда үш бөліп бүктеген шұбар ызба бар, сонымен буындырып өлтір!” дейді. Сол айтқан ызбасын алып, буындырып өлтіргенде: “Қазір мені қалай буындырып өлтірсең, кейін өз ұрпағың мен құсап буындыртып өлсін. Күрбелчин Қоға¹¹¹⁷ қатынымның қара тұяғынан бастап, түгел денесін тінтіп шық!” деген [сөздерді] айтып, өліп кетеді.

¹¹¹⁴ Qabutu Qasar – “Айлалы мерген Қасыр” — Қасырдың лақап аттарының бірі.

¹¹¹⁵ Terme ger, čegm-e-tei ger – “шошақ киіз үйлер”.

¹¹¹⁶ Dögmegei – Нинся аумағында (провинция) орналасқан қала-қорған. Қытайша атауы — Линчжоу.

¹¹¹⁷ Kūrbelčīn qo’ya – Түрбэлчин сұлу, Шыңғыс қағанның тағдырының бір құпиясы осы сұлумен сабақтасып жатса керек.

Ежен Боғда Күрбелчин Қоға қатынды алады. Күрбелчин Қоға қатынның сұлу жүзін Еженнен бастап, Ұлы ұлыс түгелдей таңтамаша қылады. Күрбелчин қатын: “Мына өңім сенің шеріктеріңнің тозаңына кірлеп қалды. Бұдан бұрын мұнан да сұлу болатынмын. Енді суға жусам, қайта көрікті боламын!” дейді. Бұл сөзді естіп, Ежен Боғда: “Суға барып жуып кел!” деп жібереді. Ол қатын судың жағалауында жүретін көк торғайды ұстап алып, құйрығына жазу жазып: “Мен осы суға түсіп өлемін. Денемді төменнен іздемеңдер. Жоғарыға қарай іздеңдер!” деп әкесіне жібереді. Әкесі қызының айтқан сөзі бойынша өзеннің басынан іздеп тауып алып, жерлегенде бітеу тұлыппен топырақ төгіп көмеді. Сол сүйегін [моласын] көмген зәулім үйіндіні “Темір олоқу” деп айтады. Сол үрейгүді өзенді (125-а) Қатын өзені деседі.

Таңғұт ұлысын жаулап алып, Шидүрғу қағанды өлтіріп, Түрмегей қорғанын күйретіп, Күрбелчин Қоға қатынды алып, Таңғұт елін ұрпақтан-ұрпағына дейін тамтығын қалдырмай қырып, Таңғұт ұлысының олжасынан Есүй қатынға аса мол үлес береді. Сол жорықта Лұбан ханда¹¹¹⁸ жайлап, Түрмегей қорғанында Боғда Еженнің ыстығы қатты көтеріліп, алтын жаны шығар сәтте жарлық болдырып бүй дейді:

“Күдерідей төрт бауырым,
Күліктей төрт ұлым,
Бес түсті
Төрт қиырдағы Ұлысым,
Тыңдаңдар, сендер!
Қайыс үзеңгіні созылғанша,
Темір үзеңгіні тозғанша жүріп,
Ұлы ұлысты жинастырып,
Тұтастыра құраған тұста да,

¹¹¹⁸ Louban-qan – бұрынғы Ганьсу аумағындағы таудың атауы (Амар А. МТТ. 81-94-66.).

Мұндай қиналып көрмедім, мен!
 Бұдан бұрынғы тегімнің
 Борыш қарызы ма екен,
 Бүгінгі мына бейнемнің
 Ауыртпалығы ма екен?!” — деп,

Ежен Боғда бұй деп жарлық болдырады: “Осының бәріне сәйтім жауап қайтарыңыз!” — деп жарлық еткенде, Сүнүттің Көлүгүдей баһадүрі¹¹¹⁹ (126-б) бұй дейді:

“Құлашы кең алып төрдің қысқаратын кезі болар, деймін!
 Қайырлы Бөртгөлчин Сечен қатының да өлер, деймін!
 Қасыр, Белгүтей екі інің жеке топ құрар, деймін!
 Қаумалап жиған қалың Ұлысың,
 Қайда болса, сонда тарар, деймін!
 Биіктеген асқақ төріңнің аласарар кезі болар, деймін!
 Мәңгілікке бұйырған [қосағың]
 Бөртгөлчин сечен қатының да өлер, деймін!
 Қалап жиған қалың ұлысың өзгенікі болып тарқар, деймін!
 Таудай биік төріңнің қысқарар кезі болар, деймін!
 Тауып сүйенген Бөртгөлчин қатының да өлер, деймін!
 Отчығын, Қачиғұн екеуі жеке қалар, деймін!
 Тапқан, тасыған ұлысың,
 Тау, орманың түгел шашырап кетер, деймін!
 Қанғай-ханды жанай көшер, деймін!
 Қатын, ұлдарың шұрқырап-шулап келер, деймін!
 Соған бір жақсы өсиет сөзіңді айтсаң екен?!
 Өлге¹¹²⁰ биігіне бөленіп көшер, деймін!
 Қыз, ұлдарың шұрқырап-шулап келер, деймін!
 Соған бір жақсы өсиет сөзіңді айтсаң екен?!
 Нәресте тәнді шертудің өзі қиын болар, деймін!
 Егер шертсе, нирвана жерінде

¹¹¹⁹ Kúlúgetei-bayatur – әр шежіреде әр түрлі жазылады.

¹¹²⁰ Ölge – (өлгей) бесік — бесік ел — бесік өлке.

Кезігетініміз де (126-а) шын ба екен?!
 Таусылар тәнді бүлдірудің өзі қиын болар, деймін!
 Егер бүлдірсе, энхчин¹¹²¹ жерінде
 Жолығатынымыз шын ба екен?!
 Сыңар қалған Бөртгөлчин сечен қатының,
 Жетім қалған Өгедей бастаған ұлдарыңа
 Соны жерде су көрсетіп,
 Мойнақ жерде жол көрсетіп берер деймін!” —

дегенде, Шыңғыс қаған жарлық болдырып:

“Енді бұлай өлме!
 Сыңар қалған Бөртгөлчин сечен қатыныма,
 Жетім қалған Өгедей бастаған ұлдарыма,
 Соны жерде су,
 Мойнақ жерде жол көрсетіп бер!
 Гауһар таста тері жоқ,
 Құрыш темірде жемтік жоқ.
 Қайран туылған тәнде өлмес жоқ!
 Қайтпай, қайыспай жүріп,
 Қайратпен ақыл жинаңдар!
 Жүз түрлі іс тындыра білсең,
 Шеберліктің белгісі.
 Шын сөздің түбіне жетсең,
 Ақылыңның белгісі.
 Кішілік көрсете жүріп,
 Көп адаммен жарасты бол.
 Адалдыққа жаратылған,
 Асыл тәннің мұраты — сол!
 Кейінгі мықты төрді сақтаңдар,
 Құбылай Кегеннің сөзі ерекше,
 Соның сөзімен жүріңдер!” —

¹¹²¹ Энқјін — шаттық, шат шадыман (жұмақта).

деп жарлық болдырып, жиырма екінші жылы, қызғылт доңыз¹¹²² (126-б.) жылы алпыс екі жасында, жетінші айдың он екісінде тәңір болды.

Қасақ арбаға¹¹²³ күлікті жегіп, Қаған иенің алтын өлігін қасақ арбаға көтеріп салып, қайтуға беттеп келе жатқанда Сүнүттің Көлүгүдей баһадүрі мадақтап:

“Қалықтаған қаршығаның қанаты болып кеттің бе, Еженім!
 Қаңғырлаған арбаның жүгі болдың ба сен, Еженім?!
 Ойнаған қаршығаның қанаты болып кеттің бе сен, Еженім!
 Айналған арбаның жүгі болдың ба, сен, Еженім?!
 Шырылдаған құстың қанаты болып кеттің бе, Еженім!
 Сыңғырлаған арбаның жүгі болдың ба сен, Еженім!” —

деп мадақтап келе жатқанда, Мұна [тауының] көбер борпылдағына таяған жерде арба білігіне дейін батып кетіп, бес түсті елдің түгел күлігін жегіп шығара алмай, күллі Ұлы ұлыс қиналған тұста Сүнүттің Көлүгүдей баһадүрі жалбарына сиынып:

“Көк мәңгі тәңірдің жазуымен туылған¹¹²⁴,
 Күлік боғда Еженім, менің!
 Күллі Ұлы ұлысыңды тастап,
 Жеттің бе, сен әуелгі жаратылысыңа¹¹²⁵?!
 Тыныштық орнаған төрің,
 Түрлендіре құрған Ұлысың,
 Толықсыған (127-а) қатын, ұлдарың,
 Туған тау-су, өскен жерің сенің, сол жерде!
 Адалдықпен құрған төрің,
 Күшпен орнатқан ұлысың,

¹¹²² 1227 ж.

¹¹²³ Qasaq tereg — қасақ арба.

¹¹²⁴ Köke möngke tengri-eşe jayayabar tögüksen — ғарыш кеңістігін пайда болдырған Етүкен (жер) анамен бірге ежелгі моңғол аңызының еркек-ұрғашы жұп тәңірінің бірі, бұл дүниенің адамзатын жаратушылар. Кейіннен Моңғолдың біріккен мемлекеті орнаған тұста біріккен төр мемлекетінің символына айналған (Дулам С. МДЗД. 171-б.).

¹¹²⁵ Мәңгілікті — құдіретті тағдыр дегенді меңзеген.

Амырақ қатын, ұлдарың,
 Алтын орда сарайың сенің, сол жерде!
 Керемет құрылған төрің,
 Кезіктірген қатын, ұлдарың,
 Бұрында жинаған ұлысың,
 Тұқым-жұрағатың сенің, сол жерде!
 Өскелең ұлыс елің,
 [Кіндігіңді] жуған қар-суың,
 Қамұқ Моңғол ұлысың,
 Онон Делүгін Болдұқ —
 Туған жерің жырақта!
 Кері айғырдың кекілінен,
 Істеген айбынды ту-қуатың,
 Керней, дабыл ұраның,
 Кеңесер барлық ұлысың,
 Керүлен Көдөге аралың,
 Қаған тағына отырған жерің, сол жерде!
 Бітер іске бас болған,
 Бөртгөлчин¹¹²⁶ қатының,
 Бұйант хан¹¹²⁷ — туған жер суың,
 Боғұрчи, Мұқұлай екі амырақ нөкерің,
 Түгел ырыс салтың сенің, сол жерде!
 Құбылыстың кереметімен кезіккен,
 Құлан қатының,
 Қобыз¹¹²⁸, сыбызғы, ән-күйің,
 Барша түгел ұлысың,
 Құтты хан мекенің сенің, сол жерде!
 Қаригұна-ханды жылы деп,
 Қатын Күрбелчинді сұлу деп,

¹¹²⁶ Börtgelçin — т. н-да осылай жазылған, “Бөрте бегім” дегенді білдіреді.

¹¹²⁷ Қайырлы хан — тауларың деген мағыналы.

¹¹²⁸ Quuig соуиг — (муз. аспап), қ. м. т-де “хуур” — “қобыз”, “морин хуур” — “ат қобызы” деп аталады, “цоор” — “сыбызғы”.

Бөтен Таңғұт ұлысын зор деп,
 Көне Монғолдыңды осылай қидың ба, сен, Еженім!
 Қайран жаның шығып кетсе,
 Қас меруерттей сүйегінді алып қайтайық,
 Қатын Бөртгөлчиніңе көрсетейік!
 Қамұқ ұлысыңа жеткізейік!” дегенде,
 Қаған Ежен мейір рақым етті,
 Қасақ арба қаңғырлай қозғалды,
 Барша ұлыс қуанышқа кенелді!
 Қаған жырақтағы ұлы жеріне жетті,
 Ең мәңгі сүйекті жерлеп,
 Хан, жайсандардың тірегі болып,
 Қалың елдің табынушысы болып,
 Ең мәңгі қазық —
 Сегіз ақ үйге¹¹²⁹ айналды, деймін!
 Ежен осы жерден қозғаларда,
 Шаттана жарлық болдырғаны себепті —
 Дереу тұғағар қасақ арба
 Білігіне дейін батып кетті!
 Байтақ ұлы ұлысқа жалған жария шашып,
 Киген жейде, көтерген үй,
 Сыңар байпағын сонда жерледі.

Нақты сүйегін кейбіреулер Бұрқан Қалдұнға жерледі десе, енді біреулері Алтай — ханның теріскейіне, Кентей — ханның күнгеіне, Иеке Үтік деген жерге жерледі (128-а) деседі.

Шыңғыс қағанның айнымас күдерідей төрт інісі — Қасыр, Белкүтей, Отчығын, Қачиқұ осылар еді. Тақтың ұлы қатыны¹¹³⁰ Бөрте үчиннен туғандар — Жүчи, Шағатай, Өгедей, Тұлұй төртеуі еді. Және Илалтұн беки, Сечейкен беки деген үш ханша¹¹³¹

¹¹²⁹ Naïman şayan ger — Шыңғыс қағанның сегіз ақ үйі. “Ақ үй” атауы екі түрлі мағынада қолданылады. Бұл туралы кейінгі түсіндірмеде айтамыз.

¹¹³⁰ Şirgen-ü yeke qatun — таққа иелік ететін қатын.

¹¹³¹ Рашид ад-Дин Бөрте қатыннан туған бес қыз: Фужин беки (Хожин

болған еді. Құлан қатыннан туған Гөлүге ханша, Есүй қатыннан туған Иучибай ханша, Есүген қатыннан туған Қарачар, Қарқадү, Чағұб осы үшеуі еді.

Жүчи еженнің ұлдары — Ордана, Бат, Берке, Таңғұт, Чобай, Қонқочар, Беркечер осылар еді. Және Қолайған есімді бір қыз болған.

Боғда Еженнің төр тиянағы болған күлікті тоғыз өрліктің ағасы¹¹³² — жалайырдың Қоға Мұқұлайы, жүршіттің Чу Мергені¹¹³³, арлұттың Күлік Боғұрчиы, сүлдүннің Торқан Ширасы, ұранқайдың Желмесі, бесүттің Жебесі, ойраттың Қара Кируы, Жүркеннің Бороқұлы, татардың Шікиқұтұғы тоғыз өрлік осы еді¹¹³⁴.

Алғашында Желме жалғыз Мұқұлайдан ғана кіші еді. Кейін Бөртгелчин қатынды тайчығұттардан (128-б) алып келгенде істеген қылмысы үшін Боғда Ежен оны төрт адамнан кіші етеді.

Тоғыз өрліктер былай еді.

Осы тоғыз өрлік,

Ежен Боғдаға жеке-жеке жолығып,

Шексіз ұлыс елді құрастырған кезінде,

Ежен Боғдаға еріп күш беріп,

Қалыс жаудан қайтпай қаймықпай жүріп,

Қаған Еженнің төр ісіне жан аямай септесіп,

Қайырым рақымына бөленіпті.

Алысқа жетер атақ даңқты қорғап,

Баршаға әйгіленіп,

Тоғыз өрлік деген атаққа ие болыпты.

беки), Чичиган беки (Чечейген беки), Алағай беки (Алақа беки), Тумалун және Алталун (Илхалтун) осылар деп жазады (*Рашид ад-Дин. Судрын чуулган. 2-т., 67-108-бб.*). Қ. м. АТ-да Бөрте қатыннан туған үш қыз бар деп жазған.

¹¹³² Ағасы — бұл жерде басшы деген мағынада.

¹¹³³ *Çou mergen* — Шыңғыс қағанның тоғыз өрлігінің бірі, жүршіт руынан.

¹¹³⁴ *Iyesün örlüü-üid* — тоғыз өрліктері Шыңғыс қаған шексіз ұлыс елді құрған кезде қасынан қалмай, соғыста қаған үшін жан беріп, жан алысқан, айнымас дос, адал қызметші, асқан ер жүрек, шаршағанда күш беріп, төр ісіне жан аямай септесіп, қағанның рақымына бөленген, алысқа жетер атақ даңқын қорғаған, сенімді тоғыз өрлігі еді.

Боғда Еженнің үлкен ұлы Жүчи еженнің ұрпағы Қыпчақ, Тоғмақ¹¹³⁵, Ағасар-хан, Тарбис-хан¹¹³⁶, Шибан, Өлейбе, Исегер, Тоқу, Санғұт содан бері қарайғы қалаларға түгел билік етеді.

Шағатай ағаның ұлдары солтүстік шеті Кемілге¹¹³⁷, оңтүстіктегі шеті Бұрғари, Шемисигин Самарқан¹¹³⁸ осыларға дейінгі түмен қалаларға иелік құрады.

Өгедей қағанның ұлы Күйік қаған еді.

Тұлұй еженнің ұлы Мөңке қаған, Құбылай (129-а) құбылған сечен қаған¹¹³⁹, Ари Бұқа ежен осылар еді. Ұлы ошаққа¹¹⁴⁰ тұрақтап, қырық түмен Моңғолдың ежені болды.

Боғда Шыңғыс қағанның алты түмені дегені: Ордас бір түмен, Он екі түмет бір түмен, Иеншибу, Асұт, Қарчын бір түмен — оң қанаттың үш түмен дегені осылар еді. Сақар бір түмен, Қалқа бір түмен, Ұранқай бір түмен — сол қанаттың үш түмен дегені осылар еді.

Бөртгөлчин қатынның үлкен ордасын Күрүй орда, Құлан қатынның ордасын Солонгостың Барыс ордасы, Есүй қатынның ордасын Ширғачай ордасы, Есүген қатынның ордасын Қамтұтқұй ордасы деп атаған.

Сүмбер таудың оңтүстік жағында Қызыл Іленің¹¹⁴¹ даласы бар. Оны Жамбутиб деп атайды. Ол жерде тоғыз түсті ұлыс тұрады. Тоғыз түсті тұтас ұлыс дегені: Үнді елі ақ түсті, Қыз елі жасыл түсті, Тибет елі қара түсті, Қытай елі қызыл түсті, Жез елі көк түсті, Васа елі қызыл түсті, Ит елі күрең түсті, Шұбар (129-б) елі жалғыз аяқты, Моңғол елі сары түсті болады, осыларды айтқаны.

Моңғол ұлысы төрт түсті болады. Олар: Ақ моңғол Имағардың оңтүстігін мекендейді. Сары моңғол Ачи төсін

¹¹³⁵ Ел атаулары.

¹¹³⁶ Таулар атауы.

¹¹³⁷ Кеміл – қ. м. АТ-да және “Золотое сказаниеде” бұл “Кеміл” деген атау жазылмай, қалып қойған.

¹¹³⁸ Бұхара мен Самарқанд.

¹¹³⁹ Kubilyan sechen kağan – Құбылай қағанның мадақ аты.

¹¹⁴⁰ Iyеke golomtаn-tur – ұлы қоламта. Ұлы ошақ немесе Ұлы орда.

¹¹⁴¹ Ulaγan Li – Қызыл Іле. Түркістанды осылай атаған.

мекендейді. Қызыл моңғол қара қытаймен бірге мекендейді. Қара Моңғол солтүстік теріскейде мекендейді.

Тибет ұлысы үш түсті болады. Олар: Ақ тибет Жоғарғы Имағардың оңтүстігінде болады екен. Қызыл тибет үш Сүнге деген жерде болады екен. Қара тибет Қытайдың шет өңірінде болады екен.

Қытай ұлысы төрт түсті болады. Олар: Ақ қытай Үндінің жерінде екен. Сары қытай мұхиттың ортасында екен. Қара қытай Чанқы жерінде, Қызыл қытай Нангай деп аталатын жерде болады екен.

Инуан елі Керен деген жерде екен. Және От елі батыс оңтүстікте тұрады екен. Мон елі Доңыз тауын ұстап тұрады екен. Балба елі Үнді мен Тибеттің ортасында тұрады екен. Сартағұл елі Іле деген жерде тұрады екен. Мешін елі орман-тоғайда тұрады екен. Төрт бұрыш Ваиши жерінде бұл елдерді осылай бөліп (130-а) ұстаған екен.

Сол аралықта Лақа Тутари қағаннан бері қарай Үмүн Шірегетү қағанға дейін он бес қаған өткен екен. Тибет жерінде үш Чағрабарди қаған туылыпты. Сыртқы, ішкі, орталық үшеуін үш негізде, тоғыз уәзірлікке бөлген екен. Үш жүз алпыс жасақ — әкімшілікке басқартқан екен. Уәзірліктің басшыларына жеке-жеке шен-шекпен кигізген екен. Содан кейін Қытайдың жерінде Тан Унның елінен Чиу Тайжу есімді қаған алты буын ұрпақ алмасқанша таққа отырған екен. Содан кейін тағы да сол Қытайдың Алтаботү Танқұн Шиқұ есімді қағаны таққа отырып, Шидүргү қағанға дейін алты буын ұрпаққа билік еткен екен.

Осылардан кейін дәл сол кездерде шығыстағы Жамбутиб әлемінде¹¹⁴² бұл дүниеге он екі жаман қаған туылып, барша жан-жануарды азапқа салады. Жан-жануардың сол азабын ерікті Шагжамүни бурхан сезіп, Құрмұсты Тәңірдің құбылғанын [бейнесін] Моңғолдың жерінде — Есүкей баһадүр мен Өгелен үчин екеуінен жаратып, барша Жамбутибті билетіп, Моңғолда

¹¹⁴² Жамбутиб әлемі — Моңғолдың діни оқымыстылары Үнді жерін осылай да әспеттеген.

Данышпан Боғда Шыңғыс қаған бес ұлы ұлысты уысына алған. Бұдан бұрын оңтүстікте (130-б) Қытайдың Ақұдай Алтын қағаны, батыста Тибеттің Шидүргү қағаны, солтүстікте Сартағұлдың Сұлтан, қаған Мелик екеуі, шығыста Солонгостың Бұқа Чаған қағаны осы төртеуі “төрт түстіктің төрт жауы” деп аталған еді. Бұлардың сыртында өз-өздерін билікті еткен “он екі жаман қаған” болды. Олар: Тайчығұттың Тарғұтай Кірілтұғы, Жүркеннің Сача бекиі, Үш Меркіттің Тоқтаға бекиі, керейттің Уаң қағаны, Жажиранның Жамұқа қағаны, Қарлұттың Арслан қағаны, Ойраттың Қутоға бекиі, Қори Түметтің Ботоқай тарқұны, Ұйғұрдың Идигұты, найманның Даян қағаны, Татардың Мегүчин Сүгелтү, Алты Жүршіттің Жаңжұң қағаны деген осылар еді. [Шыңғыс қаған] осы он екі жаман қағанды өзіне бағындырып, қырық түмен Моңғол, төрт түмен Ойрат, алты мың Үжигед, Онғұча, Осқи, Барғы, Бұрат, Тоуа, Ұранқан, Ұрұттан, Қамиған, Егүт, Орман әулеті, Ала жылқылы, Алтын тепшелі¹¹⁴³ ұсақ-түйек ел, Күрең ит елі, Басы жоқ ел, Шұбар жалғыз аяқты ел бастаған Едөн ектен елін уысына алып, (131-а) барыстай ұстап, аюдай жарып, өз дегенімен жүріп, Едөн екте ұлыстан алым алып, Жамбутиб әлемінде Бұрқанның әмірімен, тәңірдің жебеуімен, қара басты адамның қалыбы бола тұра, осыншама ұлыстың басын біріктіріп, бес түсті ұлы ұлыс, төрт жаттың ессіз бұзақыларына ес беріп, Ұлысты құрап, төрді нығайтуға жұмылған сәйт тектілерден түмен нойанын, мыңдық нойанын, жүздік нойанын, ондық нойандарын сайлады. [Орданың] ішкі күзетіне түмен кебтуіл, сегіз мың қорчин, кішіктенді жеке құрды. Шерік тәсілін білетін баһадүр нойандарға шерікті басқартып, ұлыстың алым-салығының дарға¹¹⁴⁴, шүлен, демшілерін тағайындады. Дауды шешуге жайсандарды қойып, ұлыстың ісін жайғайтын черби, шерікті жайғайтын чербилерді жеке-жеке міндеттеп, жеке-жеке уәзірлік жосығын құрып, бес түсті ұлы ұлыстың аяғын жаһанға, қолын жерге жеткізіп, тыныштыққа бөледі.

¹¹⁴³ Altan tebšitü – алтын тағамды.

¹¹⁴⁴ Дагуа – басшы, бастық.

Содан үш жылдан соң, сиыр жылы¹¹⁴⁵ Өгедей қаған қырық үш жасында (131-б) Керүленнің Көдөге аралында ұлы таққа отырады. Кейбір тарихта: Өгедей қағанның аяғы қатты ауырып: “Сақиа бандиданы¹¹⁴⁶ алып кел!” деп елші жібереді. Ол лама бір бит, бір түйір топырақты мәйіттің үстіне салып беріп жібереді. Өгедей алып, көріп: “Топырағы — сен өлесің дегені екен. Бит бергені — менің талануға кеткелі жатқаным екен. Өлік бергені — кейін Моңғол ұлысы кітапқа кіреді дегені екен!” дейді. Сонда лама да келеді. Өгедей алдынан шығып қарсы алады. Аяғының науқасы жайлы сұрайды. “Қаған сен бұдан бұрынғы жаратылысында Үндінің қағанының ұлы болған екенсің. Жер қопарып, ағаш кесіп, сүме тұрғызған кезде жердің иесі келіп жәбірлеген. Сүме тұрғызғаның үшін Шыңғыс қағанның ұлы болып қайта туыпсың!” деп Мақа ғалай дорма¹¹⁴⁷ тастап науқасын жазады. Қағанның өзінен бастап, Моңғол ұлысы түгел кітапқа кіреді. Талай кереметтерді — сиқырлы құбылыстарды көрсетеді. Зу қаласын¹¹⁴⁸ Гимала Шила деп аталатын сұбұрға тұрғызады. Сақиа бандидаға (132-а) жолдас болып, Пагма лама¹¹⁴⁹ сегіз жасында еріп келген екен. Және Гарма багша да бірге келіпті деп айтады.

Тағы бір тарихта: Сақиа бандиданың жіберген құйма Бұрқанын “мынау алтын болар!” деп егеумен егегендіктен, бұрынғы құтырысы қашып үш күн ауырып, қаған тағына отырғаннан кейін он үшінші сиыр жылы¹¹⁵⁰ елу бес жасында Үдүкү Құланда қайтыс болған дейді. Өгедей қаған қой жылғы еді¹¹⁵¹

¹¹⁴⁵ 1229 жыл.

¹¹⁴⁶ Saqula bandida — Тибеттің әйгілі ғалым-ламасы.

¹¹⁴⁷ Maq-a-kalayin korm-a — Будда дінін қорғаған аса қатыгез бұрқандардың бірі; dorma — үстіңгі жағын шығыңқы етіп ұннан жасаған тағам.

¹¹⁴⁸ Dju qoton — Будданың зу деп аталатын ескерткіші тұратын Лхаса қаласы болу керек.

¹¹⁴⁹ Paksba lama — монғолдардың орта ғасырлар мәдениетінде (1235—1280) терең ізін қалдырған атақты лама. Шын аты — Лодой Жалцан.

¹¹⁵⁰ 1241 жыл.

¹¹⁵¹ 1193 жыл.

Күйүк қаған алты жылдан кейін жылқы жылы¹¹⁵² қырық екі жасында Өрмектіде ұлы таққа отырады. Келесі қой жылы қырық үш жасында Семшігітіде¹¹⁵³ қайтыс болады. Күйүк қаған сиыр жылғы¹¹⁵⁴ екен.

Содан бес жылдан кейін Боғда Шыңғыс қағанның кенже ұлы Тұлұй еженнің ұлы Мөңке қырық бес жасында, доңыз жылы¹¹⁵⁵ Керүленнің Көдөге аралында төртінші айдың үшінші жаңасында ұлы таққа отырады. Ламасы Содном Жамсан деген еді. Тоғыз жыл отырып, ұрпақ көрмей, елу төрт жасында (132-б) қой жылы Чин Жанқу¹¹⁵⁶ деп аталатын қалада дүниеден өтеді. Мөңке қаған қоян жылы туылған болатын¹¹⁵⁷.

Бұдан соң алты жыл толғанда, мешін жылы¹¹⁵⁸ Тұлұй еженнің Керейт Уаң қағанның інісі Жиқа Қамбудың қызынан туған даңқты Құбылай Сечен қаған қырық бес жасында Күрдү-Шандуда ұлы таққа отырады. Сол Құбылай Сечен қағанға төрт аймақ шерік тегіс қарапты. Ян¹¹⁵⁹ деп аталатын ұлысты және Миқан деп аталатын ұлысты өзіне қаратады. Қытайдың алты өлкесін, Манжи¹¹⁶⁰ ұлысымен қоса бағындырды. Үндінің шығысы, Қытайдың оңтүстігіндегі Қанжу¹¹⁶¹ деген үлкен көне қаланы — бұл дүниеде дәл сондай үлкен қала жоқ шығар, сол қаланы өзіне қаратып алды. Бұрқанның діни кітаптарының даңқын шығарды.

¹¹⁵² 1246 жыл.

¹¹⁵³ Semšikite — Бұл Рашид ад-Диннің айтуынша — Самарқанд. П. Пеллионың зерттеулерінде бұл жер Үрүнгі өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан делінеді.

¹¹⁵⁴ 1205 жыл.

¹¹⁵⁵ 1251 жыл.

¹¹⁵⁶ Čing Jangkü — Хечжоу қаласына жақын Сычуандағы қорған (Рашид ад-Дин. Шежірелер жинағы. II т. 146-б.).

¹¹⁵⁷ 1208 жыл.

¹¹⁵⁸ 1260 жыл.

¹¹⁵⁹ Yang — Яваға жорық болуы мүмкін.

¹¹⁶⁰ Manči — Манзи немесе Манчи — Оңтүстік Қытайдың атауы.

¹¹⁶¹ Qanjou — Ханчжоу — Суаң ұлысының астанасы.

Сол қағанның Чамбұй есімді қатыны үш ерденді¹¹⁶² қадірлеген екен. Сол қаған дін мен дүниенің ісін Чамбұй қатынмен ақылдасып шешеді екен. Содан ол қаған отыз жасында Пагва ламаны (133-а) алдыртып, Пагва ламаны он тоғыз жаста екеніне қарамастан таққа¹¹⁶³ отырғызып, Күрең зандан деп аталатын қаланың бағанасын ақ таспен жасатып, үш түсті елді түгел дінге кіргізеді. Құбылай Сечен қаған Пагва ламаға алтын мен маржан, қарсақ ішік, асылмен әшекейлеген иық жамылғы, ердене тымақ, алтын күнқағар, алтын тақ сияқты асыл бұйымдар, ат, түйе береді.

Содан кейін Пагва лама Қамұс Қамбо еліне барып, “Ұбадини әйгілеген даңқ нұрынан” қысқаша тәпсір жасап, “жеті жолдас” төңірегіндегі шагшбадты толық тәмәмдап, бұйырғанын алып қайтып келеді. Қаған “Очир-лы ұлы өсиетнама арасан топтамасын” үш мәрте қайырып, алғашқы кезекте Тибеттің үш түменінің хас шеберлерін көтереді. Келесі кезекте Қытайдың шеберлерін, дәл сол жылы Тибеттің он шеберін қоса көтереді. Үшінші кезекте Ачитасадүрү ханның сүйегінің көбейткен есесін [мүсінін] киелендіреді. Пагва ламаны “Бандида Пагва дишери” деген атаққа көтереді. Дайбуде қыстап, Шандуда жайлап, Шагжамүни дінін¹¹⁶⁴ күндей нұрландырады.

Бірде Гарма бақшы суға сүңгу, ғарышқа ұшу, тас уату сияқты көптеген риди құбылыстарын көрсеткенде, Сечен қағанның: “Біздің лама Дишери-Құтұқтұ құбылған екені рас болса да, риди құбылғандығы мен білімі мына қожалақ Иогежердікі артық екен!”

¹¹⁶² Čambui – Рашид ад-Дин Құбылай қағанның бәйбішесі қоңырат Чабұ қатын болғанын айтады (Жылнамалар жинағы. II т. 175-б.). “yurbaп erdeni-yi biširekci” деген сөйлем “үш ердені қадірлеген” деген мағына береді. Бұл Чабұн қатынның Будда іліміне кіріп “үш ердені” — “Будда, Ілім, Қауымды” қадірлегені.

¹¹⁶³ Šigen-e – дұрысы – širegen-e.

¹¹⁶⁴ Šagja-müni – бұрқан будданың әуелгі тегінің атауы. “Шагжа” дегенді моңғол тіліне “бурам модод” (бұрым ағашты) деп аударған (Цэрэнсодном Д. Хэл зохиол судлал. Цуврал, 1969. VII т. 5-дәптер. “Монгол данжуурын төгсгөл шүлгийн тухай”).

деп жарлық еткенін Сечен қағанның қатыны естіп, Пагва ламаға мән-жайды түсіндіріп: “Гарма бақсыны артық көрсек, Сақианың ата тегінің алдында күнә болар. Сен де риди сиқырлығыңды көрсет!” — дейді. Сөйткенде, Пагва лама қаған, уәзірлерден тартып, барша жұрттың алдында өз денесін найзамен бес бөліп тастап, бес түрлі Бұрқан болғанын көрсетіп, бұдан өзге де кереметтермен көптің ризашылығына бөленеді. Сол Құбылай сечен қаған жалған діндарларды қызметтен шығарып, екі жосынды тең дамытып, Шыңғыс қағанның (134-а) ұлы төрін нығайта ұстағаны үшін Чигідана сечен қаған¹¹⁶⁵ деген атақ алып, баршаға әйгілі болады.

Отыз бес жыл таққа отырып, жылқы жылы¹¹⁶⁶ құб айының жиырма екісінде сексен бір жасында Дайдуде дүниеден өтеді. Сечен қаған жылан жылы туған екен¹¹⁶⁷.

Бұдан кейін, сол жылқы жылы Өлжейті қаған¹¹⁶⁸ отыз жасында төртінші айдың оныншы жаңасында Шігір көлінде ұлы таққа отырады. Ламасы Дарма-бала деген екен¹¹⁶⁹. Он төрт жыл отырып,

¹¹⁶⁵ Čigidan-a sečen qağan – Теңдессіз шешен қаған дегенді білдіретін атақ.

¹¹⁶⁶ 1294 жыл.

¹¹⁶⁷ Н. П. Шастина: “Жылан жылы 1209 жылға дәп келеді. Юань-шидегі дерек бойынша Құбылай қаған 1213 жылы туған. Құбылай қағанның 81 жас жасағаны рас болса, туған жылы 1209 емес, 1213 жылы туғаны шындыққа саяды” десе, Марко Поло жазбасында “солай хан тағына отырғаннан кейін мына 1298 жылға дейін 42 жыл өтіпті. Қаған таққа отырғанға дейін талай мәрте ерлікпен соғысып жүрсе де, билікті қолға алғаннан кейін 1286 жылы жалғыз мәрте соғысқан екен” деп жазған (Марко Поло. Орчлонгийн элдэв сонин. УБ., 1987. 85-б.).

¹¹⁶⁸ Ōlǰei-tu – Өлжейті, өлзийт (моң) қайырымды, мейрімді деген мағынадағы діни атақ. Юан ұлысының қағандарына өлгеннен кейін қытай дәстүріне сәйкес сүме, хите атауларын беретін болған. Құбылай қағанның немересі 1294–1307 жылдар аралығында билік құрған Темірді моңғолша Өлзейті хан, қытайша Чэн-цзун деп атаған. (“Золотое сказание”. Н. П. Шастинаның XIV тарауға берген 34-ші түсіндірмесі). Марко Поло: “1294 жылдан Газан билікке иелік етті” деп жазады (Орчлонгийн элдэв сонин. 261-б.).

¹¹⁶⁹ Қ. м. АТ-да бұл сөйлем жазылмай қалған.

қырық төрт жасында, қой жылы¹¹⁷⁰ құб айының сегізінші жаңасында Дайдуде тәңір болады. Өлжейті қаған сиыр жылғы¹¹⁷¹ екен.

Содан кейін тағы сол қой жылы Өлжейті қағанның інісі Күлік қаған жиырма жеті жасында ұлы таққа отырады. Ламасы Чойжи Одсэр¹¹⁷² болған екен. Бесінші жылға қараған доңыз жылы¹¹⁷³ Дайдуде тәңір болады. Күлік қаған жылан жылы¹¹⁷⁴ туған екен. Бұл қаған дінді көп қолдаған деседі¹¹⁷⁵.

Содан кейін доңыз жылынан [бастап] Бұянты қаған отыз жыл таққа отырады. Ламасы (134-б) Дон Едба деген екен. Он жыл отырып, мешін жылы¹¹⁷⁶ қырық жеті жасында Дайдуде тәңір болады. Бұянты қаған тауық жылы¹¹⁷⁷ туған екен.

Содан кейін сол жылы, Кеген қаған жылқы жылы¹¹⁷⁸ он сегіз жасында Дайдуде ұлы таққа отырады. Ламасы Содном Жамсан болған екен. Төрт жыл болып, жиырма бір жасында доңыз жылы¹¹⁷⁹ Шандудың Өмнөд морин өвчүнде¹¹⁸⁰ тәңір болады Кеген қаған тышқан жылы¹¹⁸¹ дүниеге келген екен.

Содан кейін Есентемір қаған доңыз жылы отыз жасында Көдөге аралда ұлы таққа отырады. Ламасы Иеке Бам Содном екен. Кейбір тарихта Арибаха қаған деседі. Алты жыл отырып.

¹¹⁷⁰ 1307 жыл.

¹¹⁷¹ 1265 жыл.

¹¹⁷² Қ. м. АТ-да бұл да қалып қойған. Чожи — Одсэр атақты аудармашы моңғол тіліне бірнеше Будда шығармаларын аударған. Шыққан тегі ұйғыр.

¹¹⁷³ 1311 жыл.

¹¹⁷⁴ 1281 жыл.

¹¹⁷⁵ Бұл сөйлем қ. м. АТ-да жазылмай, қалып қойған. Юань ұлысының үшінші қағаны Құбылай қағанның немересі 1307—1311 жылдар аралығында билік құрған Күлүк қаған. Буддалық құрметті аты У-Цзун.

¹¹⁷⁶ 1320 жыл.

¹¹⁷⁷ 1273 жыл.

¹¹⁷⁸ 1321 жыл.

¹¹⁷⁹ 1326 жыл.

¹¹⁸⁰ Евсігүн-е — төсінде

¹¹⁸¹ Тышқан жылы — 1300 жыл. МҚШ-да 1303 деп берген. 1320—1323 жылдар аралығында билік құрған. Буддалық лақап аты — Ин-цзун, шын аты — Шидэбала.

отыз алты жасында ұлу жылы¹¹⁸² сегізінші айдың алтыншы жаңасында Шандуда тәңір болады. Есентемір қаған жылан жылғы екен¹¹⁸³.

Сол жылы Ражабак қаған ұлы тақта қырық күн отырып дүние салды және Күшеле қаған бір ай ғана отырып өлтіріледі және сол жылы Жайаты қаған отыз бес жасында ұлу жылының¹¹⁸⁴ (135-а) сегізінші айының он екісінде ұлы таққа отырады. Ламасы Ринчин Диниқа деген екен.

Содан кейін жылан жылы¹¹⁸⁵ Құтұқтұ қаған батыс өлкеден атақ абырой алып келіп, құб айының он тоғызында, отыз жасында Ұлы қасбұғуа таңба [үшін] Алтемір чинсанды өлтіртіп, қарсы келгендерді күйретуді жақтасы Күшелеге тапсырып, Чечек-нағұрда төртінші айдың үшінші жаңасында ұлы таққа отырды. Ламасы Намқай Жамсан деген екен. Төрт ай отырып, сол жылы сегізінші айдың алтыншы жаңасында тәңір болады.

Содан кейін сол айдың онында Жайаты қаған ұлы таққа отырады. Ламасы Жиши Ринчин болған екен. Төрт жыл болып, мешін жылы¹¹⁸⁶ отыз бес жасында Дайдуде тәңір болады¹¹⁸⁷.

Тағы сол мешін жылы Ірчемел Ердене Соқты қаған оныншы айдың бесінші жаңасында ұлы таққа отырады. Ламасы Санжайбал болған екен. Сол айдың жиырма бесінде, мешін жылы Дайдуде тәңір болады.

Сол, мешін жылы Дайдуде Тоғон Темір Ұқағату қаған¹¹⁸⁸ ұлы таққа отырады. Ламасы (135-б.) Бұйану Лу деген екен. Сол қаған Шыңғыс қағанның орнатқан ұлы төрін уыстан шығарып алды. Шыңғыс қағаннан Тоғон Темір қағанға дейін Сақианың ламаларына

¹¹⁸² 1328 жыл.

¹¹⁸³ 1293 жыл.

¹¹⁸⁴ 1328 жыл.

¹¹⁸⁵ 1329 жыл.

¹¹⁸⁶ 1332 жыл.

¹¹⁸⁷ Daduta – түпнұсқада қате жазылған.

¹¹⁸⁸ Тоғон Темір Ұқағату-қаған (1332–1368) — Юань ұлысының соңғы қағаны, буддалық лақап аты — Шунь-ди.

сиынды. Ұқағату қаған Тишу Ибшуд Лу ламаның шарифатына бағынбай, Пагва ламаның сертінен асып, Құбылай сечен қаған ұстаған Дайду сарайынан айырылған жосыны осылай екен.

Сол Ұқағату қағанның тұсында Жүршіт қарияның Жожу есімді баласы туылғанда үйдің ішіне кемпірқосақ тартылған екен. Сол белгіні Лаған, Ибаған екеуі сезіп:

“Мына бала қағанымызға,
Жақсылық та, көмек те болады.
Жамандық та, қастандық та қылады!” — деп,

Қағанға барып, осыларды айтып: “Мұны кішкентайынан көзін жойыңыз!” — десе, Қаған бұл екеуінің сөзіне көнбей, әлгі баланы өлтірмей қояды. Сонда Лаған, Ибаған екеуі: “Сіз мұны бекер өлтірмедіңіз. Енді бұдан былай басыңызды бұлдамай-ақ қойыңыз!” — дейді. Сол баланы өскеннен кейін шығыс өлкедегі ұлысына дарғы¹¹⁸⁹ етеді. Батыс өлкедегі ұлыстарды Тоқтаға, Қарачанға екеуі билейді екен.

Содан кейін Жүге, Бұқа деген ағалы-інілі екеуі (136-а) Тоқтаға, Қарачанға екеуін қағанға жамандап: “Мына екі дарға қазынаңызды жымқырып, жақсыларын өздері жеп, қалған-құтқан жаманын қағанға әкеліп береді!” — дейді. Бұл сөзді естіген соң, қаған сол Жүгені: “Тоқтаға мен Қарачанға екеуін мұнда алып кел!” деп жібереді. Жүге жолға аттанып кеткенімен, жетпей жолдан қайтып келіп, қағанға “олар келмей қойды!” деп өтірік айтады. Қаған ашуланып, Тоқтаға, Қарачанға екеуін дарға [шенінен] айырады. Ен байтақ ұлысты Жүге мен Бұқа екеуіне билетеді. Жүге, Бұқа екеуі алым-салық қазынасын жинауға аттанады. Үш жыл бойы келмей қояды. Қаған: “Жүгенің жолы аса ауыр болды. Жүге келгенде қақпаны ашып қойма!” деп қақпашыға әмір етеді.

Содан кейін бірде қаған түс көреді. “Қалың қолмен жау келіп соғысып, менің қаламды қоршап алды. Сол жаудан қорқып

¹¹⁸⁹ дарға — басшы деген мағыналы шен атауы.

қаланың ішінде айнала жүгіріп, шығарға жер таппай жүр екенмін. Солтүстік-батысқа қарай жүгіріп бара жатсам, бір (136-б) тесік көрінеді. Сол тесіктен хан орданды, қалың ұлыс елімді тастап, қашып шықтым!” деп көрген түсін айтады. “Осы түсім жақсы ма, жаман ба?” деп қытайдың Кеген санчинына¹¹⁹⁰ жорытады. Әлгі санчин қағанның бұл түсін: “Қағанның хан ордасынан айырылуына көрінген түс екен!” деп жориды. Бұдан кейін моңғолдың Тоқтағачинсаны жақсылыққа жорыған деп те айтады. Сол түстің нышанымен солтүстік-батысқа барып көрсе, әлгі түсінде көрген тесік бар екен. “Осы түсім анық болады-ау!” деп шошынады.

Содан кейін Тоқтаға мен Жүге екеуі түмен қасаққа алымсалық тиеп келеді. Көптеген қасаққа түрлі бұйымдар тиеген екен. Үш мың қасаққа құйақ киген шеріктерді тиеп келіпті. Қақпашы қақпаны ашпай қояды. Қақпашыға асыл бұйым, дүние зат беріп, қақпадан кіріп келіп, шеріктерді ашыққа шығарып, қағанның алтын ордасын қоршай бастағанда, қаған біліп отыз түмен моңғолын тастап, бұрын көрген тесіктен қатын, балаларын алып, қашып кетеді. Он түмен моңғолды алып шыққан екен. Сол қашып шыққан сәтте (137-а) Қабты Қасырдың ұрпағы Тақу баһадүрдің ұлы Томолқұ баһадүр ұлы Қачи Күлікті шығарып жіберіп, алпыс байрақты¹¹⁹¹ нөкерлерін жігерлендіріп бұй дейді:

“Арыңды сындырғанша,
Сүйегіңді сындыр деген!”¹¹⁹² —

деп, қытайдың қуғыншы шеріктерінің алдын қайырып, атысып жүріп қаза болады. “Қағанның ұрпағына Қасырдың ұрпағы бір жақсылық істеген!”¹¹⁹³ дейтіні сол екен!

Содан [моңғолдар] Молтұқчин¹¹⁹⁴ сайын паналай қашып барып, сол араға Барыс қорғанын салып, бекініпті. Қытайлар Қирса

¹¹⁹⁰ Оқымысты шырақшы деген мағынадағы діни атақ

¹¹⁹¹ Kiqiritan – (к. а.) Байрақты.

¹¹⁹² Nere-ber qarğarağar yasu-ban quuğa – мәтел, қазір де айтылады.

¹¹⁹³ Қаған деп Шыңғыс қағанды айтып тұр. Бұл сөйлем — Шыңғыс қаған мен Қасыр арасында бір кезде болған жанжал туралы астарлы сөз. Шығыс Моңғолияда бірнеше ғасыр Қасырды “ежен” деп атаған.

¹¹⁹⁴ Moltouçin-u sübe – Пекиннің солтүстігіне қарай 20 км қашықтықтағы сай.

қорғанын салып бекініпті. Ұқағату қағанның ұлы Біліктү жады ойнатады екен. Ол жады ойнатып, қарлы дауыл соқтырып, қытайдың шеріктерін қара халқымен қоса киесін ұшырып тас-талқан етеді. Одан қалған аз шерігін ақ қамалға дейін қуып барып күйретеді. Ойға қашқандары ошағының басында қаруымен өртеніп, тауға қашқан қытайлар “Қарсақтың құйрығы қыл қаламға да жарамапты!” деген [тәмсілдің] кебін киген деседі.

Әр түрлі асыл әшекейлі тіктеп біткен Дайдуым!
 Ежелгі хандар жайлаған мекен — Сары далалы Шандуым!
 Қоңыр салқын (137-б) Кейбүн Шандуым,
 Қызыл қасқа қоян жылы айырылған қайран, Дайдуым!
 Таң сәріде биікке шықсам — әсем мұнартып,
 Хош иіспен қарсы алатын жұпарым!
 Лаған, Ибаған айтқан сөзді қаған — Ұқағату ұқпадым,
 Біле тұра, қайран Дайду сені уыстан шығардым!
 Ақылсыз туған нойандар Ұлыс жайын ойламай,
 Жылап-еңіреп жалғыз қалдым, мен
 Көштен қалған қызыл тайыншадай!
 Алуан түрлі асылдан біткен,
 Сегіз қырлы ақ сұбұрғам!
 Ұлы ұлыстың абыройын жүктетіп,
 Таққа мені қондырған.
 Тоғыз түрлі асылдан біткен,
 Қайран, қала Дайдуым!
 Қырық түмен Моңғолымның,
 Тағына мені қондырған.
 Төрт қақпалы, төрт бұрышты,
 Ұлы қала Дайдуым!
 Дін ілімі кеңге тарап,
 Алаңсыз жатқан шағымда,
 Темір сатың үзіліпті-ау,
 Қайран, қала Дайдуым
 Абыройым, ардағым!

Қайдан да болсын Моңғол ұлысын,
 Қарауылдап қараған,
 Қайран, менің Дайдуым!
 Қыс қыстамас көне қалам,
 Жаз жайлауым — Кейбүн Шандуым —
 Қайран әсем Сары далам!
 Лаған, Ибаған екеуінің,
 Сөзіне (138-а) көнбеген — запыраным!
 Құтұқтұ салдырған қамыс орданы,
 Құбылған Сечен хан жайлады!
 Қайран, сол Кибүн Шандуды,
 Қытай ұлысына түгел алдырдым!
 Күйттеген жаман атақты,
 Ұқағату қаған өзіме қалдырдым!
 Қауым салған хан-Дайдуды,
 Қасарыса күзеткен қайран Дайдуды,
 Қытайға түгел алдырдым!
 Күйттеген жаман атақты,
 Ұқағату қаған өзіме қалдырдым!
 Түрлі асылдан сомдаған ердене Дайдуды,
 Ен жайлаған жайлау — Кейбүн Шандуды,
 Жаңылып қытайға алдырдым,
 Арылмас жаман атақты,
 Ұқағату қаған өзіме қалдырдым!
 Қаған Еженнің жинаған ұлы атақ абыройын,
 Ғажайып Сечен қағанның тұрғызған қайран Дайдуын,
 Барша ұлыстың киелі ошағы — асыл қаланы,
 Түгел айырылдым Қытай ұлысына, қайран Дайдуды!
 Хан Тәңірдің ұлы — Шыңғыс қағанның алтын ұрпағы —
 Барша Бұрқанның құбылғаны —
 Сечен қағанның Алтын Сарайын,
 Барша бодисадбаның құбылғаны. Ұқағату қаған,
 Хан Тәңірдің бұйрығымен айырылдым, қайран Дайдудан!

Қаған Еженнің қасбұға таңбасын
 жеңіме жасырып (138-б) алып шықтым!¹¹⁹⁵
 Барша жаудың ішінен шабыса жүріп, қашып шықтым,
 Бұқа Темір чинсан жау ішінен сытылып!
 Қаған Еженнің ұрпағынан түмен заман ұлы тағы кетпесін!
 Қапыда айырылдым, қайран Дайдудан!
 Үйден шығарда асыл қазына — дiнiм қалды, сол шақта,
 Ақыл бiлiктi бодисұндар талдар мұны болашақта!
 Құт айналып қайта келiп, қасиеттi тұрағына,
 Қонғай деймiн,
 Шыңғыс ханның үзiлмес алтын ұрпағына!”

[Осылай жоқтау айтқан Ұқағату қаған¹¹⁹⁶] содан кейiн жиырма тоғыз жасында, төрт жылдан соң ит жылы¹¹⁹⁷ Ин чанбу¹¹⁹⁸ деген қалада тәңiр болады. Қалың Моңғолдың төр билiгiн Таймин қағанға айырылғаннан соң, кiтап дiнi де құлдыраған екен.

Құбылай Сечен қаған Дайдуде [таққа] отырғаннан кейiн бiр жүз бес жыл алты ай [тақ мұралығын жалғастыра] отырып Дайду қаладан айырылған деседi.

Сол төр билiгiнен айырылар тұста Ұқағату қағанның аяғы ауыр, қоңырат қатынының жүктi болғанына үш ай толған екен. Ол қатын бұтаның арасына жасырынып, көштен қалып қойыпты. Сол бұтаны қытайлар “ганг”, моңғолдар “бутуг” деп атайды. (139-а) Сол қатынды қытайдың Жожу Қонқуа¹¹⁹⁹ қағаны алып, қаған тағына отырады. Сонда әлгi қатын: “Жетi ай болып көрiнсе, жаудың баласы деп өлтiрiп тастайды. Он ай толып көрiнсе, өз балам деп жамандық жасамайды. Тәңiр әкем жебеп [баланы] он айға

¹¹⁹⁵ Үarbai — шықтым т. н-да осылай жазылған. Қ. м. АТ-да irebei — келдiм деп жазылған.

¹¹⁹⁶ Uqayatu qaγan — Ақылды қаған, Құбылай қағанның бiр атағы.

¹¹⁹⁷ 1370 жыл.

¹¹⁹⁸ Ing-Čangbu — Қытайдың солтүстiгiндегi Инчанлу қаласын моңғолдар осылай атаған. Кейiннен бұл қала Инчанфу деп аталған.

¹¹⁹⁹ Jūy Qunqū-a — Мин ұлысының тұңғыш қағанының моңғолша аты. Шын аты — Хуаң-у.

толтырып тудыра гөр!” деп іштей жалбарынып жүреді. Тәңір қолдап он айдан кейін ұл бала көрінеді [туады]. Жожу Қонқуаның қытай қатынынан да бір ұл бала туады. Жожу Қонқуа қаған түс көреді. Түсінде: екі ұлу таласып, оң жақтағы ұлу сол жақтағы ұлуды жеңеді. Қаған “Бұл түсім жақсылық па, әлде жамандық па?” деп сәуегейге жорытады. “Ол екеуі ұлу емес, екі балаң. Оң жақтағы ұлу — қытай қатыныңнан туған балаң, сол жақтағы ұлу — моңғол қатыныңнан туған балаң. Бұл бала сенің хан тағыңа отыруға жаралған” деп жориды. Сәуегейдің сөзін естігеннен кейін Қонқуа қаған “Алалығы жоқ екеуі де менің балам болғанымен, мұның шешесі жау ғой! Бұдан туған (139-б) бала менің хан тағыма отыратыны жаман екен!” деп баланы хан ордасынан шығарып, қамалдың сыртына көк қала салдырып, сонда тұрғызады. Содан кейін ұлы таққа отыз бес жыл отырған Қонқуа қаған ғайыпқа жөнейді.

Оның ұлы Жағұйа қаған¹²⁰⁰ таққа отырғанына төрт жыл өткенде қоңырат қатыннан туған ұл Иунлу қаған¹²⁰¹ өзінің аз нөкерлерін, қара жұрттағы алты мың моңғол ұлысын, судың үш түмен жүршіт ұлысын, қара қамалдың¹²⁰² ұлысын алып, шерік жасақтап келіп, қытайдың Қонқуа қағанының ұлы Жағұйа қағанын ұстап алып, мойнына күс таңба басып, қуып жібереді.

Сөйтіп Қонқуа қағанның ұлы Иунлу қаған ұлы таққа отырады. Қытай ұлысы “дәстүрлі өз қағанымыздың ұлы таққа отырды” деп, оған Иунлу Таймин деген атақ береді. Таққа отыруына күш бергені үшін алты мың үчие-т¹²⁰³ ұлысына үш жүз дайду¹²⁰⁴ қазына тарту етеді. Жүршіт ұлысына алты жүз дайду қазына тарту етеді. Сонан Иунлу қаған жиырма екі жыл таққа отырып, тәңір (140-а) болады.

¹²⁰⁰ Jaqui-qayap – т. н-да осылай. Қ. м. АТ-да Jaqur-a qayap деп жазылған.

¹²⁰¹ Iunglo-qayap – Юн-ле ұлысының қағаны.

¹²⁰² Qara kerem – қара керем. Қытайдың Ұлы қорғаны бұрын осылай аталған.

¹²⁰³ Ücieg немесе Üjied – Шаньси аймағының солтүстігінде тұратын моңғол тайпасының атауы.

¹²⁰⁴ Dayidu – бұл Мин ұлысы қағанының сыйлығының ерекше түрі (диплом және ақша беріледі).

Сол Иунлу қағанның ұрпағы он бір буын жалғастырып таққа отырады. Олар мыналар: Қонши қаған — бір жыл [тақта] отырды. Санда қаған — он жыл отырды. Жинтүн қаған — он төрт жыл отырды. Жинтай қаған — он бес жыл отырды. Чинқуа қаған — жиырма үш жыл отырды. Құнинчи қаған — он сегіз жыл отырды. Жинта қаған — он алты жыл отырды. Жетен қаған — қырық алты жыл отырды. Лунчин қаған — қырық алты жыл отырды. Тинчүн қаған — бір ай отырды. Таймин Чу Тінчін қаған — бір жыл отырды. Қоңқуа қағаннан бері Тінчін қағанға дейін екі жүз елу жеті жыл қаған тағы үзілмей жалғасты¹²⁰⁵.

Тоғон Темір қағанның ұлы Білікті қаған¹²⁰⁶ сол — ит жылы¹²⁰⁷ Ин Чин қаласында ұлы таққа отырады. Тоғыз жыл отырып, жылқы жылы¹²⁰⁸ тәңір болады. Осы жылқы жылы Ұсқал қаған¹²⁰⁹ ұлы таққа отырады. Он бір жыл отырып, ұлу жылы¹²¹⁰ тәңір болады. Содан кейін сол жылы Жориқту қаған ұлы таққа отырады. (140-б) Төрт жыл отырып, қой жылы¹²¹¹ тәңір болады. Бұдан кейін Енке қаған¹²¹² ұлы таққа төрт жыл отырады.

¹²⁰⁵ Қытай жылнамашыларының Мин ұлысының қағандары билік құрған 1368—1644 жж., яғни 276 жыл деп берген деректері қ. м. АТ-да берілген деректермен сәйкес келмейді.

¹²⁰⁶ Bilig-tu qaγan — (“Биләгт” — “Дана”), Тоғон Темір қағанның ұлы. Шын аты — Аюшридар. Қаған аталғандағы атағы (1370—1378). 1372 жылы Мин ұлысының әскерінен жеңіліп, оларды Моңғолдың жеріне кіргізіп алған. (БНМАУ-ын түүх. 161-б.).

¹²⁰⁷ 1370 жыл.

¹²⁰⁸ 1378 жыл.

¹²⁰⁹ Usqal-qaγan (“ағын, момын қаған”). Білікті қағанның тағын жалғастырушы. Тегіс Темір қағанның лақап аты (1378—1388 жылдар аралығында билік құрған). 1380 жылы Қытай әскерлерінен жеңіліп, Қарақорымды талқандаттырып, 1388 жылы қытай әскерлерінің қолынан қаза тапқан (БНМАУ-ын түүх. 161-б.).

¹²¹⁰ 1388 жыл.

¹²¹¹ 1391 жыл.

¹²¹² Enge Jorigtu — Усқал қағанның үлкен ұлы. Чаған сеченнің деректерінде 1359 жылы туған; 1389 жылы таққа отырған; 1392 жылы қайтыс болған (Чаған сечен. Е. т.). Тағы бір деректерде 1389 жылы Нағачудың (200 000 адамы бар) иелігіндегі елді Қытай қағанының жарлығымен “Урианхайн гурван хошуу” — “Ұранқайдың үш қошуыны” деп атап, қайта құрған (БНМАУ-ын түүх. 161—162-б.).

Содан кейін сол ит жылы¹²¹³ Елбеге қаған ұлы таққа отырады. Сол Елбеге қаған аң аулап жүріп, оқ тиген қоянның қарға тамған қанын көріп: “Ақша қардай ақ түсті, қызыл қандай шырайлы сұлу әйел бола ма екен?” деп жарлық етеді. Сөйткенде Ойраттың Қоуқай Тайуы: “Дәл осы сияқты шырайлы әйел бар!” дейді. “Ол кім?” деп сұрайды. “Көруге болмайды, көрмек болсаң айтайын. Сенің ұлың Қаручог Дүгүрен Темір қоң тәйжінің Қоға Құн бекичи келінің дәл осындай сұлудың өзі!” дейді. Елбеге нигүлесүгчи¹²¹⁴ қаған келінінің сұлулығына құмартып, Ойраттың Қоуқай Тайуына жарлық етіп:

“Алыстағыны қосатын,
Аңсарымды басатын,
Тайуым менің, жөне!” — дейді.

Қағанның бұл жарлығын бекичиге жеткізіп: “Сенің жүзіңді көруге қаған мені жіберді!” — дейді.

Бекичи ашуланып:

“Аспан мен жер әменде бірігіп пе еді?!
Ұлы хандар келінін көріп пе еді!
Ұлың Дүгүрен Темір,
Қоң тәйжі өліп пе еді?!
Хан қараға осылай күйлеп пе еді?!” —

деп жауап қайтарады.

Қаған бұл сөзге көнбей, ұлын өлтіріп, келінін алады. Содан бірде Қоуқай Тайу айран сұрауға келеді. Қаған үйінде жоқ болған соң, есіктің алдында күтіп отырады. Құн бекичи оған қызметшісін жіберіп: “Қағанды сәл күтейік. Алдыңғы үйге келіңіз!” деп айтқызады. Тайу үйге кіріп жайғасқаннан кейін, аяқ кесе ұстап отырып, бүй дейді:

“Жаман басымды жақсы еттің,
Бекичи атымды тайқу еттің, сен!” —

¹²¹³ 1394 жыл.

¹²¹⁴ Нигүлесүгчи — (діни) мейірлі, жарылқаушы деген мағына береді.

деп бір ауызды, екі бүйректі торсыққа арушарап, біріне су құйып, өзі су ішіп, Тайуға арушарап беріп мас қып жығады. Тәйжінің өшін алу үшін, шымылдығын ашып, төсеніш майаузасының үстіне Тайуды жатқызып қойып, шашын жұлмалап, бетін тырмалап қағанға хабаршы жібереді. Қаған ести сала жетіп келгенде, Тайу қашып кетеді. Қаған артынан қуып өлтірмек болып жүргенде, ол қағанның шынашағын үзіп атып жібереді. Қаған Тайуды өлтіріп, сүниттің (141-б) Жашин Дайбу деген адамына жон терісінен таспа тілгізіп, бекичиге әкеліп береді. Қағанның қанын, Тайудың майын біріктіріп жалап: “Ұлын өлтірген қағанның қаны берешек еді, әміршісінің жанына қара дақ салған Тайудың майымен көңілін демеу — әйелдің өш алған сиқы еді! Енді өлсем несі кем?!” дейді. Бекичидің алдағанын қаған сезіп, ағаттық қателігін мойындап, бекичиді кешіріп, Тайудың ұлдары Батула чинсан мен Үгечи Қашақа екеуіне төрт түменді билетеді.

Содан кейін ұлы таққа алты жыл отырған соң, жылан жылы¹²¹⁵ Елбеге қағанды ойраттың Батула чинсаны мен Үгечи Қашақасы екеуі өлтіріп, тәңір қылады.

Содан кейін Батула чинсан мен Үгечи Қашақа екеуі ойраттың төрт түменін бастап, таққа таласып жауласады. “Моңғолдың бір төр-ұлысын ойраттар алды” деп айтудың мәнісі сол екен.

Содан кейін Тоғон қаған сол жылы таққа отырады. Төрт жыл отырып, жылқы жылы тәңір болады¹²¹⁶.

Содан кейін Ұлұй Темір қаған таққа отырады. Үш жылдан кейін (142-а) барыс жылы¹²¹⁷ тәңір болады. Содан кейін қоян жылы¹²¹⁸ Делбеге қаған таққа отырады. Бес жыл болып, қой

¹²¹⁵ 1401 жыл.

¹²¹⁶ Түпнұсқада “сол жылы” дегеніне қарағанда қағанның таққа отырған жылы мен өлген жылында жаңылыс бар. Және де қазіргі Моңғол мемлекетінің тарихында осы аралықтарда Елбеге қағанның ұлдары Гүнтемір хан 1400 жылдан 1402 жылға дейін, екінші ұлы Өлзийтемір хан 1402 жылдан 1410 жылға дейін хандық құрған деп жазылады (БНМАУ-ын түүх. Тэргүүн боть. 418—420-бб.).

¹²¹⁷ 1410 ж.

¹²¹⁸ 1411 ж.

жылы¹²¹⁹ тәңір болады. Содан кейін сол қой жылы Ұйрадай қаған таққа отырады. Он бірінші жылан жылы¹²²⁰ тәңір болады. Содан кейін сол жылан жылы Адай қаған таққа отырады. Адай қаған бұрынғы өшпенділікпен кек қайтару үшін моңғолын алып, ойратқа шерік аттандырады. Шеріктер қарауылға онилиғұттың чаған түмен Есекүйін¹²²¹ жібермек болғанда, қаған жарлық болдырып: “Тісемеген жас жылқы қанша шалымды болғанмен, кәрі жылқы ұзаққа жүгірер!” — деп, Шігүшідей баһадүр уанды шығарады. Ойраттар Ғойлынчи баһадүрды шығарады. Бұл екеуі ежелден андалы екен. “Моңғол мен Ойрат соғысқанда екеуіміз де соғысу керек қой!” деп кеңес қылғанда, Ғойлынчи: “Мен садақ тартқанда құйақ кимесең де болады!” дегенде, Шігүшідей: “Мен найза шапқанда дулыға кимесең де болады!” дейді. Екеуі осылай келіседі. Содан соғыс басталған кезде, моңғолдың Шігүшідей баһадүрі үш қабат құйақ киіп, кеудесіне күрзі (142-б) байлап, сұр қасқа ат мініп, ғорлұттың Ұлқай мергеніне күрең қасқа ат мінгізіп, баһадүр Шігүшідей қарауылға шығады. Ойраттың Ғойлынчи баһадүрі қабат құйақ киіп, көк қасқа ат мініп, қарауылдар Бор ноқайдың қырқасында соғысады. Ғойлынчи баһадүр Шігүшідейдің ерінің алдыңғы қасын, қабат, құйақ, күрзісін тесе тартып, артқы қасына бойлата түйрейді. Сөйткенде Ұлқай мерген Ғойлынчидің атының бел арқасын үзіп жібереді. Сонда Шігүшідей бүй дейді:

“Сұры қасқа атымның танауына — серт!
 Қайқы семсерімнің жүзіне серт! —
 Төрге қарсы шыққанды,
 Жақтасым деп ойлама, деген!” —

деп сегіз қырлы, екі қабат дулығалы басты қақ айырады. Ойратты

¹²¹⁹ 1415 ж.

¹²²⁰ 1425 ж.

¹²²¹ Сауан түмен — онғығұт тайпасынан шыққан таңдаулы түмендік.

жеңіп¹²²², Тайудың ұлы Батула чинсанды өлтіріп, әйелін қағанның өзі алады, ұлы Тоғұнға Арқұдай тәйжінің қойын бақтырады. “Ойраттың бір төрін моңғолдар алған” деген сөз осыдан қалған.

Адай қаған содан кейін өзара кеңес құрады. Тоғұн тәйжі (143-а) қой бағып жүріп, кеңестен қайтқандарға жолығады. Сол кеңестен қайтып келе жатқан адамнан Тоғұн тәйжі: “Кеңесте нені айттыңдар?” — деп сұрайды. Әлгі адамдар: “Сен болмаған соң кеңесте ештеңе айтылмады!” — деп қалжың қылады. Әлгі адамдар кеткеннен кейін Тоғұн малақайын шешіп алып: “Бұл сенің сөзің емес, [көк] тәңірдің жарылқауы болғай!” деп тәңірге сиынады.

Арқұдай тәйжі әйеліне “Мына Тоғұн тәйжі текті адамның ұрпағы екен. Мұның көзінше шашыңды тарап, денеңді қасығаның болмайды!” — дейді. Сол сөзді естіп Тоғұн далаға шығып: “Бұл сендердің сөздерің емес, тәңірдің жарылқауы болғай!” деп тәңірге сиынады. Содан кейін Арқұдай тәйжінің бәйбішесі Ұнұй ақай, Тоғұн тәйжінің шашын тарап отырғанда, Арқұдай тәйжінің інісі: “Бұл Тоғұн тәйжі ұлық адамның ұрпағы. Шашын тарамай, жұлынын тара, айтпегенде қуып жібер!” — дейді. Бұл сөзге Ұнұй ақай көнбей, қарсы болады. Інісі тағы бүй дейді: “Бұл сөзге қарсы болсаң, басыңды бұлдаушы болма!” — дейді. Осы сөзге (143-б),

Моңғолдың баласы еңіреп жылады,
Жылқысын айқайлап жинады,
Иті ұлып үрді,
Мұндай жаман ырымды сезіп,
Тоғұн тәйжі тәңірге сиыңды!

Содан кейін Тоғұнның шешесі Адай қағанға дауыстап:

“Мені асырап, қатын қылдың, сен!
Ұлым Тоғұнды неге жалшы қылдың, сен?!
Өлтіріп таста,
Болмаса түзге қуып таста!” — дейді.

¹²²² 1412–1414 жж. Мин ұлысы ойраттардың төтенше қуатты болуынан сақтанып, солтүстік Моңғолдың нойандары демеп, қалың әскер аттандырып, Ойрат әскеріне күйрете соққы береді (БНМАУ-ын түүх. 163-б.).

Қатынның бұл сөзін Қаған орындап, Шиламұчин, Саймұчин деген екі елшісін жіберіп, Тоғұн тәйжіні еліне апарады.

Тоғұн тәйжі еліне жеткеннен соң, ойрат, өгелөт, бағадат, қойық осы төрт түменнің кеңесі құрылып, Тоғұн тәйжіден: “Моңғолдың¹²²³ қаған, тәйжілерінің, ұлы ұлыстың мінез-құлықтары қалай?” — деп сұрайды. Тоғұн тәйжі бүй дейді:

“Садақтары өзгерсе де,
Саналары өзгермеген.
Төр басқаратын сәйтін,
Сыртқа отырғызатын [ел!].
Жебенің атын үйге мінген,
Шала естісі төр билеген,
(144-а) Тай байталды жебелеген [ел!]
Босқын адамға төр билетеді,
Борбай торсыққа арақ құяды,
Бурасы жоқ түйе,
Бұқасы жоқ сиыр,
Айғыры жоқ жылқы,
Қошқары жоқ қой сияқты [ел!]
Осы сөзге сенбесеңдер,
Үгечи Қашақаға жүгініңдер!” — дейді.

Сөйтіп олар моңғолдың елшілері — Шиламұчин мен Саймұчин екеуінен айласын асырып, жақсы ат, бұлғын, сілеусін, жақсы заттарды Адай қағанға жеткізіп, ұлыстың шет шекарасына артынып-тартынып келеді. Қаған дауыстап жарлық етіп: “Тоғұн тәйжіні ел-жұртына қайтарғанның пайдасы осы болды-ау!” дейді. Шиламұчин, Саймұчин екеуі: “Ойрат алаңсыз жатыр. Тоғұн тәйжі болса алыс жолдан шаршап, сый-сыяпатыңды жеткізіп келді. Бірер күн ерулік қылсақ!” дейді. Қағанның рұқсатын алған олар, жат адамды сыйлайық десіп, ерулік жасап жатқанда, Тоғұн

¹²²³ Мұнда Ұлы тақты (Шыңғыс қағанның) жалғастырушы орталық моңғол ұлысын меңзейді, яғни қазіргі халқа моңғолдар.

тәйжінің соңынан төрт мың ойрат шерігі келіп Моңғолды шауып, Адай қағанды Тоғұн тәйжі отырған жерінде ұстайды. Сөйткенде қаған: “Шешенді қатын еттім. Өзіңді өлтірмедім!” дейді. Тоғұн тәйжі бұй дейді:

“Шешем ерсіз бе еді,

(144-б) Мен әкесіз бе едім!” — деп қағанды өлтіреді¹²²⁴. Қаған жарлық етіп: “Шиламұчин, Саймұчин екеуінің сөзіне сеніп, оқ қайтара алмай өлдім-ау!” — деп өліп кетеді.

Адай қаған ұлы таққа отырып, он төрт жыл қаған болғаннан кейін, жылқы жылы¹²²⁵ Тоғұн тәйжінің қолынан тәңір болады. “Моңғолдың бір төрін ойраттар алды!” деудің мәнісі сол екен.

Содан кейін сол жылқы жылы Тайсұн қаған ұлы таққа отырады. Тайсұн қаған таққа отырғаннан кейін, Абқарчин жонон екеуі Минғани Қара деген жерде ойраттармен соғысуға аттанады. Ойраттар Минғани Қараға бұрын келіп түседі. Қаған, жонондар ойраттың Есен тәйжі, Абдура сечен, Садула Екетейлерімен отырғанда, Алаға Темір, Қатан Темір, Абабұрқы тайтун, Тоғұн кумачи, Лубаши осы тәйжілер бастап, түнделетіп барып жад ойнатып, суық жел соқтырып келеді. Моңғолдың ерлері мен ақталары қатты үсікке шалынады. Қаған, жонондар кеңес құрып, “Ойрат түменімен бітім сөзге келейік!” деп келіседі. Қағанның кеңесіне Ағу қағанның Садақшы сечені кешігіп келіп, сөз (145-а) сұрайды. “Ойраттан келген тәйжілер кімдер?” деп сұрайды. Түстеп, түгендеп береді. Сөйткенде Садақшы сечен: “Тәңірдің бергені осы шығар! Бұларды өлтіріп, қалың шерігін шауып алайық!” дейді. [Бұған] Қаған мен жонон екеуі қарсы шығып, ескертіп: “Болсын деген адам сөзді бағып сөйлейтін!” дейді. Садақшы сечен ашуланып, ақ атының басын тоқпақтап: “Құрысақ құрып, құртсақ құртайық!” деп қайтып кетеді. Қарағұчұқ тәйжі Садақшы сеченнің сөзін жақтайды. Тайсұн қаған тағы да қарсы

¹²²⁴ 1434 жылы Тоғұн тәйжі Адай қағанның бас уәзірі Арқұдаймен соғысып, оны өлтіреді.

¹²²⁵ 1438 ж.

болып: “Өлсек, барлығымыз өлеміз! Қалсақ барлығымыз қаламыз!” — деп жарлық етеді. Ойраттың кеңесшілері (осылай кеңесіп) қайтады.

Қайтып барған соң, Тайсұн қаған: “бұдан бұрын құлан қарқара атты құйағыммен [қоса] тартып алып, Абқарчин жононға қашып кеткен, алақчиғұттың Чаған дейтін адамын қайтар” — дейді. Жонон оны қайтармайды. Инақ Чаған қағанды сөзбен шағып:

“Текенің қай кезде күйлейтінін,
Қошқардың мүйізі

Қай кезде түлейтінін, [Абқарчин] жонон [сізден] сұрап кел, деген еді!” дейді.

Қаған ашуланып:

“Күйлейтін теке де ақымақ!

Сұраған Абқарчин де ақымақ!” —

дейді. Бұл сөзді естіп, жонон: “Менің (145-б) ақымақтығымды білмейтін бе еді!” деп ашуланады. Осыдан кейін Инақ Чағанды тартып алады. Абқарчин жонон: “Сені енді ағам демеспін!” деп айтар сөзден жаңылып, кейін ойратқа қашып кетпек болғанда, Қарағұчүк тәйжі бүй дейді:

“Ұрпақты жапқан оңбайды,
Ұмайды жапқан оңады деген.
Бөтенді жапсаң оңбайсың,
Ыстықты¹²²⁶ жапсаң оңасың деген,
Қағанның тақтан құлап,
Қара болғаны,
Жақсының топтан қалып,
Артта тұрғаны — жаман!” —

деп тоқтау айтады. Абқарчин жонон көнбей, ордоштың Қатан Темірі мен иеншебүдің Некей Темір деген екі адамын ойратқа

¹²²⁶ Qalup — ыстық. Ыстық құрсақты, ел анаңды, жер анаңды, құрсағы бір еліңді деген мағынада қолданылған.

елшіге аттандырып, былай деп айтқызады: “Мен Тайсұн ағаммен араздасып бөліндім. Қарағұчұқ тәйжі жалғыз қошуын ел. Садақшы сечен екеуін өлтірейік!” — дейді. Ойрат [басшылары] бұған көнбейді. Сөйткенде, Абдұра сечен алақанын жұмып отырып: “Ол бала ғой, нені біледі, дейсің!” — дейді. Ойраттың тәйжілері мен нойандары: “жонон расында бітімге келейік деген болса, оған: “Сен хан болып, (146-а) өзіңнің жонон атағыңды бізге бер!” дейік. Осы сөзге көнетін болса, бітімге келсек, келейік!” деп ұйғарысады. Әлгі елшілер қайтып келіп, жононға тәйжілердің айтқан сөзін түгелдей айтып береді. Жонон бұған келісіп, Тайсұн қаған ағасына жау болып, [бөлініп] көшіп кетеді.

Осылай соғыс бастамақ болып, ойрат шеріктер от қойған тұста жонон жарлық болдырып: “Қаған ағам беймаза адам. Шерік бас сайын оннан от қойыңдар!” — деп, жар салып, от қойдырады. Тайсұн қағанның барлаушылары жонон мен ойраттың шеріктерінің жаққан отын байқап келіп, қағанға жеткізеді. Содан қаған өз көзімен көрейін деп, көріп: “Аспанның жұлдызы жерге құлағандай қалың от екен. Қалай бұларды жеңе аламыз!” деп Тайсұн қаған аз нөкерімен Керүленге қарай қашып кетеді.

Бұрын Себденнің қызы Алтын қатынды Деричиннің Қалчағайымен байланысы бар деп, Қалчағайды өлтіріп, қатынның құлақ, мұрнына пышақ тигізіп, еліне қайтарған. Оны апара жатқанда Сартағұл елінің Күчүк атты (146-б) адамы айламен күміс қазанның байлауын кесіп, түсіріп кетеді. Қаған қазанның жоғалғанын біліп, жіберуге қолайлы адам таңдап, жар салады. Сонда, Күчүк: “Мен барайын!” деп ұсыныс айтады. Қаған оған өзінің астындағы қара атын мінгізіп аттандырады. Күчүк күміс қазанды алып, жононға қашып кетеді. Қаған оның артынан Себденнің еліне барып, өзінің қуып жіберген [төркініне қайтарған] қатынының үйіне түседі. Сөйткенде, Себден бұй дейді:

“Қарғұнаның [сырты] бұрын ыстық еді,
Енді қалай суып кеткен?!
Қатынның қойны бұрын суық еді,
Енді қалай ысып кеткен?!”

Алтай ханның¹²²⁷ арты бұрын ыстық еді,
 Енді қалай суып кеткен?!
 Алтаған қызымның қойны бұрын суық еді,
 Енді қалай ысып кеткен?!
 Шөбі жоқ деп көшкен жұртқа қона ма екен?!
 Өңі жоқ деп безген әйелді ала ма екен?!” — дейді.

Тайсұн қағанның үш ұлы болған екен. Үлкен ұлы Мөңкелей тәйжі, оны әкесінен бұрын тәңір болған деседі. Қағанды Іли, Дәли екі ұлымен және ғорулаттың Ақболат, Бақболат деген екі нөкерімен қоса бесеуін ұстап алып, Орчинның Чігірінде мешін жылы¹²²⁸ өлтіргенде, Тайсұн қаған ғорулаттың Себденінің қолында тәңір болады. (147-а) Қаған таққа он бес жыл отырған екен.

Ақболат, Бақболат екеуінің ағасы Мендү өрлік бөтен үйге қонып жатқанда Құлғана, Қарағана¹²²⁹ дейтін екі аты [әлде нені] меңзеп, жер тарпып, күрсініп тұрады. Атының күрсінгеніне Мендү өрлік: “Жауға аттан дегенде өстуші еді!” — деп таңертең тұра сала, қағанмен ұрысуға кетеді. Жетер-жетпесте қағанды екі інісімен қоса өлтіреді. Мендү қағанның басына бір інісін жастандырады. Аяғына бір інісін жастандырып, жерлейді¹²³⁰.

Осыдан кейін Мендү өрлік бірнеше нөкерлерін бастап, Себденді шауып, өшін алады. Содан кейін ойраттар өзара кеңес құрып айтқаны:

“Өзінің туысын ойламаған адам,
 Біздің туысты ойлай ма?!
 Өзінің елін ойламаған адам,
 Кісінің елін ойлай ма?!
 Өзінің атағын ойламаған адам.
 Біздің атағымызды ойлай ма?!
 Өзінің отына су құйды,
 Жаман отқа май құйды.
 Бұл кімге жағатын жонон еді?!” —

¹²²⁷ Altai qan — Алтай хан, Алтай (тауы).

¹²²⁸ 1452 ж.

¹²²⁹ Qulayana — құла ат, қағуана, қара, баран ат.

¹²³⁰ Ongyulaba — “онхлов” — “жерледі”.

деп, оны өлтірудің амалын ойластырып, содан ойраттың нойандары мен сәйттері жононға сөз (147-б) айттырып: “жонон, өзің қаған боламын деп, біздің Есен тәйжіге жонон атағыңды беремін деп, келіскен сөзіміз рас емес пе!” — деп жононға қаған атақ беруді, жонон атақты Есен тәйжіге беруді сұрап, той қамына кірісіп, жононды әкелтеді. Ойраттар үйдің ішіне терең ұра қазып, ұраның үстіне тулақ жайып, жонон бастаған отыз үш үрпектіні¹²³¹, қырық төрт тоты айдарлыны¹²³², алпыс бір кекірейгендерді¹²³³ бір есіктен кіргізіп, екінші есіктен шығарып, түйік орды толтыра қырады. “Нойандардың өлімі — кеңестен, иттің өлімі — қаңғудан!” деген ертегі осыдан қалған екен¹²³⁴.

Сол жерде Қарағұчүк тәйжі нөкері Нағачұны: “Алдыңғы үйге кірген жонон бастаған үлкенді, кішілі нойандар не істеп отырғандарын біліп кел!” — деп жібереді. Нағачұ барып көріп келіп: “Жонон бастаған бәрін де көре алмадым, мен! Үйдің сол жақ іргесінен¹²³⁵ қан ағып жатыр!” — дейді. Сонда, Қарағұчүк тәйжі: “Қалайық, өлейік, деп келдік. Өлейік!” — деп жалғыз нөкері Нағачұды алып, жартасқа барып, қорғанады. Жартастың (148 а) қапшалындағы [шатқалындағы] бір аяқ жолмен екі қабат құйақ киіп, шұбырып келе жатқан [адамдарды көріп], Нағачұ қабат құйақты түйрей атып жібергенде, әлгі адам артындағы нөкерін ала анадай жерге барып құлайды. Содан үш қабат құйақ

¹²³¹ Örgelge-ten – баскиіміне қауырсын тағып жүретін сәйттердің белгісі.

¹²³² Odayatan – баскиімінің арт жағына ұзын қауырсын тағуға ерікті сәйттер.

¹²³³ Kekeriten – (кекеритен-кекірейгендер, кекіреңдегендер, қазіргі сөзбен айтқанда шенділер — мансаптылар). Баскиімінің арт жағына ұзын таспабау тағып жүретін жонондар.

¹²³⁴ Qang-tu – канг-ту, бұл сөзді ғалымдар әрқалай оқиды. Қаңғыту, қаңғу, ылығы сөздері қазақ тілінде бар. Мүмкін түпнұсқаның қисыны “жиналу, құралу, бас қосу” болғандықтан “иттің өлімі ылығы — (жиналу)” болуы тіптен ғажап емес.

¹²³⁵ Irgeger talar – “ірге жағынан” деп түсіндірген. Іргені қазіргі монғол тілінде “хаяа” деп атайды. Бұл жерде қазіргі қазақ тіліндегі қолданыспен “ірге” деп жазылған, “ирге” сөзі қазіргі монғол тілінде ісек қой, еркек қой деген мағынада қолданылады.

киіп, найза ұстап келгенді [көріп] Нағачұ айтады: “Мен шыдамаспын, сен ат!” — дейді. Қарағұчүк тәйжі теке құйрық жебесімен үш қабат құйақты тесілте тартқанда, жебе құйрығының дауысы естіледі. Әлгі адам артындағы нөкерін ала құлайды. Нағачұ бұй дейді: “Тірі құтылсақ та, жаяу қалғанымыз қиын болады. Мына ойраттардан ат ұрлайық!” — деп кетеді.

Есен тәйжі¹²³⁶ жел өтін желбегей шапанымен от [басында] қалқалап отырғанда, [Нағачұ] қораланып жатқан адамдардан аттап өтіп, Есен тәйжінің қасында байлаулы тұрған бедеу сары биені, жүйрік құла айғырды шешіп ала бергенде, “түк-түк” деген дауыс шыққанға қараса, адам көрінбейді, [байлауды] шешіп, біреуін мініп, бір атты жетелеп, қозғала бергенде тағы да, “түк-түк” деген дауыс шығады. Жан-жағына қараса, ешкім көрінбейді, сонда ғана қорқып, дүрсілдеген өзінің жүрегі екенін біледі. Сол сәтте шеріктер күренінен бір адам: “Сен кімсің?” деп сұрайды. (148-б) Жауап қайтарып: “Сен неткен сергек адам едің! Моңғолдың Қарағұчүк тәйжісі мен Нағачұ екеуіміз, ұстап көр!” — деп күреннен қарғытып өтіп, Қарағұчүк тәйжінің тұрған жеріне келіп оны дауыстап шақырса, жауап естілмейді. Жасырынып қалған екен. Қайтадан дауыстағанда, шығып келеді. “Неге жасырындың?” — деп еді: “Сені ойраттар ұстап осында алып келсе, мені көрсетіп қоя ма деп жасырынған едім!” деп алып келген атты мінеді. Олар қашып барып, Қутоғоттың қамысына торғынмен аттарын арқандап қойып отырғанда, қарсақтың ізін қуып жүрген адамнан жасырынып, жайдақ атының жалына жабысып барып, ашыққан кезде, Қарағұчүк қортық бұғы¹²³⁷ атып алады. Қабырғасын ер қылып, етін азық етіп, Домоктың бай адамына келеді¹²³⁸. Бай адамның інісі [ағасына] айтады: “Мына адамның көзінде оты бар, нөкерлесуге болмайтын адам екен. Өлтіріп таста!” — дейді. “Кімнің адамына кім жолдас болмайды дейсің!” — деп өлтірмейді.

¹²³⁶ Esen-taiši — т. н-да осылай. Ал, қ. м. АТ-да “Ese tayiši”.

¹²³⁷ Šoo buyu — Шоо бұғу — қортық бұғы, көзі бітік, күрең түсті, аласа бұғы.

¹²³⁸ Bayan kımın — “бай адам, бай.”

Содан кейін Нағачұ тәйжіге айтады: “Біз қалай өстіп жалғыз жүреміз. Мен ойратқа барып, қатыныңды әкеліп берейін. Мені келгенше нойаныңа еш (149-а) сезік алдырма. Жапырып көп киік атып жүрме!” деп [ескертіп] Нағачұ Есен тәйжіге “Қарағұчұқты мен өлтірдім!” деп айту үшін, оның шашын алып кетеді. Әлгі бай адам кейін қызын Қарағұчұққа береді. Ауға жиырма киік кіргенде Қарағұчұк екеуін ғана шығарып, қалғанын түгел қырып салады. Келесі қайырған ауда әлгі байдың інісі қызғанып: “Жаңылып қалдым” деп [Қарағұчұқты] өлтіріп тастайды.

Нағачұны барғаннан кейін, шешесі Есен тәйжіге барып: “Егер Нағачұ келсе, сен өлтіресің бе?” — деп сұрайды. Есен тәйжі: “Нағачұ келсе, оны көрсем, етін жеп, қанын ішемін!” — дейді. Шешесі: “Қарағұчұқты өлтірген болса, өлтіресің бе?” дейді. “Сөйткен болса, өлтірмеймін!” дегенде, шешесі Нағачұды Есен тәйжіге жолықтырады. Салымы бар адам тірі құтылады.

Осыдан кейін Есен тәйжі Домокпен соғысуға шерік аттандырғанда, Нағачұды оған қоспайды. Нағачұ қосар ат мініп, шеріктерден бөлек, соңдарынан еріп отырады. Содан ойраттар Домокқа шабуылдайды. Нағачұ ойраттың жаугерлеріне¹²³⁹ еріп жүріп, бір қора жылқы олжалап, Есен тәйжіге береді. (149-б) Күміс шартабақ, тиін ішік екеуін жасырып, шешесіне береді. Оған Есен тәйжі ашуланады. Шешесі айтады: “шешесі бірдің қызғанышы бола ма! Қарағұчұқты өлтіріп, бедеу сарыңды алып келіп берді!” — дейді. Жылқы олжалағанын көріп, Есен тәйжі: “Адам емес, кезқұйрық қой!” дейді. Нағачұдың Елие¹²⁴⁰ атануы содан болған екен. Елие Нағачұ солай болады.

Есен тәйжінің қызы — Қарағұчұк тәйжінің бекичи жүкті еді. Оны ойраттың Ұрбай Қожығыры¹²⁴¹ алады. Моңғолды ойраттар алғаннан кейін, Есен тәйжі Шігүштей нойанды қонаққа шақырады. Оған Шігүштей отыз нөкерімен келеді. Он нөкерімен

¹²³⁹ Aqulqaşın ~ aulıyaşın — “жорықтағы сап түзеп жүрген топ (отряд)”. Aulıya “түзету” деген сөзден шыққан.

¹²⁴⁰ Elü-e — “элээ” — кезқұйрық құс.

¹²⁴¹ Urbai Qojigir — “Ұрбай таз”.

еңселі үйге кіреді. Есен тәйжі адам жіберіп: “Ғойлинчиды шабатын болат семсеріңді бер!” деп сұратады. Шігүшітей жаман ойын сезіп, әлгі адамының басын шауып алмақ болғанда, Олұқұй мерген қолынан ұстап қалып, шаптырмай қояды. Шігүшітей семсерін береді. Әлгі адам семсерді алғаннан кейін: “Ғойлинчиды шапқан семсер осы ма, емес пе?!” дейді. Шігүшітей: “Бұйымы сол, иесі бөтен!” дейді. Шігүшітей уннан тартып, Олұқұй мергені бар он нөкерін қоса өлтіреді. (150-а)

Ойраттың [бір] адамы құс ұстап алып: “Бұл қандай құс?” деп айқайлап тұрғанда, жалаңаш бала жетіп келіп: “Аузы үлкен, алақаны жалпақ, иығы далбақ, құйрығы сидақ мұндай құсты қашаннан аюдың апанына кіргізіп тастайтын. Тазқараның балапаны, құмайдың күшігені¹²⁴² деген осы!” дегенде, әлгі адам барып Есен тәйжіге айтады: “Біз мына құсты тани алмай қойған едік. Моңғолдың бір кішкентай баласы танып берді”, — дейді. Есен тәйжі бұй дейді: “Ол бала қас болар бала екен. Алып кел. Шігүшітей баһадүрдің баласын іздеп, таппаған едік. Сол қачиамалдың¹²⁴³ ұрпағы екен. Қыз болса шашын тара, ұл болса жұлынын тара!¹²⁴⁴” — деп [бұйырып] елші жібереді.

Елшіні көріп, солонғұттың Санқұлдарының әйелі Қарағчин Дайбұчин Болунайға “Қозғалма!” деп, үстіне қазан төңкеріп, тезек төгіп тастайды. Жаңылдырып өзінің баласын береді. [Елшілердің] біреуі: “Буындырып өлтірейік!” деп шешіндіріп мойнына бұғау кигізеді. Нөкері: “Сол күнгі бала қоян жоталы, көзі отты болатын. Мынау ол емес, өлтірме!” деп қоя береді. Сол елші (150-б) кеткеннен кейін Қарағчин Дайбұчин балаға ақыл айтады: “Сені жасырын жерге апарайын. Сені ойраттар көп сабаса да, аз сабаса да бәрібір қауіпті. Кішкентай кезімде жау қолына түскендіктен, әке, шеше, ел-жұрт аймағым туралы ештеңе білмеймін деп жүре бер!” дейді. Бұдан кейін ойраттың Илачү Байанына жібереді.

¹²⁴² Qajir darbit, qajir tas – алып тазқара, алып құс.

¹²⁴³ Daşirmaliyn – (көне сөз) сөздіктерден кезіктіре алмадық.

¹²⁴⁴ Okin bolqula üsün inu samla, nuyn bolqula youl-I inu samla – мәтел “Қыз болса шашын тара, ұл болса жұлынын тара (өлтір)!”

“Өзіңнің әке-шешенді білмедің. Сен біздің ойраттардың ұрпағы екенсің!” деп аяп қасына алып жүреді. Қарағчин күйеуіне айтады: “Біздің нойанның ұрпағы еді. Баланы алып Моңғол жеріне кетейік” дейді. Санқұлдар: “Жер ұзақ!” деп көнбейді. “Сен отыр, баламды алып, мен кетемін!” деп үлкен ұлын жіберіп, Болунайды жасырын ұрлатып алып, інісі Үнболат унға жеткізіп береді. Үнболат ун бұй дейді: “Сен жоқта жөнсіз болса да, ағамның орнына елге мен иелік етіп едім. Енді жолың үлкен ағам өзің иелік құр!” деп қара туды иелетеді. Моңғолдың төр билігін алғаннан кейін Тоғұн тәйжі астам мінез шығарып, Еженнің сегіз ақ үйіне барып сиынып: “Қаған тағын алайын!” деп жалбарынып, қайтып келіп қаған болады.

Тоғұн тәйжі Еженнің құтына (151-а) масаттанып:

“Сен Дана боғда болсаң,
Мен Сұтай қатынның ұрпағымын!”

деп асыра сөйлеп, Еженнің қасиетті үйінің ішінде айқайлап, киелі дүниесін түйгілейді. Содан сыртқа шыға бергенде Тоғұн тәйжінің аузы-мұрнынан қан кетіп, атының жалын құшақтап, тұрып қалыпты. “Бұған не болды?” десіп, қасына келіп көрсе, Еженнің қорамсағының көзіне шаншыған тазқара қауырсынға сұрғылт қан тоқтап, қозғалып тұрғанын бәрі көреді. Тоғұн бұй дейді:

“Ер Боғда ерлігін көрсетті,
Ұрғашы Сұтайдың ұлы Тоғұн мен өлдім.
Сыңар тәнім өшсе де,
Моңғолчиннің Мөңкесі қалды.
Соны құрт!” —

деп ұлына осы сөзді айтып өледі. Әкенің сөзімен Моңғолчиннің Мөңкесін өлтіреді. “Моңғолдың бір төрі Ойратқа жеңілген” деудің мәнісі сол екен.

Содан кейін Есен тәйжі хан тағына отырып, Ойрат пен Моңғол екеуін алып, ұсұнның үш түмен жүршіттерін жаулап өзіне бағындырады. Есен тәйжі: “Жүршіттің бір қаласын аттың төсі сияқты тұмсыққа салғаны үшін жаулай алмадық!” дейді. Бір қаланың елі

қаланы тастап қашып кетеді. “Мұндайларды алуға (151-а) болмайды!” деп кескілеп, көлге тастайды. Су мен қан араласып аққаны үшін Ұлаған нағұр¹²⁴⁵ деп атайды.

Жүршітті жаулауға аттанып шыққан тұста Иеншебүдің Есен Самии: “Түсімде Таймин қағанды ұстап алып жатырмын!” — деп көрген түсін Есен тәйжіге айтады. Есен тәйжі: “Ұстауға жазсын. Егер ұстап алсаң, соны саған берейін!” — дейді.

Жүршіттің төр билігін қолға алып, қайтып келе жатқан жолда, Моңғолмен соғысуға аттанып келе жатқан Қытайдың Жинтай қағаны жолығып, қытай шеріктері жылға күрен қазып, жақындатпай қояды. Есен тәйжі кейін шегініп барып, қарауыл қояды. Қытайлар жылғадан шығып, қозғала бастайды. Сол тұста Есен тәйжі келіп қытай әскерін басып алады. Үш жүз адам орындарынан тыпыр ете алмайды. Солардың бәрін шауып өлтіріп, біреуін тірі қалдырып: “Сендер неге қозғалмай қойдыңдар?” деп сұрайды. Ол адам қағанын көміп жасырып тастаған жерді көрсетіп береді. Қағанды ұрадан шығарып алып, шауып өлтірмек болғанда, денесіне қару батпай, шапқан семсер быт-шыт болып сынып кетеді. Суға салса, батпай қалқып тұрып алады. Жинтай қағанды өлтіре алмай, (152-а) ақыры көрген түстің ырымымен Есен Самиге береді. Есен тәйжі [шеріктеріне]: “Қайтып барған соң, мына олжа мен Жинтай қағанды ұстап алғанымызды айтпаңдар!” деп жариялайды. “Кім адам айтса, соны өлтірейік!” — дейді. Есен тәйжі үйіне келген соң шешесіне: “Олжасыз, әйтеуір аман оралдық!” деп айтады. Шешесі: “Сен неге жасырасың, көп олжа тауып, Таймин Жинтай қағанды ұстады деп естідім!” — дейді. “Бұл сөзді кім айтты?” — дегенде, шешесі ұлы Есенге: “Моңғолдың Иешербүінің Сорсұны айтты!” — дейді. “Айтпайық деп келіскен едік қой! Сен неге айттың?” — деп Сорсұнды өлтіріп, кеуде, бөксесін бөліп, бүкір ағашқа іліп тастайды.

Содан кейін ойраттың оң қолының¹²⁴⁶ Алаға Темір чинсаны мен сол қолының¹²⁴⁷ Қатан Темір екеуі: “Есен сен қаған болдың.

¹²⁴⁵ Ұлаған нағұр — Қызыл көл.

¹²⁴⁶ Барун гар — Барун гар, оң қол — оң қанат.

¹²⁴⁷ Зүүн гар — Зүүн гар, сол қол — сол қанат.

Тәйжі шенінді бізге бер!” дейді. Сөйткенде тәйжі: “Шенімді өз балама беремін!” деп оларға бермей қояды. Олар бұй дейді: “Алаға Темірдің баһадүрлері мен Қатан Темірдің қайтпас жүрегінің, Абадұрған Сеченнің айласымен ойрат, моңғол екеуінің төрін қатар алып, қаған тағына отырдың сен! Жалғыз сенің (152-б) күшің бе еді?!” деп шерік құрап келіп, шабуылдайды. Есен қашып құтылады. Әйел, бала, малын [олжалап] алады.

Содан кейін Есен тәйжі жападан-жалғыз арып жүрген кезінде Сорсұнның үйіне келіп, айран ішіп, шығып бара жатқанын Сорсұнның кемпірі көріп: “Бұл адамның жүрісі жау Есеннің жүрісіне ұқсайды. Қиқаң-қиқаң еткен жүрісі тап соның өзі!” — дейді. Шешесінің сөзіне: “Ол болса, қалайша бұлай жүреді?” — дейді. Шешесі бұй дейді: “Есен тәйжі өз ішінен қырқысып, бүлінген, деседі. Бұл сол да шығар! Жақсылап байқау керек!” дейді. Содан кейін қайта келеді. Есенді танып ұстап, Сорсұнның ұлы Бұғұн оны өлтіреді. Бұғұн ағайынды тоғыз болған екен.

Жинтай қағанға Мүлү Жақатұ деген әйелді беріп, Мұқұр Сегүсе деген есім беріп, Ишебүдің Есен Самии жалшы етеді. Сол ұлыстың жұт-тұрағы жоқ, ауру-сарсаңы жоқ бола тұра, Жинтай қағанды жалдаушы адам теріс пиғылмен жүрді.

Ұйықтаған кезде денесінен сәуле шашып жүрді.

“Мен осындамын!” деген жазу жазып, (153-а) иленген терінің жүнінің арасына тығып жібереді. Сол жазуды қытай көріп, жауап жазып: “Жинтай қағанды сендер жалшы қылып жүрсіңдер. Сендерге ол жараспайды, бізге қайтарыңдар!” дейді.

Бесіктің алты мың өчиедін жеткізіп беріп, дайду¹²⁴⁸ алады. Жоңғолу қағанға күш бергені үшін үш жүз дайду, Жинтай қағанға күш бергені үшін үш жүз дайду — “бесіктің алты жүз дайдуы” дейтіні осы.

Кейбіреулер Жинтай қағанды моңғолға жеткізгеннен кейін үш жүз дайду шығарды. Моңғол өз ішінен араздасып, бүлінгендіктен алмаған. Бесіктің алты мың өчиед ұлысы, түстіктің үш мың дайдуын сұрап алған. Сол Жинтайдың моңғолдың қолынан алған

¹²⁴⁸ Dayidu – бұл жерде “қазына” деген мағынада айтылып тұр.

Мұлу Жақатұ деген әйелінен туған баланы моңғол алып қалған деп айтады. Соның ұлы асұдтың Талбай Табнаны еді.

Содан кейін Мағакүркі қаған таққа отырады. Сегіз жыл отырып, тауық жылы¹²⁴⁹ тәңір болады. Мағакүркі қаған ұрпақсыз еді. Тайсүн қағанды өлтіргенде Мұлан тәйжіні Чабдан өзінің жиені деп өлтіртпейді. (153-б) Содан кейін Чабданнан Мұлан тәйжіні кемчигүдтің Тағадар Тайбу, ғұрлаттың¹²⁵⁰ Құбчыр Молатайы екеуі Ұлы ұлыстың шетіндегі адамға жеткізіп береді.

Онғұттың сәйті Мұқұлиқай уаңды Ұлы ұлыстың төрі қолдайды. “Сен қаған тағына отыр!” дейді. Мұқұлиқай уаң: “Қаған Еженімнің ұрпағы жоқ емес. Мына мен кейінгі ұрпаққа жараспаймын!” деп қарсы болып, Мұлан қағанға күйстү қоға¹²⁵¹ [деген] атын мінгізіп, алтын алмасын ұстатып, жеті жасында тауық жылы Ұлы қаған тағына отырғызады.

Содан кейін Ордастың Мөңке, Қада бұқасы екеуі сөзбен шағып: “Мұқұлиқай уаң сені Самантай қатынына теліп, жаман ойлайды!” дейді. “Одан бұрын біз шерік аттандырайық!” десіп, шерік аттандырады. Мұлан тәйжінің шеріктерінің бірі көріп, Мұқұлиқай уаңға хабар жеткізеді. Мұқұлиқай уаң сенбей, шеріктің шаңын көріп барып біледі. Мұқұлиқай уаң шерігін құрастырып, тәңірге [аспанға] ақтық шашып, жалбарынып:

“Жоғарыдағы (154- а) мәңгі тәңір өзің біл!

Данышпан Ұлы Боғда өзің біл!

Ұрпағыңа жақсылық еттім,

Ұрпағың маған жамандық етті!” деп тәңірге сиынады.

Мұқұлиқай уаң үш жүз шерікпен жасырынады. Оның моңғол Жарғучи деген інісі үш інісін бастап соғысып жүріп, Мұлан қағанды қолға түсіреді. Ол ит жылы¹²⁵² Мұқұлиқай уаңның қолында тәңір болады.

¹²⁴⁹ 1453 ж.

¹²⁵⁰ Qorlut – т. н-да осылай жазылған.

¹²⁵¹ Güisütü yoa – бұл жерде мінетін атының лақап аты.

¹²⁵² 1454 ж.

Борбұған байан Үриегерді тірідей ұстайды. Барлығы “Өлтірейік!” дейді. “Мұлан қағанның алдында озып жүрген жақсы адам, біздің алдымызда да озып жүрер!” деп өлтірмейді. Босатып жібергеннен кейін сары сапты пышағымен Қағанның бейітін айналдыра өлшеп, ойып тастайды. Мұлан қағанның Мөнкөлде қатыны қайғыра жылайды:

“Қайран Ұлы төрімді бүлдірген,
Баршаға Ұлық қағанымнан айырған,
Мөңке, Қада бұқа екеуі.
Бітискен Ұлы төрімді бүлдірген,
Барлықтың иесі Қағанымнан үздірген,
Мөңке, Қада бұқа екеуі” дейді.

Мұлан қаған ұрпақсыз (154-б) екен.

Тайсун қаған мен Абқарчин жонон екеуі Ойрат, Чабдан екеуіне төр [билігінен] айырылған тұста шешесі бөлек Мандұғұла есімді інісі Жесүттің жонын мекендеп шыққан екен. Содан кейін Мандұғұла қағанды Қасырандайдың жонында қой жылы¹²⁵³ Ұлы таққа отырғызады. Мандұғұла қағанның екі қатыны болған екен. Біреуі Мандұқай еді. Келесісі Иүнген еді. Мандұқай қатынның әкесі Түметтің Иенгүт отырының [әулетінің] Чорос би Темір чинсаны екен. Үлкен танаулы Иүнгеннің әкесі ұйғұт Бегерсен тәйжі екен. Қаған науқасына беріліп Үлкен танаулы Иүнгенмен жастық біріктіре алмаған деседі. Мандұғұла¹²⁵⁴ қаған, қаған тағына бес жыл отырып, доңыз жылы¹²⁵⁵ тәңір болады. Мандұғұла қағанның сүйегін Мағу биігіне киелейді.

Қорчынның баһадүрі Шігүшітейдің ұлы Үнболат ун Моңғолдың төр билігі Ойраттың қолына кеткеніне [қапаланып] Онанды кесіп өтеді. Кейін Мұлан қағанның өшін өштеп, сары атын мініп, Мұқұлиқай қағанға шерік аттандырады. Үнболат (155-а) унның шерік аттандырғанын біліп, қашып кетеді. Сонда Үнболат ун бұй дейді: “Есүкей баһадүр әкеміз бір еді. Өгелен шешеден

¹²⁵³ 1463 ж.

¹²⁵⁴ Manduuli – т. н.-да осылай жазылған.

¹²⁵⁵ 1467 ж.

Төмүчин, Қасыр, Қачиұн, Отчығын біздер бір құрсақтан едік. Келесі Сөчікіл шешейден Бектер, Белкүтей екеуі еді. Бектерді Боғда Ежен өзі бастап, біздің бабамыз Қасыр қостап өлтірді. (155-а)¹²⁵⁶ Соның кегімен енді Мұлан қағанды өлтірді. Қағанымызда ұрпақ болмаған екен. Қағанымыз ұрпақсыз болса да, Қасырдың ұрпағы мен қуайын!” деп Ұлұқайдың кенересінде қуып жетіп, Мұқұлиқай уаңды інілері мен балаларына қоса жетеуін бірдей өлтіреді. Бұдан бұрын Мұлан қағанды өлтіргенде алған алтын қондырған дулығысын қайтарып алады. Моңғол Жарғучи бастаған жеті адамның басын алған сол жер — Долоғұн толоғой¹²⁵⁷ деп аталған екен. Мұқұлиқай уаң құла сұр атын мініп, қуарған суыр тонын киіп, Күнгеі Иабғанда¹²⁵⁸ сары қарағаннан шаншар¹²⁵⁹ тігіп, илеген тері жеп күнелтіп, кейіннен келеді-міс. “Қасырдың ұрпағы Қағанның ұрпағына бір жақсылық жасаған!” деген сөз осыдан қалған.

Қарағұчұқ тәйжінің ойратқа қолды болған бекичиі босанады. Содан Есен тәйжі: “Қыз болса шашын тара, ұл¹²⁶⁰ болса жұлынын тара!” деп Абабұрқы тайтұн¹²⁶¹ деген адамды жібереді. Бекичи біліп, баланың жағағын¹²⁶² кейін тартып, қыз сияқты тосады. Әлгі адам көріп (157-а) қыз екен деп кетіп қалады. Сол адамды кеткеннен кейін Бекичи ұлын жасырып, үйде жүрген Сақардың Құлабад әулетінің кемпірінің баласын жаңылдырып бөлейді. Әлгі адам қайта келіп, бесікті шешіп көріп, қыз екенін анық біліп, Есен тәйжіге барып айтады.

Содан кейін Ойраттың Өгедей баһадүрі өз нойандарын шақырып айтқаны: “Мен он үш ата бас болдым. Өстіп күш бергенімді еш елемеді!” дегенде, андасы Елие Нағачұдың

¹²⁵⁶ Т. н-ның осы тұсы және 151, 155, 157-бб. жаңылыс бар, беттері ауысқан.

¹²⁵⁷ Doloyan toloyoi – жеті бас, жеті (толағай), жетеудің басы. Н. П. Шастинада “семь раз голова” — “жеті қайта (рет) бас” деп аударған.

¹²⁵⁸ Kūngkūi jabaуan – жер атауы (“Золотое сказание”. С. 273.).

¹²⁵⁹ Şacıg – шаншар, күрке.

¹²⁶⁰ Ноууна – ұл бала.

¹²⁶¹ Abuburki Tayitung – қ. м. АТ-да осылай жазылған.

¹²⁶² Jауag-ig – тасағын. Қазіргі моңғол тілінің қолданысында жоқ сөз. “Жағақ, жаңғақ, жағал” деген сөз қазақ тілінде сақталған көне атау.

айтқаны: “Сен қояйын деген болсаң, Қарағұчұқ нойанның бекичиінен ұл бала туған. Сен соны Моңғолға жеткіз. Алты түмен Моңғолдың айдары¹²⁶³ сол болады!” дейді. Өгедей баһадүрдің әпекесін татардың Тоқи баһадүрі алған екен. Сол сылтаумен Тоқи баһадүр баланы [жасырын] шығарып береді. Ойраттың орман тоғайының ұлы Өгедей тайбу, Қоңыраттың Еселей тайбу, Қарачиннің Бұлай тәйжі, Сартағұлдың Байантай Ағлұқұ осы төртеуі баланы алып кеткенін біліп, Ойраттың қуғыншылары соңдарына түскенімен, қуып жете алмайды. Сөйткенде Абабұрқы жақсы қарагер атын Елие Нағачұға мінгізеді. Ойраттың нойандарының айтқаны: “Сен мына баланы қуып жетіп, алып кел. Ауыл үй, айғыр үйірін берейік!” деп қудырады. Сөйтіп, Елие Нағачұ қуып жете бергенде, баланы тастап кетеді. Содан Нағачұ баланы көпшігінен садақтың сұғындырғысымен іліп алып, [әлгілерді] қуып жетіп айтқаны: “Сендер мына баланы тастап, не үшін барасыңдар?!” деп осы сөзді айтып, баланы беріп, ерсілік-қарсылы атысып, атқан оғын алмай қалдырады. Сөйткенше артқы нөкерлері де келіп жетеді. Елие Нағачұдың айтқанына атылған оқтарды көріп сеніп, қайтып кетеді. Сөйтіп төртеуі баланы алып келіп, Ұранқайдың Құтұқтұ Шігүшиін паналап жүреді. Өскеннен кейін Құтұқтұ Шігүши Шікір есімді қызын Болоқ жононға береді.

Кейіннен Байан Мөңке жонон қаған доңыз жылы¹²⁶⁴ ұлы таққа төрт жыл отырады, Мандұғұла¹²⁶⁵ қаған, Болоқ Жонон екеуі алты түменмен шабуыл жасаған кезден кейін Мандұғұла қағанға: “Інің болып келетін Болоқ Жонон үлкен танаулы Иүнгиніңді аламын дейді!” деп тосын сөз айтады. Бұл сөзге Мандұғұла қаған сене қоймайды, бірақ Болоқ Жонон інісіне Қонқұлидың айтқан сөзін болжауға¹²⁶⁶ елші жібереуге жарлық болдырады. Қағанды шағыстырған Қонқұли, енді Болоқ Жононға айтқан сөзі: “Қаған

¹²⁶³ Jalay-a bolqu – айдарлы, шашақты болу (“Золотое сказание”. С. 274.).

¹²⁶⁴ 1467 ж.

¹²⁶⁵ Manduqula qaγan – Мандұғұла қаған. Т. н-да осылай “а”-ға аяқталып жазылған.

¹²⁶⁶ Boşyoldoqui – қазір ойраттар – қобықтар ғана ауызекі тілде қолданады. Бір мағынасы – тайталасу, жеңу, екінші мағынасы – өрлік.

ағаң сені Байан тегінмен теңдес деп, саған жамандық ойлап жүр. Бұл сөзіме сенбесең, сені сынап елші жібереді. Сонда айтқаным көзің жетер!” — дейді.

Кейіннен Мандұғұла сөздің анық-қанығын білмек үшін екі елшісін аттандырады. Жонон сол (155-б) елшіні көріп, кезіндегі шағыстырған сөзге сеніп қалып, “жамандық ойлағаны рас екен!” деп мәселенің байыбына бармайды. Қағанның жіберген елшісі жононнан жақсы сөз ести алмайды. Сол елші қағанға келіп: “Жонон ініңнің аузынан жақсы сөз шықпайды!” деп қағанға айтады. Қаған бұған ойланып қалып: “Демек маған жамандық ойлағаны шындық болып шықты. Денсаулығым онша емес еді. Менде ұрпақ болмады. Мен өліп кетсем, қатын, келін, барша ұлысым соған қалады. Әлден-ақ арамдық ойлағаны жаман екен!” деп ашуланып, қасқырдай тимек¹²⁶⁷ болғанда, жонон сезіп қалып, Бұғұрал гүнчи әпекесіне барады [айтады].

Гүнчи [оны] Бегерсеннен жасырып, Немейкү чойан¹²⁶⁸ мен Бағбай екі ұлына: “Бегерсенді алдарқатып сөзге тартайық!” — дейді. Бегерсен тәйжіні алдарақатып әңгімеге тартады. “Олар — менің шағам¹²⁶⁹ — келсе, тәйжіге сүйеу боласыңдар ма?!” — дейді. Бегерсен: “Оларды — шағаларды көрсек, етін жеп, қанын ішеміз!” деп шашын үрпитіп, мұртының ұшын ширатып отырады.

Бегерсен (156-а) тәйжі аңға аттанады. Немейкү чойан мен Бағбай екеуі ілеспей қалып қояды. Соңынан жононды аттандырады. Бегерсен тәйжі аңда жүріп біліп, адам жіберіп Гүнчиден: “Шідерлеулі сары ат қайда кеткен?!” — деп сұрайды. Гүнчи жарлық етіп:

“Бауырыңда алынбаған шерің бар ма еді?!

Амырақ ұрпағыңа арам ойың бар ма еді?!

Шідерлі сары ат жеріне кеткен!” — дейді. Бегерсен аңнан қайтқаннан кейін, Гүнчи екі баласын шығарып салып тұрып:

¹²⁶⁷ Šinolotu — қасқырланайын, қасқыр болайын, қасқырдай тиейін.

¹²⁶⁸ Šoiyang — т. н-да осылай жазылған.

¹²⁶⁹ Ĵaya, saγ-a, Kōbegün — ұл бала.

“Мына мен бұрын өліп, көрмеспін. Кейінгі ұрпақтарың кенжелеп туса, ұрпақты солар көрер!” — дейді.

Болоқ жонон Құтұқтұ Дерстей деген жерде отырғанда Шікір тайқұдан Тайан қаған туады. Тайан қағанды Балғачиннің Бақай есімді адамына береді. Содан кейін Ұйғұттың Исмайыл тәйжісі шабуылдап, Шікір тайқұны тартып алып, сол Исмайыл өзі алады.

Болоқ жонон мен Борбудың ақсақ Бұлұтай екеуі қашып бара жатқанда, Иеншебүдің шеткергі еліне жетеді, Жононның өзі далада қалып, Бұлұтайды “сөз тыңдап кел!” деп жібереді. Бұлұтайдың әпкесі жолығып, бауырын ұстап, жібермей қояды. Жонон шөлдеп, шөлге шыдамай, бір ауылға түсіп, қымыз ішкенде, бір денелі қыз жононның мінген (158-а) ақ сары атын, үстіне киген тиін мен астарлаған маңлық шапан, алтын белбеу барлығын байқап, тамашалап отырады. Жононды аттанып кеткеннен кейін, әлгі қыз судың жағасында жүрген көп адамды көріп, соларға барып: “Сондай бір адам кетті!” — дейді. Иеншебүдің бес отоғының Кере, Ғаған екеуі, Темір Мөңке, Қара Батай бәрі жононды қуып жетіп: “Не қылған адамсың?” — деп сұрайды. “Жолаушымын!” — дейді. “Алтын белбеуңді бер!” — дейді. [Ол] бермей қояды. Иеншебүдің қатын адамы Байан Мөңке Болоқ жононды шылбырымен шалмалап ұстап, өлтіріп, барыс жылы¹²⁷⁰ тәңір болдырады. Иеншебүдің жасаған бір қателігі сол еді.

Тайан қағанның асырауы келіспей жүргенін көрген Таңғұт Түлегерінің жеті баласы Темір Қадаға келіп, Бақайдан: “Мына баланы жақсы адамның қолына бер! Немесе маған бер?” деп сұрайды, бірақ ол бермей қояды. Содан кейін Темір Қадаға жақсы қызыл аттарын мінген жеті ағайынымен барып, тартып алып келеді.

Тайан қаған жылауық¹²⁷¹ ауруына шалдыққан екен. Сол ауруды Темір Қадағаның әйелі Есөн Томи ақ түйенің сүтімен үш (158-б) күміс аяқты тесілгенше сылап, жазады. Сөйтіп емдегенде балдыр

¹²⁷⁰ 1470 ж.

¹²⁷¹ Bitegi ebeğcin — іш ауруының бір түрі.

секілді жеті бөлек ауру түлеп түсіп, [жағдайы] жақсарады. Тайан қағанның бір қиналғаны сол еді.

Содан кейін Тайан қағанды Таңғұттың Темір Қадағасы Сайын қатынның¹²⁷² қолына апарып береді. Мандұқай Сайын қатын¹²⁷³ ежелгі кегін есіне алып, шерік аттандырады. Жаяу шерік, сиырлы шерік жіберіп, үш күннен кейін атты шерігін аттандырды.

Сайын Мандұқай қатын,
Мықтап қаруланып,
Сасқан Ұлысын құрастырып,
Сайын Тайан қағанды алып аттанады.

Кішіктеннің Алайдұнына жол көрсеттіріп, төрт түмен Ойратпен соғысып жүргенде Сайын қатынның малақайы¹²⁷⁴ сыпырылып, желкесінде салақтап жүргенін Ойраттың адамы көріп, қатынды малақайсыз екен деп ойлап, өзінің малақайын береді. Қатын оны алып, ұрандап, дауылдатып, төрт түмен ойратты шабуылдайды. Тас Бүрдеде шабуылдап, Дегеденеге аялдап, тегеуірі қайтқан тазқаралар қайта түлеп, күшіне келеді. Алты түмен ұлыспен ойраттың (159-а) бір төрін бағындырады.

Содан кейін Сайын қатынға Қорчынның Үнболаты: “Отыңды күзетіп, қонысыңды таңдап берейін!” — дейді. Сайын қатын жарлық болдырып: “Қағанымның мұрасын Қасырдың ұрпағы сен білетін бе едің?! Көтере алмас есігім, аттай алмас табалдырығым бар еді. Қағанымның ұрпағы тұрғанда саған бармаспын!” — дейді. Содан кейін Алағчұғұттың Сатай Тоғұланынан сөз тартып: “Мына Уаңның сөзі дұрыс па, теріс пе?” — деп сұрайды. Сатай Тоғұлан: “Дұрыс екен. Соған кет!” — дейді. Содан кейін ол Ғұрғұнның Мендү өрлігінің Жаған ағайынан да сол сөзді сұрағанда Жаған ағай бұй дейді:

¹²⁷² Sayın qatun – жақсы қатын (Мандұқай қатынның құрметті атағы).

¹²⁷³ Mangduqai sain qatun – Мандұқай жақсы қатын. Моңғолдың төр билігін сақтап қалушы данагөй ханым.

¹²⁷⁴ Malaqai – малақай, бұл жерде дулығаны айтады.

“Қасырдың ұрпағына кетсең,
 Қара жолға бастап,
 Қалың ұлысыңды ажыратып,
 Қатын атыңнан айрыларсың!
 Қағанның ұрпағына кетсең,
 Хан-тәңірге қолдатып,
 Қалың ұлысыңның иесі болып,
 Қатын атың өседі.
 Адал адамға кетсең,
 Ақ жолға бастап,
 Сақар түменін иеленіп,
 Атағың талайға жайылар!” —

Сайын қатын ағаның (159-б) сөзін жөн көріп, Сатай Тоғұланның сөзін теріске шығарып, басына ыстық шай құяды.

“Қағанымның ұрпағын әлсіз деп,
 Қамұқ ұлысымды иесіз деп,
 Қатын тәнімді жесір деп,
 Қасырдың ұрпағы шетке итерді!” —

деп Сайын Мандұқай қатын осы сөзді жарлық етіп: Тайан қағанға үш қабат табанды етік кигізіп, алағчүгүт¹²⁷⁵ сиырдың ала құмыралы арағын алып, орда нойандарының Менген иарғуына¹²⁷⁶, Даңқты қатынға ақ шаштырып, жарғы жариялап:

“Қара жылқының түсі танылмас жерге шығармын,
 Қағаныңның ұрпағы туылды деп,
 Қасыр ағайдың ұрпағы алмақ болғанда,
 Қаған Орданың қасына келдім.
 Ала аттың түсі танылмас жерге шығармын,
 Немере ұрпағыңды ұсақ деп,
 Алыс ағайынның ұрпағы алайын дегенде,
 Қорқар жанымды ұмытып,
 Алтын Орданың қасына келдім мен!

¹²⁷⁵ Алағчүгүд – алалылар.

¹²⁷⁶ Mengen ірауи – рух шақыру (“Золотое сказание”. С. 382.).

Қорыққан қорқынышым жоғалды,
 Ұятым мен арым бұзылды.
 Еңселі кең есіңді жеңіл деп,
 Биік кең табалдырығыңды тар деп,
 Үнболат унға кетсем,
 Құрығың ұзын, (160-а)
 Тұзағың үлкен ғой,
 Мені құрықтап ал!
 Сенің ұрпағыңды ұсақ деп табаласа,
 Үнболат унды құрықтап ал!
 Жатқа кетіп хан ұлы туса,
 Хан ұлын жоғалды деп,
 Қара басымды ойлап кетсем,
 Қоң етімді турайын!
 Ер Боғда Еженімнен ұл туған еді,
 Ежен ұлыңнан айырылдым деп,
 Әйел басыммен мен билеп кетсем,
 Еши қатын сенің алдыңда боршалатайын мен!” — дейді.

Осы ақиқат сөзімен Еши қатынның алдында ант береді. Содан кейін Еши қатыннан құт береке тілеп, жалбарынып:

“Осы тілегімді қабыл көрсең —
 Еши қатыным!
 Ішкі өңіріме жеті ұл тудыра гөр,
 Сыртқы өңіріме жалғыз қыз тудыра гөр!
 Менің осы тілегіммен,
 Жеті ұл берсең,
 Жетеуін де Болат деп атайын!”

деп тілек тілеп қайтады.

Қатынның осылай жалбарынғанын естіп Үнболат ун бұрынғы айтқан сөзінен қайтады.

Тайан қағанды жеті жасында Құлұғұрұн өзеніне шомылып жүріп, суға батып бара жатқан жерінен (160-б) Таңғұттың Сайын Темір деген адамы шығарып алған екен.

Осыдан кейін Бату Мөңке Тайан қағанға жеті жасында Мандұқай Сайын қатын өз орнын беріп, доңыз жылы¹²⁷⁷ оны хан тағына отырғызады.

Сол құт береке тілеген тілегі қабыл болып, Мандұқай қатыннан жеті ұл, жалғыз қыз туады. Төрболат, Ұлысболат екеуі егіз, Арысболат, Барысболат екеуі егіз екен. Бұлар туғаннан кейін Сайын қатын Очирболат, Алчиболат екеуін көтеріп, тоғыз айға толған тұста Ойраттар шабады. Сол шабуылда Сайын қатын атынан жығылып қалғанда, семіз жақсы құла атқа барағұт әулетінің Сайын Сайқаны ерін ерттеп, балғачиннің Байан бөкесі мен асұттың Батуболат екеуі Сайын қатынды атына көтеріп мінгізіп, сытылып шығады. Бір айдан кейін Очирболат, Алчиболат екеуі көрінеді [туады]. Содан кейін Ал-Боғұра туады. Ұранқайдың Құтұқты Шігүшиінің немере қызы (161-а) Самар тайқудан Көлрасанса¹²⁷⁸, Керболат екеуі туған деседі. Кейбір тарихта Ұрұт тәйжі, Жалайыр тәйжі деген біреуінің аты деп те айтылады. Келесі Күши қатыннан Геретү, Чин тәйжі екеуі туады. Тайан Қағанның он бір баласы осылар екен.

Содан кейін ілгеріге көшіп, Чаған Гертейге¹²⁷⁹ мекендейді. Еркүдтерден қарауыл шығарады. Қытайдың шеріктері келе жатқанын көріп, қағанға тіл [хабар] жеткізеді. Және Еркүдтің Күдүн, Бобыш екеуін қарауылға шығарады. Көкү қаласынан шерік аттанып шыққанын көреді. Күдүн, Бобыш екеуі қағанға тізгін ұшымен келіп, біреуі үйдің сыртынан дауыстап жеткізеді. Біреуі байлаудағы аттарды шешіп алып келіп, қаған мен қатын екеуін мінгізіп, Моның жазығына қарай қашады. Келіні Чағачан қатын тиін бешпетімен қашып шығады. Сол Чағачан бекичи жүз жасаған тайқу деседі.

Содан кейін [Тайан қаған] Керүленді мекендейді. Тайан қаған Моңғолчинға шерік аттандырып, түнделетіп келіп, Түрген өзенінің

¹²⁷⁷ 1470 жыл. Бұл аралықта Мандұқай қатын 9 жыл төр ісін қолға алады.

¹²⁷⁸ Girasandja – қ. м. АТ-да солай жазылған.

¹²⁷⁹ Čayan ger – ақ үй. Бұл жерде Шыңғыс қағанның қастерлейтін заттарымен бірге сегіз үй тігулі тұр.

өткеліне қонады. Моңғолчин мұны біліп, шерік аттандырып келіп (161-б), Түргеннің өзенінде жолығысып, Моңғолчиннен шыққан Таладтың баһадүрі мен Үгерекей екеуі оң мен солдан қасқа керней тартып шабуылдайды. Қағанның шеріктері шошып кетеді. Сөйтіп үрке қашып бара жатқан тұста Түрген өзеніне қағанның мінген бағариннің кіндікті құла¹²⁸⁰ қасқа аты батпақтап құлап, [Тайан қаған] дулығасының төбесімен шаншылып түсіп, тұра алмай қалады. Бесүдтің Тоған Сайыны: “Құла қасқа ат батпақтап құлады!” — деп бесүдтің Чаған Му Чирайын шақырып, “аттан түс!” деп түсіріп, өзі де атынан түсіп, қағанның дулығасының төбесін жерден суырып алып, атына мінгізеді. Қағанды атына мінгізген бесүдтің Тоған, Му Чирай екеуі ғорулаттың Қара Төріне де көмектеседі.

Тайан қаған [осылай] аттанып, Моңғолчин шерігін жеңеді. Тайан қаған Түрген өзенінің басына түскеннен кейін, шерігінің артын күтіп біраз күн еру болады. Тайан қаған кішіктеннің Ұйағтай ечігеннің қазанымен ет асып [жатқанын көріп], қайнаған соң етін аударып тастап, қазанын алып кетеді. Кейінгі шеріктердің қазанын Керүгед¹²⁸¹ алып келеді.

Содан кейін ұйғұттың Исмайлына шерік аттандырады. қорқунның Тоғочи Шигүчи, құғүчидтің Есен Түгел, Чаған Аман, Чибуаң батыр, Мианғату, арулаттың Мұғұлан, кішіктеннің Берчи, Нағақұ, Лабуг Шигечін, татардың Тарғуаң Қара, Шира Батулад, кемчігідтің Қори Байсқу, ғұрулаттың Бабақай өрлік, тариачиннің Басуқай, Қони Қабтағай, борбұқтың Мөңке Белгі, Түчиген, Беки Өгедей, ақа-темірдің Сегүсе, Минқұн, сарағұттың Асантай осы барлық сәйттерге бастатып, шерік аттандырады.

Сол шеріктер аттанған соң олардың ат дүбірін Исмайлдың үйінің түңілігін түзейтін Алаға есімді әйел естіп, Исмайлға айтады:

¹²⁸⁰ Қоғи — құла.

¹²⁸¹ Ц. Шагдар Абурад — “аваад” — “алып” деп аударған. Біздіңше, т. н-дағы “Хэрүгед” сөзі адамның атына ұқсайды. Сөйлемнің құрылымы да соған сай келеді.

“Жер қозғалғандай, айнала не болып кетті!” — дейді. Сол әйел жақсы қарагер атты шешіп, Исмайл тәйжіге мінгізеді. Исмайл атына мініп, әлгі дауысты анықтағалы кетеді. Қорқунның Тоғочи Шигүчиіне кез болады. Тоғочи Шигүчи Исмайлды танып, атып өлтіреді. Исмайлдың Құларай есімді ақайын Тоғочи Шигүчи алады. Құйағын құғүчидтің баһадүрі Мианғату алады. Шікір тайқуға “Атқа мін!” дейді. Жылап, бой бермей қояды. Тоғочи Шигүчи ашуланып:

“Күйеуің жонон жаман ба еді,
(162 б) Ұлың қаған жаман ба еді,
Ұлысың Сақар жаман ба еді,
Сен неге бөтен адамға бола жылайсың?!” —

деп семсерін кезеп, атқа мінгізіп алып келеді. Шікір тайқудан туған Бабұтай, Борқой екеуін де қоса алып келеді. Тайан қаған шешесі Шікір тайқуға жүздескенде Тоғочи Шигүчи:

“Жауыңды өлтірдім,
Өштесіңді жеңдім, мен!” — дейді.

Кейіннен Шікір тайқу Шара мөреннің [дарияның] Сермегерінде қайтыс болады.

Ұйғұттың Бегерсен тәйжісі тойдың асын пісіріп отырып, сұрпы еттің ыстық сорпасынан Бегерсенге бергенде, аңдасы Моңғолчиннің Төбшинінің ұлы Сайын Түлүгекен¹²⁸² шөліркеп отырып, Бегерсеннің сорпасынан сұрайды. Бегерсен әкелген сорпадан бөлек аяққа құйып береді. Ыстық сорпаны байқамай, қауып ұрттап қалғанда, аузы күйіп қалған. Түлүгекен ішінен: “Мына ыстық сорпаны жұтып жіберсем, жүрегім күйіп қалады. Қайтара шығарсам, ұят болады!” деп ойлап, аузына шайқақтата отырып суытады. Таңдайының терісі сыдырылып, түседі. Түлүгекен: “Бұл өшті (163-а) өлгенше ұмытпаспын. Күндердің күнінде есіме [бір] алармын!” деп [серт қылады]. Сол өшті есінен шығармай жүреді.

Содан кейін Тайан қаған Сақар мен Түмет екеуін алып, Бегерсенге аттанып бара жатып, кеңес құрады. Моңғолчиннің

¹²⁸² Tülügeken – күйік, күйікті деген мағына береді.

зәңгісі Темір ағалақуға “тыңшылық ет!” — деп бұйырады. Темір ағалақу Бегерсеннің үйіне бір көзін жұмып кіреді. “Зәңгі Темір саған не болған?” — деп сұрайды. “Әй, мына жаман өне бойым, жау жоқ кезде жау болды!” — деп зәңгі Темір ағалақу жауап қайтарады. Бегерсен тәйжі Темір ағалақуға күміс шараға арақ құйып береді. Зәңгі Темір арақ ішіп отырып: “Ішкенімнің аманаты!”¹²⁸³ — деп күміс шараны қойнына салып, алып кетеді.

Зәңгі Темір шыққаннан кейін Бегерсен тәйжі “Зәңгі Темір тұрпы бөтен қандай сөз айтты екен?!” деп жауырын ашады¹²⁸⁴. Қара сиырдың мүйізінің ұшынан¹²⁸⁵ сығалап, көріп, “Жауырынмым жаман сөйледі!” деп шерік жинайды. [Бегерсен] шеріктердің шаңын көріп, Немейкү чойан ұлынан: “Не болып кетті?!” — деп сұрайды. Немейкү чойан: “Қалың ақтаңның тозаңы шығар!” — дейді. Тайан қаған келіп (163-б) шабуыл жасайды. Бегерсен қашады. Көріп, қуады. Қуып жете бергенде киген дулығасын шешіп алып, оны көтешісіне кигізіп, алдап қашады. Түмедтің Төбшіннің ұлы Сайын Түлүгекен, қытайдың ұлы Үнүгүжи Жақұй Құрағачи екеуі дулығалы адамды Бегерсен екен деп қамауға алады. Бегерсен емес, көтешісі екен. “Нойаның қайда?” деп сұрайды. “Әне кетіп барады!” — деп көрсетіп береді. Бегерсенді қуып жетіп ұстап, Гілчер-төкімде өлтіреді. Сол өлтірген жерге тұз өскен деседі. Бегерсеннің ұлы Немейкү чойан қайғырып бұй дейді:

“Туысты түрткілеген,
Өскенді шұқылаған,
Шыққанды тістелеген,
Сен қара толағай қалдың!” — деп айтады.

Ибарақтың ұлы ұранқайдың Байан Тоқтыының асау құла айғырын ұрлағанда оны жазаламай қояды. Оған жаза бермеді деп жылқысын қуып келгенде, оның артынан Ибарақтың інісі қуып келіп, шабысып, өледі. Жазасы тіпті ауырлайды. Соның жазасын

¹²⁸³ Keriyes — аманат.

¹²⁸⁴ Tülge üjebe — бал ашты.

¹²⁸⁵ Жауырынның қақпақша жолағы бойынша бал ашу тәсілінің бір атауы (Үлэмж мэргэн дал. УБ., 1989.).

дұрыста деп, Тайан қағанға, батыс үш түменінен¹²⁸⁶ Моңғолчиннің Өлжейдің ұлы Оңғырқай, (164-а) ұрдұштың Қалиучинінің Ұдағачи шави¹²⁸⁷ екеуі Ақ үйге¹²⁸⁸ табақ қойып: “Жанға жан, төріңді [ұлыс еліңді] дұрыста!” — деп елшілікке келеді.

Тайан қаған өзі аттанбай, Ұлыс Байқұ, Абақай екі ұлына ғорұлаттың Бабақай өрлігін ертіп жібереді. Бір елшіге Оңғырқайды тағайындайды. Келесі елшіге Ұдағачи шавиді отырғызып, кеңес құрып қайтады. Содан кейін Абақай Ақ үйге барып, қайта жүгінеді. “Абақайлап” аттанған нөкерлері ұйғұттың адамына бір жылқы қарыз екен. Сол қарызын алуға барып, ұрысып, соққыға жығылады. Абақай: “Менің нөкерлерімді не үшін соққыға жықтыңдар?!” — деп ашуланып барып, әлгі адамды шауып тастайды. Ұйғұттың Ибарақ тәйжісі [мен] ордастың Легүши Алалақуы екеуі келіп, көріп, ашуланып айтқандары:

“Біздің төрді жасасуға келмей,
Біздің басымызды жазалауға келген бе?!
Әлден жазалауға көшкен бұл адам,
Бұдан былай кімді аяйды?!” —

деп шерік аттандырып, ұрыс ашады. Ұрыста баһадүр Күрісін жақсы бұрыл атын Абақайға мінгізіп, қашырып жібереді. Үйдің нойандары: (164-б) “Сенің алдыңда біз өлейік!” — деп қашырмай қояды. Абақайды Ақ үйге паналатып қойып, соғысады. Үйдің нойандарын жеңіп, Абақайды тартып алып, өлтіреді. Моңғолчиннің Қошой Табнанының Доғылын гүнчиінің әпекесі естіп келіп, өлгендерді көреді. Гүнчи барлық Моңғолчиннің туын еңкейтіп, аза тұттырады.

Абақайды өлтіргенін естіп, Қаған шерігін жинап келеді. Барлық түшмедтер: “Тақты алып отырған Оңғырқайды өлтірейік!” — деп

¹²⁸⁶ Baγayun yurban tümen — батыс үш түмен (оңдағы немесе оң жақтағы үш түмен).

¹²⁸⁷ Šabi — “шави” — “шәкірт”.

¹²⁸⁸ Ақ үй — жоғарыда ақ үйдің бір мағынасы — ханның ақ ордасын айтқан едік. Мұндағы ақ үй — жауласқан екі жақ бітімге келу үшін арнайы тігілетін бітімгерлік үйі.

ант етіседі. Қаған оны айтқан адамды өзінің артына отырғызып, жарлық етеді: “Менің ұлым Абақайды өлтірді. Менің өрлігім Бабақайды өлтірді. Сендердің нелеріңді өлтірді!” — деп жарлық болдырып, тәңірден жазасын тілеп:

“Ағып қалар қанды,
Арбиып қалар сүйекті,
Жоғарыдағы тәңір ием өзің біл!,
Одан [тәңірден] кейінгісі болған
Ежен Боғда әкем сен өзің біл!” — деп жалбарынады.

Барысболат жонон Доғылын әпекесінде болған екен. Сол жаман ырымды сезіп отырғанда, Тайан қағанның шерігі аттанғанын батыс түмені естіп, ұйғұттың Ибарай тәйжісі, ұрдұштың Легүши (165-а) Алалақуы, түмедтің Сайын Қошай, Бамбақай, Шигүчиі осылар кеңес қылып:

“Сұңқар құсты қолда баптап ұстаса,
Өз иесіне шабады деген.
Бұл кімге жақсылық келтіреді?!” —

деп Моңғолчинге тағы да жамандық ойламақ болғанда, Доғылын гүнчидің әпекесі Барысболат жононды ордостың ұлдарынан Темір тәйжі, борбудан Елчигей өрлік, далаттан Алағачи, шонқордан Тоқты Байқу, Тобок Түчиан, балғачиннен Есен өрлік, қоригұдтан Тобоқу осы жеті адамға жеткіздіртеді. Сол оқиғаның арасында бесіктегі баланың тамағы таусылып, көмөл¹²⁸⁹ теріп асырайды. Сол себепті баланың атын Көмөл деп атайды. Оны мерген Қара жонон дейтін деседі.

Ұлы Абақайды өлтіргені үшін Тайан қаған шерік аттандырады. Оң қанаттың түмені мұны естіп қарсы шығып, Деленнің басында жолығады. Алағчүғұттың Чаған зағарин, үземчиннің Алдүнге бағшиы екеуі бал ашып көріп, қағанға келіп айтады: “Ибраның жаны оттан екен, отқа су құйса дауа болар!” дейді. От жағып,

¹²⁸⁹ Көтүл — жабайы сарымсақтың бір түрі.

күміс аяқтағы суды отқа құяды. Онниғұдтың Түлегедей шинчи¹²⁹⁰ [оттан бал ашып, қағанға]: “Борчигін текті төртбақ қызыл кісі адамнан жүрегі қайтқан қара түсті, барыс тізгінді төртбақ кісімен [екеуі] келсе жеңеді!” — дейді. Қорчынның Ұрдақсағай¹²⁹¹ нойаны ұлы Бұрқайға ақ ат мінгізіп, ертіп келеді. Табұнның уақытты білуші білгірі Чекече, му мианғанның ұлысты болжаушы білгірі Ұлұм, қара тілді татғалжиннің Бағасұқайы, көп тілді керейттің Ұлдұы, ауызы дуалы алдачиннің Саймақайы “Уақыт әлі ерте, түс болсын!” дейді.

Борбұттың Байан Үрмегері Тайан қағанның туын жасыртып, айламен ұранқайдың туын тіктіріп қояды. Ұрдақұғай нойанның ұлы Бұрқай, табұннан Чекече, Саймақайдың ұлы Бартұң осы үшеуі өледі. Бұрқай уаң, Бақсұн табұң, Чекече номұн¹²⁹² үш адам жұлдызнамада¹²⁹³ көрінген деседі.

Батыс түмені “садақ кілт”¹²⁹⁴ сапын түзеп келеді. Соны көріп Тайан қаған: “Бұлай [шерік] орналастыруды сен білесің бе?” деп, қара шерік¹²⁹⁵ ойраттың Сегүсесінен сұрайды. Сегүсе: “Мұндай “садақ кілтке” қарсы қолдануға “бұқа мүйіз”¹²⁹⁶ қолайлы болушы еді!” деп, (166-а) алпыс бір “бұқа мүйізін” орналастырады. Батыс

¹²⁹⁰ Ćinši – “көріпкел” деген мағыналы атақ.

¹²⁹¹ Urdaqsayai – т. н. -да осылай. қ. м АТ-да – “Урдахугай”.

¹²⁹² Ćekeĉe-nom-un – т. н-да осылай. Чекече – діндар.

¹²⁹³ Šingšin-tur – т. н-да осылай, қ. м. АТ-да Ц. Шагдар “төлөгөнд” — “балға” деп түсіндірген. Шиншин сөзінің қазіргі сөздіктердегі мағынасы — ай санаушы, күн райын болжаушы. Демек, жұлдызнамашы. Бұл жерде “...үш адамның өлімі жұлдызнамада көрінген” немесе “... үшеуіне жұлдызнама түскен” болуы да мүмкін.

¹²⁹⁴ Num-un tülkiġür – садақ кілті соғыс тәсілі. Жауды үш жағынан қоршап алып, қоршалған жаудың ортасына негізгі күш басып кіріп, жауды ішінен жару, сетінету (Нацагдорж Ш. Чингис хааны цадиг. УБ. 1991, 219-б.).

¹²⁹⁵ Qara űegig – “хар цэрэг” — “қара шерік”. Ц. Жамцаран тұрақты шерік емес, халықтың арасынан жасақталған қосымша жәрдемші әскер деп аударған.

¹²⁹⁶ Buqa seĉigür – бұқа мүйізінің ұшымен түрту, ілу, соғыс тәсілдері (Чой. Лувсанжав. МБХТ. 264-б.). Жаудың ортасына жарып кіріп, орталық күшін іліп, түйрегендей (бұқа мүйізімен іліп, шайқайтыны сияқты) етіп, естен тандырып, сол арқылы ес жидырмастан тас-талқан күйрету (Нацагдорж Ц. ЧХЦ. 219-б.).

түмені “қағанның туы деп” алданып, ұранқай туына [қарсы, Тайан қағанға] көмектесіп ұрысады.

Ұрдақұғай уаң, оның ұлы Бұрқай, ұранқайдың Байақа баһадүр, қорчын түменінің табуны Сайын Чекчеге баһадүр, бес отық қалқаның нойаны Бақасұн табұннан бесеуі бес қошунды бастап шабуылдайды. Сөйткенде ұранқайлар ығысып қашады. Түменнің шеріктері соңынан қуып, қақ ортасынан қағанның қара туын ашық шығарып ұстап, түмендерді екіге бөліп алып қырады. Батыс түменнің көп шеріктері қағанның қара туын өз туларына шатастырып, келіп қырылады. Солай өліскенде Ибарай тәйжі қашып кетеді.

Тайан қаған батыс үш түменнің төр билігін өз қолына осылай алған деседі.

Чекчеге баһадүр ойранға қайта кіргісі келіп, дулығасын шешіп тастап, жалаңбас кіреді. Солай кіріп Чекчеге баһадүр: “Мұндай тамаша төр¹²⁹⁷ күн сайын кезіге бермейді!” деп дауыстап келіп шабысады. Шабысып жүргенде Чекчегенің басы қақ айырылып, аттан құлап түседі. Жығылып жатып, көтеріліп қарсыласының темір үзеңгідегі аяғын шауып үзіп жібереді. Көтешісіне жетіп: “Төр дөңгелегі кімнің қолына көшті?” деп сұрайды. Көтешісі: “Дөңгелек біздің қолда!” дейді. Чекечеге: “Мен дәл шағымда жеңілген екенмін!” деп өліп кетеді.

Содан кейін Тайан қаған батыс үш түменнің сапына көмектескендерге түгел “дарқан¹²⁹⁸” атағын береді. “Чекеченің ұрпағы нойансыз болсын!” деп дарқан етеді. “Ойраттың Сегүсе Ағалақуының ұрпағы жеті атаға дейін алым-салықтан азат болсын!” деп дарқан етеді. Бақасұн табұнанға Сайын Мандұқай қатыннан туған қызын береді.

Содан кейін батыс түмен өз арасынан соғысып, үрдүштың¹²⁹⁹ Ағалақу Легүшиі Ибарайды өлтіреді. Легүшиді еркегүдтің

¹²⁹⁷ Төг – бұл жерде төр ұлыс алаңы мағынсында қолданылған.

¹²⁹⁸ Darqan – бұл жерде дарқан сөзі ерікті, құқылы, жеңілдіктер пайдалануға құқылы деген мағынада берілген.

¹²⁹⁹ Urduş – т. н-да осылай жазылған. Дұрысы “ордас” болса керек-ті.

Келегейі ұстап, өлтіреді. Легүшиді [өлтіргенін] Келегей Тайан қағанға былай деп жеткізеді: “Өштесіңнің төсін жарып, қастасыңның жанын үзіп келдім, мен!” дейді. Кейіннен Тайан қаған Келегейді дарқан етеді. Содан кейін Моңғолчиннің Қошой табұнан, Темірген екеуі келіп қосылады. Қорчынның Ұрдақұғай уаңы келіп: “Батыс үш түменді бөліп алайық!” дейді. “Кекті қайтардық¹³⁰⁰. Өшті адамдарды [тоздырып] (167-а) әр есікке құл етейік. Өшті адамдарды бірге қойсақ, кейінгі ұрпағымызды қинайды! Жеті отық қарачиннің аса ұлық Иеншебүін біздің жеті отық қарачинге қос! Сегіз отық ордос негізгі күш. [Оны] сегіз отық Сақарға қос! Он екі түмендікті он екі қалқаға қос!” — дейді.

Уаңның ол сөзіне Тайан қаған көнбей, өз ұлы Барысболат жононды батыс үш түменді билеуге отырғызады. Ұрдақұғай¹³⁰¹ уаң [бұған ашуланып]: “Кейінгі ұрпақ қиналып өледі!” деп атының басын тоқпақтайды¹³⁰². Осы оқиғаға бола ордастың Тайладары қорчынның Ұрдақұғай уаңына қонақасы бермей қояды. “Қонақасы бермедің!” деп Тайладарды өлтіріп тастаған деседі. Қонқұлды “өсек айттың” деп тілін кесіп өлтіріпті. Осы сөз көпке тарап кеткен екен.

Тайан қаған отыз жеті жыл таққа отырып, қырық төрт жасында тәңір болады.

Тайан қағанның үлкен ұлы Төрболат хан тағына отырмаған, ұрпақсыз тәңір болған. Інісі Ұлысболат хан тағына отырмаған, Ибарай тәйжінің қолынан тәңір болған. Содан кейін Боди Алақты кішкентай деп, немере ағасы ұлы таққа отырады.

Содан кейін Боди Алақ қаған¹³⁰³ шығыс үш түменін алып, сегіз Ақ үйге сиынып, “Қаған тағына отырайын!” деп Барысболат

¹³⁰⁰ *Ĵayučilaulbai* – көне сөзге Ц. Шагдар “биелүүлэв” – “орындадық” деп түсіндірме берген.

¹³⁰¹ *Ordaqūqai* – т. т. н-да осылай, қ. м. АТ-да *Ordqu* деп жазылған.

¹³⁰² Моңғолдарда аттың басын тоқпақтау жаман ырымға саналған.

¹³⁰³ *Bodi Alay-qayan* – Дайан қағанның немересі, үлкен ұлы Төрболаттың баласы.

жононға барып бұй дейді: “Сен мені кішкентай деп, қаған тағына отырғаның рас болғанымен, сенің таққа отыратын жөнің жоқ. Сондықтан сен енді маған сиын. Жолы үлкен иеңе сиынбасаң, мен сенімен жауласамын!” деп ауыр сөздермен сөгіс айтады. Бұл сөздерді Барысболат жонон қаған жөн көріп, “Мен сиынайын!” деп жауап қайтарады. Бұл сөздің жөніне көніп, сегіз Ақ үйге Боди Алақты сиындырып, ұлы таққа отырғызады.

Содан қайтып келе жатқанда Боди Алақ қағанға Қорчын түменнің баһадүрі Молочи буаз құла бие мініп келіп: “Мына батыс түменнің бір шетін шауып қайтайық!” — дейді. Ол сөзге Боди Алақ қаған көнбейді. Молочи баһадүр ашуланып, (168-а) “Буаз бие мінгенше құр қайтайын!” — деген сөзді айтады.

Тайсұн қағанның өшін алуға Шигүчидің ұлы Бұлұнай уаң келеді. Бұғұралт Себденнің ұлы Молочи, Алчұғұдай, Алұри осы үшеуі қарсы қорғаныс құрып, кегін ала алмай қайтады. Кейіннен күренге [шабуылдап, алмақ болғанда] тағы да қорғаныс құрып алдырмайды. Содан кейін бөгеу¹³⁰⁴ ағашын кесіп, көшпен өте алмай, Өргенеге мекендемек болып келгенде, Онанның Саға-Чағантының үлкен аралында жолығысады. Бедердің тұмсығында үлкен тұрақ¹³⁰⁵ құрады. Есебүрдің ұлы Ебүсей баһадүр:

“Қоңыр жер қозғалса да,

Қоңыр сірік Ебүсей мен қоғалмаспын!” деп түсіп көзіне аттырып құлағанда, [қарсылас] адам ішін жармақ болғанда, белбеуіне байлаған аты жұлқынады. Ебүсей түрегеліп, әлгі адамды атымен қоса атқылай бастайды. Түлүгекеннің ұлы Мандұй дарқан қарсыдан келіп, жақсы сұр атының аяғын үздіріп алады. Аты үш аяқтап үлкен ағаштан қарғып өте шығады. Ұрдақұғайдың ұлы Ұйанғұ баһадүр, Мандұй (168-б) дарқанға сақалды сары атын кіргізіп беріп, [алаңнан] шығарып алады.

¹³⁰⁴ Qúli-e modun-ig – байлау ағашты.

¹³⁰⁵ iyeke baigi – үлкен тұрақ. Бұл сөзді Ц. Шагдар “дайны жагсаал” — “соғыс сапы” деп, Н. П. Шастина “большой лагерь” деп аударған.

Қорчын татағалчин Байжу, керейттің Болайы екеуі [бір-біріне] балдыз бен жезде болып келеді. Бағаринғұттың Тегүлей, Қоқұлай екеуі шөберелер. Сол төртеуі алда бастап жүріп өледі. Оларға берілмейді. Солардан кейін Мандұй дарқан бастап аттанып, Қара бұлағының жар тасына¹³⁰⁶ қорғаныс сап құрады. Солонғодтың Қарағчин тайбучидің ұрпағы Шағатайдың ұлы Сайын Тамағаты¹³⁰⁷, алтачиннің Сайын Қоқудай екеуінің бастап [шыққанын көріп] Үгүдей баһадүр ағасына Көкүлтей баһадүр: “Екеуі шықтық деді. Жиырма адамға жеңілмеспін, мен. Екі адамға жеңілмейтін сен тоқта, мен шығайын!” дейді. Тамағатыны оқпен атады. Сайын Қоқудай алысып жүргенде Тамағаты орнынан тұрып, Көкүлтейдің борбайын тіке шауып өлтіреді. Оны алмай тастап, тоғыз жүз жылқысын алып қайтып келеді. Қашқан тұста¹³⁰⁸ Мандұй дарқан аттанып, Өргене өзеніне қарай түсіріп, Алғұчи баһадүр мен Бұрқайдың ұлы Арсау (169-а) Бұй уаңды әдейі өлтіреді. Алғұғұдайды атқа қосақтап келе жатқанда “Алғұдай: “Алғұғұдайдың қартайғаны қас болды, алақчұғұдтың тарап кеткені қас болды!” дейді. [Сөйткенде] Алғұғұдайды балтамен ұрып өлтіреді. Молочиды атқа қосақтап [алып] келіп, Сарқығ төкөмеде Боди Алақ қағанға Мендү уаң әкеліп өлтіртеді. Мендү уаңды дарқан етеді. “Қасырдың ұрпағына Қағанның ұрпағы бір жақсылық істеген” дейтіні содан қалған екен.

Боди Алақ қаған жиырма төрт жыл тақта отырып, қой жылы¹³⁰⁹ жетінші айдың онында Жодұлүн биігінде тәңір болады.

Содан кейін доңыз жылы Дарайсүн Күнден қаған¹³¹⁰ ұлы таққа отырады. Сол қағанның тұсында төр тынышталып, туыстар

¹³⁰⁶ Jida čilayun – жады тасы, жайдың тасы. Ц. Шагдар “хад чулуу” – “жар тас” деп аударған. Н. П. Шастина “каменистом мысу” деп қолданған. Бұл жерде “жида” деген көне сөздің толық мағынасы ашылмаған.

¹³⁰⁷ Šain Tamayatu – сән таңбалы.

¹³⁰⁸ Jutaysan-dur – қашқан тұста. Ц. Шагдар “зудагсанд” деп көне сөз мағынасында қолданған.

¹³⁰⁹ 1547 ж.

¹³¹⁰ Darayisun Kündeng qaγan – Боди Алақ қағанның үлкен ұлы. 1548 (мешін) жылы хан тағына отырған.

құралып, алты ұлы ұлысты шаттыққа кенелтеді. Күнден қағанның ұлдары Көкечүдей тәйжі, Торал нойан, Жоригты тәйжі, Бүгү тәйжі осылар еді. Он тоғыз жыл хан тағында отырып жылан жылы¹³¹¹ тәңір болады.

Сол қағанның тұсында Барысболат (169-б) жононның ұлы Кеген Алтын қаған¹³¹² Ежен Боғда әкеміздің шаршап жүріп құрастырған бес түсті, төрт қиыр ұлыс, Өгедей қаған, Күлік қаған, Мөңке қағандардың тұсында тапқандардан, діннің әуелгі құбылғаны Сечен қағанның орнатқан бейбіт тәр, асыл діни ілімін, бастап салдырған орда сарай, қала, қорғандарынан тағдырдың жазымымен [қапыда] айырылады.

Содан кейін Елбеге қаған, Адай қаған, Тайсүн қағандарды қуып, Абқарчин жононды айламен өлтірді деп, ежелгі өштес қытай, ойратқа аттанады. Сол Сайын Алтын қаған қайратынан қайтпай Таңғұт, Тибеттен берідегі Амдоуа¹³¹³, Ширайғұр¹³¹⁴ ұлыстарын өзіне қаратып алып, Арик Сенкерчесгиб, Оғлобұм чоржи, Исдагрин Серендера¹³¹⁵ осы үш баһадүрді ұстап, алым-салық алады. Ойратты шауып, Жаламан Төрүді өлтіріп, Жикекен ақа¹³¹⁶ бастаған бір топ елді жаулап алады. Қытай ұлысына шауып, қала, қорғандарын күйретіп жүргенде Таймин қаған қорқып, алым-салық өтеп, Алтын қағанға (170-а) сүй — уаң¹³¹⁷ атағын береді.

Содан кейін Жасақты Түмен қаған ұлы таққа отырады. Асыл діни ілімді тұтып, ежелгі жау Қытай ұлысын шауып жүреді. Қытай ұлысына аттанып, шерікке күш берді деп, Аланқиды дарқан етеді.

¹³¹¹ 1557 ж.

¹³¹² Gegen Altan qaγan – Барысболаттың екінші ұлы, Дайан қағанның немересі.

¹³¹³ Амдова – Амдода тұратын (өмір сүретін) адамдар.

¹³¹⁴ Širayınor – т. н-да осылай, қ. м. АТ-да Širayınor деп жазылған.

¹³¹⁵ Isdayring sereng-der – Алтын қағанның қолға түсіріп, алым-салық төлеуге мәжбүрлеген үш баһадүрінің бірі.

¹³¹⁶ Jikeken aqa, yeke-ken aqa – деп оқыған жөн деген.

¹³¹⁷ Süi vang – кішіпейіл (көнбіс) және әділ қаған.

Және сол Жасақты Түменнің [тұсында] Сайын Кеген Алтын қаған темір қой жылы кенет дінге құштарланып, Мчоуа-тегистің ламасы¹³¹⁸ келгенде қаған оған сұрақ қояды. Ол бәрін игерген Бсуад-намс-рагуа мчоуаның¹³¹⁹ негізін, жарлығының маңыздарын қағанға асықпай талдап, айтып береді. Соны естігенде қағанның қажырлы сенімі жазғы көлдей тасқындап: “Солтүстіктегі ұлы жерге қарай бағыттау керек екен!” деп Дайон қиаға¹³²⁰ алтын хат, асыл тартуларды беріп, [Далай ламаға] арнайы шақырушы жөнелтеді. [Шақырушы] барып айтқан тұста Құтұқтұ хомсим бодисүң құбылған Тамчад Мчимба Бсуад намс рагуа мчоуа¹³²¹ деген атағы бар Құтұқтұ Далай лама бастап және Құтұқтұ Очируанин құбылған замдо ржирүң Құтұқтұ бастаған көптеген оқымысты діндарлармен келеді. Далай ламаны Көке нағұрда¹³²² күтіп, қарсы алады. Далай лама барлық жайды байыппен түсіндіріп, қажетті нұсқауларды берген соң, басшы лама¹³²³ Дұлбе чоржи құрметпен шығарып салады.

Моңғолдың [жыл санауындағы] он бірінші айының жиырма алтысында Врай Бүннен бері қайтады. Содан берірек жүргенде ақ бөреге¹³²⁴ ұқсайтын жартастың қабырғасындағы жарықтан дуаң бөрені алады. Содан берірек жүргенде, Мөсүн тауының¹³²⁵ ежені екі жүз аттылар келіп [Далай ламаға] сиынып, құлыпты екі абдыраның үстіне кілт қойып, оның үстіне ақ үлбірек қойып, тарту

¹³¹⁸ Mjova tagi stng – қ. м. АТ-да Зорве Асен деп жазылған. Зорве Асен лама 1571 жылы Алтын қағанға келген дейді (Рерих Ю. Н. Монголо-тибетские отношения в XVI и начале XVII в. С. 195).

¹³¹⁹ Будда ілімдерінің біреуінің атауы, моңғол тілінде “Данжуурын номлол” деп жалпылай атайды.

¹³²⁰ Dayon kiy-a – қ. м. АТ-да Дайон нойан деп жазылған.

¹³²¹ Tamčad mčinba bsouad nams rkin mčoua – үшінші Далай ламаның атақ, шені толығымен берілген.

¹³²² Kökө naуug – көк көл.

¹³²³ Yeke taqil-un lama – құрбан шалуға құқылы лама.

¹³²⁴ Büre (діни) – “бөре” – шыныдан жасалған музыкалық аспаптың атауы.

¹³²⁵ Müsün aуula – мұз тау (қарлы тау).

етіп, қомсим бодисұнның ауишигін¹³²⁶ тыңдайды. Чоуаның¹³²⁷ басындағы ел үш мың лаң алтыны бар асыл бұйымдарды тарту етіп, мыңнан астам адам тойн¹³²⁸ болғанда, отырған тас арқалыққа төрт қолды хомсим бодисұн мүсіні өздігінен пайда болады. Содан бері қарай жүргенде моңғолдың тәңір чөткірі¹³²⁹ ат, түйе, мысық бастылардың кітап иесі — Бекчесті¹³³⁰ жетелеп келіп антқа [дінге] кіргізеді.

Содан бері қарай жүре бергенде ордастың Сечен (171-а) қоң тәйжісі мен түметтің Дайон нойаны бастап үш жүз аттылар алтын, күміс, торғын сияқты асыл бұйымдарды тарту етіп, [Далай ламаға] сиынады. Сечен қоң тәйжі төрт қолды хомсим бодисұнның ауишиін көріп, үйренеді.

Кеген қаған өзінің шет шекарасындағы қараңғылықты жойып, нұрландыру үшін киелі ақ шапан киіп, түмен санды серіктерімен қоса өзінің нөкерлерін түгел алып, Ламаға жарылқану тойын жасап, күміс мандал, бір үлкен алтын аяқты асылмен толтырып, жиырмадай бумасымен ақ, сары, қызыл, жасыл түсті торғын, он ақ ат, ер тоқымды жүз ат, алтын, күміс, үлбірек, белбеу сияқтыларды тарту етіп, [Далай ламаға] сиынады. Гүши багши¹³³¹ тілмаштық жасап, Сечен қоң тәйжі тілегін жеткізеді.

Тәңірдің күш-қуатымен Моңғол тибет пен қытайды өзіне бағындырып, Сечен қаған Пагва ламаның арқасында дінді гүлдендірген еді. Кейіннен Тоғон Темірден бері қарай дін үзіліп, аса ауыр жолмен жүріп келген. Енді күн мен айдай болып лама

¹³²⁶ Abiſig – санкр. дұға, уағыз.

¹³²⁷ Čova – Көке нағурдың маңын мекендейтін ел.

¹³²⁸ Toin – дінге кіріп, рәмізін өтеу. Шығыс елдеріндегі ислам дінінен басқа дінді уағыздаушылардың діни басшысы, буддалық монах, пұтқа табынушылардың діни жетекшісі (Алдаспан. Алматы: Жазушы, 1987. 164-б.).

¹³²⁹ Tegri čidgög-anu – дін қорғаушыларының буддизм мен шаман тәңірін қалыптастыру үлгісі.

¹³³⁰ Bik-ŋje – әйел ие деген мағыналы тұмардың атауы.

¹³³¹ Gūši bakši – оқымысты ұстаз.

мен қағанның қатар кезіккенінің арқасында; “барша жұрт он ізгіліктің¹³³² жолын ұстансын!” деген (171-б) жарғыны жариялады.

Далай лама тереңге толғап жарлық [өсиет] айтып отырған тұста қаған сәл есінен танып, содан керіліп түзелген соң: “Ертеде Пагва лама сүме орнатқан тұста мен — [Құбылай] Сечен қаған болып, сен — Пагва лама болып [туылып] сүмені жандандырдың. Содан бері бұған дейін мен қайда адасып жүргенмін?” деп сұрағанда, лама жарлық болдырып, тәннің иесіне бес тектің белгісі ретінде бес түсті үлбіректен очир түйін түйіп таңбалап¹³³³, асыл аяққа түрлі дәндер толтырып, қағанға ұсынады. Содан Соднам Жамцо далай ламаға “Очир Дара” атағын береді. Кеген қағанға “Номуң қаған ұлы Есруна тәңір” деген атақ береді. Діннің бастаушылары түмен Жасақты қаған, Қалқаның Очир Сайын¹³³⁴ қағаны осылар еді.

Кеген қағанның ұлы Сенге Дүгүрен қаған¹³³⁵, оның ұлы Сүмер тәйжіден Иондон Жамсоның¹³³⁶ құбылып, қайта туғаны былай болған еді. Әкесі Сүмер тәйжі, шешесі Қасырдың ұрпағы Дайұн үйчин¹³³⁷ нойанның қызы Барифан Жұланың құрсағына кіріп, алты

¹³³² Arban buyan – буддистердің он ізгіліктері: кісі өлтірмеу, ұрлық жасамау, зинақорлық жасамау, өтірік айтпау, боқтық сөз айтпау, парықсыз сөз айтпау, жала жаппау, сараң болмау, тірі жәндікке залал тигізбеу, шәк келтірмеу (Дашбалбар О. Арван дөрөв дэхь их далай ламтай хийсэн ярилцлага. УБ, 1990).

¹³³³ Uaciḡ jaṅgia jaṅgidṣu tamaḡalaṣu – очир түйін түйіп таңбалап — будда ілімінің сары дінділер тармағы бойынша діндар еркек кіндіктерінің нәпсісін тыйып, әйел затына жоламауын айтып отыр. Очир түйін дегені, бір жағынан, әйел тәнін белгілеудің нышаны. Оны үлбіректен түйіп таңба салу — оған жолауға тыйым салғандық. Қаған Далай ламадан сұраған өз сұрағына — адасудың жолы қалай болғанына осылай жауап алған. Осылай, ишарамен астарлы сөз саптау шығармада көп кезігеді.

¹³³⁴ Uaciḡ saip qaḡan – Абатай қағанның (1534–1586) Далай ламадан дәрежелеп алған құрметті атағы.

¹³³⁵ Sengge Dúḡureṅ – Түметтің Алтын қағанының үлкен ұлы (1583 ж. қайтыс болған).

¹³³⁶ Yondan jamcowa – төртінші Далай лама (1589–1616), шыққан тегі — монғол.

¹³³⁷ üṣin – т. н-да осылай жазылған, қ. м. АТ-да “үйзән” деп жазылған. Алайда, “үйчин” мен “үйзән” (діни) екі бөлек мағына береді.

әріптің дыбысынан (172-а) найзаның үнін естіп, үйдің ішіне кемпірқосақ керіп, түрлі гүлдерді жайнатып, жаңбыр себезгілетіп көптеген белгілер танытады. Он айға толып, топырақ сиыр жылы¹³³⁸ Далай лама құбылып [қайта] туады. Жүздей кесе шай беріп, шөлін басады. Моңғолдың алты Ұлы ұлысы шашу-таралғыдан тартып, қисапсыз көп дүние-мүлікті тарту етіп, қадір тұтады. Моңғолға Жонқовтың¹³³⁹ дін ілімін күндей жайнатты. Содан солтүстіктің сары малақайлыларының¹³⁴⁰ нойаны бастап, құрбандықтың сарысы, врай бүн¹³⁴¹, ғандан үшеуінен қостап көптеген киделердің елшілері келіп сиынып, Мәңгілік жердің¹³⁴² мәртебесі артады.

Кеген қаған ерікті Жу Шагжамүни бұрханның¹³⁴³ дене мүсінін ердене, алтын, күмістен орнатады. Үзілген дінді жалғап, бүлінген төрді түзеп, бес түсті, төрт қиыр ұлыстың даңқын ежелгі [Құбылай] сечен қағандай арттырады.

Және содан кейін Бұйан сечен қаған ердене¹³⁴⁴ діни кітаптарды көпке таратып, ертеде Тайсүн қағанның айырылып қалған таңбасын қайтарып алып, бейбіт ұлы төрді¹³⁴⁵ нығайтып, ен байтақ ұлыс-елін тыныштыққа бөлейді. Бұйан сечен қағанның (172-б) ұлы Манғұс мерген тәйжі хан тағына отырмай қайтыс болады.

¹³³⁸ 1589 ж.

¹³³⁹ Jongqeba – деген туған жерінің атауы. Шын аты – Лувсандагва, 1357–1419 жж. өмір сүрген, Тибетте буддизмді өзгертіп, қайта құрушы, Тибет пен Моңғолияда кеңінен таралған гелугпа сектасын құрушы (Sainu köbegün çoy-i bariüçi bayasqulang-un jokiyaу-san abisig-itobçilan üjügülügsen nomlaly-a oгуšiba. Т. 4, 420, 440-б., Д. Цэрэнсодномның түсіндірмесі).

¹³⁴⁰ Буддизмнің сарылар ағымына тәу ететін діндарлардың киім үлгісі. Сары ағымдағылар деген мағынада.

¹³⁴¹ Brai bün – санкр. (діни) ілім атауы.

¹³⁴² Мемлекет деген мағынада.

¹³⁴³ Gegen қаған-ану еркетü jou šigemuni burkan-u.

¹³⁴⁴ Erdehe – ердене – асыл. Бұл жерде Будда ілімінің моңғол аудармаларында қолданылатын “Бурхан эрдэнэ” (Бұрқан ердене), “ном эрдэнэ” (кітап-ілім ердене), “хувраг эрдэнэ” (оқымысты ердене) деген жалпы қағидалы атауларды ұстанып отыр.

¹³⁴⁵ Үнді Тибет өлкесін моңғолдар осылай мадақтайды. Бұл жерде моңғол жерін әспеттегенге ұқсайды.

Сол Манғұс тәйжінің ұлы Линден¹³⁴⁶ Құтұқты қаған еді. Линден Құтұқты қағанды толық атаған аты — “Даньшпан Шыңғыс Таймин сечен, шартараптың соғыс жанжалын жеңуші — Тайсүн тәңірдің тәңірі, дүние жүзінің құрмыстысы, Алтын күпшекті аударушы¹³⁴⁷ номұң қаған”. Ол таңғажайып жарлық кітаптарын¹³⁴⁸ моңғолшаға аударып, оны кеңінен таратты.

Линден Құтұқты қағанның ұлы Ечи Қоңғор¹³⁴⁹, оның ұлы Абұнай уаң¹³⁵⁰ еді. Сол Абұнай уаң шүршіттің Барыс сечен қағанының қызы Күрүни гүнчиді¹³⁵¹ алған екен. Абұнай уаңның қатыны Гүнчиден¹³⁵² туғандар Бүрни ун, Лұбсан тәйжі екеуі екен.

Намова Көүрү¹³⁵³

Үндінің ең алғашқы Мақа Самади қағанының алтын кіндігінен тарап, талай заман өткеннен кейін Тибеттің Күжүгүн Сандалиту қағаны туылады. Содан кейін тәңірдің ұлы Бөрте Чинуа (173-а) туылады. Содан кейін Добу Мерген туылады. Добу Мерген өткеннен кейін, Алұң Қоға ерсіз жүріп, Боданчарды туады. Ұзақ ғұмырлы тәңірдің ұлы Боданчар еді. Шешесі Алұң Қоғаға ұзақ ғұмырлы¹³⁵⁴ тәңірдің құбылған құдіреті жоғарыдан келіп, Алұң

¹³⁴⁶ Linden – өзге тарихи жазбаларда Легден деп жазылады. 1602–1634 жж. тақта отырған.

¹³⁴⁷ Altun kūrden-I – алтын күпшекті аудармашы немесе “шеңбер ашушы”. Жалпы моңғол тіліндегі “хүрд” (күпшек) сөзінің толық мағынасы өзге жаратылыстың қолынан келмейтін нәрсені жасай алмайтын күш-құдіретке жетілген (пайда болдырған) ілім дегенді білдіреді. (Гаадан Х. Гийгүүлэгч чимэг. *Studia linguae et litterarum...reipublicae populi mongolici*. Т. VIII. 5, 165-6.).

¹³⁴⁸ Jarlik nomun – “жарлық кітап”. Мұнда “жарлық” деп білім-ілімге жетік адам дегенді білдіретін тибетше “гачен” дейтін атақты аударып қолданған сияқты.

¹³⁴⁹ Eji qongqor – Легден қағанның үлкен ұлының аты. Шын аты — Ерке qongqor Eji (1622–1641 жж.) болған.

¹³⁵⁰ Abunai ung – Ечи Қоңғордың кенже інісі.

¹³⁵¹ Kūrūni gūnci – Ұлыстың ханшасы деген мағыналы.

¹³⁵² qūnji – ханша деген атау.

¹³⁵³ Namuva gūgū – тиб. “кітапқа сиынамын” деген мағына беретін дұға.

¹³⁵⁴ (діни) мәңгіліктің иесі немесе будда ілімі бойынша мәңгілік өшпес, қайта-қайта жаратыла беретін мәңгілік жан иесі деген ұғым береді.

Қоғаға құмары қозып, ақ тамшы бүріккендіктен қигуд¹³⁵⁵ сүйекті, борчигін рулы Боданчарды туады¹³⁵⁶. Боданчардың ұлы Қабичи баһадүр, оның ұлы Бекир баһадүр, оның ұлы Мақа Тотұң, оның ұлы Қачи Күлік, оның ұлы Барыс Шонқор Догшин, оның ұлы Томбинай сечен, оның ұлы Қабұл қаған, оның ұлы Бартан баһадүр, оның ұлы Есүкей баһадүр, оның ұлы Өгелен шешеден туған Шыңғыс қаған еді. Оның ұлы Жүчи, Шағатай, Өгедей, Тұлұй деген төрт ұл еді.

Боғда Еженнің Жүчи ұлының ұрпақтары Домогтұда¹³⁵⁷ дейді. Шағатайдың ұрпағы ұрұстың¹³⁵⁸ Чаған қағаны. Сол Шағатай қаған әкесіне қастандық ойлап (173-б) келгенін Очир сечен сезіп, алдынан шығып у беріп, Очир сечен екеуі де өлген деседі.

Өгедейде ұрпақ¹³⁵⁹ болмаған.

Тұлұйдың ұрпағы Моңғолдың қағандары.

Қасырдың ұрпақтары Шира қағаннан басталып, Қорчын аймағының [ежелгі] нойандары мен қазіргі Қорчынның оң қолының Түшегетү Чин Уаңның бес қошуын, сол қолдың Жүректі Чин уаңның бес қошуыны, барлығы біріккенде он қошуын ел осылар. Және [бұлардың сыртында] терістіктегі бір Қорчын, үш

¹³⁵⁵ Хиадтар болса керек-ті.

¹³⁵⁶ Ц. Шагдардың аудармасындағы қазіргі моңғол тіліндегі “Алтан товчыда” (қ. м АТ. УБ., 1990) осы сөйлем “Урт наст тэнгэрийн хөвгүүн Бодончар, эх Алун гоод урт наст тэнгэр хувилгаанаар өөд болон ирээд Алун гоо лугаа тачаахуй сэтгэл төрж цагаан дусал нийлсэнд хигуд ястай боржигин омогтой Бутанчарыг төрөв” — “Ұзақ ғұмырлы тәңірдің ұлы Боданчар, ана Алун Қоғаға ұзақ ғұмырлы тәңірдің құбылғанымен өліп қайта келіп Алун Қоғаға құмары қозып, ақ тамшы бүріккендіктен хигуд сүйекті, боржигин рулы Бутанчарды туды” деп аударылып мағыналық қате кеткен. Орыс тіліндегі Н. П. Шастинаның аудармасы, керісінше, дұрыс түскен.

¹³⁵⁷ Домоу-ту вуй — Домогты — аңыздағы жердің аты.

¹³⁵⁸ Огустун — орыстың.

¹³⁵⁹ Үг’е-үгүи — ұрықсыз, ұрпақсыз. Өгедейде ұрпақ болмаған деген бұл дерек жаңсақ секілді. Өйткені бұл жөнінде: “Өгедейдің қатындарынан (6 қатын) Күйік, Қаш, Күден, Күш, Қарчар, Қадан, Мілік деген жеті ұл туыпты. Өгедей хан тағына ұлдарынан Күшті отырғызуды қалайтын. Алайда ол 1236 кенеттен соғыста қаза болған...” дерек бар (Чулууны Далай. Өгедей хаан ба Хархорум. Олон улсын монголч эрдэмтдийн VI хурлын иетгэл (эитгэл) УБ., 1992. 18-б.).

Ұрат, төрт Кеүкеүд¹³⁶⁰, Моу Минған осы алты қошуынның барлығы да Қасырдың ұрпақтары. Және [бұлардың сыртында] Боғда Тайсұң Еженге қарап, қол астына кірген Қорчын текті ұлыстың [ұрпақтары] өзге де нойандардың арасында бар.

Белкүтейдің ұрпақтары Жасақты қаған бастаған, түменнің нойандары мен екі Абаға¹³⁶¹, [екі] Абағанар осы төрт қошуын екен. Қачиғұнның ұрпақтары Алчытай, Түлүген нойандар мен [олардың] келесі күренінен бастап, Қара шерік¹³⁶², екі Онниғұттың уаң, нойандары осылар еді. Солардың ішінде Сергек¹³⁶³ қошиғұчи, Торқи амбан бар осылар Қачиғұнның ұрпақтары (174-а) екен. Очиғудтың ұрпағы Кегетей еді¹³⁶⁴. Олардың ұрпақтары қазір кімдер екені белгісіз. Кейбір тарихта Құрлұттың¹³⁶⁵ нойандары деседі.

Тоғыз Өрліктің ұрпақтарына [келсек]: Жалайыр Мұқұлайдың ұрпағы Ордаста бар. Арұлат Боғұрчидың ұрпағы Бұрқай ун болады. Жүркен Бороқұлдың ұрпағы чидағұдтың Табұналарының [ұрпағы] Ұншиінде бар. Сүлдүстің Торқан Ширасының ұрпағы ұйғұттарда бар. Ұранқайдың Желмесінің ұрпағы ұранқайдың нойандары. Желменің інісі Сүбегедей баһадүр Боғда Шыңғыстың тұсында [қағанға] күш беріп, жақсы жүрді. Жүршіттің Чу Мергенінің ұрпақтары жүршіттің нойандары. Татар Шікиқұтұқтың ұрпақтары сол татар жерінде. Оның ұлдары Шибак Темір, Тоғон Темір деген екі ұл бар. Оның ұрпағы Кегедей болады. Бесүт Жебенің ұрпағы — Боғданың [Шыңғыс қаған] қоқұрын¹³⁶⁶ сақтап жүрген Ордас түмендері еді. Оны Гүшірдей қоқұрчи¹³⁶⁷ деп

¹³⁶⁰ Кеүкеүд — қазіргі моңғол-ойрат тілінде балалар, ұлдар деген мағынада қолданылады. Қалқа моңғол тілінде “хүүхэд” — “бала” (Базылхан Б. МКТ. 647-б.).

¹³⁶¹ Абау-а — Абақай қаған (1626—1643 жж. билік құрған).

¹³⁶² Qara şigig — қара шерік (Базылхан Б. МКТ. 568-б.).

¹³⁶³ Sergeg — сергек, ұқыпты, ширақ (Базылхан Б. МКТ. 436-б.), серке халық болуы да мүмкін.

¹³⁶⁴ Осы сөйлем қ. м. АТ-да жазылмай қалып қойған.

¹³⁶⁵ Kūrlūd-ūn — Құрлұттың нойандары.

¹³⁶⁶ Qoγur — қорамсақ садақ.

¹³⁶⁷ Kūşirdei qoγurci — Күшірдей садақшы.

атайды. Ойраттың Қара Қируының ұрпағы тағы сол Ойратта бар екен.

Сол Тайан қағанның он бір ұлының ұрпағы (174-б) Төрболаттың ұлы Боди Алақ қаған¹³⁶⁸, Күгүчідей нойан, Жасақты қаған осылардың ұрпағы қазіргі Сақар елінің нойандары.

Ұлысболатта ұрпақ болмаған.

Барысболаттың ұлы Мерген қара жонон, Күндүлен қаған, Алтын қаған, Лабуг нойан, Нәрін нойан, Бочидара, Қочигир тәйши осы жетеуінің ұрпағы Бошығты жонон қаған еді. Оның ұлы Қарақұчаг тәйши болады.

Арысболаттың ұлы Онон, Бұжығар екеуі. Ононның ұлы Сеңге, Борықчын екеуі. Бұжығардың ұлы Дардайдың нойаны. Бұлардың ұрпақтары жеті түмен Ордастың нойандары.

Алчиболаттың ұлы Қалқа Құрағчи тәйши¹³⁶⁹, оның ұлы Томбинай тәйши, Жасыл бағұридтің¹³⁷⁰ нойандары Алчиболаттың ұрпақтары болады.

Очир Болаттың ұлы кішіктеннің Дари тәйшисі, бес отық Қалқа тәйшилері.

Албұраның¹³⁷¹ ұлы Ажу, Шира екеуі. Оның ұрпағы ақ татардың¹³⁷² нойандары.

Чиң тәйшидің ұлдары Тұңши, Чиңлей екеуі. (175-а) Оның ұрпағы қара татардың нойандары болады.

Геретүде¹³⁷³ ұрпақ болмаған.

¹³⁶⁸ Bodi alay qağan – Боди алақ қаған — Төрболаттың екі ұлының бірі.

¹³⁶⁹ Qurağçı taiçi – Құрағчи тәйши. Басқа жазбаларда оны “Qarğıçı Qasar” деп жазады. Ол Қалқаның бес қошуынын билеп тұрған.

¹³⁷⁰ Noıuıan baıurıd-un – жасыл бағұридтің.

¹³⁷¹ Albur’a-iun – Албұраның. Бұл Тайан қағанның жетінші ұлы Алболаттың (Алчиболат) бұрмаланған аты.

¹³⁷² Čayan tatar-un – ақ татардың.

¹³⁷³ Gere-tü немесе Ger Bolad — Тайан қағанның оныншы ұлы. Ұрұттарды билеп тұрған. Т. н-да Геретүді ұрпақсыз деп жазған, ал “Золотое сказаниеде” Н. П. Шастина Геретүді Ұрұт тәйши деп, оның ұлы Лоң нойан деп түсіндірме берген.

Ұрұт тәйшидің ұрпақтары ұраттың Лоң нойаны.

Жалайыр тәйшидің¹³⁷⁴ ұрпағы жеті қошуын Қалқаның нойандары болады.

Және кейіннен бөлініп ұлыс-ұлысқа иелік құрғаны былай болған:

Мерген Қара Жонон Ордосқа, Алтын қаған Түметке, Күндүлен қаған Қарачинға, Лабұғ нойан Үгүшиге, Нәрін нойан ақ татарға, Бүдидара Иеншебүге иелік етеді.

Тайан қағанның ұрпағы: қазір мына елу жасақтың¹³⁷⁵ ішінде — екі Бағарин, екі Жарұғұт, Отқан¹³⁷⁶, Найман, Кішіктен, екі — Үжімчин¹³⁷⁷, екі — Құчит¹³⁷⁸, екі — Сүнит¹³⁷⁹, Жүн — түмет¹³⁸⁰, Көке қотаның¹³⁸¹ түметі, алты Ордас — осы жиырма бір қошуын ел Тайан қағанның ұрпағы болады.

Және Тайсүн Боғда Еженді жақтап, қол астына кірген Тайан қағанның ұрпағының ішінде; Орұд, Жарұғұн, Қарачин¹³⁸², Кішіктен¹³⁸³, Сақар қатарлы көптеген ұлыстар бар. Жеті қошуын Қалқаның қаған, нойандары түгелдей Тайан қағанның ұрпағынан. (175 б.)

Және бір тарихта: Барысболаттың ұлы Күндүлен қаған. Күндүлен қағанның ұлы Байқұдай қаған, Тәйжің, Сари, Бинтү, Отғын Чикүр, Үчід. Байқұдай қағанның ұлы қаған ағай Чосгиб, оның ұлы Ласгиб, оның ұлы Норбо Қоромчи. Норбоның ұлы Бараң. Екінші ұлы Тәйжіде ұрпақ болмаған.

¹³⁷⁴ Jalair taiči — бұл Тайан қағанның кіші ұлының атағы.

¹³⁷⁵ Jasaγ-un — жасақтың.

¹³⁷⁶ Oduan — Отқан. Тайан қағанның ұрпақтары жиырма бір қошуын ел болған.

Солардың бірі.

¹³⁷⁷ Ücümčün — Үжімчин.

¹³⁷⁸ Qučid — Құчит.

¹³⁷⁹ Sünid — Сүнит.

¹³⁸⁰ Jegün tümed — сол жақ түмет.

¹³⁸¹ Köke qota — көк қала. Бұл қала қазіргі Ішкі моңғолдың бір қаласы және осы қалпында “Хөх хот” — “Көк қала” деп аталады.

¹³⁸² Qaračün — қараша.

¹³⁸³ XVI ғасырда Сақар елінен Кішіктен қошуыны бөлініп шыққан (БНМАУ-ын түүх. 232-б.).

Үшінші ұлы Саридің ұлы Абай. Бұл Абай нойанның мұнаралы бейіті Имантуда бар. Оның ұлы Чокту, Дай Дарқан Бұрғату. Чоктының ұлы Жолбың, оның ұлы Бүре, Жамиан, Күгедун. Дай Дарқан Бұрғатудың ұлы Банчун, оның ұлы Бадмасун.

Төртінші ұлы Биндүде ұрпақ болмаған.

Бесінші Отқан Чикүрдің ұлы Бұйан ағай, оның ұлы Бираши, оның ұлы Доржы, оның ұлы Біліге.

Алтыншы Үчеде ұрпақ болмаған. Оның әйелін Жанданға берген.

Қағаннан [Шыңғыс] бастап, түгел барлығы қигұт сүйекті, борчигін рулы, ширсұд, асұд қарачин, қағұчин қарачин, сәйт, түшмет, барша ескілікті (176-а) ұлыс, боронұд қарачин; өзге ұлыстан кірген моңғол, қытайды қарғұд қарачин деп атайды. Дуелден сақар мен қарачин екеуі ұлыс болып бірікпеген.

Содан кейін қарачиннің Ласгиб, Бұйан Чокты, Бұрғатулар төр-ұлыстың тыныш кезінде Манжудың Тайсун боғдасына Олчидай есімді адамды жұмсап: “Манжу, Қарачин біз екі ұлысымыз татулықта болып, төр билігін біріктіріп ұстайық!” деп айттырғанын Сақар естіп, “Қарачин Манжуға біріксе, еріксіз үлкен қателікке ұрынады!” дейді, кейін осыдан үлкен дау туып, ақыр аяғында Сақар мен Қарачин арасында дау болып, ажырасқан екен.

Содан кейін қарачиннен тағы да Оми сеченді Тайсун боғдаға жібереді. Боғда Түдей есімді адамды Оми сеченге қосып, Қарачинге жіберіп: “Манжу, Қарачин біздің екі ұлыстың¹³⁸⁴ төр билігін біріктіріп ұстайық. Сіз бір жақсы адамды шығарып, Түдейге ертіп жіберіңіз!” деп жарлық болдырғанда, Қарачиннен Ұбали сеченді жіберген екен.

Боғда [Шыңғыс қаған] Көбөгөт Көкидің қошуын иесі Пиангу Қисабейле, Сечен багши, Аши Дарқан, Номту Жарғычтарды¹³⁸⁵ жұмсап, Ұбали сеченмен тәңірге ақ жылқы, жерге қара сиыр шалып, екі ұлыс бір байламмен жүруді ант етеді. Осы үшін

¹³⁸⁴ Манжу қарағин биде қоуар улус – Манжур, Қарачин біздің екі ұлыс.

¹³⁸⁵ Nomtu jarγuŝ – білімді жарғышы.

қарачиннің нойандары ұлысын алып, Дайчин ұлысына¹³⁸⁶ қарайды. Ант беріскен хатта: “Манжу, Қарачин біздің екі ұлыс бір байламмен жүру үшін, тәңірге ақ жылқы, жерге қара сиыр шалып, бір аяққа арақ құйып сиынып, төр билігін біріктіріп, бітім еттік!” — деп жазылған.

Ежелгі қағандардың түп тегі, Үнді, Тибеттен бергі Моңғолдың қағандары, ең әуелгі Боғда Шыңғыс қаған, немересі Құбылай сечен қағаннан тараған Тайан қаған, одан Линден күтүктұға дейін құрастырып, баян еткен “Алтын тобчи” демек дәстүр тәмәм болды.

Беу, ғажайып Құбылған Боғдадан қағандардың арғы тегі тарағанын талай-талай (177-а) тарихтан қолайлысын түгендеп, шажиннің құлы, дінге құмар сопы Лұбсанданзан деген гүши — мен¹³⁸⁷ “барша ұлы ұлыс-ел түгелге жалғастыра көрсін!” деген ниетпен тапжылмай, жазған бұйрықты¹³⁸⁸ орындап, адам біткен көкейіне ақ ниетті¹³⁸⁹ ұялатып, жан мен жасы ұзақ болып, тыныштыққа бөленуін тіледім!

Ерікті тәңірден қиыстырған қағандардың күдіреті ұдайы қолдап қоршап, ауру, жұт, пәле-жала, беймезгіл өлім жойылып, дүние-мүлік молайып, астық-тұқым көбейіп, ғұмыр несібесі артып, есен-сау, шаттық пен қуаныш нөсер жаңбырдай төгіліп, құт-берекеміз кетпесін!

Мангала!¹³⁹⁰

¹³⁸⁶ Daičing ulus — Цин мемлекеті осылай да аталған.

¹³⁸⁷ Gūši-ber — гүши — мемлекеттік мұрагер деген мағынадағы, қытай тілінен пайда болған діни атау.

¹³⁸⁸ Bičigülügen tegüber — жазылған жинақ.

¹³⁸⁹ Čayan buiyan — ақ ниет.

¹³⁹⁰ Mang-la — санскр. дұға, “Әумин” дегенге ұқсас.

Әдебиет

1. Эртний хаадын үндэслэсэн төр ёсны зохиолыг товчлон хураасан алтан товч хэмээх оршовой (түпнұсқаның фотокөшірмесі). УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1990.

2. Лувсанданзан. Алтан товч. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1990. Қазіргі моңғол тіліне аударған Ц. Шагдар.

3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. I, II т. Алматы, 1986.

4. Абай Гэсэр хубуун. Улан-Удэ: Бурятское книжное издательство, 1959.

5. Ардын аман зохиолын эмхэтгэл. Эмхэтгэсэн Г. Багаев, ред. Ч. Лхамсүрэн. УБ.: Улсын Хэвлэх Үйлдвэр, 1949.

6. Алдаспан. XV—XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының жинағы. Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған филология ғылымының кандидаты М. Мағауин. Алматы: Жазушы, 1971. 206 б.

7. Амар А. Монголын товч түүх. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1989.

8. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992.

9. Бөкейханов Ә. Шығармалар жинағы. Алматы, 1993.

10. Шастина Н. П. Алтан тобчи ("Золотое сказание"). М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1973.

11. Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов: Монгольский кочевой феодализм. Л., 1938.

12. Монголын Нууц товчоо. Ц. Дамдинсүрэнгийн орчуулга. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1990.

13. Монголын Нууц товчоо. Ц. Дамдинсүрэнгийн орчуулга. УБ.: “Мөнхийн үсэг” ХХК-ний “Болор судар” хэвлэлийн газраас эрхлэн хэвлэв, 2003.

14. Дамдинсүрэн Ц., Осор Б. Монгол үсгийн дүрмийн толь. УБ., 1983.

15. Дамдинсүрэн Ц. Монголын Уран Захиолын тойм. 1-дэвтэр. XIII–XVI зууны үе. УБ., 1957.

16. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1956.

17. Хорлоо П., Лувсанвандан С., Мөнх Ц., Цэнд Д. Монголын Орчин Үеийн Уран зохиолын Товч Түүх (1921–1965). УБ.: Шинжлэх Ухаан Академийн Хэл Зохиолын Хүрээлэн, 1968. 606 б.

18. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен “Ана тілі” газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған. Кітапты дайындаған Жарылқап Бейсенбайұлы). Алматы: Атамұра, 1994. 156 б.

19. Орловская М. Н. Язык Алтан тобчи. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1984.

20. Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1989. 142 б.

21. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы: Хант, 1997.

22. Базылхан Б. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999.

23. Базылхан Б. Қазақша-моңғолша сөздік. УБ., 1977.

24. Базылхан Б. Монгол-казах толь. УБ., 1984.

25. Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын түүх. УБ., 1971. 559 б.

26. Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын Түүх. I, II, III т. УБ., 1966.

27. Баруун Монголын Баатарлаг туульс. Ред. Хорлоо П., хэвлэлд бэлтгэсэн Цолоо Ж., Загдсүрэн У. ШУАХ, 1968. SFT–IV FASC, 2.

28. Бүгд найрамдах монгол ард улсын хил хязгаар бүрэлдэн тогтож ирсэн түүхэн сурвалж баримт бичгүүдийн эмхтгэл. УБ.: Дэслэгч генерал Базарын Цэдэн-Иш, 1990.

29. Қинаятұлы Э. Моңғолиядағы қазақтар. Алматы, 2001.

30. Козин С. А. Сокровенное сказание. М.-Л., 1941.

31. История всемирной литературы. Академия наук СССР, IX том. М.: Наука, 1989.

32. Дулам С. Монгол домог зүйн дүр. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1989.

33. Жамцарано Ц. Монгольские летописи XVII века. М.-Л., 1936.

34. Жамцарано Ц. Культ Чингисов в Ордосе. М., 1961.

35. Лувсанжав Чой, Гантогтох Го, Боржигин Дармабала. Монгол бичгийн хадмал толь. УБ., Монгол бичиг хэвлэлийн хүрээ. 1992. Анхны хэвлэл.

36. Чунт Х. Чингис хааны анханы алтан шармал зоос. Олон Улсын монголч эрдэмтний VI их хурал. УБ., 1992.

37. Цойж. Сойји. Altan tobci (көне моңғол жазуымен). Көке qota, 1984.

38. Heissig W. Die Familien-und Kirchengeschichtsschreibung der Monqolen. Teil 1. 16-18. Jahrhundert. Wiesbaden, 1959.

39. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса. (Бес тарих). Алматы: Қазақстан, 1992.

40. Нацагдорж Ш. Чингис хааны цадиг. УБ., 1991.

41. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1974.

42. Монголын судлал. УБ.: Шинжлэх Ухааны Академийн Хэвлэл, 1966.

43. Марко Поло. Орчлогийн элдэв сонин (Аяны тэмдэглэл). УБ., 1987.

44. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ат-турк). Алматы: Ана тілі, 1993.

45. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1989.

46. Гумилев Л. Қиял патшалығын іздеу. Алматы: Балауса, 1992.
47. Сүлейменов О. АЗиЯ. Алматы, 1992.
48. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: Қазақ университеті, 1991.
49. Қондыбай С. Гиперборея: Түс көрген заман шежіресі. Алматы: Үш қиян, 2005.
50. Ысқақ Қ. Күреңсе. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
51. Дамдинсүрэн Ц., Лувсандэндэв А. Орос-монгол толь. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1982.
52. Русско-казахский словарь. М.: Государственное издательство иностранных и национальных словарей. 1954.
53. Халхасские народные эпосы. Составление, предисловие, введение и примечания Р. Нарантуяа. УБ., 1991.
54. Хэрээд овогт Норовын Шаралдай. УБ.: Мөнх тэнгэрийн хүчин, 2001.
55. Бира Ш. О золотой книге Ш. Дамдина. УБ.: ШУАХ, 1964.
56. Бира Ш. Монгольская тибетоязычная историческая литература (XVII—XIX). УБ., 1960.
57. Гаадамба Ш. Монголын нууц товчооны судлалын зарим асуудал. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1990.
58. Нацагдорж Ш. “Алтан товчийн” зохиогчийн тухай, ШУА, цуврал. “Шинжлэх ухаан техник”. 1958. Т. 1.
59. Гаадамба Ш., Цэрэнсодном Д. Монгол Ардын Зохиолын дээж бичиг. Ред. акад. Ц. Дамдинсүрэн нэмж засварласан хоер дахь хэвлэл. УБ.: Улсын хэвлэлийн газар, 1978.
60. Гаадамба Ш. Нууц товчооны нууцаас. УБ.: АБЯХ, 1976.
61. Шаби ямун-у Улаган хацарту-аца хагулугсан дүрим. УБ., 1959.
62. Пэрлээ Х. Кидан нар тэдний монголчуудтай холбогдох нь. УБ., 1959.
63. Пэрлээ Х. Монгол түмний гарлыг тамгаар хайж судлах нь. УБ.: БНМАУ. ШУАХ, 1976.

64. Пэрлээ Х. Нууц товчоонд гардаг газар зарим нэрийг хайж олсон нь. УБ.: БНМАУ. ШУДБХ, 1958.

65. Потанин Г. Н. Ерке Культ сына неба в Северной Азии. Материал к тюрко-монгольской мифологии (гл. 1. Ерке-Мерген и Ерлик. С. 1–114). Томск, 1916.

66. Гаадан Х. Гийгүүлэгч чимэг “Хэл зохиол судлал”, цуврал. Т. VIII. Fasc. 5. ШУАХ, 1969.

67. Қазақ ертегілері (хайуанаттар туралы және аңыз ертегілер), құрастырған Сүлеймен Мәмет. Алматы: Балауса, 2000. 227 б.

68. Иноүэ Ясуши. Бөртэ Чоно. Роман // “Цог” сэтгүүл, 1989. № 1, 2, 3.

69. Плано Карпини, Вильям Рубрук. Монголд жуулчилсан нь орчуулсан Ш. Гэрэлцогт. ӨМСХК, 1983.

70. Олон Улсын Монгол Хэл бичиг Судлагч эрдэмтдийн анхдугаар их хурал, эмхтгэл. 2-р дэвтэр. УБ.: ШУАХ, 1961. 194 хуудас.

71. Лувсанвандан Ш. Монгол хэлний бүтцийн тухай асуудалд. VII боть. МУИС: Эрдэм шинжилгээний бичиг, 1964.

72. Цэрэнсодном Д. Монгол Данжуурын тохимол шүлэлгйн тухай. ШУА, “Хэл зохиол судлал” цуврал, УБ., 1969, 564 х.

73. Эрднийн сан субашид. УБ., 1990.

74. Цэвэл Я. Монгол хэлний товч тайлбар толь. Бүгд Найрамдах Монгол Ард Улсын Шинжлэх Ухааны Академи Хэл зохиолын Хүрээлэн. УБ., 1966.

75. Ринчен Б. Культ исторических персонажей в монгольском шаманстве. М., 1975.

76. Ринчен Б. “Заан залуудай” балар эртний роман тэргүүн дэвтэр. УБ., 1966.

77. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. М.-Л., 1952.

Есімдер көрсеткіші

Абабұрқы тайтун 287
Абаға 325
Абағанар 325
Абай 328
Абақай 311, 312
Абдура сечен 285
Абқарчин жонон 288, 287, 291,
299, 318
Абұнай уаң 323
Абырқа 194
Ағу қаған 287
Адай қаған 284, 285, 286, 287, 318
Адарқадай 247
Адарқыдай 40
Ақболат 290
Ақұдай 165, 171, 268
Алаға 132, 133, 162
Алаға Темір 287, 297
Алаға есімді 309
Алақа беки 192, 198
Алақун 145
Албалан 165
Ал Боғура 307
Алдүнге багши 315.
Алтаботұ Танқун Шиқұ қаған 169
Алтемір Чинсан 274
Алти 242

Алтын қаған 42, 103, 238, 239,
240, 241, 242, 254, 268,
318, 319, 326, 321
Алтын қаған 318, 327
Алтын Құчир беки 88
Алтын отчығын 88
Алұғұчи баһадүр 320
Алұң Қоға 30, 31, 33, 34, 323
Алұри 316
Алчиболат 307, 326
Алчүғүд 316, 317
Алчүғүдай 316, 317
Алчытай 147, 165, 166, 195
Амағай қаған 44, 46
Амағар қаған 41, 42, 44.
Амұрлұғсан Далай лама 25
Ананда 22, 25.
Арашан Идегеті қаған 22
Арибаха қаған 273
Ариғұн Идегеті қаған 22
Арик Бұқа 243
Арик Сенкерчесгиб 318
Арқай Қасыр 87
Арқасұн қорчи 217, 220, 221
Арслан қаған 192
Арслан құчиты қаған 21
Арұлду 40
Арысболат 307, 326

- Асантай 308
 Асуд 300, 330
 Ачитасадүрү 271
 Аши Дарқан 207
- Бабақай Өрлік 308, 311, 312, 318
 Бабутай 309
 Бағаридай 34
 Бағасұқай 313
 Бағасүн табұң 313
 Бағұрчи Шикүрчи 99
 Бадмасұң 328
 Байан Бөке 307
 Байан Мөңке 301
 Байан Сардақары 254
 Байантай Ағлақұ 192
 Байан Тоғту 307
 Байан Үрмегер 313
 Байқа баһадүр 314
 Байқұдай қаған 327
 Байшыңқор Доқшын 40
 Бақай 303
 Бақболат 290
 Бақу Чөркү 110
 Бала 87
 Балқачи 22
 Банчұң 328
 Бараң 327
 Барғучин Қоға 30
 Бариган Жұла 321
 Бартан баһадүр 40, 41, 42, 109
 Барылтай 39
 Барысболат 307, 312, 316
 Барыс сечен қаған 325
 Барыс Шоңқор Догшин 324
 Басуқай 308
 Бат 267
- Бата Чаған 26
 Батай 41, 145, 146, 162, 303
 Батуболат 307
 Батула чинсан 283, 285
 Бату Мөңке 307
 Бәрім Шікіреті 38
 Бегерсен тәйжі 302, 309, 310
 Беки Өгедей 308
 Бектер 49, 57, 58, 302
 Бекүнүтей 33, 34, 38
 Бекір баһадүр 39
 Белкүнүтей 31, 33, 34, 38
 Белкүтей 58, 64, 66, 67, 69, 71,
 72, 74, 77, 81, 93, 99, 100,
 101, 104, 108, 109, 137, 199,
 264, 300, 325
 Берке 145, 267
 Би ба 49
 Билиге 327
 Биндү 397
 Бинтү 397
 Бираши 327
 Бобыш 307
 Боғұрұл 115, 118
 Боғұрчи 64, 65, 66, 71, 86, 91,
 94, 116, 121, 122, 123, 124,
 126, 127, 129, 130, 141, 149,
 150, 154, 158, 162, 165, 176,
 185, 187, 199, 221, 241, 245,
 250, 251, 254, 263, 265, 325
 Боданчар 33, 34, 35, 36, 37, 38,
 39, 87, 323, 324
 Боди Алағ қаған 315, 316, 317, 326
 Болай 317
 Болай 319
 Болуанай 294
 Болоқ 301, 302, 303

Боралдай 96, 199
 Борбұған Байан 301
 Борқой 301
 Бороқұл 106, 123, 126, 141, 149,
 150, 154, 157, 158, 159, 178,
 187, 196, 197, 265, 325
 Борочу 26
 Борчығыдай мерген 28
 Борықчын Қоға 29
 Бочидара 326
 Бөкөтей 166, 169, 170
 Бөртгөлчин 218, 219
 Бөрте үчин 66, 67, 69, 70, 73,
 74, 79, 80, 85, 213, 263
 Бөрте Чинуа 26, 27, 259, 326
 Бүгүн 297
 Бүгүрал гүнчи 301
 Бүгүралт Себден 316
 Бұжығар 325
 Бұйан ағай 322, 323
 Бұйан Чоқты 328
 Бұйант қаған 20, 275
 Бұйанты қаған 273
 Бұйрық қаған 109, 110, 111, 134,
 135, 144
 Бұқа 105, 163, 194, 274
 Бұқатай 145
 Бұқа чаған 217, 268
 Бүкү Қатығы 33, 34, 36, 38
 Бүкүчи Салчи 33, 34, 38
 Бұлай тәйжі 300
 Бұлғалақу 93
 Бұлгачу баһадүр 40
 Бұлұнай уаң 316
 Бұлұтай 302
 Бұрқай 313, 315, 317
 Бұрқай ун 325

Бұрни ун 324
 Бұрұбұлшықы 37
 Бүтү 87
 Бүгү тәйжі 317
 Бүре 327
 Бүри бөке 41, 108, 109
 Білекті қаған 281
 Біліктү 277
 Бітікен 87

 Гарма бақшы 269
 Геретү 307, 329
 Гирги қаған 21,
 Гүн Собин морин сандалиту қаған 24
 Гүнчи 239, 302, 303, 323
 Гүши багши 320
 Гүшірдей құрчи 328

 Ғаған 303
 Ғойлынчи 284
 Ғұңға Ниамбу 48, 242

 Дай Дарқан Бұрғату 330
 Дайон қиа (Далай лама) 319
 Дайр Ұсүн 71, 75, 80, 84
 Дайүн үйчин 324
 Далай Собин Алтын Сандалиту
 қаған 24, 26
 Далдүрқан 86
 Дарайсүн Күнден қаған 320
 Дардай 328
 Даритай отчығын 88
 Дәли 292, 321, 322
 Дей сечен 49, 51, 52, 66, 67
 Делбеге қаған 284
 Дерчин 289

Добу мерген 29, 30, 31, 32, 33,
38, 323

Доғылын гүнчи 314, 315

Дұба соқыр 29, 31

Ебекей 98

Ебүсей баһадүр 316

Егүле черби 91, 165

Елбеге қаған 282

Елчигей Өрлік 312

Енке қаған 281

Енкүр 91

Ер Дүрдүн 254

Ердемті Барла 39

Есе Қамбу 258

Еселей Тайбу 301

Есен Қамбу 244

Есен Өрлік 312

Есен Сами 296, 297

Есен тәйжи 287, 292, 293, 294,
295, 296, 297, 300

Есен Түгел 308

Есентемір қаған 273

Есөн Томи 304

Есүген қатын 158, 198

Есүй 138, 198, 259

Есүкей баһадүр 41, 42, 43, 44,
46, 47, 49, 50, 51, 52, 74,
80, 98, 100, 128, 134, 141,
142, 267, 300

Есүтүге 165, 171,

Ечи Қоңғор 323

Еши 243, 306

Жаған ағай 305

Жағұя қаған 280

Жадай 86

Жайаты қаған 274

Жалаладдин 245, 248

Жаламан Төрү 318

Жали бұқа 109

Жалиқай қатын 216

Жамұқа 73, 74, 76, 77, 78, 79,
82, 83, 84, 85, 86, 87, 88,
94, 95, 96, 97, 109, 110, 111,
141, 143, 147, 151, 215, 223,
224, 255, 268

Жандан 328

Жаңжұң қаған 2165

Жарғучи 298, 300

Жарибұғай 44

Жарчыдай 37

Жаршығұдай 68

Жасақты қаған 321, 326

Жасақты Түмен қаған 318

Жашин Дайбу 283

Жебе 113, 114, 115, 116, 154,
237, 238, 240, 241, 244,
245, 265

Жебеге 105, 106, 199, 212, 244

Жегүредей 38

Жекей 88

Желме 68, 71, 87, 94, 111, 112,
116, 118, 121, 125, 126, 146,
154, 155, 158, 159, 177, 188,
231, 265, 325

Жетен қаған 281

Жикекен ақа 318

Жиқа Кембү 77, 78

Жинта қаған 281

Жинтай қаған 281, 296, 297, 298

Жинтүн қаған 281

Житай Табалұқ 139

Жожу 275

Жожу Қонқуа қаған 280

Жолбың 328

Жоригты тәйжі 3158

Жорчытай 97

Жотан 67

Жұрғақан 87

Жұңқұр 201

Жұрчыдай Ебүген 152, 153, 154, 155

Жүректі Жүрке 40

Жүректі Жүрби 107

Жүректі Чин уаң 324

Жүчи 41, 49, 142, 155, 195, 196,
198, 199, 224, 225, 226,
246, 249, 250, 251, 254,
264, 266, 324

Жүчи Қасыр 49

Жүчи Тармала 96

Иалғұғчы 22

Ибаға 153, 154, 277

Ибарақ 310, 311

Игор де Рахевилте 6

Идүгүт 194, 195

Иеке Барұла 39

Иеке Күчі қаған 21

Иеке Негүрін 165

Иеке Нидүн 28

Иеке Черен 41

Иеке Черү 137, 138

Иеке Чіледү 42, 71, 80

Иесүтей 41, 42

Илачү Байан 294

Илғалтүн беки 195

Илишида Шигү 49

Иружана 25

Исдагрин Серендера 318

Иселей қаған 40

Исмайыл тәйжі 308, 309

Иунлу қаған 280, 281

Иучибай 265

Иүнгин 302

Иүнеге 87

Камалашила 25

Кегедей 325

Кеген Алтын қаған 319, 320

Кеген қаған 273

Кеген Санчин 276

Келгей 315

Керболат 309 Кере 303

Кермиқұ 41

Кете 19

Көйтен Барқа баһадүр 44

Көкечөс мақа 87

Көкечү 8, 106, 199, 208

Көкечүдей тәйжі 318

Көкүлтей баһадүр 317

Көлрасанса 307

Көлүге Гүнчи 199

Көлүгүдей баһадүр 260, 262

Көмөл 312

Крисрован Дисран Дебзан 25

Күдей сечен 45

Күдүн 307

Күжүгүн Сандалиту 323

Күжүн Сандалиту қаған 23

Күйүк қаған 270

Күлік қаған 193, 273, 318

Күмүн Қоға 105

Күмүн Сандалититу қаған 24

Күндүлен қаған 326, 327

Күнсекү Сабрақ 139

Күрбелчин қоға 255, 258, 259

Күр Күлік Ғал болор қаған 24, 273

- Күр қаған 135
 Күрүни гүнчи 323
 Күрісін баһадүр 311
 Күчү 106, 157, 199, 209
 Күчүгүр 92
 Күчүк 289
 Күчі 83
 Күчікүді 139
 Күчікір 87
 Күчі қаған 21
 Күшеле қаған 23, 274
 Күши қатын 307
 Кіртақұбай Ебүген онгин 143
 Кішілік 41, 145, 146, 162
- Қабичи баһадүр 38, 39, 324
 Қабтү Қасар 98, 276
 Қабтүрқат 40
 Қабұл қаған 40, 41, 42, 45, 46, 107, 109, 324
 Қада 242
 Қада Бұқа 298, 299
 Қадаған 63, 86, 113, 304
 Қадаған тәйжі 42, 44
 Қадағана 86
 Қадақұ 241
 Қаду Шира 215
 Қайду 39, 40
 Қағатай Дармала 71, 75, 80, 81
 Қалқа Құрағчи 326
 Қалчағай 289
 Қалчықұ Чин тәйжі 215
 Қамқачұла 40
 Қара Батай 303
 Қара Бодүн 257
 Қара Қиру 178, 191, 326
- Қарағұчұң тәйжі 288, 289, 291, 292, 301
 Қарағчин Дайбүчин 294, 295
 Қарағчин Тайбучи 317
 Қарақадаған 37
 Қаралдай 40, 94
 Қарақай тоқұрағун 86
 Қарачар 199
 Қарачанға 275
 Қарачүс 28
 Қарқадү 265
 Қарқатү, 198
 Қаручог Дүгүрен Темір қоң тәйжі 282
 Қатаған Далдүрқан 150
 Қатан Темір 287, 288, 297
 Қачиғун 49, 60, 99, 209, 325, 71, 75, 80, 81
 Қачиғун тоқұрағун 86
 Қачи Күлік 39, 276, 324
 Қачиқу 39
 Қачиқун 39, 40
 Қачиқун беки 99, 109, 144
 Қачила 39
 Қачин 39
 Қиа Жарбу Шибәгун Сандалиту қаған 24
 Қоға Марал 27, 257
 Қоға сечен 87, 207, 208, 227, 228, 234
 Қоғатай 53, 54
 Қоғұғчин 98, 99, 101, 104
 Қоқин 252, 253
 Қоқтұғай 247
 Қоқұлай 317
 Қолайған 265
 Қони Қабтағай 308

- Қонқай 247
 Қонқор қорчи 247
 Қонқочар 265
 Қонтұқай 247
 Қонұқчин кемпір 68, 69, 70
 Қонши қаған 281
 Қори Байсқу 308
 Қори Шыламұн 148, 149
 Қорижан қатын 98, 100, 101, 104
 Қориқай 247
 Қорирұн қорчи 247
 Қоричар мерген 28
 Қорчи нойан 197
 Қорчи Үсүн ебүген 87
 Қорчын Татағалчин Байжу 317
 Қорылтай мерген 30, 31
 Қоуқай Тайу 282
 Қочигир 326
 Қошой Табнан 311
 Қубчыр Молатай 298
 Қубылай 86, 93, 136, 154, 155,
 192, 249, 261, 266, 270,
 271, 272, 275, 279, 321, 329
 Құған 88
 Құйлар 58
 Құлан 41, 198, 217, 219, 220,
 244, 256, 263, 265, 266
 Құлан баһадүр 41
 Құнан 199
 Құнинчи қаған 281,
 Құрқасұт 199
 Құтұ 93, 109, 110, 111, 139, 141, 193
 Құтұқ 86
 Құтұқтұ қаған 274
 Құтұқтұ Мөңкүр 41, 109
 Құтұла қаған 41, 44, 88
 Құчин беки 142
 Қыңкетеп 87
 Лабұғ нойан 327
 Лаған 275, 277, 278
 Лақа Тутари қаған 267
 Легүши Алалақу 312
 Линден Құтұқтұ 323, 329
 Лқа Тотори Нисабала сал қаған 24
 Лоң нойан 327
 Лубаши 287
 Лұбсан тәйжі 324
 Мағакүркі 298
 Мақалық Байағұдай 32, 33
 Мақа Тотұң 324
 Мандұй дарқан 317, 318
 Мандұғұла 299, 300, 301, 302
 Маңғұс мерген 323
 Маңдұқай 299, 304, 305, 307, 314
 Маңқұтай 40
 Маха Самади 18, 20, 21, 22, 324
 Маши Үжескүлең мыс күпшекті
 қаған 21
 Мегден Күшеле 23
 Мегүчин Сүгүлтү 101, 102
 Мелик 245, 248, 268
 Менгілік ечиге (әкей) 96, 144,
 145, 209, 213, 214, 215
 Мендү Өрлік 290, 305, 317
 Менкетү сечен 206
 Менілік 52, 53, 144, 145
 Меңгіті-қиа 41
 Мерген Иекетей 41
 Мерген қара жонон 313, 326, 327
 Минқұн 309
 Молочи 316, 317

Моңғолчин (Қоға) 28, 295, 308,
309, 310, 311, 312, 315

Мөнгөлөн қоға 255

Мөнкөлде 299

Мөңке Белгі 311

Мөңке (қаған) 199, 222, 270,
298, 303, 307,

Мөріті 93

Мөчі 87

Мұғұлан 308

Мұқұли Қоға 88

Мұқұлидай (уаң) 116, 119, 124,
126, 127, 138

Мұқыр Сағурын 40

Мұлан қаған 298, 299, 300

Мүлү Жақатү 297

Мүлеке Тотаға 96

Мічін 256

Мұқұр Сегүсе, 189

Нағақұ 303

Нағачү 109, 110, 111, 291, 293, 301

Найаға 132, 133, 134, 162

Найдулға Арбай Сандалиту
қаған 24,

Нақу Байан 64, 65, 127, 129, 185

Намқай Жамсан лама 274

Насына Төгілдір 22

Начын баһадүр 40

Начын Шірүн 147, 148, 149,
150, 151

Нәрін Кеген 145, 146

Нәрін нойан 326

Некей Темір 288

Некүн тәйжі 41, 97

Некүтей Чаған Қоға 96

Немей Көкү Алтын күпшекті
қаған 20

Немейкү Чойан 302, 303, 310

Ниалқа Сенкүм 143, 144, 145, 149

Номтай 159

Номту Зарғыч 104, 112, 113,
139, 170, 189, 200, 207

Норбо Қоромчи 207

Оғлобұм чоржи 201

Оқтарқұ Ибегел 197

Олчидай 329

Оми сечен 309

Оңғырқай 311, 312

Ордана 265

Оронар 40

Оро Шігүши 215

Отчығын (нойан) Чикүр 197,
206, 207, 208, 209, 212,
213, 214, 244, 300

Очирболат 307

Очир сечен 130, 132

Өгедей 129, 149, 150, 158, 159,
173, 174, 198, 199, 224, 225,
226, 246, 247, 267, 264,
269, 270, 301, 309, 318,
324, 325

Өгедей Тайбу 301

Өгелен үчин (Өгелен шеше,
Өгелен қатын) 43, 44, 46, 49,
53, 54, 55, 56, 59, 65, 68, 70,
82, 85, 97, 98, 103, 106, 128,
143, 184, 268, 300, 324

Өкін барақ 107, 109

Өлжейті қаған 245, 273

Өлзей 311
 Өрбей 53, 54
 Пагва лама 271, 272, 275, 321
 Пиангу Қисабейле 329

Рахули 22
 Ражабак қаған 274
 Ринчин Диниқа лама 274

Садақшы сечен 287, 288
 Садула Екетей 287
 Сайқан Төдүгер 144
 Саймачун 287
 Сайын Алтын қаған 318
 Сайын Қоқудай 317
 Сайын Қошай 312
 Сайын Тамағаты 317
 Сайын Темір 306
 Сайын Төрілті қаған 22
 Сайын Түлүгекен 310
 Сайын Үжегчи қаған 22
 Сайын Үжескүлең темір күпшекті
 қаған 21
 Сайын Чекечеге баһадүр 198
 Сақиа лама (Сақиа бандида) 22, 269
 Сали Қалчақу 28
 Самантай 297
 Самар Тайқу 307
 Санда қаған 281
 Санжай-бал лама
 Сари 327
 Сатай Тоғұлан 305
 Себден 289, 290
 Сем Сочи 28
 Сенге Дүгүрен қаған 322
 Сеңкүм Білге 40, 41
 Сечейкен ақай 196, 197, 198

Сечен бағши 328
 Сечен беки 88, 95, 97, 102, 104, 105
 Сечен қоң тәйжі 320, 321
 Сечі Көүр 87
 Сондом Жамсан лама 270, 273
 Сорсүн 297
 Соронжон Ғомбо 24
 Сөчікіл 41, 49, 300
 Сумандари 243
 Сүбегедей баһадүр 93
 Сүйкетү черби 87
 Сүкегетей, 86
 Сүкей Жекүн 87, 95, 135
 Сүкетү черби 87
 Сүмер Тәйжі 322

Тағадар Тайбу 298
 Тағай 87
 Тайан қаған 143, 303, 304, 305, 307,
 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315,
 316, 326, 327, 327, 329
 Тайдағұл Сақури 196
 Тайладар 316
 Таймин қаған 279, 296, 319, 323
 Таймин сечен 323
 Таймин Чу Тинчин 281
 Тайсүн қаған 287, 288, 289,
 290, 298, 299, 316, 318, 326
 Тайчу 41, 88, 102, 104, 105
 Тайчүтан 97
 Тақай 87, 93, 95
 Тақу баһадүр 276
 Тақұчар 245
 Талбай Танан 298
 Тамачин 28
 Таңсық Идегеті қаған 22
 Тарбай 193

- Тарғуаң Қара 309
 Таритай отчығын 41, 42, 43, 137, 199
 Тарқұтай Кірілтұқ 54, 59, 61, 133, 134, 135
 Тәйжің 309
 Тәлбікчі қаған 21
 Тәлбін бәрікчі қаған 21
 Теб-теңгір 212, 213, 214, 215
 Тегүлей 317
 Текей 92, 134, 199
 Телегеті Байан 105
 Темір ағалақу зәңгі 310
 Темір Қадаға 304
 Темір Мөңке 303
 Темір тәйжі 313
 Темірген 315
 Тенгір 242
 Терге Емел Алқұй 109
 Теткүн Асырағчы Құтқұтұ қаған 22
 Тинчүн 281
 Ти-сронг Дебчан қаған 14,
 Тичар 95, 96
 Тишу Ибшуд Лу лама 270
 Тобоқу 312
 Тоғолқу черби 155
 Тоғон қаған 283
 Тоғон Темір 325
 Тоғон Темір Ұқағату қаған 274, 279
 Тоғорыла Уаң қаған 74, 75, 76, 77, 78, 79, 82, 83, 95, 102, 103, 143, 160
 Тоғочи 309
 Тоғочи Шигүчи 311
 Тоғұлқу 155
 Тоғұн 285, 286, 287, 295
 Тоқи баһадүр 301
 Тоқтаға 71, 75, 76, 79, 84, 139, 141, 197, 276
 Тоқтаға беки 79, 80, 109, 110, 111, 139, 268, 275, 276
 Тоқты Байқу 312
 Томбинай сечен 320
 Томи Самбода 25
 Томолқу баһадүр 276
 Торал нойан 318
 Торғолчин Байан 29
 Торқан Шира 61, 62, 63, 113, 114, 116, 162, 174, 190, 265, 325
 Төбшін 310
 Төгіс Үжескүлең қаған 21
 Төдеген 41
 Төдеген Кертте 54, 55
 Төлігікен 202
 Төлөн 242
 Төмөлен 49
 Төмүге отчығын 49, 60
 Төмүчин 44, 46, 47, 49, 51, 52, 55, 57, 58, 60, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 69, 70, 71, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 83, 84, 85, 88, 89, 90, 91, 95, 113, 132, 135, 141, 142, 143, 144, 145, 147, 148, 151, 203, 300
 Төрболат 307, 315, 326
 Тұғұлқу черби 86
 Тұқұлқұдай 40
 Тұлүй 128, 154, 156, 158, 159, 190, 224, 225, 226, 264, 266, 270
 Тұмбағай сечен 40
 Тұсақ 142
 Түдей черби 155, 165, 171
 Түдүге 113

- Түке Қасыр 105
 Түке Мақа 109
 Түкүтей 37
 Түлегер 303
 Түмен Түмбеген 148, 149
 Түшегетү Чин уаң 324

 Уаң қаған 67, 72, 73, 103, 110,
 111, 134, 135, 139, 140, 141,
 142, 144, 147, 148, 149, 151,
 235, 270, 315
 Уңгин Чинсан 102, 103

 Ұбали сечен 328
 Ұғұчым Бұғұрұл 28
 Ұдағачи 311
 Ұйанғұ баһадүр 317
 Ұйрадай қаған 284
 Ұқұна 244
 Ұқұртай Сараман 231
 Ұлаған Бұқа 197
 Ұлдү 313
 Ұлқай мерген 284
 Ұрқұтай 40
 Ұлүй Темір қаған 283
 Ұлүм 313
 Ұлыс Байқу 311
 Ұлысболат 307, 315, 326
 Ұрбай Қожығыр 293
 Ұрдақсағай 313
 Ұрдақұғай 313, 314, 315, 317
 Ұру Чічитай Күрес баһадүр 140
 Ұсқал қаған 281

 Үгерекей 308
 Үгечи Қашақа 283, 286
 Үгүдей баһадүр 317

 Үжескүлең Герелті қаған 20
 Үжескүлең Күміс күпшекті қаған 21
 Үжескүлең Ненди 22
 Үл Доройтогчу 22
 Үмүн Шірегетү қаған 267
 Үнкүр 241, 242
 Үңгүрүтен чаншиғұт 86, 295,
 299, 300, 304, 306
 Үриегер 299
 Үсүн Сандалиту қаған 26
 Үтеген 247
 Үче 328
 Үчин Сақурин 88
 Үчід 327

 Чабдан 298, 299
 Чаға 239
 Чаған Аман 308
 Чаған Зағарин 315
 Чаған Идегеті қаған 22,
 Чаған Қоға 160
 Чаған Му Чирай 308
 Чағачан қатын 307
 Чағұб 265
 Чағұр 198
 Чақұр беки 142, 144, 243, 244
 Чақұрақұн 93
 Чамбұй 271
 Чанай 165, 171
 Чан Хан 240
 Чаучин Өртекей 40
 Чектү 309
 Чекчеге 314
 Чибуаң баһадүр 309
 Чигү күрген 241
 Чидар 146
 Чилағұн Қайчу 104, 105, 154

- Чин тәйжи 216, 307
 Чиндан чаған 108
 Чинқуа қаған 281
 Чинос 97
 Чиңлей 327
 Чирқа Ебүген 52, 55
 Чиу Тайжу қаған 267
 Чормаған 247
 Чорос би Темір Чинсан 299
 Чосгиб 227
 Чу мерген 116, 117, 122, 126,
 190, 191, 192, 265, 326
 Чұрған Сүбекетей 86
 Чылағұн 62, 63, 138, 140, 141,
 160, 161, 193
 Чымбай 62, 63, 160, 161
 Чыраған 247
 Чырақай Лиңкуа 40
 Чігүлкетей 92
 Чікетей 146
 Чілегер Бөке 70
 Чілкүтей 286
 Чічідана (Чадана) сечен 182,
 183, 184

Шағатай 173, 198, 199, 224,
 225, 232, 233, 246, 247,
 249, 251, 264, 266, 317, 324
 Шегүни қаған 21
 Шибәғ Темір 325
 Шибәғучи 26
 Шидүрғұ 254, 255, 258, 268
 Шикемүн 22
 Шикүрчичи 225, 226
 Шиламүчин 286, 287
 Шира Батулад 309
 Шира Домақ 87

 Шира қаған 324
 Шыңғыс қаған 26, 47, 48, 49,
 90, 91, 94, 95, 96, 97, 98,
 99, 102, 103, 104, 105, 107,
 108, 109, 112, 113, 114, 115,
 116, 117, 131, 132, 133, 134,
 135, 136, 137, 138, 139, 140,
 141, 142, 143, 144, 146, 148,
 150, 151, 152, 153, 154, 155,
 158, 161, 162, 164, 174, 175,
 184, 186, 187, 188, 189, 191,
 193, 194, 195, 196, 197, 198,
 199, 200, 202, 203, 207,
 208, 209, 211, 212, 214, 215,
 216, 217, 218, 224, 225, 226,
 228, 229, 230, 231, 233,
 235, 236, 238, 239, 240,
 241, 242, 243, 244, 245,
 246, 247, 248, 249, 250,
 251, 252, 253, 254, 255, 256,
 258, 259, 260, 263, 266,
 268, 270, 271, 272, 274,
 276, 280, 326, 328, 331
 Шігүши 215, 307, 312
 Шігүшідей 284
 Шікиқұтұқ 104, 106, 116, 118,
 119, 120, 121, 125, 157, 171,
 179, 187, 199, 241, 242, 245,
 246, 325
 Шікір 301
 Шікір Тайқу 309
 Шішіқұтай 40

 Іли 290
 Ілүкей 165
 Іргедей баһадүр 109

Этностық көрсеткіш

- Адарқын руы 40
Ақ татар 329
Алағчүгүд 304, 312
Алқадар татар 158
Арлұт 176
Арұқай татар 136
Асағұн меркіт 80
Асұт 247, 266
- Бағарин 38, 87, 132, 159, 327
Балғачин 303, 312
Балықшы, Суыршы 121
Барағұт әулеті 307
Барғучин түкүмге 139
Барғучин Түмед 30
Барғы 195, 268
Барлақ руы 39
Барлық 20, 87
Барұлас 86
Барұласқұ руы 39
Басмир 247
Басы жоқ ел 268
Бекүнүт руы 38
Бесүт руы 40, 86, 87, 116, 177,
189, 265, 308 328
Болор 247
- Борбұқ 308
Борчігін руы 313
Бұдағұн руы 39
Бұйрағұд руы 42
Бұрат 195, 215, 268
- Васа 266
Ғорұлас 109
Ғорұлат 312
- Дайчин ұлысы 329
Далат 315
Дарқат 86, 100, 135
Домок 292, 293
Дөрбөн 109
- Егүс 160
Едөн Ектен 268
Елчи татар 109, 136
- Жадаран 88
Жажирадай 109
Жажиран 268
Жалайыр 87, 105, 127, 175, 212,
218, 222, 265, 307, 325
Жарчықұт ұранқай 37

- Жаңырад руы 37
 Жегүредей 38, 39
 Жез 266
 Жүйн 238
 Жүркен руы (тайпа) 40, 99,
 101, 102, 104, 106, 108,
 148, 265, 325
 Жүршіт (ру, ұлыс) 126, 175, 191,
 238, 242, 265, 268, 275,
 280, 296, 325

 Иеншебү руы 296, 303, 327
 Икеріс 87
 Ит (елі) 266

 Кеміл 266
 Керейт 67, 72, 74, 95, 103, 134,
 152, 235, 244, 270, 270
 Керел 247
 Керен 267
 Күшін 126

 Қалағұн меркіт 76
 Қаңғылы 247
 Қара қытай 135, 238, 267
 Қарачин 301, 327
 Қасұт 247
 Қатағын руы 38
 Қиат 42, 50
 Қоңқотан 52, 53, 54, 87, 209,
 212, 213, 214, 215, 256
 Қоңырат 50, 66, 109, 279, 301
 Қори Түмет 31, 268
 Қоригүд 323
 Қорылар руы 30
 Қыпшақ 247, 249, 250
 Қырғыс 196

 Қытай елі 24, 42, 40, 101, 240,
 248, 254, 266, 267, 270,
 271, 280, 296, 318, 319

 Мақа Бағарин руы 38
 Маңқұт 40
 Маңқұт руы 40

 Меркіт ұлысы 79
 Моңғол 26, 27, 41, 44, 109, 118,
 120, 151, 264, 266, 268,
 269, 277, 279, 284, 294,
 295, 296, 297, 299, 300,
 301, 322, 324, 329

 Найман 109, 110, 111, 134, 135,
 139, 140, 141, 152, 154, 195,
 268, 327
 Нанқиад 184
 Нармай ұлыс 53
 Некүтей 87, 97

 Ойрат 109, 110, 11, 116, 177, 191,
 195, 196, 265, 268, 282,
 283, 284, 285, 286, 287,
 288, 289, 290, 291, 292,
 293, 294, 295, 296, 297,
 298, 299, 300, 303, 306,
 314, 315, 318, 319, 326
 Олқұнұт елі 42, 49, 50, 87
 Олон тоңғойт 147, 149
 Орман әулеті 268
 Орұғар 87
 Орыс 252

 Сақар 266, 301, 305, 308, 309,
 315, 325, 327

- Салчиқұт руы 38
Сартағчин 249, 254
Сартағұл елі 229, 230, 244, 245,
246, 248, 249, 250, 267,
268, 288, 301
Солонгос 266, 268
Солоңғыт 198
Сүлдүс 61, 87, 174, 265, 325
Сүкеген 87
Сүнүт 260, 262
- Тайчығұт руы 40, 41, 44, 54, 55,
58, 59, 60, 61, 62, 63, 66,
69, 87, 93, 100, 109, 111,
114, 116, 117, 120, 121, 122,
124, 129, 131, 160, 161, 245,
265, 267
- Тан ун 267
Таңғұт 134, 135, 207, 208, 222,
227, 239, 240, 244, 254,
255, 257, 258, 259, 264,
303, 306, 318
- Татар (елі, әулеті) 42, 44, 45,
46, 47, 52, 102, 103, 104,
106, 124, 134, 135, 136, 137,
138, 157, 158, 187, 265, 268,
301, 308, 326
- Тибет 18, 23, 25, 26, 131, 186,
268, 269, 270, 273, 321,
326, 331
- Тұқұлқұт руы 40
Тұтағит татар 136
Түмет 196, 197, 266, 298, 309, 326
- Үйеген 87
Үйегет руы 41
Үнді 18, 20, 23, 25, 26, 145,
268, 269, 271, 272, 326, 331
- Ұйғұт 309, 311
Ұйғыр 134, 135, 267
Ұдүйт меркіт 71, 75, 79, 80
Ұнақ меркіт 71, 79, 80
Ұрағұт 97
Ұранқай 30, 32, 37, 39, 68, 87,
126, 146, 188, 229, 230, 231,
265, 266, 301, 307, 310, 325
Ұрдүш 311, 312, 315
Ұрқұт 40, 147, 149, 151, 153, 156
- Чаған татар 136
Черкес 252
Чит құнға 240
Чоуа елі 320
- Шаншин (ел) 239, 240
Ширесүт 247
Шұбар 257, 258, 266, 267

Географиялық көрсеткіш

- Абаду қорғаны 247
Ақ дала 125
Алаша 258
Алқұй бұлағы 109
Алтай 111, 139, 140, 216, 264
Алтын өзені 246
Арғылты көлі 104
Ардис 248
Ару Мөру Мадашири 247
Арық суы 31
Ачи 267
- Баға 246
Бағдат 247
Балба (Непал) 23, 24, 267
Баран кегер 245
Бедер тұмсығы 64, 316
Бедкегсен 245
Бей (қала) 242
Бида (Бет) 55
Бұйыр нағұр 41, 151
Бұқар 245, 248
Бұрқан Қалдун 27, 28, 29,
30, 49, 64, 70, 71, 72, 77,
80, 81, 82, 114, 155, 200,
223, 264
- Бұтақан Боқұрчи 78, 79
Бүрге жағасы 67, 68, 69, 77
- Ганга дариясы 23
- Далан Балжұт 96
Далан Балжығұт 159
Далан Немүрге 136, 150, 151
Делігүн Болдық 46, 68
- Едүкүй 110
Еділ 248
Еке өзені 245
Екер Құну қойнауы 84
Елсен 242
Ергүне дария 109
Ергүнек 111
Есрү 48
- Жайық 248
Жожу 239
Жіжігер 144
- Зожу 237
Зу Шагуна Мүни 243

Иеке Үтүк 264
 Исегер 266

Кедкей 79
 Кекүн өзені 245
 Кеміл 263, 266, 269, 270, 289,
 307
 Кенти дария 109
 Көдеге аралы 104, 263, 269, 273
 Керүлен дария 66, 67, 68, 104,
 110, 134, 184, 188, 205,
 Көке нағұр 88, 89, 319
 Көрмегей 247
 Киленге 79
 Күйлдүті 110
 Күкендари 248
 Күлен нағұр 42
 Күрелкү 64, 67, 89, 96, 110
 Күнсекү 139, 141
 Күсекүй көлі 134
 Кіріс, өзен 193

Қалқа 151, 152
 Қаңғай — хан 259
 Қара Жайр 248
 Қара Жірукен 64
 Қара Сегүл 140
 Қаражу кегері 76
 Қарғұна қапшалы 134
 Қарлы самбо тауы 23
 Қарлы Тахир 258
 Қатын өзені 259
 Қашин 134
 Қилғұ 78, 79
 Қимұрға суаты бұлағы 64, 78, 88
 Қиуа 247
 Қоқұрату Ұлиаты қапшалы 83

Қорқоқ Жібүр 44, 74, 83, 84
 Қошалбаши көлі 139
 Құбақай 115, 134
 Құдүкүл Нұғұт 133
 Құмчигер Өреңгі 139
 Құсық суы 139

Лұбан хан 259

Мағу биігі 147, 150
 Мажу 239
 Мұна 256, 262

Нан Жин 241
 Нанудан 242
 Нәнжід 242
 Нереті Шитүген 102

Онан дария 35, 41, 42, 43, 44, 46,
 54, 55, 57, 60, 61, 62, 68, 77,
 78 83, 91, 97, 104, 111, 156,
 183, 205, 222, 299, 316

Орбас 242
 Орқұн 83
 Өлгей бұлағы 96

Сабрақ 139
 Сағар кегер 140, 240
 Сағари кегер 96
 Сайсуыр 133
 Сақарай — хан 116
 Сартауылдың жері 135
 Селенке 83, 135, 141, 161
 Семисгеб 246
 Сонжиту тауы 238

Тақ бұлағы 77
 Тарбис—хан 266

- Тегүне өндөр 60
 Тоқу 266
 Тұғұла (дария) 72, 83, 142, 249
 Тұқұр дария 242
 Тұңкілек бұлағы 29, 30, 35, 36, 77
- Үкерті жібүр 82
 Үнеген асуы 237
 Үнеген дария 216
 Үргенчі 246, 248
 Үтегер 245, 246
- Ұдар 248
 Ұлаған 141, 242
 Ұлаған Бұрақұн 146, 150
 Ұлаған Дегелен 241
 Ұлаған Нағұр, 296
 Ұлғұт Тұрұқ 111
 Ұлжа 102
 Ұлқұй Шілүгелжі 150
 Ұлқұй өзені 216
 Ұлұқ тақ 111
 Ұлы аурақ 170, 244, 246
- Ұриан 248
 Ұрұғу-келтекей 151
 Ұрұсқұ дария 42
 Ұсұн Ірін 75
- Ху Ши У 241
- Чайту 123
 Чегечер 110
 Чұқұрғұ 110
 Чүй дария 134, 193
 Чүке тауы 238
- Шибан 266
 Шиқағұ Талқұн аралы 82
 Шимискен 248
 Шин дария 245, 248
 Шира Дектер 238
 Шира кегер 52, 241
 Ширидің үңгір тауы 109
 Шисегей 248
 Шікшік 111

РЕЗЮМЕ

Летопись “Алтын тобчи” — уникальное произведение монгольской историографии XVII века.

В книге представлен научный перевод оригинального древнемонгольского текста и даны комментарии на казахском языке.

Монгольские письменные источники всегда вызывали интерес востоковедов. Летопись “Алтын тобчи” впервые изучил монгольский ученый Ц. Жамсарано в 1926 году. Изучением этого памятника занимались также такие видные монголоведы, как Ф. В. Кливз, А. Мостарт, В. Хейссиг, С. А. Козин, Ц. Дамдинсурэн, Ц. Шагдар, Н. П. Шастина, М. Н. Орловская и многие другие.

В данном историческом источнике приводятся сведения о государственной политике Чингиз-хана на территории Евразийского пространства, в частности, в Средней Азии и Казахстане, тюрко-монгольской этнополитической, этносоциальной и этногенетической истории XIII—XVII веков.

SUMMARY

The “Altyn Tobchi” chronicle — is an unique creation of Mongol historiography of XVII century.

The scientific translation of original ancient Mongol text of “Altyn Tobchi” chronicle, accompanied by comments in Kazakh language, had been done in this book.

Mongol written sources had always been of a great interest for orientalists. The “Altyn Tobchi” chronicle was firstly studied by Mongol scientist Tz. Zhamsarano in 1926. In studying of this composition such outstanding mongol-researchers as F.V. Clivz, A. Mostart, V. Heyssig, S. A. Kozin, Tz. Damdinsuren, Tz. Shagdar, N. P. Shastina, M. N. Orlovskaya and others had also taken place.

In this historical source there is also information on state politics of Chingiz-khan in Eurasian region, including Central Asia and Kazakhstan, as well as on Turk-Mongol ethnic-political, ethnic-social and ethnic-genetic history during XIII—XVII centuries.



**Түпнұсқа мәтінінің
фотокөшірмесінен
үзінді**





ᠮᠣᠩᠭᠣᠯ ᠠᠨᠵᠢ ᠠᠨᠠᠭᠤ ᠨᠠᠭᠤᠯᠠᠭᠤ ᠨᠠᠭᠤᠯᠠᠭᠤ

ЭРГИЙ ХААДЫН ҮНДЭСЛЭСЭН ТӨР ЕСНЭ ЗОХИОЛЫГ ТОВЧЛОН ХУРААСАН
АЛТАН ТОВЧ ХЭМЭЭХ ОРШВОЙ

THE GOLDEN SUMMARY WHICH RELATES BRIEFLY THE DEEDS OF CIVIL GOVERNING
ESTABLISHED BY ANCIENT EMPERORS.

(The Mongol chronicle of the 17th century)





Handwritten text in a single column, likely a manuscript page. The text is written in a cursive script and is mostly illegible due to the image quality. It appears to be a list or a series of entries, possibly related to a historical record or a collection of items.



Handwritten text in a single column, likely a manuscript page. The text is written in a cursive script and is mostly illegible due to the image quality. It appears to be a list or a series of entries, possibly related to a historical record or a collection of items.



Мазмұны

Ғылыми редактордан.....	5
Аудармашыдан.....	8
Қысқартулар тізімі.....	13
Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып түйіндеген Алтын тобчы демек-дүр.....	17
Әдебиет.....	330
Есімдер көрсеткіші.....	335
Этностық көрсеткіш.....	347
Географиялық көрсеткіш.....	350
Резюме.....	353
Summary.....	354
Түпнұсқа мәтінінің фотокөшірмесінен үзінді.....	355

ББК 63. 3 (2)

Л 84

Л 84 Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том
Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік
жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын
тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
364 б.

ISBN 9965-699-82-8

Бұл томға Қазақстан тарихына қатысты моңғол деректемелерінің арасында негізгі туындылардың бірі деп саналатын, XVII ғасырда жазылған “Лу. Алтын тобчы” 1926 жылы табылған түпнұсқасынан тікелей толық аударылып отыр.

Басылым тарихшы, шығыстанушы ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ барша оқырман қауымға арналған.

Л $\frac{0503000000}{00(05)-05}$

ББК 63. 3 (2)

ISBN 9965-699-82-8

Ғылыми басылым

Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. II том

**Лубсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік
жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген
Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр**

*ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының Ғылыми кеңесі мақұлдаған*

*Редакторлары — С. Ибраим, Р. Қ. Шаймерденов
Компьютерде беттеген — Г. К. Шаккөзова
Мұқаба дизайны — К. К. Карпун*

Басуға 20. 12. 05 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90¹/₁₆. Шартты б.т. 22,75.
Есептік б.т. 19,75. Офсеттік басылыс. Таралымы 3000 дана.

Баспа директоры **Б. А. Қазығұлов**

050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29-үй
Тел./факс 62-28-35, 61-32-75

ISBN 9965-699-82-8



